


М. Заберген МАЛБАКОВ

А 2005

435к

БІР ТИЛДІ  
ТҮСІНДІРМЕ  
СӨЗДІКНІҢ  
ҚҰРЫЛЫМДЫҚ  
НЕГІЗДЕРІ



**Мырзаберген МАЛБАҚОВ**

**БІР ТІЛДІ ТҮСІНДІРМЕ  
СӨЗДІКТІҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ  
НЕГІЗДЕРІ**

**«ҒЫЛЫМ» ғылыми баспа орталығы**

**Алматы**

**2002**

ББК 81.2 Қаз-3  
М 17

Жауапты редактор: филология ғылымдарының докторы,  
профессор Б.Әбілқасымов

Пікір жазғандар: ҰҒА корреспондент мүшесі,  
филология ғылымдарының докторы,  
профессор Р.Сыздық  
филология ғылымдарының докторы,  
профессор Т.Жанұзақ

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының Ғылыми кеңесі баспаға ұсынған.

М 17 Малбақов М. Бір тілді түсіндірме сөздіктің құрылымдық негіздері. Алматы: “Ғылым” ғылыми баспа орталығы, 2002. — 368 бет.

ISBN 9965-08-042-9

Монография бір тілді түсіндірме сөздіктің құрылымына қатысты мәселелерге арналған. Еңбекте бір тілді лексикографияның метатілдік аппараты, түсіндірме сөздіктің сөзтізбе құрамы, сөздік мақала құрылымы, дефиниция түрлері, сөздіктердің типологиялық жіктемесі туралы сөз болады.

Монография ғылыми қызметкерлерге, қазақ тілі мамандарын даярлайтын жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған.

ББК 81.2 Қаз-3

М 4602000000  
00(05)-02

ISBN 9965-08-042-9

© Малбақов М., 2002

## К І Р І С П Е

Лексикология тілдегі сөздік құрамды зерттейтін болса, сол сөздік құрамның шағын ғылыми сипаттамасын жұртшылыққа ұсынатын — лексикография. Лексикографияны теориялық тұрғыдан зерттеу ісін алғаш рет 1817 жылы белгілі неміс ғалымы Э.Манн негіздеген болатын [Mann 1817].

Әлемдік лексикографияда қалыптасқан жіктеме бойынша аталмыш ғылым саласы өзара байланысты екі бөліктен: лексикографияның тарихы және лексикографияның теориясынан құралады.

*Лексикографияның тарихы* түрлі тарихи дәуірлер мен кезеңдерде жасалған сөздіктерге жалпыфилологиялық талдау жасап, оларды ғылыми айналымға қосу мәселелерімен айналысады.

*Лексикографияның теориясы* сөздік түзу тәжірибесін қорытып, жүйеге салады, сөздіктердің тарихи тұрғыдан қалыптасқан жанрларын жетілдірудің теориялық мүмкіндіктерін ашады.

Лексикографияның теориясы лексикографияның тарихына, лексикографиядағы отандық және әлемдік дәстүрлерге, сондай-ақ теориялық зерттеулерге сүйенеді. Лексикографияның теориясы мен тарихы өзара өте тығыз байланыста қаралады.

Лексикографияның тәжірибелік, теориялық және тарихи мәселелерін шебер ұштастырудың нәтижесінде өткен ғасырда әлемнің бірқатар елдерінде, әсіресе Еуропада сөздік түзу ісі кемелдене дамып, сөздіктердің Оксфорд, Уэбстер, Робер, Ларусс, Дуден тәрізді озық түрлері мен жүйелері жасалғандығы белгілі.

Жекелеген ғылым салаларының өсіп, өркендеуі ғылыми-ұйымдастыру шараларына да байланысты болады. Мәселен, Еуропа елдеріндегі сөздік түзу ісінің өркендеуіне XVI ғасырдан бері жұмыс жасап келген Ғылым академияларының,

ғылыми комиссиялар мен комитеттердің игі әсері болды. Аталған ғылыми мекемелер сөздіктердің өз кезеңіндегі ғылымның жоғары деңгейінде түзілуіне жағдай жасады.

Еуропаның үлгісі бойынша Ғылым академиясы XVIII ғасырда Ресейде де құрылды. Сол кезеңнен бастап бұл елдегі лексикография да ғылыми негізде дамытылып келеді. Ресейде қанша тарихи оқиғалар болып, қаншама өкімет ауысып жатса да, ағымдағы лексикография мәселелеріне үкімет тарапынан жеткілікті дәрежеде көңіл бөлініп отырды.

Ресей Ғылым академиясында ұзақ жылдар бойы лексикология мен лексикография салалары бойынша арнайы құрылған Ғылыми кеңес жұмыс жасап келді. Соның нәтижесінде лексикографияның теориялық мәселелерімен айналысатын білікті мамандар өсіп жетілді. Қазіргі кезеңде солардың қолымен ғылыми деңгейі жоғары сөздіктердің жасалып отырғандығы ғылыми жұртшылыққа белгілі.

Қазақ лексикографиясындағы жағдай дәл сондай болған жоқ. Лексикографияны теориялық тұрғыдан зерттеуді бастаудың қажеттілігі туралы мәселе күн тәртібіне сонау 1960-жылдары қойылған еді. Профессор К.Аханов өзінің “Қазақ лексикографиясы туралы ойлар” атты мақаласында бұл сала бойынша әлі күнге бір де бір диссертация не монографиялық еңбектің жазылмағанын айтқан болатын.

70-жылдары Ш.Ш.Сарыбаев қазақ тіл білімі бойынша жүз елу диссертация қорғалғанымен, солардың ішінде лексикография мәселелерін зерттеуге арналған еңбектің болмай отырғандығын еске салған еді [Сарыбаев 1973].

XX ғасырдың аяғында жазылған “Қазақ тіл білімі” атты мақаланың авторлары, белгілі ғалымдар Ә.Қайдар, Ш.Сарыбаев, Ө.Айтбайұлы қазақ тілінің лексикографиясы туралы айта отырып, “бұл саладағы кенже қалып, әлі де зерттелмей келе жатқан проблема – лексикография теориясы” – деген қорытынды жасайды [Қайдар, Сарыбаев, Айтбайұлы 1998, 203].

Қазақстан егемен ел болып, халықаралық байланыстарға тікелей шығып отырған қазіргі кезеңде отандық лексикографияның жай-күйін барлап, бір тілді түсіндірме сөздіктерді түзудің жарты ғасырдай тәжірибесін әлемдік лексикографияның жетістіктерімен салыстыра отырып

қорытудың, сол арқылы сөздіктеріміздің дәстүрлі жанрлары жетілдіре түсудің жолдарын қарастырудың қажеттілігі айқын білініп отыр.

Аталған жайттар осы тақырыптың бүгінгі таңда да өзектілігін көрсетеді.

Түсіндірме сөздіктер адамзат тарихының әрқилы кезеңдерінде, әртүрлі мақсат-мүдделерге сай, алуан түрлі жүйе мен құрылымда жасалып келеді. Мәдениет үлгілері ертерек хатқа түсіп, жазба дәстүрі үздіксіз дамып келе жатқан елдерде бұл сала — халықтық білім мен біліктің шежіресі іспеттес.

Сөздік түзу — адамзат қауымында жазу-сызу пайда болған кезден бері жалғасып келе жатқан көне дәстүрлердің бірі. Сонау байырғы, бұрынғы замандарда белгілі бір жүйе бойынша топталып, нақты ұғымдарды білдіретін нышандардан, белгілерден, сөздерден жасалған шағын тізімдер мен сөздікшелерден бастау алған сөздік түзу ісі — шын мәнінде адамзаттың даму жолын айғақтайтын куәлік жасау, рухани мәдениеттің жазба шежіресін жасау болып табылады.

Тарихта болып өткен алуан түрлі өркениет үлгілерінің өзіндік ерекшеліктері олардан қалған сөздерден, сөздіктерден байқалады. Ескі шумер тіліндегі тылсым таңбалардың түсіндірмелері тәрізді, ерте дәуірлерден бері білім берудің, тіл үйретудің құралы ретінде қызмет етіп келе жатқан сөздіктердің бір түрі — түсіндірме сөздік.

Ежелгі үнді-ирандықтардың шығармасы “Ригведаның” (Ырық бітік) ескі мәтіндеріндегі ескірген сөздердің түсіндірмелі сөздікшелері, сондай-ақ көне қытай тілінде біздің жыл санауымыздан бұрынғы III ғасырда жазылған “Эр я” атты иероглифтердің түсіндірме сөздігі, аталмыш тілде біздің заманымыздың 30-124 жылдары жазылған Сюй Шэннің “Шо вэн цзе цзы” атты түсіндірме сөздігі — ежелден жалғасып келе жатқан жазба дәстүрдің айғақтары іспеттес.

Қай дәуір, кезеңде де сөздік түзу ісінде дәстүр сабақтастығы болған. Біздің жыл санауымыздан бұрынғы III мыңжылдықтағы ежелгі шумерліктердің идеограммалары негізінде түзілген шағын сөздікшелер бірте-бірте жетілдіріліп, бір тілді түсіндірме (шумер), екі тілді аударма (шумер-хуррит, шумер-аккад), үш тілді аударма (шумер-аккад-хет

т.б.) сөздіктер жасау тәжірибесі кейін Урартуға, ежелгі Парсы жеріне дейін таралады [Иванов 1980, 44-45]. Бұл сөздік жасаудағы тәжірибе алмасудың, дәстүр сабақтастығының, даму жолының ескі шумерліктерден бастау алатын бір тармағы болды.

Ежелгі үнді, қытай жұрттарының сөздік жасау тәжірибесі де өз алдына бөлек бір даму тармағын құрады. Алайда, бүгінгі таңда аталған ежелгі жазу мәдениеттері арасында арғы дәуірлерге желі тартқан байланыстардың болғандығы дәлелденіп отыр. Аталған жайттар ежелгі дәстүр сабақтастығынан хабар береді.

Лексикографияның тарихында жанрлық жағынан өзгешеленетін түсіндірме сөздіктердің түрлері көп. Сөздік тұлға ретінде жеке сөзді, сөздің түбірін немесе қосымшаларды қарастыратын сөздіктер ерте кездерден бері жасалып келеді. Оларға мысал ретінде көне үнді, ескі қытай, орта ғасырлық араб, парсы, түркі елдерінің бірқатар сөздіктерін, латын жазулы Еуропа халықтарының алғашқы түсіндірме сөздіктерін келтіруге болады.

Тілдік даму барысында сөздердің бір тобы ескіріп, екінші бір тобы жаңадан пайда болып жатады. Соның нәтижесінде бір тілдің тарихындағы түрлі дәуір, кезеңдер аралығында тілдік өзгешеліктердің орын алары сөзсіз. Түсіндірме сөздіктердің кейбір арнаулы түрлері осындай өзгешеліктерді түсіндіру мақсатымен жасалады. Үнді жерінде жасалған сөздіктердің ішіндегі ғылымға белгілі ең ескі шығарма — “Нирукта” (Ригведадағы ескірген сөздердің тарихи-этимологиялық сөздігі) осындай сөздіктердің қатарына жатады.

Ежелгі үнді грамматикасы мен сөздік түзу дәстүрінен сабақ алған ортағасырлық араб лексикографиясында толық түсіндірме сөздіктер де, тақырыптық арнаулы түсіндірме сөздіктер де, ескірген сөздер мен кірме сөздердің түсіндірме сөздіктері де болған. Мәселен, араб тіліндегі алғашқы түсіндірме сөздік болып саналатын “Китаб ал-Айн”-ның (VIII ғ.) авторы Халил ибн Ахмад ал-Фарахиди өз еңбегін санскритте жазылған ежелгі үнді сөздікшелерінің үлгісімен жасайды. Бұл сөздік — түбірлер негізінде жасалған идеографиялық сөздік болып табылады. Қазіргі Еуропалық лексикография дәстүрінде идеографиялық сөздіктің ең үздік үлгі саналатынын ескерсек, ежелгі

Шығыс сөздікшілерінің еңбегін жоғары бағалауға тура келеді [Ахвледиани 1981, 93]. Ортағасырлық араб лексикографиясының екінші бір алыбы Маухиб ал-Джавалика (1073-1144) болса, өзінің *кірме сөздер сөздігінде* арамей және парсы тілдерінен енген сөздерді түсіндірген болатын.

Авеста, арамей, соғды тілдерінің сонау сасанидтер заманында түзілген сөздіктері де біздің кезімізге шейін жетіп отыр. Ескі дәуірдегі парсы лексикографиясын зерттеуші ғалымдар Авеста тілін үйренушілерге көмекші құрал ретінде жасалған *авестанехлеви*, арамей идеограммаларын түсіндіруге арналған *арамей-орта парсы* аудармалы түсіндірме сөздіктерінің, арнаулы анықтамалықтардың болғандығын сөз етеді.

Парсы тілінің алғашқы түсіндірме сөздіктері – фархангтер (IX-XV ғғ.) өткен дәуірлердегі парсы әдебиеті классиктерінің шығармаларында кездесетін ұғынуға қиын сөздерді түсіндіру мақсатына арналған. Бүгінгі таңдағы ғылымға белгілі ортағасырлық фархангтердің ұзын саны екі жүзге жетіп отыр [Баевский 1989,3].

Ағылшын тілінің тұңғыш түсіндірме сөздігі де [Cawdrey 1604] тілдегі қиын сөздерге түсінік береді.

Осы келтірілген мысалдардан ерте кезеңдегі түсіндірме сөздіктердің көбісі кірме лексика мен ескірген лексиканы түсіндіруге қызмет еткенін байқауға болады.

М.Қашқари бас болып, араб жазулы ислам лексикографиясына еңбек сіңірген түркі текті ғалымдардың аз болмағаны белгілі. Солардың бірі – “лексикология имамы” атанған ғұлама ғалым Ысмайыл әл-Жаухари. Жаухари араб лексикографиясында ғылымға белгілі ең көлемді де сапалы еңбектердің бірі – 40 000 лексикалық бірлікті қамтыған “Сыхах” сөздігін түзген.

Осы тұрғыда айта кетерлік бір жағдай: неміс ғалымы Г.Бергштрессердің пікірі бойынша, М.Қашқаридің сөздігіне бастапқы үлгі болған шығарма – Фараб қаласынан шыққан ұлы ғұламалардың бірі, жоғарыда аталған Жаухаридің немере ағасы Ибрахим Исхак ибн Ибрахим әл-Фарабидің “Диван әл- адаб фи байан лұғат әл-араб” атты еңбегі екен [Bergstrasser 1921, 154-155; Кононов 1972, 11].

Аталған деректерді орта ғасырларда шығыстың көптеген халықтарына, соның ішінде түркі халықтарына да ортақ бол-



ған араб жазулы ислам мәдениетінің сан түрлі ұлт өкілдерінің қатысуымен жасалғандығы туралы бұрыннан айтылып жүрген ақиқатты және бір еске түсіру мақсатымен келтіріп отырмыз.

Ерте орта ғасырдан бергі кезеңде араб тілінің ислам дүниесінде латын тілі тәрізді халықаралық тіл қызметін атқарғаны анық. Сондықтан түркі текті ғалымдардың араб тілінде сөздік жасауы таңданарлық жайт емес. Мақтан тұтарлық жайт.

Орта ғасырлық араб лексикографиясы түркі лексикографиясына игі әсер етті. Көптеген түркі-араб, араб-түркі сөздіктері дүниеге келді. Солардың ішінде қыпшақ сөздіктері атанған Әбу Хайан сөздігі, “Ат-тухфа”, Халил Мухаммад ибн Юсуфтың “Тәржіман” сөздігі, Жамаладдиннің “Бұлғат әл-мұштак” сөздігі т.б. бар.

Аталған сөздіктердің сөздік құрамы аралас (оғыз-қыпшақ) болғанымен, олардағы қыпшақша сөздер тобының қазақ тіліне етене жақын екендігі анықталып отыр.

Ортағасырлық түркі лексикографиясында, ортағасырлық түркі жазулы сөздіктерде, сондай-ақ, кейінгі түркі тілдерінің лексикографиясында белгілі бір дәрежеде бұрынғы дәстүрдің сабақтастығы жалғасып келді деп ойлаймыз.

XVIII ғасырдан бастап Ресейге тәуелді болып, оның құрамына кіре бастаған қазақ еліндегі ғылым мен білім енді басқа арнада – Ресейдің ғылым-білімі арнасында дами бастады. Сөздіктер қазақша-орысша, орысша-қазақша аударма, терминологиялық сөздіктер түрінде жасала бастады. Араб жазулы қазақ лексикографиясындағы орта ғасырлардан бері жалғасып келе жатқан дәстүр сабақтастығы бұзыла бастады.

Патшалы Ресей әкімшілігінің тілдегі ұстанған саясаты қазақ тәрізді халықтардың жазуын орыс әрпіне көшіру болғандықтан, орыс әрпінде түзілген аударма сөздіктер, тілдескіштер т.б. көптеген әдебиет XVIII ғасырдан бастап-ақ шығарыла бастады. Орыс әрпін қолдану екі түрлі жолмен жүзеге асырылды. Мемлекеттік мүддені көздеген баспа орталықтарының бірқатары сөздіктерде орыс әріптерін өзгертпей қолдану саясатын ұстанды. Сол себепті, сөздіктердің біразы ешқандай өзгеріссіз орыс әріптерімен басылды [Е.Букин сөздігі т.б.]. Ал, Н.И.Гольминский баста-

ған діни көзқарас өкілдері орыс әріптерін қазақ тілінің дыбыстық заңдылықтарына ыңғайлап қолдануды жақтады. Сондықтан 1861 жылғы Н.И.Ильминскийдің сөздігінен бастап, Қазан мен Орынборда шыққан аударма сөздіктердің көпшілігі өзгертілген орыс әріптерімен басылып шықты. Әрине, әліпбиді ауыстыру бірден, кенеттен жасалған жоқ. ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап 1917 жылғы Қазан төңкерісіне дейінгі қазақ кітаптарының бірқатары араб әріптерімен басылып келді. Н.И.Ильминскийдің өзі де “Ер Тарғын” жырын толық араб әріптерімен, “Қазақтарға арналған өзбетінше орысша сауат ашу” оқулығын жартылай араб әріптерін қолданып бастырған болатын. Е.Букиннің “Қазақша-орысша және орысша-қазақша сөздігінде” де араб әріптерімен жазылған нұсқа қоса беріліп отырады. Қазан төңкерісінен кейінгі уақыт аралығында да бірқатар еңбектерде араб графикасын қолдану жалғасып келді. Мысалы, Қошке Кемеңгеров бастаған құрастырушылар тобының 1925 жылы Мәскеуден шығарған “Қазақша-орысша тілмаш” атты сөздігінің қазақша бөлігі араб әріптерімен басылған болатын.

Жалпы аталған кезеңдегі қазақ тіліне қатысты сөздіктердің барлығы да орысша, қазақша тіл үйрену, аударма жасау қажеттілігін өтеп келді. Әрі анықтамалық, әрі дидактикалық, әрі ғылыми тұрғыдан қойылатын талаптарға сай келетін қазақтың төл сөздіктерін түзу ісі кешеуілдеп дамыды.

Ұлттық лексикографияның арқауы – түсіндірме сөздіктер екендігі белгілі.

Еліміздегі алғашқы түсіндірме сөздік 1959-61 жылдары жасалған болса, одан кейін өз кезеңіндегі озық туындылардың бірі болған он томдық түсіндірме сөздік (1974-1986) те, қолдануға ыңғайлы, сапалы бір томдық “Қазақ тілінің сөздігі” де (1999) жасалып отыр.

Қазақ лексикографиясының тәжірибелік мәселелері ХІХ ғасырдан бері сөз болып келгенімен, оның теориясына қатысты ой-пікірлер ХХ ғасырдың ІІ-жартысынан бергі кезеңде ғана айтыла бастады. Бұл әсіресе бір тілді лексикографияға қатысты.

1953 жылы қазақ тілінің бір томдық түсіндірме сөздігінің инструкциясы түзілген болса, 1956 жылы Ғ.Ғ.Мұсабаевтың “Қазақ тілінің екі томдық түсіндірме сөздігі туралы” атты

тезистері жарық көрді [Мусабаев 1956]. Ол ғалымның Баку қаласында болып өткен “Түркі тілдерінің түсіндірме сөздіктерін жасау мәселелері бойынша координациялық кеңесте” жасаған баяндамасының тезистері болатын.

1960 жылы І.К.Кенесбаевтың “Қазақ тілінің екі томдық түсіндірме сөздігін жасау тәжірибелерінен” атты баяндамасының тезистері жарық көрді [Кенесбаев 1960].

1965 жылы К.Ахановтың “Қазақ лексикографиясы туралы ойлар” атты мақаласы шықты. 1976 жылы А.Ысқақовтың редакторлығымен “Қазақ тілі көп томдық түсіндірме сөздігінің инструкциясы” жарық көрді.

Аталған еңбектерде қысқаша болса да, қазақ тілі түсіндірме сөздігінің мақсаты мен міндеттері, кімдерге арналғандығы жөнінде, сондай-ақ лексикалық бірліктерді жинастыру мәселелері, сөздіктің картотека қоры, сөздік бірліктерінің құрамы мен құрылымы туралы сөз болады.

Түсіндірме сөздіктің жекелеген мәселелеріне арналған мақалалардың біразы мерзімді ғылыми басылымдар мен ғылыми жинақтардың құрамында жарияланып отырды. Олардың қатарына Ш.Ш.Сарыбаевтың “Еліктеуіш сөздердің түсіндірме сөздікте берілу тәртібі” [Сарыбаев 1960], Ә.Болғанбаевтың “Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде синонимдерді қолдану тәжірибесінен” [Болғанбаев 1962], Б.Сүлейменованың “Орыс тілінен енген сөздердің түсіндірме сөздікте берілуі жөнінде” [Сүлейменова 1962], Б.Қалиевтің “Өсімдік атауларының түсіндірме сөздікте берілуі” [Қалиев 1973], т.б. еңбектерді жатқызуға болады.

1989 жылы Тіл білімі институтының ғалымдары құрастырған “Қазақ тілінің түсіндірме сөздігін жасау тәжірибелері” атты мақалалар жинағы жарық көрді. Бұл жинақта қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігіне қатысты бірқатар жалпы және жеке мәселелер талқыланды. Қазақ тіліндегі бір тілді лексикографияның тарихында аталған жинақтың алатын орны ерекше.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздіктерін жасау ісінде көптеген сөздікші ғалымдардың еңбегі сінді. Бұл тұрғыда, әсіресе, он томдыққа бастан-аяқ қатысқан, оның көпшілігіне жауапты редактор болған Б.Қалиевтің, барлық томдарға қатысқан А.Иманбаевтың, көп томдықта жасаған үлестері мол

Т.Жанұзақовтың, Б.Қайымованың, З.Машабаеваның, Ә.Болғанбаевтың, сөздіктің жалпы редакциясын басқарған А.Ысқақовтың зор еңбек сіңіргені анық. Үш түсіндірме сөздіктің бәріне де белсенді түрде қатысқан, бір томдықты түзу жұмысына басшылық жасаған Т.Жанұзақовтың еңбегі де ерекше.

Өткен ғасырдағы қазақ лексикографиясы өзінің алдында тұрған міндеттерін абыроймен орындап шықты деуге болады. Алайда, ғылымның үздіксіз дамуда, өзгерісте болатындығы белгілі. Қазіргі әлемдік лексикографияның ғылыми деңгейі өлшеусіз өсіп отыр. Сол себепті бір тілді түсіндірме сөздікке қойылар талап та бұрынғыдан көп өзгеше болып отыр.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздіктерін басқа тілдердегі түсіндірме сөздіктермен салыстыра отырып, әлемдік лексикографияның тәжірибесін ескере отырып қарастыруға, сол арқылы бір тілді лексикографияның таяу келешектегі дамуына бағдар жасауға деген талпыныс осы еңбектің жазылуына себеп болды.

## *Бірінші тарау*

# ЛЕКСИКОГРАФИЯНЫҢ МЕТАТІЛДІК ҚҰРЫЛЫМЫ

### 1.1. Метатіл ұғымы. Лексикографияның және сөздіктің метатілі

Бір тілді (түсіндірме) сөздіктің тілдегі өзге сөздіктерге негіз болатын бас сөздік екендігі баршаға аян. Қазіргі тіл білімінде қалыптасқан пікір бойынша, “әрбір тілдің түсіндірме сөздігі негізінде ұлт мәдениетінің шарықтап өскен шағында, әдеби тілдің шыңдалып қалыптасқан уақытында, ғылым мен техниканың қанат жайып әбден кемелденіп жетілген кезінде жасалады” (*Қазақ тілі көп томдық түсіндірме сөздігінің инструкциясы, 1976, 2. Бұдан әрі: Инструкция*).

1959-61 жылдары жарық көрген қазақ тілінің екі томдық түсіндірме сөздігі, академик І. Кеңесбаевтың өз сөзімен айтқанда, “сол кезеңдегі қазақ әдеби тілінің ең қажетті лексикалық байлығы қамтылған, жиі қолданылатын сөздердің сөздігі болды” (*Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 1-том, 1959, III-IV*).

Аталмыш сөздіктің кіріспесінде жеке сөздің тарихы мен этимологиясы, жергілікті қолданыстағы ерекшеліктері, сондай-ақ, жекелеген ғылым салаларына жататын категориялар мен терминдердің қарастырылмайтындығы ашық айтылған. Сөздіктің негізгі мақсаты ретінде әдеби тілде жиі кездесетін сөздердің қолданылымындағы лексика-семантикалық, орфографиялық, орфоэпиялық нормаларды көрсету белгіленген. Демек, бұл еңбектің *қазақ әдеби тілінің академиялық, нормативті шағын түсіндірме сөздігі* екендігі байқалады.

Кезінде тіл саласындағы ең ірі жетістіктердің бірі болған он томдық түсіндірме сөздік мамандар тарапынан “бірден бір *толық, нормативті, академиялық үлкен сөздік* ретінде бағаланған еді [Қалиев 1989, 2].

1999 жылы қалың жұртшылықтың күнделікті қолданысына бейімделіп жасалған *ағымдағы қазақ тілінің шағын түсіндірме сөздігі* жарық көрді.

Жарты ғасырға жуық уақыт аралығында жасалған осы сөздіктердің құрылымын әлемдік лексикографияның тәжірибесі тұрғысынан зерттеп, олардың кемшіліктері мен жетістіктерін байыптаудың, қазіргі лексикографияда белгіленіп отырған жаңа бағыттар мен әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, отандық лексикографияның бүгінгі күн мен таяу болашақтағы болмысын бағдарлаудың қажеттілігі даусыз деп ойлаймыз.

Ғылымның қай саласының да өз метатілі болады.

Ғылымның қай саласында да зерттеу сол салада қолданылатын ғылыми аппараттың көмегімен жүргізіледі. Дамыған ғылыми аппараттың болуы зерттеудің сапалы болуына жағдай жасайды. Себебі жұмыстың сапасы көбінесе оны жүзеге асыратын құралдың сапасына тікелей байланысты.

Осы талап тұрғысынан зерттеуді бүгінгі таңдағы әлемдік лексикографияда, қазақ лексикографиясында қолданылып жүрген ұғымдар мен атаулар жүйесінен бастағанды жөн көріп отырмыз.

Адамзат қауымында ғылымның алатын орны ерекше. Әсіресе қазіргі заманда ғылым-білімнің маңызы артып отыр. Ал осы үлкен ғылымның биіктеріне бастайтын алғашқы басқыш — ғылымның тілі десек, жаңылыс болмас.

*Ғылым тілі* ұғымы кең мағынада белгілі бір ғылым саласының тілін білдіретін болса, тар мағынада шартты таңбалық жүйелер жиынтығын білдіреді. Ғылымның тіліне:

- 1) категориялық-ұғымдық аппарат;
- 2) терминдер жүйесі;
- 3) ұғымдық аппарат пен терминдерді жасаудың жолдары мен құралдары — кіреді [Никитина 1987, 10].

Жеке ғылым тіліндегі категориялық ұғымдық аппарат үш деңгейді қамтиды: бірінші деңгейге философия, логика және табиғи тіл кіретін болса, екінші деңгейге — жалпы ғылыми ұғымдар мен түсініктердің жиынтығы, ал үшінші деңгейге — нақты ғылым саласындағы ұғымдар мен түсініктер жүйесі жатады. Әрине, бұл шартты бөлініс. Іс жүзінде аталған деңгейлердің арасы соншалықты айқын, ашық болмайды.

Терминдер жүйесі өз кезегінде: нақты ғылым саласының төл терминдерінен және математикалық терминдер мен символдар қабатынан құралады екен [Абемян, Ким 1981, 114].

Ғылым тіліндегі категориялық-ұғымдық аппаратты атаушы терминдердің аталған екі бөлігінің бірліктері даму барысында бір-біріне ауысып жатады.

Ғылымның қай саласы болса да үнемі дамып, жетіліп отыратыны белгілі. Лексикография да уақыт талабына сай ұдайы өзгеріс үстінде. Сөздік түзудің тәжірбиесі мен теориясындағы бұрын ғылыми талқыға түспеген мәселелер енді ғылыми зерттеудің нысанына айналып, өзекті, көкейкесті мәселелер қатарынан орын алуда. Солардың бірі — лексикографияның метатілі.

*Метатіл* термині алғашқы кездері тар мағынада — логика және математика ғылымдарындағы қосалқы, жасанды тіл ұғымында қолданылып келген болатын. Бертін келе терминнің мағынасы кеңейіп, енді ғылым салаларының бәрінде де *нақты ғылым тілі* мағынасында қолданыла бастады. Осы мәселені зерттеумен арнайы айналысқан ғалымдардың бірі Н.Б.Гвишианидің пікірі бойынша: “Тіл білімінің метатілі, бір жағынан терминдердің жүйелік қатынастарына, екінші жағынан жалпылама ғылыми лексикаға, яғни тілтанымдық зерттеулердің түрлі аспектілерін сипаттауға қажетті сөздер мен сөз тіркестеріне негізделетін күрделі құбылыс” [Гвишиани 1990, 297].

Ғылымның әр саласының өз нысандары, сол нысандарға сипаттама жасайтын өзіне тән ғылыми тілі болатындығын дәлелдеп жату артық. Сол ғылыми тіл, яғни сол ғылым саласының метатілі аталмыш сала үшін ең тиімді, ең жақсы, ең сәйкес келетін тіл болып саналады.

Н.Б.Гвишиани қоғамдық ғылымдардың арасында тіл білімінің алатын орнын мүлде ерекше деп санап, бұны оның зерттеу нысанының өзгешеліктерімен байланыстырады. Ғалымның ойынша, тіл білімінде ғылыми зерттеудің негізгі үш кезеңі болады:

- а) *тілдік деректерді зерттеу;*
- ә) *ұғымдарды қалыптастыру;*
- б) *метатіл жасау.*

Тіл білімінің метатілі — тілтанымдық талдаудың ақырғы кезеңі болып табылады [Гвишиани 1983, 65].

Демек, әуелі тілдік деректер зерттеледі. Зерттеулердің негізінде ұғымдар қалыптаса бастайды. Қалыптаса бастаған ұғымдарды

атаушы терминдер жасалады. Ұғымдар қалыптасып, оларды атаушы терминдер де ғылыми жіктеме жүйесіндегі өз орнын тауып, орныққаннан кейін ғана метатіл жасалмақ. Тіл білімінің ғылыми аппаратына ғылыми тұрғыдан метатілдік талдау жасаудың қаншалықты маңызды екендігін осыдан байқауға болады.

Лексикографияның метатіліне қатысты мәселеде орыс сөздікшісі Д.Н.Ушаковтың айтқан сөзі еске түседі: “Сөздіктерді түзу ісі, әрине, таза логикалық заңдылықтар бойынша жүргізілген емес. Дегенмен, сөздіктегі сипаттама тілін толығымен жеке адамдардың шығармашылық күдіретіне тәуелді, еркін қолданыстағы тіл деуге әсте болмайды. Сөздікті түзу ісінің өзі белгілі бір жүйе бойынша жүргізілетіндіктен, ондағы сипаттама тілі де белгілі бір лингвистикалық бағдарламаның негізінде жасалады” [Ушаков 1934].

Бұл жерде ғалымның кең мағынадағы метатіл — *сөздіктегі сипаттама тілі* туралы айтып отырғаны белгілі.

Лексикографияның метатіліне қатысты соны пікір айтқан ғалымдардың бірі В.Г.Гак: “Әрбір тілдің лексикографиясында сөздің мағыналарына сипаттама беруде қолданылатын типтес формулалардың (*адам туралы, мал туралы* тәрізді түсініктемелердің) жиынтығы болады. Сөздіктің метатіліне осындай формулалардан да басқа түсіндірмелер, белгісөздер, қысқартым түрлері, *тильда, ромб* тәрізді шартты белгілер кіреді. Сонымен қатар, қаріптердің (шрифтердің) алуан түрлері, кестелер, графикалық безендірулер пайдаланылады” [Гак 1990, 462].

Демек, ғалым метатіл ұғымында сөздікті түзуде пайдаланылатын таза “техникалық” құралдар мен түсіндірмелердің тілін де, дәстүрлі сипаттама тілін де қолданып, метатілді екі мағынада (кең және тар) бірдей түсінетінін байқатып отыр. Яғни бұл жерде жалпы *лексикографияның метатілі* мен жеке *сөздіктің метатілі* ұғымдарын араластырушылық байқалады.

Лексикографияның теориялық мәселелерімен айналысатын белгілі мамандардың бірі В.В.Морковкиннің түсінігі бойынша: “Сөздіктің метатілі — сөздіктің құрылымы мен мазмұнын ашуға қызмет ететін ұғымдар мен оларды атаушы терминдердің, әртүрлі шартты белгілердің, таңбалардың, қаріптік өзгертулердің, т.с.с. жүйесі” [Морковкин 1990,40].



Бұл жерде ғалымның негізінен лексикографиялық аппараттың тілі туралы, ұғымдар мен оларды атаушы терминдер туралы жазып отырғандығы айқын.

Аталған жайттар лексикографиядағы метатіл ұғымының әлі де ғылыми тұрғыдан толық айқындалмағанына көз жеткізеді.

Біз өз тарапымыздан метатіл ұғымы лексикографияда екі түрлі мағынада қолданылады деген қорытындыға келіп отырмыз.

Бірінші, жалпы, кең мағынадағы *бірінші дәрежелі метатіл* — белгілі бір ұғымға берілетін сипаттаманың тілі. Лексикографияның тіліне көшіргенде бұл сөздік бірліктерге берілетін сипаттаманың тілі, яғни *сөздіктің метатілі* болып шығады.

Екінші метатіл — Тіл білімінің жекелеген салалық терминдерін зерттеуде қолданылатын метатіл. Лексикографияның тіліне көшіргенде бұл лексикографияның жалпы салалық атауларының тілі, яғни *лексикографияның метатілі* болып шығады.

Екінші метатілдің қолданысындағы ерекшеліктерді С.Е.Никитинаның тіл білімі терминдері тезаурусына қатысты жазған төмендегі тұжырымымен түсіндіруге болады: “Лингвистикалық терминдердің сөздігін құрастырушы маманның қолданатын метатілі — тіл білімінің өзінің тіліне сипаттама жасау тілі, яғни метаметатіл” [Никитина 1987, 63].

Лексикографиялық терминдер де лингвистикалық терминдердің бір түрі болғандықтан, бұл анықтаманың оған төтенше қатысы бар. Осы көзқарасты қолдай отырып, лексикографиялық аппараттың тілін осы метаметатілге, яғни *екінші дәрежелі метатілге* жатқызамыз.

Лексикографиялық аппарат атауларының тілі сөздіктердің барлық түрлеріне қатысты. Лексикографияның ғылыми мәселелерін сөз ету үшін оның ғылыми аппаратымен таныс болу керек. Демек, лексикографияның метатілі — лексикографияның кілті іспеттес, негізгі, жалпы мәселе. Сол себепті оны еңбектің алғашқы тарауында қарастырғанды жөн көріп отырмыз.

Ал сөздіктің метатілі — *анықтамалардың, түсініктемелердің, сілтемелердің, шартты белгілердің, қосалқы деректердің,*

*дәйектеме материалдардың, т.б. осылар тәрізді түсіндірме құралдарының тілі.*

*Сөздіктің метатілі* қарастырылатын мәселелер қатарына: сөздік мақаланың құрылымы, сөздік дефиницияның түрлері, сөздік бірліктерді түсіндірудің принциптері (параметрлік талдау) жатады. Сол себепті аталмыш мәселелер зерттеудің кейінгі *түсіндірме сөздіктің метатілі* тақырыбына қатысты тарауларында қарастырылмақ.

## **1.2. Жалпы лексикографиялық атаулар**

Сонымен, біздің бұл тарауда сөз еткелі отырған тақырыбымыз — *екінші дәрежелі метатіл* — сөздіктің макро-және микроқұрылымын түгел қамтитын лексикографиялық аппарат атауларына, олардың атқаратын қызметіне, өзара қарым-қатынасына, сөздіктегі қолданыс ерекшеліктеріне қатысты мәселелер.

Лексикографияның ғылыми аппараты құрамына *вокабула, сөздік мақала, сөздік дефиниция* тәрізді көптеген негізгі терминдермен қатар, алуан түрлі түсініктемелер, сілтемелер, қысқартпалар, тыныс белгілері, арнайы қолданыстағы шартты белгілер, өзгеше литер, қаріп, таңбалар мен символдар кіреді. Осыған қарап-ақ *лексикографияның екінші дәрежелі метатілі* жүйелі түрде, кешенді тұрғыдан қарастыруды қажет ететін күрделі мәселе екендігін байқауға болады.

Мемлекеттік идеология, тіл саясаты, қоғамдағы тілдік ахуал, тілдік ортаның құрамы мен құрылымы, сөздікті жасаушы маманның жеке басының білім дәрежесі мен тілді білу қабілеті т.б. көптеген экстралингвистикалық жағдаяттардың сөздіктің сапасына әсер етері сөзсіз. Алайда бұл тұрғыда сөздіктің ішкі жүйесі мен құрылымын қамтамасыз ететін “қарапайым құрылыс материалдары” — метатілдік құралдардың атқарар қызметі ерекше. Лексикография метатілінің ең негізгі, өзекті бөлігін лексикографиялық терминдер құрайды. Бұл салаға жататын терминдер бұрын жалпы тілдік тұрғыдан немесе жалпы лексикологиялық тұрғыдан сөз болып келген болатын. Кейінгі кездері әр саланың терминдерін сол салада бар тілдік категориялардың көмегімен ішкі құрылымдық жүйеде зерт-

теу оң нәтижелер беріп отыр [Скляревская 1988, 150-155]. Кеңестік дәуірде лексикографиялық терминдерді бір ізге салып, жүйелеуді арнайы мәселе етіп көтерген А.Е.Карпович [Карпович 1977, 205-210] еді.

Ол лексикографиялық терминологияға арналған теориялық еңбектердің болмай отырғандығына, қолданыстағы лингвистикалық терминдер сөздіктерінде лексикография терминдерінің жоқтың қасында екендігіне тоқталып, сөздікшілердің өздері де бір ұғымда бірнеше терминді қатар қолданып келетіндігін жазады. Ғалым ең ыңғайлы, қолайлы, жатық терминді таңдап алу жолдарын көрсетеді. Сөздіктердің жаңа типтері пайда болған сайын терминологияның жаңарып отыратындығын ескеріп, қазіргі кезеңдегі лексикографияның деңгейіне сай келетін терминдерді жүйелеп отырудың маңызына тоқталады. С.Е.Никитина орыс тіл біліміндегі лексикографиялық мәтіндерде (лингвистикалық сөздіктер мен ғылыми-зерттеу еңбектерінде – М.М.) қолданылатын терминдерді төрт топқа (қабатқа) бөліп қарастырады. Ғалымның жүйелеуі бойынша, бірінші топқа тіл білімінің лексикология, семантика, стилистика, грамматика тәрізді салаларына жататын, бірақ лексикографиялық мәтіндерде қолданылатын терминдер кіреді.

Екінші топқа лингвистиканың басқа салаларында, әсіресе семантика мен лексикологияда қолданылып жүргенімен, лексикологиялық мәтіндерде ерекше, өзгеше лексикологиялық мәнді иеленген сөз тәрізді терминдер кіреді. Ғалым бұл топтағы терминдердің семантикалық мәтіндерде қолданылу кезінде өзгеріске ұшырайтынын жазады.

Үшінші топқа аралық ғылым салаларына жататын, өз семантикасы арқылы лексикографиялық терминдердің мағынасын айқындайтын терминдер кіреді. Мәселен *стилистикалық белгі* термині лексикографиядағы “*сөйл.*”, “*кітаб.*” тәрізді стилистика терминдерінің мазмұнын ашады.

Төртінші қабат – лексикографияның *вокабула, сөздік мақала, сөздік тұлға* тәрізді төлтума терминдері [Никитина 1987, 89].

Бұл жіктемеде де белгілі бір шарттылықтардың барлығы айқын. Аталған топтардың ара жігін ашып, қай терминді аралық топқа, қайсысының нақты топтарға кіретінін айқындау – мәселенің формалды тұрғыдан шешілуіне алып келеді деп

ойлаймыз. Сол себепті өз зерттеуімізде лексикографиялық ұғым атауларын теориялық және тәжірибелік лексикографиядағы, жалпы лексикография мен лексикографияның жекелеген салаларындағы қолданылатын нақты терминдерге талдау жасау жолымен қарастырғанды жөн көріп отырмыз. Ең алдымен жалпы лексикографиялық ұғымдарды білдіретін терминдер қатарын сөз етпекшіміз. Оларға *лексикография, сөздік, түсіндірме сөздік* терминдері кіреді.

### 1.2.1. Лексикография ұғымы

Лексикография [гр. *lexikos* сөзге қатысты (сөздік) + *grapho* жазамын] терминіне лингвистика бойынша энциклопедиялық сөздікте: *тіл біліміндегі сөздіктерді түзудің теориясы және практикасымен айналысатын ғылым саласы* түрінде анықтама берілген [Гак 1990, 258].

*Лексикографияға* еуропалық тіл білімінде, сондай-ақ Кеңестер Одағы тіл білімінде берілген анықтама:

- 1) ғылымның сөздік түзу принциптерін зерттеумен айналысатын саласы, сөздік жасаудың теориясы;
- 2) сөздік түзу ісі;
- 3) тілдегі сөздіктердің жиынтығы;
- 4) елдегі сөздіктердің жиынтығы [Берков 1973, 4].

Лексикография терминіне берілетін басқа анықтамалар да осы анықтамаға ұқсас болып келеді: *лексикография* [гр. *lexikos* сөздіктік, сөздік + ...*графия*] – 1) сөздік түзу ісі; 2) тіл біліміндегі сөздік түзудің теориясы мен практикасын зерттейтін сала; 3) сөздік түрінде басылған еңбектердің жиынтығы, сөздік түріндегі әдебиет (*Современный словарь иностранных слов, 1992 : 174, 336* ).

Байқалып отырғандай, анықтамалардағы алғашқы екі мағынаның біреуі сөздік түзу ісі, яғни “практикалық лексикография” ұғымынан, енді біреуі – “лексикографияның теориясы мен тәжірибесі” ұғымынан хабар береді. Бұл жіктеме лексикографияның теориялық мәселелері бойынша құнды еңбектер жазған белгілі мамандардың бірі В.В.Морковкиннің пікірімен үндеседі. Ғалым лексикографияны теоретикалық және практикалық салаларға бөліп қарастыра отырып, теоретикалық лексикографияның өзін

өзара байланысты екі салаға: лексикографияның теориясы мен лексикографияның тарихы салаларына ажыратады. Лексикографияның тарихы өз кезегінде сөздіктер мен тұтас лексикографиялық концепциялар тарихы және лексикографияның негізгі мәселелерін шешу тарихы салаларына бөлінеді [Морковкин 1990, 5-6].

Нақты сөздік түзу ісін қарастыратын практикалық лексикографияның атқаратын маңызды қызметтері қатарында В.Г.Гак: 1) тілді үйрету, 2) ана тіліне сипаттама жасау және оны нормаландыру; 3) тіларалық қатынас, 4) тілдегі лексиканы ғылыми түрғыдан зерттеу және 5) тіл білімінің лексикология, сөзжасам, стилистика, тіл тарихы тәрізді салалары бойынша жүргізілетін лингвистикалық зерттеулер үшін қажетті деректерді жинастыру мен өңдеу істерін атайды [Гак 1990, 258-259].

Ғалым теоретикалық лексикографияның қарастыратын мәселелері қатарында:

1) сөздіктердің жалпылама типологиясын, жаңа типтерін жасау;

2) сөздіктің макроқұрылымын зерттеу (лексиканы сұрыптап алу, сөздер мен сөздік мақалаларды орналастыру принципі, омонимдерді беру, сөздікте және оның соңындағы қосымшада қосалқы материалдарды: грамматикалық мақалаларды, дәйектемелерді, т.б. беру);

3) сөздіктің микроқұрылымын, яғни жеке сөздік мақаланың құрылымын (сөздің грамматикалық және фонетикалық түсіндірмесі, мағыналарға бөлу мен жіктеу, сөздік анықтамалардың түрлері, шартты белгілер жүйесі, тілдік дәйектеме материалдардың түрлері, фразеологияның берілуі, қосалқы деректерді орналастыру, т.б.) зерттеуді атайды.

Ғалымның пікірі бойынша, теоретикалық лексикографияда сөздіктегі лингвистикалық және экстралингвистикалық (энциклопедиялық, елтанымдық, т.б.) деректердің арасалмағы мәселесіне зор көңіл бөлінеді.

Осы мақалада ғалым, сондай-ақ, қазіргі лексикографияның теориясына тән басқа да белгілерді:

а) лексиканы жүйе ретінде түсіну, сөздіктің құрылымында жалпы тілдің лексика-семантикалық құрылымын, сондай-

ақ, жеке сөздің семантикалық құрылымын бейнелеуге (сөздердің мағыналарын олардың мәтін құрамындағы және семантикалық өрістердің ішіндегі басқа сөздермен байланыстарына қарап бөлуге) ұмтылуды;

ә) сөздің мағынасын ашудағы диалектикалық көзқарасты (мағыналардағы реңктер мен ауысуларды, олардың сөйленімдегі қолданысын, басқа да алуан түрлі аралық құбылыстарды) ескеріп отыруды;

б) лексиканың грамматикамен, тілдегі басқа да деңгейлермен тығыз байланыстылығын ескеруді атап өтеді.

Сөз соңында ғалым лексикографияда сөздіктердің типологиясы жасалатындығын айта келіп, лексикографияны іштей бір тілді, екі тілді, үйренімдік (учебный) және ғылыми-техникалық лексикографияға бөлудің барлығын атап өтеді.

Лексикография терминіне берілген анықтамалардың көп екендігі белгілі. Терминнің жоғарыда талданған анықтамаларына ұқсас, ғылыми құндылығы жоғары анықтамалар қазақ тіл білімінде де бар. Солардың бірі — Б.Қалиұлының “Қазақ тілі” энциклопедиясында жарияланған “*Лексикография*” мақаласы.

Алайда, қазақ тіл білімінде: “Тілдегі сөздер мен фразеологизмдерді жинап-теріп, олардың сөздігін жасаумен және оның теориясымен шұғылданатын тіл білімінің саласын — лексикография дейді. Яғни сөздік жасаудың әдістемесі мен техникасын үйрететін ғылым деген сөз” [Болғанбаев, Қалиев 1997, 213] тәрізді жалпылама сипаттағы анықтамалар да көп ұшырасады.

Терминдерге берілетін анықтамалар олардың пайда болу кезеңіне, терминді енгізуші ғалымның білігіне, елдегі салалық білімнің деңгейіне, білім саласындағы түрлі ағымдарға, қалыптасып үлгірген ғылыми мектептер арасындағы терминді түсіну, қолдану ерекшеліктеріне, т.б. көптеген себептерге байланысты бір-бірінен айтарлықтай ерекшеленуі мүмкін. Осындай жағдайда алдымыздан салалық ақпараттық (информациялық) тілдерді жасау, терминдерді жүйелеу және стандарттау мәселелері шығады. Бұл жүйелеу мен стандарттаудың өзі екі бағытта (тілдік және ұғымдық) жүргізіледі. Тілдік бағыт белгілі бір терминді стандарт ретінде бекітуге бағдар ұстаса, ұғымдық жүйелеу салалық термино-

логияның ұғымдық тұрғыдан жүйеленуіне жол ашады. Терминдердің арасындағы семантикалық байланыстарды реттейтін тезаурустар да осы мақсатта түзілмек.

Ақпарат іздеу тезаурустары (информационно-поисковый тезаурус) ақпарат іздеу құралы ретінде анықтамалық сөздіктің қызметін атқаратын болса, терминаралық байланыстарды реттеу, терминдерді стандарттау, дескриптор таңдау құралы ретінде нормативті сөздіктің қызметін атқарады.

Осындай салалық тезаурустардың бірі — С.Е.Никитинаның бірқатар лексикографиялық аппарат атаулары негізінде түзген тезаурусы.

*Лексикография* терминінің осы тезауруста келтірілген деректер бойынша құрастырылған анықтамасы төмендегідей болады:

*Теориялық лексикография* (лексикография 2) — негізгі зерттеу нысаны *сөздік пен лексика*, зерттеу тақырыбы *сөздік түзудің принциптері, сөздіктің ішкі құрылымы, сөздіктердің жіктелуі болып табылатын лингвистикалық теориялық пән.*

*Тәжірибелік лексикография* (лексикография 1) — басты нысаны *тілдік элементтер (лексика)*, атқаратын қызметі *сөздіктегі метатілдің, лексикографиялық әдіс-тәсілдердің көмегімен сөздік түзу болып табылатын лингвистикалық іс-әрекеттің бір түрі.* Негізгі түрлері: *терминологиялық лексикография, есептеу (вычислительная) лексикографиясы, үйренімдік (учебная) лексикография және жалпы лексикография.*

Әрине, лексикографияның жеке түрлерін бұлайша тәжірибелік лексикографияның құрамында ғана қарауды жөн деуге болмайды. Себебі терминологияның өзіндік теориялық мәселелері, есептеу лексикографиясының өз теориялық мәселелері, үйренім лексикографиясының өзіндік теориялық мәселелері бар. Жалпы лексикографияның да ортақ және жеке теориялық мәселелері болатыны айтпаса да түсінікті.

Жалаң лексикография теориясы деген болмайды. Лексикография теориясы әрқашан да нақты лексикография түріне қатысты қаралады.

Тезаурустағы тәжірибелік лексикографияның түрлері арасынан инженерлік лингвистиканың туындысы — есептеу лексикографиясын көреміз. Бұл — қолданбалы лингвистикада ХХ ғасырдың ІІ жартысында пайда болған

жаңа сала. Сол кезеңнен бері лексикографияда компьютерлік технология қолданыла бастады. Сөздіктер таза филологиялық туынды емес, инженерлік-филологиялық туындыға айналды.

Біз бұдан әрі қарай осы тезаурустағы дескрипторлардың сөздік мақалаларын өзіміздің хал-қадерімізше оқып, қажетті жерде пайдаланып отырмақпыз.

### 1.2.2. Сөздік ұғымы

Қазақ лексикографиясында *сөздік* (словарь, dictionary) ұғымында қолданылатын негізгі термин *сөздік* болғанымен (“сөздік — белгілі бір тілдегі сөздердің (сөз тіркестерінің, идиомалардың) жиынтығын көрсететін анықтамалық еңбек” [Қалиұлы, 1998, 354] ), бұл орында басқа терминді қолдану да кездеседі.

Мәселен, қазақ тілінің екі томдық түсіндірме сөздігінде: “*Лұғат* — ес. Ескі жазулармен жазылған сөздік”, он томдықта: “*Лұғат* — ар.кітаб. Көне әдебиеттегі жинақ, сөздік мағынасында қолданған сөз; сөздік” тәрізді анықтамалар ұшырасады. Егер *лұғат* термині осы анықтамалардағы мағынаға сай, бұрынғы, өткен дәуірлерге жататын (мәселен, араб жазулы) сөздіктерді белгілеу мақсатында қолданылатын арнаулы терминді білдіретін болса, оны қолдауға болар еді. Алайда, А.Ысқақовтан бастап, бірқатар тілші-ғалымдардың бұл терминді қазіргі сөздік мағынасында қолдануы байқалады.

*Лұғат* сөзі қазіргі араб тілінде “сөздік” ұғымында қолданылмайды. Ал ортағасырлық араб тілінде осы ұғымда қолданылғаны белгілі. Ортағасырлық түркі лексикографиясында да осындай сөзқолданым дәстүрі болғандығы рас. Алайда, ескі дәстүрдегі терминге қайта оралу үнемі сәтті бола бермейді. Османлы дәуіріндегі түрік тілінде *сөз*, *сөздік* ұғымдарын білдіретін “*лұғат*”, *сөздікші* ұғымын білдіретін “*лұғатчи*” терминдері болған. Қазіргі кезде түрік сөздікшілері оларды таза түркілік *сөзлук*, *сөзлукчу* терминдерімен ауыстырып отыр.

Ж.Марузоның лингвистикалық терминдер сөздігінде аталмыш терминге: “*лексика*, белгілі бір тілде сөйлейтін



адамдар тобына тән, белгілі бір жанрға, заманға, мектепке, жазушыға тән сөздер мен мағыналардың элементтері ретінде қарастырылатын сөздер жиынтығы” түрінде анықтама беріледі [Марузо 1960, 273-274]. Анықтаманың ғылыми тұрғыдан құндылығы, дәлдігі бірден байқалады. Бұл анықтамадан ғалымның аталмыш терминді белгілі бір сөздік құрамды тіркеуші анықтамалық сөздік тұрғысынан қарастырып отырғанын байқаймыз. Анықтаманың өткен ғасырдың орта шенінде жасалып отырғанын естен шығармау керек. Ол кезде сөздіктің ғылыми және дидактикалық құрал ретіндегі құндылығы күн тәртібіне жаңадан қойыла бастаған болатын. Әрине, лексиканы тек қана тіркеп отыратын сөздік түрлерінің қазіргі кезде де көп екендігі анық. Алайда, қазіргі кезеңде сөздіктің ғылыми еңбек және дидактикалық құрал ретіндегі қызметін ескермей, атамай кетуге әсте болмайды деп ойлаймыз.

Терминнің лексикографиялық тезаурустағы анықтамасы да Ж.Марузо сөздігіндегіге ұқсас: *сөздік мақалалардан құралған, негізгі қызметі сөздік құрамды ретке келтіру мен жария ету, тілдік бірліктерді көрсету болып табылатын лингвистикалық сипаттама түрі.*

О.С.Ахманованың сөздігінде терминнің екінші мағынасы да (*лексиканың жүйелі сипаттамасын қамтитын кітап, лексикон*) аталады [Ахманова 1966, 421]. Бұл мағынада сөздік тілдегі жүйені, жүйелілікті ашып көрсететін құрал ретінде көрінеді.

Лингвистикалық энциклопедиялық сөздікте берілген анықтама да осыған ұқсас:

а) *лексика*, белгілі бір тілдің, диалектінің, әлеуметтік топтың, жазушының, т.б. тіл иесінің сөздік құрамы;

ә) белгілі бір жүйе бойынша орналасқан сөздерден (немесе морфемалардан, сөз тіркестерінен, идиомалардан, т.б.) тұратын сөздік бірліктердің мағыналарын анықтап, олар туралы әр түрлі ақпарат беретін не олардың өзге тілге аудармасын беретін, немесе өздері белгілейтін заттар туралы деректер беретін анықтама кітап (*Лингвистический энциклопедический словарь, 1990, 462*).

Энциклопедияда сөздіктердің атқаратын негізгі әлеуметтік функциялары ретінде *ақпараттық* (тілдік таңбалар

арқылы хатқа түсіп, белгілер арқылы жинақталған адамзаттық білімге қол жеткізу), *коммуникативтік* (оқырмандарға ана тілі мен шетел тіліндегі қажетті сөздерді ұсыну арқылы) және *нормативтік* (сөздердің мағыналарын тіркеу және олардың қолданылуын тіркеу арқылы қатынас құралы ретіндегі тілдің жетіле түсуі мен үйлесімді болуына, бір ізге түсуіне жағдай жасайды) функциялар аталады. Белгілі ғалым Б.Қалиев сөздіктің бұлардан басқа тағы екі қызметін: *атауыштық* және *есепке алушылық* қызметтерін көрсетеді (*Қазақ тілі, 1998, 354*).

Қазіргі ағылшын тілінде сөздік ұғымында ортағасырлық латын тіліндегі *diccionarium* (сөздер кітабы) сөзінен алынған *dictionary* термині қолданылып келеді. Алғаш 1538 жылы “қиын сөздердің жиынтығы” ұғымында Томас Элиоттың сөздігінде (*The Dictionary of syg Thomas Eliot knyght*) қолданылған [Tetsuro 1978, 6-8].

Лексикография теориясы бойынша белгілі маман профессор Л.П.Ступиннің жазуы бойынша ағылшын тілінде *сөздік* ұғымында бұдан басқа да *wordbook* (шағын анықтамалық сөздік); *lexicon* (көне немесе жойылып бара жатқан тілдердің сөздігі); *vocabulary* (а/оқулық соңындағы сөздікше, сөздер тізімі; ә/белгілі бір мақсатпен түзілген сөздердің жиынтығы, жеке адамның сөздік қоры: осы мағынада *жазушы тілінің сөздігіне* қатысты қолданылады); *glossary* (глоссалар жиынтығы, яғни әдетте көне немесе ортағасырлық қолжазбаларда кездесетін түсінуге қиын сөздер мен сөз тіркестерінің түсіндірмелері. Аталмыш сөз, сондай-ақ, қазіргі тілдегі *техникалық терминдердің сөздігі* ұғымында да қолданылады); *concordance* (белгілі бір шығармада немесе авторда кездесетін сөздердің сол мәтіндерден алынған үзінді-мысалдарымен бірге берілген әліпбилік индексі); *thesaurus* ( а) белгілі бір сала немесе тақырып бойынша тілдегі бүкіл лексиканы қамтитын сөздік; ә) синонимдер мен антонимдер сөздігі, б) *өлі тілдерден қалған сөздердің жиынтығы*) терминдері қолданылады екен [Ступин 1985, 48-50]. Бұл мысалдарды шетел тіліндегі термин байлығын көрсету мақсатымен, қазақ лексикографиясында да бір кәдеге жарап қалар ма екен деген оймен келтіріп отырмыз.

### 1.2.3. Түсіндірме сөздік ұғымы

Түсіндірме сөздік (толковый словарь, general dictionary/ monolingual dictionary/ explanatory dictionary) ұғымын беретін тіркестің қазақ лексикографиясында орыс тілінен аударма жасау жолымен қалыптасқаны белгілі.

Терминнің лексикографиялық тезаурустағы анықтамасы (*негізгі нысаны жалпы есімдер мен филологиялық деректер болып табылатын, сөздер мен сөз тіркестеріне сипаттама, түсіндірме жасау мақсатымен шағын сөздік мақалалардан түзілген сөздік*) сын көтермейді. Бұрынғы “таза филологиялық” түсіндірме сөздік туралы, тым формалды анықтама.

Профессор Л.П.Ступиннің жазуы бойынша, ағылшын лексикографиясында *түсіндірме сөздік (толковый словарь)* терминіне сәйкес келетін термин жоқ. Оған балама ретінде жоғарыда көрсетілген терминдер қолданылып келеді [Ступин 1985, 24].

*Толковый словарь* термині В.И.Дальдің сөздігінен (“Толковый словарь живого великорусского языка”) кейін орыс тілді лексикографияда *бір тілді түсіндірме сөздік* мағынасында қолданылатын бірден бір термин болып орныға бастады. В.И.Дальдің түсіндірме сөздігі шын мәнінде *халық тілінің сөздігі* болғанымен кейінгі дәуірлерде түсіндірме сөздіктің *әдеби тілдің сөздігі* ұғымында да қолданылғаны баршаға аян: “Түсіндірме сөздік — әдеби тілдегі жалпылама және жиі қолданылатын сөздерді қамтып, олардың мағыналарын талдап түсіндіретін сөздік” (*Қазақ тілі, 1998, 411-412*). Алайда түсіндірме сөздікті жалпылама *халық тілінің сөздігі* ретінде түсінушіліктің де болғандығы айқын. Мәселен оны қазақ тілінің көп томдық түсіндірме сөздігіне қатысты пікірлерден байқаймыз: “...оның негізгі объектісіне тоқталар болсақ, оны негізінен *қазіргі күнгі әдеби тілдің лексикасы* деуге болады. Бірақ, ...ҚҒТС-нің негізгі объектісін — әдеби тіл емес, *жалпы халықтық тіл* деу — дәлірек болады” [Қалиев 1989, 6]. Түсіндірме сөздікті *нормативті сөздік, анықтамалық сөздік, академиялық сөздік* ретінде бағалау да жиі кездеседі. Мәселен, “Қазақ тілінің түсіндірме сөздігін жасау тәжірибелері” атты ғылыми жинақта сөз болып отырған

терминге қатысты *жалпы халықтық сөздік, нормативті сөздік, анықтамалық сөздік, академиялық сөздік* тәрізді түйінді бағамдарды байқауға болады [Қалиев 1989: 6,12].

Түсіндірме сөздікке қатысты терминдердің басқаша түсіндірілуі де кездеседі: “Бір тілді лингвистикалық сөздіктер академиялық нормативті және анықтағыш сөздік болып іштей екі салаға жіктеледі. ...Түсіндірме сөздіктің алға қоятын мақсаты – бір тілдің белгілі дәуірдегі жалпыхалықтық сипат алған сөздеріне мағыналық, стильдік әрі грамматикалық жан-жақты сипаттамалар беріп, тілдің қазіргі даму тұрғысындағы сөздік құрамның сан мөлшерін біршама анықтау. Сөздердің мағыналық нормаларын, стильдік түрлі қолданыстарын саралап көрсету. Сонымен қатар сөздердің жазылуы мен айтылуындағы нормалардың ең дұрыс деген қалпын айқындай отырып, соған нақтылы түсінік беруді қарастырады. Сондықтан түсіндірме сөздік кейде нормативті сөздік деп аталады. Нормативті түсіндірме сөздік бір томдық және көп томдық болып жасалады. Көлемінің үлкендігіне қарай көп томдық түсіндірме сөздікті кейде академиялық сөздік деп атайды” [Болғанбаев, Қалиев 1997, 214, 218].

Әрине, көлемінің үлкендігіне қарай академиялық сөздік деп атаудың қате екендігі анық. Академиялық сөздік туралы негізінен дұрыс пікірді көп томдық түсіндірме сөздіктің инструкциясындағы кіріспеде көреміз: “Ана тілінің түсіндірме сөздігін жасап шығару ұлт мәдениетінің қажетті мәселелерінің біріне жатады. Өйткені ұлт тілінің түсіндірме сөздігі сөйлеу мәдениетінің ең күшті құралы ғана емес, сонымен бірге, сол мәдениеттің жемісі де саналады. Демек, әрбір тілдің түсіндірме сөздігі негізінде ұлт мәдениетінің шарықтап өскен шағында, әдеби тілдің шыңдалып қалыптасқан уақытында, ғылым мен техниканың қанат жайып әбден кемелденіп жетілген кезінде жасалады. Бұл шақта ұлт тілі ұлт мәдениетін жетілдірудің қызметтеріне жегіледі, соның ең күшті, ең ықпалды құралы болады. Бүкіл баспасөз, мектеп, радио, теледидар және басқа әлеуметтік тұрмыс салаларының қай-қайсысы болса да жүйеленген нормативті сөздіктермен ғана жұмыс істеу керек, олардан өмір соны талап етеді. Сондықтан да қазіргі шақта әрбір ұлт республикасы, солардың ішінде Қазақстан да ана тілінің ака-

демиялық түсіндірме сөздігін жасаумен шұғылдануда. Академиялық сөздік, дау жоқ, жалпы тіл біліміндегі қол жеткен табыстарға негізделсе ғана, солардың жетістіктерін жинақтаса ғана, өз объектілеріне жан-жақты ғылыми талдау жасайтын еңбек болып шықпак, сонда ғана академиялық түсіндірме сөздік бір тілдің қазіргі даму тұрғысын синхрония жолымен суреттейтін нормативті сөздік бола алады” (Инструкция 1976, 2-3).

Бұл жерде түсіндірме сөздікке қатысты *академиялық сөздік, нормативті сөздік, синхронияны суреттейтін сөздік* деген ұғымдар қолданылып отыр. Келтірілген үзінді бойынша: а) академиялық түсіндірме сөздік – жалпы тіл біліміндегі жетістіктерге негізделген ғылыми сөздік, ә) бүкіл мәдени өмірдегі сөзқолданыстың нормасын белгілейтін нормативті сөздік, б) тілдің қазіргі жағдайын, яғни синхронияны бейнелейтін сөздік. Бұл үзіндіде автор жалпы түсіндірме сөздік туралы бастап, академиялық, нормативті, синхрониялық түсіндірме сөздік туралы аяқтап отыр. “Түсіндірме сөздік” ұғымы осылардың бәрін бірдей қамтитын синкретті ұғым тәрізді әсер қалдырады. Бұл жайт аталған терминдердің арасын ажырататын, олардың өзіндік белгілерін көрсететін жіктеменің болмай отырғандығынан да хабар береді деп ойлаймыз. Себебі түсіндірме сөздіктің түрлері, алуан түрлі мақсатқа сай жасалатын типтері мен жанрлары болады. Мәселен, қарастырылатын тілдердің саны жағынан бір тілді, екі тілді және көп тілді түсіндірме сөздіктер, ал қолданым аясы жағынан жалпылама қолданымдық, салалық және үйренімдік түсіндірме сөздіктер кездеседі. Аудиторияға, адресатқа байланысты олардың өзінің алуан түрі болады. Жалпылама қолданымға арналған толық түсіндірме сөздіктер негізінен, жоғарыда айтылғандай, *халық тілінің сөздігі* болмақ.

Инструкцияда, сондай-ақ, академик Л.В.Щербаның “түсіндірме сөздік нормативті сөздік пен анықтағыш (справочный) сөздіктің аралығында болуы керек” деген пікірді қолдайтындығы сөз болады.

Сонымен, түсіндірме сөздікке байланысты қолданылатын *академиялық сөздік, анықтамалық (анықтағыш) сөздік, нормативті сөздік, әдеби тілдің сөздігі, жалпы халықтық*

*сөздік* ұғымдарының қаншалықты маңызды екендігіне көз жеткіздік. Әрине, шынтуайтқа келгенде, таза анықтамалық сөздік пен нормативті сөздік өте сирек кездеседі дейтін болсақ, саф таза әдеби тіл сөздігінің немесе бүкіл халыққа арналған, адамдардың бәрінің бірдей көңілінен шығатын идеалдық халық сөздігінің мүлде болмайтындығы белгілі жайт. Дегенмен, осы аталған ұғымдар сөздіктің ғылыми дәреже-деңгейінен, діттеген мақсат-мүддесінен, сапалық қадір-қасиетінен хабар береді. Осы жерде, сөздің реті келгенде, лексикографияның академик Л.В.Щерба негізін салған теориялық тұжырымдарының Кеңестер Одағындағы сөздік түзу ғылымының кейінгі дамуына айрықша әсер еткендігін айтқымыз келеді. Сол тұжырымдардағы басты мәселелердің бірі *академиялық сөздік-анықтамалық сөздік, энциклопедиялық сөздік- жалпы сөздік* антитезалары болды.

Сол себепті олардың әуел бастағы (академик Л.В.Щерба еңбектеріндегі) ғылыми айналымға түсу тарихын сөз етуді жөн санап отырмыз.

### **1.2.3.1. Академиялық сөздік – анықтамалық сөздік антитезасы**

Академик Л.В.Щерба өзінің 1940 жылы жарияланған “Опыт общей теории лексикографии” атты программалық мақаласында сөздіктердің негізгі типтерін анықтауды мақсат етеді. Осы мақсат тұрғысынан академиялық сөздікті анықтамалық сөздікке қарсы қоя отырып, бір тілді түсіндірме сөздіктерді іштей екі топқа бөледі [Щерба 1974, 265-277]. Ғалым академиялық типті сөздіктің үлгісі ретінде француз академиясының сөздіктерін атайды.

Оның пікірі бойынша, академиялық сөздіктердің негізінде белгілі бір уақыт аралығын қамтитын кезеңдегі белгілі бір адамдар қауымының бірбүтін тілдік сана-сезімі жатады.

Сөздіктердің осы екі типі арасындағы айырмашылықты көрнекі түрде түсіндіру үшін ғалым “орыс тілі” терминінің екі түрлі мәні бар екендігін мысалға келтіреді. Бір жағынан, бұл термин “қазіргі орыс әдеби тілі “ ұғымын білдіретін болса, екінші жағынан, орыс тілінің барлық кезеңдердегі, әр түрлі дәуірлердегі сөйленімдерінің жиынтығын білдіреді – дейді.

Ғалымның академиялық сөздік туралы айтқан осы пікіріне қарап алғашқы кезде “бұл жерде қазіргі кездегі жалпы көпшілікке арналған әдеби тілдің түсіндірме сөздігі туралы ғана әңгіме болып отыр екен” деп ойлауға болады. Алайда ғалым қазіргі тілдік сананы бейнелейтін академиялық сөздіктер қатарына басқа да сөздік түрлерін, атап айтқанда, жеке ғылым түрлері бойынша жасалатын салалық сөздіктерді (медициналық, әскери т.б.) жатқызады.

Академик Л.В.Щерба сонымен қатар жеке аймақтық тіл ерекшеліктерін білдіретін сөздік түрлерін де нормативті немесе академиялық сөздік типіне енгізеді.

Ғалымның бұл жүйелеуіне қатысты айтарымыз: біріншіден, Л.В.Щербаның өзі атап көрсеткендей, аталған салалық сөздіктерде де сол кезеңдегі біртұтас тілдік сана бейнеленетін болса, екіншіден, ол сөздіктердің нақты ғылым тілі болуына және оларды жасайтын орынның ғылыми мекеме болуына байланысты деп ойлаймыз.

*Академиялық сөздік* — жоғары дәрежедегі ғылыми сөздік ұғымын білдіреді. Аталмыш терминнің пайда болуы мен қалыптасуы Еуропадағы ғылым академияларының сөздік түзушілік қызметімен тікелей байланысты.

XVI-XVII ғасырларда тіл саласында беделді мекеме — Тіл академиясын құру ісі Еуропаның бірқатар елдерінде кешіктіруге болмайтын қауырт мәселе ретінде қолға алынғаны белгілі. Нәтижесінде 1583 жылы алғаш рет Италияда құрылған Тіл-әдебиет академиясы кейін 1637 жылы Францияда да құрылған болатын. Француз академиясы сөздік, грамматика, көсемсөз, поэтика мәселелерімен шұғылданды. Құрамында 40 мүшесі бар бұл академия Еуропада тіл саласындағы ең беделді мекемелердің біріне айналды. Француз академиясының сөздігі алғаш рет 1694 жылы екі том болып жарық көрді.

XVIII ғасырда ғылым академиясы Ресейде де құрылып, оның атқаратын ең басты міндеттерінің бірі ретінде академиялық сөздік түзу ісі күн тәртібіне қойылады. Көп ұзамай 1789-1794 жылдары Ресей Академиясының сөздігі жасалады.

Алайда XVIII-XIX ғасырлардағы, тіпті XX ғасырдың басындағы әлемдік лексикографияда ең сапалы, үлгілі

туынды – Француз академиясының сөздігі болды. Сол себепті француз тілінің білгірі академик Л.В.Щербаның аталмыш сөздіктердің құнын, маңызын біліп бағалап отырғандығы анық.

Сол кездерден бері *академиялық сөздік* атауы жоғары дәрежедегі ғылыми сөздік, елдің ең беделді сөздігі ұғымында қолданылып келеді. Осы дәстүрге сәйкес қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігі де кезінде мамандар тарапынан академиялық сөздік бағасын алған болатын. Сөздіктерді жеке адамдардың да жасауы мүмкін екендігін және ол адамдардың филолог-ғалым болмауы да мүмкіндігін ескере отырып, ғылыми мекеме тарапынан жоғары деңгейде жасалған сөздіктердің ғылыми статусын көрсету үшін *академиялық сөздік* термині бүгінгі таңда да қажет деп ойлаймыз.

Ғалым аталмыш еңбегінде *академиялық сөздік* терминін *нормативті сөздік* терминімен қатар қолданып отырады. *Нормативті (немесе академиялық) сөздік, нормативті (немесе академиялық) тип* тіркестері соны меңзейді.

Л.В.Щерба *әдеби тіл сөздігі* ұғымын да осы екеуіне өте жақын, астарлас мәнде қолданады. Еңбектің еш жерінде олардың арасын ашып, айырым белгілерін көрсетпейді. Ғалым жоғарыда сөз болғандай, салалық сөздіктер мен аймақтық тіл ерекшеліктерін білдіретін, профессор Ш.Ш.Сарыбаевтың сөзімен айтқанда “бейәдеби” сөздік түрлерін де академиялық, нормативті сөздіктер қатарына енгізу арқылы өз еркімен болса да, өз еркінен тыс болса да, әйтеуір “әдеби тіл” ұғымының аясын кеңітеді.

Ғалым түсіндірме сөздіктердің әдетте бір әдеби тілге қатысты, не сол әдеби тілдің қалыптасуына, нормалануына қызмет ету мақсатымен (“Француз академиясының сөздігі”), немесе сол әдеби тілдің белгілі бір себептермен түсініксіз болып отырған элементтерін айқындау мақсатымен, демек бұл жолы да әдеби тілді қалыптастыру, оны байыту, ең бастысы- оның байлығын жақсы меңгеру мақсатымен жасалатындығын жазады.

Ғалым қазіргі әдеби тілге байланысты “белгілі бір кезеңдегі белгілі бір адамдар қауымының бірбүтін тілдік сана-сезімі” ұғымын енгізеді.



Академик Л.В.Щерба адамдардың нормативті (немесе академиялық) сөздікке өз біліктерін тексеру үшін және белгілі бір контекстке қажетті сөзді іздеген кезде қарайтындығын, ал өздеріне онша таныс емес өзге тілдердегі мәтіндерді, әсіресе сол тілдердегі кәсіби әдебиет мәтіндерін оқуға, сондай-ақ оқырманның ана тілінде жазылғанымен қазіргі кезде түсініксіз, өте көне дәуірлерге жататын ескі мәтіндерді оқу қажет болғанда анықтамалық сөздікке қарайтындығын сөз етеді.

Ғалымның пікірі бойынша, қазіргі кезеңдегі анықтамалық сөздіктердің негізінде көбінесе ұлт идеясы жатады. Мәселен, ағайынды Гриммдердің неміс тілі сөздігіне XVI ғасырдан бергі неміс тіліндегі мәтіндер алынған. Л.В.Щерба анықтамалық сөздіктер қатарына ағылшын тілінің әлемге әйгілі Оксфорд сөздігін де қосады.

Ғалым сондай-ақ, анықтамалық сөздіктердің негізін әрқашан да ұлттық идея құрайды деуге болмайтындығын, В.В.Радловтың сөздігі тәрізді тұтас бір тілдік топтың тарихи-диалектологиялық сөздіктері мен этимологиялық сөздіктері де болатындығын жазады [Хусаинов 1981, 129]. Ғалым анықтамалық сөздіктер қатарына, жоғарыда аталғандай, ұлт тілінің түрлі дәуірлердегі сөйленімін қамтитын, тарихи принципке құрылған түсіндірме сөздіктерін, жалпыға бірдей энциклопедиялық сөздіктерді, пәнаралық техникалық сөздіктерді, облыстық сөздер сөздігін, жазушы тілі сөздігін, т.б. енгізеді.

Бір тіл үшін екі түсіндірме сөздік жасалуы, оның біреуі – нормативті, екіншісі – тарихи анықтамалық сөздік болуы қажеттігін сөз етеді. Екі сөздік жасауға мүмкіндік болмаған жағдайда ымыраға барып, оның барлық жағдайларын ашық атап өтудің керектігін айтады.

Ғалым, сондай-ақ, академиялық және анықтамалық сөздік терминдерінің шартты түрде алынып отырғандығын ескертеді, яғни ғылыми көзқарастағы шарттылықты мойындайды. Біз де осы ойға қосыламыз. Ғалымның құрған антитезалары шындығында жалаң теориялық тұрғыдан ғана құнды гипотезалар болды. Сол себепті жүйелі, ақиқаттығы дәлелденген жіктемелерге құрылған қазіргі ғылыми тезаурустан өзінің орнын ала алмады. Бұл жерде *антитеза* терминінің өзі негізінен поэтикалық сөзсаптамға тән стилистикалық фигураның бір түрі екендігі еске оралады.

### 1.2.3.2. Энциклопедиялық сөздік — жалпы сөздік антитезасы

Лексикографиялық тезауруста энциклопедиялық сөздік — негізгі нысаны мазмұн межесі тұрғысынан қарастырылатын білім бірліктері, реалиялар болып табылатын, жалқы есімдерге реалды анықтамалар мен энциклопедиялық түсініктер беру мақсатымен толымды сөздік мақалалардан түзілген сөздік ретінде белгіленген.

Бұл анықтамада сөздіктің басты белгілері жақсы ашылған деп ойлаймыз. Назар аударарлық жайт — алдыңғы тақырыпшадағы түсіндірме сөздіктің анықтамасында сөздіктің шағын (толымсыз) сөздік мақалалардан түзілетіні сөз болған еді. Ал энциклопедиялық сөздіктің мақаласы толымды сөздік мақала ретінде аталады.

Академик Л.В.Щерба энциклопедиялық сөздік — жалпы сөздік антитезасын сөз ете отырып жалқы есімдер мен техникалық терминдер мәселесіне тоқталады.

“Австралия — әлемдегі елдердің бірі”, “Людовик XIV — француз корольдерінің бірі” тәрізді мысалдарды келтіре отырып, энциклопедияда негізінен осындай жеке есімдер жайында мол мәлімет берілетінін жазады.

Л.В.Щербаның пайымдауы бойынша терминдердің жалпы сөздік пен энциклопедиядағы мағыналары бір-бірінен өзгешелеу. Мәселен геометриядағы *түзу* (сызық) — *екі нүкте аралығындағы ең қысқа қашықтық* болса, оның әдеби тілдегі анықтамасы *оңға, солға, жоғары-төмен бұрылмайтын сызық*.

Ғалымның ойынша, филологиялық сөздіктің өсімдіктану, жануартану, минералтану тәрізді ғылым салаларының терминдеріне беретін анықтамасы да осыған ұқсас: *бұтаның бір түрі, тұрқы шағын орман құстарының бір түрі* тәрізді болып келеді...

Ғалымның осы шендестіруінің нәтижесінде энциклопедиялық сөздік пен жалпы көпшілікке арналған түсіндірме сөздікті теориялық тұрғыдан қатаң бөлектеуге негіз салынды. Кеңес үкіметі тұсындағы тіл білімінде осы көзқарас үстем болып келді. Лексикографияның теориялық және тәжірибелік мәселелерімен айналысқан ғалымдардың көпшілігі осы көзқараста болды. Мәселен **КАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ АКАДЕМИЯЛЫҚ КІТАПХАНАСЫ**

сөздіктерінің сөзтізбе құрамын зерттеуші ғалым Ж.М.Гузеев те осы көзқарасты ұстанды. Ғалымның пікірі бойынша, энциклопедиялық түсіндірмелерде көпшілікке таныстығы аз, таза танымдық тұрғыдан қарастырылатын, арнайы зерттеу нысаны болып табылатын заттар мен құбылыстар қарастырылатын болса, семантикалық анықтамаларда көпшілікке кеңінен танымал, түсініктемені ғана қажет ететін сөздер мен терминдер қарастырылады [Гузеев 1985, 115].

Дегенмен, әлемдік лексикография тәжірибесінде энциклопедизм элементтері мол ұшырасатын сөздіктердің көптеп кездесетіндігін айтқан абзал. Сипаттаманың аралас (әрі филологиялық, әрі энциклопедиялық) тәсілдері сәтті қолданылған түсіндірмелі-энциклопедиялық сөздіктер жасау тәжірибесі әсіресе ағылшын тілді лексикографияда жиі ұшырасады. Олардың қатарына Уэбстер, Сэнчери, Фанк-Уэгнолз, Оксфорд сериялы сөздіктер жатады.

Түсіндірмелі-энциклопедиялық сөздіктер жасау тәжірибесі өте-мөте кең жолға қойылған елдердің бірі – Франция. Бұл елде пайдалануға өте ыңғайлы түсіндірмелі-энциклопедиялық сөздіктер ХІХ ғасырдан бері жасалып келеді. Аталмыш сөздіктердің практикалық тұрғыдан құндылығы даусыз. Қазан төңкерісінен кейінгі жылдардағы Кеңес үкіметінің басшылығы француздардың осындай аралас типті “Ларусс” сөздігіне қызығушылық танытқан еді. Пролетариаттың көсемі В.И.Лениннің өзі 1921 жылғы 19 мамырда Е.А.Литкенске жазған жазбасында орыс тілінде “Ларусс” типтес шағын сөздік жасаудың қажеттілігін айтқан болатын. Яғни В.И.Ленин әрі филологиялық, әрі энциклопедиялық сипаттағы анықтамалық сөздік жасауды халыққа пайдалы іс деп санаған еді.

Аралас типті сөздіктер жасау тәжірибесі Ресейде де бар болатын. Ғалымдардың жазуы бойынша, 1789-1794 жылдары жарық көрген Ресей академиясының сөздігінен бастап, барлық академиялық түсіндірмелі сөздіктерде энциклопедиялық элементтердің мол болғандығы, арнаулы лексика саласындағы терминдерге берілетін анықтамалардың ірі ғалымдардың, мамандардың ақыл-кеңесі бойынша жасалып отырғандығы белгілі болып отыр.

Академик Л.В.Щерба екі сөздік типіндегі техникалық терминдерге берілетін анықтамалардың өзгешелігін баса

айтады. Алайда, білікті мамандардың пікірі бойынша, түсіндірмелі сөздіктердегі терминдерге анықтама беруде лексикографтардың сол саладағы мамандардың пікірін ескерулері қажет. Себебі филологиялық сөздіктердің міндеті қаншалықты өзгеше болғанымен, олар терминге арнаулы ғылым саласындағы түсініктен өзгеше сипаттама бере алмайды [Сороколетов 1981, 250-251].

Кезінде орыс лексикографы А.А.Шахматов та “Орыс тілінің академиялық сөздігіндегі” өзі редакциялаған бөліктердегі терминдерге анықтама беруде толығымен энциклопедиялық сипаттамаға сүйенген болатын [Бархударов 1976,7].

Д.Н.Ушаков та “заттың өзін түсіндіру мен оны атайтын сөзді түсіндіру арасын бөлектеудің қаншалықты қиынға соғатындығын” (әсіресе терминдерді түсіндіруде) жазған еді [Ушаков 1934, XXIV].

С.Г.Бархударов терминдердің мәнін ашуда түсіндірме сөздік пен энциклопедиядағы анықтамалардың негізінен сәйкес келуі қажет екендігін жаза отырып, академик Л.В.Щербаның энциклопедиялық сөздік пен түсіндірме сөздікті қарсы қойған кезінде олардың жалпытеориялық тұрғыдан ғана қарсы екендігін ойлағанын сөз етеді [Бархударов 1976, 7-8].

Түсіндірме сөздіктің түсіндірмесі мен энциклопедияның анықтамасы арасында айқын шекара жоқтығын 60-жылдары П.К.Дале де жазған болатын [Дале 1963, 153]. Осы мәселемен арнайы айналысқан А.И.Киселевский сөздіктің екі типіндегі түсініктемелер әр түрлі метатіл арқылы жүзеге асырылып келгенімен, оларды ұластырудың жолдары барлығын сөз етеді [Киселевский 1977, 6].

Ғалым түсіндірме сөздіктегі сөздік бірліктердің тілдік жүйедегі орнына, тек-түрлік қатынастарына, басқа да логикалық байланыстарына жеткілікті дәрежеде көңіл аударылмай келгендігін, осы мәселеге байланысты энциклопедиялардың артықшылықтарын түсіндірме сөздіктерге пайдаланудың, сөздік мақалалардың энциклопедиялық сипатын арттырудың қажеттілігін жазады. Әсіресе қатаң реттелген ұғымдар жүйесі бар ғылымдар саласындағы (химия, биология т.б.) терминдерге сипаттама жасағанда түсіндірме сөздікті түзушілердің ғылыми принципті

ұстанғандары жөн болатындығын, ол терминдерге анықтама берудегі бірізділікке жеткізетінін айтады. Қорыта келе, ғалым: “Біздің ойымызша, үйлестірілген түсіндірмелі-энциклопедиялық сөздіктер жасауға нақты негіз бар. Қолда бар түсіндірмелі, энциклопедиялық сөздіктер қаншалықты жақсы болғанымен, олар категориалдық рамкалармен шектеулі. Түсіндірме сөздікте дүниенің заттық негізі жеткіліксіз бейнеленетін болса, энциклопедиялық сөздікте тілдік сипаттамалар жетіспейді. Жаңа типті сөздіктің идеясы – оптималды толық сөздік жасау” - дейді [Киселевский 1977, 168].

Бұл идеяны жүзеге асыруға алғышарттар жеткілікті. Сөздіктің екі типінде де бір-біріне ұқсас жақтар баршылық. Мәселен, нысанға қатысты мәселеде сөздіктің бұл типтері тек қана басым қолданыс тұрғысынан ерекшеленетіндігі айтылып келеді [Арбатский 1965, 22].

Филологиялық сөздіктер мен әмбебап энциклопедиялар түсіндірмелердің түсінікке оңай, қолайлылығы жағынан да ұқсас. Жалпы көпшілікке арналған энциклопедиялардағы реалийлер мен ұғымдар түсіндірме сөздіктердегі тәрізді жалпыға түсінікті, ұғынықты тілмен түсіндіріледі. Екі сөздіктегі түсіндірменің арасындағы айырмашылық, Д.И.Арбатскийдің жазғанындай, зат не құбылыс туралы берілетін деректердің саны мен көлеміне ғана қатысты болады. Оның үстіне түсіндірме сөздіктегі филологиялық түсіндірме құрылымының даму мүмкіншіліктері мол екендігі белгілі. Себебі семантикалық түсіндірмелердің нысандарын “тілдегі, идеядағы (санадағы) немесе материалдық дүниедегі заттар мен құбылыстар деп белгілі топтарға бөлуге болмайды. Семантикалық түсіндірмеде олардың бәрі де қамтылады” [Арбатский 1965, 14].

Лексикография теориясының белгілі маманы В.П.Берков та осы пікірге ұқсас ой айтады: бір кездері “филологиялық сөздікте – сөз, энциклопедиялық сөздікте – зат түсіндіріледі” деген көзқарастың негізінде екеуіндегі атау сөздердің, терминдердің анықтамалары бір-біріне қарсы қойылды. Алайда, көптеген терминдердің екі сөздіктегі анықтамаларын салыстырған кезде олардың арасындағы айырмашылықтың аз екендігі және ешқандай бір принциптік айырма сипатының жоқтығы белгілі болды. Өзгешеліктер ол

сөздіктердің нысандарының басқалығына байланысты емес, осы сөздіктерде бейнеленетін білім деңгейінің әртүрлі болуымен байланысты екендігі анықталды [Берков 1976, 141].

В.П.Берков осы еңбегінде сөздіктің екі типін ұластыруға кедергі келтіретін жайттарды сөз етеді. Ғалымның ойынша, энциклопедиялық сөздіктер білімнің қазіргі замандағы ғылыми деңгейін көрсетуі керек болса, бұл мәселеде филологиялық сөздіктердің табиғаты қайшылықты. Себебі оның алдында екі бірдей міндет тұрады: бір жағынан, ол анықтамалық құрал ретінде қызмет атқаруы керек, сондықтан сөздікті түзушілер оқырманға ең дәл “ғылыми” деректерді хабарлауға ұмтылады. Екінші жағынан, сөздік сол кезеңдегі тілдік ұжымның орташа білім дәрежесін сипаттайды. Бір сөздікте ғылыми білім мен күнделікті тұрмыстық білік арасы онша көп ажырамайтын болса, екінші сөздікте олардың арасы өте алшақ болуы мүмкін.

Бір тарихи кезеңдегі тілдік ұжымның орташа білім дәрежесін белгілеу — түсіндірме сөздікті түзушілер үшін өте қиын іс. Себебі ол белгісіз нәрсе. Сөздікті түзуші іс жүзінде өзінің, өз әріптестерінің, туыстарының т.с.с. білім дәрежесін сипаттауы мүмкін. Ал, “орташа тіл иесінің” белгілерін тек теориялық тұрғыдан ғана айқындауға болады.

Біздің ойымызша, “түсіндірме сөздік сол кезеңдегі тілдік ұжымның орташа білім дәрежесін сипаттауға міндетті” деудің өзі зор кемшілік болып табылады. Бұл түсіндірме сөздікті кері тартатын, оның нашар сөздік болып шығуына алдын ала жағдай жасайтын қағида. Әлемнің алдыңғы қатарлы елдерінде әрбір жаңа сөздіктің өз кезеңіндегі ғылымның ең соңғы, ең жаңа ізденістерін, жаңалықтарын ескере отырып жасалатынын, оның сол арқылы ғана құнды болатынын, сол арқылы ғана оған сұраныс болатынын біле отырып кері тартуға болмайды. Сондықтан бұл қағида әсіресе қазақ лексикографиясы үшін тиімсіз. Түсіндірме сөздіктердің әзірше 15-20 жылда бір рет жасалып отырғанын, ол кезең аралығында дүниеде, қоғамда өте үлкен өзгерістердің болатынын естен шығармауымыз керек. Сол себепті түсіндірме сөздікті орта мектепті бітірген орташа білімі бар орта тіл иесіне бағдар жасап түзуді үлкен кемшілік деп есептейміз.

Түсіндірме сөздік пен энциклопедияның арасына жік түсіретін тағы бір өзгешелік — энциклопедияларда қосалқы деректердің болуы. Шынтуайтқа келгенде, филологиялық сөздікте де қосалқы деректер болуы керек. Егер ол сөздіктің тарихи мәтіндерді түсіндіруге жарамды құрал болуы қажеттігін ескеретін болсақ, сөздікке сөз мағыналарындағы ұлттық мәдениет ерекшеліктерін сипаттайтын элементтерді, елтанымдық білім элементтерін, этнолингвистикалық деректерді енгізу керек. Шынында да, түсіндірме сөздіктерде де сөздің мағынасын аша түсетін ұлттық салт-сана, әдет-ғұрыпқа байланысты қосалқы деректерді қамтудың қажеттілігі айқын аңғарылады. Бұл тәрізді деректер түсіндірме сөздіктерге алынған жағдайларда да олардың тым аз көлемде беріліп жүргендігі анық (бір-екі ауыз сөзбен ғана баяндалып жүр). Ұлт өмірінде өзіндік орны бар сөздік бірлікке қосалқы деректерсіз берілетін жалаң анықтаманың қашан да жеткіліксіз болары анық.

Л.В.Щербаның “энциклопедиялық сөздік — жалпы сөздік” антитезасына байланысты арнайы жазылған мақалалардың бірі — Л.Л.Кутианың “Термин в терминологических словарях (к антитезе: энциклопедическое — филологическое)” атты еңбегі. Ғалым аталмыш мақалада Л.В.Щерба негіздеген антитезаны талдай отырып ғалымның “ғылыми тілде — ғылыми ұғым, әдеби тілде — күнделікті қарапайым, жалпылама ұғым. Энциклопедияда — ғылыми дефиниция, түсіндірме сөздікте — филологиялық түсіндірме” деген қорытындыға келгендігіне тоқталады [Кутина 1976, 19].

Л.Л.Кутина ғалымның осындай қорытындыға келу себептерін қарастыра келіп, ХХ ғасырдың 30-жылдары лексикографияда қалыптасқан жағдайға тоқталады. Бұл бұрынғы Ресей Академиясы сөздігінде “әсіре энциклопедизмнің” басым болуы себепті, кейінгі жаңа түсіндірме сөздік, керісінше, энциклопедизмді мүлде аластатушылыққа дейін барған кезең еді. Сондықтан сол кезде энциклопедиялық сипаттаманы терістеушілік, филологиялық сипаттамаға бетбұрушылық, ғалымның сөзімен бейнелі түрде айтқанда “ту астында қабылданған ант тәрізді” кесімді сипат алды.

Л.Л.Кутина филологиялық сипаттаманың орнығуына жол ашқан жағдайлардың бірі ретінде ғылыми ұғымдардың

жалпылама тілге, күнделікті сөз қолданысқа еніп орныға бастауы, жалпытілдік сипат ала бастауын атайды.

Бұның өзі әрбір жаңа тарихи дәуірде адамдардың сөйленім тәжірибесінде қайталанып отыратын жаңа формалардың қалыптасу процесі, үнемі жаңару құбылысы екендігіне тоқталады.

Біз де түсіндірмелі сөздік пен жалпыға арналған энциклопедиялық сөздікті өзара үйлестіру, ұластыру қажет деген ойдамыз. Жеке сөзді оның өзі арқылы сипатталатын зат пен құбылыстан айыруға болмайды. Демек, ол зат пен құбылыстың құрылымын, қызметін атамай жалпылама сипаттама жасап өте шығу оқырманның, әсіресе, өскелең жас ұрпақтың білігіне білік қоспасы анық.

### 1.2.3.3. Тезаурус ұғымы

Кеңестік тіл білімінде тезаурус (тезаурус, thesaurus) ұғымын алғашқылардың бірі болып қарастырған академик Л.В.Щерба. Ғалым “тезаурустық сөздік – жәй (түсіндірме, аударма) сөздік” антитезасында тезаурусты бұрынғы заманда жазылған тілдік мәтіндерге негізделген тілдік материалдарды жинақтаушы сөздік ретінде көрсетеді. Ғалымның жазуы бойынша, бұрынғы замандағы өлі тілдерге арналған ғылыми сөздік типі жағынан тезаурус сөздік болу керек. Тезауруста қолда бар деректеме материал түгел берілуі керек.

Ғалым мысал ретінде ағайынды Гриммдердің “Неміс тілі сөздігін” атайды (бұл сөздіктегі бір *volk* сөздік мақаласының өзі 61 бағанадан тұрады екен). Жоғарыда сөз болғандай, тезаурустың ағылшын тіліндегі бір мағынасы: өлі тілдерден қалған сөздердің жиынтығы. Екінші мағынасы: салалық немесе тақырыптық сөздік. Үшінші мағынасы: тілдегі барлық синонимдер мен антонимдердің толық сөздігі. Мәселен, ағылшын тілінің Оксфорд Тезаурусы – Оксфорд сөздіктерінің ішіндегі өте сапалы туындылардың бірі. Түсіндірме сөздік пен энциклопедияның элементтері өте сәтті ұластырылған бұл тезаурустың жаңа басылымында (*The New Oxford Thesaurus of English, 2000*) 600 000-нан астам лексикалық бірлік қамтылған.

Лексикографиялық тезауруста бұл термин белгілі бір сала, не тақырып бойынша түзілетін, белгілі бір терминологиялық жүйенің сөздігі ретінде қарастырылады: негізгі белгісі –



концептуалды кіріс, семантикалық қатынастардың ашық көрінуі болып табылатын, сөздік бірімдер мен семантикалық қатынастарға, семантикалық өрістерге, тематикалық топтар мен айдарларға, лексика-семантикалық көрсеткіштер мен сызбаларға жіктеме тәсіліне негізделген тезаурустық сипаттама жасайтын сөздік.

Тезаурустың негізгі түрлері ретінде *ассоциативті тезаурус*, *ақпараттық-іздеу тезаурусы* аталады.

**Ассоциативті тезаурус:** негізгі белгісі — концептуалды кіріс, семантикалық қатынастардың ашық көрінуі болып табылатын стимул-сөздер мен реакция-сөздерден тұратын сөздік бірімдерге, жіктеме тәсіліне, семантикалық қатынастар мен өрістерге, тематикалық топтар мен айдарларға, лексика-семантикалық көрсеткіштер мен жіктеме сызбаларға ассоциативтік тестердің негізінде сипаттама жасайтын тезаурус түрі.

**Ақпараттық-іздеу тезаурусы:** нысаны- қолданбалы бағыттағы терминология мен кіші тіл (подязык) жасау болып табылатын, ақпараттық-іздеу тілі мен ақпараттық-іздеу жүйесіне негізделген, қызметі-сөздіктік бақылау, индекстеу мен іздеу құралы болып табылатын, дескрипторлардан, кілт-сөздерден, сөздік мақалалардан, прагматикалық (иерархиялық және ассоциативтік) қатынастардан, сілтемелерден, тақырыптық айдарлардан, топтардан, фасеттерден, жіктемелік сызбалардан және лексика-семантикалық көрсеткіштен тұратын тезаурустың салалық, сала-аралық түрі. Тезаурустың бұл түрі қолданбалы лингвистикада түрлі ғылым тілдерінің метатілдік қажеттерін өтеу мақсатында қолданылып келеді. Орыс тілді лексикографияда қолданымға толық енген термин. Инженерлік — филологиялық салада автоматты жүйелер түзуде, сондай-ақ салалық терминдердің тезаурустық сөздіктерін түзуде, т.б. мақсаттарда пайдаланылып келеді. Тезаурусты лингвистикалық терминдердің сөздігін түзуге де пайдалануға болады. С.Е.Никитинаның пікірі бойынша, лингвистикалық терминдердің тезаурус сөздігі лингвистикалық терминдерді ғылыми тұрғыдан зерттеуге негіз болатын, терминдер арасындағы семантикалық қатынастардың, байланыстардың тереңдігін ашуға жағдай жасайтын сөздік түріне жатады.

Терминнің қазақ лексикографиясында да қолданылғаны жөн болады деп ойлаймыз.

#### 1.2.3.4. Вокабулярий және глоссарий ұғымдары

Латын тілінде *vox, vocis* (дауыс) > *voco* (шақыру) > *vocabulum* (атау, есім, сөз) мағыналық даму сатысынан өткен *vocable, vocablo* тұлғалары қазіргі кезде еуропа тілдерінің бір-қатарында (ағылшын, француз, испан, т.б.) лексикология мен лексикографияда қаралатын жеке сөз мағынасында термин болып қалыптасқан. Ортағасырлық сөздіктерде *вокабула* — жеке сөз, ал *вокабулярий* — сөздердің жиынтығы ретінде қолданылған [*Caxton William. Vocabulary in French and English* (1480); *Allius Antonius Nebrissensis. Vocabularius* (1506)]. *Vocabulary* қазіргі *Dictionary* орнына жүрген кездері болған. Мәселен, Клаудиус Холлибанд өз сөздігінде “*vocabulary*” — жалпыға бірдей қолданыстағы сөздер жиынтығы, ал “*dictionary*” — қиын (ескірген, кірме, т.б.) сөздердің жиынтығы екенін ашық жазған [Tetsuro 1978, 8].

Ағылшын лексикографиясы теориясының белгілі маманы Х.Тецуро аталған терминді орта ғасырлардағы басқа сөздікшілердің де, атап айтқанда, Т.Элиот (1538), У.Сэлзбери (1548), У.Томас (1550), Р.Персивал (1591), Дж.Флорионың (1598) осы мағынада қолданғанын ескертеді.

Орыс тіліндегі “Кірме сөздер сөздігінде” аталмыш терминнің берілуі: *вокабулярий* [< лат. *vocabularium* сөздік] — оқу құралының (хрестоматия) немесе оқулықтың бір бөлігінің соңында берілетін шағын сөздікше (*Современный словарь иностранных слов, 1992, 128*).

Ағылшын лексикографиясының белгілі маманы Л.П.Ступиннің жазуы бойынша, терминнің қазіргі ағылшын тіліндегі мағыналары төмендегідей: *vocabulary* (а/ оқулық соңындағы сөздікше, сөздер тізімі; ә/ белгілі бір мақсатпен түзілген сөздердің жиынтығы, жеке адамның сөздік қоры: осы мағынада *жазушы тілінің сөздігіне* қатысты қолданылады).

Ағылшын тілінде терминнің және бір мағынасы бар. Ол — қазіргі тілдің сөздік құрамы: *No dictionary could list the total vocabulary of a language* [Хорнби 1983, 725].

Терминді “оқулық пен оқу құралы соңындағы сөздікше” мағынасында қазақ лексикографиясында да қолдануға болатын тәрізді. Ал *жазушы тілінің сөздігі* мағынасына қатысты мәселеде әлі де ойлану қажет.

*Глоссарий* терминінің О.С.Ахманова сөздігіндегі мағынасы: ағл. *glossary*. Сирек қолданылатын сөздердің түсіндірмелі сөздігі [Ахманова 1966, 108].

*Glossary* терминінің ағылшын тілінде глоссалар жиынтығы, яғни әдетте көне немесе ортағасырлық қолжазбаларда кездесетін түсінуге қиын сөздер мен сөз тіркестерінің түсіндірмелері ретінде сондай-ақ, *техникалық терминдердің сөздігі* ұғымында қолданылатындығы туралы жоғарыда сөз болды.

Аталмыш терминді қазақ лексикографиясының тарихына қатысты И.П.Фальктің еңбегіндегі *немісше – татарша – қазақша – бұхарша (өзбек, тәжік) – қалмақша глоссарийден* [Falk 1786] көреміз.

Тезаурус бойынша анықтамасы: *негізгі қызметі лексиканы ретке келтіру, сирек қолданылатын сөздерге түсіндірме жасау болып табылатын сөздік түрі.*

Терминді “глоссалардың түсіндірмелі сөздігі” мағынасында қазақ лексикографиясында да қолдануға болады деп ойлаймыз.

### 1.3. СӨЗДІКТІҢ ІШКІ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ АТАУЛАРЫ

#### 1.3.1. Сөзтізбе ұғымы

1950-70 жылдары қазақ лексикографиясында сөзтізбе (словник, word-list) мен атау сөзге (сөздік тұлғаға) ортақ, синономдес терминдер қолданылып келді. Солардың бірі – *реестр*. Қазақ тілінің екі томдық түсіндірме сөздігіндегі алғысөзде: “Зат есімдер реестрге атау тұлғасында, жекеше түрде алынды... Сын есімдердің барлық түрлері де реестрге алынды” деген тәрізді қолданыстар кездеседі (*Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 1-том, 1959, V*).

Орыс тілді лексикографиядан алынған бұл термин әлі де қолданылып келеді: “Сөздікке енгізіліп, мағынасы түсіндірілетін сөз реестр деп аталады” (*Қазақ тілі, 1998, 411-412*).

Дегенмен, көп томдық түсіндірме сөздік жасала бастаған кезден бастап негізінен *сөзтізбе* терминінің қолданыла бастағаны анық: “Әдетте, лексикалық тұлғалардың тізбесі сөздіктің негізі (ірге тасы) болатындықтан, сол сөзтізбеге (словникке) қандай-қандай сөздер енуі керек, олардың қандай формалары қабылдануы керек, оларға қандай принцип таяныш болу керек деген мәселелер айқындалуы шарт болады” (1-том, 14).

Алайда аталған еңбекте *лұғат*, *лұғаттық тізім*, *реестр* терминдерін де кездестіруге болады: “...Оның үстіне, қазақ сөзіне әлі күнге дейін толық санақ жүргізілмегендігін, лұғатқа енгізілетін сөздердің алынған арналары мен қамтитын уақыт аумағының аясы әлі айқындалмағанын ұмытпасқа тиіспіз...” (1-том, 13), “Түсіндірме сөздіктің *лұғаттық тізіміне* қатысты қиыншылықтар...” (10-том, 506), “...түбір (*біл*) неге лұғаттық мақалаға тірек болуға жарамай, оның қимыл атау формасы – *білу* сөзі *реестрге* алынады?” (1-том, 15).

Байқалғандай, бір автор (А. Ысқақов) бір мақаланың ішінде *сөзтізбе* ұғымында үш түрлі термин қолданып отыр.

І. Кеңесбаев пен Т. Жанұзақовтың “Тіл білімі терминдерінің орысша-қазақша сөздігінде” [Кеңесбаев, Жанұзақов 1966, 152] орыс тіліндегі *словник* атауына балама термин ретінде *сөздікше* қолданылған еді.

Дегенмен, қазақ лексикографиясында 1970-жылдардан бастап негізгі термин ретінде *сөзтізбенің* орныға бастағаны ақиқат. Профессор А. С. Аманжолов құрастырған “Қазақша-орысша лингвистикалық терминология сөздігінде” (1997) де термин ретінде *сөзтізбе* беріледі.

Аталмыш термин лексикографияның теориясында сөздік метатілінің ең негізгі элементтерінің бірінен саналады. Лексикография терминдері бойынша С. С. Никитина құрастырған тезаурустың негізінде [Никитина 1987, 105] сөзтізбеге “сөздіктің сол бөлігінде орналасқан, атқаратын қызметі сипаттама жасалатын лексикалық материалды әліпбилік тәртіппен реттелген түрде беру болып табылатын вокабулалардың тізбесі” түрінде анықтама беруге болады. Алайда сөзтізбенің тек қана әліпбилік емес, кері әліпбилік, тақырыптық, т.б. ретте берілетін түрлерінің болатындығын ескерген жөн.

Лексикографиялық терминологияны зерттеген А.Е.Карпович сөзтізбеге “сөздікте қарастырылатын күллі вокабулалардың тізбесі” – деген анықтама береді [Карпович 1977, 206].

Терминге үйренім лексикографиясы (учебная лексикография) тұрғысынан берілетін анықтама мынадай: “Сөзтізбе деп, біріншіден, лексикографиялық түсіндірме жасалатын тілдік бірліктердің (сөздердің, фразеологизмдердің, морфемалардың т.б.) әліпби бойынша жүйеленген тізбесін, екіншіден, сөздіктегі барлық атау сөздердің жиынтығын айтамыз [Морковкин 1990, 41].

Сонымен, сөзтізбенің екі мағынада: а) *сөздіктегі вокабулалардың әліпби бойынша жүйеленген тізбесі*; ө) *сөздіктегі сөздік тұлғалардың жиынтығы қолданылатынын байқауға болады.*

### 1.3.2. Сөздік бірімдері

*(вокабула, сөздік тұлға, негізгі сөздік тұлға, лемма)*

Орыс лексикографиясында ұзақ жылдар бойы вокабула, атау сөз (заголовочное слово), сөздік тұлға (заголовочная единица) және сөздік бірімі (словарная единица, dictionary unit), терминдері арасында айқын айырма болмай келді. Бұлардың алғашқы үшеуінің айырым белгілерін анықтаған ғалым – А.Е.Карпович болса, орыс тіліндегі лексикография терминдерінің жүйесіне *словарная единица* терминін енгізген – С.Е.Никитина. Бұл жоғарыда аталғандардың ішіндегі ең кең ұғымды білдіретін, сөздікте қаралатын бірімдердің бәрін (сол және оң жақтағы) қамтитын термин. Бір тілді және аударма сөздіктердің барлық түрлерінде кездеседі.

Тезаурус бойынша анықтамасы: *сөздік мақала құрамында: а) вокабула, сөздік тұлға, ө) морфема, фразеологизм, синтаксистік құрылым түрінде сипатталатын тілдік бірліктердің жалпы атауы.*

Бұл анықтамадағы кемшілік – морфема, фразеологизм, синтаксистік құрылым терминдерінің *сөздік тұлғамен* бірдей деңгейде қарастырылуы. Шындығында бұлар сөздік тұлғаның жекелеген түрлері.

*Вокабула* (вокабула, *vocable*) терминінің тезаурус бойынша анықтамасы: *сөзтізбе құрамында негізгі сөздік тұлғада берілетін, анықтама нысаны болып табылатын сөздік бірімі.*

Бұл термин қазақ лексикографиясында 1970-80 жылдары, он томдық түсіндірме сөздікті құрастыру кезеңінде *қара сөз* түрінде қолданылып келді. Ол кезеңде аталмыш термин орыс тілінде де “*черное*” *слово* аталатын еді. Бірақ, іс жүзінде “қара сөз” мәніндегі бұл терминді *атау сөз* (заглавное слово, заголовочное слово), *сөздік тұлға* (заголовочная единица), *реестр сөз* (реестровое слово) ретінде қабылдаушылық та болды. Қазіргі қазақ лексикографиясында осындай мағынада қолданушылық басым : “*вокабула* — лексикология мен лексикографияның зерттейтін объектісі ретінде қаралатын жеке сөз; сөздік мақаланың басқы сөзі” (*Тіл білімі сөздігі, 1998, 66*).

О.С.Ахманованың “Лингвистикалық терминдер сөздігінде” орыс тіліндегі *заголовочное слово* терминінің ағылшын тіліндегі баламасы ретінде *vocable* тұлғасы беріледі. Алайда бұл қолданыс ескірді. Қазіргі кезде бұл орында *head word* термині қолданылады.

Орыс тіліндегі лексикографиялық терминдерді арнайы зерттеген А.Е.Карпович вокабуланы сөздіктегі барлық қара сөздердің атауы ретінде пайдалануды жақтайды : “Әрбір атау сөз вокабула да болып саналады. Ал вокабула терминінің ұғымы кеңірек. Вокабула ретінде атау сөздерді ғана емес, олармен бірге жеке сөздік мақалаға алынбаған туынды сөздерді де атауды ұсынамыз” [Карпович 1977, 206]. Біз осы көзқарасты қолдаймыз.

*Атау сөз (заголовочное слово)* және *вокабула* терминдерінің жеке сөздік ұғымы айқын білініп тұрады. Осыны байқаған С.Е.Никитина мен В.В.Морковкин аталған екі терминге қосымша тағы бір терминді — сөздіктегі біріндердің (сөз, морфема, синтаксистік құрылым, фразеологизм, т.б.) бәрінде түгел қамтитын *заголовочная единица* терминін ұсынады. Біздің ойымызша бұл дұрыс ұсыныс. Себебі сөздіктердің алуан түрі болады. Мәселен, сөздік мақаланың басқы сөзі жеке әріп немесе әртүрлі символдық таңбалар болуы мүмкін. Сонда оларды *атау сөз* дегеніміз қалай болады?

Әрине, сөздік тұлға жеке сөз түрінде берілген жағдайда *атау сөз* терминін қолданудың дұрыс болары сөзсіз. Ал басқы сөз сөздік бірлік болмаған кездегі жағдай сәл өзгеше болмақ.

Бұл жерде мәселе сөз ұғымына байланудан, осы ұғымнан шыға алмаушылықтан, орысша айтқанда “словоцентризмнен” туындап отыр. Еуропадан таралған дәстүрлі тіл білімінде сөз — ең негізгі, басты бірлік болып саналады. Сондықтан сөздік мақаланың басқы сөзінің жалпы атауын білдіретін термин таңдау кезінде дәстүрді де сақтай отырып (сөз ұғымынан да тым алшақ кетпей), сөздіктің жаңа түрлерінің қажетін өтеуге жарарлықтай атауды ойластырған жөн деп ойлаймыз. Өз тарапымыздан *сөздік тұлға* атауын ұсынамыз. *Сөздік тұлға* жалпы атау болғандықтан, оны түрлі сөздіктердегі атау сөз ретінде берілетін аббревиатуралардың, жұрнақтардың, сөздердің, сөз тіркестерінің, фразалардың, т.б. бірліктердің бәріне ортақ атау ретінде ұсынамыз.

Сөздік тұлға жеке сөз түрінде болған жағдайда *атау сөз* терминін қолдануға әбден болады деп ойлаймыз.

Негізгі сөздік тұлғаның (основная словарная форма, main entry word/ form of head-word) тезаурус бойынша анықтамасы: *сөздік бірімі, вокабула түрінде, сөздіктің сол жағында орналасқан сөздік тұлға.*

Бұл термин сөздік бірімдердің категориялық белгісін білдіретін негізгі тұлғаны көрсетеді. Сол себепті тезаурустағы анықтама сәтті шыққан деп айта алмаймыз.

А.Е.Карпович негізгі сөздік тұлғаға: “сөздік мақаладағы белгілі бір сөз табына жататын бірліктер үшін дәстүрлі түрде таңдалып алынатын грамматикалық тұлға” түрінде анықтама береді. Біз осы пікірді қостаймыз.

Қазақ тілінің екі томдық түсіндірме сөздігінің кіріспесінде: “...Осындай екі-үш түрде айтылатын сөздің әдеби тілде көбірек кездесетін вариантын *негізгі реестр сөз* етіп алдық” деген жолдар кездеседі. Бұл жерде *негізгі сөздік тұлға* туралы сөз болып отырғаны анық. Көп томдық түсіндірме сөздіктің бірінші томындағы кіріспеде: “...қазақ тілінде сөз тудырудың амал-тәсілдері де, олардың қалыптасқан түр-түрлері де аса мол болуына байланысты олардың қандай түрлерін *лұғаттық* мақалаға тірек сөз я тірек форма ету жайындағы мәселе — қазақ лексикографиясының тәжірибесінде түбегейлі анықталмаған мәселе” деген сөйлем кездеседі [Ысқақов 1974, 15]. Осындағы *лұғаттық мақалаға тірек сөз*, *тұлға* туралы сөз болып отырғаны белгілі.

Аталмыш мәселе үш түрлі өлшем тұрғысынан қарастырылады: біріншіден, негізгі сөздік тұлға ретінде ең “контекске байлаусыз, сөйлемнен тысқары да қолданылу мүмкіншілігі мол тұлға таңдалып алынуы мүмкін. Екіншіден, бұл мәселені таза морфологиялық жағынан да қарастыруға болады. Ол үшін негізгі сөздік тұлға фонетикалық, грамматикалық, лексикалық тұрғыдан ешқандай туынды көрсеткіші болмайтын бастапқы нөлдік тұлға болу керек. Үшіншіден, мәселеге тұлғаның қолданылу жиілігі тұрғысынан қарауға болады. Яғни сөздікке ең жиі қолданылатын тұлға алынуы қажет” [Берков 1973, 27-28].

Негізгі сөздік тұлға боларлық форма таңдауда қандай өлшемдердің негізге алынуы қажет деген мәселені тілдің грамматикалық құрылысындағы ерекшеліктерді ескере отырып шешу қажет.

Ондай тұлғаның тілдегі дәстүр бойынша белгіленетін кездері де болады. Мәселен түркі тілдеріндегі етістіктердің негізгі сөздік тұлғасына назар салар болсақ, қырғыз, алтай, чуваш тілдерінде бұйрық райлы түбір етістіктер (*жаз-*, *ал-*, *бар-*), ал түрік, өзбек, ұйғыр тілдерінде — *мақ* тұлғалы етістіктер, хақас тілінде *етістіктің барыс жалғаулы түрі* қолданылады екен.

Қазақ лексикографиясының тарихына көз жүгіртер болсақ, Ю.Клапрот (1825), Е.Букин (1883), И.Лаптев (1900) сөздіктерінен *-мақ* тұлғасын, Н.И.Ильминский (1861) сөздігі мен “Қазақша — орысша сөздікте” (1897) *бұйрық райлы* тұлғаны, Т.Бокин сөздігінде (1913) *етістіктің I және III жас* тұлғаларын көреміз. Сөздіктердің біразында *тұйық етістік* тұлғасын байқауға болады. Жекелеген хрестоматиялар мен орысша — қазақша сөздіктерде *-ар/-ер*, *-уға/-уге* тұлғалары кездеседі. Бұл кездейсоқ құбылыс емес. Қазақ тілінде, шынында да, осы аталған тұлғалардың барлығы да кездеседі.

Ұлы Абайдың өлеңдері мен қарасөздерінде — *мақ* тұлғасының (...Жаздым үлгі жастарға бермек үшін), Махамбет өлеңдерінде *-ар/-ер*, *-арға/-ерге*, *-уға* тұлғалы етістіктердің қолданысы жиі байқалады.

Қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігінде етістіктер *бұйрық рай* тұлғасында берілген. Осы шешімді дұрыс деп ойлаймыз. Себебі бұл контекске байлаусыз, нөлдік тұлға.



Сөздікте етістіктің тұйық райлы тұлғасы да міндетті түрде берілу керек. Себебі ол қимыл атауының көрсеткіші.

Сөздік мақалада сипатталатын сөздік бірліктің тұлғасы, тілдік жүйедегі орны мен қызметі нұсқалатын бөлік *лемма* деп аталады [Zgusta 1971, 249]. Леммаға сөздік тұлға, оның грамматикалық, стилдік, этимологиялық сипаттамасы кіреді.

### 1.3.3. Сөздік мақала, сөздік ұя ұғымдары

*Сөздік мақала* (словарная статья, entry) термині қазақ лексикографиясында 1970 – жылдардан бері қолданылып келеді.

Көп томдық түсіндірме сөздіктің бірінші томындағы кіріспеде, сөздіктің инструкциясында сөздік мақаланың құрылымы сөз болады. Алайда көп томдықтың алғашқы және соңғы томдарында осы терминмен жарыстырыла *лұғаттық мақала* терминін қолдану (профессор А.Ысқақов) да байқалады. Жоғарыда *сөздік* (1.2.2.) пен *сөзтізбеге* (1.3.1.) қатысты *лұғат*, *лұғаттық*, *тізім* терминдері болғандығын байқаған едік. Сөзтізбе мағынасындағы *лұғат* терминін Ә.Болғанбаев пен Ғ.Қалиев те қолданады. Демек, бұл терминдер де жүйелі түрде қолданылып отыр. *Лұғаттық мақала* термині профессор А.С.Аманжоловтың лингвистикалық терминдер сөздігінде де кездеседі.

Қазіргі араб тіліндегі *сөздік*, *сөзтізбе* ұғымдары басқаша аталғанымен, *лұғат* сөзінің сөз ұғымын білдіретін екінші мағынасында *лұғат ілімі* (Тіл білімі, лексикология), *лұғат кітабы* (сөздік) тіркестері кездеседі. Ортағасырлық араб тілінде *лұғат* сөзі сөздік ұғымында қолданылғаны да белгілі. Ортағасырлық түркіде де аталмыш сөзқолданым дәстүрі болды. Алайда ескі дәстүрдегі терминге қайта оралу үнемі сәтті бола бермейді. Терминжасамдағы жүйелілік тұрғысынан *сөздік*, *сөзтізбе*, *сөздік мақала* терминдері сәтті жасалған деген ойдамыз. Дегенмен, *лұғаттық мақала* терминін қолдану теріс деп айта алмаймыз.

Тезаурус бойынша анықтамасы: *нысаны тілдік бірліктің сипаттамасы болып табылатын сөздік бірімінен, семантикалық түсіндірмеден, лексика-стилистикалық белгісөздерден, дәйектеме материалдан, сілтеме, түсініктеме, анықтамалардан құралған шартты түрде дербес бөлік.*

Үйренім лексикографиясы тұрғысынан сөздік мақалаға төмендегідей анықтама беріледі: *сөздік мақала – түсіндірмелі сөздік пен бірқатар көрсетпелі (демонстрирующие) сөздік типтерінің сөздік тұлға мен оның сипаттамасынан тұратын негізгі құрылымдық бірлігі* [Морковкин 1990, 41].

А.Е.Карповичтің пікірі бойынша *түсіндірме сөздіктің сөздік мақаласы – сөздікте сөздік тұлғамен басталып, сол сөздік тұлға мен туынды құрамды вокабулаларға жан-жақты тілдік сипаттама жасалуын қамтамасыз ететін шартты түрде дербес бөлік* [Карпович 1977, 207]. Біз осы пікірді қолдаймыз.

*Сөздік ұя* (гнездо словарное, morphological family of words, presented in one dictionary entry) термині О.С.Ахманованың сөздігінде: *бір сөздік мақала түрінде берілген морфологиялық тұрғыдан біріккен сөздердің тобы* түрінде беріледі [Ахманова 1966, 109].

А.Е.Карпович сөздік ұяға “вокабулалардың арасындағы туындылық қатынастарды көрсету мақсатымен лексикографтар тарапынан түзілетін сөздік мақаланың бір типі” – деген анықтама береді [Карпович 1977, 207].

Ұялық принципте вокабулалар морфологиялық және синтаксистік тұрғыдан, яғни сөзжасамдық байланыстың негізінде, сондай-ақ лексикалық белгілердің негізінде топталуы мүмкін. Лексикалық белгілерге сөздік бірліктер арасындағы жүйелі тек-түрлік байланыстар, яғни семантикалық байланыстар жатады.

Қазақ лексикографиясының тарихында сөздік мақалаларды ұялық принципке негіздеп түзу екі тілді сөздіктердің бірқатарында болғандығын байқаймыз. Мәселен Н.И.Ильминский мен оның шәкірттері даярлаған “Қазақша – орысша сөздік” басылымдары осындай: *Қара* (қарай, қарайған, қарала, қарауыт, қарайла, қаран, қарас, қарасу, қарат, су қарағы, қарауыл, қарауылда, қарауылшы, қарашық, қарауыш, қарашыл, қарама-қарсы) – [Қазақша – орысша сөздік 1897, 105-106].

Терминнің лексикографиялық тезаурустағы анықтамасы сәтті шыққан деп ойлаймыз: *ұялық тәсіл негізінде құралған, басты нысаны – морфологиялық немесе семантикалық тұрғыдан туынды, өзара байлаулы элементтер болып табылатын, атау сөзден және морфологиялық тұрғыдан туынды, семантикалық жағынан байлаулы сөздерден құралған сөздік мақала түрі.*

### 1.3.4. Дефиниция. Түсіндірме. Анықтама

Лексикография теориясында бір тілді сөздіктегі сөздік бірліктердің мағыналарына қысқаша ғылыми анықтама (дефиниция) беру немесе толық түсіндірме жасаудың жолдары мен әдіс-тәсілдері күн тәртібіне бірден қойылған жоқ.

Алайда, академик Л.В.Щерба сөздіктегі дефиницияны әуел бастан-ақ өте-мөте өзекті мәселе санаған еді. Ғалым “сөздіктегі фонетикалық тұлғалы әрбір сөзден кейін онымен байланысты ұғымдардың толық әрі дәлме-дәл тізбесі берілуі керек. Әрине, шындығында, бұл өте-мөте нәзік тілдік түйсікті талап ететін іс” деген болса [Щерба 1940,102], 1966 жылы В.В.Виноградов орыс тілінің 17 томдық академиялық сөздігі туралы сөз ете отырып, “сөздің мағынасына түсіндірме жасау принциптері туралы мәселені кең талқыға салудың еш мәнісі жоқ. Себебі семантиканың бұл саласында әлі күнге дейін жалпылама мақұлданған, айтарлықтай маңызды ештеңе жасалған жоқ” – дейді [Виноградов 1966, 25].

Қазақ тілінің екі томдық түсіндірме сөздігіндегі *түсіндірме* сөзінің мағынасы: “өзінің ойын немесе айтайын деген пікірін біреуге анық-ашық етіп айтып беру”. Яғни бұл жерде сөздің жалпылама тілдік қолданымдағы мағынасы берілген.

Көп томдық түсіндірме сөздікте аталмыш сөзге бірінші мағынада “бір нәрсенің мән-мағынасын ашатын сипаттама” түрінде түсінік беріліп, сөздік мақаланың соңында *түсіндірме сөздік* тіркесі анықталады: *сөздің және сөз тіркестерінің мағынасын ашып, саралайтын лұғат* (9-том, 348).

Сөздіктегі анықтамаларға өте жоғары талап қойылып, оларда дәстүрлі тілдік, ақпараттық, ғылыми, дидактикалық, инженерлік шешімдердің жүзеге асырылуын күтіп отырған қазіргі кезеңде мәселені осы аталған қырларынан да қарастыруға тырысу қажет болып отыр. Сол себепті сөздік бірліктерге берілетін *анықтама, дефиниция, түсіндірме* ұғымдарын қазіргі тіл біліміндегі лексикографияның теориясы мен практикасына тікелей қатысты басқа да түрлі салалар тұрғысынан сөз етуді жөн көріп отырмыз.

Қазіргі лексикографияға қойылатын талаптар тұрғысынан қарастыратын болсақ, бір тілді түсіндірме сөздік — әрі анықтамалық құрал, әрі дидактикалық құрал, әрі ғылыми зерттеу құралы болуы керек.

Белгілі ғалым В.В.Морковкин сөздік бірліктің семантикасын ашу операциясын атаушы және ол операцияның нәтижесін атаушы терминдер ретінде *анықтама*, *түсіндірме* және *дефиниция* терминдерін пайдаланады. Ғалымның пікірі бойынша: *анықтама* — сөздік бірліктің абсолюттік құндылығына қатысты белгісіздікті жәй немесе күрделі сөз тіркесі көмегімен жою; сондай-ақ, осы сөз тіркесін қамтитын мәтін бөлігі. [Бұл жерде “абсолютті құндылық” деп ғалым денотативті мағынаны құрайтын денотат туралы деректердің жиынтығын айтып отыр — М.М.]

*Түсіндірме* — сөздік бірліктің абсолюттік құндылығына қатысты белгісіздікті басқа сөздердің (синонимдердің, антонимдердің) немесе сөз тіркестерінің (жай, күрделі) көмегімен жою; сондай-ақ, осы сөздер мен сөз тіркестерін қамтитын мәтін бөлігі. [Бұл жерде анықтама мен түсіндірменің айырмашылығы — түсіндірмеде басқа сөздердің (синонимдер, антонимдер) қатысатындығында ғана болып отыр — М.М.]

*Дефиниция* — сөздік бірліктің абсолютті құндылығына қатысты белгісіздікті логикалық анықтамаларға қойылатын талаптарға сәйкес орындалған сөз тіркестері (әдетте күрделі сөз тіркестері) көмегімен жою; сондай-ақ, осы сөз тіркестерінен құралған мәтіннің бөлшегі [Морковкин 1990, 44-45].

Мәселені айқындай түсу мақсатымен ғалымның түсіндірме, энциклопедиялық және терминологиялық сөздіктерге ортақ бірлік — терминге қатысты пікірін де келтіре кетелік. Сөз болып отырған зерттеуде терминдер өзінің жазылымы, айтылымы, морфемалық құрамы, сөзжасамдық құрылымы, семантикалық құрылымы, тіркесімділік қабілеті, т.б. тілдік сипаттамаларға ие лексикалық бірлік ретінде қарастырылады. Ғалым тарминнің әрі ғылыми ұғымдар әлеміне, әрі сөздер әлеміне ортақ екендігін айта келіп, оған мынадай анықтама береді: “Арнаулы білім саласының ұғымдық тезаурусында өзінің белгіленген орны және осы тезаурустық орынды сипаттайтын дефинициясы бар лексикалық бірлік” [Морковкин 1990, 30].

Жоғарыдағы *анықтама*, *түсіндірме*, *дефиниция* терминдеріне үйренім лексикографиясы тұрғысынан берілген анықтамаларда сөздік бірліктерге берілетін анықтаманың алғашқы бөлігі —

атауыштық қызметін атқаратын, денотат туралы басты деректер берілетін бөлік туралы ғана сөз болады. Сөздік бірліктің семантикалық құрылымын ашуға қызмет ететін анықтамадан, түсіндірмеден, дефинициядан да басқа қосалқы элементтер – түсініктемелер, суреттер, елтанымдық, энциклопедиялық деректер, дәйектеме материалдар, яғни сөздік мақаланың екінші бөлігі қарастырылмайды.

Жоғарыда сөз болғандай, терминдер де тілдік жүйеге кіретін лексикалық бірлік болғандықтан, олар түсіндірме сөздіктерде міндетті түрде берілуі қажет. Берілгенде салалық ұғым тезаурусындағы дефинициясымен берілуі керек. Бірақ оны таза салалық анықтама түрінде беруге болмайды. Біздің ойымызша, *дефиницияны энциклопедиялық анықтама түрінде берген жөн*. Бұл өткен ғасырдағы кеңестік лексикографияда орын алған лексикографиялық аппроксимация тәсілінен құтқармақ.

Осы зерттеуде ғалым *түсіндірме* терминінің филологиялық сөздіктерге, *дефиницияның* энциклопедиялық сөздіктерге тән болатындығын, ал *анықтама* терминінің осылардың екеуіне де қатысты қолданылатынын, бірақ көбінесе бұл үш терминнің ара жігі ажыратылмай қолданыла беретіндігін жазады.

Д.И.Арбатский де өзінің “Толкование значений слов. Семантические определения” атты еңбегінде *түсіндірме*, *семантикалық анықтама*, *дефиниция* терминдерінің арасын ажыратуды мақсат етіп қоймайды. Үшеуі де бірінің орнына бірі қолданыла алатын абсолютті синоним ретінде көрінеді.

Д. И. Арбатский: “ Семантикалық анықтамаларды тек сөздерге ғана қатысты, ал заттық дүниеге қатысты емес деп, оны энциклопедиялық анықтамаларға қарсы қоюшылық бар. Шындығында семантикалық анықтамалар сөздерді заттардан бөлектеу, ажырату үшін емес, керісінше, сөздер мен заттарды, тіл мен нақты (реалды) дүниені байланыстыру үшін қызмет етеді. Себебі сөздер – объективті дүниедегі заттар мен құбылыстардың атаулары: “*Бұл – тек атауды анықтау емес, сонымен бірге аталатын затты анықтау; сөзден затты бөліп әкету емес, сөзді затқа кигізу*” – деген терең де көреген қорытынды жасайды [Арбатский 1977, 6-7]. Кеңестік тіл білімі дәуірінде ғалымның осы пікіріне терең бойлап барудың байқалмағаны белгілі.

Ғалым: “Сөздіктердің бұл екі типінің аралары тым белгісіз, жылжыңқы. Ғылымның дамуы жаңа, арнаулы энциклопедиялық анықтамаларды тудырып отыр, екінші жағынан, ғылым мен білімнің жалпы деңгейінің көтерілуіне байланысты семантикалық анықтамалар нысандардың анағұрлым кең, көп салаларын, соның ішінде арнаулы нысандарды да қамтуда. *Бір мезгілде әрі энциклопедиялық, әрі семантикалық қызметті тең дәрежеде атқаратын анықтамалар саны жүйелі түрде (систематически-М.М.) өсуде, ұлғаюда.* Демек, семантикалық анықтамаларды жасау кезінде, олардың энциклопедиялық анықтамалардан өзгешілігі ғана емес, ұқсастықтарын да ескеру қажет болып отыр” - деп қорытады [Арбатский 1977, 13].

Ғалым сөздің лексикалық мағынасына кіретін конструктивті семантикалық белгілерді (нәрсенің атқаратын қызметі, яғни функциясы; нәрсенің құрылымы мен құрамы; іс — қимыл, операция; қалып (жағдай, күй), орын, кеңістік; нәрсенің шығу немесе жасалу тәсілі; барлық пен тірліктегі уақыт; себеп, салдар, шарт; іс — қимылдың мақсаты; нәрсенің түрі мен түсі; көлемі, тұрқы; іс — қимылдың тәсілі; салмақ; дәм; температура, иіс, дыбыс, т.б.) жеке — жеке қарастырып, соларды пайдалана отырып шын мәніндегі ғылыми дефинициялар құрудың жолдарын, тәсілдерін талдайды, үлгілерін ұсынады.

Демек, ғалымның ғылыми дефиниция мен филологиялық сипаттамалы түсіндірме арасын жақындастыруға тырысуы, қарқындап өсіп бара жатқан, бір-біріне ұласып, бірігіп, кірігіп бара жатқан қазіргі ғылымның талабын ескеруге тырысуы айқын байқалады.

XIX- XX ғасырларда еуропа елдерінде сөздіктің екі типін ұластыру нәтижесінде жасалған түсіндірмелі-энциклопедиялық сөздіктер тәжірибесі уақыт өткен сайын осы жолдың дұрыстығына көз жеткізіп келеді.

Алайда Кеңес үкіметі тұсындағы Тіл білімінде филологиялық және энциклопедиялық сөздіктерді ұластыру жолының орнына оларды бөлек — бөлек қарастыру, ажырата түсу, жеке-жеке даму жолына түсіру бағыты үстем болды. Лексикографияның теориялық және тәжірибелік мәселелерімен айналысқан ғалымдардың көпшілігі осы көзқараста

болды. Жоғарыда еңбегі сөз болған Д.И.Арбатскийдің өзі осы көзқарастан толық арыла алмады.

Түркі тілдерінің түсіндірме сөздіктерін зерттеумен айналысқан көрнекті ғалым Ж. М. Гузеев те осы көзқараста болды. Ол өзінің еңбегінде энциклопедиялық сөздіктерді филологиялық сөздіктерге қарсы қоюды енгізген Л.В.Щерба болғандығына, қарама-қарсылықтың екі сөздіктегі сипаттама және түсіндірме нысандарына қатысты екендігіне тоқталады.

Ғалым осы көзқарастың негізінде энциклопедиялық сөздіктегі сипаттама нысаны — ғылыми ұғым да, филологиялық сипаттама нысаны — тілдік мағына, термин сөздің ғылыми тілдегі мағынасы мен әдеби тілдегі мағынасы сәйкес келмейді. Сондықтан ғылыми тілде ғылыми ұғым ашылатын болса, жалпы тілде — күнделікті қолданылатын ұғым ашылады — деген қорытынды жасайды. Энциклопедиялық түсіндірме мен филологиялық түсіндірмені айырып қарастырудың барлығын жазады. Автордың Л.В.Щерба көзқарастарын теріске шығармайтындығы байқалады. Ал зерттеудің одан арғы барысы автордың сол көзқарасты ұстанатындығын дәлелдейді.

Ғалым семантикалық анықтамалардың тіл — зат — ұғым атауларын түгел қамтитындығы туралы Д.И.Арбатскийдің керемет ойын қайталап бере отырып, семантикалық және энциклопедиялық түсіндірмелердің мақсаттары басқа болғанымен, олардың нысандарының негізінен сәйкес келетіндігін, анықтамалардың екеуінде де бірдей заттар мен құбылыстардың қарастырылатынын, түсіндірменің екі түрінің нысанға қатысты айырмасы қайсысында қандай нысан түрлерінің басымырақ қолданылатындығына, ...анықталатын заттар туралы берілетін нақты деректердің санына ғана байланысты екендігін жазады [Гузеев 1985, 115].

Сөйте тұра, “алайда, олардың нысандары арасында өзгешелік те бар. Энциклопедиялық түсіндірмелерде көпшілікке таныстығы аз, таза танымдық тұрғыдан қарастырылатын, арнайы зерттеу нысаны болып табылатын заттар мен құбылыстар (астрономиялық, географиялық, тарихи нысандар мен оқиғалар) қарастырылады. Семантикалық анықтамаларда көпшілікке кеңінен танымал, түсініктемені ғана қажет ететін сөздер мен терминдер қарастырылады” — дейді [Гузеев 1985, 115].

Автор әуелі *семантикалық анықтама* терминін қолданса, кейін *семантикалық түсіндірме* терминін қолдана бастайды. Және екеуін де филологиялық сөздікке қатысты қолданады. Сонда, біріншіден, “энциклопедиялық сөздіктер мен терминологиялық сөздіктердегі анықтамалардың семантикаға қатысы жоқ па, семантика тек қана түсіндірме сөздіктің еншісі ме, тіл бойынша шығып жатқан энциклопедиялық сөздіктердегі анықтамалардың “механизмін” қалай түсіндіруге болады”, екіншіден, солай болған күнде де “түсіндірме сөздіктегі сөздің терминдік мағынасын ашуда семантиканың қызметі қандай” деген тәрізді заңды сұрақтар туындайды.

Автор еңбекте заттың қай белгілерінің маңызды екендігін анықтаудың қиын екендігін айта отырып, Ф.П.Сороколетовтың “терминге анықтама беруге қажетті, әрі жеткілікті болатын белгілер минимумын іздестіру — филологиялық сөздіктер үшін ең қиын да күрделі міндеттердің бірі екендігіне тоқталады.

Осы орайда ғылыми дефиницияның өзі де басты белгілердің минимумы болып табылатындығын еске салғымыз келеді.

Ғалым терминнің анықтамасын әдеби тілге “аудару” керектігін, терминнің түсіндірмесі, оның мазмұны маман емес адамдарға да түсінікті болатындай қалыпта жасалуы керектігін жазады. Қысқасы, бір кездегі жалпылама сауат ашу (всеобуч) науқанындай, терминді жұрттың бәріне түсінікті болатындай етіп “шайнап” беру қажет тәрізді.

Ғалым филологиялық және терминологиялық сөздіктердегі түсіндірмелердің ғылыми болуы, бірақ, энциклопедиялық болмауы керектігін жазады. Алайда, филологиялық сөздікте энциклопедизм элементтері болуы керек...[Гузеев 1985, 115-119] деген қайшылықты ойлар айтады.

Іс жүзінде, В.П.Берковтың жазғандай, бұл жердегі қайшылық түсіндірме және энциклопедиялық сөздіктердің анықтамалары арасындағы өзгешеліктер туралы Л.В.Щербаның айтқан ойын дұрыс түсінбеушіліктен туындап отыр.

Қандай да бір сөздің мағынасын түсіндірме сөздікте көрсету — ол сөзбен таңбаланып отырған ұғымның басты белгілерін — сөздің лексикалық мағынасын — *мазмұнды*



*ұғымның формалды дубликатын* көрсету деген сөз. Бұл жөнінде еңбектің III- тарауында кеңірек сөз болмақшы.

Энциклопедиялық сөздікте ұғымның басқа белгілері де (екінші дәрежелі белгілері=коннотациялар) көрсетіледі. Демек, көптеген зерттеушілер айтып жүрген “энциклопедиялық сөздіктің анықтамалары затты білдіреді” деген пікір – қате пікір. В.П.Берковтың жазуы бойынша, затты білдіретін – филологиялық және энциклопедиялық сөздіктерде берілетін суреттер. Суреттер ұғымды да, сөздің мағынасын да білдірмейді. Ол тек – затты бейнелейді. (Жоғарыда айтылған пікір филологиялық және энциклопедиялық сөздіктердің анықтамаларындағы негізгі атаулық анықтама бөлігіне қатысты. Денотаттар санамаланатын немесе сурет, сызба, кесте арқылы көрсетілетін екінші бөлікке қатысы жоқ. Қосалқы деректер, яғни коннотациялар түсіндірме сөздіктерде де берілу керек. Себебі кезкелген сөздік бірліктің ұлттық дүниетанымда өз орны болады. Оны бірлікке берілетін анықтамада толық көрсету мүмкін емес – М.М.)

Дегенмен, шынтуайтқа келгенде, ғалым Ф.П.Сороколетовтің: “Түсіндірме сөздіктегі атауларға, әсіресе терминдерге анықтама беруде сөздікшілердің сол саладағы мамандардың пікірін ескеруі қажет. Себебі, филологиялық сөздіктердің міндеттері қаншалықты өзгеше болғанымен, олар терминге арнаулы салалардағы түсініктен өзгеше сипаттама бере алмайды” [Сороколетов 1981, 250-251] деген және С.Г.Бархударовтың: “алайда, термин арқылы ашылатын ұғымға берілген түсіндірмедегі негізгі атауыштық (номинативті) анықтама (дефиницияны айтып отыр – М. М.) сөздіктің екі типінде де бір-біріне сәйкес келуі қажет” [Бархударов 1976, 8] деген пікіріне жеткілікті мән бермеген.

Ж.М.Гузеев *дефиниция, анықтама, түсіндірме* терминдерінің ішінен *түсіндірмені* ғана қолдануды жөн санайды. Ғалым филологиялық сөздіктегі сөздік бірлікке берілетін анықтаманың бәрін де бір түрге – сипаттамалы филологиялық түсіндірме түріне жатқызады.

Ж.М.Гузеев өз еңбегінде Д.И.Арбатскийдің сипаттамалы түсіндірменің іс жүзінде белгілі бір себептермен сөздік бірлікке тек – түрлік жүйені көрсету тәсілімен анықтама бе-

рудің қиын болған немесе орынсыз болған жағдайында ғана қолданылатындығы туралы ескертпесін ескермеген.

Түсіндірме және энциклопедиялық сөздіктегі қосалқы деректердің (денотаттық, коннотаттық) күнделікті қолданыста маңызы аз деу қате болуы мүмкін. Себебі энциклопедиялық сөздіктердегі зат және құбылыс, оның құрамы мен құрылымы туралы қосалқы деректердің, филологиялық сөздіктердегі тарихи – мәдени, елтанымдық маңызы бар қосалқы (коннотативті) деректердің маңызын кем көруге болмайды. Салалық энциклопедиядан алынған терминнің анықтамасын маман емес оқырманға түсінікті болтындай етіп әдеби тілге аудару және ықшамдаудың қажеттілігі туралы пікірмен де келісу қиын. Осы жерде ғылымның жекелеген ұсақ салаларына тән категориалдылықтың (категоричность), қалайда бір өзгешелік тауып, екі ұқсас құбылысты ажыратып, бөлек-бөлек көрсетуге тырысушылықтың, жалаң теория қуушылықтың зияндылығын ескерген жөн.

*Анықтама, түсіндірме, дефиниция* терминдеріне деген айырым көзқарас ғылым тілін зерттеуге арналған бірқатар еңбектерде кездеседі [Евгеньева 1963; Табанакова 1981; Никитина 1987, т.б.].

Мәселен, А.П.Евгеньеваның жазуы бойынша, сөздің мағынасын ашуда *түсіндірме* терминін қолданған дұрыс болады. Ал, *анықтама* ұғымына түсіндірме және аударма сөздіктегі сөз немесе оның мағыналары туралы берілетін барлық деректер, яғни, мағынаны ашу, грамматикалық, стилистикалық, этимологиялық түсініктемелер, қолданым ерекшеліктерін білдіретін түсініктемелер кіруі қажет.

С.Е.Никитинаның пікірін айқынырақ ашу мақсатымен тезаурустағы деректерді түгел келтіреміз:

“*Сөздіктегі дефиниция* – сөздіктегі анықтаманың нысаны терминнің мәнін ашу болып табылатын түрі. Ол нысаны жалпы әдеби тілдегі сөздердің мағынасын ашу болып табылатын түсіндірмеден өзгеше. Дефиницияның басты функциясы – сөздіктегі метатіл элементтерінің көмегімен семантикалық талдау жасау. Дефиниция қысқа, дәл, жүйелі болуы керек. Онда ақаулы шеңбер болмайды. Дефиницияның құрамында осы жүйедегі басқа терминдер болуы керек. Атаулы

сөйлем ретінде беріледі. Дефиницияда терминнің концептуалды аспектісі бейнеленеді. Термин логикадан алынған”.

“*Сөздіктегі түсіндірме* – сөздіктегі анықтаманың нысаны сөздік бірлік ретіндегі әдеби тіл сөздерінің мағынасын ашу болып табылатын бір түрі. Ол нысаны терминнің мағынасын ашу болып табылатын дефинициядан өзгешеленеді. Түсіндірменің басты функциясы – бірінші метатіл элементтерінің көмегімен лексика – семантикалық талдау жасау. Түсіндірменің басты түрлері: тек-түрлік анықтама, синонимдер мен антонимдердің көмегімен жасалатын анықтама, формалды түсіндірме. Түсіндірме атаулы сөйлем немесе жеке сөздер тізбесі түрінде беріледі”.

“*Сөздіктегі анықтама* – нысаны сөздік бірлік ретіндегі сөздер мен терминдердің мағынасын ашу болып табылатын анықтаманың бір түрі. Лексикографиялық әдебиетте дефиниция, түсіндірме терминдердің синонимі ретінде қолданылып келеді. Сөздік анықтаманың түрлері: а) түсіндірме, дефиниция; ә) номиналды анықтама, нақты заттың реалдық анықтамасы; б) тек-түрлі атаушы анықтама, генетикалық анықтама. Басты функциясы- сөздік бірліктерге бірінші дәрежелі метатіл көмегімен лексикографиялық семантикалық талдау жасау. Сөздік анықтама әдетте номинативті сөйлем түрінде беріледі. Термин логикадан алынған” [Никитина 1987, 92-95, 98-99, 107-108 бб.].

Байқалып отырғандай, ғалым сөздік анықтама ұғымын түсіндірме мен дефинициядан кеңірек көлемде ұғынады. Анықтама құрамына түсіндірмені, дефиницияны және бір-қатар нақты анықтама түрлерін енгізеді.

Ғалым В.В.Морковкин тәрізді “түсіндірме – түсіндірме сөздіктер үшін”, “дефиниция – энциклопедиялық сөздік үшін” деген көзқарасты жақтамайды. Екі сөздіктің арасында принциптік тұрғыдан көп айырмашылықтың жоқтығына тоқталады. Аталмыш екі сөздіктің арасындағы өзгешеліктердің көпшілігінің жоққа шығарылғанын [Нейман 1980] еске сала отырып, қазіргі лексикографиялық тәжірибеде *дефиниция* мен *анықтама* сөздерін негізгі термин ретінде қараудың орын алып отырғанын жазады [Никитина 1987, 91].

Дефиницияның тек қана терминдердің мағынасын ашуға қолданылатыны туралы қорытындыға ғалым тезаурус түзудің талаптары тұрғысынан келіп отыр деп ойлаймыз. Осы

жерде В.В.Морковкиннің өз докторлық еңбегіндегі терминнің табиғатына қатысты жазған пікірі еске түседі. Ғалым терминдердің екі түрлі статусқа ие екендігін жазады. Логос ретінде ол халықаралық терминологиялық мазмұнға ие болатын болса, лексис ретінде жеке ұлттық тілдегі лексикалық бірлік болып саналады.

А.Е.Карпович сөздіктегі жеке сөздік бірлікке түсіндірме жасау, дефиниция түзу принциптерін арнайы зерттейді [Карпович 1971; 1977].

Ғалым түсіндірме процесін белгілеу үшін *түсіндіру* (истолкование) терминін қолдануды жөн көреді. *Түсіндірме* терминімен сөздік мақаладағы вокабулаға берілетін қысқаша лексика-стистикалық және грамматикалық-функционалдық сипаттаманы атауды ұсынады.

Ғалымның пікірі бойынша, сөздіктегі түсіндірме ұғымының аясына сөз мағыналары мен реңктерін ашуға қызмет ететін *сөздік дефинициясы*, сөздің мағыналарын одан әрі айқындай түсу мақсатында қолданылатын *дәйектеме материал*, түсіндірменің құрамдас бөліктері ретіндегі *белгісөздер номенклатурасы*, (лексика – стилистикалық және грамматикалық – функционалдық белгісөздер) түгел кіреді.

Байқалып отырғандай, стилистикалық белгілер де түсіндірме элементтеріне жатқызылады. Себебі олар, бірқатар лексикологтардың пікірі бойынша, сөз мағынасы компоненттерінің бірінен саналады. Грамматикалық – функционалдық белгісөздер, сөздік мақаладағы көмекші сөздер тәрізді сөз таптары мен топтарын түсіндіру кезінде пайдаланылады.

Сонымен, А.Е.Карповичтің түсінігі бойынша, түсіндірме ұғымының құрамына мына элементтер кіреді: а) вокабуланың негізгі семантикалық сипаттамасы (дефиниция); ә) дәйектеме материал (авторлық қолданыстар, дәйектеме мысалдар, айқындаушы парафраздар, суреттер); б) қосалқы семантикалық – функционалдық сипаттамалар (лексика – стилистикалық белгісөздер) және в) қажет болған кезде дефиницияның орнына қолданылатын грамматикалық – функционалдық белгісөздер [Карпович 1977, 209].

А.Е.Карпович *дефиниция ретінде вокабуланың мағынасына берілетін негізгі семантикалық сипаттаманы құрайтын қысқаша анықтаманы* атайды.

Демек, дефиниция арқылы сөздік бірліктің ең маңызды, басты семантикалық белгілері бойынша қысқаша сипаттама жасалады. Ғалым дефиницияға сипаттамалы анықтамалармен қатар синонимдік немесе антонимдік анықтамалардың да кіретіндігін сөз етеді.

Ғалымның көзқарасы бойынша, *дефиниция* мен *түсіндірме* өзара синоним емес. Дефиниция – түсіндірменің құрамдас бөлігі, түсіндірмедегі негізгі атауыштық анықтама берілетін бөлік.

Дефиниция мен түсіндірменің айырмашылығын көрсету үшін А.Е.Карпович мынадай мысал келтіреді:

**amphibious** (əmfibiəs) adj *adapted for both land and water*. ~ *vehicles*, vehicles that can cross rivers, etc. , as well as move on land ; ~ *operations* , military operations in which land forces use amphibious vehicles when making an invasion from the sea.

Яғни **амфибия** сын. құрлық пен суға бірдей үйреншікті, қос мекенді: ~ *vehicles* өзендерде, т.б. сулы жерлерде құрлықта жүргендей жақсы қозғалатын көліктер; ~ *operations* құрлықтағы қарулы күштердің теңізден жасалатын шабуылында суда еркін қозғалатын соғыс машиналарын қолдану жолымен жүзеге асырылатын әскери операциялар. Осындағы құрлық пен суға бірдей үйреншікті, қос мекенді дефиницияға, қалғандары – түсіндірменің дефинициядан тысқары орналасқан екінші бөлігіне кіреді.

Түсіндірменің атауыштық анықтамалық бөлігін дефиниция ретінде қабылдау көптеген ғылыми еңбектерде негізделген болатын. Мәселен, түсіндірме сөздіктер мен энциклопедиялардың метатілдерін салыстыра отырып зерттеген А.И.Киселевский екі сөздік типіндегі дефинициялық бөліктің сәйкес келетіндігін, екеуінің арасында принциптік айырманың жоқ екендігін жазады [Киселевский 1977]. Бұрынғы Кеңестер одағындағы тіл білімінде түсіндірмедегі дефинициялық бөлікті өз алдына бөлек қарастыру 1980-жылдары ғана көрініс бере бастады. Белгілі бір ұғымның қысқаша ғылыми анықтамасын білдіретін дефиниция терминінің шетелдік лексикографияда бұрыннан дәстүрлі қолданыста бар екендігі белгілі. Әрине, аталмыш терминнің нысанына байланысты айқындауды қажет ететін мәселелер бар. Жоғарыда С.Е.Никитина мен В.В.Морковкин

тарапынан жасалған анықтамаларда дефиниция “тек-түрлік жүйеге негізделген таза ғылыми, терминологиялық анықтама” ретінде қаралады. Біздің ойымызша, бұл жердегі пікірлерде айтарлықтай кереғарлық жоқ. Себебі, біріншіден, қазіргі кезде сөздік бірліктердің анықтамаларына деген талап өте жоғары. Тек — түрлік жіктеме жағынан бір-біріне жақын, ұқсас ұғымдарға берілетін анықтамаларды бірөңгейлендіру мен біртектілендірудің, тілдік бірліктер арасындағы жүйелік байланыстарды ғылыми тұрғыдан неғұрлым дәл көрсетуге ұмтылудың түптің түбінде ғылыми дефиницияға алып келері анық. Екіншіден, ғылымда бұрыннан қалыптасқан “түсіндірме сөздік — энциклопедиялық сөздік” жіктемесінің болуы, соның әсерімен қалыптасқан “жалпы сөздікте — сөз мағынасының түсіндірмесі, энциклопедиялық сөздікте — ғылыми ұғымның анықтамасы” деген көзқарастың болуы, лексикография теориясына академик Л.В.Щерба енгізген “жалпы сөздік — энциклопедиялық сөздік” антитезасының болуы аталмыш ғалымдардың “жалпы (филологиялық) сөздікте — түсіндірме, энциклопедиялық сөздікте — дефиниция, екеуінде де қолданылатын — анықтама” деген пікірді ұстануына себеп болды деп ойлаймыз. Үшіншіден, анықтаманың аталған ғалымдар қарастыратын *реалдық, номиналдық, тек-түрлік, генетикалық, операциялық, рекурсивтік* түрлері лексикографияның теориялық мәселелері сөз болатын еңбектердің көпшілігінде дефиницияның түрлеріне жатқызылып жүр. Қазіргі Ресейдегі лингвистикалық әдебиетте түсіндірме және дефиниция терминдерін кең мағынада еркін қолдану байқалады. Мәселен орыс тіліндегі “Кірме сөздер сөздігінде” *дефиниция — заттың немесе құбылыстың маңызды белгілерін бейнелейтін белгілі бір ұғымның қысқаша анықтамасы: сөздің түсіндірмесі* [Современный словарь иностранных слов 1992, 193] деген анықтама берілсе, ал “Лингвистикалық энциклопедиялық сөздікте” сөздік дефинициясының (түсіндірме) логикалық (сөздің мағынасы заттың тек — түрлік ерекшелігі арқылы анықталады...) заттық (мәселен, бүтіннен бөлінген бөлшек арқылы: “Қисық — түзу емес”, сөз тудырушы формулалар (“командирлік — командир сөзінен жасалған сын есім т.б.”) түрінде

болуы мүмкін екендігі сөз болады (*Лингвистический энциклопедический словарь 1990, 463*).

Түсіндірме сөздіктердегі сөздік бірліктерге берілетін анықтамалар лексикалық бірліктің әрі ішкі құрылымын, әрі сыртқы жүйелік құрылымдағы орнын айқындауға қызмет ететін семантикалық анықтамалар болып табылатындықтан, ол анықтамалардың ғылыми сипатта болуы басты шарттардың бірінен саналады. Сол себепті сапалы жасалған түсіндірме сөздіктердегі семантикалық анықтамалар ғылыми зерттеулер көзіне айналып отыр.

А.А.Уфимцева қазіргі кезеңде лексикалық бірліктердің жүйелілігін сөздік арқылы ашу міндеті қойылып отырғандығын, әрі қолданысқа қолайлы, әрі ең объективті айғақ болғандықтан, зертеушілердің ғылыми зерттеулерде сөздіктегі анықтамаларды бастапқы семантикалық материал ретінде пайдаланып жүргендігін жазады. Ғалым лексикалық семантиканы сипаттаудың ерекше тәсілі ретінде дефиницияларды пайдаланатын “дефинициялық талдаудың” лингвистикалық зерттеу әдісі деңгейіне көтеріліп отырғандығын жазады.

Сонымен, қорыта келе айтарымыз: бірқатар лексикографиялық еңбектерде синоним ретінде қарастырылатын *түсіндірме, дефиниция, анықтама* терминдері шын мәнінде бір – біріне синоним емес.

*Дефиниция* – сөздік бірлікке берілген қысқаша анықтама. Ол *түсіндірменің* құрамына кіреді. Түсіндірме ұғымына дефинициядан да басқа лексика – стилистикалық, грамматикалық – функционалдық сипаттамалар кіреді.

*Анықтама* терминімен анықтама процесінің атауын – сөздіктегі сөздік бірлікке берілетін түсіндірмелі анықтамалардың бәрін атаған жөн тәрізді. Сөздік мақалада дефинициядан басқа да анықтамалар болған жағдайда оларды *дефинициялық анықтама* және *қосалқы семантикалық функционалдық анықтама* (Л.П.Ступин қолданған *қосалқы семантикалық – функционалды сипаттама* терминін негіз етіп алып отырмыз – М. М.) түрінде айқын ажырату қажет.

Біз *түсіндірме, дефиниция* терминдеріне қатысты мәселеде дефиницияны түсіндірменің құрамында қарастыратын А.Е.Карповичтің пікірін жөн санаймыз.

### 1.3.5. Шартты белгілер

*(белгісөз, стилдік белгі, таңба, сілтеме)*

Өткен ғасырдағы қазақ лексикографиясында кеңінен қолданылған *шартты белгі* (условный знак, conditional note) терминін қолдана беруді жөн көреміз. Себебі оның құрамына *белгісөздер* де, алуан түрлі сандар мен арнаулы таңбалар түріндегі *шартты белгі, таңбалар* да кіретін еді. Осы екеуінің жинақты ұғымын белгілеуге қолданған дұрыс деп ойлаймыз.

Сөздік тұлғаларға қойылатын этимологиялық, грамматикалық, стилдік, т.б. белгілерді *белгісөз* деп атауды жөн көріп отырмыз.

*Белгісөздің* (помета, label/marking/note) лексикографиялық тезаурус бойынша анықтамасы: *сөздік мақаланың ішінде қысқартылған жазба түрінде берілетін, негізгі қызметі сөздік бірлімнің семантикасын ашу болып табылатын сөздіктегі ақпарды жазу формасы, лексикографиялық тәсіл. Сөздік бірлімнің мағынадан басқа барлық сипаттамасы белгі арқылы беріледі. Негізгі түрлері: грамматикалық б., стилистикалық б., арнаулы б., нормативтік б.*

О.С.Ахманованың сөздігінде: *қысқартым белгілерінің белгілі бір орныққан жүйесін пайдалану, сөздер туралы әртүрлі деректер келтіру жолымен басылымның көлеміне айтарлықтай әсер етпей-ақ ақпардың көлемін кеңейтуге қызмет жасайтын лексикографиялық тәсіл.*

Аталмыш сөздікте аталатын түрлері: грамматикалық б. (grammatical note), арнаулы б. (terminological note), стилистикалық б. (stylistic marking).

Лингвистикалық энциклопедиялық сөздікте белгісөздердің атқаратын қызметі туралы: “Белгісөздер сөздердің стилистикалық деңгейін нақтылай түседі (*қарап., ауызекі, поэт., кітаб.*), сөздің экспрессивтік бояуын (*вулг., күлк.*), қолданылу жиілігін (*сирек*), функционалдық-кәсіби қолданым аясын нұсқайды, сөздің семантикалық сипатын (*ауыс.*), қазіргі тілге қатысын (*көне, жаңа*) т.б. жақтарын көрсетеді” [Лингвистический энциклопедический словарь 1990, 463] — деген сипаттама беріледі.

Өткен дәуірдегі Кеңестік тіл білімінде лексикографияның метатілдік құралдары арасында ғылыми тұрғыдан көп сөз



болып, жан-жақты талданғаны осы *белгісөздер* (ол кезде сөз болып отырған термин *шартты белгілер* құрамында қаралды. *Белгісөз* терминін өз тарапымыздан енгізіп отырмыз – М.М.).

Бұл мәселені сөздің қосалқы семантикалық-функционалдық сипатын ашатын “*қосалқы семантикалық-функционалдық белгілер*” ретінде алғаш рет көтерген ғалымдар – О.С.Ахманова мен Л.П.Ступин.

Ағылшын лексикографиясының білікті маманы Л.П.Ступиннің айтуынша, сөздің семантикалық ерекшелігін, функционалдық мүмкіндіктерін ашу үшін ол сөздің заттық-логикалық мағынасын, грамматикалық ерекшелігін ғана көрсету жеткіліксіз болады. Сөздікте берілген сөздің семантикалық-функционалдық сипаттамасы толық болу үшін бұларға қосымша оның эмоционалды-экспрессивтік ерекшеліктері, стильдік және хронологиялық белгілері, қолданылу аясы жөнінде түсінік берілуі қажет. Сөздің стильдік бояуы лексикалық мағына элементтерінің бірі болғандықтан, мұндай белгілер сөздің семантикалық сипаттамасын толықтыруға қызмет етеді. Сөздің функционалдық ерекшеліктерін білдіретін болғандықтан, стильдік белгілер *қосалқы семантикалық-функционалдық белгілер* болып саналады [Ступин 1965, 16].

Сөз болып отырған мақалада ғалым “Әдеби тілдің үлкен түсіндірме сөздігін түзу кезінде қосалқы семантикалық-функционалдық сипаттаманың, әсіресе сөздерге берілетін стильдік сипаттаманың қажеті жоқ. Стильдік белгі белгілі бір кезенді ғана қамтиды. Біраз уақыт өткен соң ол стильдік бояудан айрылуы мүмкін. Сондықтан оларды қолданудан бас тартқан жөн” - деген С.И.Ожеговтің [Ожегов 1952, 102] пікірінің теріс екендігін дәлелдейді.

Л.П.Ступин Уэбстер сөздігіндегі белгісөздерді мынадай топтарға бөлуге болатынын айтады:

- а) стильдік;
- ә) эмоционалды-экспрессивтік;
- б) сөздің хронологиялық шегін көрсетуші;
- в) сөздің аумақтық қолданыс шегін көрсетуші;
- г) арнаулы.

Бұл жердегі Л.П.Ступиннің белгілердің бәрін стильдік белгілерге жатқызудан қашуы – өте мәнді, маңызды құбылыс.

Лексикографиялық терминологияны зерттеген А.Е.Карпович те лексика-стистикалық және грамматикалық-функционалдық белгісөздерді сөздің мағынасын ашатын элементтер қатарына қосады: “Вокабуланың түсіндірмесі ұғымының аясына — а) вокабуланың негізгі семантикалық сипаттамасы (сөздік дефинициясы), ә) дәйектеме материал (яғни авторлық айтылымдар, дәйексөздер, түсініктеме беруші парафрастар, суреттер), б) қосалқы семантикалық-функционалдық сипаттама (яғни лексика-стистикалық белгісөздер жүйесі) және кейде дефиниция орнына қолданылатын грамматикалық-функционалдық белгісөздер кіреді” [Карпович 1977, 208].

Одақтық екі тілді лексикография теориясының негізін салған В.П.Берков *белгісөзге* “көбінесе қысқартылған немесе шартты (символдық) жазба түрінде берілетін, аударылатын сөздің (сөз тіркесінің) не аударылған сөздің (сөз тіркесінің) немесе аударылатын және аударылған бірліктердің өзара қатынасын білдіретін параметрлердің бірін сипаттайтын сөз (сөз тіркесі)” деген сипаттама береді.

Ғалым белгісөз түрлеріне *грамматикалық, стилистикалық белгісөздерді, қолданылу жиілігін көрсететін белгісөзді, терминологиялық немесе арнаулы белгісөздерді* жатқызады [Берков 1977, 131].

Ғалымның пікірі бойынша *белгісөз* (помета) метатілдік қызмет атқаратын негізгі сөздік бірліктер қатарына жатады.

Үйренім лексикографиясының маманы В.В.Морковкин: “Белгісөз — сөздің кіріспе бөлігінде әңгіме болатын, әдетте қысқарған сөз немесе сөз тіркесі түрінде болатын лексикографиялық құрал. Оның көмегімен оқырманға осы тілдік бірліктің (немесе тілдік құбылыстың) белгілі бір қатынастағы біртекті бірліктер жиынтығына кіретіндігі хабарланады” дейді.

Ғалым лексикографияда қолданылатын белгісөздерді мынадай түрлерге бөледі: *грамматикалық* (өткен ш.), *лексикалық* (адам туралы, адамға қатысты, көлік туралы), *семантикалық* (ауысп.), *стилистикалық* (соның ішінде функционалды стилдік, эмоциялы — экспрессивтік және хронологиялық (сөйл., жоғары, ресми, арн., хим., әзіл,

ирон., еск., тар., неол.) *статистикалық* (сирек, әдетте, аз қолд. т.б.) *тиым салушы*: (қолданымы шектеулі), *тек* (жекеше) т.б. [Морковкин 1990, 45].

*Стильдік белгісөзге* (стилистикалық помета, *stylistic marking*) тезауруста берілген анықтама да осы тәрізді: *сөздік мақаланың ішінде қысқартылған жазба түрінде берілетін негізгі қызметі сөздің стилистикалық параметрін көрсету болып табылатын лексикографиялық тәсіл.*

Өткен ғасырдың соңғы 10-15 жылындағы орыс лексикографиясының тәжірибесінде сөздікте қолданылатын белгілердің басым көпшілігі стильдік белгілер тобына жатқызылып, олардың арнаулы ғылым саласы – *лексикографиялық стилистика* тұрғысынан қаралғаны жөн деген көзқарас басым болып келді [Скляревская 1978, 101-111, т.б.].

Шынтуайтқа келгенде, *сөйл., кітәб., поэт., фольк., көне, диал., жаңа* тәрізді белгілердің, сондай-ақ, ғылыми стиль түрлерін белгілейтін белгілердің функционалдық-стильдік топқа енетіні айқын болғанымен, жеке адам мен көпшіліктің көңіл ауаны мен көзқарасын моральдық, этикалық, эстетикалық талап, талғам тұрғысынан бағамдайтын *алғ., қарғ., дөр., қарап., анайы, сын., экспр., эмоц.* тәрізді прагматикалық белгілердің стильдік белгілер тобына енуі дүдәмал екендігі анық. Бұлардың сыртында грамматикалық белгілер (*ет., сын., зат.* т.б.) мен семантикалық белгілердің (кірме сөздердің белгілері, *ауыс.* белгісі) барлығы да анық жайт. Сондықтан белгісөздердің жоғарыда аталған үш тобын стильдік белгі ретінде қарастыру қате деп ойлаймыз. Бұл әдеби тілдің ғылыми негізі туралы, салалық ғылыми тілдер (метатілдер) туралы жаңаша көзқарастарға да сәйкес келеді. Ғылыми стиль жайында жалпы, жинақтық, дерексіз ұғымда айтуға болғанымен, оны нақты ғылым салаларына қатысты қолдану дұрыс болмайды.

Г.Н.Скляревская еңбегінің құнды жағы: мақалада бір сөздің әр сөздікте әр түрлі стильдік белгімен таңбалануы, немесе керісінше, бір сөз тобына жататын сөздердің бір сөздіктің ішінде түрліше белгіленуі мәселесі өте орынды қойылған.

Автордың пайымдауы бойынша, бір сөздің түрлі белгілермен берілуі не сөздікті түзушілердің теориялық

ұстанымдарының өзгешелігінен немесе уақыттың өтуіне байланысты сөз мағынасында болған өзгерістерге байланысты болуы мүмкін.

Автор, сондай-ақ, тілдегі лексиканың стильдерге бөлінуі мен тілдің стильдік дифференциясы өзара сәйкес келмеуінен стильдің мәнін түсінуде ғалымдар арасында бірліктің болмай отырғандығын атап өтеді. Ғалым өз сөзіне дәлел ретінде: “Тілде кітаби лексика бар. Кітаби тіл мен ауызекі тіл қаншалықты жақындасса да, бастапқы қарама-қарсылық сақталуда. Бірақ, қазіргі тілімізде кітаби тіл деген стиль жоқ” — деген ой айтады (Аталған еңбек, 103-104-бб.).

Ғалым өз сөзін: “Сондықтан, лексикографиялық стилистиканы жалпы стилистиканың бөлігі ретінде қарастырғаннан гөрі өз алдына зерттеу нысаны (тілдік сөздікте көрініс табатын лексикалық құрамы) бар, өзіндік әдістемесі (сөздерді салыстырып, стильдік бояуы барын табу) бар өзгеше бір зерттеу саласы ретінде қараған дұрыс” — деп түйіндейді.

Автор осы ойын он жылдан кейін жазылған екінші бір мақаласында қайталайды.

Бұл мақаласында ғалым лексикографиялық стилистиканы лексикография теориясының бір бөлігі ретінде қарастырады.

*Белгісөздер* туралы пікірлерді қорыта келіп, оларды төрт түрге (семантикалық, грамматикалық, терминологиялық және бағамдық) топтауға болады деген қорытындыға келдік. Олар:

*Семантикалық белгісөз* — сөздіктегі бірліктің семантикалық ерекшеліктерін белгілейді. Ауыспалы мағына (*ауысп.*), бірліктің кірме екендігін көрсететін белгі (*ир., ор., ар., аз.*, т.б.), сондай-ақ *адам туралы, мал туралы* тәрізді түсініктемелер осы топқа кіреді.

*Грамматикалық белгісөз* — сөздіктегі бірліктің грамматикалық ерекшеліктерін белгілейді: зат есім (зат.), етістік (ет.).

*Терминологиялық белгісөз* — сөздіктегі бірліктің ғылыми, кәсіби салаға жататындығынан хабар береді. Ғылым салаларын белгілейтін қысқартпалар, сондай-ақ, кәсіби (кәсіб.), арнаулы (арн.) тәрізді белгілер осы топқа кіреді.

*Бағамдық (стильдік) белгісөз* — сөздіктегі бірліктің бағалауды білдіретіндігінен хабар береді. Бұрынғы

экспрессивті-эмоционалдық белгілер тобы, қолданыс кезеңі мен аумағын (диал., жерг., көне, жаңа), әдеби/бейәдеби (түрп., сөйл.), қолданыс аясын (фольк., кітаб.), қолданыс жиілігін білдіретін белгісөздердің бәрі де осы топқа кіреді. Әрине, бұл біздің жеке пікіріміз.

Түрлі символдық таңбалардың, ерекше қаріп пен жазу түрлерінің, т.с.с. техникалық құрал түрлерінің метатілдік қызмет атқаратындығы туралы жоғарыда айтылды.

Белгісөздердің (помета) әуелде лексикография тәжірибесінде болмағандығы, олардың орнына түрлі таңба, белгілердің пайдаланылғаны белгілі. Мәселен ортағасырлық ағылшын лексикографы Джон Буллокар (*Bullockar, John*) өзінің 1616 жылғы *An English Expositor* атты сөздігінде көне сөздерді белгілеуге тұңғыш рет \* (жұлдызша) белгісін пайдаланады [Tetsuro 1978, 36].

Екінші бір сөздікші Эдвард Филипс 1658 жылғы өз сөздігіндегі “нашар” сөздерге † белгісін қояды.

Қазан төңкерісіне дейінгі қазақ лексикографиясындағы орысша-қазақша, қазақша-орысша сөздіктерде сөздің мағынасын ашуда негізінен тыныс белгілері қолданылғандығы белгілі.

Қазіргі сөздіктерде түрлі таңба (знак, symbol), белгілер кеңінен қолданылады. Мәселен, сөздің транскрипциясын басқа қаріп (литера), шрифт түрлерімен квадрат жақшада беру, дыбыстың сапасын білдіретін ( : ~ “ ` \* ^ \_ ) т.б. алуан түрлі таңбалар, сөз мағыналарының ара қашықтығын көрсету үшін қолданылатын рим және араб цифрлары, мағыналық реңкті беретін | және ||, фразеологизмді білдіретін ромб, т.б. таңбалар сөздікте қарастырылатын бірліктердің жан-жақты сипатталуына қызмет етеді.

Сөздік жасау тәжірибесінде шартты белгілердің қолданылуы лексикографиядағы үлкен жетістік болғаны анық. Қазіргі кезеңде сөздік атаулыны шартты белгілерсіз көзге елестету қиын. Сөздікте қолданылатын белгісөздерді, сондай-ақ түрлі таңбалар мен символдар құрамын әлемдік лексикография тәжірибесінде қолданылып жүрген символ, таңба, белгісөздермен салыстыра, салғастыра отырып зерттеудің қажеттігі анық жайт. Белгісөздер мен шартты белгі, таңбалардың сөздік түзудегі атқарар қызметіне толық талдау

жасау — қазіргі кезеңдегі қазақ лексикографиясындағы өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Сөздіктегі бірліктердің бірқатарының мағынасын ашуда анықтаманың орнына сілтеме жасау тәсілі қолданылады. *Сілтеменің* (отсылка, reference) тезаурус бойынша анықтамасы: *сөздіктегі бірліктер арасындағы байланыстарды ашып көрсету мақсатымен қысқарған жазба түрінде түзілетін ақпар жазу формасы.*

В.В.Морковкиннің пікірі бойынша, *сілтеме* сөздік метатілінің құрамындағы өзіндік ерекшелігі бар элемент. Ғалым бұл терминге “сөздік элементтері арасында (әдетте *сөздік тұлғалар* арасында) белгілі бір байланыс орнатуға дәнекер болатын, толық немесе қысқарған түрде кездесетін сөз (сөз тіркесі)” түрінде анықтама бере отырып, ішкі және сыртқы, бір бағытты және айқыш сілтеме түрлерінің болатындығын жазады.

Сілтемелер қазақ лексикографиясында көбінесе “қара”, “салыстыр” тәрізді тұлғада, кейде тұтас сөйлем түрінде, кейбір жағдайларда бағытты көрсететін символ түрінде ұшырасады.

### 1.3.6. Дәйектеме материал

*Дәйектеме материал* (иллюстративный материал, illustrations of usage/ verbal illustration) лексикографиялық тезауруста: *негізгі қызметі сөздік тұлғаның мазмұнын ашу болып табылатын сөздік мақаланың ішінде орналасқан дәйексөздерден, айтылым үлгілерінен, фразалардан, сөздік мақаланың жанындағы сызбалардан, суреттерден тұратын көрнекі мысалдар түрінде беріледі.*

Ал О.С.Ахманованың сөздігінде: *сипатталатын сөздің семантикалық құрылымы мен синтаксистік байланыстарын көрнекі түрде ұғындыру мақсатымен сөздікте келтірілетін сөз тіркестері* [Ахманова 1966, 171].

А.Е.Карпович дәйектеме материалды түсіндірменің құрамында қарастырады. Ғалым вокабуланың түсіндірмесі ұғымының құрамына кіретін дәйектеме материалға авторлық қолданыстарды, дәйексөздерді, сөз мағынасын айқындаушы парафраздарды, суреттерді енгізеді [Карпович 1977, 208-209].

Көп томдық түсіндірме сөздіктегі дәйектеме материалдар құрамында көркем әдебиет үлгілерінен алынған мысалдар мен авторлық қолданыстар болды.

*Дәйектеме материал* өткен ғасырдағы қазақ лексикографиясында негізінен *иллюстрациялық материал* түрінде қолданылды. Оларға төмендегідей талаптар қойылды: а) белгілі бір сөздің (сөз тіркесінің) тілімізде қолданылатындығына нақтылы айғақ және оның сөздікке алынуына орынды (занды) таяныш болу; ә) сөздің (сөз тіркесінің) әр түрлі мағынасын, мағыналық реңкін ашып, оны топтастырып жіктеуге дәлел болу; б) сөздің қолданылу аясын көрсетіп, оған қойылған этимологиялық, стилдік белгілер мен грамматикалық сипаттамаларды дәлелдеу үшін көмекші материал беру; в) сөздікке алынған әрбір мысал цитаттың мазмұны ұстамды, көлемі ықшамды, бас-аяғы жинақы, ұтымды болу (*Инструкция 1976, 43*).

Лингвистикалық энциклопедиялық сөздікте де тілдік мысалдардың (дәйектемелердің) атқаратын қызметтері осыған жақын: а) сөздің не мағынаның тілде бар екендігін дәлелдейді, ә) контекстегі мағынаны ашады, б) сөздің тілден айтылымға көшуін, сондай-ақ, в) сөзде жаңа реңк пайда болғанын хабарлайды, г) зат туралы тілден тысқары сипаттағы деректерді ұсына отырып тілдің танымдық құнын арттырады.

Мысалдарды сұрыптап алуда сөздіктің идеологиялық және практикалық жағы айқын бейнеленеді.

Тұлғасы жағынан мысалдар синтаксистік құрылымдардың моделдері түрінде, нақты сөз тіркестері не автордың өзі құрастырған сөз тіркестері, ауызекі сөйлеу тілінен алынған сөз тіркестері немесе белгілі бір арна көзінен алынған дәйектемелік түрде болады.

Мазмұны жағынан мысалдар таза лингвистикалық та (тіркесімділік қабілетті, сөздің қолданымын көрсететін), экстралингвистикалық та (затты түсіндіретін) болуы мүмкін.

Сөздіктерде берілетін графикалық материал сөздің семантикасын ашу (шағын анықтамада сипатталуы қиын заттардың бейесін беру), сөздің семантикалық өрістерін, заттардың түрлері мен құрылысын көрсету қызметтерін атқарады (*Лингвистический энциклопедический словарь 1990, 463*).

*Дәйексөздің* (цитата, verbal illustration) тезаурустағы анықтамасы: *сөздік мақаланың ішінде орналасқан негізгі қызметі бастапқы нұсқаны дәлме-дәл беру болып табылатын мәтін бөлішегі*.

Өткен ғасырдағы қазақ лексикографиясында *цитат(a)* – мысал, *мысал* – *цитат(a)* түрінде қолданылды: “Цитат-

мысалдар сөздің қолданыстағы мағыналық,, стилдік аясын түсіндіру үшін әрі қосымша, әрі көмекші материал болып есептелді” (*Қазақ тілі көп томдық түсіндірме сөздігінің инструкциясы 1976, 43*).

### 1.3.7. Сөздіктегі мағына

*Сөздіктегі мағына* (значение словарное – dictionary meaning) терминіне О.С.Ахманова сөздігінде: 1) сөздің контекске байлаусыз мағынасы; 2) заттық (реалдық, материалдық, лексикалық, негізгі) мағына – деген анықтама беріледі.

Әрине, сөздіктегі сөздердің мағынасы – контекске байлаусыз мағына, яғни басқа бірліктермен байланыстары ескерілмейтін, көрсетілмейтін, сөздің жеке өзінің дара тұрғандағы мағынасы деу қате.

Сол себепті А.Е.Карпович лингвистикалық терминдер сөздігіндегі бірінші мағынаның шартты екендігін, шынтуайтқа келгенде сөздік мақаланың ішінен айтылым жағдайларының элементтерін қашан да табуға болатындығын ескертеді. Ғалымның пікірі бойынша сөздіктегі мағына – іс жүзінде сөздіктің дефинициясында, жалпы бүкіл түсіндірмеде жүзеге асатын мәндік категория.

Сөздіктегі мағына мен түсіндірме өзара синоним емес. Түсіндірме – вокабуланың сөздіктегі мағынасын тіркеудің нақты тәсілдерінің бірі. Көзге түсетін, байқалатын – сөздіктегі мағына емес, оның сыртқы көрінісі – түсіндірме ғана. Айтылған жайдың дұрыстығын белгілі бір мағынаны ашу мақсатында түзілетін сөздік дефиницияларының әртүрлі сөздіктерде алуан типті болып келуінен байқауға болады [Карпович 1977, 209-210].

Ғалым сөздіктегі мағыналардың метатіл көмегімен сөздік мақала ішінде жүзеге асырылу тәсілдерінің жүйесін сөздіктегі дефиницияны түзу тәсілі” деп атайды.

### 1.3.8. Сөздіктегі сипаттама

Терминнің тезаурус бойынша анықтамасы: сөздіктің метатілін қолдану, дәйектеме материал арқылы сөздік мақаладағы сөздік бірімінің семантикасын ашу, оған



деректеме материал келтіру, түсініктемелер, ескертпелер жасау жолымен жүзеге асырылатын лингвистикалық процедура.

Жалпы тілдік зерттеулер екі ірі бағытта жүргізіліп келеді. Олар: грамматика мен сөздік. Ерте кезеңде, мәселен ежелгі гректер заманында грамматика ретінде бүкіл жазба тіл мен жазуға қатысты ғылым саналған болса, бертін келе ол тілдің ішкі құрылымы мәнін иеленді [Лайонз 1978, 146].

Қазіргі классикалық тіл білімінде тілді екі салаға бөліп қарастыру үрдісі бар. Оның біріншісі – тілдің жүйелік құрылымы ретіндегі *грамматика* саласы болса, екіншісі – тілдегі сөздік құрамның жиынтығы ретіндегі *сөздік*.

Сөздікте лингвистиканың ішкі құрылымдық деңгейлеріне жататын лексикология, семасиология, стилистика, т.б. салалардың жетістіктері сөздіктің талаптарына сай, сөздік түзу ғылымының ішкі заңдылықтары сәйкес қамтылып отырады.

В.Г.Гак грамматика мен сөздікке ортақ үш аспектіні атайды:

- а) семантика-лексикологиялық (сөз мағынасындағы, мағынаның өзгеруіндегі грамматикалық фактордың әсері);
- ә) жалпы лексикографиялық (сөздікке енетін грамматикалық деректердің көлеміне қатысты);
- б) техникалық (грамматикалық деректерді сөздікте берудің тәсілдері).

Ғалым бұл мәселенің сөздіктің микроқұрылымын (сөздік мақаланың құрылымы, сөздік мақалалардағы мағыналарды ажырату) ғана қамтып қоймай, сонымен қатар оның макроқұрылымын да қамтитындығын сөз етеді. Ең маңызды мәселелердің бірі ретінде сөздік мақаланың грамматикалық факторларға тәуелділігін атайды.

Шынында да сөздік мақаланың құрамындағы атау сөздің тұлғасы, оған берілетін анықтаманың, түсіндірменің сипаты, дәйектеме мысалдардың сипаты бірліктің тілдік жүйедегі орнына, яғни оның грамматикалық мазмұнына тәуелді болатындығы анық. Сол себепті сөздіктегі бірлікке берілетін сипаттама оның тілдік жүйедегі орнына байланысты жасалады.

## *Екінші тарау*

# БІР ТІЛДІ ТҮСІНДІРМЕ СӨЗДІКТІҢ СӨЗТІЗБЕ ҚҰРАМЫ

### 2.1. Лексикографиядағы норма және нормативтілік мәселесі

Алдыңғы тарауда (1.2.3.) академик Л.В.Щербаның “академиялық сөздік – анықтамалық сөздік” антитезасына қатысты мәселеде нормативті сөздік туралы да сөз қозғаған едік. Оның себебі ғалымның *академиялық сөздік* терминін көбінесе *нормативті сөздік* терминімен бірге, қатар қолданып отыратындығына байланысты. *Нормативті (немесе академиялық) сөздік, нормативті (немесе академиялық) тип* тіркестері соны меңзейді.

Л.В.Щерба *әдеби тіл сөздігі* ұғымын да *нормативті сөздік, академиялық сөздік* ұғымдарына жақын, астарлас мәнде қолданады. Еңбектің еш жерінде олардың арасын ашып, айырым белгілерін көрсетпейді.

Ғалым түсіндірме сөздіктердің әдетте әдеби тілдің қалыптасуына, нормалануына қызмет ету мақсатымен (“*Француз академиясының сөздігі*”) немесе сол әдеби тілдің белгілі бір себептермен түсініксіз болып отырған элементтерін айқындау мақсатымен, демек бұл жолы да әдеби тілді қалыптастыру, оны байыту, ең бастысы — оның байлығын оқырманның жақсы меңгеруі мақсатымен жасалатындығын жазады.

Ғалым академиялық типтегі сөздіктердің әлеуметтік негізін айқындауда кезігетін қиындықтар қатарына *жазба әдеби тіл* мәселесін қосып: “Әдеби тілге әдеби сөйлеу тілімен қатар әдеби жазба тіл де кіреді. Біз өткен ғасырларда жазылған шығармаларды да оқи береміз. Ал, бірақ, солардағы сөздердің көбісін түсінгенмен, оларды ауызекі сөйлеу тілінде айтпақ былай тұрсын, жазбаймыз да. Себебі қазіргі норма басқа” — дейді.

Осы орайда Ғылым академиясының А.С.Пушкин заманынан бергі кезеңді қамтитын “Қазіргі орыс әдеби тілінің сөздігін”

шығаруды жоспарлап отырғанын сөз ете отырып, осы идеяны қостайды. Жастардың Пушкиннен бұрынғы авторларды білмейтіндігіне тоқталып, “Әдеби тіл сөздігіне қазіргі ұрпаққа түсініксіз сөздер кірмеу керек. Пушкин шығармаларында кездесетін сөздерді де сұрыптап, қазіргі нормаға қайшы келмейтінін ғана беру керек” – деген қорытынды жасайды.

Ғалымның “Пушкиннен бергі әдебиет” дегенін *қазіргі әдеби тіл* ұғымында түсінер болсақ, “Пушкин шығармаларындағы түсініксіз сөздерді бермеу керек” дегеніне қарап нені ұғамыз? Яғни ғалым түсініксіз сөзге анықтама беруге қарсы. Ғалымның көзқарасы бойынша, қазіргі әдеби тіл сөздігінде түсініксіз сөздерге орын жоқ. Бұл көрінеу қате көзқарас еді.

Дәстүрлі жазба әдеби тіл элементтеріне деген осындай теріс көзқарастың түркі лексикографиясында да орын алғандығы белгілі.

Қай тілде де *айтылу нормасы, жазылу нормасы, дұрыс сөйлеу нормасы* тәрізді бірқатар нормалардың болатыны белгілі. Тіл дамып, өзгерген сайын оның нормалары да өзгереді. Оның үстіне тілдік ортада болатын алуан түрлі сапалық өзгерістер тілдік нормаларға өте қатты әсер етеді.

Халықтың, ұлттың, ұлыстың азаматтық тарихы, жүріп өткен жолы белгілі бір тілдің тарихына сәйкес келе бермейтін кездері болады. Мәселен, бір халықтың өткен тарихында бір тілді де, тіпті көп тілді де пайдаланған кездері кездеседі. Ұлттық тілдің үстем тіл болған кезі де, екі тілдің бірі болған кезі де, екінші дәрежелі тіл болған кезі де ұшырасуы мүмкін. Осындай кезеңдер тілдің бірқатар деңгейлеріне, әсіресе лексикалық деңгейге көптеген өзгерістер әкеледі.

Тілдік нормаларға аса зор әсер ететін факторлардың екіншісі бір түрі — жазу, жазба тіл. Себебі жазудың ортақтығы — мәдениет ортақтығына әкеледі. Орта ғасырлардан бастап өлкемізде араб тіліндегі араб жазулы діни әдебиеттің, араб және парсы тілдеріндегі араб, араб негізді парсы жазулы қисса, дастандардың кең таралуы, ол шығармалардың орта-азиялық жазба түркі тіліндегі аудармаларының, қайтадан жырланған нұсқаларының болуы — бір кездерде арабы-парсы-түркінің араласа, қоян-қолтық қолданылуының айғақтары іспеттес.

Тілдік нормалардың бір түрі — жазба әдеби норма. Жоғарыда сөз болған жайттар сол кезеңдердегі өзіндік ерекшеліктері бар жазба әдеби норманың қалыптасуына жағдай жасады. “Құтталғу білік” тәрізді көптеген әдеби, шежірелік шығармалар дүниеге келді. Арабы-парсы-түркіні бірдей меңгерген ғұламалар мен шежірешілердің, жыраулар мен жыршылардың, ақындар мен жазушылардың өз кездеріндегі жазба әдеби норманың канондарын ұстанғаны дау тудырмайды. Ортағасырлық түркі лексикографиясындағы М.Қашғаридің сөздігінен бастау алатын көптеген арабша-түркіше, түркіше-арабша сөздіктер, солардың ішіндегі “қыпшақ сөздіктері” атанған “Тәржіман”, Әбу Хайан сөздігі, “Ат-тухфа”, “Бұлғат ал-мұштақ” т.б. туындылардың өз кезеңіндегі жазба әдеби тілдің канондары негізінде, сөздік жасаудың дәстүрлері бойынша түзілгені белгілі.

Ортағасырлық жазба түркі тілінің әдеби дәстүрі, “Ортағасырлық түркі тілінің элементтері”, “кітаби тіл элементтері” ретінде шежірешілердің тарихи еңбектерінде, мерзімді баспасөз беттерінде, ресми іс-қағаздар тілінде, жыраулар мен жыршылардың, шайырлардың жыр-дастан, қиссаларында, “кітаби ақындар” тілінде, сөздіктердің бірқатарында (И.Лаптев, И.Букин, Қ.Кемеңгеров, т.б. сөздіктері) жалғасып келгендігі, демек, тілімізде қолданыста бар құбылыс болғандығы белгілі.

Алайда, өкінішке орай, академик Л.В.Щербаның жоғарыда айтылған кереғар пікірі түркі лексикографиясындағы негізгі ұстанымдардың біріне айналды.

Түркі лексикографиясының теориялық мәселелерін зерттеуге зор еңбек сіңірген ғалым А.А.Юлдашев *норма, нормативтілік* ұғымдарына талдау жасай отырып: “Көптеген лексикографтар сөздің нормативтілігінің өлшемі ретінде оның баспа жүзінде, көркем әдебиетте қолданылуын ұғады. Әрине, көркем әдебиет сөз бен оның мағыналарының нормаға сәйкестігінің өлшемі ретінде қызмет атқарады. Алайда, онда кездесетін сөздің бәрі бірдей нормаланған әдеби тілдің игілігіне жатпайды. Көркем әдебиет тілі мен әдеби норма бір емес... Әдеби нормаларды кең мағыналарда түсіну — нормативті лексиканың хронологиялық шекарасын бұзып, кезеңдерді араластырып жіберуге әкеледі. Ал, бұл хронологиялық шек,

ең алдымен қазіргі кезеңнің тілдік санасы тұрғысынан анықталуы керек... Ескі жазба тілдегі мәтіндерде кездесетін кітаби (“түрки”) сөздер не тарихи түсіндірме сөздіктерде немесе арнайы “ескірген, тарихи сөздер сөздігінде” қарастырылуы керектігін” - жазады [Юлдашев 1972, 63].

Бұл пікірді алғаш айтқан академик Л.В.Щерба екендігі жоғарыда сөз болды. Бірақ, оның пікірінде А.А.Юлдашевтің пікірінен өзгешелік те бар болатын.

Л.В.Щерба “екі сөздік жасау мүмкін болмаған жағдайда ымыраға барып, оның шарттарын көрсету керек” - деді. Яғни, әрі нормативті әрі тарихи анықтамалық болып табылатын ымыраластырылған сөздіктің жасалуы мүмкіндігін айтқан еді [Щерба 1974, 276].

А.А.Юлдашев болса “Қазіргі әдеби тілдің хронологиялық шегін анықтау, сөздіктердегі нормативтілік принципін жүзеге асыру ісі лексиканың қазіргі кездегі жағдайына бағдар ұстауы керек” дей келіп, қазіргі түркі әдеби тілдеріндегі нормативті лексиканың арғы хронологиялық шегі 1920 жылдардың басынан басталатынын тұжырымдайды.

Демек, ғалымның пікірі бойынша, қазіргі түркі әдеби тілдері үшін нормативті лексика болып тек қана Кеңес үкіметі дәуіріндегі лексика саналады. Бұл, әрине, өрескел қате көзқарас еді.

Л.В.Щербанның жазуы бойынша, француздар үшін *қазіргі әдеби тіл* ұғымының хронологиялық аясы кеңірек. Ол XVII ғасырдан бергі кезенді қамтиды.

Бұл жердегі қайшылық : демек, француздар үшін қазіргі әдеби тілдің хронологиялық шегі XVII ғасыр болып саналады да, сол кезеңнен бері шығып отырған француз академиясының сөздіктері академиялық, нормативті, әдеби тіл сөздігі болып табылады. Ал одан бір ғасыр бұрынғы әдебиет мәтіндерін қамтыған ағайынды Гриммдердің “неміс тілі сөздігі” мен ағылшын тілінің “Оксфорд сөздігі” оларда тарихи принцип қолданылғаны үшін нормативті емес, әдеби емес, тек қана анықтамалық сөздік ретінде бағаланады. Бұл жерде, әрине, тарихи лексикадан, яғни сөздердің бұрынғы тарихынан бас тартушылықты қолдайтын, тек кеңес үкіметі заманындағы сөздерді насихаттайтын саяси ой-пікірдің де әсері болуы мүмкін.

Осы аталған жайттарға қарап, Л.В.Щербаның ұсынуындағы нормативті сөздік ұғымының күрделілігін байқауға болады.

Академик Л.В.Щерба XVII ғасырдағы жазушылардың тіліндегі сөздерді қамтып отырған француз академиясының сөздігін әдеби тілдің сөздігі, нормативті сөздік қатарына қосып отырғанда, А.А.Юлдашевтің 1920 жылмен шекараны жауып, түркі халықтарының XX ғасырдың басына дейін пайдаланып келген жазба, кітаби тілінің элементтерін сөздіктерге жолатпауы, тіпті “кітаби” белгісімен беруден де бастартуға шақыруы қате болғандығын айту қажет. *Себебі ол бүгінгі әдеби тіл бұрынғы әдеби тілден мүлде басқа* деген қате көзқарасқа әкеледі.

Ғалымдар бұрынғы дәстүрлі жазба әдеби тілде қолданылған, бірақ қазіргі ұрпаққа түсініксіз лексикадан, яғни тарихи лексиканың негізгі қабаттарының бірінен бас тартып отыр. Демек, ғалымдардың пікірі бойынша, тіл тарихындағы жас ұрпақ түсінбейтін сөзді оған түсіндіріп жатудың қажеті жоқ. Әдеби тілдің сөздігіне түсінікті сөздер ғана алынуы керек. Бұл, әрине, әдеби дәстүрдегі сабақтастықты бұзатын ұстаным болды.

Түсіндірме сөздікті тек қана таза *әдеби тілдің сөздігі* ұғымында қолдану дәстүрінің (“Түсіндірме сөздік – әдеби тілдегі жалпылама және жиі қолданылатын сөздерді қамтып, олардың мағыналарын талдап түсіндіретін сөздік”) кейінгі кезеңге дейін жалғасып келгені аян [Қазақ тілі, 1998, 411-412].

1959-61 жылдары жарық көрген екі томдық түсіндірме сөздікте сондай идея бар. Сөздіктің кіріспесінде *Қазан тоңкерісінен кейін тыңнан жасалған жаңа әдеби тіл* ұғымы сөз болады. Сөздікке осы әдеби тілде жиі қолданылатын сөздердің енгендігі аталады.

Шындығында, ол кезеңдегі сөздіктердің осы талап тұрғысынан жасалғаны баршаға аян. “Формасы ұлттық, мазмұны – социалистік мәдениет” заманы болғандықтан, ұлттық тілдердегі сөздіктердің, әсіресе түсіндірме сөздіктердің қай-қайсысы да негізінен Кеңес үкіметі дәуіріндегі лексиканы қамтыды.

Қазақ тілінің көп томдық түсіндірме сөздігі де осылай жасалды. Бұл туралы сөздіктің жалпы редакциясын басқарған

белгілі ғалым А.Ысқақов: “ертеректе (революциядан бұрында, кейін де) араб, латын әріптерімен жарияланған әдебиеттен (кітап, журнал, газет т.т.) сондай-ақ, қазіргі әріппен шыққан кейбір әртүрлі себептермен қолайсыз танылған әдебиеттен де мысалдар тіпті жазылған жоқ” (“Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі”, 10-том, 505-б.) – дейді .

Кеңес үкіметі кезеңіндегі саяси бағдарға байланысты қазақ тілінің екі томдық және он томдық түсіндірме сөздіктеріне қазақ мәдениетіне аса зор үлес қосқан арыстардың: Шәкәрімнің, А.Байтұрсынұлының, Мағжан Жұмабаев, Ж.Аймауытовтардың т.б. көптеген зиялылардың еңбектеріндегі сөз қазынасы алынған жоқ.

Төңкеріске дейінгі өмір салтын насихаттайтын эпос пен лиро-эпос туындыларындағы, қиссалар мен дастандардағы, төңкеріске дейінгі мерзімді баспасөз беттеріндегі, ресми іс қағаздарындағы сөздік материалдарды түсіндірме сөздікке алуға мүмкіншілік болмады. Қазақ тілінің келешекте жасалатын түсіндірме сөздіктерінде осы жағдайлар ескерілуге тиісті.

Академик Л.В.Щербаның нормативті академиялық сөздік туралы жоғарыда айтқан пікіріне қарап алғашқы кезде “бұл жерде қазіргі кездегі жалпы көпшілікке арналған әдеби тілдің түсіндірме сөздігі туралы ғана әңгіме болып отыр екен” деп ойлауға болады. Алайда ғалым қазіргі тілдік сананы бейнелейтін академиялық сөздіктер қатарына басқа да сөздік түрлерін, атап айтқанда, жеке ғылым түрлері бойынша жасалатын салалық сөздіктерді (медициналық, әскери т.б.) жатқызады. Л.В. Щерба жеке аймақтық тіл ерекшелігін білдіретін сөздік түрлерін де нормативті немесе академиялық сөздік типіне енгізеді.

Ғалым, жоғарыда сөз болғандай, салалық сөздіктер мен аймақтық тіл ерекшеліктерін білдіретін, профессор Ш.Ш.Сарыбаевтың сөзімен айтқанда “бейәдеби” сөздік түрлерін академиялық, нормативті сөздіктер қатарына енгізу арқылы өз еркімен болса да, өз еркінен тыс болса да, әйтеуір “әдеби тіл” ұғымының аясын кеңітеді.

Ғалым анықтамалық сөздіктер қатарына, жоғарыда аталғандай, ұлт тілінің түрлі дәуірлердегі сөйленімін қамтитын, тарихи принципке құрылған түсіндірме сөздіктерін, жалпыға бірдей энциклопедиялық сөздіктерді,

пәнаралық техникалық сөздіктерді, таза облыстық сөздер сөздігін (әдеби тілде қолданылмайтын), жазушы тілі сөздігін т.б. енгізеді.

Ғылымның бір саласының сөздігі нормативті, академиялық сөздік болып саналады да, пәнаралық яғни сала-аралық сөздіктер — анықтамалық сөздік болады. Әдеби тілден айырмашылықтары айқын ажыратылып көрсетілмеген, яғни тезаурустық тәсілмен зерттелген говор тілінің сөздігі — академиялық, нормативті болады да облыстық сөздердің сөздігі — анықтамалық сөздік болады.

Бұл жердегі мәселе! біздің пайымдауымызша, біріншіден, нормативтіліктің өлшемі — жалпы халықтық қолданыс (яғни, халықтың тілі — нормаланған тіл) деген көзқарастың болуына байланысты. Ғалым ешқашан да халық тілін әдеби тілге қарсы қоймайды. Екеуін шендестіріп қарамайды. Бұл тұрғыдан оның көзқарасы көптеген кейінгі зерттеушілердің көзқарасынан, нормативтілікке тек әдеби тіл талабы тұрғысынан қараушылыққа негізделген, диалектілік сөздерді, терминологиялық лексиканы, ауызекі тілдегі қарапайым сөздер тәрізді сөз топтарын, сөз варианттарын, т.б. сөз топтарын әдеби емес деп бөлектеп қараушылықтан өзгешеленеді.

Екіншіден, нақты сала тілінің сөздігі — академиялық, нормаланған сөздік болып, ал аралас салалық сөздіктердің — нормаланбаған сөздіктер қатарында аталуы, біздіңше, ғалымның нақты ғылым тілінің сөздігін нағыз ғылым тілінің көрсеткіші ретінде бағалауына, оларды Тіл білімі ғылымымен тең дәрежеде қарауына байланысты.

Сонау 1940-жылдары сөз болған осы жіктемені қазіргі қазақ тілінде де кездестіреміз: “Бір тілді лингвистикалық сөздіктер академиялық нормативті және анықтағыш сөздік болып іштей екі салаға жіктеледі [Болғанбаев, Қалиев 1997, 214].

Қазақ лексикографиясында түсіндірме сөздікті жалпылама *халық тілінің сөздігі* ретінде түсінушіліктің де болғандығы туралы жоғарыда айтылған.

Түсіндірме сөздікті *нормативті сөздік, анықтамалық сөздік, академиялық сөздік* ретінде бағалау да жиі кездеседі. Мәселен, “Қазақ тілінің түсіндірме сөздігін жасау тәжірибелері” атты ғылыми жинақта сөз болып отырған терминге қатысты *жалпы халықтық сөздік, нормативті сөздік, анықтамалық сөздік,*



*академиялық сөздік* тәрізді түйінді бағамдарды байқауға болады [Қалиев 1989 : 6,12].

Реті келгенде, аталмыш жинақтағы көп томдық түсіндірме сөздікке берілген бағаны ғылыми тұрғыдан құнды бағам санайтындығымызды ескертеміз.

Шет елдердегі түсіндірме сөздіктердің жайы Кеңес үкіметіндегі ұлттық сөздіктердің жағдайынан басқаша болды. Жоғарыда академик Л. В. Щерба француз оқырмандары үшін бүгінгі әдебиет көкжиегі кеңірек екендігін, олардың XVII ғасырдағы шығармаларда түсініп, оқи беретіндігін жазғандығын айтқан болатынбыз. Оның үстіне, әлемдік лексикографияның үлкен жетістігі болып саналатын “Үлкен Оксфорд сөздігінің” 1933 жылғы басылымында 1150 жылдан бергі жазба мәтіндердегі сөздердің қамтылғандығы белгілі болып отыр. Сол себепті нормативтіліктің “сөздікті түзуде хронологиялық шекті қатаң сақтауды талап ететіндігін” ескертіп, әдеби тілдер үшін ол шекті 1920-70 жылдардың аралығы ретінде белгілеп берудің [Юлдашев 1972, 64] қате болғандығы бүгінгі күні айқын болып отыр.

Лексикография теориясының екінші бір маманы В. П. Берков тілдегі лексиканы әдеби/бейәдебиге бөлмей, *жалпыхалықтық тіл* тұрғысынан қарастырады. Ғалым сөздікке сөздерді сұрыптап алуда лексикографияның тәжірибесінде бар жалғыз-ақ өлшеуіш – сөздердің қолданылу жиілігі болып отырғандығын, алайда оны анықтау үшін сол тілдің толық жиілік сөздігі болуы қажеттігін жазады.

Ғалым, сонымен қатар, ондай жиілік сөздіктердің аз болып отырғандығын және солардың өзі жиілікті айқындау әдісінің нашарлығынан немесе субъективті көзқарастың басым болуына байланысты сапасының төмен болып отырғандығын, тіпті жиілігі жоғары сөздің өзі де адам аралық қатынаста соншалықты маңызды болмауы мүмкіндігін айтады. Ал маңызды/маңызсыздықты айқындау үшін, біріншіден, кең көлемді тілдік зерттеу, сараптау арқылы қоғамдық пікірді, “орта тіл иесін” анықтау қажет болса, екіншіден, сөздік жасаушының қолында дифференциалды тарихи сөздік болуы керек [Берков 1973, 67-69,76].

Ондай толық тарихи сөздік әзірге қазақ лексикографиясында болмай отыр.

Қазіргі тілдік ахуалда “орта тіл иесін” анықтау да қиынның қиыны. Оның себебі: өткен кезеңдегі “ұлт тілдерінің тоғысуы”, “қос тілділік” идеясының нәтижесінде *ұйысқан тілдік орта бұзылды, қазақ тілін меңгеру деңгейі ала-құла болып кетті*. Бұл туралы белгілі ғалым Б.Хасановтың еңбектерінде жан-жақты сөз болады [Хасанов 1989; 1992]. Жоғарыда сөз болған толық жиілік сөздік те, дифференциалды тарихи сөздік те тілімізде әлі жасалмағаны белгілі. Оның үстіне, сөздік бірліктердің қолданылу жиілігі тұрақты құбылыс емес, ақырын болса да өзгеріп отыратын, кейбір кезеңдерде күрт, шұғыл өзгертін құбылыс. Аталған жайттарды ескере отырып, “орта тіл иесін” анықтаудың өзінше іске асырылуы мүмкін емес шаруа екендігіне көз жеткіздік.

Түркі лексикографиясын зерттеуші ғалым Ж.М.Гузеев нормативтіліктің бес белгісін атайды:

- 1) тілдік құбылыстың тұрақтылығы;
- 2) оның таралу дәрежесі;
- 3) оның тілдің заңдылықтары мен тенденцияларына үйлесімділігі;
- 4) сөздіктің мақсатына сай болуы;
- 5) тілдік ескерткіштердің сенімділік дәрежесінің жоғары болуы.

Ғалым іле-шала осы аталған белгілердің осал жақтарын жан-жақты дәлелдейді. Мәселен, оның айтуынша: а) әдеби тілдің нормалары бір қалыпта болмайды, баяу болса да өзгеріп отырады; ә) қате құбылыс та кең таралуы мүмкін; б) тілдік құбылыстың сөздіктің мақсатына сай келуі де анық өлшем болып саналмайды. Бұл түрлі қырынан қарастыруға болатын құбылыс; в) тілдік ескерткіштің сенімділік дәрежесін анықтау да оңай емес. Сондықтан ғалым: “нормативтіліктің немесе нормаға сай келмеушіліктің айқын өлшеуіші осылардың барлығын ескеріп, бірге қолданғанда ғана байқалмақ” – деген шүбәлі қорытындыға келеді [Гузеев 1984, 5].

Тілдегі норма мен нормативтілік туралы жазылған арнаулы әдебиеттің молдығы белгілі. Солардың ішіндегі ғылыми деңгейі өте жоғары еңбектердің бірі – герман тілдерінің белгілі маманы Л.П.Ступиннің “Проблема нормативности в

истории английской и американской лексикографии” (Л. 1979) атты докторлық диссертациясы мен “Проблема нормативности в истории английской лексикографии (XV – XX вв.)” атты монографиялық зерттеуі. Аталған еңбектерде ғалым норма мен нормативтілік құбылысының даму жолын ғылыми зердеден өткізеді. Қазіргі кездегі қазақ лексикографиясындағы норма және нормативтілік мәселелеріне тікелей қатысты, ғылыми құндылығы жоғары еңбек болғандықтан, осы шығармаға жіті назар аудару қажет деп ойлаймыз.

Л.П.Ступин норманы тілдік жүйе мен сөйленімнің (речь) ара жігіндегі, осы тіл өкілдерінің тілдік жүйенің өзіне қатынасын көрсететін прагматикалық фактор деп біледі.

Ғалым норма және норманың кодификациясы ұғымдарының ара жігін айқындаған Прага лингвистикалық мектебінің өкілдері болғандығын еске салады. Олардың пікірі бойынша, норма жасырын (имплицитті) түрде мәтіндерде көрініс табатын болса, ашық (эксплицитті) түрде тілдік норма туралы оқулықтар мен создіктерді құрастырушы авторлардың норма туралы түсініктері түрінде кодификацияда көрінеді: *кодификация дегеніміз тілде объективті түрде бар норманың әлеуметтік тұрғыдан түсінілуі, сол арқылы тиісті оқулықтарда айғақталуы* [Ицкович 1970, 13].

Ғалым бір кездері осы аталған кодификацияланған нормалардың диалектілерге қатысты айқындалмауы салдарынан ғалымдардың бірқатарының диалектіде норма жоқ деген қорытындыға келгендігін, диалект — нормаланған дұрыс әдеби тілдің бұзылуы, әдеби тілден ауытқу деген көзқарастың болғандығын, осыдан келіп норма терминін тар аяда, тек қана “әдеби тілдің нормасы” ұғымында түсінушіліктің біржолда орныққанын тілге тиек етеді. Біржақтылыққа, қателікке ұрынудың, үлгілі әдеби мәтіндердің тілдегі әдеби дәстүрді құраушы ретіндегі, әдеби, дұрыс норманы құраушы ретіндегі белелінің негізінде қалыптасқанын еске сала отырып, іс жүзінде мұның қателігін, тілдегі жалпыұлттық, халықтық норманың басқа да көптеген арна- нормалардан құралатынын баяндайды. “Ол кезде, мәселен, ескірген сөздерді, неологизмдерді, дөрекі сөздерді, ғылыми-техникалық терминологияны, жергілікті, облыстық лексиканы т.б. шағын жү-

нелерді ұлттық тілден аластатуға немесе нормативті емес лексикаға жатқызуға тура келген болар еді” — деген қорытынды жасайды. [XX ғасырдың 70–80 жылдарына дейінгі кезеңдегі одақтық тіл білімінде жағдайдың дәл осылай болғандығына түркі тілдерінің екі тілді (аударма) және бір тілді (түсіндірме) сөздіктерін зерттеуші ғалымдардың — А.А.Юлдашев пен Ж.М.Гузеевтің еңбектерінің ішкі құрылымына қарап қозғалысуға болады. Екі ғалымның да еңбегінде диалектизмдер мен арнаулы салалық лексикадан бастап, тілдегі лексиканың тұтас бір шоғыры нормаланбаған лексика қатарына жатқызылады — М.М.].

Ғалым тілдің тек қана әлеуметтік қатынас құралы емес-тігін, оның көбіне жеке адамдар, кісілік даралықты білдіру құралы болып табылатындығын, алайда, кеңестік тіл білімінде әлі күнге дейін *норманың варианттылығына емес, оның тұрақтылығы мен міндеттілігіне ерекше көңіл аударылып келгендігін сөз етеді*. Ғалым сонда да бәрібір нормативтіліктің жалпыға бірдей өлшемдерінің болмай отырғандығына назар аударып, нормативтілікке байланысты теориялар мен қағидаларға талдау жасайды. Ғалымның пікірі бойынша, нормативтілікке байланысты пікірлерді екі топқа бөліп қарастыруға болады.

Бірінші топ — нормативтіліктің өлшемі тілден тысқары, сыртқы факторда десе, екінші топ — нормативтілік тілдің өз табиғатына тән дейді. Бірінші топтағылар екі түрлі ғылыми көзқарасты ұстанады: а) қағидалар теориясы; ә) тілдік тиімділік теориясы.

Қағидалар теориясын жақтаушылар тілдік норма ертеден келе жатқан қағидалар, ережелер бойынша жасалады деген көзқарасты ұстанады. Еуропадағы осы көзқарасты жақтаушылар “ежелгі грек, ортағасырлық латын тілдеріндегі ережелерден таймау керек” деген пікірді насихаттайды [Ступин 1979, 12].

Демек, *араб жазуының реформаланған варианттарынан бас тартып, ескі қадімшеге көшейік* деушілер мен *ортақ түрік тіліне көшейік* деушілердің санасында осындай ой болуы мүмкін.

Тілдік тиімділік теориясын жақтаушылар қазіргі табиғи тілге сын көзімен қарайды, тілді түзету керек, адамның ойын

дәл, нақты, логикаға сай, тиімді етіп жеткізудің жолдарын қарастыру қажет дейді. Тілдегі үнемдеу тәсілін жақтаушылар да осы топқа кіреді.

Нормативтілік тілдің өз табиғатында бар қасиет деген көзқарасты ұстанушылардың өзінде, ғалымның айтуынша, төрт түрлі пікір бар:

- 1) аумақтық бедел теориясы;
- 2) әдеби бедел теориясы;
- 3) тілдік шарттылық теориясы;
- 4) жалпылама қолданым (узус) теориясы.

Аумақтың (аймақтың) беделіне сүйенетіндер норманы тұрақтандыру, бекіту жолындағы негіз ретінде аймақтық диалектіні ұсынады. Үлгі ретінде әдетте ең беделді диалект алынады. Ғалым бұл ұстанымды дамыған ұлттық тілге қолдануға болмайтындығын жазады. Біріншіден, бұл қоғамдағы даулы мәселелерді көбейтетін болса, екіншіден, таза тілдік тұрғыдан, бір ғана аумақтық вариантты норма ретінде тану ұлттық тілдің жұтандануына әкелетінін айтады.

Әдеби бедел теориясы беделді, белгілі классик ақын-жазушылардың шығармаларының тілін үлгілі нұсқа ретінде ұсынып, оларды нормативтіліктің негізі ретінде санайды. Кезінде Л.В.Щерба да осы пікірде болып: “Бәрі де дұрыс тілде сөйлегісі келеді. Бірақ дұрыс сөйлеудің нормасын қайдан іздеуді білмейді. Жауап өте қарапайым: әдебиетімізден классиктердің – Горькийдің, Чеховтың, Короленконың, Тургеневтің, Гончаровтың, т.б. шығармаларын оқыңыздар. Өзіңіз іздеген норманы солардан табасыздар” деп жазған еді [Горбачевич 1971,11; Ступин 1979,15].

Норма мәселесімен арнайы айналысқан мамандар да (Петрищева Е.Ф., т.б.) тілдік деректердің өткен кезеңдегі жазушылардың шығармаларында қолданылуын нормативтіліктің басты өлшемдерінің бірі санайды.

Л.П.Ступиннің пікірі бойынша, аталмыш дәстүрдің теориялық тұрғыдан байқалатын кемшілігі: біріншіден, ұлы тұлғалардың ұлы шығармалары тілдегі сөздердің мағынасын айқындауға стилдік өнін ашуға, жазба тұлғасын белгілеуге зор үлес қосады. Бірақ, сол сөздердің айтылымын белгілеп бере алмайды. Себебі ол мүмкін емес. Жер-жерде бір сөздің бірнеше фонетикалық варианты болуы мүмкін. Әр жерде өмір сүретін адамдардың

сөздерді дыбыстап сөйлеу жағынан ерекшеліктері көп болады. Екіншіден, бұл теорияны жақтаушылар классиктердің туындыларының тілі миллион сан халықтың ауызекі сөйлеу тіліне шешуші әсер етеді деп ойлайды. Шындығында тілдік норманы жазушылардың өздері жасамайды. Олар халықтың тілінде бар дайын норманы пайдаланады. Олардың тілге өң беруі, оны әрлендіре түсуі, байыта түсуі мүмкін. Бірақ тұтас бір халықтың тілін нормаға сала алмайды [Ступин 1979, 16].

Ғалым, сондай-ақ, классиктердің шығармаларының беделін пайдаланып, жазба тілді телегей теңіз халықтың ауызекі сөйлеу тілінен жоғары қоюшылықтың да қылаң беретінін еске салады. Даналардың да халықтың перзенттері екендігін және олардың тілінде де белгілі бір дәрежеде өзгешеліктердің, жергілікті ерекшеліктердің болатыны белгілі дейді.

Үшіншіден, ғалымның пікірі бойынша, тілдің үнемі жанаруда, өзгерісте болатыны анық. Мәңгі қозғалыстағы жасампаз халық тілі бір сәтке де тоқтаусыз, тоқыраусыз ағымда болады. Ал ұлылардың шығармалары – ұлы данышпан суреткердің қаламынан туған полотно тәрізді теңдесі жоқ туындылар. Екеуінің айырмасын аңғару қиын емес.

Ғалым әдеби бедел теориясының төртінші, басты кемшілігі ретінде оның тиянақсыздығын, ақын-жазушылардың кейбір еңбектеріндегі кейбір қиын сөздерді нормативті қолданыс қатарына қоспаушылықтың барлығын атайды.

Сөздіктер мен грамматикалардың негізінде ақын-жазушылардың шығармаларынан алынған мәтіндердің жатқандығын айта келіп, ғалым: “бұл жерде қайшылық жоқ, шынында да грамматика мамандары мен сөздікшілер өз еңбектерінде дәлел, айғақ ретінде белгілі жазушылардың мәтіндерін пайдаланады. Алайда, бұл *норманы жазушылар жасайды* дегендік болмайды. Керісінше, бұл *тілде бар норманың ұлылардың шығармаларында бейнеленетіндігін дәлелдейді*” деген уәж айтады. Ұлы шығармалардың нормативтіліктің бекуіне негіз болатынын мойындай отырып, олардың өзіне дейін қалыптасқан норманы дұрыс көрсетіп отырғандығын, өз қолдарымен жаңа норма жасап отырмағандығын қайталайды [Ступин 1979, 17].

Тілдік шарттылық теориясы тілдік құбылыстардың осы тілдің даму заңдылықтарына сәйкес болуын, яғни тілде

осыған ұқсас құбылыстардың болуын талап етеді. Кең таралған осы көзқарасты жақтаушылардың қатарында ғалым В.В.Виноградовты, К.С.Горбачевичті, В.А.Ицковичті американдық Э.Сепирді, т.б. атайды.

Алайда, бұл теорияның да кемшіліксіз еместігін жаза отырып, дәлел ретінде В.П.Берковтың еңбегіне сілтеме жасайды.

В.П.Берков мынадай дәлелдер келтіреді: “Біріншіден, мамандардың көпшілігі (Веселитский 1965, 80; Петришева 1967, 35, т.б.) норманы абсолюттендірудің қателігін түсінеді. Екіншіден, белгілі бір құбылыстың тілдегі өнімді моделдерге сәйкес болу, болмауын арнайы зерттеу негізінде ғана анықтауға болады. Барлық даулы мәселелер бойынша осындай зерттеулер жүргізілді деп айта алмаймыз. Үшіншіден, үлгі ретінде ұсынылып отырған өнімді моделдің өзі тұрақты емес. Тілдің дамуына байланысты өзгеріске ұшырап отырады. Төртіншіден, бұл өлшемнің өзі айқын, анық емес. Себебі ең кең таралған жиі қайталанатын, күнделікті қолданыста бар құбылыс деудің орнына “тілдік норма дегеніміз, ең алдымен типтік, яғни осы әлеуметтік-тарихи құбылыстың мазмұнына сәйкес келетін құбылыс” деген тәрізді анықтамалар мәселені күңгірттендіре түседі. Бесіншіден, тілдік құбылыстың тілдегі ішкі заңдылықтарға сәйкестігінің өлшемін тек фонетикалық және грамматикалық деңгейлерге ғана қолдануға болады. Ал лексикалық бірліктің әдеби нормаға сәйкес не сәйкес еместігін анықтауға мүмкіндік жоқ” [Берков 1973, 49-50].

Жалпылама қолданым (узус) теориясы бойынша, тілдік ұжым мүшелері тілінде тұрақты түрде, үнемі қолданылатын тілдік құбылыстардың бәрі де нормативті болып саналады.

Л.П.Ступин узус теориясының негізін салушы ретінде ағылшын тілшісі Дж.Крэпті атайды.

Бұл теория бойынша, тілдік үлгі тілден тысқары болмайды. Ол тілдің ішінде, тілдік тәжірибеде болады. Адамдардың түрлі топтарының тілдік тәжірибесі әрқилы болатындықтан және ол өзгермелі әлеуметтік сөйленім жағдайына тәуелді болатындықтан, бұрынғы **жалпыға бірдей жалғыз дұрыс норма** концепциясының орнына норманың мүлде жаңа түсінігі ұсынылады.

Л. П. Ступиннің айтуы бойынша, тілдік ұжым кен ұғымда да (осы тілде сөйлеушілердің барлығы), тар ұғымда да (әлеуметтік топтар, аумақтық топтар, жас ерекшелігіне байланысты топтар, білім дәрежесіне байланысты топтар, т.б.) ұғынылуы мүмкін. Демек бұл жағдайда нормалардың бірнеше жүйесі болады. Олардың бәрі осы тілдегі нормалардың архижүйесіне кіреді. Узус теориясы осы архижүйеге кіретін нормативті варианттардан таңдау, таңдағанда белгілі бір нақты әлеуметтік сөйленім жағдайына үйлесетін, осы жағдайда шынымен тиімді болатын вариантты таңдау мүмкіндігін береді.

Л. П. Ступин жалпылама қолданым (узус) теориясын Прага лингвистикалық үйірмесі мүшелері (Пражский лингвистический кружок, 1967) мақұлдағандығын жазады.

Кеңес үкіметі тұсындағы тіл білімінде узусты мақұлдап, өз пікірін ашықтан ашық білдірген ғалым – Е. Д. Поливанов болған.

Л. П. Ступиннің жазуы бойынша, академик Л. В. Щерба да осы пікірде болған: “Жақсы нормативті сөздік норманы ойдан шығармайды, тілде бар норманы сипаттайды... норманың қалыптасуы мен дамуы ешқандай нормативті сөздіксіз-ақ жүріп жатады. Нормативті сөздіктер тілдің табиғи қалпын ашуға көмектесуі де, оған кедергі келтіруі де мүмкін” [Щерба 1974, 276-278].

Ғалым белгілі орыс сөздікшісі А. А. Шахматовтың да осы көзқарасты ұстанғандығын еске салады: “Сөздікте тілде бар сөзқолданымның мүмкіндігінше толық сипаттамасы берілуі керек... Сөздік сөзді қалай айту қажеттігін көрсететін ойдан шығарушылықтың жемісі емес, Ресейдің түрлі өлкелерінде халықтың қалай сөйлейтіндігін көрсететін сенімді материал болуы керек” [Шахматов 1899, 33].

Аталған төрт ұстанымның да тілімізде негізі бар екендігі, бәрінің де қажет екендігі, бәрінің де жақсы жақтарын тіліміздің тұтастығы мен жан-жақтылығын, байлығы мен күш-қуатын арттыру қызметіне пайдаланудың керектігі анық. Шамамен ХХ ғасырдың алғашқы жартысында жазудың, ғылым-білімнің, бұқаралық ақпарат құралдарының бұрынғыдан да шұғыл орталықтануы халықтық тілдің ғылыми тұрғыдан жүйелене түсуін, әдеби тілдің нормалануын тездете түскендігі әркімге аян. [Әрине, бұл



тіліміздің бұрынғы жүйеленуі, бұрынғы нормалануы нашар еді деген сөз емес].

Аталған кезеңдегі зиялы қауымның тіліндегі қолданыста бір-екі аумақтың (аймақтың) тілдік ерекшеліктері басымдау болғандығы да анық. Демек, қазақ тілінде де белгілі бір кезең аралығында аумақ (аймақ) беделі принципі қызмет жасады деуге болады. Бұл принциптің игі әсері әдеби тіліміздің нормалану қарқынын арттырғандығында деп ойлаймыз.

Әдеби бедел принципі қазақтың халықтық тіліне қашан да игі әсер етіп келді. Бұрынғыдан қалған сөз, аталар сөзі, көсемдер мен шешендердің, билердің, жыраулар мен ақын-жазушылардың сөз саптаулары, авторы белгісіз халықтық мақалдар мен мәтелдер, нақыл сөздер халық тіліндегі әдеби нұсқа үлгілеріне қызмет етіп келді. Абай тәрізді ұлы тұлғалардың әсері де өте зор болды.

Тілдік құбылыстардың тілдің ішкі заңдылықтарына сәйкес болуын қалағалайтын тілдік шарттылық принципі қазақ тіл білімінде әркез ұстанымда болды. Бұл тілдің әсіресе терминжасам саласында кеңінен қолданылатын, тілдің табиғи қалқаны іспеттес, тілдегі емле мен айтылымға да өте-мөте қатысты принцип.

Жалпылама қолданым (үзүс) принципі де қазақ тілінде әрқашан қолданыста болды. Қазақ тілінің сөздік қорында, фонетикалық жүйесі мен грамматикалық құрылымында бар аймақтық, диалектілік ерекшеліктер, кәсіби тіл, ауызекі сөйлеу тілінің ерекшеліктері кеңінен қамтылып келеді. Мәселен тілімізде фонетикалық, лексикалық, грамматикалық дублеттердің молдығы баршаға аян. Олар біздің диалектологиялық, түсіндірме сөздіктерімізде кеңінен қолданылып келеді. Екі томдық түсіндірме сөздікте, әсіресе халқымыздың тіл байлығын мол қамтыған он томдық түсіндірме сөздікте сөйлеу тілінің ерекшеліктері де, жергілікті ерекшеліктер де, диалектілік лексика да, кәсіби лексика да жеткілікті дәрежеде берілген.

Нормативтіліктегі жалпылама қолданым принципі әлемдік лексикографияның маңдай алды туындыларында, әсіресе ағылшын мен американ лексикографиясы туындыларында басты ұстаным ретінде қабылданған.

Жалпытілдік норманың көптеген нормалар жүйесінен құралуы — ақиқат құбылыс. Жеке-жеке ғылым салаларының өз метатілдері бар екендігін көрсететін шектеуіштер, уақыт пен кеңістікке қатысты тілдік айырмашылықтарды білдіретін шектеуіштер, тіл әдебіне байланысты, т.б. түрлі-түрлі шектеуіштер жалпы тіл мен жеке сөздің күрделі құрылымынан хабар береді.

Бұрынғы “орта тіл иесі” теориясының мәні — жұрттың көбісіне, көпшілікке ортақ құбылыстарды бейнелеу болса, узус теориясының мәнісі — адамдардың жас, білім, аймақ, т.б. өмір жағдайларына байланысты ерекшеліктерінің бәрін ескере отырып, солардың бәрін де қанағаттандыратын шешім табуға ұмтылу. Ол әрбір сөздік бірлікке тән ең дұрыс тұлға мен жан-жақты, ғылымның соңғы жетістіктеріне сай, толымды анықтаманың келтірілуі арқылы жүзеге асырылады. Демек, бұл теория сөздік бірліктің “қырық қатпарлы” мағынасын ашу талабына, яғни мағынаны когнитивистикалық негізде ашу талабына да сәйкес келеді. Шынында да, бұрынғы дәстүрлі түсіндірме сөздіктерде негізінен сөздік бірліктің лексикалық мағынасы — “мазмұнды ұғымның формалды көшірмесі” (дубликаты) — сөздік бірлік арқылы таңбаланып отырған ұғымның ең басты белгілерінің жиынтығын құрайтын топтама мағына ғана көрсетілетін еді. Көп жүйелі норманы насихаттайтын узус теориясы бойынша, ол жеткіліксіз. Бірліктің ішкі, сыртқы құрылымы, жалпылама қолданымдағы түрлі әлеуметтік топ өкілдерінің метатілдік ерекшеліктері (заң тілі, ресми құжаттар тілі, медицина тілі, әскери тіл, дәстүрлі жазба әдеби тіл, т.б.), бірліктің қолданылуына қатысты басқа да алуан түрлі қосалқы деректердің көрсетілуі керек. Бірақ солардың бәрі де архинорманың — жалпы тілдік нормалардың қауызына сиып тұруы қажет.

Узус теориясы тілдегі барлық құбылыстарды да ең тиімді жолмен ашуға мүмкіндік бере отырып, ешқашан архинормамен қайшылыққа келмейді. Қарапайым ғана мысал: осы талап тұрғысынан, түсіндірме сөздіктерде дублеттердің бәрі де беріледі. Бірақ, сөздікте жалпыхалықтық қолданымда қалыптасып үлгірген тұлғаның ғана мағынасы ашылып, сол сөздік мақалада, яғни бір жерде қалған

дублеттердің де (*елек* сөзінде *елеуіш пен елгезерді, тістеуікте – атауыз, кемпірауыз, балықауыз, амбырды, камшыда – бишік, атсоғар, атжүргіш, құнтты* [бұл деректерді С.Омарбековтен алып отырмыз – М.М.]) санамалап көрсетілуі, ал, өз орындарында тұлғасы ғана беріліп, әдеби вариантқа сілтеме жасалуы қажет тәрізді.

Лексикографиядағы норма және нормативтілік туралы ғылыми пікірлерді талдағаннан кейін өткен дәуірдегі одақтық тіл білімінде шешуші рол атқарған **әдеби тіл нормасы** ұғымына қатысты пікірлерді де қорытудың қажеттігі анық болып отыр. Орыс тілі үшін қазіргі әдеби тілдің хронологиялық шегі ретінде А.С.Пушкин заманынан бергі кезең саналды. Түсіндірме сөздіктерге сол кезеңнен бергі ақын-жазушылардың шығармаларынан дәйектеме материал алынды. Ол кезеңдегі түсіндірме сөздіктер жазба мұралардың, әсіресе ақын-жазушылар шығармаларының беделіне негізделіп жасалатын еді. Алайда түркі тілдері үшін қазіргі әдеби тілдің хронологиялық шегі қазан төңкерісінен әрі асып алысқа кете алмады. Мәселен, қазақ әдебиетінде ұлы Абайдың тұлғасы мен шығармалары төңірегінде қаншама айтыс-тартыстың болғаны белгілі. Ақыры Абай және Ыбырай шығармаларына, көтерілісшіл ақын атанған Махамбет шығармаларына, қысқасы өткен дәуірдегі ақын-жазушылардан санаулы тұлғалардың ғана шығармаларына жол ашылды. Бұл жазылмаған заңдылық болды. А.А.Юлдашевтің жазба әдеби тіл үлгілеріне үрке қарауы, түркі тілдері үшін әдеби тілдің арғы хронологиялық шегі ретінде 1920- жылдарды белгілеуі осы жазылмаған заңдылықтың әсері еді.

Диалектілік құбылыстарда да норма болатындығы ғылыми тұрғыдан дәлелденбей тұрған кезде диалектизм атаулының тілдегі дұрыс норманы, тілдің нормасын бұзушылық ретінде қабылдануы нәтижесінде тілдік норма терминін тек қана “әдеби тілдің нормасы ұғымында түсінудің қалыптасқандығы анық жайт. Теріс ұғымның негізінде қате көзқарас қалыптасты. Қазіргі “дұрыс” тілді қорудың талабы тұрғысынан әдеби тілдің нормасын қору, оның шекараларын белгілеу ісі басталды. Тілді қоритын ең басты тетіктердің – оның өзінің ішкі заңдылықтары (ішкі нормалары) екендігіне жеткілікті көңіл бөлінбеді.

Бұлар — әдеби норма ұғымына байланысты алдыңғы кезеңде болған жағдайлар еді. Енді кейінгі кезеңдегі өзгерістер жағдайына тоқталалық.

Әдеби норма ұғымының бұрынғы мазмұнына өзгеріс енгізу, оның аясын кеңейту жолындағы ізденістер Э.Косериудің норма мен тілдік жүйенің бір-біріне тәуелділігі туралы “Жүйе, норма және сөйленім” атты еңбегінен басталады [Cosegiu 1962, 95]. Аталмыш ғалым әдеби норманың үнемі өзгерісте болатынын, оған ауызекі сөйлеу тілінің, терминологияның әсері күн өткен сайын артып отыратынын, сондықтан оның шегі, шеңбері үнемі кеңейіп отыратынын, жалпы *әдеби норма, әдеби стил* ұғымдарының өзі де өзгеріп отыратынын жан-жақты дәлелдей келіп, олардың ғылыми тұрғыдан негізді екендігіне шек келтірді.

Одақтық тіл біліміндегі әдеби норма, нормативтілік мәселелері бойынша белгілі мамандардың бірі К.С.Горбачевич те қазіргі кезде заманның талабымен, ғылыми көзқарастардың дамуымен байланысты әдеби норма ұғымының аясы кеңіп отырғанын жаза бастады.

Ғалым ең алдымен лексикографияның материалдық базасы болып келген картотека қорына тоқталады. Ол қорда негізінен белгілі ақын-жазушылардың шығармаларынан алынған дәйектеме материалдардың жинақталып келгенін, олардың бір кездері сөздік бірліктің мағынасын ашуда ең беделді айғақ болып саналғандығын еске салады. Алайда әдеби тілдің өзінің табиғатының өзгеруіне байланысты көркем әдебиеттің шешуші ролі туралы пікірдің қазіргі кезде күдік тудырып отырғандығын, “әдеби тіл” мен “көркем әдебиет тілі” ұғымдарының бір-біріне сәйкес келмейтіндігін, қазіргі қоғамда ақын-жазушылардың халық тіліне әсері азайып оғырғандығын айтады. Автор әдеби тіл сөздігінің, демек нормативті сөздіктің *көркем әдебиет сөздігі болмауы қажеттігін*, бұрынғы академиялық сөздіктердің тілдік норма ұғымын көркем әдеби идеал ұғымымен араластырып алғандығын, осыдан келіп, сөздіктерге окказионал сөздерді де алуға дейін барғанымызды жазады. Сөз мағынасын ашуда суреткердің өзіне тән жеке қолданымы халықтық қолданым нормасы ретінде альпып келгенін ашық айтады. Ғалым одан әрі екі мәселеге айрықша назар аударады. Олар: 1) Қазіргі орыс әдеби тілінің хронологиялық шегі туралы; 2) қоғамдық-

экономикалық өмірдегі өте терең өзгерістерге, ғылыми-техникалық революцияға және жаңа бұқаралық ақпарат құралдарының пайда болуына байланысты орыс әдеби тілінің негізінің өзгеруі туралы мәселелер.

Орыс әдеби тілінің хронологиялық шегі туралы мәселеде Пушкин заманынан бергі кезенді қамтудың қазіргі тілдің грамматикалық, стилистикалық нормалардың сипаттамасын қиындатып отырғанын, жаңа академиялық сөздікке ХІХ ғасыр әдебиетінен алынған мысалдар былай тұрсын, жалпы көркем әдебиеттен алынған дәйектеме мысалдарды алмау қажеттігін айтады. Ғалым соңғы он жылдықтарда көркем әдебиеттің құдіретті қарсыласы – бұқаралық ақпарат құралдарының пайда болғандығын жазады. Қазіргі академиялық сөздіктердің газет тіліне жеткілікті назар аудармай отырғанын, газеттің стандартты тілін сөздіктерде пайдаланудың қажеттілігін айтады.

Ғылыми-техникалық революцияның әсері туралы, бір кездері әдеби тілдің сыртқы аймақтарында болған терминологиялық, арнаулы лексиканың жапа тармағай, кең көлемде игеріле басталғанын жаза отырып, автор ғылыми-техникалық әдебиеттің қазіргі дүниетанымның негізіне айналғанын, негізгі еуропа тілдерінің даму жолында осы ғылыми-техникалық коммуникация саласындағы дамудың игі әсері болғанына тоқталады.

Осы тұрғыдан автор В.В. Колесовтың **“қазіргі орыс әдеби тілінің материалдық базасы ролін бұрынғыдай көркем шығармалар емес, ғылыми жанрлардың атқарып отырғаны”** туралы пікірін қостайтындығын білдіреді.

Қорыта келіп автор, біріншіден, әдеби тілдің жана академиялық сөздігінің басты міндеті ретінде тілдегі іс жүзінде қолданылып отырған стандартты тілдік нормалардың сипаттамасын беру екендігін, екіншіден, жана академиялық сөздіктің қазіргі орыс тіліне бағдар ұстауы қажеттігін, осы тұрғыдан жана хронологиялық шекті анықтаудың қажеттілігін, үшіншіден, сөздіктердің картотека қорына өзгерістер енгізіп, қазіргі көркем әдебиеттен мысалдар ала отырып, негізінен бұқаралық ақпарат құралдарынан, ғылыми-техникалық әдебиеттен мысал алудың қажеттілігін, көркем әдебиеттен алынатын дәйектеме мысалдар орнына сөздің қолданымын,

тіркесімін, т.б.кабілетін ашатын айтылымдық үлгілерді берудің қажеттілігін айтады (Горбачевич 1988, 155-161]. Бұл негізінен өте дұрыс пікір. Ұзақ жылдар бойы өзі бас болып “әдеби норма” идеясының тас камал қорғанына айналған ғалымның ойға кемел шағында әбден көз жеткізіп барып айтқан зерделі пікірі. Орыс лексикографиясындағы түсіндірме сөздіктердің қазіргі ғылыми-танымдық құрал, дидактикалық құрал, ақпараттық құрал қызметін атқаруға үмтылған мақсат-мүдделерін ұғынып барып айтылған пікір.

Ал орыс лексикографиясы мен қазақ лексикографиясының даму дәрежесінде айырмашылықтардың бар екендігі белгілі. Сондықтан, осы пікірді негізінен қабылдай отырып, оны қазақ лексикографиясына енгізу мәселесінде сарабдалдықпен қарау қажет деп ойлаймыз. Оның ең басты себебі — қазақ мәдениетіне зор үлес қосқан классик ақын-жазушылардың, басқа да өнер, ғылым, мәдениет қайраткерлерінің шығармаларындағы сөз қазынасын, телегей-теңіз халық ауыз әдебиетіндегі сөз байлығын белгілі саяси жағдайларға байланысты үлкен, көп томдық түсіндірме сөздіктерге мол қамту мүмкіндігі әлі де жүзеге асырылмай келеді. Демек, біз ол істі таяу болашақтағы жасалатын көптомдық сөздіктерде жүзеге асыруымыз қажет. Сол себепті қазақ тілінің үлкен, көптомдық түсіндірме сөздіктерінде осы ұстаным толығымен жүзеге асырылуы керек. Сөз қазынасын мүмкіндігінше толық жинақтап, көрсету — үлкен түсіндірме сөздіктердің таяу болашақтағы ең негізгі міндеті деп ойлаймыз. Сол кезеңнен кейін барып, үлкен сөздіктерді де әмбебаптандыру жолымен жан-жақты ғылыми ақпарат құралына, үйренім құралына айналдыруға бірте-бірте көшуге болады. Ал шағын түсіндірме сөздіктерде әлемдік лексикографияның жетістіктерін мүмкіндігінше толық пайдалану қажет. Демек, сөздіктің бұл түрі үшін жоғарыдағы К.С.Горбачевичтің соңғы пікірі негізгі ұстанымдардың біріне айналуы керек.

Қазіргі ғылыми өркениет дамыған қоғамда, жаппай ақпараттанудың, жаңа технологиялардың заманында бірінші орынға интелект шығып отыр. Қоғамда интеллектуалдандыру жүріп жатыр. Демек тілді де интеллектуалдық аспект тұрғысынан қарастыру күшейуде. Тілдің лексикалық құрамына қатысты мәселеде интеллектуалдандыру сөздік құрамдағы

терминдердің молаюына, өмірдегі заттардың ғылыми тілде, заң тілінде, ресми тілде, сауда-саттық тілінде әдеттегі ауызекі сөйлеу тілінен басқаша белгіленетіндігіне байланысты сөздіктің құрылымына өзгерістер енгізуге әкелетіні белгілі болып отыр [Гавранек 1967, 349-350].

Қазіргі кезеңде тілде белең алған екінші бір бағыт – демократияландыру. Сөздікке қатысты алғанда бұл – сөздіктегі бірліктердің қолданысын ашуда ауызекі сөйлеу тілінің, бұқаралық ақпарат құралдары тілінің қызметін кеңінен пайдалануды білдіреді. Жоғарыда сөз болған мәселелерден жасаған қорытындымыз төмендегідей:

Академиялық сөздік – ғалымдар ұжымы жасаған, кезеңнің талаптарына сай ғылыми еңбек ұғымында әлі де қажетті термин екендігі даусыз. Бірақ ендігі академиялық сөздіктің мазмұнында бұрынғыдан өзгешелік болады. Ендігі оқырман академиялық сөздікке өз біліктерін тексеру үшін, контекстке керекті сөзді табу үшін ғана қарамайды. Енді өзінің ғылыми білігін жетілдіру үшін, құнды дерек алу үшін, тілді үйрену үшін қарайды. Түсіндірме сөздіктің академиялық нормативті, тарихи-анықтамалық, тіл үйренімдік құрал қызметін бірдей атқаруы соған мүмкіндік жасайды. Академик Л.В.Щерба салалық ғылыми сөздіктерді, аймақтық тіл ерекшеліктері сөздіктерін академиялық сөздіктер тобында қарастыру арқылы осы сөздік түрлерінің болашақта біріктірілуіне, көп аспектілі, шын мәнінде жалпы халықтық сөздік түзу ісіне жол ашты. Әдеби – бейәдеби жіктемесін жоққа шығарды.

“Белгілі бір кезеңдегі белгілі бір адамдар қауымының бірбүтін тілдік сана-сезімін” бейнелейтін сөздіктердің екі түрі бар. Олардың біреуі ағымдағы тіл сөздігі болса, екіншісі қазіргі заман тілі сөздігі. Екеуі де қазақ тілі үшін қажетті сөздік түрлеріне жатады.

Сөздіктің үшінші түрі – ұлттық идеяға негізделген, тарихи принципке құрылған сөздік. Әлемдегі лексикографиясы жоғары дәрежеде дамыған елдерде ондай сөздіктердің жасалғаны белгілі. Қазақ лексикографиясы үшін де қажеттілігі даусыз. Себебі қазақ сөзінің бас-аяғы түгенделді, жинақталу сатысынан толық өттік деп айтуға ертерек тәрізді. Сондықтан, біздің ойымызша, XVI ғасырдан бергі кезеңді қамтитын, тарихи

принципке негізделген “Қазақ тілінің сөздігі” немесе “Қазақша сөздік” жасау – кезек күттірмейтін мәселе.

Өткен кезеңде кеңес үкіметі кезінде түсіндірме сөздіктерді жасауда қолданылған, ғылыми статусы айқындалмаған бұлдыр бейне, ешкімге белгісіз “орта тіл иесіне” бағдар ұстаудың қате болғаны анықталып отыр. Сол кезеңде ғылыми анықтамалардың жалпы жұртқа, әркімге түсінікті болуын қамтамасыз ету мақсатында ғылым тілін қайтадан өңдеп, әдеби тілге көшіру үшін қолданылатын лексикографиялық аппроксимацияның әдіс-тәсілдер жүйесі болды. Енді оның қажеті жоқ. Себебі әдеби тілдің негізі өзгеріп отыр. Әдеби тілдің материалдық базасы – ғылым тілі болып отыр. Ендігі басты мәселе – филологиялық сөздіктің, энциклопедиялық сөздіктің, елтаным сөздігінің, терминологиялық сөздіктің, үйренім сөздігінің жетістіктерін пайдалана отырып, ғылыми құндылығы жоғары әмбебап сөздік жасауға үмтылу. Мұндай сөздіктің адресаты – бұрынғыдай орта мектепті тамамдаған адамның дерексіз, жинақтық образы емес, *оқыған, ізденуші адам* болмақшы.

Д.И.Арбатский қоғам, тіл дамыған сайын нормативті анықтамалардың бірқатар бөлегі жаңа талаптарға жауап бере алмайтындай болатындығын, олардың орнына жаңа дүниетанымды, мәдениет пен ғылымның дамуындағы анағұрлым жоғары деңгейді бейнелейтін түсіндірмелердің келетіндігін жазады [Арбатский 1977, 24].

Қазақ тілінің түсіндірме сөздіктері тіркеме анықтамаларға да, нормалаушы анықтамаларға да бай. Сол себепті олар әрі тіркеуші, әрі нормалаушы сөздік болып табылады.

Ең алдыңғы қатарлы ғылыми жетістіктерді сөздікке тіркеу оның анықтамалық құнын арттырады. Егер біз бұны нормаға қайшы деген көзқараста болсақ, яғни “әдеби тілге әлі енген жоқ, сондықтан сөздікке алуға болмайды, бұл әлі нормаға түскен жоқ” десек, мұнымыз оқырманның мүддесіне қайшы келеді. Себебі оқырманның қазіргі, ең жаңа ұғымды білгісі келеді. Қоғамның дамуы мен ғылымның, техниканың дамуы үнемі сәйкес келе бермейтіндіктен, мұндай қайшылықтар болады.

Біздің ойымызша, жоғарыдағы әдеби норма ұғымы – кертартпа ұғым. Ол ғылымда бар жаңа ұғымды сөздікте



корсетуге кедергі жасап тұр. Оқырман әрқашан алға қарайды. Білмегенімді білдір, үйрет дейді. Ал, кертартпа норма орташа білікті ғана ұсынады. Сол арқылы оқырманға пайдалы анықтамалық, ғылыми, энциклопедиялық анықтамалардың “жолын бөгейді”.

Мұндай нормативті анықтамадан тіркеме анықтаманың өзі жақсы.

Норма прогрессивті болған кезде ол ғылымдағы ең соңғы жаңалықты оқырманға ұғынықты, түсінікті, тілдік нормаларға сай түрде жеткізуге қызмет етеді. Сол кезде тіркеушілік пен нормалаушылық мүдделер толық сәйкес келеді. Оқырманға керегі де сол. Біздің ойымызша, бұрынғы кезеңдегі орташа білікті қорғау заңын жеке адамның, жеке-жеке әлеуметтік топтардың мүдделеріне қарсы қоймау керек. Сөздік ең алдымен адам үшін, ізденетін адам үшін жасалады. Сондықтан прогрессивті ұғымдағы, “зиялы” норма қажет.

Қазақ тілінің орфографиясы, тіл әдебі (тіл мәдениеті) мәселелері бойынша жазылған ғылыми еңбектердің, әсіресе белгілі ғалымдар Р.Сыздық пен Н.Уәлиұлының, сондай-ақ, олардың тәрбиелеп, өсіріп келе жатқан шәкірттерінің жазған еңбектерінің осындай зиялы нормаға негіз болып қаланы сөзсіз.

Сонымен, сөзімізді түйіндер болсақ, архинорма “тілдің сақшысы” қызметін атқарып, тілдік заңдылықтарды сақтауы қажет болса, алуан түрлі нормалар жүйесі дүние, әлем туралы ең алдыңғы қатарлы білікті қоруы керек.

Білмейді деген сылтау емес, оқырманды үйрету, алға жетелеу қажет. Қазіргі заманның талабы осындай. Өскелең ұрпақтың жағдайын ойлаған, ертеңін ойлаған сөздікшінің бұдан басқа амалы жоқ. Осындай жағдайда ғана *түсіндірме сөздіктің бір өзі тұтас кітапханаға, қалың жұртшылықтың жан-жақты сұранысын қажетін отей алатын бірден бір еңбекке* айналуы мүмкін. Лексикографиядағы норма мәселесін узус тұрғысынан қарастыру, қоғамдағы интеллектуалдандыру мен демократияландыру процестері, сондай-ақ, сөз мағынасының мазмұнын ашу ісіне танымдық тұрғыдан қарау (ол туралы үшінші тарауда кеңірек сөз болады) сөздіктегі жеке бірліктің мағынасын ашуда, сөздікке кірме сөздерді, вариант және диалект сөздерді беруде ең ыңғайлы, үйлесімді, ұтымды шешімдерге келуге жағдай жасайды.

## 2.2. Жергілікті сөздер. Аймақтық лексика

Жергілікті сөздер тобының жалпыхалықтық лексиканы толықтыратын, байытатын негізгі арналардың бірі екендігі белгілі.

Сөздікшілердің жергілікті сөздерді жалпы сөздіктерге алу мәселесіндегі пікірлері әрқилы. А.А.Юлдашев диалектілік лексиканы жалпы сөздікке сұрыптап алудың оң әсерін сөз ете отырып, бұл сұрыптау, диалектілік сөздің әдеби сөз қатарына өтуі табиғи жолмен жүру керек, сондықтан тілшілердің бұл процесті саналы түрде бағыттауға тырысуы дұрыс емес деген тоқтамға келеді.

Ғалым әдеби тіл құрамына кіретін диалектілік сөздің не бір ерекше стилдік қызмет атқаруы, не жаңарған немесе мүлде жаңа лексикалық мағынада қолданылуы шарт екендігін айтады. Сирек кездесетін реалияларды білдіретін, әдеби тілде баламасы жоқ диалектизмдердің жалпы сөздікке алынуын дау тудырмайтын мәселе ретінде қарастыра отырып, олардың баспа әдебиетте, жазушылардың шығармаларында қолданылуы жалпы сөздікке алуға негіз бола алмайтындығын ескертеді [Юлдашев 1972, 68-72]. В.П.Берков диалектілік сөздердің әдеби тілге енуіне мысал ретінде бір кездері Қазақстанның оңтүстігінде қолданылған *дақыл* сөзінің қазір әдеби тілге еніп отырғандығы туралы С.К.Кенесбаевтың еңбегіне сілтеме жасайды [Кенесбаев 1964, 31; Берков 1973, 79]. Ғалым қолданылу аймағы шектеулі сөздердің бір тобы регионализмдерді диалектілік лексика құрамына кіргізбейді. Оларды әдеби лексика ретінде қарастырады [Берков 1973, 79-80]. Регионализм бұл мағынада орыс тілді лексикографияда қолданылатын “облыстық лексика” (қазақ тіліндегі Ш.Ш.Сарыбаев ұсынған балама термин – *аймақтық*) ұғымына келеді. Алайда В.П.Берков регионализмдерге сөздің басқа мемлекеттегі диаспора өкілдерінің тіліндегі құбылысын да жатқызады.

Белгілі ғалым Ш.Ш.Сарыбаев әдеби тіл сөздіктерін жасауда диалектілік лексиканы сұрыптап алу принциптеріне қатысты мәселелерді өзінің бірқатар еңбектерінде [Сарыбаев 1973, 1976, 1976а, т.б.] сөз етеді.

Ғалым түсіндірме сөздікке көркем әдебиетте кездесетін диалектизмдердің бәрін алу принципіне қарсылық білдіріп, оның зиянды жақтарын ашып көрсетеді. Оларды қатаң сұрыптаудан өткізудің қажеттілігін дәлелдейді. Ғалым, сондай-ақ, обл.(айм.) белгісөзін тыйым белгісі ретінде түсінуге қарсылығын, ол белгінің әдеби тілде баламасы жоқ, сол себепті әдеби тілді байытуға қызмет ететін диалектизмдерге қойылуы жөн болатындығын ескертеді [Сарыбаев 1973, 26].

Ғалым әдеби лексиканың дамуындағы әдеби компоненті әлі де толық анықталмаған дублеттер мен варианттардың нормалану құбылысы жүріп жатқан қазіргі кезеңде оларды жалпы сөздікте беруге болатындығын айтады. Ондай дублеттердің түсіндірме сөздікте қамтылған барлық дублеттердің тең жарымынан аз болмайтындығын еске салады. Екі томдық түсіндірме сөздікке негізінен әдеби тілде баламалары жоқ диалектизмдердің алынып отырғанын, олардың әдеби тілді байытуға қызмет ететіндігін атап отеді.

Ғалым түсіндірме сөздікті жасаушылардың әдеби тілде баламасы жоқ кәсіби сөздердің тіпті өте тар аяда қолданылатындарын да қабылдау арқылы қателеспегендіктерін жазады.

Түсіндірме және екі тілді сөздіктерде диалектизмдерді беруде сақталуы қажетті принциптер қатарында ғалым мыналарды атайды:

1) әдеби тілді байытатын диалектілік лексиканы *аймақтық* (айм.) белгісімен берген дұрыс. Әлі де әдеби тілдің байлығына айналып үлгермегеніне қарамастан, мұндай лексиканы сөздіктерге батыл түрде енгізген жөн...;

2) әдеби баламасы бар дублеттерді сөзтізбеге алуды мүмкіндігінше азайту қажет;

3) диалектілік-әдеби дублеттер көп болып, олардың бір қатары әдеби тілде қатар қолданылған жағдайда сөзтізбеге әдеби тілде қатар қолданылып жүрген варианттар алынады (*нияз-бияз, балуан-палуан*, т.б.). Екі варианттың қолданылу жиілігін айқындау қиын болған жағдайда әліпби бойынша орналастырылып, бірінші вариантқа түсіндірме жасалады да қалған варианттарда соған сілтеме жасалады;

4) кәсіби сөздердің кең қолданылатындары сөзтізбеге бірден алынады. Алайда тар аяда қолданылатын, бірақ прогрессивті диалектілік-кәсіби лексикаға кіретін сөздер де сөзтізбеге алынуы керек...;

5) сөздің әрі диалектілік, әрі әдеби мағынасы болған жағдайда түсіндірме сөздікте тек қана әдеби мағына беріледі. Диалектілік сөз көпмағыналы болып, әдеби тілде бірнеше мағынасы қатар қолданыста болған жағдайда (*там, тиала* т.б.) сөздікте ол мағыналардың бәрі де беріледі [Сарыбаев 1973, 28-30].

Қазақ тілінің аймақтық лексикасына қатысты ғылыми зерттеулердің [Сарыбаев, Нақысбеков 1989, т.б.] мол болуы жергілікті сөздерді түсіндірме сөздікке еш қатесіз, дұрыс сұрыптап алуға жағдай жасайды.

Ж.М.Гузеев диалектизм мен регионализмді бөлек қарастырудың қажеттігін жаза отырып, қарашай-балқар тіліндегі сөздерден мысал келтіреді. Сөйте отырып, регионализмдердің бір тілде сөйлейтін адамдар топтарының бөлек-бөлек өлкелерде тұруынан пайда болатындығын айтады. Қарашайлардың Қарашай-Шеркес автономиялы облысында, ал балқарлардың Қабарды-Балқар автономиялы республикасында тұратындықтарын еске салады. Регионализмдерді бұл тұрғыдан қарастыра болсақ, оған шет елдердегі қазақ тілінің тиісті құбылыстарын да енгізуге тура келеді. Демек, регионализм мен диалектизм ұғымдарының арасын айыру өте қиын. Бұл мәселеде диалектологиялық сөздік пен лингвистикалық (диалектологиялық) атласты салыстыра, салғастыра отырып талдаудың оңды нәтиже беруі мүмкін деп ойлаймыз.

Ж.М.Гузеев диалектизмдерді әдеби тілдің сөздігіне алуға негіз болып жүрген принциптерді (көркем шығармада қолданылуы, әдебиетте қолданылу жиілігі, диалектілерде таралым ауқымы) санамалай отырып, олардың бірде бірінін толық негіз бола алмайтындығын дәлелдейді. Алайда, өз тарапынан да ешқандай шешім ұсынбайды. Ғалым әдеби тілде баламасы жоқ этнографиялық диалектизмдердің түсіндірме сөздікке жалпыға ортақ сөздер ретінде, ешқандай белгісіз алынуын жақтайды. Демек, оларды диалектизм қатарына

қоспайды. Әдеби тілдің лексикасына енген диалектизмдерге де белгінің қажеті жоқтығын айтады. Демек, оларды да диалектизм ретінде қарастырмайды [Гузеев 1984, 18-19].

Аталған ғалымдардың бәрі де түсіндірме сөздікке диалектизмдерді алуда кеткен қателіктерді көрсетіп отырады. Мәселен, Ш.Ш.Сарыбаев қазақ тілінің екі томдық түсіндірме сөздігінде әдеби тілде баламасы бар кейкі (қайқы), келдек (масақ), керең құлақ (саңырауқұлақ), кигіз (киіз), бәдірең (қияр), егер қылу (ығыр қылу), зөре (сөре), балау (палау), елгезер (елек), доғалақ (дөңгелек), т.б. көптеген диалектизмдердің ретсіз берілгенін жазады [Сарыбаев 2000, 202-203].

Ғалым сонымен қатар нәтиже, әпке, кигіз, көзөл, көпөне, зөре, т.б. диалектизмдердің белгісөзсіз берілгенін ескертеді. Алайда ғалым әдеби вариантын айқындау қиын болған диалектілік-әдеби варианттардың (байшешек-бәйшешек, байымдау-пайымдау, бәле-пәле, т.б.) сөздікте берілгендігін дұрыс санайды. Варианттардың біреуіне түсінік беріп, қалғандарында сілтеме жасау принципі үнемі сақталмағандығын айта отырып, ғалым оттық, шырпы, сіріңке варианттарында жеке-жеке түсінік берілетінін сөз етеді. Ғалым сөздіктегі қателер қатарында әдеби тілде қатар қолданылып жүрген дублеттердің біреуін беріп, екіншісін қалдырып кетуді (құман-құмған, құдағи-құдағай, жүде-жүдә, т.б.) атайды. Ғалым кейбір варианттардың екінші компоненттерін басқа мағынада қолдануға болатындығын айтады. Мәселен қодық-қодыға жұбындағы қодығаны “құланның құлыншағы” мағынасында қолдануға болатындығын ескертеді.

Ғалым бақшашылықпен, мақта өсірумен, балық аулаумен байланысты атаулық мағынадағы диалектілік-кәсіби сөздерге түсіндірме сөздікке кеңінен жол ашудың қажеттігін, іс жүзінде әлі де олай болмай отырғандығын сөз етеді [Сарыбаев 2000, 205].

Төменде ғалымның аталған еңбектерінде сөз болған диалектизмдердің екі томдық, көп томдық және бір томдық түсіндірме сөздіктердегі берілуін көрсететін салыстырмалы кесте беріліп отыр.

2 томдық	10 томдық	1 томдық
қайқы-кейкі	қайқы-кейкі	қайқы-кейкі
киіз — кигіз	киіз — кигіз	киіз
пак — пәк	пәк	пәк
дәреже — даража	дәреже	дәреже
сенек — сәнек, сене	сенек — сөйл. сене	сенек
бәдірен обл. қияр	қияр — жерг. бәдірен	қияр
палау — балау	палау — сөйл. балау	палау
елек — елгезер	елек — диал. елгезер	елек
көңіл -обл. кеуіл	көңіл — сөйл. кеуіл	көңіл
залым — зәлім	залым — сөйл. зәлім	залым
әжім = ажым	әжім — сөйл. ажым	әжім
қартаң — кәртең	қартаң	қартаң
атырап — атрап	атырап — сөйл. атрап	атырап
көкпар — көкбар	көкпар	көкпар
ысырап — сырап	ысырап	ысырап
бәйшешек = байшешек	бәйшешек	бәйшешек
бәйтерек = байтерек	бәйтерек-сөйл. бәйтерек	байтерек
пақыр = бақыр	пақыр — сөйл. бақыр	пақыр
пәтуа = бәтуа	пәтуа — сөйл. бәтуа	пәтуа
пұл = бұл	пұл — сөйл. бұл	пұл = бұл
құман — құмған	құман- сөйл. құмған	құман
құдағи	құдағи-сөйл. құдағай	құдағи
қодық — қодыға	қодық, қодыға	қодық, қодыға
тістеуік-атауыз- кемпірауыз	тістеуік-атауыз- кемпірауыз	тістеуік, кемпірауыз
сірінке- обл. шырпы, оттық	сірінке-шырпы- обл. оттық	сірінке, шырпы, оттық

Байқалып отырғандай, *кейкі* сөзі үш сөздікте де белгісөзсіз беріліп отыр. *Кигіз* де екі томдық пен он томдықта белгісөзсіз берілген. Екі томдықта *қияр* сөзі жоқ. *Балау, кеуіл, зәлім, ажым, атрап, байтерек, бақыр, бәтуа, бұл, құмған, құдағай* – он томдықта ауызекі сөйлеу тіліндегі сөздер ретінде беріледі. Яғни олардың жергілікті жерлерде қолданылатындығы

қоса көрсетілмеген. Екі томдықта *ажым, байшешек, байтерек, бақыр, бәтуа, бұл* сөздері, ал бір томдықта *бұл* сөзі әдеби вариантқа тәуелсіз, байланыссыз бөлек қолданылады. *Қодыға* екі томдықта вариант ретінде беріледі. *Қодық* сөзінің мағынасы: құлан не есек сияқты жануарлардың құлыны. Он томдықта: *қодық* — құлан мен есектің құлыны, ал *қодыға* — маралдың төлі, бұзауы. Бір томдықта: *қодық* — құланның төлі; есектің, қашырдың тақайы, көдегі. Ал *қодыға* — маралдың, бұланның төлі, бұзауы. Бұл сөздер үш сөздікте де дұрыс берілген. Үш сөздікте де *тістемүік* сөзіне сипаттамалы түсіндірме, екі томдықта *атауыз бен кемпірауызға* синонимдік анықтама, он томдықта кемпірауызға аралас, атауызға синонимдік анықтама беріледі. *Сірінке, шырпы* және *оттық* сөздерінің үш сөздіктегі мағыналық дамуы үлгі боларлықтай: *сірінке* — от жағу үшін жасалған, басына күкірт оралған жіңішке шырпылар салынған қорап; *шырпы* — обл. Сірінке және сол сірінкенің жіңішке талы; *оттық* — обл. От тұтататын зат, сірінке (екі томдық); *сірінке* — от тұтату үшін басына күкірт жағылған жіңішке шырпылар және сол шырпылар салынған қорап; *шырпы* — сірінкенің басына күкірт жағылған талы, ший; *оттық* диал. — сірінке, шырпы (он томдық); *сірінке* — от тұтату үшін басына күкірт жағылған жіңішке шырпылар салынған қорап; *шырпы* — сірінкенің ший; *оттық* — сірінкенің шийін оталдыратын жері, күкірт (бір томдық).

Демек, жергілікті сөздердің біразы (*кейкі, кигіз, атауыз, кемпірауыз*) белгісөзсіз берілген. Белгісөздердің берілуінде де бірізділік жоқ. Екі томдықта облыстық (обл.) белгісөзі қолданылса, он томдықта жергілікті (жерг.) мен диалект (диал.) қатар, жарыстырыла қолданылады. Әдеби тілде баламалары бар жергілікті сөздердің біразы (*байшешек, байтерек, бақыр, бәтуа, бұл*) мүлдем бөлек, бір-біріне қатысы жоқ сөздер ретінде берілген. Жергілікті қолданыстың әдеби сөздің орнын басуы байқалады. Екі томдықта *пак* сөзі негізгі (әдеби) нұсқа ретінде берілгенмен, он томдықта оның орнында *пәк* сөзі қолданылған. Он томдықта мұндай жергілікті сөздердің бірқатары (*пак, сәнек, даража, кәртең, сырап, көкбар*) қажетсіз саналып, қолданысқа алынбаған. Шындығында олардың қажеттілігі анық. Бұл тәрізді ды-

быстық алмасулардың табиғатын тектес тілдердегі ортақ құбылыстармен салыстыра отырып зерттеген белгілі диалектолог-ғалымдардың [Омарбеков 1978; Омарбеков, Жүнісов 1985; Нақысбеков 1972; 1982 т.б.] еңбектерінде жан-жақты сөз болады.

Мағыналық тұрғыдан өзгерістің пайда болуы нәтижесінде кейбір варианттардың жұптарында (қодық-қодыға, сіріңке-шырпы, оттық) ыдыраушылық байқалады.

Екі томдық түсіндірме сөздікте обл. белгісөзімен берілген *айылбас* (айылдың басына тағатын, тілі бар темір шығыршық), *аула* (айналдыра қамыспен я дуалмен қоршалған жер, қора), *бәсіре* (меншікті, біреуге атаған мал, нәрсе), *жап* (егін суғаратын үлкен арық), *ковш* (1. Ожау, шөміш; 2. Түрлі механизмдегі үлкен ыдыс), *өрлік* (үйдің төбесін жабу үшін салынған арқалық, бел ағаш), *сүдігер* (күзгі жыртылған жер, қара пар, зябь), *шалгай* (киімнің түйме қадалған оң жағы мен сол жағы), *шит* (мақтаның ұрық шашатын дәні), *шөже* (тауықтың балапаны), *шіби* (тауықтың балапаны) сөздерінің одан кейінгі қолданылу тарихы әрқилы. *Аула*, *бәсіре*, *жап* (*кәсіби*), *сүдігер*, *шалгай*, *шөже*, *шіби* сөздері он томдық түсіндірме сөздікте толыққанды халықтық сөздер ретінде жалпылама қолданысқа енген болса, *айылбас* пен *өрлік* жергілікті сөздер қатарында қалды. [Белгілі сөздікші ғалым Б. Қалиев *айылбасты* әдеби тіл элементі санайды (Қалиев 1989, 153)]. *Ковш* түсіп қалды. Бір өкініштісі – әдемі *шит* сөзі де сөздікке кірмей қалды.

Ж. М. Гузеев диалектизмдердің этнографиялық, лексикалық, лексика-семантикалық, лексика-фонетикалық, лексика-сөзжасамдық және фонетикалық түрлерінен үшеуін, атап айтқанда фонетикалық, лексика-фонетикалық және лексика-сөзжасамдық диалектизмдерді түсіндірме сөздіктерге алудың қажеті жоқ деп санайды. Әдетте жазушылардың шығармаларындағы кейіпкер сөзінде қолданылатын бұл варианттардың әдеби варианттары болғандықтан олар оқырманға түсінікті, берері аз деген дәлелдер келтіреді. Осы тұрғыдан қырғыз, қазақ және татар сөздікшілерін сынайды. Қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігіндегі *аңзақ* (аңызак), *кебек* (кеуек), *ақа* (аға), *жері* (жерік), *кекілдірік* (кекілдік), *борнақ* (борпылдақ), *жәмше* (жәмбілше) тәрізді диалектизмдерді мысалға келтіреді.



Ғалым этнографиялық диалектизмдердің әдеби сөздермен тең дәрежеде берілуі, ал лексикалық диалектизмдердің міндетті түрде белгісөзбен (*диал.*) берілуі қажеттілігін жазды.

Ж.М.Гузеев бірқатар түркі тілдерінің түсіндірме сөздіктерінде әдеби тілде қолданылмайтын, кең таралмаған шағын аумақта ғана қолданылатын диалектизмдердің көптеп берілуін қателік санайды. Олардың әсіресе қазақ тілінің көп томдық сөздігінде мол ұшырасатынын сөз етеді.

Ғалымның келтіретін мысалдары төмендегідей: *айырқом* (ат жауырын қажамайтын етіп жасаған ер), *айырт* (адамның шаты), *ақзон* (ақ шыт, ақ сиса), *ақжүрек* (теріскен тәрізді шөп, ем үшін пайдаланады), *ақмұрт* (етіктің ішкі ұлтаны, ішпек), *ақпа* (ұшы сүйір таяқ,), *ақнар* (үлкен кесе), *ақсұл* (ақзон, ақ сиса), *ақтаяқ* (мұрап), *ақтық* (ақ мата), *албырт* (делбе), *аң* (аққан сумен ойылған жыралы жер, шұңқыр), *аңғалақ* (бас сүйектегі көз тұратын ойынды), *аңыр* (тоқтау, бөгелу), *апай* (төскей бет), *атайман* (өте, тым, тіпті), *атжарақ* (қару-жарақ), *аты* (бір нәрсені сүзгенде үстінен қозғап тұратын ағаш аспап), *атықтыр* – (1. Ат қойып үйрету, қойған атқа жаттықтыру; 2. Аттандыру, ат тағу), *аудан* (алдың бөгеп, тоқтатқан су), *аударыспа* (қосылыс, бірігу), *ауыт* (шығырдың су тұратын жері), *ашта*– (шыныға ыстық қоламта салып алып, іші ауырған адамды ырымдау), *аша* (аяқ), *ашар* (кілт), *ашық-жарық* (ашық-жарқын), *ашымық* (ашымал).

Осы аталған диалектизмдердің ішіндегі *ақмұрт*, *ақпа*, *ақтаяқ*, *аңыр*, *апай*, *атайман*, *аударыспа*, *аша*, *ашық-жарық* сөздерінің түсіндірме сөздікте берілуі, шынында да, ретсіз болғандығы байқалады. Қалғандарының жағдайы әртүрлі. Мәселен, *айырқом* ердің тоқымы екі бөлек болуы мүмкін. Яғни бұның желқом тәрізді ортасы ойық болмауы мүмкін. Сол себепті сөздікке алынуы дұрыс секілді. *Айырт* – ескі тілдік қабатқа жататын көне сөз болуы ғажап емес. Қазір жергілікті жерде қолданыста бар. Алайда, жалпылама халық тілінің сөздігіне мұндай қолданыстың алынуы мезгілсіз деп ойлаймыз. 1897 жылғы “Қазақша-орысша сөздіктегі” *ақ сун* (мақтадан тоқылған жұқа мата) осы *ақзон* болуы керек. Ақзон сөзінің сөздікке алынуында қателік жоқ деп ойлаймыз. Тек мағынасын нақтылай түсу қажет. *Ақжүрек* – түсіндірме сөздік пен диалектологиялық сөздіктегі

мағынасына қарағанда, — дәрілік шөптің бір түрі. Бұл — шөптің халықтық атауларының бірі ме, әлде сирек кездесетін шөптің жалғыз атауы ма, ол жағы белгісіз. Дегенмен сөздікке алынуы дұрыс. *Ақнар* сөзі диалектологиялық сөздікте ақпыр тұлғасында берілген. Атаудың негізіндегі уәж бізге белгісіз. Және бұл атау тіліміздегі үлкен кесенің жалғыз атауы емес. Сондықтан үлкен кесенің қандай түрі екендігі сипатталып, басқа түрлер аталуы керек. *Ақтық* — ақ матаның жалпы атауы болса, *ақсуи* — оның бір түрі. Мағынасын аша түсу қажет деп ойлаймыз. *Албырт* сөзіне диалектологиялық сөздікте “жылқы ауруының бір түрі” деген анықтама берілген. Анықтаманы нақтылай түсу қажет. Ол шынымен *делбе* аталатын ауру ма, әлде сәл өзгешелігі бар ма, соны анықтау керек. *Аңның* көне сөз екендігі байқалады. Берілуі дұрыс деген ойдамыз. *Ат-жарақ* — мініс аты мен қару-жарақтық жиынтық атауы болғандықтан, осы мағынада қолданысқа сұранып тұрған сөз. *Ауыт* — кәсіби лексикаға жататын, жалпылама қолданысқа қажетті сөз. Сондықтан түсіндірме сөздікте берілуі дұрыс. *Аңғалақ* та сондай. *Аты, аудан, ашымық* сөздерінің мағынасын аша түсу қажет тәрізді. *Атықтыр-* мен *ауыт* сөздерінің түсіндірме сөздікте берілуі жөн деп ойлаймыз. *Ашта-* сөзі этнографизмге жатқанымен, мағынасын аша түсу қажет тәрізді.

Жоғарыда сөз болған мысалдардан сөздік бірлікке берілетін анықтаманың сапасына жіті назар аударудың қажеттілігі байқалады.

Қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігіндегі жергілікті қолданыстарды жан-жақты зерттеген ғалым — Б.Қалиев. Ғалым әдеби тілде толық баламалары жоқ облыстық, аймақтық қолданыстағы сөздерге жергілікті (жерг.) белгісін қойып, әдеби баламасы бар диалектизмдерге (диал.) белгісін қойып, екі топты бөлек-бөлек қарастырғанды жөн санайды. Ғалымның есебі бойынша, диал. белгісі сөздікте 867 сөзге, 88 тіркеске, 42 мағынаға — барлығы 955 орында қойылған [Қалиев 1989, 153].

Ғалым аталған белгінің мынадай сөздер мен сөз тіркестеріне, мағыналарға қойылуын дұрыс көреді: *ақыр* (оттық), *аташ* (поезд), *ату* (мәсі), *әйдік* (үлкен), *буыз* (кебек), *жары* (жарты), *жона* (тоқым), *жуалдыз* (тебен), *жуырқан* (корпе),

жүдә (оте, тым), *забын* (зиян), *зәк* (дым, ылғал), *көрм* (жақсы), *құрана* (мәжіліс, кеңес), *қызалақ* (қыз), *мажал* (мүрша, шама), *набыт* (ысырап), *нәкес* (найсап), *озалда* (әуелде баяғыда), *өлез* (ынжық, бос), *пәрнек* (аққұман, шәйнек), *себесін* (себеп), *соламай* (бүтіндей, түгел), *үргелек* (үркек) *шом* (үйінді), *ірметіл* (ілбу); *ашық қайың* (ақ көңіл), *аяғы нан жүр* (кепілде жүр), *жатыс күн* (демалыс күн), *жә ма?* (жарай ма?), *не зат* (не нәрсе), *кіні алды* (күдіктенді), *құсн түсті* (зығырданы қайнады), *мағдыры құрыды* (күші кетті, дәрменсізденді), *мұз қара көк* (тіптен, мүлде), *мұзды аяқ болды* (шаршады, шалдықты), *бес сандыра* (сирек), *тәртіп берді* (бұйырды, нұсқау берді), т.б.

Ғалымның пікірі бойынша төмендегі әдеби тіл элементтеріне диал. белгісі қате қойылған: *айылбас*, *алағат*, *әбжіл*, *әдді*, *әмиян*, *дәліз*, *жемтір-жемтір*, *зым-қайым*, *зіңки*, *кәлек*, *кекілдірік*, *кертақыс*, *көзгенек*, *көмес*, *күмірем* (*күмірем қап*), *қайбана* (*қайбана қазақ*), *қайту*, *қақтама*, *қақы*, *қалбыр*, *қамалқа*, *қуысқұлақ*, *құмыты*, *құрандалы*, *қыжыр*, *қымыран*, *қырсау*, *қыш*, *немеурін*, *ноян*, *оймауыт*, *сида*, *сота*, *сықсима*, *тоған*, *тума*; *қол жаулық*, *мақшар күн*, *қара орман*.

Ғалым диал. белгісі қойылған бірліктердің біршамасының әдеби тілде баламаларының жоқ болуы себепті оларды жергілікті қолданыстардың қатарында қарастырғанды жөн санайды: *бұжы* (бүйенге ет тығып жасаған шұжық), *жарын* (келесі жылы), *жәрендік* (арбаның сатысы), *жөнем* (ақыл, кеңес, жөн сілтеу), *кекіл* (есікке құлып салатын шығыршық темір), *кесек* (саман кірпіш), *кетек* (тауық қора), *күржі* (қоржын аузының ілгегі), *қақпыш* (лянга), *қалжуар* (қақпаны бекіту үшін ішінен көлденең өткізетін ағаш), *қарынса* (маса, сона шақпас үшін ат қарнына кигізетін тор), *қожант* (үлкен пышақ), *локет* (соқаның жүзі), *мардан* (тірі балық салатын тордан тоқылған шарбақ), *метей* (үлкен ағаш күбі), *пәңгі* (есектің еркегі), *пенжіре* (шамның пиала кигізетін темір шілтері), *сапалақ* (мал айдайтын ұзын қамшы), *собалақ* (отқа көміп пісірген нан), *сусек* (астық сақтайтын ағаш жәшік), *тартпа* (шөп суырғыш құрал), *түңке* (қаңылтыр шатыр), *шүй* (жыртылмай қалған жер), *шыбықши* (жер өлшейтін адам).

Түсіндірме сөздікке алынған бірліктердің арасында диалект сөз бола тұрып, қателіктен белгіленбей кеткен диалектизмдер

қатарына автор мыналарды жатқызады: *айыр* (шанышқы), *бағдарлы* (байсалды), *бақалдау* (мыртықтау), *бақ-шақ* (азан-казан), *бақыл* (саран), *батқалақ* (батпақты), *бейпіл* (қаннен қаперсіз), *бейсалдық* (дел-сал болғандық), *белдік* (тартпа, тос айыл), *берек* (құнарлы), *дімкәрлік* (дімкәстік), *дөңкіл* (дөңес жер), *жандатпа* (құлама жар), *жанды* (мәнді), *жастық* (көпшік), *жасықтан* (баяулау), *зат* (текті), *кемпес* (кемпір), *кералаң* (киын-қыстау), *кеу* (тойымсыз), *көбінекей* (көбінесе), *когебай* (көкшіл), *көгілдірік* (көкжиек), *көде* (үйілген шөп), *көдері* (күдірейген), *көзел* (жұмсақ былғары), *көзел* (ашылу, айқындалу), *көтерме* (қарыз, несие); *көңілі бітті* (разы болды), *күрек аршыды* (қар күреді) т.б. [Қалиев 1989, 154-155].

Ғалым диал. белгісінің түсіндірме сөздікте үзбей қолданылып, ал жерг. белгісі алғашқы үш томда ғана қойылып отырғандығын, сол үш томның өзінде бұл екі белгінің сараланбай, жарыстырыла қолданылғанын сөз етеді. Автор сөздікте жерг. белгісінің 268 сөз бен 31 тіркеске, барлығы 299 жерге қойылғандығын еске салады. Ғалымның пікірі бойынша жерг. белгісі дұрыс қойылған қолданыстар: *айлақ* (кеме тоқтайтын жер, *айырма* (малдың бақай ауруы), *ақ лақ* (тағам түрі), *ақпа* (ойын аты), *ақтағыр* (екі канатты киіз үй), *аңғалақ* (бас сүйектегі көз тұратын қуыс), *аты* (бір нәрсені сүзгенде үстінен қозғап тұратын ағаш, құрал), *ашуат* (шөбі ащы жер), *байлама* (бөгет, тоспа), *бақыр* (темірден істелген шелек), *басат* (теңіз жағасындағы тыныш, жайлы қойнау), *борман* (әр түрлі бұйым салатын үлкен ағаш жәшік), *дәуіт* (сия сауыт), *дом* (қырғи ұстайтын ау), *жаба* (бүркіт ұстайтын құрал), *жаедан* (киізден істелген сандық қап), *жадуал* (көбейту табиғасы), т.б.

Ғалым жерг. белгісі қойылған бірліктердің біршамасына: *абыз*, *ақмұрт*, *ақпар*, *аламай*, *алаңғыт*, *албырт*, *ақи-тақи*, *алаң-салаң*, *алас-күлес*, *алғау-талғау*, *арту-арту*, *атишөлке*, *ауқат*, *аулие*, *ауым-сауым*, *аша* (айыр), *ашар* (кілт), *бақал*, *баспа*, *бәдірең*, *бершімек*, *бозым*, *бойлы-сойлы*, *болық*, *бопай*, *бора*, *борық*, *даң*, *дәйіс*, *дермиян*, *дүмбіл*, *ереу*, *есек*, *жайғар*, *жақау*, *жар*, *жарғақтан*, *жар-жарақ*, *жасын*, т.б. сөздерді, сондай-ақ *ақ көйлек*, *ал кеуде*, *алақигаш салды*, *албарынды болды*, *мез аударды*, *өз аяғына мініп кетті*, *әйдімге келмеді*, *бейтап болды*, *болыс үй*, *добыр аяқ*, *көрім болды*, т.б. диал. белгісін қойған жөн болатындығын жазалды.

Автор жергілікті қолданыстағы лексика ретінде белгіленген сөздердің біразы: *ақзон, ақсұп, ақ балшық, ақ тас, астау* (науа), *атқақта, атсейіс, әжетхана, бора-бора болды, бордақай, борпақ, деңге, дерте, дырқырат, жардам* (жәрдем), *кетулі*, т.б. шындығында ауызекі сойлеу тіліне жататын бірліктер екендігін айтады.

Әдеби тілге жақын бірліктер ретінде автор: *ақбасқын, ақпай-тоқпай, ала шапқын болды, албаты, амбар, көзі атыздай болды, атықтыр, аужар, ашта, аюоты, аяномыртқа, әңгек, бағамда, бәлекей, беймарал, бозбас, бозым, былжыр, бытпылдақ, дүңгіршек, есі ауды, жаба-салма, жандық* (эвфемизм) тәрізді қолданыстарды атайды [Қалиев 1989, 155-156].

Бір томдық түсіндірме сөздікте 150 шақты бірлік жергілікті қолданыс ретінде жерг. және диал. белгілерімен тіркелген: *айбан* (веранда), *ақмұрт* (майға шыланған сөк тары), *ақпа* (балық аулайтын аудың бір түрі), *алғаулы* (тапшы, зәру), *арқа-жарқа* (мәре-сәре), *асмалдық* (әшекейлеген түйе жабуы), *асаукөк* (қонақкәде), *ауыртпақ* (ши тоқитын құрал), *әкпіш* (иінағаш), *әндеме* (үй сылайтын қалақша), *бауырдақ* (ертұрманға тағылатын айыл), *безек* (ағаш безі), *бозғалдақ* (көктемгі гүл, жауқазын), *ботана* (лай су), *бөдес* (төзімді, көнбіс жылқы), *бұжбан* (бүйенге салып пісірілген шұжық), *бұжы* (жаңа сойған қой етін бүйенге салып пісірген шұжық тәрізді тағам), *бүйқыт* (кенеттен), *бытпылдық* (бөдене), *доғалық* (түйеге отын артатын арқанның ұшына байлайтын қоян сүйек жиде, тобылғыдан жасалған тоғанак), *жаба I* (қыран құсты ұстау үшін торлап, шаңырақ тәрізді етіп жасалған құрал), *жаба II* (шоп суарғыш), *жайбағыста* (ақырындап асып-саспай), *жалғантыс* (астарсыз бас киім, күләпара), *жалдама* (тасқын судың кең жайылған тұсы), *жалпош* (атқа жабатын әшекейлі жабу), *жарма* (өзеннен тура тартылған ор, үлкен канал), *жаужүрек* (жаубүйрек), *жауша* (қара бидай), *жәмке* (қысқыш, шымшуыр), *келімдөрі* (қызыл қабықты бұрыш), *келімге келмеді* (айтқанды істемеді), *керте* (малға шоп салатын ақыр), *кетулен* (тозу), *көземелде* (жөн сілтеу, бағыт беру), *козгелдек* (өте шағын ыдыс), *қоңқарға* (жайлаудан ескі жұртқа көшетін кез), *көрдемше/күрдемше* (некесіз туылған нәресте), *күл* (ойпаң жерге іркілген су), *күрдек* (жас төмен арық малға арналған қора), *кірей* (кіре, күш қоліне

жалдау), *кісәнір* (қалта ұрысы), *кіселе* (қауынды жалпақ етіп ғіліп, етін пышақпен торлап керту), *кісеу* (суық тигеннен болатын жотел), *шебік* (жұқа тақтай, фанера), *шөлмек* (шиша, ботелке), *шөнек* (егістік жердің жан-жағынан су ағып кетпестей етіп қойған кішкене бөлшегі, атыз), *шығымтал* (онімтал, шығымды), *шынжау* (нәзік, әлсіз), *шырла* (*сыпыру, тазалау*), *шігіт майы* (мақта майы), *шілтер* (1.Самаурынның оттығы. 2.шам мойнының тесік-тесік қалқаны), *шіңгіршек* (жүгерінің сабағы), *іскенже* (қысқыш темір) т.б.

Қазақ диалектологиясының тіліміздегі жергілікті ерекшеліктерді ғылыми тұрғыдан жан-жақты қарастыратыны белгілі. Жергілікті қолданыстағы кәсіби лексика да, этнографизмдер де осы салада зерттеледі. Диалектілік ерекшеліктердің ішкі бөлінісінің өзінде қаншама дәреже, деңгейлер бар.

Әр ғылым саласының өзіндік ерекшелігі болатындықтан, лексикографияның, оның ішінде жалпы лексикографияның, оның ішінде бір тілді (түсіндірме) сөздіктердің де жалпы халықтық тілдегі сөздік құрамды жүйелі түрде, өз мақсат-мүддесіне сай реттеп беруде өзіндік ерекшеліктері бар. Жоғарыда сөз болған ғылыми пікірлер мен келтірілген мысалдар арқылы түсіндірме сөздіктердегі диалектизмдердің берілімінде кезігетін қиыншылықтарды байқауға болады.

Ең әуелі регионализм мен диалектизм ұғымдарын түсінуде маман ғалымдардың көзқарастарындағы айырмашылықтар көзге түседі. В.П.Берков пен Ж.М.Гузеев регионализмдерді жалпыхалықтық (әдеби) лексика құрамында қарастырады. Белгілі сөздікші ғалым Б.Қалиев те осы көзқарасты ұстанады.

Ж.М.Гузеевтің регионализмге келтіретін мысалдары екі бөлек өлкеде – қарашай-шеркес елі мен қабарды-балқар елінде мекендейтін қарашай және балқар аталатын құрама халықтың тілінен алынған. Біреуінде сирек қолданылатын сөздер екіншісінде жиі қолданылады және керісінше. Әйтеуір бұлар екеуінде де, яғни әдеби тілде қолданыста бар сөздер. Ғалымның пікірі бойынша регионализмдер бір халық өкілдерінің басқа-басқа, аумақтық тұрғыдан бөлектенген аймақтарда мекендеуіне байланысты пайда болады.

Демек, қарашай-балқар тіліндегі жағдайды қазақ тіліне қатысты қарастыратын болсақ, бұл Қазақстанда, Озбек-

станда, Қырғызстанда, т.б. елдерде мекендейтін қазақтардың ортақ әдеби тіліндегі сөзқолданымдар болып шығады. Яғни олардың бәрі де әдеби сөздер, тек қана аз-маз мағыналық (лексика-семантикалық) не тұлғалық (фонетикалық) өзгешелігі бар сөздер.

Қазақ тілшісі Б.Қалиевтің көзқарасы сәл басқалау. Ғалым, біріншіден, регионализм құбылысын Қазақстанда, яғни бір елде тұратын халықтың тілі негізінде қарастырады. Екіншіден, регионализмдерге әдеби тілде баламасы жоқ бірліктерді жатқызады. Демек, дұрыс түсінген болсақ, бұл тұрғыдан регионализмдерге этнографизмдер мен кәсіби сөздер кіреді. Бұл жерде айта кететін жағдай: этнографизмдер мен кәсіби сөздерді жалпыхалықтық лексика (әдеби тіл) құрамында қарауды Ш.Ш.Сарыбаев та, Ж.М.Гузеев те, Б.Қалиев те қолдайды.

Осы ойды дамытар болсақ, сөздіктегі регионализмдерді (этнографизмдерді, кәсіби лексиканы, т.б.) жергілікті (*жерг.*) белгісімен, ал диалектизмдерді Ш.Ш.Сарыбаев ұсынған аймақтық (*айм.*) белгісімен берген жөн болар еді.

Жергілікті және аймақтық лексиканың қолданылу аумағын айқын белгілеу талабын ғылыми тұрғыдан жүзеге асыру үшін диалектологиялық сөздіктің, лингвистикалық карталар мен атластардың деректеріне назар аударуға тура келеді.

Аймақтық лексикадағы фонетикалық варианттардың түсіндірме сөздікте берілуі мәселесінде Ш.Ш.Сарыбаев, С.Омарбеков тәрізді ғалымдардың пікірлеріне қосыла отырып, олардың бір ғана (әдеби) сыңарларын орнықтыруды жөн санаймыз. С.Омарбековтың сөзімен айтқанда, “мұндай дублеттердің тіліміздің лексикасында өмір сүруінің бірақ шарты бар. Ол — бұлардың әр сыңарының дербес мағыналық түс-таңбаға ие болуы: үкімет — өкімет, уақиға — оқиға, харекет — әрекет”.

Лексикалық дублеттерге қатысты Ш.Ш.Сарыбаевтың пікірін қолдай отырып, *түсіндірме сөздікте негізгі вариантқа ғана түсіндірме берілуін, қалғандарында сол вариантқа сілтеме жасалуын дұрыс деп білеміз.* Және жоғарыда сөз болғандай, *негізгі вариантқа берілген түсіндірмеден кейін сөздікте кездесетін басқа варианттарды санамалап шығару қажет* деп ойлаймыз. Бұл, біріншіден, негізгі сөздің орны бекіте түсуге қажетті болса, екіншіден, мағыналас бірлік

тердің бір ұяда берілуі арқылы олардың мағыналық бірлігін көрсетеді. Үшіншіден, бұл узустың талаптарына жауап береді. Яғни халық тіліндегі ерекшеліктерді айқындай түседі.

Мәселен, *инагаиш* сөзіндегі түсіндірмеден кейін *су агаиш*, *мойын агаиш*, *күйенте*, *құрамыс*, *әпкіш* тәрізді дублеттер санамаланады. Лексикалық дублеттер міндетті түрде *айм*. белгісімен белгіленуге тиісті.

### 2.3. Халықтық кәсіби лексика

А.А.Юлдашев халықтық терминологиялық лексика мен кәсіби сөздердің (профессионализмдер) әзірге түсіндірме сөздіктерге ешқандай кедергісіз алынып келгендігін, оны өзінің қолдайтындығын білдіреді. Оның басты себептері ретінде ғалым: біріншіден, ол сөздердің тілде басқаша атауы жоқ реалияларды білдіретінін, екіншіден, олардың осы халықтың материалдық және рухани мәдениетін бейнелейтінін, үшіншіден, осы терминологиялық топтың ішінде сирек кездесетін, бұрын тілдік дерек көздерінде тіркелмеген, тарихи тұрғыдан құнды сөздердің көп ұшырасатынын, төртіншіден, ең бастысы, бұл лексиканың өзінің құрамы мен сипаты жағынан да, әдеби нормаға қатысы жағынан да түркі тілдерінде әлі аз зерттеліп отырғанын айтады [Юлдашев 1972, 87].

Ғалым сөздікке алу мәселесінде бұл топқа қолайлы жағдай жасалып отырғанымен олардың әлі де аз қамтылып отырғанын жазады. Халықтық терминологиялық лексиканы толық зерттеп, сөздіктерде беру мақсатымен оны зерттеу ісінің кең жолға қойылып отырғанын, құстар мен өсімдіктердің, мал шаруашылығы мен кілем тоқымашылығының, т.б. салалардағы халықтық терминдердің зерттеліп отырғанын жазады. Ғалым осы зерттеулердің негізінде сөздіктегі кәсіби лексиканың нормативтілігіне қатысты мәселелердің дұрыс шешімін табуы мүмкін екендігін, бұнын халықтық терминологиялық лексиканы зерттеу мен жүйелеудегі ең маңызды міндеттердің бірі болып табылатындығын атап өтеді. Ғалым осы мәселенің әлі дұрыс шешілмеуінен кәсіби негізді қарапайым сөздердің сөздіктерге еш белгісіз, жалпы әдеби тілдің мұрасы ретінде алынып отырғанын еске салады [Юлдашев 1972, 88]. Ж.М.Гүзесев бұл мәселені қарастырмайды.



Қазақ тіл білімінде де аталмыш сала жақсы зерттелді. Академик Ә.Т.Қайдардың ғылыми басшылығымен көптеген зерттеу еңбектері жазылды. Мәселе тек сол байлықтың түсіндірме сөздіктерде жеткілікті дәрежеде қамтылмай отырғандығында. Жалпы халықтық терминологиялық лексика, этнографизмдер, этнографиялық диалектизмдер, кәсіби сөздер (профессионализмдер) арасы әлі күнге айқын ажыратылмаған. Бұл аталмыш топтардың бір-бірімен байланыссыз, жеке-жеке қарастырылуынан деп ойлаймыз. А.А.Юлдашев қолданған *халықтық терминологиялық лексика* терминінің аясының кеңірек екендігі, басқаларды қамту мүмкіндігінің молдығы сезіледі. Біз топтық атау ретінде *халықтық кәсіби лексика* терминін қолданушыларды қолдаймыз.

Аталған топтардың түсіндірме сөздіктерге алынуы шешілген, басы ашық мәселе. *Этнографизмдер жалпы халықтық лексика құрамында қаралатындықтан, сөздікте ешқандай арнайы белгісөзсіз, жақша ішінде берілетін айқындама, түсініктемелермен ғана беріліп келеді. Кәсіби сөздер де солай.* Дублеттері бар диалектілік этнографизмдердің сілтемелер арқылы берілуі дұрыстау болады деп ойлаймыз.

Қазақ тіл білімінде этнографиялық лексиканы зерттеу ісі жақсы жолға қойылған. Бұл саланың зерттелуіне академик Ә.Қайдар мен оның шәкірттерінің қомақты үлес қосып отырғаны белгілі [Қайдаров 1986; 1998 т.б.]. Қазақ тілінің этномәдени лексикасын зерттеуде белгілі ғалым Е.Жанпейісовтің де еңбегі ерекше [Жанпейісов 1976; 1989]. Аталған ғалымдар мен олардың шәкірттерінің, басқа да зерттеушілердің еңбектеріндегі, сондай-ақ, халық арасындағы білікті адамдар жинастырған этнолингвистикалық материалдардың қазақ тілінің түсіндірме сөздіктеріне сұрыптала отырып алынуы қажет екендігі дау тудырмайды.

## 2.4. Ескі сөздер

Лексикографияда қазіргі кездің сөздігі ұғымында негізінен екі сөздік түрі қолданылады. Біріншісі – *қазіргі тілдің сөздігі* аталса, екіншісі – *ағымдағы сөздік* аталады. Қазіргі тілдің сөздігі ұғымының аясы кеңірек. Ондай сөздікте хронологиялық тұрғыдан қазіргі тіл ұғымына кіретін ке-

зендегі сөздік құрамды қамту жобаланады. Яғни мұндай сөздікте қазіргі тіл саналатын, соңғы бірнеше ғасырды қамтитын кезеңдегі сөз құрамы мүмкіндігінше толық қамтылуы керек.

Ал ағымдағы тіл сөздігіне қазіргі заман тілі дамуының соңғы кезеңінде (соңғы 5-10 жыл) қолданылып жүрген лексика мүмкіндігінше толық алынады. Қазақ лексикографиясында жасалған түсіндірме сөздіктер – қазіргі заман қазақ тілінің сөздіктері болғандықтан, олардың құрамында қолданыстан түспеген ескі сөздер жеткілікті дәрежеде болу керек. Алайда, түрлі себептерге байланысты лексиканың бұл қабаты жеткілікті дәрежеде алынған жоқ деп айтуға болады. Оған себеп болған негізгі факторлар қатарында лексикографиядағы әдеби норма мен нормативтілікке байланысты ерекше ұстанымдарды атауға болады. 1917 жылғы қазан төңкерісінен кейінгі кезеңдегі одақтық лексикографияда қазіргі тілдің сөздігі ұғымы тек қана кеңес дәуіріндегі тілдің сөздігі мағынасында түсінілді. Әдеби тіл сөздігінің хронологиялық шегін 1920-жылдардан бастаудың қажеттігі және оған бұрынғы әдебиет үлгілерін, кітаби лексиканы алмау туралы А.А.Юлдашевтің пікірін жоғарыда келтірдік.

Осы талап тұрғысынан қазақ тілінің тұңғыш екі томдық түсіндірме сөздігі шын мәнінде кеңестік дәуірдегі әдеби тілдегі ең жиі қолданылатын сөздерді қамтыған сөздік болды. Жалпы халықтық сөздік құрамды қамтыған он томдық сөздікке де бұрынғы кезеңдердің лексикасы мүмкіндігінше толық қамтылды деуге болмайды. Осы мәселеге қатысты белгілі сөздікші ғалым А.Ысқақовтың он томдықта араб және латын графикалы әдебиеттің пайдаланылмағаны туралы пікірі де жоғарыда сөз болған еді.

Жалпы қазақ халқының түрлі күрделі кезеңдерді бастан кешіргені белгілі. Әсіресе ХХ ғасырда күрт өзгеріс болып, арғы заманнан бері ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан дәстүрлі шаруашылық, дәстүрлі өмір салтының орнына басқа шаруашылық түрлері, басқаша өмір салты келді. Бұрынғы зат, құбылыс атауларының бірқатары күнделікті қолданыстан шығып қалды. Советизмдер орнықты. Осындай күрделі кезең ұзаққа созылып, бірнеше ұрпақ ауысып үлгерді. Біраз ұғымдардың атаулары жоқ болды, келмеске

кетті. Тілдік органың біртектілігі бұзылып, нәтижесінде тілдегі дәстүрлілікті сақтаудың өзі қиын болды. Осындай құбылыстар көп томдық түсіндірме сөздіктегі сөз құрамына әсер етпей қалған жоқ. Көне, тарихи сөздер қабатының толымды дәрежеде қамтылмауына әкелді. Сол себепті бұл мәселені арнайы сөз етудің реті бар деп ойлаймыз.

Ескірген сөздер қатарына дәл қазіргі кезеңнің алдындағы дәуірде қолданылған, қазіргі тілдік ортаға әлі де ұғынықты сөздер тобы алынбайды [Филин 1957, 39-40; Ахманова 1957, 272; Берков 1973, 72].

Ескі сөздер – өте сирек қолданылатын, бірақ әлі “тірі” сөздер [Балли 1961, 104].

Тіл білімінде қалыптасқан дәстүр бойынша ескірген сөздерді екі топқа бөліп қараушылық бар. Бірінші топқа тілдік ұжымның қолданысынан шығып қалған заттар мен құбылыстар кіреді. Алайда ол заттар (реалиялар) кейінірек қолданысқа қайта кіруі де мүмкін. Ал ескі құбылыстардың сарқыншақтары әлі де сақталуы мүмкін. Бұл топ – *тарихи сөздер* (историзм) деп аталады.

Ж.М.Гузеев те осы пікірді қолдайды. Ғалым тарихи сөздердің тарих саласы бойынша ғылыми әдебиетте және көркем әдебиетте қолданылатынын айта келіп, олардың түркі тілдерінің түсіндірме сөздіктерінде әрқалай беріліп келгендігін жазады. Инструкцияларда қазіргі ғылыми әдебиетте, көркем әдебиет пен көсемсөзде жиі кездесетін тарихи сөздер ғана алынады деп айтылғанымен, іс жүзінде сөздіктерге олар ешқандай шектеусіз алынып келгендігін, оны мойындап ашық жазып отырған жалғыз қазақ сөздікшілері екендігін еске салады [Гузеев 1984, 20].

Қазақ тіл біліміндегі ескі сөздер туралы ғылыми көзқарастарда негізінен осы арнада өрбиді: “Көнерген сөздер – қазіргі тілге белсенді қолданылмағанымен, тілдің сөздік қорында сақталған. сол тіл окілдеріне түсінікті сөздер... көнеру сипаты мен тілде қолданылу ерекшеліктеріне қарай екіге бөлінеді: *тарихи сөздер* және *архаизмдер*. Тарихи сөздердің көнеруі тарихи атаулардың біржола жоғалуымен байланысты болады (болыс, шабарман, ақберен, қорамса, айбалта, нарком, отарба, қызыл әскер т.б.). Архаизмдер дегеніміз қолданыста бар заттардың атауы болғанымен әртүрлі себептерге байланысты синонимдермен...

мастырылған немесе ескіріп біржола қалып қойған сөздер (барымта, аба, кебеже, саптыаяқ, ергенек, иткірмес, аран, қақыра, дат, толағай т.б.)...”[Манкеева 1998, 178].

Ж.М.Гузеев тарихи сөздерді сұрыптап алудағы басты кемшіліктер ретінде:

1) қазіргі әдебиетте сирек қолданылатын және мүлде қолданылмайтын сөздердің кездесуін;

2) сөздікте тарихи сөздердің фонетикалық варианттары мен сирек қолданылатын туынды тұлғаларының сөздік тұлға ретінде берілуін;

3) тарихи сөздерді ескірген сөздермен араластырудың кездесуін;

4) тарихи сөздерді нормативті сөздермен араластырудың кездесуін атайды.

Мәселен, тарихи лексиканы ескірген сөздермен шатастырып алудың мысалдары ішінде қазақ сөздігіндегі *ескі*. белгісімен берілген *батпан* (салмақ өлшемі), *жүзбасы* (әрбір жүз адамның басшысы) сөздерін келтіреді. Осы сөздер көнеден келе жатқан сөздер болса да, оларды “тарихи сөз” дей береміз бе? Қалай болғанда да қазақ тілінің түсіндірме сөздігінің инструкциясында тарихи сөздерге берілетін анықтама мүлде басқа: “*Тар.* – тарихи сөз. Бұл белгі совет үкіметінің алғашқы жылдарында жаңа сөз есебінде кеңінен қолданылғанымен, кейіннен өмірдің, тілдің даму барыстарында қолданудан шығып қалған сөздер мен тіркестерге қойылады. Мысалы: *қосшы, қызыл отау...*”.

Ж.М.Гузеев түркі тілдерінің сөздіктерінде белгілі бір сөздің өзінің әрқалай берілетінін жазады. Мысалы *батырақ* – татар және қазақ сөздіктерінде тарихи сөз ретінде берілсе, түркімен және қырғыз тілі сөздіктерінде еш белгісіз берілетінін, сол сияқты *басмашы* сөзінің әзірбайжан және қазақ сөздіктерінде *тарихи* белгісімен, ал түркімен, татар, қырғыз сөздіктерінде – еш белгісіз берілгенін ескертеді.

Қазақ тілінің екі томдық түсіндірме сөздігіндегі *оқшантай, шәкірт* тәрізді бірлі-жарым сөздерде ғана *тар.* белгісі кездеседі.

Б.Қалиев он томдық түсіндірме сөздікте 96 сөзге, 27 тіркеске, 8 мағынаға – барлығы 123 жерге тарихи белгісінін қойылғанын жазады.

Ғалым он томдық түсіндірме сөздікте тарихи және көне сөздерді ажырата алмаушылықтың болғандығын айта отырып, екеуінің айырмашылығына тоқталады: “*Көне сөздер* деп – тілімізде о бастан қолданылып келе жатқан кейбір сөздердің сол сөздер арқылы белгіленетін заттар мен ұғымдардың ескіруіне, конеленуіне байланысты мұның да ескіріп, күнделікті тұрмыста қолданудан шығып қалуын айтатын болсақ, ал *тарихи сөздер* деп – тілімізде бұрын болмаған, қолданылмаған өмірдегі өзгерістерге, жаңалықтарға, тарихи жағдайларға байланысты тілімізге жаңадан еніп, біраз уақыт жұмсалынып келген, содан кейін тағы да сол өмір өзгерістеріне байланысты тілімізден қайтадан шығып қалған сөздерді (тіркестерді) айтамыз” [Қалиев 1989, 170].

Ғалым сөздікте бәрі де тарихи сөздер болып табылатын *болатком* сөзіне *көне* белгісі, *қара айғырға* (паровоз) *қарап* белгісі, ал *қосшы одағы*, *қызыл отау* тіркестеріне ешқандай белгі қойылмағандығын жазады.

Бір томдық түсіндірме сөздікте (1999) шамамен қырық шақты сөзге *тар.* белгісі қойылған. Олардың ішінде *аға сұлтан*, *ауыlnай*, *болыс*, *датқа*, *тархан*, *би*, *бек*, *басмашы*, *батырақ*, *байқұлақ*, *мұжық* тәрізді қоғамның түрлі өкілдерінің атаулары да, *астролог*, *астрология*, *генеология*, *ассигнация* тәрізді салалық терминдер де, *отарба* тәрізді халықтық атаулар да кездеседі.

Ескірген сөздердің екінші тобына орнына басқа, синонимдес сөздің қолданылуы нәтижесінде тілден шеттетілген, алайда әлі де ерекше стилде қолданылатын сөздер кіреді. Оларды *ескі сөздер* (архаизм) деп атайды [Берков 1973, 73].

Ж.М.Гузеев архаизмдерді түсіндірме сөздікке алудың бірден-бір шарты ретінде олардың көркем әдебиетте нақты стилдік мақсатта қолданылуын атайды. Яғни ғалымның ойын сабақтар болсақ, көркем әдебиетте стилдік мақсатпен қолданылмайтын ескі сөздің түсіндірме сөздікке қажеті жоқ. Әрине, бұл оймен келісуге болмайды.

Екі томдық түсіндірме сөздікте шамамен жүз шақты бірлік (*Абдәсте Абақ*, *беташар*, *жұмақ*, *жаран*, *дүлдүл*, *дулыға*, *дұғай*, *бітір*, *болыс*, *дию*, *батпан*, т.б.) арх. және ескі. белгілерімен белгіленген.

Б.Қалиев он томдықта 658 жерге *көне* белгісінің қойылғанын жазады.

Ғалым сөздікте осы белгімен белгіленген бірліктер арасында диалектизмдердің, этнографизмдердің, тарихи сөздердің, әдеби тіл құрамына кіретін жалпы халықтық сөздердің, ауызекі сөйлеу тілі элементтерінің мол ұшырасатындығын нақты мысалдармен дәлелдейді.

Бір томдық сөздікте де үш жүздей ескі сөздер кездеседі.

Ескірген сөздердің халық жадынан шығып, ұмыт болуымен оның мүлде қажетсіз болуымен ғана түсіндіруге болады. Әдетте қажетті сөз ұмытылмайды. Олардың ұмытылмауына мектептегі тіл, әдебиет және тарих сабақтарында оқылатын шығармалардың да зор әсері болады.

Қазіргі кездегі білімді ирандықтар X-XV ғасырлардағы классикалық парсы поэзиясымен сонау мектеп қабырғасында-ақ жақсы таныс болады екен. Фирдоуси, Саади, Хафиз бен Омар Хайямның, басқа да ақындардың өлеңдерін ирандықтар жатқа біледі екен [Берков 1973, 74].

XII ғасырда жазылған, шын мәнінде одан да бұрын болған тарихи оқиғаларды (олардың ішінде Аттила әскерлерінің соғыс қимылдары да суреттеледі екен — М.М.) сипаттайтын көне исланд эпостық жырлары мен сагаларының тілі қазіргі исландықтарға еш жат емес, түсінікті. Керемет көркем эддалық жырлар (“Игорь полкы туралы сөзге” далалықтардың жыршылық мектебінің әсері болғандығы туралы әңгіме бар екендігі белгілі. Сол тәрізді Еуропаның сонау қиыр солтүстігіндегі эпостық жыр мәдениетінде де ежелгі далалықтардың қолтаңбасы болуы мүмкін — М.М.) мен ескі исланд ру-тайпаларының жазба шежірелері (сагалар) қазіргі исландиядағы мектептерде оқытылатындықтан, ақындар ескі үлгіде, ескі лексиканы қолдана отырып өлең шығаратындықтан бұл тілде ескірген лексика мен қазіргі лексика арасында үлкен айырмашылық байқалмайды екен (Стеблин-Каменский 1967, 94; Берков 1973, 74; Кашнельсон 1949, т.б.).

Едіге, Токтамыс, т.б. туралы ноғайлы дәуірінен қалған жырлардың қазақ қауымында, қазіргі қазақ тілінде жырлануы, Есенғали Раушанов тәрізді ақындардың ескі жырлардың үлгісінде өлең жазуы, исландықтардікі сияқты жақсы нышан.

Жоғарыда, бірінші тарауда, Л.В.Шербаның “француздар үшін қазіргі әдебиет ұғымының XVII ғасырдан бергі кезең-

ді қамтитындығы” туралы пікірін келтірген едік. Ағылшын тілінің Оксфорд сөздігіне XVI ғасырдан бергі сөздер алынған деп жазылып жүргенімен, шын мәнінде онда XII ғасырдан бергі лексиканың қамтылғандығы туралы ағылшын лексикографиясының белгілі маманы Л.П.Ступиннің пікірде жоғарыда сөз болған еді.

Түрік тілінің екі томдық түсіндірме сөздігінде ортағасырлық османлы дәуірінде қолданыста болған лексиканың да қамтылғандығы белгілі.

Біздің бұларды айтып отырған себебіміз: XVI ғасырдан бергі кезеңде қазақ тілінің дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылымы танымастай халде өзгерді деп айтуға келмейді. Сыпыра жыраудан бергі күллі жырау, жыршы ақындардың сөз саптауы бізге жат емес. Сондықтан қазақ тілінің түсіндірме сөздігіне сол кездегі лексиканың үлгілері де енуі керек. Оларды сөздікте беруде В.П.Берков ұсынған XVIII ғ., фольк. тәрізді белгісөздерді қолдануға болады.

Белгісөздерге қатысты мәселеде *ескірген лексиканы белгілеу үшін ескі белгісөзін қолданғанды жөн санаймыз* [татар тілінің үш томдық түсіндірме сөздігінде *искергән сүз* (*иск.*) белгісөзі, ал түрік тілінің екі томдығында (1988) *eskimis* (*esk.*) белгісөзі қолданылады — М.М.].

Ал *тар. белгісімен тарих бойынша салалық терминдерді белгілеген дұрыс деп ойлаймыз.*

Одақтық лексикографиядағы жүйелеуді қате санаймыз.

Осы жерде кеңес үкіметі тұсындағы қоғамдық құрылысты, сондай-ақ, сол кезде қолданыста болған, бірақ қазіргі кезде басқаша аталатын немесе өзгеше мағынада қолданылатын материалдық және рухани дүние заттары мен құбылыстарын белгілеуге арналған арнайы белгісөздің қажеттілігін айту қажет. Өз тарапымыздан *кең.* белгісін ұсынамыз.

## 2.5. Жаңа сөз қолданыстар

Әдеби тіл ұғымы аясының кеңейуіне байланысты стил туралы бұрынғы түсінік өзгеріп отыр. Біз бұл еңбекте стил терминін бұрынғы әдеби тілде қолданылған төрт стил ғылыми көпшілік әдебиет стилі, көркем әдебиет стилі, ресми іс-қағаздар стилі және көсемсөз (публицистика) стилі түр-

ғысынан қарастырғалы отырған жоқпыз. Аталғандардың бәрінде өзінің метатілдік құрылымы бар жеке ғылым, білім, мәдениет салаларының тілдері ретінде түсінеміз. Қазіргі әдеби тіл ұғымының негізін осы жекелеген ғылыми салалардың, яғни ғылыми тілдердің құрайтындығы белгілі болып отыр. Оның үстіне қазіргі қоғамның дамуында бұрынғы көркем әдебиет тілінің жеке монополиясы ыдырап, ендігі кезеңде оның орнында бұқаралық ақпарат құралдары (газет, журнал, теледидар, радио) тілдерінің атқаратын ролі ерекше өсіп отыр. Сол себепті қазіргі кезде газет-журналдардың тілін, теледидардың тілін, радионың тілін зерттеу мәселелерінің алдыңғы қатарға шығуы — қоғамдық қажеттіліктің көрінісі.

Ғылым мен техникадағы, әлеуметтік, мәдени өмірдегі үнемі болып жататын өзгерістерді атаудың қажеттілігі жаңа қолданыстардың — жаңа сөздер мен сөз тіркестерінің пайда болуына себеп болады. Қазақ тіліндегі жаңа қолданыстарды тіркеп, жұртшылықтың назарына ұсыну ісі жақсы қолға алынған болатын. 1973–83 жылдары баспасөз, теледидар, ғылыми-көпшілік әдебиет беттерінде көрініс берген жаңа атаулардың сөздігін шығару алғаш рет 1985 жылы жүзеге асырылса, одан бергі кезде де 1984–88 жылдар арасындағы жаңа атауларды қамтыған бір жинақ және 1988–1991 жылдарда пайда болған жаңа сөздерді, балама атауларды жинақтаған, бұрынғы шығарылымдарды қамтыған үшінші жинақ (жинастырушы, құрастырушылары: А.Алдашева, Ш.Сарыбаев, Н.Уәлиев) 1992 жылы жарық көрді.

Жаңаның алғашқы кезде тосын, қолайсыз көрінетіні анық. Көрнекті тіл маманы Р.Сыздықованың жазғанындай [Сыздықова 1992], 1930–40 жылдары жұртшылық *өсімдік, өнеркәсіп, кәсіподақ, баспасөз* атауларына жатырқай қараған болса, 1950–60 жылдары *оқулық, оқырман, көрермен, ұшсайыс* сөздеріне жатсына қараған болатын. Кейін ол сөздердің жаңалығы білінбей кетті.

1970–80 жылдары жаңа сөздер қатарында болған *желдеткіш, сарапшы, бұрыштама, автотұрақ, былау, дөңгелек стол, дәрісхана, демеуші, жағажай, жанкүйер, жанұя, жарияланым, жарнама, жәдігерлік, желкөз, жолдама, жолсерік, зейнетақы, кәсіпқой, кеніш, кепіл, кепілдеме, көкөніс, күйтабақ, саябақ, саяжай, саясаткер, сілтеме, тәмсіл, тлашар, уәждеме* қазіргі кезде жиі қолданылатын сөздерге



айналып отыр. Қолданысқа 1990 – жылдары енген егемендік, елтаңба, жалгер, жеделхат, жекешелендіру, күнпарақ, зангер, зейнет, зейнеткер, кәдесый, кесене, кешен, сенімхат, тапсырысынып, төраға, төлқұжат тәрізді атаулар сөйленімде де жазба тілде де толыққанды қолданылуда. Бұлардың ішіндегі сынып, төраға, төлқұжат сияқты атаулар – бұрын қолданыста болған сөздердің түрленіп, тілге қайта енген тұрғалары. Аталған атаулардың өзі бірқатар сұрыптаудан өткен сөздер екендігі белгілі. Жұртшылыққа бұрыштама, қиғаштама, демеуші/қаражатшы, жанкүйер/сүйермен, күнпарақ/күнтізбе/күнтізбек/жылпарақ/жыртпалы календар, көкөніс/көктат, сенімхат/сенімқағаз тәрізді жарыспалы варианттардың болғандығы танық. Осылардың алғашқылары ғана екшеуден өтіп отыр.

Қазіргі қазақ тілінің түсіндірмелі, аударма және салалық сөздіктерінде осындай екшелген, орныққан қолданыстарды сондай-ақ орнығуы мүмкін қолданыстарды да міндетті түрде алу қажет. Біріншіден, бұл қазіргі заманның ақпарат заманы болуына, қазіргі кезеңде ақпарат құралдарының қоғамдағы рөлі өлшеусіз өсіп отырғандығына байланысты болса екіншіден, бұларды бейнелеу – сөздіктердің тікелей міндет екендігінде. Сөздікшінің оларды сөздікке алмауға қажет жоқ.

Әрине, жаңа сөздер құрамында сонау кеңес үкіметінің алғашқы жылдары тілде болғанымен кейін тарихи сөздер қатарына қосылған *кіндік, жалком, белсенді, қара таяқ, батырақ, қосшы, қызыл әскер* атаулары тәрізді сөздердің (тоқырау кезеңі, жариялылық, қайта құру, т.б.) де барлығы анық. Оларды да алу міндет. Себебі олар – біздің кеше ғана бастан өткерген тарихымыздың бейнесі.

Түсіндірме сөздіктердің 15-20 жылда бір рет шығып отырғандығын ескере отырып, *жаңадан пайда болған, тілдің ішкі заңдылықтарына сай, сөзжасам мәтіндерінің терминжасамның талаптарына лайықты бірліктерді сөздікке мүмкіндігінше толық алу қажет деп ойлаймыз.*

Екі томдық түсіндірме сөздікке жаңа сөздер алынған жоқ.

Б.Қалиев он томдықта *жана* белгісінің бар болғаны бір жерде қойылғанын айтады. Олар: *алмас* (әйнек кескіш), *атқосшы* (адыюгант), *ауытқыш* (машина үстіндегі жүк төретін механикалық тетік), *ашытқы* (дрожжи), *аялдау*

(остановка), *аяш* (дама), *бұлғауыш* (бір нәрсені араластырып тұратын механикалық тетік), *ертеңгілік* (утренник), *есептегіш* (счетчик), *зымыран* (космос кораблі), *қазанама* (некролог), *ор* (окоп), *шиті* (шағын калибрлі мылтық) сөздері.

Фалым, сондай-ақ, *неол.* белгісінің *бағдарнама* (указатель дорог), *бомбонана* (убежище), *кідіріс* (остановка), *мәңгі от* (вечный огонь) сөздеріне қойылғандығын жазады. Белгі қойылмай қалған жаңа сөздер қатарында *аспалы жол*, *гарыш*, *жан күйер*, *жасыл коше*, *жерсерігі*, *космос*, *космонавт*, *космодром*, *космонавтика*, *майдангер*, *спутник*, *халық жасақшылары* атауларын атайды [Қалиев 1989, 171-172].

Бір томдықта: *асқарпаз* (алпынизммен айналысатын адам), *аялдама*, *эмбебап*, *гарыш*, *гарышжай*, *гарышкер*, *гарышнама*, *гарпхана*, *жарыскер* (жарысушылар), *жолсапар* (іссапар), *жолсілтеме* (темір жолдың жол көрсеткіші), *иегер*, *қаршақыз*, *қоқырсауыт*, *қоқыршы*, *колданбалы*, *мәжіліс*, *т.б.* бірқатар сөздерге *жана* белгісі қойылған. Әрине, көптеген жаңа сөздерге бұл белгі қойылмаған.

## 2.6. Кітаби лексика

Еуропа ғалымдары арасынан Қазақстанда болып (1806-1807) қазақ тілі туралы тұңғыш ғылыми еңбек жазған белгілі шығыстанушы Г.Ю.Клапрот қазақ тілінің ең басты белгілерінің бірі ретінде оның сөздік құрамында араб-парсы элементтерінің аздығын. осы тұрғыдан тілдің ең таза түркі тілдерінің бірі саналатындығын жазған еді. Осы пікірде бір үлкен шындықтың бары анық. Әрине, парсы жұрттарымен бағзы заманнан бері көршілес отырып, қоян-қолтық араласудың, араб, парсы халықтарымен бір дінде болудың, арабы-парсы-түркіде ортақ әдеби туындылардың болуының әсері болмай қалған жоқ. Сөздік құрамда етене қазақ сөзі болып кеткен араб, парсы сөздері қабатының қалыңдығы белгілі. Тарихи жырлар мен батырлық жырларда, қисса-дастандарда кездесетін сөздер бір төбе. Шығыстың классикалық әдебиетімен бала кезден танысқан ұлы Абайдың өлеңдері мен қара сөздерінде де араб-парсы сөздерінің молдығы оқырманға белгілі жайт. Тұрмағамбет секілді арабы-парсы-түркіні тең меңгерген шайырларымыздың да аз болмағаны

анық. “Кітаби ақындар” аталған топтың болғандығы да көпшілікке аян.

Алайда, тілдің саф түркілік, қазақы табиғаты (стихиясы) осынау мол кірме мұраның өзін тол дүниеге, таза қазақы дүниеге айналдырып, сіңіріп жібергендігін айтпасқа және болмайды.

Осы айтылғандардан шығатын қорытынды: *жазба мұрада кездесетін бірлі-жарым кітаби тіл элементтері тіліміздің табиғатына нұқсан келтіре алмайды. Оларды түсіндірме сөздікке дәйектеме материалды көрсете отырып, алу керек.*

Кезінде белгілі лексикограф А.А.Юлдашевтің кітаби сөздерді сөздікке алуға қарсы болғандығы белгілі. Алайда, одан түркі лексикографиясына айтарлықтай пайда болды деуге болмайды. Керісінше, зор нұқсан келтірілді. Жазба әдеби дәстүрі бай түркі тілдері тамырынан кесілгендей болды.

“Шағатайша” немесе “ескі өзбекше” атанып жүрген ортағасырлық жазба түркі тілінің қазақ тілі жазба арналарының бірі болғандығы белгілі. Оның себебі, біріншіден, “шағатайша” атанып жүрген түркі жазбаларының тілінде қазіргі қазақ тіліндегі лексикалық, фразеологиялық бірліктердің көп кездесетіндігіне байланысты.

Бұл туралы кезінде Н.И.Ильминский де жазған болатын.

Екіншіден, бұл қазақ және өзбек халықтарының құрамына байланысты мәселе. Тарихта бұған мысал көп. Сол көп мысалдың біреуі қазақ халқын құраған ру-тайпалардың ілгеріде түгелге жуық “көшпелі өзбек мемлекеті” аталған бірлестіктің құрамында болуы. Оны Б.Ахмедовтың осы аттас кітабынан да байқауға болады. Тарихи тұрғыдан аз ғана уақыт ішінде жасаған бұл мемлекеттің құрамына енген көшпелі ру, тайпалардың өкілдерінің бір сәтте “өзбек” аталып кетуі олардың өздері және өздерінен кейінгі ұрпақтары тудырған мұрағаттардың да “өзбек мұрасы” еншісіне айналуына әкелді деп ойлаймыз.

Лексиканың бұл қабатының қазақ тіл білімінде көп жылдардан бері жақсы зерттеліп келе жатқандығын айту қажет. Бұл тұрғыда, әсіресе, белгілі ғалым Б.Әбілқасымовтың еңбектерін атау қажет [Әбілқасымов 1971; 1982; 1998].

Кітаби лексиканың қазақ тілінің түсіндірме сөздіктерінде берілісі әрқалай. Ш.Ш.Сарыбаев екі томдық сөздікке *жұмле*,

*беглік, науа, харіп, гасірет* тәрізді кітаби элементтердің енгендігін жазады [Сарыбаев 1976].

Б.Қалиев он томдықта 124 сөзге кітаби белгісі қойылғанмен, олардың бәрінің кітаби лексикаға жатпайтындығын, біраз сөзге белгінің қате қойылғанын жазады. Мәселен *әлиф* (әліп), *баһар* (көктем), *гадет* (әдет), *ғайри* (өзге, барлық), *гинаят* (рақым), *илаһи* (лайым), *инсаният* (кісілік), *үйбу* (осы) тәрізді сөздерге қойылған белгі дұрыс болса, *ғұмыр, ғимарат* тәрізді әдеби, *бейуада* (уәдесіз), *биона* (опасыз), *қақы* (ақы) сияқты сөйлеу тіліне жататын, *ғар* (үңгір), *келде* (бас), *қатте* (мүмкін), *құрсант* (риза, шат) сияқты диалект сөздерге қойылуы қате болған. Ал *ағзам* (ұлы, мәртебелі), *бағзы* (баяғы), *бейғамал* (амалсыз), *ғаскер* (әскер), *ғақыл* (ақыл) тәрізді сөздерге белгі қойылмаған. *Бу* (бұл), *бин* (бен, мен), *бірлән* (менен), *ғарби* (батыс), *дұғаһи* (дұға), *жәууби* (түстік), *йұлдыз* (жұлдыз), *мағурур* (мақұрым), *мархаматлу* (мархабатты), *табиғ* (бағынышты), *табарак* (ізгілік), *уа* (және), *харам* (арам), *хұрмәтлу* (құрметті), *һәм* (және, әрі), *һеш* (еш), *шарки* (шығыс), *шәмәли* (терістік) сөздері сөздікке алынбаған [Қалиев 1989, 161-162].

Бір томдықта *кітаби* белгісімен *ғазал* (түркі халықтарының соңғы екі жолы ұйқасып келетін лирикалық өлең өлшемі), *ғайыбана* (көзге көрінбейтін жасырын күш), *зін* (көңіл, ықылас, зейін), *келде* (бас), *қасида* (көтеріңкі пафоспен жазылған, діни мазмұнды мақтау өлең, ода), *лұғат* (1. Көне әдебиеттерде сөздік мағынасында қолданылған сөз; сөздік. 2. Ауыс. Сөз, лепес), *тәмсіл* (өсиет, нақыл түрінде айтылатын астарлы мазмұны бар әңгіме), *хикаят* (әдеби хикаялардың, жинақтардың аты), *шартнама* (шартқа отыру, келісім туралы құжат), *шаһбаз* (сабаз) тәрізді сөздер кездеседі.

Кітаби жазба тілге кіретін лексиканы *кітаб* белгісімен беруді қостаймыз.

## 2.7. Кірме лексика

Қай тілдің де сөздік қоры, бір жағынан сол тілдің өз мүмкіндіктерін пайдалану, іштен түлеу жолымен дамып, молайып отырағын болса, екінші жағынан, көрші тілдерден кірме сөздерді қабылдау арқылы толығалы. Кейінгі кездері алынған, соның ішінде әсіресе жүйесі басқа тілдерден алын-

ған сөздерді танудың қиыншылығы жоқ. Ел мен тілдің арғы тарихына, неғұрлым бұрынғы, ертедегі кезеңдегі дәуірлерге жақындаған сайын байырғы лексиканың құрамын анықтау, тол сөз бен кірме сөздің ара жігін ашып, шыққан тегін айқындау қиындай түседі. Оның бірнеше себептері бар. Біріншіден, ел мен тілдің тарихы үнемі тел ағыста бола бермейді. Бір елдің халқы өз тарихында бірнеше тілде сөйлеуі немесе бір тілдің бірнеше елге ортақ болуы мүмкін. Тарихтын үлкен сахнасында бір ел қирап, екінші ел жаңадан пайда болып жатады. Екі рудың бірігіп бір тайпа болатындығы тәрізді тең дәрежелі екі елдің бірігіп бір ел болуы немесе бір елдің қалдығы екінші бір елге қосылып, сіңіп кетуі мүмкін. Дүниеде адам ата хауа анадан бері қаз қалпында бұзылмай келе жатқан саф таза бір тұқымнан құралған ел де, тіл де жоқ. Ел менен ел, тіл менен тіл кейде жақыннан, кейде алыстан туысып жатады.

Мәселен, бір тілде сөйлейтін бірінші елден бір тайпа бөлініп екінші тілде сөйлейтін екінші елдің құрамына кірді делік. Өз тіліндегі өз сөздерімен кірсе де, бірте-бірте екінші тілді қабылдап, сол тілде сөйлеп кетеді. Екінші тіл де бірінші тілден сөз қабылдап, байый түседі. Бірте бірте ұйысып, жігі білінбей кетеді. Көп замандардан кейін екінші тіл бойынша түсіндірме сөздік жасаған кезде, бірінші тілмен келіп кірген сөздерге белгі қояр кезде жатырқамай, ол сөздерді де өз сөзіміз деп қабылдау — әділдік болған болар еді.

Осы айтылған жайттарға тікелей қатысты екі мәселе бар. Біріншісі — қазақ тіліндегі парсы сөздері мәселесі. Екіншісі — қазақ тіліндегі араб сөздері.

Түркілердің атам заманнан қытай және парсы елдерімен көршілес отырғандығы белгілі. Түркі тайпалары мен парсы тайпаларының, түркі тілі мен парсы тілінің арғы туыстығы да барлығы, оның бергі жағында бір-бірімен араласып, бір-бірінің құрамына өтіп жатқандығы тарихтан белгілі. Түркі тілдеріндегі парсы тілінің элементтерін, парсы тіліндегі түркі элементтерін болісіп алудың жолы қалай? Кейбір тіл мамандарының пікірлері бойынша, парсы тіліндегі ерте орта ғасырға жататын жазба мұраларлағы сөздердің бірқатары қазіргі парсы тілдерінде өзгеріске ұшырап, ал қазіргі қазақ тілінде сол бағзы замандағы күйінде қолданылатын көрінеді. Осындай жағдайда түркілер

жағынан: бізде өзгеріске ұшырамаған, демек бұл әуелде біздің сөзіміз болған деуге немесе парсылар жағынан: біздің сөзіміз, тіліміз әуелден сол жерлерде қолданылған, демек ол жерлер бір кездегі біздің жеріміз болған деуге бола ма?

Ерте орта ғасырларда арабтардың парсылар мен түркілердің елдеріне шабуыл жасағаны, жеңген жерлеріне миссионерлердің келгені, олардың әуелгі кезде құранның тілі – араб тілінде сойлегені, бірте-бірте жергілікті халықтың құрамына сіңіп кеткені (қожалар) белгілі.

Ортағасырлық ислам мәдениетінің араб тілінде жасалғаны, сол себепті ислам мәдениетінің, араб тілінің гүлденуіне түрлі халықтардың атсалысқаны, олардың ортасында түркілердің де жүргені белгілі. Одан оң нәтиже көп болды. Мұсылман ренессансы, ортағасырлық араб ғылымы, арабы-парсы-түркі поэзиясы тәрізді көптеген игі құбылыстар дүниеге келді. Теріс нәтиже де болды: дін, ғылым-білім, т.б. мәдениет салаларында байырғы түркі сөздерін араб сөздері ығыстырып шығарды. Оны біз бүгінгі қазақ тілінен көріп отырмыз.

Демек, өткен тарихтың бәрі өзіміздің тарихымызға, мәдениетімізге тікелей қатысты. **Бұл біздің ортақ мәдениетіміз, ортақ мұрамыз.**

Кірме сөздерді де осы көзқарас тұрғысынан саралаған жөн деп ойлаймыз. Бұрынғы замандардан келе жатқан, тілдің грамматикалық, фонетикалық, лексикалық жүйесінде әбден орныққан, бөтендігі байқалмайтын парсы және араб сөздері тобына түсіндірме сөздікте белгі қоюдың әзірше қажеті шамалы тәрізді.

Қазақ терминологиясының белгілі маманы Ө.Айтбайұлының “Санскрит, көне иран және қытай тілдерінің байырғы замандарда тілімізге еніп, сіңіп кеткен сөздерін қазір айырып алу, әрине, оңай емес... Кейбір сөздер монғол тілінен ауысқан деген пікір қоңілге қона бермейді. Ұлт болып бөлінбей тұрған кезде ортақ қолданыста болған сөздерді бір тілден екінші тілге ауысты деп айту қисынсыз. Асылы, тілтілдегі мұндай элементтерді ортақ мұра есебінде қарастырып жөн деп ойлаймыз” [Айтбайұлы 1997, 68-71] – деген ойлары біздің де көкейімізге қонады.

Жалпы кірме сөздерді белгілеуде олардың әрқайсысының қолданым ерекшеліктеріне (узуска) жіті назар аудару қажет болмақ.

Түрік сөздікшілері (Хасан Ерен, Талат Текин, т.б.) ескі кірме сөздерді “ескі алындылар” деп атайды. Түрік тілінің ескі томдық түсіндірме сөздігінде олардың түрік тіліндегі нұсқасымен бірге бастапқы тілдегі нұсқасы да қоса беріледі.

Осы тәжірибені орыс тілінен откен ғасырларда еніп, қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне бағынып кеткен кірме сөздерге қолдануға болады: **самауыр** ор. *самовар*.

Қазақ тілінің дыбыстық заңдылықтарына үйлестірілген варианты бар кітаби сөздерде үйлестірілген вариантқа сілтеме жасалады: **ғадалат кітаб.** қ. *әділет*.

Үйлестірілген вариантта бастапқы тілдегі нұсқасы беріледі: **мұсылман** *пар.муслиман*.

Орыс тілінен алынған атауларды мүмкіндігінше аударуға тырысу қажет. Ал орыс тілі арқылы енген басқа халықтардың сөздерін бастапқы тілдегі нұсқасына (латын әріптерімен) сілтеме жасап берген жөн деп ойлаймыз: **амбар** ор. < *пар. anbar* .

Араб, парсы тілдерінен ерте кезде енгенімен, түркіше дәстүр бойынша жазылатын, қазақ тілінің фонетикалық заңдылықтарына үйлестірілген варианты жоқ діни, кітаби, ғылыми (терминологиялық) т.б. сөздер тобына да осы тәсілді қолдануға болады.

Мүмкіндік болса, орыс тілі арқылы енген халықаралық терминдердің қазіргі халықаралық стандарт вариантын да қоса келтірген дұрыс болар еді. Бұл біраз қателіктердің бірте-бірте жөнделуіне мүмкіндік береді. Осы мәселенің қазақ тіліне аударуға қиыншылық тудыратын кейбір халықаралық дәрежедегі ғылыми-техникалық терминологияға да тікелей қатысы бар. Оның себебі: одақ кезінде тілімізге орыс тілі арқылы қабылдаған халықаралық терминдеріміздің дені, сондай-ақ жалпы терминологиялық аппарат латындық негізде құрылған болатын. Ғылым мен техниканың соңғы ғасырдағы дамуына қызмет жасаған негізінен қазіргі тілдер болды. Жаңа терминология жаңа тілдердегі атаулар негізінде жасалды. Ресей тілшілерінің соңғы дәуірде өздерінің терминологиялық аппаратын жаңа негізде жаңартуға кірісіп жатқандығы белгілі. Лингвистикалық терминдерге қарағанда солай екендігі байқалады. Оның қандай дәрежеде екендігін біз айта алмаймыз. Ескі көштің жолында қалып қоймау үшін қазақ ғылымындағы салалық терминологиялық

аппараттың біршама жаңартылуы қажеттігі анық нәрсе.

Түрік тілшілері кірме сөздерді бірнеше топқа бөліп қарастырады. Бұрынғы замандардан келе жатқан, ботендігі онша санқалмайтын, тілде әбден орныққан сөздер тобы, жоғарыда сөз болғандай, “ескі алындылар” деп аталады.

Түрік тіліне бергі заманда алынған шет елдік сөздердің тілде қалу-қалмауы белгісіз [түрік сөздікшілері осылай ашық жазалы – М.М.]. Олардың бірқатарының түрік тілінде жаңа баламалары бар. Осы жерде түрік сөздікшілерінің ана тілді қоритын нормалар мен узус талаптарын шебер ұштастырып отырғандықтарын айту қажет.

Түсіндірме сөздікте кірме сөз де, оның түрік тіліндегі баламасы да беріледі. Айырмашылығы – түсіндірме түрікше баламада беріледі: *investisman is. Fr. investissement* Yatırım.

Соңғы сөзде, яғни түріктің өз, төл сөзінде терминнің түсіндірмесі берілген. Бұл тәсілдің артықшылығы неде? Біріншіден, узустың талабы орындалып отыр. Терминнің екі варианты да беріліп отыр. Бұл түрік тілін білмейтіндерге де, оны үйреніп жүргендерге де пайдалы. Себебі сөздің түпнұсқа тілдегі варианты да, түрік тілінде қолданыста болған, әлі де қолданылып отырған варианты да, соңғы кезде пайда болған түрікше балама вариант та беріліп отыр. Түсіндірме түрік тілінде соңғы кезде пайда болған балама вариантта берілгендіктен, сол арқылы балама варианттың салмағы артып отыр. Сол арқылы балама вариант насихатталып отыр деуге болады. Жұрттың бәріне де ыңғайлы. Әділетті.

Кірме сөздердің уақытша алынған бөлігі түрік тіл білімінде “қонақ сөздер” деп аталады. Қонақ сөздердің бір тобы шет тілдегі жазылуы бойынша қабылданған (ағ. *fuel oil*, т.б.). Сөздікшілер бұл туралы “шет тілдегі жазылуын сақтаудан-ақ бұл алындыларды қонақ сөз санайтындығымызды, сондықтан уақытша қолданатындығымызды көрсетпекшіміз” дейді [Еген 1988, XXVIII].

Бұрынғы кезде қажетті атауларды орыс тілі арқылы қабылдап келгендігіміз белгілі. Ол кезде басқа амал болмады. Ендігі қабылданатын кірме сөздерді халықаралық ғылыми ақпарат кеңістігіндегі жағдайды ескере отырып, ғылым мен білім аппаратының даму болашағын барлай отырып қабылдау қажет тәрізді.



## 2.8. Ғылыми терминология

Термин — білімнің белгілі бір саласының ұғымдық тезаурусында белгіленген орны мен осы тезаурустың орынның сипаттамасы ретіндегі дефинициясы бар лексикалық бірлік болып саналады.

Лексикография мәселелерін зерттеуші ғалымдар түсіндірме сөздікке арнаулы лексиканы сұрыптап алудың қиындығын жазады [Ожегов 1952, 99-100; Филин 1957, 47; Сороколетов 1957, 123; Касарес 1958; Юлдашев 1972, 88-91; Берков 1973, 62-72; Перерва 1979, 107; Гузеев 1984, 47-56].

А.А.Юлдашев бұл мәселені “ғылыми-техникалық және қоғамдық-саяси терминология” айдарымен қарастырады. Ғалым түркіше-орысша сөздіктердегі ғылыми терминология барлық атау сөздердің шамамен 18-22 пайызын құрап отырғандығын сөз етеді. Ғалымның пікірі бойынша, түркі тілдерінің жалпы сөздіктеріне ғылыми-техникалық және қоғамдық-саяси терминологияны алу мәселесіндегі шектеушілік негізінен ол сөздіктердің алға қойған міндеттері мен көлеміне, алынатын терминдердің тілге қажеттілік дәрежесіне, тілде орнығуы мен қолданылу дәрежесіне байланысты. Ғалым терминді жалпы сөздікке сұрыптап алуға байланысты бірінші шарттың сөздіктерде орындалып отырғандығын, аталмыш терминологияның жалпы көлемнің бестен бірін құрайтындығын, екінші шарт -терминнің, әсіресе қоғамдық-саяси терминологияның тілге қажеттілігі де ескеріліп отырғандығын айтады. Ғалым сонымен қатар терминдердің тілде қолданылу жиілігінің өлшемдері, олардың әдеби тілдегі жалпыға ұғынықты да тұрақты лексиканың құрамына ену дәрежесі ескеріле бермейтінін, сөздіктердің бірқатарында тар аяда қолданылатын салалық терминдердің мол қамтылып отырғанын жазады [Юлдашев 1972, 88-89].

Оның басты себебі терминдердің жалпы сөздікке терминологиялық сөздіктерден алынуында екендігіне тоқталады. Ғалымның ойынша жалпы сөздікке баспа әдебиетте — ғылыми-көпшілік әдебиетте, оқу-ағартуға арналған әдебиетте, көсемсөзде — кең таралған, сол әдебиет арқылы нормативті лексиканың жалпылама қолданылатын құрамына еніп, тұрақталған терминдер ғана алыну керек. Бұл істе ең сенімді

дерек көзі ретінде ғалым жалпы терминдер мен тар салалық терминдердің алдынала жасалған картотекасын пайдалануды ұсынады. Қорыта келе ғалым толық, академиялық түркіше-орысша сөздіктерге жалпыхалықтық қолданыста орныққан, тұрақталған арнаулы терминологияның алынуы қажеттігін және ескертеді [Юлдашев 1972, 91].

В.П.Берков арнаулы терминологияны үш топқа бөліп қарастырады. Бірінші топқа *үшбұрыш*, *атмосфера*, *сүтқоректілер* тәрізді көпшілікке белгілі ұғымдарды білдіретін салалық терминдер, екінші топқа *аллофон*, *тендовагинит* тәрізді көпшілікке белгісіз тар салалық терминдер, үшінші топқа көпшілікке белгілі ұғымдарды білдіретін, бірақ тұрмыста басқаша аталатын терминдер (теңізшілер тіліндегі *үш* “арқан”, мед. *люксация* “шығу”, *фрактура* “сынық”) кіреді.

Ғалым көпшілік қолданыстағы терминдерді анықтаудың өлшемі боларлықтай объективті дерек көздерінің жоқтығын, әр сөздікшінің бұл мәселені әртүрлі шешетінін, бағалаудың қашан да субъективті болып шығатынын жазады.

Ғалымдардың бір тобы субъективті “кең қолданылу” принципінің орнына басқа шешімдер ұсынады. Мәселен өткен кезеңдегі одақтық лексикография мамандарының бірқатары терминнің қаншалықты кең қолданылатынын оның марксизм-ленинизм классиктерінің шығармаларында, Коммунистік партия създерінің материалдарында, партия мен үкіметтің қаулы-қарарларында, орталық газеттердің алдыңғы беттеріндегі мақалаларда аталуы, ғылыми-көпшілік кітаптарда, кітапшалар мен мақалаларда, тұрақты түрде шығатын мектеп оқулықтарында, көркем әдебиеттің үздік үлгілерінде көрінуіне қарап анықтауды жөн санаған еді. Алайда, В.П.Берков терминнің кеңінен қолданылуының анықтауда оның осы аталған дерек көздерінде көрінуі негіз бола алмайтындығын жан-жақты дәлелдейді [Берков 1973, 65-66].

Ғалым сондай-ақ, мәселенің бір шешімі ретінде орта тіл иесінің сөздік қорын анықтауды ұсынады. Алайда, бұл жолдың басқалардан да нашар нәтижелерге әкелері анық еді. Себебі орта тіл иесін анықтау мақсатымен жүргізілетін тәжірибе біртектілігі бұзылған аралас тілдік орта жағдайында, мәселен, Қазақстандағы қазақ тілінің қазіргі жағдайында жақсы нәтиже бермейді. Оның үстіне арнаулы

терминология тұрақталмай тұрған кезеңде, тілде бір ұғымды белгілеуге бірнеше терминнің қатар қолданылуы аяқталмаған кезеңде мұндай тәжірибенің берері аз болмақ.

Ғалым әр тілдегі сөздіктерге терминдердің сұрынталып алынуында сол елдегі ғылым мен өндірістің, өнеркәсіптің даму дәрежесі әсер етеді, қандай сала басым дамитын болса, сол саланың терминдері басым берілуі керек деген ойына қосылуға болады. Ғалым жалпы сөздікке салалық терминдерді алу кезінде сол тілдегі политехникалық терминдер сөздігіне қараудың қажеттігін ескертуіне де қосылуға болады [Берков 1973, 72].

Ж.М.Гузеев те түсіндірме сөздікке алынбақшы терминдердің қолданылу жиілігін анықтауда көркем әдебиетті, ғылыми-қопшілік басылымдарды, мектеп оқулықтарын, орта тіл несін анықтау тәжірибесін пайдаланудан, картотеканы қолданудан оңды нәтиже шықпайтынын дәлелдейді.

Ғалым терминнің кең қолданылуы принципіннің орнына олардың жалпыға белгілі болуы принципін ұсынған В.М.Перерваның [Перерва 1979, 111] пікірін қолдай отырып, түркі тілдерінде жалпыға белгілі, қабылданған, түсіндірме сөздікке алуға болатын терминдер тобына төмендегі шарттарға сай келетін терминдерді жатқызады. Бірінші шарт бойынша, сөздің негізгі терминологиялық мағынасынан басқа, терминологиялық емес мағынасы болса, оны түсіндірме сөздікке дәйектеме материалы аз болған күнде де алуға болады [Малаховский 1977, 104-105]. Бұл сөздің сөйленімде белсенді түрде қолданылуынан хабар береді [Гузеев 1984, 52].

Екінші шарт бойынша терминнің тілдегі сөзжасамдық қабілеті дәлелденсе, яғни оның туынды тұлғалары болса, олар дәйектемелермен дәлелденсе, бұл терминнің тілдегі сөзжасамдық қабілетінен хабар беретіндіктен, оны түсіндірме сөздікке алуға болады. Автор дәлел ретінде өзбек тіліндегі *гранула*, *вакса*, *гравюра* тәрізді терминдердің *гранулалау*, *ваксалау*, *гравюралау* тәрізді туынды тұлғаларын келтіреді [Гузеев 1984, 52]. Алайда ғалым кейбір жағдайларда терминдер туынды сөздерімен бірге қабылданатынын, сол себепті ондай терминдерді түсіндірме сөздікке алудың қажетсіздігін айтады. Мысал ретінде қазақ тілінің түсіндірме сөздігіне алынған *вакцина* мен *вакцинация*,

*гегемон* және *гегемония*, *бутафор* және *бутафория* тәрізді жұптарды келтіреді. Бұл жерде оқырманға термин де оның туынды тұлғасы да беймәлім екендігін айтады. Әрине, автордың бұлайша өзі пішіп, өзі кесуін толық қолдауға болмайды. Вакцинаның түрлері үнемі насихатталып, халыққа жалпылама вакцинация жасалып отырғанда, оны белгісіз деуге болмас.

Автор түркі тілдеріндегі *-лы*, *-лық*, *-лау*, *-ламоқ*, *-чы* тәрізді жұрнақтар арқылы жасалған туынды сөздерге негіз болған терминдердің қабылдаушы тілдің лексикалық жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде қаралып, сөздікке алынуы керек екендігін жазады. Біздің ойымызша, дәл осы жұрнақтарды ғана бөліп көрсету бұл шарттың принциптік тұғырының әлсіздігін көрсетеді. Бұл жұрнақтарды терминдердің бәріне де жалғауға болады десек, артық болмас.

Ж.М.Гузеев осы мәселеге қатысты В.В.Виноградовтың терминжасамда тілдің сөзжасамдық мүмкіндіктерінің толық пайдаланылуы керек екендігі, тек қажетті жағдайда ғана шет тілдік терминді алуға болатындығы жайлы оң пікірін келтіре отырып, *акваланист*, *бунтарь*, *лифтер* терминдерінде *-чы* жұрнағын қолданудың дұрыс боларын жазады [Гузеев 1984, 53]. Біз автордың пікірін қолдаймыз.

Ғалым түсіндірме сөздіктердің 15-20 жылда бір-ақ рет жасалатынын, сол себепті сөздіктерді осы тіл иесінің таяу болашақтағы сөздік қоры қандай болу керек деген талап тұрғысынан жасаудың қажеттігі туралы В.М.Перерваның пікіріне қосылатындығын білдіреді. Бұл пікірдің дұрыстығына еш шүбә келтіруге болмайды.

Автор түркі тілдерінің түсіндірме сөздіктеріне алынған терминдердің бірқатары еш дәйектемесіз берілгенін, ал кейбір дәйектемелердің арнаулы әдебиеттен алынғанын тілге тек етіп, бұның терминді “өте-мөте нормативті сөздікке” (сугубо нормативный словарь) алуға негіз бола алмайтынын жазады. Яғни ғалымның пікірі бойынша арнаулы әдебиеттен: энциклопедиялардан, терминологиялық сөздіктерден, аударма әдебиеттен алынған мысалдар терминнің түсіндірме сөздікке алынуына негіз бола алмайды. Бұл жерде автордың әдеби норма ұғымын қорып отырғандығы белгілі.

Автор қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігін формаланбаған лексиканы көп енгізгені үшін сынайды. Сөз-

діктің осы тұрғыдан басқа түркі сөздіктерінен ерекшеленетінін айтады. “Қазақ совет энциклопедиясынан” алынған *гамбузия, гелиобиология, гелиометр, гелиотехника, гематит, гематома, гемотеапия, геоакустика, геноботаника, гелиометр, гибереллин, гипнопедия, глоттохронология, грейфер*, терминологиялық сөздіктерден алынған *гелиокон, гносеология, гоминдан, геноцид*, жоғарғы оқу орны оқулықтарынан алынған *гельминтология, газойль, галий, гаплоид, гаплонт, гастрюляция, гемотоксиллин, генотеизм, гексос, гигрометр, гидатор*, арнайы зерттеулерден алынған *гельминтоз, гематоген, гельминт, гемоллиз, гемонхоз, гемоспоридин, гербасульфан, гермафродит, гиацинт, гоголь, грамм-моль* тәрізді терминдердің ретсіз алынғанын жазады. Осы терминдердің біразының алынуы жаңсақ көрінгенмен, бірқатарының алынуы дұрыс екендігі анық.

Автор қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде салалық ғылыми терминдердің молдығын дәлелдеу үшін мысалдарды сөздіктегі Г әрпінен алады. Осы әріптегі 687 атау сөздің 292-сі (42,5 пайыз) термин, ал олардың ішінде 180 термин (61,6 пайыз) тар салаларға жататынын жазады. Бұл жерде автор қазақ тілінде Г әрпімен келетін төл сөздердің аздығын, бұл әріппен негізінен кірме сөздердің кездесетінін, ал кірме сөздер арасында ғылым мен өндіріс қажетіне байланысты терминдердің көп болуы табиғи құбылыс екендігін ескергісі келмеген деп ойлаймыз.

Ғылыми ұғым — мазмұнды ұғым. Оны толық сипаттау үшін біраз белгілерді, ол белгілердің байланыстары мен қатынастарын айқындау керек. Ұғымның көлемі, тереңдігі, байлығы бір дефиницияға сыймайды. Ұғымды толық ашу үшін көп дефиниция қажет. Ғылыми ұғымның сипаттамасының өзі табиғаты жағынан энциклопедиялық. Терминнің дефинициясы ол терминді терминологиялық жүйеде айырып, ажыратуға жеткілікті болатын мәнді белгілерді ғана көрсетеді. Сондықтан мұндай дефиниция мазмұнды ұғымды емес, формалды ұғымды ғана көрсетеді [Кутина 1976, 22]. Сөздің лексикалық мағынасы да дәл осындай формалды ұғымды білдіреді. Терминнің дефинициясы да сөздің лексикалық мағынасы да олардың мәнін ашуға жеткіліксіз болады. Сол себепті терминнің

дефинициясынан кейін міндетті түрде сипаттама немесе ғылым саласына тән мағынаға ие сөздің мағынасына анықтама берілгеннен кейін энциклопедиялық сипаттағы елтанымдық деректер, Л.П.Ступин қолданған терминмен айтсақ, қосалқы семантикалық-функционалдық сипаттама қажет болады.

Л.Л.Кутина терминдерге анықтама беруде ескерілетін ғылыми жүйелік байланыстарды жалпы тілдік сөздіктерде де көрсетудің қажеттілігін айта келіп, жалпы сөздіктегі жүйе басқа деп немесе жүйе толық күйінде берілмеген деп терминдердің жүйелі анықтамасын өзгерту дегеніңіз ең жоғары ұйым бар жерде хаос орнатумен бірдей дейді [Кутина 1976, 24]. Біз осы көзқарасты қолдаймыз.

Жоғарыда сөз болғандай, сөздің лексикалық мағынасына берілетін анықтама мен терминге берілетін дефиниция арасында принципті тұрғыдан айырмашылық жоқ. Оның үстіне әр ғылым саласының өз метагілі барлығын, ғылыми тілдің бұрынғыдай әдеби тілдің бір стилі емес екендігін ескере келіп, оқырманға бұрынғыдай әр терминнің мәнін жалпылама тілде баяндай түсіндірудің, аппроксимацияның қажеті жоқ деп ойлаймыз. Біздің ұғымымыз бойынша, қазіргі кезеңдегі жалпылама көпшілікке арналатын сөздіктің міндетіне әр салалық терминнің мағынасын “шайнап беру” кірмейді. Оның мақсаты неғұрлым көп саланың мамандарының қажетін өтеу, сол арқылы ұлттық ғылым тілінің ішкі байланысы мен бірлігін, бірбүтіндігін, біртұтастығын нығайта, күшейте түсу деп ойлаймыз.

Қазіргі кезеңнің басты белгілерінің бірі болып отырған интеллектуалдандыру халықаралық ғылыми-техникалық терминологияны ұлттық әдеби тілде кеңінен енгізу арқылы ол әдеби тілді басқа дамыған тілдердің даму деңгейіне көтеріп, сол деңгейде тұруын қамтамасыз етеді [Бережан 1983, 145].

Алайда, бұл интеллектуалдандыру, интернационалдандыру процесі тілдің ұлттық ерекшелігіне қауіп төндіретіндей деңгейде болмау керек. Сондықтан, С.Г.Бережанның жазуы бойынша, бұл процесс тілші ғалымдар тарапынан басқарылып, бағыттала отыруы керек.

Түсіндірме сөздікке терминдерді алу мәселесіне қатысты артауан пікір бар. Олар авторлардың әдеби тіл және әдеби

норма мәселелеріне деген көзқарастарына байланысты да жіктеледі. Ескі, шектеуші көзқарасты ұстанушылар негізінен әдеби тілде орныққан терминдерді алу қажет десе, екінші топтағылардың бірқатары тек жалпылама қолданыстағы терминдерді алу жеткіліксіз, тар салалық терминдерден басқаларын түсіндірме сөздікке алған жөн дейді.

Ағылшын тіліндегі бір тілді (түсіндірме) сөздіктердегі арнаулы терминдердің берілуін зерттеген Л.В.Малаховский ағылшын түсіндірме сөздіктерін түзушілердің XVIII ғасырдан бастап-ақ сөздіктерге тар салалық терминдерді көптеп алуға тырысқандығын атап өтеді. Толық түсіндірме сөздіктердегі сөздердің саны жарты миллионға жететінін, ал солардың халықтың жалпылама қолданымдағы сөздерінен көптеген есе асып түсетінін еске салады. Осы тұрғыдан 450000 сөзді қамтыған, тар салалық терминдерді мол алған үлкен Оксфорд сөздігін сынайды.

Сөздікке арнаулы ғылыми журналдардан, оқулықтардан, терминологиялық сөздіктерден алынған терминдердің кіргенін, ол терминдерді түсіндіруде энциклопедизм элементтерінің кең қолданылғанын, сөздікті құрастырушылардың терминдерге берген анықтамаларында маман емес адамға да түсінікті болу жағын ойластырудың орнына, терминнің ғылыми тұрғыдан дәлдігі мен ақпараттық деңгейінің мейлінше күшті болуына назар аударғандығын айтады. Ғалым әңгімесінің терминологиялық сөздік, не энциклопедия туралы емес, түсіндірме сөздік туралы болып отырғандығын қатаң межелей отырып, түсіндірме сөздіктің міндеті жалпы халықтық тілдің лексика-семантикалық жүйесіне сипаттама жасау болып табылатындығын, Л.В.Щербаның “жалпы тілге оған жат ұғымдарды таңудың қажетсіздігі” туралы ескертпесінің әлі де өз құнын жоймағанын, түсіндірме сөздікке тілді қолданатын әрбір адамның қолданысында бар сөздердің алынуы керектігін, және олардың жалпы тілдегі көпшілікке белгілі мағыналары ғана түсіндірілуі керектігін жазады [Малаховский 1976, 226].

Ғалымның пікірінен оның ескі, шектеуші көзқарасты қолдайтындығын байқаймыз.

Жалпы тілдік сөздіктерге терминдерді сұрыптап арудың негіздемелері С.Г.Бережан еңбегінде де сөз болады [Бережан

1983, 142-150]. Ғалым ең алдымен нақты терминдер мен номенклатуралық атауларды (номендерді) айырудың қажеттілігін айтады. Себебі терминдер – жинақталып қорытылған ұғымдардың атаулары болса, номенклатура – ұғымдардың атаулары емес, нақты заттардың, сапаның, іс-қимылдың атаулары болып табылады дейді. Ғалым номенклатураға кіретін нысандар қатарында мекемелер мен кәсіпорындардың, ұйымдардың, әртүрлі әлеуметтік құрылымдардың, газет, журналдардың, әртүрлі халықтардың түрлі замандарда басылған басқа да басылымдарының, түрлі маркалы машиналардың, түрлі материалдардың, түрлі механизмдер бөлшектерінің, түрлі жануарлар мен өсімдіктердің, тіршілік иелері ағзаларының, дәрі-дәрмек түрлерінің, аппараттардың, приборлардың, құралдардың түрлерінің, қоғамдық өндірістің түрлі салаларындағы технологиялық процестердің т.б. атауларын атайды [Бережан 1983, 147].

Ғалым тұрмыстың түрлі саласындағы номенклатуралық атауларды, сондай-ақ “ғылыми-техникалық номенклатураны” бөліп тастап, түсіндірме сөздікке жалпығілдік терминологияны ғана алуды ұсынады. Ғалым түсіндірме сөздікке алынатын терминдердің мөлшері мәселесінің әлі күнге толық шешілмей отырғандығын айтады және оны қоғамдағы бір-біріне қарама-қарсы тенденциялардың (интеллектуалдандыру/демократияландыру, интернационалдандыру/националдандыру, мамандандыру/әмбебаптандыру) әсерімен байланыстырады. Ғалым түсіндірме сөздікке таза терминдік қасиеттен айрылған немесе айрылуға бейім элементтердің, яғни тек қана бір саланың термині болудан қалып, жалпы қолданысқа енген терминдердің алынуын жөн санайды.

Ғалым арнаулы терминдерді сұрыптаудың принциптерін жасаудың мүмкіндігін, ол үшін терминологиялық бірліктер арасындағы номендерді, тар салалық (жалпы қолданысқа енген) терминдерді шығарып тастау жолымен тек-түрлік атауларды ғана қалдырудың қажеттілігін жазады [Бережан 1983, 149-150]. Демек, ғалым әдеби тіл сөздігіне алынатын терминдерді шектеуді жақтайды.

В.В.Морковкин үйренім лексикографиясына қатысты терминтаным мәселелерін сөз ете отырып, терминнің лексико-



графия нысанына айналуына байланысты туындайтын ерекшеліктердің ескерілуі қажеттігін ескертеді. Ең алдымен ғалым терминнің қос азаматтылығының ескерілуі керектігіне тоқталады. Термин әрі логостың, әрі лексистің бірлігі болып, яғни әрі ғылыми білім бірлігі, әрі жалпы тілдік білім бірлігі болып саналатынын айтады. Логостың бірлігі ретінде термин бірмәнділікке ұмтылатын болса, ұлттық тілдің бірлігі ретінде бірнеше мағыналыққа ұмтылады. Логостың бірлігі болғандықтан термин ұлттық шектеуді білмейтін *бейбітшілік перзенті* саналса, лексистің бірлігі ретінде ол ұлттық тілдің *тіл алғыш перзенті* саналады. Логос тұрғысынан терминнің мазмұндық жағы оның абсолюттік құндылығымен, яғни осы термин арқылы берілетін ғылыми ұғыммен шектелетін болса, лексис тұрғысынан терминнің мағынасы оның тек ғылыми ұғымға қатысымен ғана анықталып қоймай, сонымен қатар, терминнің тілдің лексика-семантикалық жүйесіндегі орнымен, сондай-ақ оның тіркесімділік мүмкіндіктерімен де анықталады. Яғни терминнің мағынасына абсолютті құндылықпен бірге относителді және тіркесімділік құндылықтардың сипаттамалары кірмек. Бұл жағдайға байланысты қайшылық әдетте ымыраласумен шешіледі.

Термин жеке сөз секілді жан-жақты байланыстарға түсе алмайды. Ол белгілі бір байланыстарға ғана түседі. Толық байланысқа түсуге, көп мағыналылыққа логос жібермейді. Терминнің қос азаматтығы болуы оның мазмұн межесінің үйренім лексикографиясында екі түрлі түсінілуіне әкеледі.

Үйренім лексикографиясында сөздіктің екі түрі болады. Оның біреуі — *пассив типті сөздік*. Мұндай сөздіктің мазмұны мен ішкі құрылымы оқырманның өзге тілдегі мәтінді оқып түсінуіне, сондай-ақ өзге тілдегі сөйленімді түсінуіне лайықталып жасалады. Сондықтан мұндай сөздіктегі терминнің мазмұндық жағы тек қана логос тұрғысынан ашылады. Мәселен, мен өзге тілдегі мәтінді оқып отырып, бейтаныс терминді кезіктірген болсам, маған керегі — терминнің қандай ұғымды білдіретіні. Терминнің мәтінде қолданылу ерекшеліктері әдетте оқырманды қызықтырмайды. Қызықтырған кезде де қолданыстың бір мысалын алдындағы мәтіннен байқайды. Ал енді менің сойлеуіме тура келген жағдайда мәселе күрт өзгереді. Себебі

мен енді әлгі терминді сөйленімде қолдануым керек. Ол кезде менің алдымда үш бірдей міндет тұрады. Біріншілен, мен терминнің қандай атаудың бірлігі екенін еске түсіруім керек. Екіншіден, мен тілдік бірліктер арасынан дәл осы мәтінге сәйкес келетін терминді табуым керек. Психологиялық мотивтерге, варианттылыққа, ұқсастыққа, шектестікке байланысты менің санамда бірнеше терминнің пайда болуы мүмкін. Үшіншіден, айту үшін таңдап алған терминологиялық бірліктің синтаксистік, семантикалық және лексикалық тіркесімділігінен хабарым болу керек. Демек, дәстүрлі, пассив типті сөздік бұл жағдайда маған көмектесе алмайды. Демек, оқырманға өз ана тілінде сөйлем құруға, сөйлеуге көмекші болуға тиісті сөздіктерде термин әрі логостың, әрі лексистің бірлігі ретінде түсіндірілуі қажет. Осындай ішкі құрылымы мен мазмұны сөйлеуге көмектесу үшін лайықталып құрылған сөздіктер *актив типті сөздіктер* деп аталады [Морковкин 1983, 153-154].

Терминдерді түсіндірме сөздікке сұрыптап алу мәселесі бойынша жоғарыда келтірілген пікірлерді сарапқа сала отырып, мынадай қорытындыға келдік.

Кейбір нақты ғылымдардың даму қарқыны мен жұртшылықтың ғылым жаңалықтарын қорыту, қабылдау қарқыны сөйкес келмейді. Ол елдегі ғылым мен өнеркәсіптің даму деңгейіне, ғылымның қандай салаларының басым дамуына, жеке азаматтардың білім дәрежесіне, мемлекеттің ғылым бойынша ұстанатын саясатына, т.б. көптеген жағдайларға байланысты.

Сол себепті түсіндірме сөздікті жасайтын топтың құрамында қазіргі әлемдегі ғылымдардың даму бағдарынан хабарлар мамандардың болуы қажет. Терминді салалық ғылыми мамандар ғана біледі, ал көпшілік білмейді деген ойдан ол термин көпшілікке қажет емес деген қорытынды шығаруға болмайды.

Түсіндірме сөздіктің 10-20 жылда бір рет жасалатынын ескере отырып, өскелең ұрпақтың ғылыми білігін төмендетіп алмау жайын әрқашан қаперде ұстау қажет, сондықтан терминнің тілде түпкілікті орнығуын күтіп отыру міндет емес. С.Г.Бережан пікіріндегі тек-түрлік ұғымдарды білдіретін терминдерді ғана алу, номенклатурадан толық бас тар-

ту идеясы түсіндірме сөздіктің жұтануына алып келеді деп ойлаймыз. Сондықтан, жоғарыда айтылғандай, мамандармен ақылдаса отырып, қажетті номенклатураны алған жөн.

В.П. Берковтың елде ғылым мен техниканың, өнеркәсіптің қандай түрлері басым дамыса, сол саланың терминдерін көбірек қамтудың қажеттілігі туралы пікірін де қостауға болады. Алайда елде қандай саланың да даму мүмкіндігі барлығын мойындау керек.

Ғалымның техникалық терминдерді сұрыптап алуда политехникалық сөздікке назар аудару қажет деген ескертпесі жөн тәрізді. Сөздікті түзу кезінде жекелеген ғылым салалары бойынша жарияланған энциклопедиялар мен терминологиялық сөздіктерді, оқулықтарды қозғалып өткерудің қажеттілігі анық.

Кірме терминдер мәселесі қазақ терминологиясындағы өте қиын мәселелердің бірі. Оның бір себебі, жоғарыда айтылғандай, бұрынғы өткен кезеңдегі одақтық терминологиялық базаның ескілігіне байланысты. Одақтық терминология латын тілді негізде қалыптасты да сол негізде және орыс тілінің негізінде дамыды. Саяси жағдайларға байланысты қазан төңкерісінен кейінгі кезеңде кеңес үкіметіндегі ғылым тілі томаға тұйық, ел ішінде ғана дамыды. Ғасыр басында басталған ғылыми-техникалық прогресс әлем тілдеріндегі терминологиялық аппаратты көп өзгеріске түсірді. Жаңа ғылымдар жаңа тілдер негізінде, жаңа еуропалық тілдер негізінде дамып кетті. Ал одақтағы республикалардың терминологиясы орыс тілінің терминологиясы ықпалында қала берді.

Қалай болғанда да түсіндірме сөздікті түзуші мамандардың қолдарында салалық терминдердің халықаралық стандарт тізбелері болу керек. Ол терминдерді түсіндірме сөздікке қаншалықты жаратуға болады, ол ақылдаса отырып шешетін мәселе, бірақ қалайда сөздікшінің оны біліп отыруы артық болмайтын тәрізді.

Кірме терминге ұлттық тілден балама табу, балама болмаса терминді аударып алу табиғи құбылыс. Алайда, біздің ойымызша, қандай жағдайда да терминнің бастапқы тілдегі тұлғасы қоса берілгені жөн болатын тәрізді. Кірме терминнің баламасы не аудармасы бар болса, “Түрікше сөздіктегі” тә-

різді. терминнің түсіндірмесі сол вариантта беріледі. Түсіндірменің соңында нүктелі үтірден кейін бастапқы тілдегі нұсқа келтіріледі. Қажет болған жағдайда басқа жерде келме терминнің өзі беріліп, онда түсіндірменің орнына қазақ тіліндегі балама немесе аударма келтіріледі.

Түсіндірме сөздікке терминдерді алу мәселесінде В.В.Морковкиннің жоғарыда келтірілген ойларының берері көп. Терминнің логостың бірлігі ретіндегі мағынасы да, лексистің бірлігі ретіндегі мағынасы да мәнді. Сөздікте терминнің тілде бар лексикалық, синтаксистік, семантикалық-функционалдық тіркесім үлгілерін келтірудің маңызы өте зор.

Түсіндірме сөздікте терминнің ғылыми минимум анықтамасы – дефинициясы берілуі керек. Дефиниция сала бойынша жасалған энциклопедиялардан, ол болмаған жағдайда, сала бойынша беделді ғылыми басылымдардан алынады. Терминге берілетін түсіндірменің дефинициядан басқа екінші бөлігінде терминнің қызметін ашуға қажетті деректер беріледі. Терминнің қолданым аясы көрсетіледі.

## 2.9. Ауызекі сөйлеу тілі элементтері

Сөздікті демократияландыру талабы, узустың талабы, оның белсенді қолданысқа лайықталуының, яғни актив типті сөздік болуының қажеттілігі түсіндірме сөздікке жалпы халықтық қолданыстағы түрлі сөйленім үлгілерінің алынуына негіз болып отыр.

Сөйлеу тілі лексикасын әдеби сөйлеу тіліндегі сөздерге, қарапайым сөздерге, жаргон, кәсіби сөздерге, анайы және түрпайы, дорекі сөздерге, т.б. сөз түрлеріне бөліп қараушылық бар. Оның қалыптасқан әдеби нормаға байланысты екендігі белгілі. Аталмыш лексика екі томдық түсіндірме сөздікте жалғыз-ақ *сөйлеу тілінде (сөйл.)* белгісімен белгіленген болса, он томдықта *сөйлеу тілі (сөйл.)*, *қарапайым сөйлеу тілі (қарап.)*, *сыпайы сөз (сып.)*, *дорекі сөз (дор.)* белгілерімен, ал бір томдықта *қарап., анайы, сып.* белгілерімен берілген.

Б.Қалиевтің жазуы бойынша, он томдық сөздіктегі ең көп кездесетін стилистік белгі осы сөйлеу тілі белгісі болған.

Ол 3162 жерге қойылған. Бұл белгі инструкция бойынша әдеби нормаға жат емес, бірақ көбінесе ауызекі сөйлеу тілінде қолданылатын сөздер мен тіркестерге, олардың мағыналарына қойылуға тиісті еді [Қалиев 1989, 147].

Ауызекі сөйлеу тілінде жиі ұшырасатын фонетикалық, грамматикалық варианттар диалектілік ерекшеліктер құрамында да жиі кездеседі. Мәселе біреуінің әдеби тіл құрамында, ал екіншісінің бейәдеби лексика құрамында қарастырылуында болды. Осы ауызекі сөйлеу тіліндегі *сытайы сөз* – әдеби тіл құрамында қаралды да, *қарапайым сөздер мен дәрекі, анайы сөздер* бұл құрамға енгізілген жоқ. Осы аталған екі құбылыстың өзі бұл жіктеменің жасандылығын байқататын еді. Шындығында сөйлеу тілі құрамына бұлардан да басқа *алғыс, қарғыс, экспрессивті, эмоциялық сөздерді*, тіпті тілдегі сөздерді түгелге жуық жатқызуға болар еді.

Б.Қалиев он томдықтағы *айым* (әйел, қосақ), *айырмыс* (айырмашылық, өзгешелік), *айыршық* (айырық), *ақтас* (ақ түйме), *асаси* (негізгі, басты), *бабасал* (ақыл тоқтатқан, байсалды), *балақпан* (сақпан), *бастырма* (мылтықтың шүріппесі) тәрізді бірліктердің бірқатарына белгінің қате қойылғанын, олардың диалектизмдерге жататындығын, ал сөйлеу тілі белгісі қойылған бірліктердің екінші бір тобында *гаскер, ғылаж* тәрізді кітаби сөздердің берілгенін, ал енді біреулерінің (*абсолюттік, анық-танық, аңда, әдиял, әлет, әлеулай, базарнай, бай-құлақ, баржом, барқырауық, бәрі т.б.*) әдеби тіл сөздеріне жататынын жазады.

Автор сөздікте туынды сөзді белгімен, түбір сөзді белгісіз берудің немесе сөйлеу тіліндегі сөздің әдеби вариантын да *сөйл.* белгісімен берудің кездесетіндігін мысалдармен дәлелдейді. Ғалым сөйлеу тілі элементі бола тұрып, белгіленбеген бірліктер қатарына *бажыраңда* (бағжанда), *бақ-талап* (бақ-талай), *бақшақта* (бақшаңда), *батиқа* (фатика), *бейіл* (пейіл), *бейіс* (бейіш), *битараптық* (бейтараптық), *быхабар* (бейхабар), *боқтаншақ* (боқтампаз), *бөгелек* (бүгелек), *гүлдік* (гүлзар), *гүрзі* (күрзі), *деңдес* (деңгейлес), *бажыраң етті* (бағжаң етті) бірліктерін жатқызады [Қалиев 1989, 149-150].

Сыпайы сөздердің түсіндірме сөздіктердегі көрінісі әрқилы. Олар екі томдықта кездескенімен, белгі қойылмаған: *ағатай* (аға сөзінің сыпайы түрі), *анай* (“апа”

деген сөздің жасы үлкен әйелдерге сыпайгершілікпен айтылатын түрі), *көкетай* (шырағым, қалқатай).

Б.Қалиев он томдықта небәрі үш сөзге (әжей, әжеке, әжетай) *сып.* белгісі қойылып, осылардан айырмашылығы жоқ *атай, атеке, ататай* сөздеріне *эмоц.* белгісі қойылғанын, ал *ағай, агеке, ағажан, ағатай, апай, апажан, апатай* сөздеріне ешқандай белгі қойылмағанын айта келіп, бұл аталған сөздердің стилдік жағынан дұрыс сараланбағанының белгісі екендігін жазады [Қалиев 1989, 150-151].

Шынында да, бұл сөздерде иба, сыпайгершілік те, сезімталдық та бар. Ал осы сөздерде иба басым ба, әлде сезім басым ба, оны шешу қиын. Сойленім жағдайына, контекске байланысты бұл сөздерге түрлі реңк беруге, тіпті ирония мен сарказмға дейін жеткізуге болады. Сондықтан белгінің екеуін де қойған жөн болар деп ойлаймыз. Б.Қалиев *сып.* белгісі қойылмаған, бірақ қойылуы қажет сөздер қатарына *қызу (мас), созуар (мылжың), екіқабат (жүкті), аяғы ауыр, қосып айту, ауыз бастырық, қайтыс болды, дүние салды, қолды болды* тәрізді сөздер мен сөз тіркестерін жатқызады [Қалиев 1989, 151].

Сыпайы сөздер тобы бір томдық сөздікте жақсы берілген. А әрпінде ғана *ағажан, ағай, ағатай, агеке, апажан, апай, апатай, атажан, ататай, атеке* тәрізді сыпайы атауларды көреміз.

Б.Қалиев инструкцияда көрсетілген “тұрпайы” атауы немесе “анайы” атауы қолданылмай, олардың орнына он томдықта дәрекі сөз (дөр.) белгісі қолданылғанын, бұл топтың “сыпайы” сөздерге қарама-қарсы мағынада қолданылатынын ескере отырып, терминжасам заңдылықтарына сәйкес “анайы” немесе “тұрпайы” атауларының бірін қолдану жөн боларын ескертеді.

Біздің ойымызша, *анайы, тұрпайы, дәрекі* сөздері мағыналарының ара жігін ашу қажет тәрізді. *Атаңның басы, оттама* тәрізді *дәрекілеу, қарабайырлау сөздерді тұрпайы* деп, ал әдейі, арнайы сорақы түрде айтылатын боғауыз, *былапыт сөздерді анайы* деп атаған жөн көрінеді.

А.А.Юлдашев экспрессивті-эмоциялық лексикаға жататын сөздердің түркі тілдерінде өте көп екендігін жазады. Әдетте жалпы сөздіктерге алынбайтын экспрессивті-эмоциялық сөздердің үш тобын атайды.

Ғалым бірінші топқа: 1) -дай қосымшалы эмоциялық бағалауды білдіретін сөздерді; 2) -ча тұлғалы есімдер тобын (өзб. оталарча, тат. туганларча) жатқызады. Алайда лексикаланып, семантикалық бүтіндікке жеткен қырғ. *муздай* (өте салқын), башқ. *йылдарса* (жылдар бойы) тәрізді сөздерді, сондай-ақ, башқ. *бындай* (мынандай), *миңеңсә* (меніңше) тәрізді оқшауланған тұлғаларды жалпы сөздіктерге алуға болатынын жазады.

Ғалым, сонымен қатар, жалпы сөздіктерге көп мағыналы, көп функциялы негіздерден жасалған башқ. *искесә* (ескіше), *татарса* (татарша) тәрізді туынды тұлғалардың да сөздікке алынатынын айтады.

Екінші топқа еркелету, еркелете кішірейту мәнді тұлғаларды: 1) -қай, -жон типті (башқ. *малқай* – малға еркелете айтылған сөз, өзб. *ойижон* – анажаным) модаль сөздерді; 2) семантикалық құрылымы айқын өзб. *китобча* (кітапша), тат. *тоймәчек* (кішкентай түйме) тәрізді кішірейту тұлғаларын кіргізеді. Бұл жерде де автор қосымшалары бастапқы грамматикалық мағынасын жойған, семантикалық бүтіндікке жеткен башқ. *уйынсық* (ойыншық), тат. *капчык* (қапшық), *кодача* (құдаша) тәрізді сөздерді алудың қажеттілігін ескертеді.

Автор, сондай-ақ, кішірейту формаларының түркі тілдерінде еркелету формаларына қарағанда аз кездесетінін ескере отырып, осы негізде кейбір кең таралған тұлғаларды сөздікке алуға болатынын айтады. Керісінше, сөзжасамдық құрылымы айқын башқ. *балақай* (балақай) сөзін сөздікке алудың дұрыс болмайтындығын ескертеді.

Автор үшінші топқа түркі тілдерінде өте кең таралған жиынтық мағыналы келеке, күлкілі реңктегі башқ. *китап-митап* (кітап-мітап), *ағас-мағас* (ағаш-мағаш) тәрізді қайталама қос сөздерді жатқызады. Алайда ғалым есепсіз көптік мағыналы башқ. *қыз-қырқын*, *йәш-елкенсәк* (жастар), *йәше-қарты* (жаскәрісі) тәрізді эмоциялық сөздер тобын жалпы сөздіктерге алуға қарсы емес. Ғалым сондай-ақ башқ. *аптағым* (жарығым), *ағай* (ағай), *жиңги* (жеңгей) тәрізді сөз тұлғаларын үлкен сөздіктерге алуды қолдайды [Юлдашев 1972, 82-86].

Ғалымның -қай, -жан тұлғалы эмоциялық сөздерді жалпы сөздіктерге алмау туралы пікірінде қайшылық бар. Әрі кішірейту, әрі еркелету мәніндегі тұлғалардың дәстүрлі

қолданыс аясы бар. Олар сөздің бәріне бірдей жалғана бермейді. Сондықтан ұлттық дүниетаным ерекшеліктерінен хабар беретін, кең таралған түрлерін алу қажет деп ойлаймыз.

*Кітапша, түймешек* сөздері ол кезеңде толық лексикаланып, номинативті мағынаны иеленбеген болу керек. Қазіргі кезде толыққанды лексикалық бірлікке айналып отыр. Қазақ тіліндегі -қай журнағы кез келген негізге жалғана бермейтіні белгілі. Сол себепті әрі сыпайы қолданысты, әрі кішірейту, еркелетуді білдіретін *балақай* тәрізді сөздерді сөздікке алудың еш сөкеттігі жоқ деп ойлаймыз.

Екі томдық түсіндірме сөздікте аталмыш лексика арнайы белгімен белгіленбегенімен, біршама жақсы қамтылған: *балақай* (біреуді жақсы көргенде айтылатын еркелету, кішірейту сөз), *ботақан* (1. Жас ботаны жақсы көргендіктен еркелетіп айтқанда қолданылады; 2. Жас баланы жақсы көргенде айтылатын теңеу сөз), *құлыншақ* (2. Баланы жақсы көріп еркелетіп атайтын сөз); *қошақан* (2. Жас баланы жақсы көріп, мейірі түсіп еркелету мағынасында айтылатын сөз).

Он томдық сөздікте эмоциялық сөздер мен экспрессиялық сөздер екі бөлек қарастырылады.

Эмотивті лексика адамның ішкі сезімін, қоңіл күйін (қуанышын, қайғысын, күйініш-сүйінішін, аяныш білдіруін, есіркеуін, мүсіркеуін, жек көруін, жақсы көруін, т.б.) білдіретін сөздер мен тіркестерге қойылады [Қалиев 1989, 173].

Ал экспрессивті сөздер — сөйлеушінің ойына, көзқарасына, ниетіне, мақсат-мүддесіне сай экспрессивтік мән (баяу) үстелген, саралап айтқанда: жақтырмау, ұнатпау, менсінбеу, кемсіну, кеміту, комсыну, кекету, мұқату немесе әзіл-оспақ, қалжың, әжуа, мысқыл, сықақ, сыйлау, құрметтеу, еркелету, кішірейту, ат қою, т.б. осы тәрізді мән-мағынада жұмсалған сөздер мен тіркестер [Қалиев 1989, 172].

Б.Қалиев он томдықта көбінесе *экспр.* белгісі қойылып отырғанын жазады. Ғалым бұл топты айқын анықтап, ажырата білуде кеткен қателіктерді көрсетеді. Мәселен, *арайлым, ардағым, әкежан, балақан, бөлежан, бөпетай, еркетай, қарағым, қарғаш, қарғатай, қоңыр қозым, сәулем, сәулетай, сәулеши, шырайлым* тәрізді эмотивті сөздерге *экспр.* белгісі, ал *атай, аташ, батыреке, ботақан, құлыншақ, сүмдық-ай* деген сияқты экспрессивті сөздерге *эмоц.* белгісі



қойылғандығын, *ерби, жарби, сатқын, секси, селти, таушық, төбешік* тәрізді сөздерге белгі мүлде қойылмағанын атап өтеді [Қалиев 1989, 173].

Әрине экспрессивті лексика жоғарыда аталған сөздер тобымен шектелмейді. Қос сөздердің бәрінде де экспрессия бар. Экспрессивті лексиканың бәріне бірдей белгі қою қиын іс. Сол себепті бұл реңкті бірліктің түсіндірмесінде немесе жақша ішінде берілетін түсініктемеде көрсетсе де жеткілікті деп ойлаймыз.

Алғыс пен қарғысты білдіретін фразалардың өзіндік ерекшелігі болғандықтан, оларды *алғ.* және *қарғ.* белгілерімен беруді қолдаймыз.

Ауызекі сөйлеу тілінде қолданылатын сөздердің бір тобы – табу сөздер. Бұлар негізінен әйел адамдар тарапынан айтылатын ескі салт, дәстүрге байланысты сөздер. Қазақ жерінің кейбір өлкелерінде бұл салтты “ат тергеу” деп атайды.

Б.Қалиев он томдықта *байы* сөзіне табу, ал *қарақулақ* (бөрі), *маңырама* (қой) сөздері мен *күн байыды*, *күн тимес* (ақ саусак), *ұйқыға кетті* тіркестеріне эвфем. белгісінің қойылғанын айта келіп, белгіні бірөңгейлестірудің қажеттігін еске салады. Біз *табу* атауын қалдыруды жөн көреміз. Екінші вариант – тілде *бала сөзі* деп аталатын сөздер тобына ұқсатып әйел сөзі атауын қолдану. Оған дәлел: 1897 жылғы “Қазақша-орысша сөздікте” халық аузындағы *сылдыраманың ар жағында, сарқыраманың бер жағында маңыраманы ұлыма жеп жатыр екен. Жоныманы білемеге білеп-білеп боршалап алып келдім* – деп келетін мәтін әйел сөзі белгісімен берілген.

Ауызекі сөйлеу тілінде жиі қолданылатын сөздер тобы – қарапайым сөздер. Сөздіктерді демократияландыру талабы тұрғысынан бұқара халық жиі қолданатын, тілде кең таралған қарабайыр сөздерді түсіндірме сөздікке алудың қажеттілігі басы ашық мәселе болғандықтан, оларды зерттеу ісі бұрыннан қолға алынып келді. Өткен кезеңдегі одақтық тіл білімінде қарапайым сөздер үш түрлі көзқарас тұрғысынан қарастырылып келді. Ғалымдардың бір тобы (Н.М.Шанский, А.В.Калинин, Г.Н.Скляревская, А.И.Ефимов, С.И.Абакумов) эмоциялық-экспрессивті реңктері бар дөрекі сөздер ретінде “әдеби тіл нормасынан” тыс, екінші тобы (Ю.С.Сорокин, А.И.Оссовецкий, С.Д.Кац) жалпы халықтық ауызекі

сөйлеу тілінің элементтері ретінде әдеби тілдің құрамында, ал үшінші тобы (Ф.П.Филин, Е.В.Петрищева) әдеби қарапайым сөздер мен бейәдеби қарапайым сөздердің болатындығын, сол негізде әдеби тіл құрамында да, одан тысқары да қарастыруға болатын лексика ретінде зерттеп келген еді. Осы себепті оларды түсіндірме сөздікке алу мәселесі де біржақты шешілген емес.

А.А.Юлдашев қарапайым сөздердің нормаланған сөздермен тең дәрежеде алынуын сынай отырып, оларды белгісөзбен белгілеуді ұсынады. Ғалым кең таралған, жиі қолданылатын, көркем әдебиетте кездесетін, бұрынғы сөздіктерде қамтылмаған, игерілмеген деген дәлелдер негізінде оларды ешқандай сұрыптаусыз алудың байқалатынын жазады. Лексиканың бұл тобына жеткілікті дәрежеде назар аударылмай, оларды асығыс, сұрау салу жолымен жинастыру тәжірибесі барлығын айтады. Сирек кездесетін, бірақ ауызекі тілде бар сөздерді академиялық сөздіктерге алудың түркі лексикографиясының алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі екендігіне, сөйлеу тілінің лексикасы В.В.Радлов, Э.К.Пекарский, Н.И.Ашмарин, К.К.Юдахин сөздіктерінде ғана біршама толық қамтылып отырғандығына тоқталады.

Түркі тілдерінің түсіндірме сөздіктерінің сөзтізбелерін зерттеген Ж.М.Гузев қарапайым сөздер мәселесіне кеңінен тоқталады. Ғалым қарапайым сөздерді әдеби және бейәдебиге бөліп қарастырады да әдебилердің өзін екі топқа бөледі. Әдеби қарапайым сөздердің бірінші тобына ауызекі сөйлеу тіліндегі бір немесе бірнеше ауыспалы мағыналары бейнелі, экспрессивті реңкте, эмоциялық бояулы болып келетін көп мағыналы сөздерді (қырғ. *кой* 3. ауыс. “перу, ұрып жіберу”, же 2. ауыс. “ақша мен басқа да құндылықтарды қымқыру”, тат. *көчек* 2. ауыс. “күшік”) жатқызады. Екінші топқа тек қана қарапайым сөз ретінде қолданылатын қар.-балқ. *сыпырт* “жымқыру”, қазақ. *ақмағамбет* “арак” тәрізді сөздерді кіргізеді.

Сөздіктердегі ала-құлалықтың (*сөйл.* белгісінің орнына *қарап.* белгісін және керісінше қолдану) қарапайым сөздер мен ауызекі сөйлеу тілі элементтерін айырудың қиындығына байланысты туындайтынын, оның бір себебі ретінде әдеби варианты жоқ сөйлеу тілі элементтерінің (қар.-балқ. *ачығаууз*

“ашық ауыз”, түркм. *келлекесер* “баскесер”) болуын айтады.

Ғалым қазақ тілі түсіндірме сөздігінің алғашқы бес томында “қарап.” белгісімен бар болғаны 24 сөздің (*ақмағамбет, атаусыз, көндімбай, күшік, бесбармақ, бопалақ, бопаламдан, боқты, бонау, боржы, бөс, бөсербай, бөшкебай, бопты, бөсепбай, дорбалаңда, жырбақай/жыртақай, жапырай, жырби, жырбаңда/жырбыңда, жұтқын, кебенек*) белгіленгендігін, бұлардың ішінде *бесбармақ, кебенек, бопты, жырбанда* сөздерінің қарапайым сөз болып саналмайтынын (“бұларда экспрессия жоқ, жай әңгімеде жұрттың бәрі де қолдана береді” дейді) жазады [Гузеев 1984,33].

Екі томдықта қарапайым сөздер негізінен белгіленбеген (*қатын, әумесер, періп қалу*) күйде атау сөз ретінде, кейде ауыспалы мағынада (*күшік, қасқыр*) берілген.

Он томдықта *қарап.* белгісі *ақмағамбет, атау-кере, бесбармақ, бөс, гәйт, дырит, жырбақай, сигекте, ыржаңбай, ысқит, дорба ауыз, шүйке бас*, т.б. бірліктерде кездеседі [Қалиев 1989, 150].

Қарапайым сөздер бір томдықта да біршама қамтылған: *адыраңбай, адырақпай, ақақу, ақмағамбет, алқаш, аңырайып-саңырайып, әйей, әңгір, бишікеш, бопалақ, далаңбай, дәлеку, дөден, езбе, жапырайған, жұтқын, жүгермек, жыртақы, ит-ыргын, күңкіл-сүңкіл, қалқайма, қарашекпен, мондыбас, партияқор, сыртбақай, тарылдақ, тұштақай, түйтің, тылтима, тырылдақ, тыртақай, шалтай-балтай, шүйкебас, шүленгір.*

## 2.10. Сөз варианттары

Қазақ тіліндегі вариантты сөздердің сөйлеу тіліндегі түрлі процестер ықпалымен үздіксіз қалыптасып келгені даусыз. Сөз тұлғасының бірнеше вариант қатарының болуы, әсіресе, әдеби тілдің қалыптасуының алғашқы кезіне тән болса керек [Бизақов 1997, 6].

Түркі тілдерінің жалпы сөздіктеріне вариант сөздерді алу мәселесін А.А.Юлдашев те қарастырады. Ғалым бірнеше фонетикалық варианттың тілдік сұрыптаудан өтуі нәтижесінде әдеби тілде бір варианттың қалғаны жөн екендігін айта отырып, бұл процестің табиғи жолмен жүретінін

ескертеді. Әсіресе ерекше тұрақтылық танытатын фонетикалық вариант үлгісі ретінде ғалым башқ. *аз/өз, акрын/әкрэн, асы/әсе* тәрізді жуанды-жіңішкелі жұптарды атайды. Әдеби тілде бірдей қолданылатын екі варианттың да сөздікте берілуі сирек кездесетінін, сөздікшілердің екі варианттың қолданым жиілігі мен даму мүмкіндіктерін саралай келіп, әдеби норма ретінде бір вариантты таңдайтындығын айтады.

Әдеби нормаға сәйкестігі ғылыми тұрғыдан зерттеле отырып, сұрыпталып, әдеби тілде бір варианттың қалуын автор дұрыс шешім санайды. Алайда, кейбір жағдайларда тілдік тұрғыдан дұрыс қабылданған шешімнің нәтижесінде бір вариант қалдырылғанмен, қоғам мүшелерінің тілдік санасында өзге варианттың басымдығынан керісінше, қате варианттың жеңіп шығуы мүмкін. Сондықтан, айқын басымдық болмаған жағдайда тең қолданылатын варианттардың екеуін де беруді жөн санайды.

Ғалым сөздің морфологиялық варианттарын сөздікке алған кезде олардың тілдегі қолданылымына қараудың қажеттілігін, тілде бұрын қолданылғанмен қазіргі кезеңде сирек қолданылатын ескірген тұлғаларды сөздікке алмау керектігін сөз етеді. Ал башқ. *күзелдерек/күзлек* (көзілдірік) тәрізді тілде тұрақты түрде қатар қолданылып келе жатқан тұлғалардың екеуін де алғанды жөн санайды.

Тілдегі абсолют синоним лексикалық дублеттердің бәрі де үлкен, кіші сөздіктердің бәрінде де түгел берілуі, қолданылу аясы белгілі бір стильмен шектеулі сыңарларда сол ерекшелік көрсетілуі (башқ. *бойороқ /әмер* сөйл. ) керектігін жазады [Юлдашев 1972, 79].

Ж.М.Гузеев сөз варианттарын үшке: фономорфологиялық, орфографиялық және морфологиялық варианттарға бөліп қарастырады.

Ғалым фономорфологиялық варианттардың өзін:

1. Сингармонизм заңдылығы бойынша жасалған (қазақ. *ажым-әжім, абзал-әбзел*);
2. Екпін түспейтін дауыстылардың болу/болмауына байланысты жасалған (тат. *газет — газета*, қырғ. *раазы-ыраазы*);
3. Метатеза арқылы жасалған (қазақ. *алпарыс* сөйл.-арпалыс, *кегеже* сөйл.-кежеге);

4. Дауысты фонемалары бойынша өзгешеленетін (қазақ. *дүдемал* сөйл. — дүдамал; *дәйімі* жерг. — дәйім, *замана* поэт. — заман);

5. Дауыссыз фонемалары бойынша өзгешеленетін варианттарға (қазақ. *айғай* сөйл. — айқай; *келтек* сөйл. — келдек; қырғ. *мыкын* — бықын) бөліп қарастырады.

Ғалым сингармонизм заңдылығы бойынша жасалған варианттардың тілдерде тең дәрежеде қолданылуына байланысты түркі тілдерінің дамуындағы қазіргі кезеңде оларды бірөңгейлестірудің мүмкін еместігін ескерте отырып, сөздіктерде екі варианттың да берілуін жөн санайды.

Қазақ тілінің екі томдық түсіндірме сөздігінде *ажым* мен *әжім*, *байшешек* пен *бәйшешек*, *байтерек* пен *бәйтерек* сөздері бір-бірімен еш байланыссыз, бөлек-бөлек беріледі.

Он томдықта да бұлар (*байшешек* сөзінен басқасы) жеке-жеке сөздік мақалада, өз мысалдарымен беріледі.

Бір томдықта (1999) *ажым* да, *байшешек* те, *байтерек* те жоқ. Түбінде осы дұрыс болар деп ойлаймыз. Емленің талабын, мектептегі жас ұрпақтың мүддесін ойласақ, осылай болуға тиісті. Жалпылама қолданымда (узушта) бар құбылыс, сондықтан көрсетілуі керек дегеннің өзінде де негізгі вариантқа сілтеме жасалу жолымен, мысалсыз берілуі керек.

Екі томдық түсіндірме сөздікте орыс тілі арқылы енген кірме сөздердің біразында екпін түспейтін соңғы дауысты дыбыс түсіп қалған (*гранат*, *газет*, *гитар*, *минут*, *секунд*, *галош/калош*).

Он томдықта да *гранат*, *газет*, *гитар*, *минут*, *секунд*, *галош/калош*.

Бұл заңдылықтың тілімізде толыққанды қызмет ететіні осындай мысалдардан байқалады. Демек, түсіндірме сөздіктеріміз де бар заңдылықты бұрмаламай дұрыс көрсете білген.

Екі томдықта дауыссыз *л*, *р* әріптерінен басталатын сөздердің алдында дауысты дыбыс кездеспейді. Яғни айтылымда білінегін протетикалық дауысты дыбыс жоқ. Түсіндірме сөздіктер жалпылама қабылданған емле заңдылықтары негізінде жасалады. Сөздің бәрін айтылуы бойынша жазудың да абырой әпермесі белгілі.

Қазақ тіліндегі *кегеже* және *алпарыс* сөздерін әдеби тілдегі *кежеге*, *арналыс* сөздері негізінде метатеза арқылы жа-

салды деуге қосыла салу қиын. Себебі олар бұрыннан жер-жерде, халық аузында бар сөздер.

Он томдықта *дұдамал*, *дүдемал*, тіпті *дүдәмал* сөзі де бар. Тілдегі айтылым заңдылығы бойынша дұрыстауы – *дүдәмал*. Әдеби нұсқа – *дұдамал*. *Дөйімі*, *дөйім*, *дайым* сөздерінің әдеби нұсқасы – *дөйім*. Осындай әуел баста кірме сөздердің әр жерде әртүрлі айтылуы бойынша әрқилы жазылуы тілімізге абырой әпермейді деп ойлаймыз. Түбінде жалпытүркілік материалдар бойынша жасалатын тарихи зерттеулер негізінде түпнұсқаға жақынын қалдырған жөн болатын тәрізді.

Ж.М.Гузеев аз ғана мерзімдік орфографиялық варианттардың қажетсіздігін, тілде бір емлеге бағындырылған жазудың болуы қажеттілігін, алайда түркі тілдерінің түсіндірме сөздіктерінде қырғ. *абад-абат*, *мурад-мурат*, *насбай-наспай*; өзб. *бекзот-бекзод*, *зап-заб*, *запт-запт*; қазақ. *бетбақ-бетпақ* тәрізді орфографиялық варианттардың жиі ұшырасатынын, мұның үлкен кемшілік екендігін жазады [Гузеев 1984, 96-98].

Ғалым түркі тілдеріндегі сөздердің морфологиялық варианттарының болуын мынадай себептермен түсіндіреді:

1) әдеби тілдің ауызша және жазбаша түрлерінің бір-біріне әсер етуі (қырғ. *көргөз* сөйл. – көрсөт, тат. *кигезу* сөйл. – кидеру);

2) төл қосымшалар мен кірме қосымшалардың қатар өмір сүруі (кар.-балқ. *почтачы* – почтальон, қырғ. *пахтакер* – пахтачы);

3) екі кірме қосымшаның қатар өмір сүруі (қырғ. *паракеч* – паракор, түркм. *зулумдар* – зулумкеш);

4) әдеби тіл мен говорлардың бір-біріне әсер етуі: өзб. *савачун* диал. – сафағич (сабау ағаш), тат. *чәйгүн* диал. – чәйнәк (шәйнәк).

Ғалым алғашқы үш топқа жататын жұптардың әдеби тілдерде қатар қолданылатындығын, өз алдарына, бөлек-бөлек бірліктер саналатынын, сол себепті олардың сөздікте жеке-жеке берілуі дұрыс екенін айтады. Бірақ, білгіз-білдір, өткіз-өткер тәрізді жұптарды біріктіріп, бір жерде беруге болатындығын ескертеді. Варианттардың басқа мағынаны иеленіп, ажырап кетуі де мүмкіндігін айта отырып, *кар.*-

*балқ.* тілінен мысалға *көзлюк* (көзілдірік) және *көзюлдюреуюк* (дүрбі) сөздерін келтіреді.

Сөз варианттары бойынша белгілі мамандардың бірі С.Бизақов он томдық түсіндірме сөздіктегі вариант тұлғалардың берілуін қарастырады.

Ғалым ең алдымен сөздікте басы артық жарыспа тұлғалардың өте көп берілгенін (*пісмiлла, пісмелла, бісмiлда, бісмiллә, бисмелда, бисмiлла*) олардың бір ғана сингармовариантын қалдырудың дұрыс болатынын айтады.

Біздің ойымызша, ең дұрысы *сингармоварианттың бір ғана сыңарын нормативті қолданыс ретінде танып, ауызекі тілдегі қалған варианттарын сол тұлғада жақша ішінде беру*. Бұл арқылы әрі сол варианттардың тілімізде барлығын көрсетеміз, әрі олардың нормаланғанын білдіреміз. Түбінде бұл мәселені шешпесе болмайды. Себебі ол емлемізге зиян келтіріп, оқушыларды көп қатеге ұрындыруы мүмкін.

Ғалым *апырмау* сөзінің көркем әдебиетте қолданылатын варианттарын (*апырау, апыроу, апырмай, апырай, апырой, япырмау, япырмоу, япыроу, япырмай, япырай, ойпырмау, ойпырау, ойпырмоу, ойпірім, ойпырмай, ойпырай*) келтіреді де бұлардың бірлі-жарым сыңарларын ғана қолдану жайлы нұсқау беру мүмкін емес деген пікірді қостайтындығын білдіреді.

Біздіңше, сөздікте осылардан бір ғана сыңарды қалдырып, басқаларын сол сыңардың сөздік мақаласында жақша ішінде тізбелеп беру қажет.

Орфографияның жарыспа тұлғаларды бір жүйеге келтіруде ең негізгі бағыт беруші сала екендігін, бір кездері сөз басындағы л, р, г, ғ дауыссыз дыбыстарының жазылуын сақтау, яғни айтылымда білінетін протетикалық дауысты дыбысты түсіріп жазудың бірсыпыра жарыспа варианттарды реттеуге ыңғайлы болғандығын еске сала отырып, он томдықтағы лас/ылас, леп/ілеп, лай/ылай, рай/ырай, рең/ірең, гәп/кәп, газ/каз, газет/кәзит, ғапу/қапу, ғажап/қажап, ру/үру варианттарының соңғы сыңарларының артық екендігін ашық айтады [Бизақов 1989, 86].

Демек, бұл екі мәселеде Ж.М.Гузеев пен С.Бизақов пікірлері бір жерден шығып отыр. Қазақ тілінің екі томдық түсіндірме сөздігіндегі дұрыс емленің он томдықта бұзылып отырғандығы анық.

Ғалым тілімізге кейінгі кезеңде енген русизмдердің түпнұсқасын сақтап жазуды қолдай отырып, завод/зауыт, паспорт/бәшбірт, коньки/кәнки, керосин/кәрәсін, карточка/кәртiшке, август/ағус, биржа/бержа, поднос/батнос, аллю/әлло, адрес/әдіріс, галош/кәлош, адвокат/әтбекет, отряд/әтірет, манифест/мінапас жарыспаларының соңғы сыңарларын сөздікке алмаған жөн боларын айтады. Шынында да бұл бір адым кері басқандық болады. Біз осы пікірді қолдаймыз.

Автордың ауызекі сөйлеу тіліндегі *сойер, бүйер, ойер, ояқ, сояқ, бұяқ* кіріккен түбірлерін сөздік қазынаны байытатын, морфологиялық амал-тәсілдердің даму бағытын танытатын формалар ретінде тануы, сондықтан оларды сөздікке алуды ұсынуына қатысты айтарымыз: бұл мәселені әлі де ойласу қажет тәрізді. Бірақ *сол жер, бұл жер, ол жер, ол жақ, сол жақ, бұл жақ* сөздерінің айтылым үлгілерінің бірі ретінде (*сожер, бұжер* түрінде де айтылуы мүмкін ғой) тиісті сөздік мақалаларда жақшаның ішінде беруге болар деп ойлаймыз.

Ғалым көпмағыналы сөздердің морфологиялық варианттарын екі түрлі мағынада қолдану мүмкіндіктерін пайдаланудың қажеттілігіне тоқталады. *Уату* (жас баланы уату) және *жұбату* (көңілін аулау), *өмір* және *ғұмыр* варианттарын мысалға келтіреді. Ғалым *ғұмыр* сөзінің “уақыт, дәурен, дәуір” мағыналық реңкін білдіруге икемді дейді.

Біздің ойымызша, *өмір* сөзін жалпы биологиялық тіршілік мағынасында, ал *ғұмыр* сөзін адам баласының өміріне қатысты пайдаланса, жөн болатын тәрізді. Автордың *тырнақтау* (тырнақ ізін түсіру) мен *тірнектеу* (там-түмдап, мұқияттап, еңбектеніп жинау) жұбының, сондай-ақ тәлім/тағлым, тағым/тәжім, абиыр/әбиір жұптарының айырым белгілерін айқындауға тырысуы құптарлық.

Ғалым жарыспалы тұлғалар ішіндегі нағашы/таға, қақпа/дарбаза, көктем/баһар, ұлт/милләт тәрізді лексикалық дублеттерге де тоқталып өтеді.

С.Бизақов вариант тұлғаларды беруде түсіндірме сөздікте кеткен кемшіліктерді көрсетеді:

а) еш белгісіз алынған жұптар кездеседі;

ә) еш белгісіз алынған жұптардың (бейіш/пейіш) екеуіне де толық сөздік мақала арналып, тура және ауыс мағыналары көрсетілген;



б) вариант тұлғалардан (кәрия, әжуа, аждаһа) түрленген туынды сөздерге (кәриялық, әжуашыл, аждаһадай, аждаһаша) анықтама бермей-ақ, негізгі нұсқаға сілтеме жасау талабы бұзылған жерлер кездеседі;

в) бір тектес варианттарға (*ғарып*-кітаби лексика ретінде, ал *қарып* -сөйлеу тіліне тән деп сипатталған) әр түрлі стилдік белгі қойылған;

г) бірлі-жарым жарыспа варианттардың әдеби нұсқасы ретінде бірнеше сөз тұлғасы көрсетілген.

Осы жерде сонғы кездері әріп пен қарып тұлғаларын айырым мағынада қолданудың байқалатынын айта кету қажет: *қарып*-әріптің таңбасы, литера ретінде қолданыла бастады.

Ғалым сөздікте *әжуа етті*, *ажуа етті*, *айқай салды*, *айғай салды* тәрізді орфографиялық варианттардың біршама кездесіп отыратындығын, олардан арылудың қажеттілігін айтады [Бизақов 1989, 94-95].

## 2.11. Фразеологизмдер

Түркі тілдерінің түсіндірме сөздіктеріне жасалған талдау олардың көпшілігінде фразеологиялық бірліктерді басқа тілдік бірліктерден: жеке сөздерден, қос сөздерден, күрделі құрамды етістіктерден, лексикаланған терминологиялық мәнді сөз тіркестерінен, еркін сөз тіркестерінен, мақал-мәтелдерден ажырату ісінің қанағаттанарлықтай еместігін көрсетті [Гузеев 1984, 103].

Ж.М.Гузеевтің пікірі бойынша, жеке сөздердің, қос сөздер мен күрделі етістіктердің фразеологизмдердің құрамында берілуі, әсіресе қырғыз, әзірбайжан тілдерінің түсіндірме сөздіктерінде орын алған. Қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігінде бұл тәрізді көрінеу ағаттықтар жоққа тән.

Түркі тілдерінің түсіндірме сөздіктері жасалып жатқан кезеңде (1960-70 жылдары) кеңестік тіл білімінде термин мәнді фразеологиялық тіркестерге қатысты бір-біріне қарама-қарсы екі пікір болған екен. Бірінші пікір бойынша (Ахманова О.С., Береснев С.Д., т.б.), олар түгелімен фразеологизмдердің құрамына алыну керек: “Жеке сөз ғана термин бола алады, ал сөз тіркесі – терминология жүйесіндегі фразеологиялық бірлік, яғни термин емес” (*Береснев*).

Осы көзқарастың басым болуына байланысты түсіндірме сөздіктердің көпшілігінде, әсіресе өзбек, қырғыз, әзірбайжан, қазақ тілдерінің түсіндірме сөздіктерінде терминологиялық тіркестер фразеологизмдер құрамында берілді.

Екінші пікір бойынша (В.В.Виноградов, Б.А.Ларин, С.И.Ожегов, А.М.Бабкин, Е.Н.Толикина, т.б.), ауыспалы мағынаға иеленген терминологиялық тіркестерді ғана фразеологияға жатқызуға болады. Түсіндірме сөздіктерді арнайы зерттеген Ж.М.Гузев осы пікірді қостайды. Ғалым түркі тілдерінде *қозы қарын*, *марал құлақ*, *итмұрын* тәрізді бейнелі терминдік тіркестердің молдығын айта келіп, осыларды фразеологизмдерге жатқызуды жақтайтындығын білдіреді [Гузев 1984, 113]. Қазіргі кезеңде бұл көзқарастың қате болғандығы айқындалып отыр.

Шынығында, тура атауыштық мағынадағы терминологиялық тіркестерді фразеологизмге жатқызуға мүлде болмайды. Керісінше, оларды атау сөз дәрежесінде жеке беру қажет. Кезінде басқа тілдік бірліктерді фразеологизмдердің қатарына енгізуге себеп болған жағдай — фразеологиялық бірліктердің басты белгілерінің (семантикалық бірбүтіндік, тіркесім шектеулілігі, ауыспалы мағына, экспрессивті-эмоциялық мағына, тұрақтылық, өзге тілге баламалы аударудың мүмкін еместігі, т.б.) өзге бірліктердің де бойынан табылуы еді.

Мәселен, фразеологизмдердің басты белгілерінің бірі олардың жеке сөзге балама (эквивалент) болуы (Реформатский) дейтін болсақ, лексикалық тіркестер де жеке сөзге балама бола алатын еді. Ол тіркестердің лексикалануы нәтижесінде пайда болған лексикалық тұрақтылықты фразеологиялық тұрақтылықпен шатастырушылық жиі кездесетін.

А.А.Юлдашев бұл мәселеде көрегендік танытып, фразеологизмдердің құрамына жаңсақ енгізіліп жүрген, оларға қатысы жоқ жартылай фразеологиялық сөз тіркестерінің барлығын жазады. Ғалым башқұрт тіліндегі *үлсәп һойлеу* (абайлап сойлеу), татар тіліндегі *житкән кыз* (бойжеткен) тіркестерін мысалға келтіріп, бұлардағы бір компоненттің өзінің тура мағынасында беріліп тұрғанын, ал екінші компонент болса, осы компонентпен тіркеске түсу арқылы бейнелі, ауыспалы фразеологиялық мағынаны иеленіп отырғанын, тіркесті тұтастай алғанда бұл жерде сөздің син-

таксистік тұрғыдан бекіген жеке мағынасы беріліп отырғандығын айтады [Юлдашев 1972, 388-389].

Ж.М.Гузеев жеке сөздердің белгілі бір тіркесімдерде жаңа мағыналарға ие болатынын, шартты мағына деп аталатын ол мағынаның түсіндірме сөздіктердің бірқатарында (ішінде қазақ тілінің сөздігі де бар) фразеологизм құрамында қаралып келгенін, мұның қате екендігін жазады. Мысал ретінде түркм. *сохбет гурмак* (сұхбат құру), *той гурмак* (той жасау), *даг басмак* (таңба басу), *печать басмак* (мор басу), *йыл бойы* (жыл бойы), *ел бойы* (жол бойы); озб. *техник редактор* (техникалық редактор), *техник котиб* (техникалық хатшы), *темир интизом* (темір тәртіп); қазақ. *сенімі ақтады*, *еңбегін ақтады*, *дәм-тұзын ақтады* тәрізді тіркестерді келтіреді.

Ж.М.Гузеев түсіндірме сөздіктерде тек ауыспалы және шартты мағыналы тіркестер ғана емес, түркм. *сапак бермек* (сабақ беру), *сес бермек* (дауыс беру); озб. *кеч күз* (қара күз), *шум хабор* (жаман хабар); қазақ. *актерлік онер*, *ат қора*, *бесті ат*, *қарақалнақ тілі* тәрізді тура атаулық мағыналы тіркестердің де фразеологизм құрамында жүргенін жазады [Гузеев 1984, 118].

Ж.М.Гузеев фразеологиялық сөз тіркестерінің басты белгісі олардың жеке сөздерге балама болуы (Реформатский, 1955, 93) деген көзқарастың негізінде барлық лексикаланған тіркестердің де фразеологизм құрамында қарастырылып жүргенін жазады. Ғалым фразеологиялану процесі көбінесе лексикалану процесін де қамтитынына, лексикаланған сөз тіркестері де фразеологизм тәрізді тұрақты болатындығына байланысты пайда болған ұқсастық бұл екеуінің бірге қаралуына әкеліп отырғанын, сол себепті фразеологиялық тұрақтылықты лексикалық тұрақтылықтан айыра білудің қажеттігін айтады.

Ғалым сондай-ақ, фразеологизмдердің бәрі де ауыспалы мағынаны білдіретіндіктен, оларды іштей тағы тура және ауыспалы мағыналарға болудің [қазақ. *аяқ алыс* а) аяқ басы; ә) ауыс. Бет алыс, бағыт, шама-шарқ, қарқын] дұрыс болмайтындығын сөз етеді.

Фразеологизмдердің құрылымына қатысты күрделі мәселелердің бірі — фразеологиялық омонимия құбылысы. Түркі

тілдерінің түсіндірме сөздіктерінде бұл құбылыс ажыратылмай, фразеологизмнің копмағыналылығы ретінде (қазақ. *қол алды* а) сәлемдесті, амандасты; ә) келісті, уәделесті, серттесті) қарастырылып келеді [Гузеев 1984, 126-127]. Бұл жерде, ғалымның пікірі бойынша, кейбір мағыналар сол фразалық тіркестің қайтара метафоралануы нәтижесінде пайда болып отыр.

Ғалымның жазуы бойынша, түркі тілдерінде синонимдес фразеологизмдер де көп кездеседі. Фразеологизмдегі синонимия (*бой тасалады – бой жасырды; ақыл айтты – ақыл берді*) мен варианттылықты (*алғашқы адым – бірінші адым – әдепкі адым*) айыру қиын.

Құрылымын дұрыс анықтай алмаудан кейде бір фразеологизм бірнеше рет өз алдына бөлек-бөлек түсіндірмелерімен берілген жерлер де кездеседі: [*ас (бойына, жүрегіне) батпады – бойға ас батпады – жүрекке (жүрегіне) ас батпады*].

Ғалымның баса назар аударған мәселелерінің бірі – фразеологизмдердің сөздікте берілу тұлғасы мәселесі.

Ғалымның ойынша, сөздіктердегі негізгі қателер етістік фразеологизмдерге қатысты туындайды. Олардың ішіндегі болымсыз тұлғадағыларын болымды тұлғада беруге болмайтындығы түсінікті. Кейбір әрі болымды әрі болымсыз тұлғада қолданылатын фразеологизмдерді тек болымды түрде беру тәжірибесі бар. Алайда, кей сөздіктерде олар екі тұлғада бірден беріліп келеді. Ғалым қазақ тілінің сөздігінде болымсыз тұлғаның жақша ішінде беріліп, ал түсіндірменің тек қана болымды тұлғаға берілуін қате санайды.

Ғалым бір фразеологизмді бірнеше рет қайталап бермес үшін есім компонентті үш жақта бірдей берудің [қар.-балқ. *жаным (-ың, -ы) ауруйду*] қажеттілігін ескертеді. Біз де осы пікірді қолдаймыз.

Бірінші компонентінің мағынасы түсініксіз болып келген фразалық тіркестер үшін жеке сөздік мақала түзу тәжірибесі бұрыннан бар (*жүзе: жүзеге асты, баз: баз баяғы, бәз бәйек: бәз-бәйек болды*).

Басқа компоненттерінің мағынасы күңгірт тіркестер бірінші компоненттің сөздік мақаласындағы фразеологизмдер арасында беріледі (*артпа: иек артпа, жеткісіз: баға жеткісіз*).

Конвариантты фразеологизмдердің ең актив қолданылатыны бірінші кезекте беріледі де басқа варианттар жақшаның ішінде көрсетіледі: *арқан (қазық, найза, тұсау) бойы; біреудің (басқаның, өзгенің) қолымен от көседі.*

Факультатив компоненттер де жақша ішінде беріледі: *күн [шайдай] ашық, бұзау бас [етік].*

Фразеологизмдердің құрамына қатысты күрделі мәселелердің бірі – олардың лексикалану дәрежесі. Тілдегі көптеген грамматикалық категориялардың лексикалануға бейімділігі белгілі. Жалғауларға дейін лексикаланады. Сөз тіркестерінің ішінде еркін тіркестер де тұрақты тіркестер де лексикалана береді. Бірақ олардың лексикалану дәрежесі әрқилы болады.

Атауыштық (номинативті) қызмет атқаратын тұрақты тіркестердің лексикалану дәрежесі басқа фразеологиялық бірліктерге қарағанда өте жоғары.

Академик Ә.Қайдар осы мәселені сөз ете отырып, тіліміздегі сөз тіркестерінің бірқатарын дербес мағыналы лексикалық бірлік ретінде сөзтізбеге алуды ұсынады [Қайдар 1998, 124-125].

Осы еңбекте *құлақ* сөзінен өрбитін біраз тіркестер беріледі (*ақпа құлақ, кәрі құлақ, қалқан құлақ, құйма құлақ, сақ құлақ, салпаң құлақ, саңырау құлақ, шой құлақ, құлақ қағыс, құлағы түрік, құлақ кесті құл, ...т.б.*). Аталған тіркестердің арасындағы құлақтың құрылысына қатысты қалқан құлақ, салпаң құлақ, шой құлақ тәрізді тіркестерді, сондай-ақ адамның мінез ерекшеліктерін білдіретін ақпа құлақ, кәрі құлақ, құйма құлақ, сақ құлақ тіркестерін күрделі сөздермен тең дәрежеде қарастырылатын сөздік бірлік деңгейіне көтеруге болатын тәрізді.

Фразеологиялық бірліктер әліпбилік тәртіппен бірінші компоненттің сөздік мақаласында беріледі.

Себебі, біріншіден, тірек компонентті анықтау қиын болса, екіншіден, тілімізде құрамы өте күрделі 2-3-4-5 компонентті фразалық бірліктер де кездеседі.

Фразалық бірліктерден ең әуелі зат есімдер, одан кейін сын есімдер, етістіктер келтіріледі. Ең соңында мақалдар мен мәтелдер беріледі.

Ең алдымен лексикалық фразеологизмдер, олардан сон аузына сөз тұрмайды, басын тауға да тасқа да ұрды тәрізді синтаксистік фразеологизмдер (идиомалар) орналасады.

Мақалдар мен мәтелдердің фразеологизмдерден өзгешелігі бар екендігі белгілі. Фразалық бірлік – ұғымды білдіретін болса, мақалдар мен мәтелдер – күрделі ой-пікірді білдіреді. Ол туралы Ж.М.Гузев те, басқа мамандар да айтып келеді. Сол себепті А.А.Юлдашев мақал-мәтел бөлігін басқа белгімен, мысалы қара шеңбермен (•) беруді ұсынады. Бұл да қостарлықтай ұсыныс деп ойлаймыз.

Мақалдар мен мәтелдердің сөз мағынасын ашып, нақтылай түсуге қызметі зор. Олар әсіресе тілді үйренушілер үшін өте қажетті материал болып саналады.

Жоғарыда фразеологизмдерді сөздік мақаланың соңында, бір жерде топтап беру мәселелері сөз болды. Бұл өткен ғасырдағы одақтық лексикографияда түсіндірме сөздіктердегі фразеологизмдерді берудің негізгі жолы болған еді. Қазақ тілінің түсіндірме сөздіктерінде де осы тәсіл тандалған болатын.

Қазіргі түсіндірме сөздіктерде оларды атау сөздердің жеке мағыналарында беру тәжірибесі де кездеседі. Мәселен, орыс тілінің 2000 жылы жарық көрген түсіндірме сөздігінде фразеологизмдер жеке мағыналарда берілген. Біздің ойымызша, екі тәсілдің де артықшылықтары мен кемшіліктері бар. Түсіндірме сөздіктердің мақсат-мүдделеріне байланысты екі тәсілді де айырым қолдануға болады деп ойлаймыз.

## 2.12. Туынды сөздер

Тілдердің қай-қайсысында да сөздердің басым көпшілігі туынды сөздерге жататыны белгілі. Түркі тілдеріндегі туынды сөздердің қосымша жалғану арқылы жасалатыны да көпшілікке мәлім.

Сөзжасам жұрнақтары қазақ тілінде де жеткілікті. Қазақ тіліндегі сөз тудырушы жұрнақтарды алғаш рет бір жерде жинақтап берген еңбек – белгілі ғалым Ә.Ибатовтың “Қазақ тілінің туынды сөздер сөздігі”(1988) болды. Бұл еңбекте екі жүз тоқсан бір жұрнақтың тізімі беріледі. Жұрнақтардың көмегімен жасалатын туынды сөздердің мағыналары бастапқы кезде негіз сөздердің мағыналары негізінде қалыптасады да, әрі қарай өзінің ішкі мағыналық мүмкіндіктері негізінде дамиды.

Туынды сөздерді түсіндірме сөздікте беру мәселелерінің ішіндегі маңыздылары – туынды тұлғаларды сұрыптап алу сөздіктегі сөзжасамдық байланыстардың бейнеленуі, туынды сөздерге берілетін анықтамалардың сипаты, лексикалық және грамматикалық мағыналы туынды сөздерді ажырату.

Ж.М.Гузеев жүйелі жолмен жасалатын сөзжасамдық тұлғаларды сөздіктерге олар кәсіптің, іс-жұмыстың атауы болса, не терминдік мәнге ие болса немесе адамның бейімділігін қызығушылығын білдірсе ғана алуға болатындығын жазады. Ендеше, түсіндірме сөздікке жеке лексикалық мағынаға иеленген туынды тұлғалар ғана алынуға тиісті. Түркі тілдеріндегі ең өнімді сөзжасам қосымшалары қатарында *-лы, -сыз, -шы, -рақ, -ғыш* т.б. бар [Гузеев 1984, 57].

Қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігіне туынды сөздерді сұрыптап алу мәселесінде: “Сөздің жалаң түріне де, туынды түріне де, жалаң және күрделі грамматикалық формаларына да талғамай жалғана беретін қимыл атау (-у) жұрнағын, жалғанған сөзге молдық я жоқтық мәнін жамайтын *-лы (-лі, -ты, -ті, -ды, -ді), -сыз (-сіз)* жұрнақтарын (малды, малсыз, үйлі, үйсіз, әлді, әлсіз), сондай-ақ *-лық (-лік, -дық, -дік, -тық, -тік), -ша (-ше), -шы (-ші)* сияқты жұрнақтарды (*айтарлық, білетіндік, көргенше, барғанша, шалғыншы, су тасушы...*) арқылы жасалған я жасалатын туынды формаларды белгілі бір аяда ғана атау сөз ретінде алып, шек қоюға ұйғарылды.

Дегенмен, жұрнақ арқылы жасалған туынды сөздің мағынасына лұғаттық мақалада берілетін анықтама оның түбірінің мағынасына қарай икемделуі, сондай-ақ қазақ тілінің туынды сөзі тек лексикаға ғана емес, грамматикаға (сөз табына) да қатысты болатынын ескере отырып, анықтаманың жұрнақ үлгісіне я құрылымына қарай бірізді, біркелкі болуы (аншы, малшы, егінші, сауыншы, ағашты, аязды, ағынды, қарулы т.б.) және тиісті сөз табына орай болып берілуі қадағаланды. Әрине, сөздікте әр үлгінің өнімді, өнімсіздігі де, стилистикалық рөл де иллюстрациялық материалдан аңғарарлықтай жағы қарастырылады” – делінген [Ысқақов 1974, 15].

Демек, өнімді жұрнақтармен жасалатын туынды сөздерге шек қойылып, туынды сөзге берілетін анықтама негіз сөздің мағынасына орайластырылып сипатталатын болған. Бір үлгілі бір құрылымды жұрнақтардан жасалған туынды сөздерге бе-

рілген анықтамалардың да бір типтес болуы қадағаланып, грамматикалық мағыналы туынды сөздердің тиісті сөз табы көрсетіліп, анықтамасы да соған орай берілетін болған.

Кезінде А.А.Юлдашев қимыл атауы жұрнағы -у, іс-қимыл иесін білдіретін жұрнақ -чы (-шы), сондай-ақ -лы, -лық, -сыз тұлғалы есімдердің кез келген сөзден жасалуы мүмкіндігін, көптігіне байланысты олардың сөздікке оқырманның мүддесіне зиян тигізбестей молшерде шектеп беруді ұсынған болатын [Юлдашев 1972, 102-103]. Осы теориялық қағидаға сәйкес, қазақ тілінің көп томдық түсіндірме сөздігін түзушілер ұжымы аталған жұрнақтардан жасалған туынды сөздерді, жоғарыда сөз болғандай, шектеп береді.

Алайда сөздік жұмысы тамамдалғаннан кейін бұл шешімнің қате болғандығы сөз болады: “Бір алуан сөздер қазақ лексикологиясы мен орфографиясы електерінен не әрі, не бері өте алмай, түсіндірме сөздіктің сөзтізбесінен өздеріне лайық сыбағалы орындарын ала алмай қалды. Осы топқа тек санаулы аяда ғана болмаса, -лы (-лі...), -лық (-лік...), -сыз (-сіз...), -шы (-ші...) сияқты аса өнімді жұрнақтар арқылы туған сөздер жаппай дерлік (басым көпшілігі) сөздікке көрінеу енбегенін тіпті лайықсыз деп санауға болады” [Ысқақов 1986, 506].

Түркі тілдері түсіндірме сөздіктерін түзу принциптерімен арнайы айналысқан ғалым Ж.М.Гузеев түсіндірме сөздіктердің бірқатарында -лы құрылымды “құрамында бір нәрсе бар”, “бір нәрсесі өте көп, мол” деген мағынада қолданылатын сөздердің қамтылғандығын айта келіп, қазақ тілінің көп томдық түсіндірме сөздігіндегі азотты, балды, ағашты, алаботалы, алмалы, балықты, ақшалы, аязды сөздерінде негіз сөздерден аз-маз семантикалық өзгешеліктің барлығын, сол себепті алынуы дұрыс екендігін жазады. Ал -шаң қосымшасына қатысты: “бұл тәрізді тұлғалар сирек қолданылады. Сондықтан оларды жалпы сөздікке алудың қажеттігі жоқ тәрізді” – деген ой айтады [Гузеев 1984, 62].

Бұл жердегі қайшылық “тілде жүйелі түрде қолданылатын өнімді жұрнақтардан жасалған сөздерді сөздікке алуға болады, бірақ шектеп алу керек, ал сирек қолданылатын жұрнақтардан жасалған туынды сөздерді алудың қажеті жоқ тәрізді” – деген пікірден туып отыр. Бұл қате пікір деген ойдамыз. Себебі -шаң тәрізді жұрнақтар белгілі бір сөздер



тобына белгілі бір дәрежеде талғап жалғанады. Сондықтан ондай сөздердің түсіндірме сөздікке алынғаны жөн.

Ғалым *-сыз* тұлғалы туынды тұлғалардың қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде көп кездесетіндігіне мысал келтіре отырып (*ағасыз, азапсыз, азотсыз, аллеясыз, балдақсыз, баласыз, ағайынтуғансыз, азық-түліксіз, ақшасыз т.б.*) бұл жерде сөздердің типтік мағынасы ғана бар екендігін, лексикалану процесі жоқтығын ескере отырып, оларды алудың қате болғандығын жазады [Гузеев 1984, 64]. Ғалымның бұл пікірінің өте орынды айтылып отырғандығы анық. Аталған сөздерде лексикалану процесі жоқ. Мұндай тұлғалардың сөздікте берілуі қате болған.

Ғалым, сондай-ақ кейбір түсіндірме сөздіктерде жалпыхалықтық мақұлдаудан отпеген құрылымдардың да кездесетіндігін (*қазақ тілінде* : аккумуляторшы, гитаршы, зенитші, бакалейші, геодезияшы т.б.), бұлардың тек мерзімді баспасөз бетінде ғана қолданылып жүргендігін, көркем әдебиет пен ауызекі тілде актив қолданылуға әлі жетпегендігін жазады. Сондықтан оларды жалпыхалықтық түсіндірме сөздіктерге олар жалпылама әдеби тілге енгеннен кейін барып алынғаны жөн болар еді” – дейді [Гузеев 1984, 64]. Бұл – сол кезеңдегі “әдеби норма” ұғымына сәйкес жазылған пікір.

Ол кезде әр сөздің түсіндірме сөздікке алынудан бұрын барлық басты стилдерде қолданылуын көрсететін айғақтардың болуы міндетті болатын. Әдеби тілдің табиғаты өзгерген қазіргі кезеңде бұл пікірдің жаңсақтығы талас тудырмайды.

Сөз болған атаулардың мерзімді баспасөз беттерінде қолданылуы, яғни узушта болуы оларды сөздікке алу үшін жеткілікті негіз бола алады.

**Жалпы туынды сөздердің толық немесе жартылай (белгілі бір контексте) лексикалануы оларды түсіндірме сөздікке алу үшін басты негіз болып саналады.**

### 2.13. Көмекші сөздер

Синтаксистік сөз тіркесінің қатарына жатпайтын құрылымдардың бірі – түйдекті тіркестер. Бұл туралы мамандар былай деп жазады: “Тарихи тұрғыдан қарайтын болсақ, қазіргі толық мағынасы бар сөздер мен көмекші сөздердің тіркесі бір кезде сөз тіркесін құраған, өйткені бүгінгі кө-

мекші сөздер деп жүргеніміз – ертеде өздерінің лексикалық мағынасы болған дербес мәнді сөздер. Олар тілдің дамуы барысында қажеттілікке орай көмекші сөздер қатарына келіп қосылған. Осымен байланысты көмекші сөздер қатысатын тіркестер сөз тіркесі болу қасиетінен айрылған, бірақ сөз тіркесіне тән байланысу тәсілдерін, өздері байланысқа түскен байланысу түрін сақтап қалған... Осы сияқты тіркестер қазақ тіл білімінде түйдекті тіркестер деп аталып жүр” (Аблақов, Исаев, Ағманов 1997, 19-20).

Түйдекті тіркес құрайтын көмекші сөздердің қатарына көмекші есімдердің, көмекші етістіктердің, септеулік шылаулардың кіретіні белгілі. Аталған топ түсіндірме сөздіктегі өте маңызды қызметтердің біріне – сөздік бірліктің лексикалық тіркесімділігін көрсету қызметіне жегіледі.

*Көмекші есімдер* – негізгі сөздерге теліне жұмсалып, олардың кеңістікке (мекенге), уақытқа (мезгілге) қатысын толықтырып, нақтылап тұратын сөздер [Уәлиұлы 1998, 177-178].

Қазақ тілінде *алды арты, асты, үсті, жаны, қасы, маңы, маңайы, арасы, ортасы, іші, сырты, шеті, басы, беті, түбі, төбесі, тұсы, бойы*, т.б. көмекші есімдер бар.

Көмекші есімдердің түсіндірме сөздіктерде берілуі әрқилы.

Қазақ тілінің екі томдық түсіндірме сөздігінде *арт, асты, ара, іш, сырт, шет, бас, бет, түп, төбе, тұс, бой* көмекші есімдері зат есім ретінде, ал *алды, қасы, маң, маңай* – үстеу, *үсті* – есімдік ретінде сипатталған.

Он томдық түсіндірме сөздікте көмекші есімдер негізінен зат есім ретінде сипатталды. *Үсті* және *қасы* сөздері ғана көмекші есім ретінде белгіленген.

Кезінде Н.К.Дмитриев аталмыш сөз тобын көмекші есім ретінде атап, оларды шылаулар мен зат есімдердің арасындағы топ ретінде қарастырған болатын [Дмитриев 1937, 129; Юлдашев 1972, 305].

Н.К.Дмитриев көмекші есімдердің өз тұлғасын сақтағанымен, жеке мағынасын жоғалтқандығын, өзінің тура мағынасында емес, көмекші мағынада, белгілі бір контексте, изафеттік қатынаста ғана қолданылатынын жазады.

А.А.Юлдашев жекелеген көмекші есімдердің кейде алдындағы анықтауышсыз, абсолют позицияда қолданылатындығын (башк. *эргәмдә ултыр* – қасымда отыр,

*алдыбызза Өфо* – алдымызда Уфа, *қаршымда торма* – қарсы алдымда тұрма, *арағызза дуслық юқ* – араңызда достық жоқ), алайда сөздің жетегінде, немесе оның алдында (*уртаһын курһәт* – ортасын көрсет, *уртаһында нәмә бар* – ортасында не бар, *зал уртаһында* – зал ортасында, *уртаға қуй* – ортаға қой, *асты койгән* – асты күйген, *китап астында* – кітап астында) қолданылғаннан көмекші сөздің мағынасы өзгермейтінін айтады. Ғалым көмекші сөздердің мағынасын лексикалық мағына санайды. *Арқа*, *өст*, *буй*, *ал(д)*, *қаршы*, *арт*, *ара* сөздерінің негізінде жасалған көмекші есімдерді талдай келе автор олардың мағыналарынан айрылуы, грамматикалануы туралы қағиданы жоққа шығарады.

Көмекші есімдердің зат есімдерден, әсіресе кеңістік пен уақыт атауларынан көп айырмашылығы жоқтығын, анықтауышты сөз тіркесінің толыққанды компоненті, грамматикалық тұрғыдан анықталатын сөз, яғни жетекші компонент болатын болса, логикалық жағынан бүкіл құрылымның мағыналық орталығы, оның ең қажетті бөлігі болып табылатынын айтады. Көмекші есімдер тек қана толық лексикалық бірліктермен байланысқа түседі. Олар басқа көмекші сөздерден лексикалық мағынасы жағынан да, құрылымы жағынан да, категориалдық қасиеттері жағынан да, синтаксистік қызметі жағынан да өзгешеленеді.

Олар негізгі сөздердің омонимдері де емес.

Автор көмекші есімдерді түсіндірме, аударма сөздіктерде зат есімдердей қарастырудың, жеке сөздік мақалада берудің қажеттілігін, дұрыс болатынын жазады.

А.А.Юлдашев көмекші есімдерді сөздікте берудің төмендегідей үлгісін ұсынады:

**Ас(т)** 1. 1) астыңғы жақ, астыңғы бөлік:

а) алдыңғы орында (препозицияда) сирек қолданылады: *асқа таба* немесе *асқы яққа* (беткейден төменге); *астан кис* (астыңғы жағынан кес); *астқа қуй* (астыға, астыңғы жаққа қой); *асты көйгән* (асты күйген);

б) көбінесе кейінгі орында (постпозиция) үшінші жақтағы тәуелдік жалғауымен қолданылады: *китап астында* (кітаптың астында); *китап астына* (кітаптың астына); *китап астынан* (кітаптың астынан); *остөл асты* (столдың асты); *ағас асты* (ағаштың астыңғы жағындағы орын);

2) төсек-орын: *аст қаты* (төсек қатты); *ас қат* (*һалам, матрац*) *йәйеу* (*түшәу*), астыға (салам, матрас) жаю (төсеу)

2. : анықтауыш орнында (анықталатын сөз тәуелдік жалғауынсыз болса) 'астыңғы': *ас яқ* (астыңғы жақ).

◊ *аяқ асты* а) аяқ астында; ә) көше, жол, сокпақ, жүруге болатын жер беті: *аяқ асты еүеш* ылғал топырақ, жол т.б.; *казан асты* қазанның астындағы ошақ; *құлтық асты* қолтық асты; *ер асты* жер асты; *изән асты* еден асты.

◊ *Астын өскә килтереу* астын үстіне келтіру [Юлдашев 1972, 323-324].

Ж.М.Гузеев көмекші есімдерді зат есімдердің бір бөлек тобы ретінде қарастыруды жақтайды. Көмекші есімдердің ең басты белгілерінің бірі — олардың тәуелдік жалғауымен қолданылуы болғандықтан, ғалым оларды міндетті түрде осы тұлғада берудің қажеттілігін айтады. Ғалым түсіндірме сөздікте көмекші есімдердің берілуіне мысал ретінде қарашай-балқар тіліндегі *ич(и)* сөзінің берілуін ұсынады. Түсінуге ыңғайлы болу үшін қазақша беріп отырмыз:

**Іш(і).** 1. (*түсіндірме мен мысалдар*). а) *әдетте тәуелдік жалауынсыз қолданылмайды*, ә) *барыс, жатыс және шығыс септіктерінде сөз тіркесінің екінші компоненті ретінде қолданылады*.

2. (*Қойдың, ешкінің т.с.с.*) *іші* (*түсіндірме, мысалдар*).

3. (*Үйдің, дорбаның, судың т.с.с.*) *іші* (*түсіндірме, мысалдар*).

4. (*Самса, т.б.с.с. тағамдардың* ) *іші* (*түсіндірме, мысалдар*).

5. (*Пальтоның, костюмнің т.с.с.*) *іші* (*түсіндірме, мысалдар*).

6. (*Сағаттың, айдың, жылдың*) *ішінде* (*түсіндірме, мысалдар*).

7. : *Ішкі. (мысалдар)...*

◊ *Ішім(-ің, -і) ауырмайды* (*түсіндірме, мысал*)

◊ *Ішім (-ің, -і) күйеді* (*түсіндірме, мысал*)

◊ *Ішім (-ің, -і) өтеді*

◊ *Іш көйлек* (*түнгі жоғарғы іш киім: түсіндірме, мысал*)

◊ *Іш көншек* (*түнгі төменгі іш киім: түсіндірме, мысал*)

◊ *Іш сөз* (*сыр, жұмбақ, ішкі сыр: түсіндірме, мысал*) — [Гузеев 1985, 102-103].

Біз көмекші есімдердің жеке сөздік мақалада берілуін қолдай отырып, осы сөздік мақалада тиісті көмекші есімге қатысты негізгі тұрақты тіркестерді мүмкіндігінше толық беруге тырысудың қажеттілігін, сонымен қатар, олардың толық лексикалық мағыналы есімдердің сөздік мақаласында, лексикалық тіркесімділіктің үлгісі ретінде де берілуін жөн санайтынымызды айтқымыз келеді.

*Көмекші етістіктер.* Қазақ тілінде лексикалық мағынасынан айрылып, грамматикалық қызметке ауысқан *отыр, тұр, жатыр, жүр, ет, де, ал, бер, бар, кел, кет, қал, қой, бітір, бол, шық, жібер, еді, екен, емес* тәрізді көмекші етістіктердің бар екендігі белгілі. Қазақ тіл білімінде аталмыш тақырыпта одақ көлемінде жоғары бағаланған аса құнды еңбек жазған ғалым – Ы.Маманов [Маманов 1949; 1962] болса, осы көмекші етістіктердің түркі тілдерінің сөздіктерінде берілуі мәселесін жан-жақты қарастырған ғалым – А.А.Юлдашев. Аталған ғалым құрамында көмекші етістіктері бар күрделі етістіктерді күрделі сөздер құрамында қарастырып келді.

Ғалым бір кезде башқұрт сөздікшілерінің күрделі сөздерді сөздікке атау сөз ретінде алуға талпыныс жасағандарын, алайда бұл істен нәтиже шығара алмағандарын жазады.

Ғалымның келтірген мысалдарына қарай отырып, сөздікшілер жинақтаған материалдағы негізгі құрамның көмекші етістіктер көмегімен жасалған күрделі етістіктердің құрағандығын көреміз. Күрделі сөздер ретіндегі күрделі етістіктерді сөздіктің басқы, атау сөзі ретінде ұсыну, әрине, көптеген қиындықтарға әкелді. Бұл өз кезегінде күрделі сөздер құрамындағы басқа да бірліктердің, атап айтқанда, толық лексикаланған атаулық тіркестердің де сөздік мақаланың басқы сөзі болу кезеңін кешеуілдетті.

Себебі *тұқым басы, ел басы* тәрізді екі есім сөзден құралған күрделі атаулар мен *тұқым алу, тұқым беру* тәрізді есім мен көмекші етістіктен құралған күрделі атауларды, *гүл жару, қол соғу, тұқым қуалау* тәрізді есім мен негізгі етістіктен құралған күрделі атауларды бір топтың ішінде қарастырудың, олардың әртекті құрамына жеткілікті назар аудармаудың оңды шешімге әкелмесі белгілі еді. Бұлардың

барлығын да күрделі сөздердің құрамында қарау негізінен дұрыс болғанымен, оларды сөздікте беру мәселесінде өзгешеліктердің боларын ескермеске болмайды. Аталған ерекшеліктер туралы күрделі сөздерге арналған келесі тараушада кеңірек сөз болмақ.

## 2.14. Күрделі сөздер

Әлемдегі өзге тілдердегі тәрізді қазақ тілінде де бірнеше сөзден құралған күрделі құрылымды атаулар мен терминдердің көп екендігі баршаға мәлім. Қазіргі кездегі лексикография тәжірибесінде оларды сөздік тұлға ретінде берудің қажеттілігі де басы ашық нәрсе. Сөздік тұлға ретінде бірінші кезекте алынуға тиісті сөздік бірліктер – күрделі сөздер (біріккен, кіріккен сөздер, қос сөздер, тіркесті сөздер) мен атаулық (номинативті) тіркестер.

Академик Ә.Т.Қайдаров “Тіл байлығы – рухани қазына” атты бір мақаласында тіліміздегі мыңдаған жеке сөздер мен сөз тіркестерінің “тар тұсау лексикографиялық дәстүрге” байланысты сөзтізбеге алынбай келгендігін сөз еткен еді [Қайдаров 1991, 3-10].

Академик Фуат Ганиев бұдан он жыл бұрын Қазанда түркітану мәселелері бойынша болған халықаралық конференцияда жасаған баяндамасында қазіргі түркі тілдеріндегі лексикалық бірліктердің саны елу мыңнан аспай отырғандығын еске салып, оның басты себептеріне тоқталған еді. Ғалым өз сөзінде: “біріншіден, бұл *лексика, лексикалық бірлік* мәселелерінің әлі күнге түбегейлі шешімі табылмай отырғандығынан болса, екіншіден, лексикалық бірліктерді анықтап, айқындау кезінде ғалымдардың көпшілігінің қазіргі емленің (орфографияның) заңдылықтары тұтқынында болуынан. Шынтуайтқа келгенде, емленің өзі сөздің статусына, лексикалық бірліктердің мәніне байланысты екінші кезекте дүниеге келетін құбылыс. Түркітануда қалыпташып кеткен дәстүр бойынша күрделі сөздердің сыңарлары бөлек-бөлек жазылып келеді. Осы себепті сөздікшілердің көпшілігі олардың көбісін сөздіктерге алмай келген еді... Әлі күнге күрделі сөздерді жазудың дұрыс өлшемдері табылмай отыр” - деген болатын [Ганиев 1992, 110].

Белгілі лексикограф А.А.Юлдашев күрделі сөздердің жасалуы тек қана бүгінгі заманның талабынан туған қажеттілік емес, ол түркі тілдерінің табиғатына тән, бұрыннан бар құбылыс екендігін дәлелдейді [Юлдашев 1972, 170].

Шынында да руханиятқа қатысты *Көк тәңірі, От ана, Май ана, Қамбар ата, Шопан ата*, күнделікті тұрмысқа қатысты *қазанқап, аяққап, келсап* тәрізді атаулар күрделі сөздердің тілімізде ежелден бар екендігіне дәлел бола алады.

А.А.Юлдашев қазіргі түркі тілдерінде жаңадан жасалып жатқан күрделі сөздердің көптігін, олардың әсіресе терминология саласында мол екендігін жазған еді.

Қазақ тіл біліміндегі грамматика саласының мамандары да аударма жолымен жасалған терминдік лексикада атаулық мәнді тіркестердің көптеп қолданылып жүргендігін, сондай-ақ, орыс тіліндегі тіркестердің әсерінен *ашық хат, күн тәртібі* тәрізді жаңа тіркестердің пайда болып отырғандығын жазған болатын [Аблақов, Исаев, Ағманов 1997, 12].

Бұл – заңды құбылыс. Шындығында, халықтың бұрынғы дәстүрлі мәдениетінде болмаған жаңа, күрделі ұғымға бүгінгі күннің талабы тұрғысынан атау беру де оңай емес, күрделі мәселе. Күрделі ұғымның атауы күрделі сөзбен беріледі.

Откен ғасырдағы түркі лексикографиясында күрделі сөздердің берілуінде бірізділік болған жоқ. Бірігіп кеткен сөздер негізінен жеке сөздік мақаладағы атау сөз ретінде көрінсе, бөлек жазылатын сөздер ол дәрежеге көтеріле алмай, құрамындағы бір компонентінің сөздік мақаласының ішінде, деректеме материалдар мен фразеологизмдердің ортасында, кейде солардың ішінде, аралас беріліп келгендіктен, оларды айырып, ажырату қиынға соқты. Бұл туралы кезінде А.А.Юлдашев жақсы жазған болатын. Ғалым сөздік жасаушылардың күрделі сөздерді жеке сөзбен тең дәрежедегі лексикалық бірлік ретінде әліпбилік ретпен берудің қажеттілігін білетіндігін, алайда күрделі сөздер мен еркін тіркестердің, күрделі сөздер мен фразеологияның ара-жігі өмі күнге айқындалмай отырғандықтан мәселенің шешімі табылмай келгендігін сөз етеді.

Түркі тілдеріндегі ғылыми зерттеулердің, Ресейдегі тәрізді, Еуропалық дәстүрлі тіл білімінің аясында жүргізіліп келгендігі құпия емес. Сол себепті, жеке сөздің бірден-бір лексикалық

бірлік болып саналуы, бейнелеп айтқанда “жеке сөз культінің” болуы салдарынан күрделі сөздерді біріктіріп, біріккен сөз бен кіріккен сөзге айналдыру арқылы ғана лексикалық бірлік ретінде қарастыру, сөздікке енгізу мүмкін болды.

А.А.Юлдашев өткен кезеңдерде күрделі сөздердің сөз тіркесі ретінде синтаксисте қаралып келгендігін, алайда соңғы кездері жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде жеке лексикалық бірлік ретінде қабылданғанмен олардың табиғатын әлі де дұрыс түсінбей, тілдік нормаға қайшы, аномалды құбылыс ретінде, - сөз тіркестерінің оқшауланып, лексикалануы нәтижесінде дүниеге келген жеке-дара дүниеліктер ретінде қарастырушылықтың барлығын сөз етеді. Ғалым сонымен қатар күрделі сөздердің отыз пайызына жуығы сөзтіркесім үлгілері бойынша жасалатынын жазады [Юлдашев 1972, 191].

Шынында да, күрделі сөздердің бірқатарының еркін сөз тіркестерінің актуалдануы, лексикалануы нәтижесінде пайда болған атаулық тіркестерден жасалатыны анық. Осы тұрғыдан қазіргі қазақ тілі синтаксисі мамандарының (Ә.Аблақов, С.Исаев, Е.Ағманов) пікірлері орынды деп ойлаймыз: “Номинативті тіркестер – бір жағынан, еркін тіркестер, яғни сөз тіркестерімен, екінші жағынан, біріккен, кіріккен, сондай-ақ күрделі сөздер аралығындағы тіркестер, басқаша айтқанда, тұрақталған атаулар, сондықтан да бұлар сөз тіркесінің қатарына жатпайды. Бұл тәрізді тіркестер ғасырлар бойы қолданудың барысында синтаксистік қатынасы жағынан солғындап, бір заттың (ұғымның) атауы ретінде тұрақталған” [Аблақов, Исаев, Ағманов 1997, 6].

Осы еңбектің авторлары атаулық тіркестің пайда болу жолын айқындай түсіп: “Тілдің даму барысында, әрі жиі қолданудың нәтижесінде бір ғана ұғымның атауын білдіру қасиетіне ие болу арқылы жоғарыдағы тіркестердің (*темір жол* т.б.) бағыныңқы сыңарлары мағыналық жағынан басыңқымен сіңісіп, атқаратын синтаксистік қызметі күңгірттеніп, анықтауыштық қатынасы солғындап кеткен. Міне, осымен байланысты бұлар бір заттың атын білдіретін тұрақты атауларға көшкен, еркін сөз тіркестері болудан қалған... Лексикалық единицаға ауысқан”- дейді (*ат.еңбек, 14-15*).

Айта кететін жағдай: бұл жалғыз атаулық тіркестердің басындағы жай емес. Жалпы сөз тіркестерінің бәрі де:



синтаксистік еркін тіркестер де, атаулық тіркестер де, ишті фразеологиялық тіркестер мен түйдекті тіркестер де лексикаланады. Толық лексикаланып, бір ұғымның атауына айналған кезде лексикалық бірліктер қатарына өтеді.

Сонымен, жоғарыда сөз болғандай, атаулық тіркестердің сөз тіркестері мен күрделі сөздер (біріккен, кіріккен, қос сөздер, қысқарған сөз, тіркесті сөз) аралығында қарастырылып келгендігі белгілі. Біз бұл мәселені лексикографиялық талаптар тұрғысынан қарастыра отырып, ***бөлек жазылатын күрделі сөздер мен атаулық тіркестерді құрылымы жағынан парана бірліктер санаймыз.*** Бөлек жазылатын күрделі сөздер мен атаулық тіркестердің бірқатары уақыт өте тұлғалық жағынан өзгеріп бірігіп, кірігіп кетуі де ықтимал.

Ф.Ганиев күрделі сөздерді жеке лексикалық бірлік ретінде қарастыра отырып, оларды бірге/бөлек жазудың жолдарын көрсетеді. Ғалымның пікірі бойынша, күрделі сөздің сөз тіркесі болған кезіндегі компоненттері арасындағы синтаксистік байланыс оның қазіргі жазылу тұлғасына негіз бола алады. Сондықтан атрибутивтік, объектілік және предикативтік байланыстардың негізінде жасалған күрделі сөздер бірге жазылуы керек [Ганиев 1992, 110].

А.А.Юлдашев күрделі сөздерді олардың бірге немесе бөлек жазылуына қарамастан, жеке лексикалық бірліктермен тең дәрежеде жеке сөздік мақалада берудің ғылыми тұрғыдан да, практикалық жақтан да тиімді болатынын ескертеді [Юлдашев 1972, 213]. Әрине, оны жүзеге асыру оңайға түспейді. Сөзімізге дәлел ретінде “Башқұртша-орысша сөздіктің” құрастырушылары мен редакторларының тәжірибесін келтіруге болады. Аталмыш сөздікті түзушілер компоненттері бөлек жазылатын күрделі сөздерді мүмкіндігінше толық жинастырып, оларды әліпбилік ретпен, жеке сөздік мақалада, атау сөз ретінде орналастырады. Алайда баспаға тапсырылған соң көптеген құрылымдардың сөз тіркестерінен айырмашылығы аз екендігі анықталады. Мұндай даулы бірліктердің саны жиналған сөздердің он пайызын құраған соң сөздікті түзушілер бастапқы ойларынан дереу бас тартып, енді оларды сөздік мақаланың ішіндегі бұрынғы орнына, сөз тіркестері мен фразеологизмдердің арасына орналастырады. Сөйтіп, ең кемі сексен пайыздық дұрыс шешім аяқсыз қалады [Юлдашев 1972, 173].

Осыған ұқсас жағдайды қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігіне қатысты да айтуға болады. Көрнекті тіл маманы Т.Жанұзақов сөздіктің инструкциясындағы күрделі сөздер туралы ережеде былайша анық жазады: “...екі немесе одан да көп сөздерден құралып, алван түрлі өсімдіктердің (флораның), жан-жануарлар мен жәндіктердің (фаунаның) атаулары есебінде жұмсалатын және олардан өзге де заттық ұғымдардың атаулары ретінде қолданылатын лексикаланған күрделі сөздер орфографиялық ереже бойынша бірге не бөлек жазылатынына қарамастан, реестр сөздердің қатарына енгізіледі” (*Инструкция 1976, 11*).

Алайда, ол кездегі тіл білімінің даму дәрежесі бұл идеяны жүзеге асыруға мүмкіндік бермеді. Бөлек жазылатын күрделі сөздер татар, башқұрт тілдерінің түсіндірме сөздіктерінде сөздің мағыналарынан кейінгі, фразеологизмдерден бұрынғы жерде берілген болса, түркі тілдері түсіндірме сөздіктерінің көпшілігінде, соның ішінде қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігінде де ромбиктен кейін, фразеологизмдердің ішінде берілді.

Осы мәселенің кейбір шетел тілдерінің түсіндірме сөздіктеріндегі шешімін салыстырған кезде, мәселен, екі томдық “Түрікше сөздікте” толық лексикаланған атаулық тіркестердің жеке сөздік мақалаларда берілгенін көреміз. Аталған тіркестер сөздіктегі негізгі сөзде де беріледі. Алайда, түсіндірмесіз, нұсқаушы белгі арқылы сөз тіркесінің сөздік мақаласына сілтеніп беріледі. Ағылшын тілінің Уэбстер сөздігінде де лексикаланған атаулық тіркестер жеке сөздік мақалаларда беріледі. Бұл сөздікке көз салған кезде *алтын* сөзінде де, *күміс* сөзінде де 40-50 шақты сөз тіркестерінің жеке-жеке сөздік мақалаларда берілгеніне куә болдық.

Осы мәселеге қатысты ойын жалғастыра отырып, А.А.Юлдашев күрделі сөздердің сөздіктерде анық, ғылыми негізде берілуіне кедергі болатын жайт ретінде оларды еркін сөз тіркестері мен фразеологизмдерден ажырата алмаушылықты атайды.

Проф. К.Аханов кезінде тұрақты тіркестер мен күрделі сөздердің арасын ажыратудың қиындығын жазған болатын. Ғалымның пікірі бойынша, эмоционалды-экспрессивтік қызмет атқаратын тұрақты тіркестерден күрделі сөздің айыр-

масы оның атауыштық қызмет атқарып, заттың бірден бір атауы болуында [Аханов 1996, 75].

Сыңарлары бөлек жазылатын күрделі сөздерді ажыратудың басты белгісі олардың номинативтілігі, яғни атауыштық қызметі, заттың бірден бір атауы болуы деген пікір жөн тәрізді. *Атаулық тіркестерді күрделі сөздердің қатарында қарастыру, сөздікте күрделі сөз ретінде лексикографиялау қажет* деп ойлаймыз.

Күрделі сөздер құрамы жағынан да, құрылымы жағынан да алуан түрлі болып келеді. Сол себепті оларды лексикографиялау, яғни сөздікте орналастыру мәселесі де оте күрделі. Бірге жазылатын (біріккен, кіріккен, қысқарған сөздер), дефис арқылы жазылатын (қос сөздер) күрделі сөздер сөздікте жеке сөздермен тең дәрежедегі лексикалық бірліктер ретінде беріліп келеді.

Ал бөлек жазылатын күрделі сөздер, яғни лексикаланған атаулық тіркестер (*темір жол*), тіркесті сөздер (*қара торы, қырық бес*), түйдекті тіркестер (негізгі сөз + көмекші есім, негізгі сөз + көмекші етістік, толық мағыналы сөз + шылау сөз) мен күрделі етістіктердің сөздіктерде берілуі әр қилы.

Күрделі сөздер құрамындағы атаулық тіркестерді біз орыс лексикографиясындағы В.В.Морковкиннің қолданымындағы “квазислово” ұғымы мен француз лексикографиясына Б.Потье енгізген “лексия” ұғымына тең дәрежеде қарастырамыз.

Түркі лексикографиясының теориялық мәселелерінің зерттелуіне зор еңбек сіңірген ғалым А.А.Юлдашев өз монографиясында бұл мәселеге “Күрделі сөздерді сөздіктерге сұрыптап алу мен орналастыру принциптері” атты үлкен тақырып арнайды.

Түркі сөздіктерінде сөздерді сұрыптаудағы кемшіліктердің қатарында ғалым:

а) күрделі етістіктердің;

ә) башқ. *шуның менән бергә* (сонымен бірге), *шулай за* (солдай болса да), *шуның остонә* (соның үстіне), *шул арада* (сол арада), *ул арала* (ол арада), *шунан һуң* (сонан соң), *шуның осон* (сол үшін), *шуның арқаһында* (соның арқасында), *шуға қарамастан* (соған қарамастан) тәрізді күрделі көмекші сөздердің толық қамтылмай отырғандығын;

б) ауызекі тілде жиі қолданылатын башқ. *булыр-булмас* (болар-болмас), *арлы-бирле* (арлы-берлі), *иртэле-кисле* (ертелі-кешті), *күкле-йәшелле* (көкті-жасылды) тәрізді экспрессивті-эмоциялық реңкті сын есімдер мен үстеулердің сөздіктерге алынуы қанағаттанарлық емес екендігін атап өтеді.

Ғалым күрделі сөздердің құрамындағы компоненттерінің қайсысының “негізгі” екендігін анықтаудың қиындықтарын талдай отырып, оларды компонентке бөлу жонсіз деген қорытындыға келеді.

Мәселен, башқ. *итеу* (ету, істеу) етістігі күрделі сөз құрамындағы көмекші етістік ретінде: *ант итеу* (ант ету), *хәбәр итеу* (хабар беру), *яқшылық итеу* (жақсылық ету) тәрізді күрделі сөздердің лексикалық мағынасын ашуға көмегі тиіп тұрған жоқ [Юлдашев 1972, 208].

Сонымен, А.А.Юлдашев күрделі сөздерді бірінші компонент бойынша да, екінші компонент бойынша да беруді, сондай-ақ, екеуінде де бірдей беруді қостамайды. Алайда осы ойды шегелеп айта отырып, “негізгі сөзде бүкіл топтың жалпы құрылымын сипаттап, бірнеше күрделі сөзді мысал ретінде келтіру қажет. Ал негізгі сипаттаманы бірінші компонентте беру керек” деген шешімге келеді.

Күрделі сөздер сөздік мақаланың ішінде берілетін жағдайда, олар, ғалымның пікірі бойынша, атау сөздің лексикалық мағыналарынан кейінгі жерде, өз алдына бөлек (бірақ міндетті түрде ромб белгісіне дейінгі жерде), бір шартты таңбамен, қатаң әліпбилік тәртіппен берілуі керек. Демек, бұл жерде де ғалым күрделі сөздерді ерекше таңбамен бөлек беруді, сөздік мақаланың ішінде болса да атау сөзбен тең дәрежеде беруді жақтап отыр. Біз де осы пікірді жөн санаймыз. Бірақ күрделі етістіктер мен түйдекті тіркестерге қатысты алғанда ғана осылай істеуге болатындығын айтқымыз келеді.

Жоғарыда сөз болғандай, А.А.Юлдашев өз зерттеуінде күрделі сөздердің осы аталған тобын басқа күрделі сөздердің түрлерінен ажыратпай, бірге қарастырады. Тіпті қобінесе тек қана күрделі етістіктердің жағдайын жазады десек, артық болмас. Түйдекті тіркестер мен күрделі етістіктердің табиғаты басқа күрделі сөздерден өзгелеу болып келеді. Дәлірек айтсақ, атаулық тіркестер мен тіркесті сөздердің

номинациялану, лексикалану дәрежесі анағұрлым жоғары. Сол себепті бұл екі топтың сөздікте екі түрлі орналастырылғаны дұрыс болар деген ойдамыз.

Академик Ф.А. Ганиев те түркі тілдеріндегі күрделі етістіктердің сөздіктерде берілуін сөз етеді. Ғалым татар тіліндегі жай құрамды етістіктер саны он екі мыңнан астам болатынын, ал егер олардың күрделенген тұлғаларын қосып есептесе, 90-100 мыңдай етістік шығатынын жазады [Ганиев 1992, 110].

Ғалым, сондай-ақ, күрделі етістік тұлғасы болмайтын тілдерде бұл қызметті сөз алды қосымшалар (приставка) атқаратындығын (неміс тілінде: *über + lesen*, орыс тілінде: *про+читать*) айтады. Хинди, жапон тілдерінде де, түркі тілдеріндегідей, күрделі етістіктердің көп скендігін айта келіп, жапон тілінен мысал келтіреді:

*каки-дасу* ‘жаза бастау’

*каки-реру* ‘жазып алу’

*каки-соэру* ‘қосып жазу’

*каки-циусу* ‘көшіріп жазу’

*каки-ноосу* ‘қайтадан жазу’

*каки-отосу* ‘жол тастап жазу’

*каки-тигаэру* ‘дұрыс жазу’ т.б. [Пашковский 1959, 36].

Ғалым жапон сөздіктерінде осы күрделі сөздердің бәрі де лексикалық бірлік ретінде берілетіндігін ескертеді.

Ф. Ганиев сыңарлары бөлек жазылатын күрделі сөздерді біріктіріп жазу жолдарын іздестіруді жөн деп біледі. Бірақ қазіргі кезеңде бұл ұсыныс әлі тәжірибеге енбей отырғандығын, мәселен, татар лексикографиясында ондай сөздердің атау сөз құрамында тік үшбұрыштан кейін беріліп жүргенін сөз етеді.

Біз өз тарапымыздан *толық лексикаланып, тұрақталған атаулық тіркестер (темір жол, еңбек кітапшасы, күн тәртібі) мен тіркесті сөздердің (қызыл сары, он сегіз) жеке сөздік мақалада, атау сөз ретінде берілгені жөн деп білеміз.*

Алайда *қазақ әдебиеті, батырлар жыры* тәрізді терминдік мәнді, бірақ лексикаланғанымен бірбүтін ұғымдық дәрежеге толық жеткен-жетпегендігі әлі де күмәнді, бірақ синтаксистік еркін тіркестерден ерекшеленіп тұратын атаулық тіркестерді атау сөздермен тең дәрежеде, арнаулы белгімен, бірақ әзірше сөздік мақаланың ішіндегі вокабула ретінде бере тұрған дұрыс секілді.

Жоғарыда сөз болғандай, күрделі етістіктердің негізгі етістік мағынасын аша түсетіні, оған нақты мағыналық реңк қосатындығы белгілі. Мәселен, оқу етістігінің *-ып/-іп/-п* тұлғалы көсемше түрінен *оқып бару, оқып беру, оқып алу, оқып бітіру, оқып жүру, оқып кету, оқып келу, оқып шығу, оқып жіберу, оқып тұру, оқып тастау, оқып болу* тәрізді күрделі процесті білдіретін күрделі етістіктердің туындайтындығы баршаға мәлім. *Сол себепті оларды негізгі етістіктің сөздік мақаласындағы негізгі мағыналардан кейінгі орында, мағыналық реңк ретінде арнаулы таңбамен, әліпбилік ретте, бөлек берген дұрыс деген ойдамыз.* Бұл жерде ескеретін жайт: әлі толық лексикаланып, бірбүтін ұғымдық дәрежеге жетіп үлгермеген атаулық тіркестерді белгілейтін таңба мен күрделі етістіктерді белгілейтін таңба бірдей немесе ұқсас болмауын қадағалау қажет. Себебі сөз болып отырған атаулық тіркестер атау сөздермен тең дәрежедегі бірліктер болса, модификациялық етістіктердің дәрежесі олардан төмен, мағыналық реңк деңгейінде екендігін естен шығармаған жөн.

Негізгі сөз бен көмекші есім тіркестері, толық мағыналы сөз бен шылау сөз тіркестері негізгі, толық мағыналы сөздердің сөздік мақаласындағы мысалдар берілетін бөліктің жоғарғы жағында орналасқандары жөн тәрізді. Бұл – негізгі сөздің лексикалық тіркесімділік қабілетін көрсетудің қажеттілігінен туындап отырған шешім. *Мысалдағы күрделі сөздер тобын қаралау қаріппен* (шрифпен), ал *қалған мысалдарды ақшыл қаріппен берген жөн болар деп ойлаймыз.*

Тіркесті сөздер мен қысқарған сөздерді лексикографиялауда даулы мәселе жоқ. Бәрі де атау сөз ретінде жеке сөздік мақалада беріледі.

### III тарау

## БІР ТІЛДІ ТҮСІНДІРМЕ СӨЗДІКТЕГІ СӨЗДІК БІРЛІКТЕРДІҢ МАҒЫНАЛЫҚ ҚҰРАМЫ. СӨЗДІК МАҚАЛАНЫҢ ПАРАМЕТРЛІК ҚҰРЫЛЫМЫ

### 3.1. Лексикалық мағынаның семантикалық құрылымы

*Сөз мағынасы* — логика, философия, психология, лингвистика тәрізді ғылым салаларында қарастырылатын күрделі, қиын мәселелердің бірі. XX ғасырдағы дәстүрлі тіл білімінде сөздің мағынасы алғаш жалпы лексикологиялық түрғыдан қарастырылды. Сөздің лексикалық және грамматикалық мағыналары болатындығы айқындалды.

*Лексикалық мағынаға* дәл ғылыми анықтама беру қиыншылық тудырды. Анықтамада “нақты, реалды мағына”, “негізгі мағына”, “заттық мағына”, “материалдық мағына” тәрізді терминдер қолданылып келеді [Уфимцева 1962, 82].

Көмекші сөздердегі грамматикалық мағына да, басқа қолайлы терминнің болмауына байланысты лексикалық мағынаның құрамында қарастырылып келеді.

Лексикалық мағына әуелгі кезде “семаснологияда”, лексикологияның құрамында қаралса, кейінірек жеке ғылым саласы ретінде қалыптасқан “семантиканың” құрамында зерттеле бастады.

Кезінде орыс тілді тіл біліміндегі дәстүрлі лексикологияда (В.В.Виноградов, т.б.) сөздің лексикалық мағынасы *атауыш мағына, фразеологиялық байлаулы мағына, синтаксистік шартты мағына* түрлеріне бөлініп қарастырылып келгендігі белгілі.

Лексикологиялық зерттеулердің бастапқы кезеңінде сөздің негізгі (тура), қосымша (туынды) және ауыспалы мағыналары белгіленген болса, кейінгі семантикалық зерттеулер негізінде денотаттық және коннотаттық мағыналардың болатындығы анықталды. Сөздік түзу ісіне осылардың қай-қайсысының да тотенше қатысы болғандықтан жеке-жеке тоқталғанды жөн көріп отырмыз.

Жоғарыда сөз болғандай, академик В.В.Виноградов лексикалық мағыналарды үш түрге бөліп қарастырады. Олар:

- 1) лексикалық атауыш мағына (жеке тұрғандағы);
- 2) фразеологиялық байлаулы мағына;
- 3) синтаксистік шартты мағына.

Б.Қалиев пен А.Жылқыбаева жоғарыда келтірілген үш мағынаға қосымша сөздің: 1) негізгі (тура); 2) қосымша (туынды); 3) ауыспалы (келтірінді) мағыналарының болатындығын жаза отырып, олардың мағынаның жаңа түрі емес, жоғарғы үш мағынаның басқаша аталуы болып табылатындығын, негізгі (тура) мағыналар мен қосымша (туынды) мағыналар атауыштық немесе фразеологиялық байлаулы мағынаға жататын болса, ауыспалы мағыналардың біразы синтаксистік шартты мағынаға жататындығын айтады [Қалиев, Жылқыбаева 2002, 34].

Зерттеушілердің біразы сөз мағынасының құрамына сөздегі эмоциялық-экспрессивті бағам, сондай-ақ сөздің парадигматикалық және синтагматикалық қатынастары мен байланыстары да кіретіндігін жазады [Фомина 1978, 24; Шанский, Иванов 1981, 14; Гузев 1985, 9].

Шынында да, біріншіден, сөздер адамзат қауымында пайда болатындықтан, адам үшін жасалатындықтан онда прагматикалық реңктің болуы заңды. Қазақ тіліндегі сөз мағыналары бойынша оқу құралының авторлары да *сөздің заттық және ұғымдық мағыналарынан* басқа үшінші мағынасының – эмоциялық, экспрессивтік, стилдік мәндерді біріктіретін *сезімдік мағынаның* болатындығын жазады [Қалиев, Жылқыбаева 2002, 46-47, 49].

Біз осы көзқарасты қолдаймыз. Осы негізде *экспрессивті, эмоциялы мәнді сөздерді сойлеу тіліндегі қарапайым, сыпайы, анайы, алғыс, қарғыс, т.б. сөз топтарымен бірге, бір топта қарастыруды жөн санаймыз.*

Ж.М.Гузев кезінде түркі тілдерінің табиғатына жақын жіктеме ретінде М.И.Фоминаның жіктемесін атаған болатын.

Ғалым лексикалық мағынаны сөз мағынасының заттық дүниемен байланыс сипатына қарай: тура (немесе негізгі) және ауыспалы мағыналарға бөледі. Тура (негізгі) мағына затты басқа мағыналардың қатысынсыз, тура бейнелейтін болса, ауыспалы мағына сөздің басқа мағыналары арқылы, бір заттың



атауын басқа бір заттың атауына ауыстырып қолдану арқылы жанама түрде бейнелейді [Фомина 1978, 29-36].

Ғалым лексикалық мағынаны семантикалық үәжділік дәрежесіне қарай: *негізгі* (үәждеделген емес, алғашқы) және *туынды* (үәждеделген, екінші дәрежелі) мағыналарға, лексикалық тіркесімділік дәрежесіне қарай: *еркін және еркін емес* мағыналарға, атауыштық қызметтің сипатына қарай: *атаулық* (номинативті) және *экспрессивті-синонимдік* лексикалық мағыналарға бөледі.

Негізгі мағыналы бірліктерге негізгі сөздерді, ал туынды мағыналы бірліктерге сөзжасамдық жұрнақтар арқылы жасалған туынды сөздерді жатқызады. Еркін мағыналы бірліктер ретінде тіркеске салыстырмалы түрде еркін түсетін бірліктерді, ал еркін емес бірліктер ретінде мағыналары тек белгілі бір контексте ғана жүзеге асатын бірліктерді атайды. Тіркесім еркіндігі жоқ мағыналарды іштей: фразеологиялық байлаулы, синтаксистік шартты және құрылым жағынан шектеулі мағыналарға бөліп қарастырады.

Ж.М.Гузеев фразеологиялық байлаулы мағына ретінде заттық-логикалық қатынастармен анықтауға келмейтін, тілдік жүйенің дамуындағы ішкі семантикалық заңдылықтармен анықталатын фразеологиялық бірліктердің мағыналарын. синтаксистік шартты мағына ретінде сөздің әдеттегі синтаксистік қолданысынан тыс контексте, басқа сөйлем мүшесі ретінде, ауыспалы мағынада: *тулкі (айлакер адам)* қолданылған мағынаны атайды. Құрылымы жағынан шектеулі мағына ретінде белгілі бір синтаксистік құрылымда ғана жүзеге асатын мағыналарды (мәселен, татар тіліндегі *баш* сөзінің белгілі бір ұжымның басшысы, ұйымдастырушысы ретіндегі бір мағынасы *гаскәр башы* тәрізді изафеттік құрылымда ғана жүзеге асуы мүмкін) айтады.

Атаулық мағыналарға белгілі бір затты, құбылысты, сапаны, іс-қимылды, т.б. атау кезінде пайда болатын, дүниені бейнелеумен төтенше байланысты мағыналар, ал экспрессивті-синонимдік мағыналарға негізгі, басты мағынасы — эмоциялық, бағалауыштық мағына болып табылатын, сол негізде атаулық мағыналы сөзге синонимдес болып табылатын сөздік бірліктердің мағыналары (ас ішу — *ауыз тию*) жатады [Туркина 1977, 18; Гузеев 1985, 14].

Ж.М.Гузеев түркі тілдерінің түсіндірме сөздіктеріндегі көп мағыналы сөздердің мағыналық құрамы мен ол мағыналардың сөздік мақалада орналасу тәртібінде айтарлықтай ақаулардың барлығын сөз етеді.

Ғалым жетекші мағына туралы пікірлерді: а) ең көп таралған мағына; ә) ең жалпы, кең мағына; б) басқа мағыналардың пайда болуына негіз болатын басты, контекске байлаусыз мағына – келтіре отырып, олардың осал жақтарын көрсетеді де, “жетекші мағына – парадигматикалық тұрғыдан шарттылығы, шектеулілігі ең көп, ал синтагматикалық тұрғыдан шарттылығы ең аз мағына” (Шмелев 1973, 212) деген пікірді жөн көреді, жетекші мағынаның сөздің ішкі құрылымынан келіп шығатынын жазады [Гузеев 1985, 18].

Ғалым жетекші мағынаны көрсетуде түркі тілдерінің түсіндірме сөздіктерінде кемшіліктің байқалмайтындығын ескертеді. Басқа туынды мағыналардың бәрі осы жетекші мағынадан тарайтындығын жаза отырып, туынды мағыналардың өзін іштей бес топқа бөледі:

- еркіндігі жоқ (фразеологиялық байлаулы, синтаксистік шартты және құрылымдық шектеулі) мағына;
- ауыспалы (генетикалық тұрғыдан ауыспалы және жалпы ауыспалы) мағына;
- стилистикалық бояуы бар мағына;
- арнаулы мағына;
- диалектілік мағына.

Ғалым фразеологиялық байлаулы мағыналы сөздерді басқа сөздермен байланысу мүмкіндігіне қарай екі топқа (бірнеше сөзбен байланыса алатын және бір ғана сөзбен тіркеске түсетін) бөледі.

Бір ғана сөзбен байланысатын тіркестерді түсіндірме сөздіктерде берудегі қателік ретінде тура атаулық мағынасы жоқ *ваз: ваз кичю* тәрізді тұрақты тіркестердің жеке сөздік мақалада берілуін атайды. Оларды фразеологизмдердің құрамында бергенді жөн санайды.

Біз бұл пікірге қосыламыз. Қазақ тілінің екі томдық сөздігінде бұл тектес тіркестердің жеке сөздік мақалада берілгені белгілі: *ада: ада болу, ада қылу; баж: баж ету*. Он томдықта *ада болу, ада қылу* тіркестері фразеологизмдер құрамында берілгенмен, *баж ету* жеке сөздік мақалада берілген. Бұл жерде Ж.М.Гузеевтің сол ке-

зендегі фразеолог-ғалымдардың көпшілігі тәрізді, фразеологиялық байлаулы мағынаны фразеологизмдерге қатысты қарастыратынын байқауға болады.

Осы мәселе туралы екінші бір қозғарасты жақтаушылар: “сөздің фразеологиялық байлаулы мағынасын идиома-фразалардың мағыналарымен шатастыруға болмайды. Сөздердің фразеологиялық байлаулы мағынасы – лексикалық (сөздік) мағына, ал идиома-фразеологизмдердің мағынасы – фразеологиялық мағына. Соңғы мағына тұрақты сөз тіркесінің құрамына кіретін барлық сөздердің негізінде жасалса, фразеологиялық байлаулы мағына тек бір сөздің келесі сөзбен тұрақты тіркесі негізінде ғана жасалады” [Қалиев, Жылқыбаева 2002, 32] деген ой айтады.

Біз осы көзқарасты қолдаймыз. Терминнің атауына қатысты “**фразалық байлаулы мағына**” деген дұрысырақ болады деп ойлаймыз. Осы фразалық байлаулы мағынаны білдіретін тіркестердің бір түрі – толық лексикаланған, номинативтенген тіркестердің лексикалық бірлік ретінде, жеке сөзбен тең дәрежеде қаралатындығы белгілі. **Толық лексикаланған атаулық тіркестерді жеке сөздік мақала түрінде, ал номинативтенгенмен әлі толыққанды дербес бірлік дәрежесіне жетпеген атаулық тіркестерді сөздік мақаланың ішіндегі вокабула түрінде беруді жөн санаймыз.**

Ж.М.Гузеев көп мағыналы сөздердің шартты мағыналарын белгілеушіліктің жиі кездесетінін жазады. Мысал ретінде қазақ тілінің түсіндірме сөздігіндегі *ауыз* сөзінің берілуін келтіреді: *ауыз* 1. Адамның, жан-жануардың тамақ қабылдайтын мүшесі; 4. Бір нәрсенің ашық жағы. *Қоржынның аузы тігуге әрең келді гой, әке* (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке); 5. Бір нәрсенің кіріп-шығатын жері, есігі. *Үңгірдің аузын шөппен тығындап, жантайып жата кеттім* (М.Гумеров, Үш күн)...

А.А.Юлдашев шартты мағынаны қос нүкте арқылы белгілеп, анықталатын сөзді жақшаның ішінде беру қажеттілігін жазады: қырғ. *кундак* 1. ... 2. : (*мылтықтың кундагы*; башқ. *итәк* 1) етек; 2) : (*тау*) *итәге* [Юлдашев 1972, 387].

Ж.М.Гузеев қарашай-балқар тілінің түсіндірме сөздігінде де осы тәсілдің қолданылғанын жазады: *чық* 4. (Тиш) *чықды*...5. (Бала) *чықды* (балапан туралы). 6. (Буту, колу т.б.) *чықды*... 7. Тауға, сыртқа, төшге т.б.) *чықды*... [Гузеев 1985, 21].

Алайда бұл үлгінің аударма сөздіктер үшін ғана қолайлы екендігі көрініп тұр. Түсіндірме сөздіктерге қолдануға келмейді.

Ғалымның пікірі бойынша, тілдердегі бір заттың атауымен екінші затты атау нәтижесінде пайда болған ауыспалы мағыналарды генетикалық ауыспалы, туынды-атаулық мағына деп атайды. Ал экспрессивті-эмоциялық бояулы ауыспалы мағыналар әдетте метафоралық ауысу нәтижесінде пайда болады.

Ғалым түсіндірме сөздіктердің біразында осындай ауыспалы мағыналардың тура мағына ретінде беріліп келгенін айтады: қазақ. III. *айыр-* 5. Қарым-қатынастың үзілуі, алыстау, ажырау; 6. Құтқару, арашалау; 7. Бірдей көрмеу, алалау...; *адал* 2. Ақ ниетті, таза ойлы, әділ; 3. Алдаусыз, арамдықсыз; 4. Нағыз жанашыр, таза сезімді; 5. Тура, анық, шын; 6. Күнәсіз, жазығы жоқ.

Арнаулы мағыналарды беруде Ж.М.Гузев үш түрлі қателікті көрсетеді: біріншіден, кейде белгі қойылмай, жалпылама қолданымдағы сөз ретінде беріледі: түркм. *подвал* 2. Газет бетінің төменгі бөлігі және сол бөлікте басылған мақала; екіншіден, сөздің туынды арнаулы мағынасы жеке сөз ретінде, басқа мағыналармен омонимдес сөз ретінде беріледі: қазақ. *ат* I. зат. I. Үйірге түспейтін, піштірілген, ақталған жылқы — *ат* II. зат. шахм. Аттың басына ұқсастырып жасалынған шахмат фигурасы; *бөлім* I. зат. I. Белгілі бір мекеменің, ұйымның, өндіріс орнының құрамына кіретін жеке-жеке сала — *бөлім* II. зат. мат. Бөлшектің бір мүшесі; үшіншіден, бір сөздің түрлі арнаулы мағыналары жеке сөз дәрежесінде, бір-біріне омонимдес сөздердей беріледі: қазақ. *барабан* I. зат. муз. — *барабан* II зат. анат. — *барабан* III. зат. тех., т.б. Ғалымның көрсетіп отырған қателіктері бір-бірімен сабақтас. *Ат* сөзінің екінші мағынасының сөздің бірінші мағынасынан туынды екендігін көрсету керек. Ол үшін екеуін бір мағынаның аясында (I а және ө) берген жөн болатын тәрізді. Ал, *подвал*, *бөлім*, *барабан* сөздерінің арнаулы мағыналарын жеке мағыналар ретінде беру дұрыс болар.

Ж.М.Гузев “мағына”, “қолданым”, “мағынаның реңкі” ұғымдарының ара-қатынасын ашуға арнайы көңіл бөледі. Ғалым қолданымның бөлек ұғымды білдірмейтінін, оның сөз мағыналарының біреуінің белгілі бір ерекше контекстік

қолданысын білдіретіндігін, сол себепті оларды әбден жалпы тілде орнығып болғанша сөздікке алмаудың қажеттілігін жазады.

Ғалым мағыналық реңктің жеке мағынадан айырмасы оның жеке мағынаның барлық қолданым жағдайларында қолданыла алмайтындығында, тек кейбір контекстерінде ғана қолданыла алатындығында екендігін айтады. Мағыналық реңктердің ашылмауы сөздің мағыналық құрылымының дұрыс түсінілмеуіне әкелетіндігін ескерте отырып ғалым *алтын* сөзінің қазақ тілінде берілуінен мысал келтіріп, ол тілде “алтыннан жасалған ақша, алтын ақша” мағынасындағы алтынның ауыспалы мағына ретінде берілгендігін, шындығында оның мағыналық реңк екендігін жазады. [Осы жерде айта кететін бір жағдай: өкінішке орай, ғалымның қазақ тілі түсіндірме сөздігінен келтіретін мысалдарында қателік өте көп ұшырасады. Ғалым қателік ретінде көрсеткен мысалдардың бірқатары шын мәнінде қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде болмай шығады немесе, керісінше, сөздікте дұрыс берілген болып шығады. Оның бәрін бас-басына көрсете беру — ыңғайсыз нәрсе. Жоғарыдағы ақша мағынасындағы *алтын* да түсіндірме сөздікте: “2. Көне. Алтыннан жасалған ақша, алтын теңге” түрінде, яғни ғалымның айтып отырғанынан да жақсы қалыпта берілген — М.М.]

Ғалым сөздікшілер үшін әсіресе қиын мәселенің бірі — шартты мағыналар мен олардың мағыналық реңктерін ажырату екендігін айта отырып, бірқатар мысалдар келтіреді. Солардың ішінде қазақ тіліндегі сөзсіз шартты мағына болып табылатын *жұмыртқаның ағы* мен *көздің ағы* атауларының негізгі ақ сөзінің мағыналық реңктері ретінде берілгендігін жазады.

Біз бұл атауларды *ақ* сөзінің ерекше қолданыстағы шартты мағынасынан гөрі атаулық мағынадағы жеке лексикалық бірлік ретінде қарастырғанды жөн көреміз.

Ғалым көп мағыналы сөздің жеке мағыналарының орналасу реті мәселесінде төрт түрлі принциптің барлығын (генетикалық, мағыналардың қазіргі тілдегі логикалық ара-қатынасы, қазіргі тілдегі қолданылу жиілігі, мағыналардың құрылымдық сипаттарын ескеру) жазады. Генетикалық принцип негізінде мағыналар мына ретпен орналасады: 1) ескірген, 2) аз-маз ескірген, 3) қазіргі.

Бұл принцип, ғалымның пікірі бойынша, сөздің семантикалық құрылымының даму жолын айқын көрсетіп бере алады, алайда, түркі тілдерінің лексикасы тарихи тұрғыдан әлі де зерттелмей отырғандықтан, бұл принциптің негізінде сөз мағыналарының ретін айқындау қиын болып отыр.

Оның үстіне, бұл принцип қазіргі тілге бағытталған сөздіктің мақсатына қайшы келеді, актуалды мағынаны ең соңынан көрсетуге, яғни кейінге ысыруға әкеледі.

Ғалым түсіндірме сөздіктердің инструкциялары бойынша, мәселен, қазақ тілінің түсіндірме сөздігінің инструкциясы бойынша, әуелі негізгі мағына, сосын екінші дәрежелі және ауыспалы мағыналары беріледі делінсе, башқұрт сөздігінде: әуелі негізгі мағына, сосын ауыспалы мағына, сосын арнаулы мағына, содан кейін барып қосалқы мағына (етістіктер үшін) берілетіндігін айта келіп, мағыналардың ең дұрыс орналасу тәртібінің үлгісі ретінде қарашай-балқар тілінің сөздігіне тоқталады:

1. Сөздің басты, негізгі мағынасы;
2. Сөздің шартты мағынасы;
3. Сөздің ауыспалы мағынасы (өзі шыққан негізгі немесе шартты мағынадан кейін беріледі);
4. Сөздің ауызекі сөйлеу тіліндегі, қарапайым лексика құрамындағы стилистикалық бояулы мағыналары (жоғарыдағы бейтарап мағыналардан кейін беріледі);
5. Арнаулы (ғылыми-техникалық, кәсіби) мағына сөздің жалпылама қолданылатын мағыналарынан кейінгі кезекте беріледі;
6. Сөздің диалектілік мағыналары оның жалпылама қолданыстағы және арнаулы мағыналарынан кейінгі кезекте беріледі;
7. Сөздің екінші дәрежелі мағыналары біртекті (арнаулы немесе ауыспалы) болған кезде олардың ішіндегі сирегірек қолданылатыны жиірек қолданылатынынан кейінгі кезекте беріледі [Ахматов 1976, 17].

Жоғарыда аталған ғалымдар, байқалып отырғандай, сөздің басты, негізгі мағынасынан кейін сөздің шартты мағынасын, одан кейін ауыспалы мағынасын келтіреді.

Сөз мағыналарының жоғарыда келтірілген кезегі ұстанымдық (принципті) тұрғыдан дұрыс. Алайда, іс жүзін-

де үнемі олай бола бермейді. Түсіндірме сөздіктің әрбір түріндегі алға қойылған ерекше мақсат-мүдделерге байланысты, бірде мағыналар тарихи принцип бойынша, екінші жағдайда логикалық принцип бойынша (қолданылу жиілігіне қарай), үшінші жағдайда осы екі принципті үйлестіру жолымен орналастырылалы. Мәселен, бірліктің қолданылу жиілігіне басты назар аударылатын ағымдағы тіл сөздіктерінің түрлерінде кейбір бірліктердің терминлік мағынасы бірінші кезекте, басқа мағыналары онан кейін берілуі мүмкін.

Кезінде академик І.К.Кенесбаев, түсіндірме сөздікті түзу кезінде пайда болған қиындықтар туралы жаза отырып, сөз мағыналары туралы мәселеде өздерінің қазақ тілінің табиғатына сай шешім қабылдағандықтарын, осы негізде ең типтік мағыналар ретінде:

а) бастапқы атауыштық (исходное номинативное) және “жанама” атауыштық (“косвенное” номинативное) мағыналардан тұратын тура (*еркін* немесе *негізгі атауыштық*) мағынаны;

ә) ауыспалы (*еркін емес* немесе *атауыштық-туынды*) мағынаны;

б) фразеологиялық шартты мағынаны;

в) мағыналық реңктер мен сөзқолданыстарды (оттенки значения и употребление слова) — санайтындықтарын айтқан еді [Кенесбаев 1960, 1].

Қазіргі ғалымдардың да бірқатары (*Қалиев, Жылқыбаева*) сөздің негізгі (тура) мағынасынан оның қосымша (туынды) мағынасы туындайтынын жазады.

Аталған ғалымдар көп мағыналы сөздердегі мағыналардың реті жайында: “сөздікшілер көп мағыналы сөздердің мағыналарын орналастыруда әуелі негізгі, тура, атауыштық мағыналарды, содан кейін туынды, мәтіндік мағыналарды, соңына қарай ауыспалы, келтірінді мағыналарды береді” дейді [Қалиев, Жылқыбаева 2002, 76].

Біз осы пікірді негізінен қолдай отырып, өз тарапымыздан ***туынды мағына мен мәтіндік (шартты) мағынаның ерекшеленетіндігін ескерудің қажеттігін айтқымыз келеді.***

Қолдайтын себебіміз: тіл білімінде негізгі мағыналы бірліктерді негізгі сөздерге, ал созжасамдық жұрнақтар арқылы жасалған сөздерді туынды сөздерге жатқызушылық бар.

Бұл жіктеме жалаң теориялық тұрғыдан қарағанда қатесіз болып көрінеді. Алайда, теория тәжірибеде (практикада) сынақтан өтеді. Әрине, “негізгі сөздердікі – негізгі мағына, жұрнақ арқылы жасалған туынды сөздердікі – туынды мағына” деген тұжырымға дау айту қиын. Себебі бұл – тарихи, онтологиялық тұрғыдан дұрыс тұжырым. Сондықтан оны жоққа шығару мүмкін емес. Дегенмен, тіл тәжірибесінде туынды мағыналардың бұдан да басқа тәсіл арқылы, бұдан өзге жолмен де жасалатыны байқалады.

Мысалы, *шық*- етістігінің негізінде мағыналық жылжу жолымен: *шығу (шығыс) ⇒ күннің шығуы (шығысы) ⇒ күннің шығысы (процесс) ⇒ күннің шығатын жері (шығыс) ⇒ күн шығатын жақ (шығыс)* жаңа мағыналардың жасалатыны анық.

Сол тәрізді адамдар бұрын бір ғана есіктен кіріп-шығатын болса, енді кіретін есік пен шығатын есік басқа-басқа болған кезде кіретін есікті *кіру (кіріс)*, шығатын есікті *шығу (шығыс)* түрінде белгілеу орын алған болатын. Соның негізінде енді кіретін есікті – *кіріс*”, шығатын есікті – “*шығыс*” деп атауға болады. Толық қалыптаспай тұрған кезінде, бұл шартты мағына тәрізді болып көрінгенмен, бірте-бірте толық лексикаланғаннан кейін, жеке лексикалық мағынаға айналары белгілі. ***Біз туынды мағына ретінде осындай мағыналарды түсінеміз.***

Көп мағыналы сөздердегі жеке мағыналардың орналасу реті – бір тілді түсіндірме сөздік құрылымындағы негізгі мәселелердің бірі. Реті келгенде осы мәселеге тоқталып өтуді жөн көріп отырмыз.

Жеке мағыналардың орналасу ретін белгілейтін негізгі ұстанымдар (принциптер) қатарына тарихи және логикалық ұстанымдар жатады. [Бұл жерде “тарихи” деп атап отырғанымыз – жоғарыда Ж.М.Гузев тарапынан сөз болған генетикалық принцип – М.М.].

Мәселенің шешімі түсіндірме сөздіктің түріне, адресатқа, көзделіп отырған мақсат-мүдделерге байланысты. Ағымдағы тілді бейнелейтін сөздік үшін мағыналардың логикалық принцип негізінде орналасуы тиімді көрінетін болса, тұтас кезеңдер мен дәуірлерді қамтитын қазіргі тіл сөздігі үшін тарихи принцип қолайлы тәрізді.

Көпәспектiлi әмбебап түсіндірме сөздіктің түрлері үшін ең қолайлы принциптің – тарихи принцип екендігі дау



тудырмайды. Алайда сөздіктің мұндай күрделі құрамды түрлерінде жалғыз тарихи принциптің үстемдік етуі бір-қатар сәйкессіздіктерді тудыруы мүмкін. Сондықтан сөздік бірліктердің негізгі, туынды, шартты, ауыспалы мағыналарының ара-арасында мағыналық жақындығына байланысты орайластырып бүгінгі күнгі актуал мағыналарды да орналастыру қажет деп білеміз. *Коп мағыналы бірліктердің мағыналарын орналастыруда тарихи принцип пен логикалық принципті осылайша үйлестіре қолдану әмбебап түсіндірме сөздіктер үшін ең дұрыс шешім болмақ деп ойлаймыз.*

Ж.М.Гузеев сөздің негізгі, басты, жетекші мағынасының бірінші кезекте берілмеуі де кездесетіндігін айта отырып, оған қазақ тілінен мынадай мысалдар келтіреді: қазақ. *бай* “мол дәулетті”, *байрақ* (ту, жалау), *белгі* (шартты таңба).

Ғалым сөз мағыналары арасында тығыз байланыс байқалмайтын жағдайларда шартты мағыналардың әдетте дұрыс берілетіндігіне мысалдар келтіреді: қазақ. жаз- III. ет. 2. Жиюлы, жинақты күйін ашып жаю; 3. Бүгілген, бүрілген қалпын түзеу; 4. Шатысып түйілгенді талдап ажырату; 5. Байлаулы қалыптан босату, шешу.

Ғалым туынды сөздердегі сөзжасамдық мағына туралы айта отырып, оның басты белгілерін көрсетеді:

1) бұл мағына белгілі бір қалыпта (туынды сөз), шектеулі болады. Ал лексикалық және грамматикалық мағыналардың түбір сөзде де, туынды сөзде де болатындығы айқын;

2) сөзжасамдық мағына грамматикалық мағынаға жақын;

3) бұл да грамматикалық мағына тәрізді тұлғалық (формалды) мағына;

4) бұл мағынаның аралық сипаты бар (тілдегі өзінің орны, тұлғасы жағынан грамматикалық мағыналардың қасиеттерін иеленсе, өзінің сыртқы әлеммен, материалдық дүниемен байланыстылығы жағынан, яғни өзінің заттылығы, нақтылығы жағынан лексикалық мағынаға жақындайды);

5) сөзжасамдық мағына сөздердің белгілі бір тобын белгілейді. Лексикалық мағына жеке сөзді, грамматикалық мағына – белгілі бір сөз табына жататын сөзді сипаттайтын болса, сөзжасамдық мағына – грамматикалық сыныптың ішіндегі белгілі бір сөз тобының барлық сөздеріне қатысты, яғни бұл сериялық мағына;

6) бұл мағына бір типтес туынды сөздердің жинақты семантикасын белгілей алады;

7) тілдегі таптастыру және категорияландыру ісін жүзеге асырады [Гузеев 1985, 41-42].

Сонымен, аталған мағынаның қате берілу үлгісі: *басмашылық* — Орта Азиядағы контрреволюциялық ұлтшылдар ұйымдастырған қарақшылық қозғалыс. Дұрысы: *қырғыз. басмачылық* — басмачылардың бандиттік иштерін, талап басып алучылық.

Сөздің грамматикалық мағынасы — сөздің белгілі бір сөздер тобына кіретіндігіне қатысты білінетін парадигматикалық қатынастар мен синтагматикалық байланыстар негізінде қалыптасқан абстрактілі мағына [Гузеев 1985, 5].

Жалпы тілді грамматика және сөздік деп екі салаға бөліп қараушылықтың барлығы белгілі. Тілдің ішкі заңдылықтарын белгілейтін грамматикалық құбылыстардың лексикографияда, сөздікте көрініс табуының бір жолы осы грамматикалық мағынаны белгілеу. Сондықтан грамматикалық мағына грамматикалық тұлғалардың мағынасын аша отырып, лексика мен грамматиканың өзара байланысынан, тілдің жүйелі құрылымынан хабар береді.

Грамматикалық мағынаға жалпыкатегориялық мағына (сөздердің лексика-грамматикалық сыныпқа, топқа кіруіне байланысты) және сөздің белгілі бір сөз табына кіруіне байланысты жеке мағына (зат есім сөздер үшін — септік, көптік, тәуелдік категориялары; етістіктер үшін — шак, жақ, етіс, рай, т.б. категориялар) кіреді.

Сөздікке алынатын лексикалық бірліктер арасынан таза грамматикалық мағынасы бар бірліктер: 1) көмекші сөздер (шылаулар); 2) қимыл есімдері мен етістіктің етіс тұлғалары, көмекші етістіктер; 3) сын есімнің шырайлары; 4) сөздердің әуелгі түбірлік құрылымы күңгірттенген жеке грамматикалық тұлғалары; 5) қар.-балк. *ағач (юй)* тәрізді синтаксистік тұрғыдан орныққан конверсия болып табылады. Ал, көмекші есімдерде лексика-грамматикалық мағына бар [Гузеев 1985, 5-6].

Бұл жерде көмекші сөздердің қазақ тіліндегі құрамы сәл басқаша екендігін (қазақ тілінде көмекші сөздер құрамына көмекші есімдер, көмекші етістіктер және шылаулар кіреді) ескеру қажет. Алайда, одан жоғарыда айтылған ойға айтарлықтай нұқсан келмейді. Лексикография теориясының


белгілі маманы В.В.Морковкин сөздіктегі сөздік бірліктердің мағыналық құрылымын сөздікте берілетін денотат туралы деректермен байланыстырады. Әрине, денотат туралы дерек болмаса, мағынаны ашу мүмкін емес.

Ғалым денотат туралы деректерді *сөздің абсолютті құндылығы* деп атайды. Ғалымның пікірінше, денотатты құрайтын жекелеген нысандардың басты белгілерінің адам санасындағы жиынтығы *денотативтік түсінік* болады. Денотативтік түсінік адамның денотатқа қатысты бұрын бастан кешкен түйсіктерінен құралады. Әр адамның денотативтік түсінігі әрқалай. Жеке адамның денотативтік түсініктерінің өзегі – денотат туралы орташа түсінік – *денотативті мағына* – жеке адамның санасындағы белгілі бір денотаттың мәнді, мәнсіз белгілерінің көрінісі болып табылады. Денотативті мағынаның арқасында ғана адамдар бір тілде сөйлесе алады. Денотативтік түсінік (ұғым) денотативті мағынадан *денотативтік фон* арқылы ерекшеленеді. Осы ерекше белгілердің болуы нәтижесінде айтушы мен тыңдаушының арасында сәл-пәл айырма болады. Денотативтік фонды құрайтын белгілер денотативті мағынамен сыйысымдылық қатынастағы байланыста болады [Морковкин 1990, 19].

Денотативті мағынаның өзекті бөлігі – *сигнификативті мағына*. Сигнификативті мағына дегеніміз – денотаттың басқалардан өзгеше ерекшеленіп, белгіленуіне жеткілікті болып табылған белгілерінің ең шағын (минималды) жиынтығының санадағы бейнесі. Б.Қалиев пен А.Жылқыбаева мұны “зат туралы жалпы ұғымды білдіретін мағына” деп атайды. Сигнификативті мағына тілдік ұжымда жинақталған білімдердің ұзақ уақыт сақталуын қамтамасыз етеді. Денотативті мағына мен сигнификативті мағына бір-бірімен қосылымдылық байланыста болады. Сөз семантикасының денотативті мағынаны сигнификативті мағынадан айыратын бөлігі *сигнификативтік фон* құрайды. Сигнификативтік фонды құрайтын белгілер сигнификативті мағынаға кіретін белгілермен кірігіңкілік қатынастағы байланыста болады.

В.В.Морковкин кейбір сөздердің сигнификативтік фонның аясында *елтанымдық фонның* байқалатынын

жазады. Елтанымдық фон — сигнификативтік фондағы денотаттың халықтың ұлттық мәдениетіне, тарихына, дүниетанымына, мінез-құлқына т.б. ерекшеліктеріне байланысты жағын бейнелейтін бөлік.



А шеңбері — денотативтік түсінік  
 Б шеңбері — денотативті мағына  
 В шеңбері — сигнификативті мағына  
 А мен Б шеңберлерінің арасы — денотативті түсінікті денотативті мағынадан өзгешелейтін белгілерді құрайтын денотативтік фон (Г)  
 Б мен В шеңберлерінің арасы — сигнификативті фон (Д)  
 Д секторында — елтанымдық фон (Д¹)

В.В.Морковкин негізгі, абсолютті құндылықты сөз мағынасының құрамындағы абсолютті құндылықты жүзеге асырудың, яғни сөз семантикасындағы денотаттық емес ерекшеліктерді бейнелейтін алуан түрлі коннотациялық деректерді берудің тәсілдері мен жағдайларын құрайтын *бейабсолют құндылыққа* қарсы қояды.

Ғалымның пікірі бойынша, абсолютті емес құндылыққа *сөздің относителді және тіркесімділік құндылығы* кіреді.

Относителді құндылық ұғымының құрамына ең алдымен: а) сөздің стилистикалық және эмоциялық-экспрессивтік статусын көрсететін деректер, ә) сөздің байырғылығын немесе кірмелігін меңзейтін деректер, б) сөздің синонимдері немесе антонимдері болу-болмауын көрсететін деректер, в) басқа сөздермен паронимдік байланыстарға түсу/түспеуін көрсететін деректер, г) сөздің қолданым жиілігінің дәрежесін т.б. меңзейтін деректер кіреді.

Сөздің относителді құндылығы оның лексика-семантикалық жүйедегі орнын дұрыс анықтауға мүмкіндік береді. Относителді құндылық сөзді тілдің лексика-семантикалық жүйесіне байлайды.

Жалпы относителді құндылық — сөздің лексикалық жүйедегі көршілері жайындағы жады болатын болса, тіркесімділік

күндылық — бұл ең алдымен сөздің өз көршілері жайындағы жады болып табылады.

Сөздің тіркесімділігі — сөздің валенттілігінің жүзеге асуы, яғни сөздің өзі тіркесетін немесе тіркесе алатын сөз тіркесерінің жиынтығы.

Сөздің өзіне тән синтаксистік-семантикалық қалып-жағдайлардың (позициялардың) жиынтығы оның синтаксистік (грамматикалық) тіркесімділігін құрайды.

Сөздің лексикалық тіркесімділігі дегеніміз оның мағынасын таратушылардың жиынтығы, яғни сөздің синтаксистік-семантикалық позицияларын толтыруға қабілетті сөздердің жиынтығы [Морковкин 1990, 19-23].

Сөздіктегі жеке тілдік бірліктердің ерекшеліктерін, олардың тілдік жүйедегі орнын көрсету арқылы тілдегі лексикалық жүйенің құрылымынан да хабар беруге болады.

Бұл қазіргі замандағы бір тілді түсіндірме сөздіктер үшін ең негізгі мәселелердің бірі болып отыр. Бұрынғы кездері түсіндірме сөздіктерде сөздік бірліктердің атауыштық (номинативтік) қызметіне басты назар аударылып, сөздің коммуникативтік қызметі тасада қалып келді. Соның нәтижесінде сөздіктер мәтіндерді оқып, түсінуге ғана жағдай жасайтын пассив типті құралдарға айналды.

Актив типті сөздіктер, керісінше, оқырманның тілді озбетінше үйренуіне, озбетінше тіркес, фраза, сойлем құрауына мүмкіндік тудырады. Яғни, бұл жерде әңгіме сөздіктің бойындағы анықтамалық, ғылыми, дидактикалық құрал ретіндегі негізгі үш қасиеттің соңғысы туралы болып отыр.

Жоғарыда сөз болғандай, сөздің жеке өзінің көршілері туралы жады болып саналатын оның тіркесімділік күндылығын ашу — қазіргі сөздіктерге қойылатын ең негізгі талаптардың бірі. Бұл талап дәстүрлі түсіндірме сөздіктің актив түрлеріне де, әмбебап филологиялық түсіндірме сөздік түрлеріне де, түсіндірмелі-энциклопедиялық және әмбебап түсіндірмелі-энциклопедиялық сөздік түрлеріне де бірдей.

Бұрынғы дәстүрлі түсіндірме сөздіктердің ең озық үлгілерінде негізінен сөздің лексикалық тіркесімдігі, бейнелі тілмен айтқанда, оның етене жасын көршілерінің басты-бастылары және әредік оның синтаксистік тіркесімділігі, яғни бірлі-жарым жасй көршілері ғана көрсетіліп келді.

Актив типті сөздіктерде көршілердің алыс-жақын, туысатын-туыспайтындарының басты-бастылары түгел көрсетілуге тиісті.

В.В.Морковкиннің пікірі бойынша, лексикалық жүйе үш бірліктен тұрады. Оның ең қарапайым бірлігі — жеке *соз*. Одан басқа *құрамдас және кіріккен бірліктер* болады.

Лексикалық жүйенің құрамдас бірліктері ретінде ғалым синонимдік қатарды, антонимдес жұпты, омонимдік тізбекті, паронимдік тізбекті, эпидигматикалық ұя мен сөзжасамдық ұяны атайды.

Ғалым бұлардың “лексикалық жүйенің құрамдас бірліктері” категориясының ядросын құрайтындығын, осы категорияның шеткері жақтарында (периферияларында) ұғымды тарытатын (эксклюзивті) және ұғымды кеңейтетін (инклюзивті) лексикалық тізбектердің, лексика-семантикалық топтардың, лексика-семантикалық орістердің орналасатындығын жазады.

Бұл жерде *сөздің относителді құндылығы, яғни оның өзі-мен бірге тілдің тұтас лексикалық жүйесіне кіретін ауылдастары, жерлестері жайындағы жады* туралы әңгіме болып отыр. Сөздің относителді құндылығын көрсету — дәстүрлі түсіндірме сөздіктер үшін міндетті емес. Дәстүрлі түсіндірме сөздіктер үшін денотат туралы ең басты деректерді көрсету ғана парыз. Сөздің относителді құндылығын көрсету — әмбебап сөздіктердің барлық түрлері үшін ең басты айырым белгі болып табылады.

Бұл туралы еңбектің бесінші тарауында кеңірек сөз болмақшы.

Ғалым *лексикалық жүйенің кіріккен бірліктері* ретінде бір типтес белгіленген лексикалық қабаттар құрамындағы бірліктерді атайды. Лексикалық бірліктердің кірігуі генетикалық факторға (кірме сөздер, интернационализмдер, калькалар), уақыттық факторға (ескірген және ескіре бастаған лексика, жаңа сөздер), статистикалық факторға (жиі қолданылатын, сирек қолданылатын сөздер), аумақтық факторға (диалектизм), әлеуметтік факторға (жаргон сөздер), функционалдық — стилдік факторға (терминология), мәнерлілік факторына (стилдік және эмоциялы-экспрессивті лексика), бір автордың тіліне немесе бір шығарманың тіліне бағдар ұстау факторына, белгілі бір

уақыт кезеңіндегі тілге бағдар ұстау факторына байланысты болуы мүмкін [Морковкин 1990, 28-29].

Жүйедегі кіріккен бірліктерді көрсету сөздіктердің барлық түрлерінде жүзеге асырылып келеді. Олардың ішінде бір параметрлі, бір аспектілі сөздіктер де, көп параметрлі, көп аспектілі сөздіктер де, дәстүрлі түсіндірме сөздіктер де, әмбебап сөздіктер де бар. Сөздіктердің құрылымына, мақсат-мүдделеріне байланысты кіріккен бірліктердің қамтылу дәрежесі де әрқилы болатыны белгілі жайт.

### 3.2. Лексикалық мағынаның танымдық аспектісі

Сөз мағынасына танымдық, яғни эпистемологиялық, когнитивтік парадигма тұрғысынан қараған ғалымдардың бірі – С.Д.Кацнельсон.

Ғалымның пікірі бойынша, сөздің лексикалық мағынасының концептуалдық негізі тек формалды түсінікке сәйкес келеді. Сөздің лексикалық мағынасына затты тануға және оның атауын дұрыс қолдануға қажетті негізгі белгілер ғана кіреді [Кацнельсон 1965, 19].

Ғалым формалды түсінікке заттың барлық жақтарын, барлық қасиеттерін, басқа заттармен байланыстарын түгел қамтитын мазмұнды түсінікті қарсы қояды.

С.Д.Кацнельсон зат туралы түсініктердің адамның санасында екі түрде сақталатынын жазады. Оның біреуі – адамның осы зат туралы барлық білігі болса, екіншісі – сол затты атаушы сөздің мағынасын ашуға қатысты, қажетті түсінік. Екінші түсінік – бірінші түсініктің формалды көшірмесі (дубликаты) ғана. Алайда, сөздің лексикалық мағынасын құрайтын, жоғарыда айтылғандай, осы екінші түсінік. Демек, сөздіктегі қандай да бір сөздің лексикалық мағынасын ашу дегеніміз – осы сөзбен таңбаланып отырған ұғымның формалды көшірмесін көрсету болып шығады.

С.Д.Кацнельсонның пікірі бойынша, Л.В.Щерба, Вайнрайх тәрізді ғалымдардың сөз мағыналарына берілген анықтамаларды түсіндірме сөздіктік және энциклопедиялық деп бөлуі іс жүзінде осы “формалды түсініктерді”- сойлеушінің санасында заттың негізгі белгілері болып белгіленген түсініктердің өзін бөлу болып табылады.

Бұл жерде өте маңызды екі қорытынды жасауға болады: біріншіден, сөздіктің екі түрінде де сөздік бірліктерге берілетін негізгі анықтама (дефиниция) формалды түсініктен құралған болып отыр, екіншіден, екеуінде де заттың негізгі айырым белгілері ғана көрсетіледі.

В.П.Берков бұл туралы былай дейді: “Заттың негізгі айырым белгілерін анықтау да оңай шаруа емес. Зерттеушілердің бірқатары заттың көптеген белгілерінің арасында біреулері маңыздырақ та, ал басқаларының маңызы аздау деп ойлайды. Заттың осы маңыздырақ белгілерінің санадағы бейнесінен ол сөздің мағынасы келіп шығады деп ойлайды. Шындығында, сөздің лексикалық мағынасына заттың негізгі белгілері ғана кіреді деген қисынды қабылдау ол заттың қандай белгілерінің негізгі, қай белгілерінің қосалқы екендігін айқындайтын әдістеме бар деген сөз емес. Ондай әдістеме жоқ. Бір сөздің мағынасының бір тілдегі бірнеше түсіндірме сөздіктегі берілуіне қарап-ақ осы пікірдің шындығына көз жеткізуге болады. Сөз мағыналарын айқындаудағы ала-құлалық бірден көзге түседі. Ең қарапайым деген *орындық*, *кресло* тәрізді сөздердің мағыналарын айқындаудың өзінде олардың мәнді/мәнсіз белгілерін бөліп шығару өте қиын іс [Берков 1977, 95].

С.Д.Кацнельсонның пікірі бойынша, **формалды түсініктер** тілдік ұжымның барлық мүшелерінде бірдей, ал мазмұнды түсініктер болса, әркімде әртүрлі болады. Демек, **мазмұнды түсініктер** адамның түйсіну, ойлау ерекшеліктеріне, білім дәрежесіне, мәдени деңгейіне, т.б. көптеген қасиеттеріне байланысты өзгешеленеді.

С.Д.Кацнельсонның осы пікіріне жуық ойды А.Вежбицка да айтады. Ғалым тілдік бірліктің мәнін (*концепт*, С.Д.Кацнельсонның қолданысы бойынша: *мазмұнды түсінік*) идеалдық дүние, адамның санасында ғана болатын құбылыс ретінде қарастыра отырып, әртүрлі адамдардың психикасында бір концепт, бір атау (сөз) туралы түсініктердің бір-біріне сәйкес келмейтінін *шыныаяқ*, *картон* тәрізді қарапайым атаулардың негізінде жасалған талдаумен дәлелдейді. Демек, бір ұғымды әртүрлі атау, түйсіну әр тілде сөйлейтін адамдарда ғана болады, бұл тілдік ерекшеліктерге байланысты деу аз болады екен. Бір тілдегі бір сөз туралы әр адамда әртүрлі концепт қалыптасады екен [Фрумкина 1996, 59].



Осындай жағдайда тығырықтан алып шығатын жол — сөздіктегі тілдік бірлікке берілетін анықтамада (дефиницияда) да, жалпы түсіндірмеде де “мазмұнды түсініктерді” — энциклопедиялық түсініктемелер мен мәдени коннотаттық (елтанымдық) мазмұнды беру, ұлттық салт-сана, әдет-ғұрыпқа байланысты қосалқы деректерді молайту, сөздікке ең озық ғылыми жетістіктерді енгізу болмақ. Себебі бұрын түсіндірме сөздіктегі сөз мағынасы заттың басты белгілерін ғана көрсету жолымен анықталып келді. Анықтамада басы артық энциклопедиялық дерек қосуға жол берілмеді. Терминологиялық сөздіктер де, бір тілді (түсіндірме) сөздіктер де әрқашан да максимумға емес, минимумға ұмтылды. Терминге берілетін ғылыми дефиницияның өзі де ең негізгі айырым белгілерді ғана, минимумды ғана қамтитындығына жеткілікті көңіл бөлінбеді.

Филологиялық сөздіктер мен әмбебап энциклопедиялардың түсіндірмелері түсінікке оңай, қолайлылығы жағынан да үксас. Жалпы көпшілікке арналған энциклопедиялардағы реалиялар мен ұғымдар түсіндірме сөздіктердегі тәрізді жалпыға түсінікті, ұғынықты тілмен түсіндіріледі. Екі сөздіктегі түсіндірменің арасындағы айырмашылық, Д.И.Арбатскийдің жазғанындай, зат не құбылыс туралы берілетін деректердің саны мен көлеміне ғана қатысты болады. Оның үстіне түсіндірме сөздіктегі филологиялық түсіндірме құрылымының даму мүмкіншіліктері мол екендігі белгілі. Себебі “семантикалық түсіндірмелердің нысандарын тілдегі, идеядағы (санадағы) немесе материалдық дүниедегі заттар мен құбылыстар деп белгілі топтарға бөлуге болмайды. Семантикалық түсіндірмеде олардың бәрі де қамтылады” [Арбатский 1965, 14]. Лексикография теориясының белгілі маманы В.П.Берков та осы пікірге үксас ой айтады: бір кездері “филологиялық сөздікте — сөз, энциклопедиялық сөздікте — зат түсіндіріледі” деген қозқарастың негізінде екеуіндегі атау сөздердің, терминдердің анықтамалары бір-біріне қарсы қойылды. Алайда, көптеген терминдердің екі сөздіктегі анықтамаларын салыстырған кезде олардың арасындағы айырмашылықтың аз екендігі және ешқандай бір принциптік айырма сипатының жоқтығы белгілі болды. Екі сөздіктегі терминге берілген анық-

тамалардағы өзгешеліктер ол сөздіктердің нысандарының өзгешелігіне байланысты емес, осы сөздіктерде бейнеленетін білім деңгейінің әртүрлі болуымен байланысты екендігі анықталды [Берков 1976, 141].

Екінші тарауда сөз болған жалпылама қолданым теориясының талаптары (тілдің норманың көптеген шағын нормалық жүйелерден құралатындығы, әр ғылым-білім саласының өз метатілі болатыны, демек осылардың бәріне ортақ бір норманы ғана ұсынбай, жеке-жеке шағын нормалық жүйелерді ұсыну, сол арқылы дифференциацияға қол жеткізу, т.б.) мен сөз мағынасының құрамына қатысты жоғарыда айтылған ойлар (лексикалық мағынада заттың басты белгілері ғана қамтылатыны, ол белгілердің негізінен формалды түсініктерге сәйкес келетіні, адамдарда формалды түсініктердің бірдей болып, мазмұнды түсініктердің (концептілердің) әртүрлі болатындығы, денотативті мағынамен бірге коннотативті мағынаның да ескерілуі қажеттілігі, семантикалық анықтамада тілдік, идеялық және материалдық әлемдердің бәрі де қамтылуы керектігі) сөздік бірліктің лексикалық мағынасын ашудың жеткіліксіз болатындығына, сөздің қолданым аясына байланысты ерекшеліктердің, денотаттың құрылымына, коннотативті (елтанымдық) фонның құрамына байланысты энциклопедиялық деректердің берілуі қажет екендігіне көз жеткізеді.

Сөздің мағынасын ашуда максимум деректер беруге, кәсіптік бағдары мен білік, білім дәрежесі әртүрлі адамдардың санасындағы зат, құбылыс туралы мазмұнды түсініктерді құрайтын белгілерді мүмкіндігінше толық көрсетуге талпыныстың түсіндірме сөздіктің түрлі типтері мен жанрларын біріктіруге, филологиялық сөздік пен энциклопедияны ұластыруға әкелері сөзсіз.

### **3.3. Бір тілді түсіндірме сөздіктегі омонимдердің берілу ерекшеліктері**

Жоғарыда сөз мағынасын неғұрлым толық ашу мәселесі сөз болды. Енді сөз мағынасын нақтылау, дәлдей түсу мәселесі қарастырылмақшы. Тіл жүйесінде омонимдердің бірнеше түрі кездеседі. Олардың ішінде ішкі мағыналық өзгерістің нәтижесінде заңды түрде пайда болатындары да, тілдегі айтылым дағдысы немесе жазылым ережелері бойынша

сыртқы тұлғаларының сәйкес келуі нәтижесінде кездейсоқ пайда болатындары да ұшырасып отырады. Соңғыларының омофон, омограф деп аталатыны белгілі.

Көп мағыналы сөздердің жеке мағыналары арасындағы байланыстың үзілуі нәтижесінде пайда болған омонимдердің екі тобы болады. *Олардың бір тобы лексика-грамматикалық омонимдер болса, екінші тобы лексикалық омонимдер деп аталады. Лексика-грамматикалық омонимдер – бір мезгілге бірнеше сөз табының қызметінде қолданылатын, генетикалық тұрғыдан туыспайтын омонимдер.*

*Лексикалық омонимдер – бір сөз табының құрамына кіретін, генетикалық тұрғыдан туыстас омонимдер.*

Тілдің ішкі даму заңдылықтарына сәйкес кейде сөздердің грамматикалық сипаты зор өзгеріске ұшырайды. Бір сөз табында болған сөз екінші сөз табында да орнығады. Нәтижесінде жаңа сөз пайда болады. Бұлайша бір сөздің бірнеше сөз табының қызметінде жұмсалуды тіл білімінде *конверсия* деп аталады.

Конверсия – тілдегі ең маңызды сөзжасам тәсілдерінің бірі. Кеңестік дәуірдегі түркі лексикографиясында конверсия жолымен жасалған лексика-грамматикалық омонимдерді жан-жақты зерттеген ғалымдар – А.А.Юлдашев пен Ж.М.Гузев болатын.

Сөздің мағыналық және морфологиялық белгілері бойынша оның қай сөз табына кіретіндігі туралы бірден толық түсінік алу қиын. А.А.Юлдашев бұл тұрғыда шешуші рол атқаратын – сөздің синтаксистік қызметі деп біледі.

Ғалым сөздің әуелі жаңа синтаксистік қолданыста орнығатынын, кейін сол орында морфологиялық және лексикалық тұрғыдан да бекітіндігін жазады: “Әуелі сөз жаңа синтаксистік позицияда тұрақты түрде қолданылады, содан кейін жаңа сөз табының морфологиялық белгілерін бойына сіңіре бастайды, бірте-бірте осы сөз табына тән тұрақты лексикалық байланыстарға да түсе бастайды” [Юлдашев 1972, 244].

Бертін келе конверсияның сөзжасамдық табиғаты толық ашылды. Конверсия нәтижесінде бір сөздің басқа мағынасы емес, екінші бір жаңа сөздің жасалатыны анықталды. Бұл құбылыстың көбінесе көп мағыналы сөздерді қамтитындығы,

сол көп мағынаның біреуінің актуалдануы нәтижесінде дүниеге келген жана сөздің негізгі сөзбен омоним болатыны белгілі болды. Осындай лексика-грамматикалық омонимия құбылысын қазақ тіл білімінде алғаш рет арнайы зерттеген ғалымдардың бірі К.Аханов болғандығын айта кету қажет [Аханов 1956].

Әрине, конверсия қазіргі заманға ғана тән тілдік құбылыс емес. Бұл түркі тілдерінің табиғатында көне дәуірлерден бері бар ең өнімді созжасамдық құбылыстардың бірі екендігі даусыз.

А.А.Юлдашев конверсия туралы сөз ете отырып, конверсияға сөздердің белгілі бір тобы ғана ұшырайтынына, оның сөздің семантикасымен байланысты болатындығына тоқталады. Ғалым, мысалы, сын есім қызметінде, анықтауыш орнында кез-келген зат есімдердің қолданыла бермейтіндігін, тек сын есім ретінде қабылдану мүмкіндігі бар зат есімдердің тобы ғана, мәселен, башқұрт тіліндегі *алтын*, *балауыз*, *көмөш* (күміс), *қурғаш* (қорғасын), *дарыу* (дәрі) тәрізді материалдарды атаушы есімдердің; *тишек* (тесік), *сит* (шет) тәрізді ерекше белгі, қасиет атауларының; *ата*, *бала*, *инә* (шеше), *уқыусы* (оқушы), *юрга* (жорға) тәрізді өзіндік ерекшеліктері бар тіршілік иелері атауларының; маусым атауларының; *аяк*, *баш*, *яңак* (жақ) тәрізді дене мүшелері атауларының солай қолданылу мүмкіндігі барлығын айтады.

Сын есімдер мен үстеулердің де бір-біріне ұқсас, шектес аралық топтары ғана бір-бірінің орнына қолданыла алатындығын жаза отырып, башқұрт тіліндегі *ақрын*, *алама*, *алыс*, *анһат* (жеңіл), *арзан*, *башқаса*, *йылы*, *йырақ*, *йыш* (жімі, тығыз), *қыйын*, *матур*, *насар* (нашар), *тигез* (тегіс), *тиз* (тез), *тозок* (түзу), *һирәк* (сирек), *тыныс* (тыныш), *яқын* (жақын), *яқшы* (жақсы) тәрізді сөздерді мысалға келтіреді.

Ғалым сөз мағынасының екіжақтылығы оның бірнеше қызмет атқаруына негіз болатынын, ал сол екінші қызметті, негізгі мағынадан шеткері, шалғайлау жатқан мағыналық қызметті атқара отырып, сол қызметте беки отырып, сөз бірте-бірте бірінші сөзден, яғни өзінің негізгі қызметіндегі сөзден қашықтай беретінін, ақыры омоним сөзге айналатынын жазады [Юлдашев 1972. 250-252].

Ғалым конверсияның созжасамдық қызметіне жағдай жасайтын факторлардың бірі ретінде тілдегі белгілі бір соз топтарының бір соз табынан екінші соз табына ауысуына мүмкіндік жасайтын грамматикалық үлгілердің барлығын соз етеді.

Мәселен, башқұрт тіліндегі етістіктердің *-ыш* тұлғасы *атыш* (атыс), *белеш* (біліс), *көрәш* (күрес), *табыш* (табыс), *талаш* (талас), *таныш* (таныс), *тартыш* (тартыс), *тоташ* (түтас), *тырыш* (тырыс), *һикереш* (*секіріс*), *яңылыш* (жаңылыс) тәрізді жаңа есімдердің жасалуына жағдай жасайтынын, соның нәтижесінде, осы үлгі бойынша *йыйылыш* (жиылыс, жиналыс), *таралыш* (таралыс), *һөйләш* (говор, диалект) сияқты жаңа туынды есімдердің жасалып отырғанын айтады.

Ғалым *йәшерен* (жасырын), *қызық* тәрізді есімдердің де осы жолмен жасалып отырғанын жазады. Ғалым сондай-ақ, конверсияның бір жасалу жолы ретінде белгілі бір қасиет атауының адамға көшірілуін атайды: *гөріп*, *диуана*, *исәр* (есер), *миңрәу* (меңіреу), *таз*, *һақау* (сақау), *һылыу* (сұлу), *ялқау*, *ярлы*, *яуыз*, т.б.

Ғалым, сондай-ақ, көп мағыналы сөздің ажыраған мағыналары арасындағы байланыс әлсіз болса, бірте-бірте ол мағыналардың өздері жеке сөздер ретінде бағаланып, ендігі кезекте өздері де іштей бөлініп жататынын жазады. Мысал ретінде, башқұрт тіліндегі *күк* (аспаң) сөзінен конверсия жолымен жасалған *күк* (көк түс) сөзінің алғашқы сөзбен байланысының ескерілмеуі нәтижесінде, енді *көк* түстің атауынан келіп, *ақ* боз түсті білдіретін *күк* есімінің жасалып отырғандығын айтады [Юлдашев 1972, 255].

Ғалым конверсияланған сөздердің алғашқы түркі-орыс сөздіктерінде ала-құла белгіленгендігін (қазақ. *көк I* – аспаң, *көк II* – ақ боз; *ақ I*. ақ түс; 3. сүт) жазады. “Қарақалпақша-орысша сөздікті” құрастырушылардың зат есім, сын есім және үстеулердің қарақалпақ тілінде айқын ажыратылмайтынын желеу етіп, конверсияланған сөздерді қисық сызықпен (/) белгілегендіктерін, конверсиялық мағынаның контекске байланысты жасалатынын айтқандықтарын соз етеді. Ал өзбекше-орысша сөздікті құрастырушылар бір мағыналы сөздің бірнеше соз табының мүшесі болуы мүмкіндігін жаза отырып, жоғарыдағы жаңалықты қабылдайды. Қабылдағанда, сәл өзгертіп, тік қос сызық күйінде (||) алады [Юлдашев

1972, 275]. Автор осы үлгінің кейін чуваш, ұйғыр, ноғай, татар, түрікпен, тува сөздіктерінде қайталанғандығын, жалғыз Қ.К.Юдахиннің “қырғызша-орысша сөздігінде” ғана бастапқы және конверсияланған мағынаның бөлек нөмірлермен, бұрынғыша берілгенін (күч 1. сила; 2. сильный) айтады.

Ж.М.Гузевв қазақ, қырғыз, түрікпен тілдерінің түсіндірме сөздіктерінде сын есім – үстеу конверсиясының берілмегендігін, бұл топтағы сөздердің тек қана сын есім ретінде берілгендігін айта келіп, демек ол елдердің сөздікшілері конверсияны мойындамайды деген қорытынды жасайды [Гузевв 1985, 63].

Ғалым конверсияның сын есім – зат есім типін беруде сөздіктерде жүйеліліктің болмай отырғандығын жазады. *Бай* және *ақ* сөздері әрі сын есім, әрі зат есім болып саналады да, ал *қараңғы*, *ашық* тәрізді сөздер тек қана сын есім ретінде беріледі, демек, бұл сөздікшілердің сын есім сөздің зат есім сөзге айналуына сенбейтіндігін байқатады дейді.

Автор бұл дәстүрдің В.В.Радловтан басталатынын, түркі сөздікшілерінің сол дәстүр шеңберінен шыға алмай отырғандығын айтады. Ғалым сөздіктердегі конверсияның берілу принциптерін сөз ете отырып, біршама тәуір қарастырылған конверсия типі ретінде *той – той-*, *көш – көш-*, *айтыс – айтыс-*, *керіс – керіс-* тәрізді есімді – етістікті мағыналық жұптарды атайды.

Ғалым сөздің бір мағынасының бірнеше конверсиялық лексемаларда көрінуі мүмкін деген ойды татар тілінің түсіндірме сөздігін құрастырушы сөздікшілердің де басшылыққа алғандықтарын, оларда сын есімнің зат есімге, зат есімнің сын есімге, сын есім мен зат есімнің үстеуге, үстеудің сын есім мен зат есімге ауысуы сөздердің мағыналық реңктері тәрізді екі түзу сызықпен белгіленгендігін, алайда бұл сөздіктің алдыңғы түркіше-орысша сөздіктерден өзгешелігі: мұнда конверсияланған сөздің қандай сөз табына жататыны көрсетілгендігін (*ак 1 с.1. Кар, сот, акбур төсендәге; киресе: кара... // и.мәг. Ак материя*) атап өтеді. Ғалым татар сөздікшілерінің қателігін конверсиялық жұпта бір ғана мағына мен оның реңкі беріліп отыр деген қате түсінігінен көреді.

Ж.М.Гузеевтің келесі талдайтыны конверсиялық жұптын немесе топтың мүшелерін бір сөздің түрлі мағыналары ретінде түсінудің мысалдары. Ғалым қырғыз, қазақ, қарақалпақ және әзірбайжан тілдерінің түсіндірме сөздіктері осы принцип бойынша жасалғандығын жазады [қазақ. 1. *Ақ сын*. 1. Қардың, сүттің бордың түсіндей (*қараға қарама-қарсы*); 4. *Сөйл. Әк.*].

Сөздіктегі бір мезгілде сын есім мен үстеудің мағыналарын иеленетін сөздердің бір сөздік мақалада берілуін башкұрт сөздікшілері *яқшы*, *яман* тәрізді көптеген сөздерді нақты грамматикалық категорияға телудің қиындығымен, олардың анықтауыштың қызметін де, пысықтауыштың қызметін де бірдей атқаратындығымен түсіндіреді. Ғалымның ойынша, осы құбылыстың өзі олардың өзара омоним болатындықтарын көрсетеді [Гузеев 1985, 71].

Конверсиялық топтың мүшелері бөлек сөздер ретінде берілетін сөздіктің үлгісі ретінде ғалым қарашай-балқар тілінің түсіндірме сөздігін атайды : *қарт I сын.* — *қарт II зат.*; *жылы I сын.* — *жылы II ұст.* — *жылы III зат.*; *жашырын- I ет.* — *жашырын II ұст.* — *жашырын III сын.* — *жашырын IV зат.*

Ж.М.Гузеев синтаксистік тұрғыдан бекітілген конверсияның басқа конверсия түрлерінен айырмашылығы болатындығын ескерудің қажеттілігін, сол себепті оларды конверсия жолымен жасалған лексика-грамматикалық омонимдерден басқаша беру керектігін айтады. Осы тұрғыдан ғалым ең дұрыс нұсқа ретінде синтаксистік конверсияны берудің кезінде А.А.Юлдашев ұсынған, қазір қарашай-балқар сөздігінде қолданылып отырған үлгісін жөн көреді: *қағым* 1. “қағаз” (түсіндірме, мысал), 2. : қағаз нәрсе (“қағаз қорап” тәрізді); *жюн* 1. “жүн” (түсіндірме мен мысал), 2. : жүн нәрсе (“жүн шұлық”)

Конверсияланған жұптар мен топтардағы сөздердің берілу ретін анықтау мәселесіне қатысты ғалым кейбір сөздіктерде сөздің қазіргі тілдегі қолданылу жиілігіне қарап, кейде туынды сөздің бірінші кезекте беріліп отыратынын, оның қате екендігін айтады. Қате берілістер ретінде: қазақ. 1. *Атау зат.* Белгілі бір заттың не ұғымның сөзбен белгіленген аты, 2. *Атау* “ата” етістігінің қимыл атауы; 1. *Атыс зат.* 1. Ұрыс, соғыс. 2. *Атыс ет.* 1. Ат етістігінен жасалған ортақ етіс; 1. *Ақша* 1. зат. “ақша”. 2. *Ақша сын.* Ақшыл, ақ түсті; *Жарыс* 1. зат. Бәйге, ат шабыс.

Жарыс 2. ет. 1. Озып шығу, қалып қоймау мақсатын көздеп жүгіру, шабу, асыр салып ойнау.

Келтірілген мысалдарда шынында да нәтиженің процестен бұрын беріліп отырғанын байқауға болады.

**Конверсияның типтері.** Конверсия мүшелері лексикалық тұрғыдан да, қолданылу жиілігі бойынша да, басқа сөздермен тіркесім саласында да, өздерінің грамматикалық категориялары жағынан да бір-біріне сәйкес келмейді [Юлдашев 1972, 265]. Ж.М.Гузеевтің еңбегіндегі конверсияның типтеріне жасалған жіктеменің зерттеу үшін маңызы зор екендігін ескере отырып, олардың бірқатарын сөз етпекпіз.

### **Екі мүшелі үлгілер:**

1. Етістік немесе оның категориялық тұлғасы — зат есім:

а) етістік — зат есім: қар.-балқ. *аууш-* (асу-) — *аууш* (асу); қырғ. *күрөш-* (күрес-) — *күрөш* (күрес); тат. *ямау-* (жамау-) — *ямау* (жамау).

Бұл жердегі қазіргі қазақ тілінің түсіндірме сөздігі үшін қажетті жұп — генетикалық жағынан ортақ етістен болған *күрес-* етістігі мен *күрес* зат есімі жұбы: *күрес-* — *күрес*. Тілдегі функционалдылық тұрғысынан сөздікте бірінші болып қимылдың атауы ретіндегі етістік, екінші кезекте осы қимылдың, процестің бейнесі ретінде қалыптасқан зат есім сөз берілуі керек. Алайда, бұл қағида қай тілдегі сөздіктерде де үнемі сақтала бермейді.

ә) қимыл есім — зат есім: қар.-балқ. *алдау* қ.е. — алдау; қырғ. *жазуу* қ.е. — *жазуу* (тағдыр); қазақ. *көсеу* қ.е. — *көсеу*.

Бастапқы негізі бір қимыл есім мен зат есімнің омонимге айналуын конверсияның классикалық үлгісі ретінде қабылдаймыз. Себебі жоғарыдағы *көсе-* етістігінен жасалған, процестің атауы ретіндегі *көсеу* мен *көсейтің* құралдың атауы *көсеу* арасындағы мағыналық байланысты үзілген деуге әсте келмейді. Екеуінің екі сөз табына кіруі олардың арасындағы мағыналық байланыстың сақталуына кедергі келтіре алмайды. Түсіндірме сөздікте әуелі қимыл есімнің берілуі қажет екендігі түсінікті жайт.

Әуелі процестің номинативті атауы қалыптасады, содан кейін барып, осы номинативтенген, лексикаланған, “заттанған” атау заттың тұрақты атауына айналады.



Етістіктерден процесс атауының пайда болуына жағдай жасайтын, қызмет ететін тұлғалардың қатарында түйық етістік (-у) тұлғасы, етіс тұлғалары мен есімше тұлғалары жатады.

б) ортақ етіс — зат есім: қазақ. *айтыс-* — *айтыс*.

Конверсия нәтижесінде айтысу процесінің атауы тұрақтала келіп, айтысқа айналып, екеуі лексика-грамматикалық омоним болып отыр. *Атыс-* — *атыс*, *жарыс-* — *жарыс* жұптары да осындай.

2. Зат есім — етістік: қазақ. *қап* — *қап-*; қырғ. *түтөк* (биік жерде, тауда болатын ауру) — *түтөк-* (түтігу, ауыр дем алу).

Бұл жұпта да семантикалық тұрғыдан бірінші кезекте етістік берілуге тиісті еді.

3. Сын есім — үстеу: башқ. *яқшы* — *яқшы*; қар.-балқ. *аман* (жаман) — *аман*.

“Жақсы киім” және “жақсы киіну”. Біздің ойымызша, бұл- лексика-грамматикалық омонимия құбылысының көрінісі емес, синтаксистік тұрғыдан бекіген конверсия құбылысының көрінісі тәрізді. Бұны жоғарыдағы *жамаумен*, *көсеумен*, *күреспен*, *айтыспен* бір қатарда қарастыруға келмейді. Сондықтан бұл құбылысты сөздікте синтаксистік конверсия тұрғысынан шартты мағына ретінде белгілеуді жөн көреміз.

Он томдықта осы тәрізді екі сөз табының қызметін атқаратын сөздер көп кездеседі. Бірақ олар омоним түрінде берілген жоқ. Мысалы, *артық* сөзі сын есім ретінде беріледі де, оның алтыншы мағынасының үстеу екендігі көрсетіледі. Оның басты себебі конверсия құбылысына жеткілікті назар аударылмауында деп ойлаймыз.

4. Үстеу — сын есім: қырғ. *арзан* — *арзан*.

Бұл тәрізді жұптардың жоғарыдағы сын есім-үстеу жұптарынан айырмасы жоқ. Себебі біріншіден, аталған екі сөз табының қайсысының басты, негізгі орында екенін айқындау қиын болса, екіншіден, екеуінде де сын белгіленіп отыр.

5. Зат есім — сын есім: қар.-балқ. *айланма* (*иірім*, *жылым*) — *айланма* (*жүргіш*, *жеңіл жүрісті еркек немесе әйел*). Бір кездегі етістік *-ма* жұрнағы қосылу арқылы зат есім болып, енді сол зат есім бейнелі мағыналық реңк алып, бірте-бірте сын есімге айналып отыр.

6. Сын есім — зат есім: башқ. *қараңғы* — *қараңғы*; қар.-балқ. *жаш* (жас) — *жаш* (бозбала); қазақ. *ақ* (түс) — *ақ* (ағарған, сүт өнімдері).

Ақ сөзінде сапа, қасиет атауы тұрақталып, нақты көрініс тауып, эталондық белгіге иеленіп отыр. Бұл құбылыстың лексика-грамматикалық омонимия екендігі анық. Қазақ тілінің түсіндірме сөздіктерінде де омоним ретінде беріледі.

Ал, “жақсы адам”, “жаман адам” мағынасында қолданылатын *жақсы* мен *жаман* — синтаксистік конверсияға жатады.

7. Етістік — сын есім: қырғыз. *аралаш-* — *аралаш* (ортақ); қар.-балқ. *қуру-* (құрғау, қурау) — *қуру* (құрғақ, қураған).

Қазақ тілінде бұл жұптағы сын есімнің орнында әдетте үстеу болады.

8. Сын есім — етістік: қазақ. *жабық* — *жабық-*; қырғыз. *қызматташ(қызметтес)* — *қызматташ-*.

Бұл жерде сын есім ретіндегі *жабық* сөзіне омоним ретінде *жабық-* етістігі алынған. Бұл жұпты шын мәнінде конверсия жолымен жасалған омоним деуге келмейді. *Жабық-* етістігі жабығу процесін білдіреді. Екі сөздің арасында семантикалық байланыс болса да, ол тым арыдағы, этимологиялық деңгейдегі байланыс. Екінші мысал үлгісі қазақ тілінде етістіктің ортақ етіс тұлғасында кездеседі.

9. Үстеу — зат есім: татар. *артық* (көп) — *артық* (артылған, артық қалған, қалдық); башқ. *батыр* (батыл) — *батыр* (ержүрек, батыр).

Конверсияның бұл түрі қазақ тіліне тән емес тәрізді.

10. Зат есім — үстеу: қырғыз. *ақыр* (шет, үш) — *ақыр* (ақыры); қар.-балқ. *жай* (жаз) — *жай* (жаздығүні).

Конверсияланудың бұл түрі де қазақ тілінде айқын байқалмайды.

11. Үстеу — етістік: қазақ. *асығыстан* — *асығыстан-*.

Бұл жұпта конверсия байқалғанмен, *асығыспен*, *асығумен*, *асығыстан*, *асыққаннан* тәрізді сөз варианттарын қуалап кете беруге болады. Бұлар түсіндірме сөздік үшін актуал тұлға емес. Сондықтан бізге қажеті жоқ.

12. Етістік — үстеу: қар.-балқ. *жасырын-* — *жасырын*.

*Жасырын* сөзіне қатысты конверсияның бұл түрі қарашай-балқар тілінде болуы мүмкін. Бірақ қазақ тіліндегі жағдай басқалау тәрізді. Себебі *жасырын* — оздік етіс. Оның негізі — *жасыр-* етістігі. Мұндай әрқилы деңгейдегі (*жасырын-* — етістіктің бір категориясы, ал *жасырын* — толыққанды үстеу),

әрі үшінші мүшесі де (сын есім ретіндегі *жасырын* сөзі) бар болғандықтан, екі мүшелі конверсияға жатқызуға келмейді.

13. Зат есім – сан есім: қар.-балқ. *бөлек* (бөлік) – *бөлек* (бірнеше), *қауум* (топ) – *қауум* (бірнеше).

Бұлар – мағыналық реңк дәрежесін көрсететін мысалдар.

14. Сан есім – зат есім: қырғыз. *бирдик* (бірлік, бір саны) – *бирдик* (бірлік, ынтымақтастық).

Дәл осы *бірлік* жұбын қазақ тілінен де көруге болады. Алайда, екі томдықта аталған сөз сын есім ретінде, он томдықта – зат есім ретінде беріледі.

Ж.М.Гузеев екі мүшелі конверсияның 39 түрін келтіреді. Біз солардың ішінен қазақ тілі сөздіктері үшін маңызды деген түрлерін келтірдік.

Ж.М.Гузеев *үш мүшелі конверсия* үлгілеріне де мысалдар келтіреді. Олардың ішіндегі қазақ тілі үшін маңыздылары қатарында: *бай, ярлы* (сын есім) – *бай, ярлы* (үстеу) – *бай, ярлы* (зат есім); *яхшы/яхши* (сын есім) – *яхшы/яхши* (үстеу) – *яхшы/яхши* (модал сөз), т.б. бар.

**Төрт мүшелі** үлгілер арасында: қазақ., қар.-балқ. тілдеріндегі *жасырын-/жашырын-* (етістік) – “күпия” мағынасындағы *жасырын/жашырын* (үстеу) → сын есім *жасырын/жашырын* және зат есім: *жасырын/жашырын* (жасырын сыр, күпия), сын есім – үстеу – зат есім – модал сөз ретіндегі *жарлы, етістік – сын есім – үстеу – зат есім* ретіндегі қазақ сөзі *қызық* пен қарашай-балқар сөзі *жалған*, сын есім – үстеу – зат есім – зат есім (күйеу) ретінде берілген қазақ, қырғыз сөзі *бай*; бес мүшелі үлгілер арасында етістік – сын есім – сын есім – үстеу – демеулік шылау ретіндегі қарашай-балқардың “кура-, күрғақ, бос, күр алақан, тек қана” мағыналарындағы *қуру* сөзі мен етістік – сын есім – үстеу – зат есім – шылау ретіндегі “катыс-, аралас, араласып, қойыртпақ, бірге” мағыналарындағы *қатыш* сөзі келтіріледі.

Зерттеудегі үлкен кемшілік ретінде бір тілдегі бір сөздің біресе екі, біресе үш, біресе төрт мүшелі үлгіде қайталана беретіндігін айтуға болады.

А.А.Юлдашев түркі тілдерінің сөздіктерінде конверсия құбылысының бейнеленуін зерттеу мәселесін жақсы жолға қойған болса, оны шәкірті Ж.М.Гузеевтің өте жақсы дамытқанын мойындау керек. Конверсия жолымен жасал-

ған лексика-грамматикалық омонимдердің арасындағы семантикалық байланыстарды ашуда, сол байланыстардың негізінде мағыналардың аясын белгілеп, олардың біреуінен кейін екіншісі келетін табиғи, тарихи ретін, қатарын белгілеуде Ж.М.Гузеевтің еңбегі зор.

Омонимдердің екінші тобы — лексикалық омонимдер. Бір сөз табына жататын, генетикалық жақтан туыстас омонимдер негізінен екі сөз табында: етістіктер мен зат есімдерде ғана жасалады [Гузеев 1985, 86].

Зерттеушілердің пікірі бойынша, лексикалық омонимдердің зерттелу мәселесі лексика-грамматикалық омонимдерге қарағанда жақсы жолға қойылған. А.А.Юлдашев, мәселен, сыртқы фонетикалық тұлғасы жағынан сәйкес болып келетін омонимдерді сөздіктерде орналастыру ісінде оларды жүйелі түрде қарастырудың барлығын жазады, түрлі фонетикалық өзгерістер нәтижесінде, не омонимдес сөздің біреуінің диалектіден алынуы немесе басқа түркі тілдерінен алынуы нәтижесінде пайда болған, болмаса төл сөз бен кірме сөздің, я болмаса екі кірме сөздің өзара тұлғалық жағынан сәйкес келуі жағдайларынан пайда болған омонимдердің тіл білімінде біршама зерттелгендігін айтады [Юлдашев 1972, 286].

Ғалымның ойынша, сөздерді омонимдес тұлғалар ретінде тануға негіз болып келген басты қағида — сөздер арасында ешқандай мағыналық байланыстың болмауы қажеттігі — даулы нәрсе, бұл негізгі факторлардың бірі болғанымен, омонимия құбылысын анықтаудағы шешуші фактор бола алмайды.

Омонимия құбылысы туралы бұрыннан қалыптасқан түсінік бойынша, оның басты белгісі ретінде өз алдына лексикалық мағынасы, сөз тудыру және тіркесу қабілеті бар ұқсас құрылымды екі сөздің болуы саналады.

Әртекті омонимдер арасында белгілі бір мағыналық байланыс болуы мүмкін болғанымен, біртекті омонимдер арасында ондай байланыстың болуы мүмкін еместігіне тоқтала отырып, дегенмен омонимияның мәні екі мүше арасында мағыналық байланыстың болмауында емес, олардың екі бөлек сөз саналуында екендігінде назар аударады.

Ғалымның ойынша, омонимия құбылысын айыра білуде кететін кемшіліктер:

- *создердің арасындағы мағыналық байланыстардың үзілгендігін жасалу етіп, кейбір башқ. түбә (тобе), ет-(жет-), уқыу-(оқы-), ай, көн (күн) тәрізді көп мағыналы сөздерді омоним ретінде ұсыну ;*

- *ауыспалы мағыналы сөзді негізгі сөзге омоним ретінде ұсыну ;*

- түркм. *аға* ( 1) жасы үлкен аға; 2) үлкен кісі; 3) Аға – адам аты) тәрізді *омонимдерді көп мағыналы сөздерге жатқызу;*

- озб. *буша-* : 1) іші босау, бос болу; 2) босау,еркіндік алу; 3) босану; 4) әлсіреу тәрізді *жеке сөздерді жасанды түрде омонимдес жұптарға болу ;*

- қазақ. *көз* ( 1) жан-жануардың көзі; 2) : (иненің) көзі; 3) : (жүзіктің) көзі ) тәрізді *негізгі сөздің шартты мағынасын омонимдес сөзге айналдыру.*

Ғалым омонимия құбылысының басты белгілері ретінде:

1) сөздің осы мағынасының басқа мағыналардан болектеніп, окшаулануын;

2) осы мағынаның еркін мағына болуын, яғни сөздің осы мағынада жеке лексикалық бірлік ретінде байланысқа түсуін;

3) жоғарыда келтірілген екі белгінің әлеуметтік тұрғыдан қабылдануын атайды. Алайда, *бұлар жеке-жеке алынғанда емес, бірге алынғанда ғана омонимді боліп алудың олшеуіші бола алады* деген қорытынды жасайды [Юлдашев 1972, 303].

Қазақ тілінің түсіндірме сөздіктерінде омонимдердің берілуінде кемшіліктер де болмай қалған жоқ. Мәселен, екі томдықтағы *жай* сөзінде 10 омоним берілген. Сөздегі 1-4 мағыналар – зат есім; 5,7 мағына – сын есім; 6,8,10 мағыналар – үстеу, ал 9 мағына – көмекші сөз. Байқалып отырғандай, омонимдердің құрамында лексикалық омонимдер де, конверсиялану арқылы жасалған лексика-грамматикалық омонимдер де, тұлғасы жағынан кездейсоқ сәйкес келген омографтар да бар. Бәрі де бірдей. тең қалыпта, кейбір мағыналардың сабақтастығы жеткілікті дәрежеде ескерілмей беріледі.

Екі томдық сөздікте бұл топқа негізгі берілу тұлғасының түйық етістік болуына байланысты етістіктердің кірмей қалғаны, олардың болек берілгені, соның нәтижесінде тілдегі жеке сөздер арасындағы жүйелі байланыстарды толық көрсету мүмкін болмай қалғаны белгілі.

Он томдықта *жай* сөзінде 14 омоним беріледі (I. зат. Найзағай; II. зат. Хал-ахуал, жағдай; III. зат. мекен-тұрақ, үй; IV. зат. Садақ; V. ет. 1. а) Тарату, ыдырату, жазу; ө) жаймалап ілу; 2. Малды жайылымда бағу; 3. Жария ету, әйгілеу; VI. сын. Қарапайым, жұпыны; VII. сын. Жайлы, қолайлы; VIII. үст. Жайымен, ақырын, баяу; IX. үст. Өзімен өзі, жайбарақат, тыныш; X. үст. Ақы-пұлсыз, тегін; XI. үст. Әдеттегіден кеш, кейін, соң; XII. үст. Әйтеуір, әншейін ғана; XIII. үст. Құр-бекер, тектен-тек, бостан-бос; XIV. шыл. Бір нәрсе жөнінде, хақында).

Сөздіктегі омонимдер сөз табы бойынша, классикалық жүйемен беріліп отыр. Әуелі зат есім, одан кейін етістік, сын есім, үстеу, шылау. Бұл жерде қате бар деп дау айту қиын. Тек мақтарлық жағдай. Әлем тілдеріндегі түсіндірме сөздіктердің басым көпшілігінде осы ұстаным қолданылып келеді.

Ал егер омонимдерді, жоғарыда сөз болғандай, семантикалық жүйе бойынша орналастырар болсақ, олардың орналасу ретінің өзгерері анық. Ол жағдайда жүйелеуші негіз ретінде лексика-грамматикалық омонимдер алынады да, лексикалық омонимдер өздерінің сол жүйедегі орын-орындары бойынша, сыналанып кіргізілген болар еді. Омографтардың, яғни фонетикалық заңдылықтар нәтижесінде сыртқы тұлғасы сәйкес келген төл сөздер мен тілдегі диалектілік негізді жарыспалы қолданыстардың, кірме сөздердің табиғаты ашылып көрсетілер еді. Ол жағдайда сөздіктің құрылымы түбірімен өзгерген болар еді! Ал, сөздердегі мағыналардың бәрін де осындай семантикалық жүйе бойынша, тарихи принцип негізінде орналастыру түсіндірме сөздіктердің сапасын арттырары сөзсіз.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздіктеріндегі омонимдердің берілу ерекшеліктерін зерттеген А.Османова екі томдықта 990 омоним сөздің тіркелгендігін жазады [Османова 1989, 69].

Ғалымның есептеуі бойынша, он томдық түсіндірме сөздіктегі омонимдердің саны – 6000-нан астам. Демек, он томдықта омоним сөздер жеткілікті дәрежеде берілген.

Екі томдықта етістіктердің тұйық етістік тұлғасында берілгендігін, мұның қимыл (процесс) атауымен сәйкес келетінін, демек бұйрық рай тұлғасындағы түбір етістіктің

алынбағанын ескерсек, екі томдықтағы омонимдердің берілуінде көлем жағынан кемістік байқалмайды. Әрине, алғашқы тәжірибе болғандықтан, нақты мәселелерде жетпейтін жақтардың болары анық.

Сөздіктегі *ата, бай, бас, жарлы, жан, нар*, т.б. көптеген сөздерде омонимдес сыңарлардың берілмеуі, омонимдік қатарлардың толымсыздығы байқалады. Алайда, алғашқы түсіндірме сөздікте омонимдердің берілу сапасы жағынан кемшіліктермен қатар, артықшылықтар да бар. Мәселен, екі томдықта *көк* сөзінде төрт омоним берілген: *көк* I. зат. Керегенің когі; *көк* II. зат. Аспан; *көк* III. зат. Өсімдік; *көк* IV. сын. Аспан түс.

Ал он томдықта бұл сөзде екі омоним ғана берілген: *көк* I. сын. 1. Түс атауы; 2. Шөптің жалпы атауы; 3. Жеміс-жидек, көкөністің жалпы атауы; *көк* II. зат. Аспан. Байқалып отырғандай, он томдықта көкөніс, жеміс-жидек және шөптің жалпы атауы *көк* түсті білдіретін омонимнің құрамында қаралған. Екі томдықта берілген *сабан* сөзіндегі екінші омоним (соқа) он томдықта жоқ.

А.Османова он томдықтағы омонимдердің берілу ерекшеліктеріне тоқтала отырып, ең алдымен етістіктің негізгі сөздік тұлғасы – бұйрық рай тұлғасы болуына байланысты омонимдер қатарының айтарлықтай көбейгендігін сөз етеді. Ғалым сөздікте бір-бірімен ешқандай мағыналық байланысы жоқ, мағыналары түрлі-түрлі, тек сыртқы ұқсастықтары бойынша кездейсоқ омонимдік қатар түзген: *біз, қой, жең, ор* тәрізді түбір сөздер мен *алыс, ата, қырық, ұлыс* сияқты туынды сөздердің де, сыртқы түрпаты бірдей, бірақ қызметтері басқа-басқа жұрнақтар арқылы жасалған омонимдердің де, басқа тідерден тіл заңдылығына бағындырылып алынған сөздер мен төл сөздердің сыртқы тұлғаларының кездейсоқ сәйкес келуі арқылы жасалған омонимдердің (*болыс, кір*) де, бастапқы көп мағыналы сөздің құрамындағы сөздердің мағыналық байланысының әлсіреп, үзілуі нәтижесінде пайда болған омонимдердің де көптеп ұшырасатынын айтады.

А.Османова он томдық түсіндірме сөздікте кездескен нақты кемшіліктер ретінде мыналарды атайды:

1. Көп мағыналы сөздің бір мағынасының басқа сөздермен омонимдес болып берілуі кездеседі. Оған мысал ретінде

*ат* сөзі келтіріледі. Ғалымның айтуы бойынша, бірінші омонимнің (жылқы) іштей екі мағынаға бөлініп берілуі орынсыз. Ал екінші омоним шын мәнінде бірінші омоним сөздің ауыспалы мағынадағы қолданысы, сондықтан бөлек омоним сөз бола алмайды.

2. Кейбір шын мәнінде омоним сөздер көп мағыналы сөздің бір мағынасы ретінде беріліп кеткен. Мәселен, планета ретіндегі *ай* мен уақыт өлшемі ретіндегі *ай* (отыз күн) екі басқа сөздер болып кеткендіктен, олар омоним болып берілуі керек. [Бұлар сөздікте омоним ретінде берілген – М.М.].

3. Кейбір омоним сөздер сөздікке алынбай қалса, енді біреулері түбір күйінде алынғанмен, туынды тұлғаларында осы омонимділік қатынас сақталынбаған. Мысалы, *айт* I. ар.зат.көне. Діни мейрам; *айт* II. ет. Сөйлеу, сөзбен ой-пікірін білдіру. Екі омонимдес сөз берілген. Ал осылармен омонимдес үшінші сөз: одағай *айт* берілмей қалып қойған. Сөздікте *кір* және *күй* сөздерінің омонимдік қатарлары берілгенмен, олардың туынды тұлғаларында омонимділік сақталмаған [Османова 1989, 72-74].

А.А.Юлдашев конверсия арқылы пайда болған жаңа сөзді лексикографиялау мәселесінде ғылыми және практикалық тұрғыдан ең дұрыс шешім – оны өзімен омонимдес негіз сөзбен бірге, лексикалық омонимдермен тең дәрежеде лексикографиялау деген пікір ұстанды. Конверсиядан пайда болған лексика-грамматикалық омонимдерді лексикалық омонимдермен бірдей беру дегеніміз – оларды басқа-басқа сөздер ретінде жеке-жеке сөздік мақалаларда беру деген сөз.

Татарстандық белгілі тіл маманы Ф.А.Ганиев 1960-1970 жылдары жазған еңбектерінде конверсияны ең негізгі сөзжасам тәсілдерінің бірі ретінде атай отырып: “бір лексикалық бірлік бір мезгілде екі сөз табына кіріп отыр, бұл жерде жаңа сөз туып отырған жоқ, конверсия негізінен сөздің грамматикалық қызметін кеңейтуге жол ашатын амал” деген ойларды жазған болатын [Ганиев 1969, 111-113].

1990 жылдары жазылған бір мақаласында ғалым конверсия мәселесінің әлі де өте даулы болып отырғандығын, көптеген зерттеушілердің сөзжасамның бұл тәсілін мойындағылары келмейтіндігін сөз ете отырып, сөздіктердің бұл құбылысты қалайда бейнелеуі қажеттігін,



мәселе тек қалай беруді таңдауда болып отырғандығын айтады. Ғалым, сондай-ақ, түркі лексикографиясында екі түрлі тәсілдің: конверсияланған сөзді атау сөз ретінде жеке сөздік мақалада беру және коп мағыналы сөздің бір мағынасы ретінде, бірақ “зат есім мағынасында”, “сын есім мағынасында” деген тәрізді белгісөздермен берудің бар екендігін, осы екі тәсілдің екеуін де қолдануға болатындығын жазады [Ганиев 1992, 112].

Бұл жерде ғалымның сөздердің конверсиялану дәрежесінің әрқилы болатындығын мойындағанын байқаймыз. Конверсияланудың әр түрлі дәрежеде болатындығын кезінде А.А.Юлдашев ашып айтқан еді.

Ғалымның пікірі бойынша, толығымен омонимге айналған сөздердің, омоним екендігі әлі де даулы сөздердің, толық омоним болуға жетпеген (синтаксистік тұрғыдан ғана конверсияланған) сөздердің, сондай-ақ, өз бойында бір сөз табының грамматикалық белгілерін сақтай отырып, мағынасы жағынан екінші сөз табына өткен семасиологиялық конверсиялану сатысындағы сөздердің болатындығы анық [Юлдашев 1972, 280].

“Башқұртша-орысша сөздіктегі” конверсия түрлерін беру әдістеріне жасаған талдауларына қарап, ғалымның конверсияланған сөздерді берудің төмендегідей жолын ұстанатындығын байқауға болады: а) конверсияланған сөз бен негіз сөз арасында ешқандай ортақтық, бірлік болмаса, яғни грамматикалық белгілері, лексикалық мағыналары, құрылымдық қасиеттері жағынан екеуі бір-біріне тәуелсіз, басқа-басқа сөздер екендігі сезіліп тұрса, оларды лексикалық омонимдер тәрізді сыртқы нөмірмен берген жөн; ә) салыстырмалы түрде қарастырғанда, лексикалық мағыналары бір-біріне жақын лексика-грамматикалық омонимдерді бір сөздік мақаланың ішінде, ішкі нөмірмен берген жөн. Бұл тәсіл арқылы сыңарлары бірнеше сөз табына бірдей ортақ, бір сөз табынкі деуге келмейтін лексика-грамматикалық омонимдер сипатталады: *луқыр* 1. “соқыр”; 2. “соқыр адам”; *рәхәт* 1. “ғанибет, сүйіспеншілік, рахат”; 2. “жағымды, ұнамды”; 3. “сүйсіне, жаны жай таба”; б) қалған құрылымдар (синтаксистік конверсия, семасиологиялық конверсия тәсілімен жасалған) бір сөздік мақаланың ішінде, ішкі нөмірмен бері-

леді. Айырмашылығы: нүктеден соң белгісөз арқылы грамматикалық категория көрсетіледі. Негіз сөз – бірінші, конверсияланған сөз – екінші кезекте беріледі.

Ғалым конверсияның соңғы түрін басқаша тәсілмен де (шартты мағынаны беру тәсілі) беруге болатындығын ескертеді. Бұл тәсіл бойынша, конверсияланған мағына қос нүкте арқылы, қолданылу шарттары көрсетіле отырып беріледі: *таш* 1. “тас”; 2. : анықтауыш ретінде (анықталатын сөз тәуелдік жалғаусыз болса) таш өй (тас үй); *башқорт* 1. “башқұрт”; 2. : анықтауыш ретінде *башқорт теле* “башқұрт тілі”.

Түркі тілдерінің түсіндірме сөздіктерінде конверсияны беруде бірізділік жоқ. Мәселен, қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігіне жаңа сөзі сын есім ретінде келтіріледі. Бірақ, шындығында, 2,3,4 мағыналар – үстеу, алтыншы мағынасы – зат есім. Осы сөз (яңа) татар тілінің үш томдық түсіндірме сөздігінде де сын есім ретінде беріледі. Алайда, жетінші мағынасы – зат есім, сегізінші мағынасы – үстеу мағынасында. Түрікше сөздіктегі берілісі де (үені) қанағаттанарлықсыз. Мұнда да жалпы мағынада сын есім деп көрсетіледі. Бірақ, сегізінші мағынасы – үстеулік мағына. Демек, бұл құбылыстың сөздіктерде берілуінде бірізділікке жету үшін мәселенің мәнін әлі де аша түскен абзал.

Сонымен, сөзімізді қорытар болсақ: омонимдердің төрт түрі бар екендігі белгілі болып отыр. Олар: әр сөз табынан жасалған лексика-грамматикалық омонимдер, бір сөз табынан жасалған лексикалық омонимдер, кездейсоқ дыбыс сәйкестігінен пайда болған омофондар және кездейсоқ әріп сәйкестігінен пайда болған омографтар.

Омонимдерді түсіндірме сөздіктің әмбебап түрлерінде төмендегі тәртіппен беруді ұсынамыз:

1. Конверсия жолымен жасалған лексика-грамматикалық омонимдер атау сөздің сыртқы шекесіне қойылған араб цифрымен беріледі;

2. Лексикалық омонимдер атау сөздің ішкі шекесіне қойылатын араб цифрымен беріледі;

3. Кездейсоқ сәйкес келген омографтар да лексикалық омонимдер тәрізді белгіленеді.

Сөзден кейін грамматикалық категорияның белгісөзі, қажет болған жағдайда этимологиялық белгі қойылады да, жақшаның ішінде міндетті түрде уәжді фонетикалық неме-

се морфологиялық құрылымы көрсетіледі. Қажет болған жағдайда кірме сөздердің бастапқы тілдегі тұлғасы мен мағынасы беріледі.

### 3.4. Сөздік мақаланың параметрлік құрылымы

Еңбектің бірінші тарауында лексикографияның метатілі яғни лексикографиялық аппарат тілі туралы сөз болған еді. Енді түсіндірме сөздіктің метатілі мәселелерін қарастыруға кіріспекпіз. Түсіндірме сөздіктің метатілін зерттеудің сөздікші мамандар арасында мақұлданған екі сатысы бар. Алғашқы саты – сөздік бірліктің сөздік мақалада сипатталу дәрежесін анықтау мақсатымен жасалатын параметрлік талдау.

Екінші саты – сөздік мақаланың өзінің құрылымын талдауға құрылған метатілдік зерттеу.

Лексикографиялық параметрлер – сөздік метатілінің бейнесі. Түсіндірме сөздіктерге параметрлік талдау жасаудың нәтижелері лексиканың лексикографиялық өңделу дәрежесін анықтауға, сондай-ақ, сөз туралы сөздік мақаладағы деректердің көлемін айқындауға жол ашады.

Ағылшын тілді лексикографиядағы сөздік мақала құрылымының даму жолдарын зерттеген А.С.Глебовский сөздік мақала құрылымын зерттеудегі параметрлік бағыт туралы сөз ете отырып, лексикографиялық параметрлердің тізбесін жасауды қажет деп біледі.

Ғалым параметрлік құрылымды сөздік мақаланың құрылымындағы басты, негізгі құрылым санайды. Өзінің зерттеуін де осы бағытта жүргізеді. Лексикографиялық параметрлердің: 1) ашық, жария (эксплицитті) түрде бір сөйлеммен, мысалы шектеуіштермен (рестриктивтермен) берілуі; 2) ашық, жария (эксплицитті) түрде бірнеше сөйлеммен берілуі (мысалы, денотаттың сипаттамасы); 3) ашық, жария (эксплицитті) түрде графикалық таңбалар жиынтығымен (мәселен, сөздің семантикалық құрылымын ажырату үшін әрбір жаңа мағынаның немесе мағыналық реңктің алдында берілетін сандық немесе әріптік таңбалар) берілуі; 4) жасырын (имплицитті) түрде құрылымның басқа элементінің мағынасын ашатын сөйлемге компонент ретінде берілуі мүмкін екендігін жазады [Глебовский 1988, 8].

Орыс тілі бойынша бұрын-соңды түзілген ірілі-ұсақты сөздіктерде бейнеленген параметрлерді зерттеген Ю.Н.Караулов олардың санын алпыс үшке жеткізген еді.

Өткен кезеңдегі одақтық лексикографияда параметрлік талдау мәселесін алғашқылардың бірі болып көтерген В.П.Берков болатын. Ғалым өз еңбегінде лексикалық бірліктің фонетикалық, грамматикалық, стилистикалық, бағамдық, жиілік, ареалдық, ассоциативтік және елтанымдық (сөз мағынасындағы мәдени компонент) параметрлері туралы сөз еткен еді [Берков 1977].

Лексикалық бірліктің фонетикалық сипаттамасы жөнінде жаза отырып ғалым тілдегі орфографияның фонематикалық дәлдігі мәселесіне тоқталады. Әріпке негізделген әліпбилерде қолданылатын жазылымды фонематикалық және фонематикалық емес жазу түрлеріне бөліп қарастыра отырып, фонематикалық емес жазуды униморфемалық, тарихи, гетерографиялық уәжді түрлерге бөліп қарастырады. [Ғалым *фонема* терминін Ленинград фонологиялық мектебінде пайдаланылатын мағынасында қолданатындығын ескертеді – М.М.].

Грамматикалық параметрдің көрсеткіштері ретінде ғалым сөз табы белгісін, лексикалық бірліктің парадигмалық, синтагмалық қатынастарының белгіленуін атайды. Ғалымның пікірі бойынша, сөздің парадигматикасы мен синтагматикасының қаншалықты дәрежеде берілуі сөздік мақаладағы грамматикалық параметрдің толымды/толымсыздығынан хабар береді. Ғалым адамның сезімін, белгілі бір құбылысты бағалауын білдіретін *тобыр, шірік, кеше, жарығым, көкем* тәрізді сөздерді бағамдық айырым белгімен беруді жақтайды. Тілдегі жекелеген сөздер мен сөз тіркестерінің сол тілде сөйлейтін адамдар үшін белгілі бір ассоциативтер тудыратыны, сол арқылы маңызды семантикалық байланыстарды көрсететіні белгілі. Мәселен, *көк* сөзі аспан ұғымымен, *оқу* кітаппенен, *ішу* сумен байланысты.

Аталған параметрдің белгіленуін ғалым төмендегіше топтап көрсетеді:

а) тұрақты сөз тіркестері (вербалды-синтетикалық ассоциативті параметр);

ә) *көк аспан, ақ қайың* тәрізді еркін сөз тіркестері (реалды-ассоциативті параметр);

б) семантикалық байланысы бар сөздер арасындағы байланыс (семантикалық-ассоциативті параметр);

в) бір семантикалық өріске жататын (мәселен, күн жүйесіндегі планеталар) сөздер арасындағы байланыс (вербалды-парадигматикалық ассоциативті параметр), т.б.

Қазіргі орыс әдеби тілінің сөздігі мәселесін зерттеген Ф.П.Сороколетов ол сөздіктің бұрынғы сөздіктерден өзгешеліктеріне тоқталып, бұл сөздіктің функционалды-стистикалық сөздік типінде жасалуы қажеттілігін айтады. Ғалым мұндай жаңа типті сөздікте жаңа идеялардың жүзеге асырылуын, оның қазіргі кезеңдегі орыс тілінің жай-күйін ашуға бағытталуын қажет санайды.

Ғалым, біріншіден, қазіргі орыс әдеби тілі ұғымының хронологиялық шегі ретінде ХХ ғасырдың екінші жартысынан бергі кезеңді белгілеуді ұсынады. Екіншіден, “қазіргі әдеби тіл ұғымының” міндетті түрде кеңейтілуі қажеттілігін жазады. ХІХ ғасырда “орыс әдеби тілі” ұғымы мен “орыс көркем әдебиетінің тілі” ұғымдарының ара жігі ажыратылмай бірге қарастырылып келгендігін, ұғымдардың бір-біріне сәйкес болғандығын айта келіп, оның басты себебі сол кезеңдегі әдеби тілдің нормаларының қалыптасуында көркем әдебиеттің шешуші рөл атқарғандығы деген қорытынды жасайды.

Ғалымның пікірі бойынша, **қазіргі кезеңдегі орыс әдеби тілінің нормалары негізінен ғылым тілінің, ғылыми-техникалық шығармалар тілінің, баспасөз тілінің, ресми тіл және ауызекі әдеби тілдің әсерімен қалыптасып отыр.** Ғалым қазіргі кезде әсіресе **ғылымның** шешуші күшке айналып отырғандығын, сондықтан ғылыми қолданым құралдары жүйесінің кеңінен пайдаланыла бастағанын, демек қазіргі әдеби тілдің жағдайы, оның даму бағыттары енді болашақ сөздікке қажетті лексика-фразеологиялық материал қозғалыстарын таңдауда басқаша қарасты қажет етіп отырғандығын жазады.

Бұл сөздіктің негізгі идеясы — барлық адамдардың пайдалануына, үйренуіне жарамды, әлемдік лексикография тәжірибесінде орын алып отырған талаптарға — актив сөздік жасау талаптарына сай сөздік түзу. Бұрынғы сөздіктер негі-

зінен сөздің мағынасы қандай екендігін көрсетіп келгендігін, алайда ол сөзді қалай қолдану қажеттілігіне жеткілікті назар аударылмағандығын сөз етеді. Сөздіктегі жаңалық, ғалымның айтуы бойынша, ең алдымен сөздік мақаланың құрылымына қатысты. Ю.Н.Карауловтың есептеуі бойынша, Д.Н.Ушаков сөздігінен бастап, орыс тілінің үлкенді-кішілі түсіндірме сөздіктерінде сөздің 38 параметрі (аспектісі) қамтылған. Бұл жақсы корсеткіш. Алайда актив типті, әмбебеп сөздік жасауға талаптану үшін екі шартты орындау: а) сөз жайындағы деректер көлемін кеңіту яғни параметрлер санын көбейту және ә) лексикалық құрамның құрылымдық ерекшеліктерін бейнелеуді тиянақты жүргізу қажет.

Ф.П.Сороколетов қазіргі түсіндірме сөздіктер үшін міндетті параметрлер қатарына: *орфографиялық, акцентологиялық, орфоэпиялық* (бірқатар сөздер үшін), *грамматикалық* (сөз табын, категориясын көрсету), *стилистикалық, семантикалық, ареалдық, фразеологиялық, синтаксистік, деректемелік, нормативтік, синонимдік, антонимдік, сөзжасамдық* параметрлерді атайды. Тілді белсенді түрде үйрену үшін өте маңызды шарттардың бірі ретінде ғалым сөздердің лексикалық тіркесімділік қабілетін көрсетуді атайды. Ал корсетілуі міндетті болмағанмен, түсіндірме сөздік үшін қажетті факультативті параметрлер қатарына ғалым *этимологиялық, ассоциативтік, паронимдік, гиперонимдік* параметрлерді, *тақырыптық сәйкестікті, елтанымдық аспектіні, статистикалық деректерді, библиографиялық деректерді, лексикографиялық деректерді, рифманы, суретті параметрді*, т.б. параметрлерді жатқызады [Сороколетов 1988, 23].

Ол, сонымен қатар, сөздің семантикалық байланыстарын көрсету үшін түсіндірме сөздікке синоним, антоним, пароним сөздіктерінің, орфоэпиялық сөздіктің, сөз тіркесім сөздігінің, тілдегі қиындықтар сөздігінің элементтерін енгізудің қажеттілігін, қазіргі кезде осылай етуге мүмкіндіктің бар екендігін жазады. Бұл сөздіктің тілді жақсы білетіндерге ғана емес, тілді үйренушілерге де қызмет етуі қажеттігін айтады [Сороколетов 1988, 20-24].

Үйренім лексикографиясының талаптары тұрғысынан негізгі тілдік және сөйленімдік бірлік ретіндегі сөз мына параметрлердің жиынтығымен сипатталады:

- 1.0. айтылу сипаты;
- 2.0. түрленім сипаты;
- 3.0. семантикалық құрылымның сипаты (көп мағыналылық);
- 4.0. әрбір лексика-семантикалық вариант мағынасының сипаты;
- 4.1. абсолютті құндылықтың сипаты [денотативтік және сигнификативтік мағына (елтанымдық фонды қоса)]
- 4.2. относителді құндылықтың сипаты;
- 4.3. тіркесімділік сипаты;
- 5.0. сөзжасамдық сипаты [Морковкин 1990, 44].

Бұл жерде параметрлердің ірі құрылымдарға топталып беріліп отырғандығы белгілі. Тізбедегі фонетикалық параметрлерге айтылу және түрленім сипаты кіретін болса, қалғандары – семантикалық параметрлер. Тізбеден ғалымның тек қана сөздік мақаланың құрылымына, оның ішінде негізінен сөздік бірліктің семантикалық құрылымына назар аударып отырғандығы байқалады. Бұл, әрине, жеткіліксіз.

Сөздік бірлік бастапқы (сөздік) тұлғада яғни, ең контекстке тәуелсіз тұлғада келтіріледі. Содан кейін, толықтай немесе жарым-жартылай фонетикалық сипаттама, яғни сөздің айтылуын корсету (транскрипция, екпін белгісі т.б.) арқылы беріледі. Сосын грамматикалық сипаттама – атау сөздің негізгі морфологиялық қасиеттері жайында сөздікте берілетін грамматикалық деректер келтіріледі.

Сөздік бірліктің жоғарыдағы параметрлік сипаттамасы туралы жалпы түсініктердің жүйелі түрдегі көрінісі төмендегідей: ең алдымен, бірліктің грамматикалық сипаттамасы беріледі. Грамматикалық сипаттама орналасу орнына орай *сөздегі*, яғни сөздік мақаладағы және *сөздіктегі* (сөздіктің басында және сонында берілетін грамматикалық деректер құрамында) сипаттамаға бөлінеді.

Сөздің жанында берілетін грамматикалық сипаттамалар: шағын (минималды), жартылай толық және толық сипаттама болады.

Шағын сипаттамада атау сөздің бастапқы тұлғасы мен оның белгілі бір көрінім тұлғасы (показательная словоформа) беріледі. Мәселен, екі томдық түрікше сөздіктегі есім сөздер-

де түркі тілдерінің табиғатына тән изафет құбылысының көрінісі ретінде тәвелдік жалғауы беріліп отырады. Осы тәсілді қазақ тілінің түсіндірме сөздіктерінде де қолдануға болады деп ойлаймыз.

Сөздік бірліктің көрінім тұлғасы бастапқы тұлғамен қосыла келіп, оқырманның қажетті сөзтүрленім парадигмасын ең жеңіл, оңай жолмен қалпына келтіруге мүмкіндік беретіндігі анық.

Жартылай толық грамматикалық сипаттамада атау сөздің бастапқы және көрінім тұлғаларымен бірге оларға қосымша, сөздің түрленім парадигмасын толықтыра түсетін тұлғалар да келтіріледі. Олар берілген сөздің сөзтүрленім парадигмасының ерекшеліктерін, яғни сөздің көрінім парадигмасынан өзгешеліктерін көрсетуге қызмет етеді. Мәселен, орыс тілінің соңғы “Толық түсіндірме сөздігінде” [Кузнецов 2000] негізгі септеу тұлғалары түгел беріледі.

Бұл шешімнің дидактикалық талап тұрғысынан, тілді үйрету мақсатымен, түсіндірме сөздікті неғұрлым актив типті сөздікке, коммуникация талаптарына сәйкес келетін сөздікке, әрі анықтамалық құрал, әрі оқу-үйрену құралы ретіндегі әмбебап сөздікке айналдыру үшін қабылданып отырғаны белгілі. Дегенмен, сөздікті әмбебаптандырудың бұл тәсілін қазіргі кезеңде қазақ тілінің түсіндірме сөздіктері үшін қажетті құбылыс деп айта алмаймыз.

Толық грамматикалық сипаттама атау сөздің бүкіл сөздік тұлғаларын келтірумен ерекшеленеді. Алайда бұл талапты толық орындайтын түсіндірме сөздіктің үлгілері әлемдік лексикографияда бірен-саран (В.Г.Гактың жазуы бойынша, француз тілінің түсіндірме сөздіктері қатарында осындай сөздіктер кездеседі).

Сойленім түрлеріне бағдарлануы тұрғысынан грамматикалық сипаттама белсенді және пассив болуы мүмкін.

**Белсенді грамматикалық сипаттама** деп сөздік мақалада келтірілген сөз тұлғалары арқылы сол сөздің кезкелген басқа тұлғаларын құруға мүмкіндік жасайтын, оқырманның мәтіндерді оқып, түсіне алуымен қатар, өзінің де сөйлеуіне, мәтін құрауына мүмкіндік тудыратын сипаттаманы айтады.

**Пассив грамматикалық сипаттама** деп кезкелген сөздің мәтіндегі тұлғасынан оның бастапқы сөздік тұлғасына көшуге мүмкіндік беретін сипаттаманы айтады.



Лексикалық бірліктің тікесімдік сипатын ашу – сөздің валенттілігінің жүзеге асуына, яғни сөздің өзі тіркесетін немесе тіркесе алатын сөз тіркестерінің берілуіне әкеледі.

Сөздік бірлікке тән синтаксистік қалыптардың жиынтығы оның синтаксистік (грамматикалық) тіркесімділігін құрайтын болса, сөздің мағынасын таратушы, яғни дериватив тіркестердің жиынтығы сөздің лексикалық тіркесімділігін құрайды.

Сөздік бірліктің негізгі көрсеткіштерінің бірі – сөзжасамдық қабілет. Орыс тілінің жоғарыда сөз болған түсіндірме сөздігінде сөздік бірліктердің сөзжасамдық қабілетін көрсету үшін сөздік мақаланы сөздік ұяға айналдыру, яғни әліпбилік тұрғыдан реттелген сөздік пен тақырыптық сөздіктің белгілерін ұластырушылық тәжірибесі бар.

Лексикография бойынша оқулықтың авторы Л.Згустадан [Zgusta 1971] бастап, бірқатар мамандар барлық лексикографиялық параметрлерді үш топқа (*жалпы сөздіктік, тілдік және стилистикалық параметрлер*) бөлгенді жөн көреді.

Бұл жіктеме негізінен дұрыс болғанымен өткен ғасырдың 70- жылдары жасалғандықтан, одан бергі Тіл білімінің дамуы бірқатар өзгерістерді енгізуді талап етеді.

Ғылымның жеке салалары тілдерінің жеке метатілдер санатына кіруіне, ғылым тілінің өзі де бұрынғыша әдеби тілдің бір стилі ретінде қаралудан қалып, керісінше, әдеби тілдің негізіне айналуына байланысты лексикографиялық параметрлерді екі топқа (жалпы сөздіктік және тілдік) бөліп қарастыру дұрыс болатын тәрізді.

Терминографияның белгілі маманы С.В.Гринев сөздіктің құрылымдық элементтеріне сипаттама жасау мен баға беруге ыңғайлы болу үшін лексикографиялық параметрлерді макроқұрылымдық және микроқұрылымдық топтарға бөліп қарастыруды жөн көреді. Ғалым макроқұрылымдық параметрлерге сөздіктің жалпы құрылымына қатысты параметрлерді, ал микроқұрылымдық параметрлерге сөздік мақаланың құрылымына қатысты параметрлерді жатқызады [Гринев 1986, 16-17].

Тілдік параметрлердің өзін тілдік деңгейлерге байланысты үш топқа: *фонетикалық, грамматикалық және лексикалық параметрлерге* бөлуге болады.

Жалпы сөздіктік параметрлер сөздікті библиографиялық бірлік ретінде сипаттайды. Олар сөздіктің жалпы құрылымы мен ерекшеліктері туралы ақпар береді.

Жалпы сөздіктік параметрлердің қатарына, сондай-ақ, Л.Згуста атаған *белгілі бір оқырманға бағдар ұстау* (адресат), *сөздіктің дәйектемелік негізі* (сөздіктегі материалдарға негіз болған дерек көздері), *сөздіктегі сипаттама бірліктері*, *сөздіктің көлемі* тәрізді параметрлер кіреді.

Тілдік параметрлердің ішіндегі фонетикалық параметрлер сөздің айтылу ерекшеліктері мен жазылу емлесін, буынға болыну ерекшеліктерін ал грамматикалық және лексикалық параметрлер тілдің грамматикалық және лексикологиялық аспектілерін көрсететін болса, стилистикалық параметрлер лексикалық (фразеологиялық) бірліктердің нормалану дәрежесі мен олардың функционалды-бағамдық сипаттарынан хабар береді.

А.К.Дарбинян параметрлерді белгілеудің төрт түрлі тәсілі (*тура, сипаттамалы түрде, кестелер түрінде және белгісөз түрінде*) барлығын жазады.

Ғалымның пікірі бойынша, тура (төтенше) тәсілмен негізінен сөздіктік, фонетика-графикалық және бірқатар лексикалық параметрлер берілетін болса, сипаттамалы тәсілмен сөздікті толығынан сипаттайтын сөздіктік параметрлердің бірқатары (сөздіктің титул бетінде сөздіктің атауынан кейін немесе авторлық алғысөзде) келтіріледі. Ал, кесте түрінде беру тәсілімен сөздіктің қосымшасында берілетін кестелер, тізімдер мен сызбалар белгіленіп отырады.

Ғалым лексикографиялық параметрлердің негізгі бөлігі шартты белгі тәсілімен, яғни сөздіктегі шартты белгілер (белгісөздер) арқылы берілетіндігін, олардың өзін әріптік, сөз түріндегі (вербальдық), таңбалық және сандық белгілерге бөліп қарастыруға болатындығын, әріп түріндегі белгілердің: жай құрамды және күрделі құрамды болатынын жаза отырып, сөз түрінде кездесетін белгілердің өзін толымды және қысқарған (*ескі.*, *қарап.*) түрлерге бөледі.

Кең мағынадағы шартты белгілер ретінде ғалым сөздік мақалада қолданылатын әрқилы таңбалар [\* (астерик), □ (квадрат), ◇ (ромб) т.б.] мен сандық белгілерді атайды.

Параметрлік талдауға қатысты жоғарыда сөз болған еңбектердегі ғалымдардың пікірлерінен шығатын қорытындылар төмендегідей.

В.П.Берковтің міндетті параметрлер қатарында *бағамдық параметрді* атауы кезінде үлкен жаңалық болды. Тілдегі негізгі мағынасы эмотивтік мағына болып саналатын кейбір лексикалық бірліктердің семантикасын ашуда аталмыш параметрдің көрсетілуі міндетті болып саналады.

Ғалымның лексикалық бірліктің мағынасын ашуда ассоциативті параметрді ескерудің қажеттілігі туралы пікірі де аса құнды.

Түсіндірме сөздіктерде атау сөздің синтаксистік және лексикалық тіркесімділігін көрсету кезінде нақты ассоциацияларға құрылған еркін сөз тіркестерін, семантикалық байланыс негізінде қалыптасқан атаулық сөз тіркестерін, лексикаланбаған тұрақты сөз тіркестерін берудің тіл үйренім тұрғысынан қаншалықты маңызды екендігі белгілі. Ғалым көтерген маңызды мәселелердің бірі – лексикалық бірліктің мағынасын елтанымдық аспекті тұрғысынан ашу.

Сөздің мағынасындағы мәдени компонентті ашу дегеніміз – лексикалық бірліктің қоғамдық жүйедегі өз орнын көрсету, оның этнолингвистикалық табиғатын ашу болып табылады. Лексикалық бірлікке берілетін анықтамада негізгі айырым белгілер ғана көрсетілетіндіктен, оның мағынасын толық ашу үшін бір дефиницияның жеткіліксіз болатыны анық нәрсе. Сондықтан дефинициядан кейін берілетін қосалқы деректер құрамында елтанымдық деректердің болуы қажет.

Ф.П.Сороколетовтің көрсеткен параметрлерінің бәрі де (акцентологиялық параметрді қоспағанда) қазақ тілінің түсіндірме сөздіктері үшін қажетті параметрлер.

Тілді белсенді түрде меңгеру жолында негізгі құралдың, академик Л.В.Шерба айтқандай, түсіндірме сөздіктің болуы қажеттілігі онда әсіресе тіркесімділік әлеуеттің жеткілікті дәрежеде көрінуін талап етеді. Сол себепті сөздікте лексикалық бірліктердің семантикалық, ассоциативті – семантикалық байланыстарын айғақтайтын тіркестердің жеткілікті дәрежеде берілуі қажет.

Ғалымның этимологиялық және ассоциативтік параметрлерді, елтанымдық аспектіні факультатив параметрлер қатарына қосуын қателік ретінде бағалай отырып, қазіргі

түсіндірме сөздіктерге синонимдер сөздігінің, антонимдер сөздігінің, орфографиялық сөздіктің, сөз тіркесі сөздігінің, қиын сөздер сөздігінің элементтерін енгізу қажет деуіне қосылмасқа болмайды.

Түсіндірме сөздіктерді әмбебаптандырудың қажеттілігі даусыз. Осы тұрғыдан белгілі сөздікші М.Мэтьюздің: “түсіндірме сөздік жай ғана бір кітап болудан қалды. Ол бір мұқабаның ішіндегі шағын кітапханаға айналды” деген сөзінде үлкен шындықтың бар екендігі айқын.

В.В.Морковкиннің ең негізгі параметрлерді атап отырғандығы белгілі. Сөздің парадигмасын көрсететін сөзжасамдық параметр ішінара ұялық принциптің қолданылуын талап етеді. Филология ғылымдарының кандидаты С.Кузнецовтың жобасымен жасалған “Орыс тілінің үлкен түсіндірме сөздігінде” [Кузнецов 2000] осы мақсатта ішін-ара ұялық принцип қолданылған.

### 3.4.1. Жалпы сөздіктік параметрлер

Жалпы сөздіктік параметрлердің қатарына Л.Згуста атаған *белгілі бір оқырманға бағдар ұстау (адресат), сөздіктің дәйектемелік негізі (сөздіктегі материалдарға негіз болған дерек көздері), сөздіктегі сипаттама бірліктері, сөздіктің көлемі* тәрізді параметрлер кіреді.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздіктеріндегі лексикографиялық параметрлердің қамтылу дәрежесі жаман емес.

1959-1961 жылдары жарық көрген екі томдық түсіндірме сөздікте жалпы сөздіктік параметрлер біршама жақсы көрсетілген деуге болады.

Сөздіктің бірінші томында, жоғарыда айтылғандай, кіріспе мен “Сөздіктің құрылысы” атты алғысөз, шартты белгілер тізімі, екінші томында пайдаланылған әдебиет пен сөздіктер тізімі беріледі.

Академик І.К.Кеңесбаев жазған кіріспе мен сөздіктің құрылысы туралы анықтамада сөздіктің нақты сандық көрсеткіштері аталмағанымен, оның мақсат-мүддесі, кімдерге арналғандығы (аудиториясы), нысаны мен кейбір құрылымдық, көлемдік ерекшеліктері көрініс тапқан. Ғалым кезінде сөздіктің бірінші томы 1953 жылы басталып, 1959 жылы

аякталып, жарық көргендігі, онда 10 мыңдай атау сөз қамтылғаны, және екінші томның да 10 мыңдай сөздік бірлікті қамтитындығы туралы жазған еді [Кенесбаев 1960,1].

Кейінгі зерттеушілердің пікірі бойынша, сөздіктің жалпы көлемі – 122 баспа табақ, сөздікте қамтылған бірліктердің жалпы саны: 18 135 сөз, 3 371 фразалық тіркес [Қалиұлы 1998, 231].

Сөздіктің негізгі мақсаты – әдеби тілдегі жиі кездесетін сөздердің лексикалық, семантикалық нормаларын көрсету.

Белгілі бір оқырманға бағдар ұстау параметрі, яғни адресат мәселесі сөздіктің кіріспесінде сөз болады. Екі томдық қазақтың зиялы қауым өкілдеріне, қазақ мұғалімдері мен жоғары және орта мектеп оқушыларына, қазақ тілі мен әдебиеті саласындағы ғылыми және баспасөз қызметкерлеріне арналған.

Түсіндірме сөздіктің дерек көздері – көркем әдебиет нұсқалары, яғни жазба әдебиет пен фольклордан, саяси әдебиеттен, ауыл шаруашылық әдебиетінен, аударма әдебиеттен, оқулықтардан алынған деректер негізінде түзілген дәйектеме материалдар – картотека қоры.

Сөздікке пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен шартты белгілер тізіміне қарағанда, түсіндірме сөздікте жоғарыда аталғандарға қосымша диалектологиялық экспедицияның материалдары, мерзімді баспасөздегі бірқатар газеттер мен журналдардың материалдары пайдаланылғаны байқалады. Лексикалық бірліктерге берілген мысалдар түгел құжаттық тіркелім деректемелерімен қамтамасыз етілген. Ғылыми-техникалық және саяси-экономикалық терминдер негізінен дәйексөзсіз беріледі.

І.К.Кенесбаев сөздіктің дәйектеме материалдарға тәуелді, байлаулы екендігін ашық жазады. Ғалым, сондай-ақ түсіндірме сөздіктің филологиялық сөздік болуы себепті онда ғылыми категориялардың, зат пен құбылыс ұғымдарының талданбайтындығын, түсіндірме сөздікте қарастырылатын тек сөздің мағыналары ғана екендігін ескертеді. Сөздіктің нысаны, жоғарыда аталғандай, қазақ әдеби тілінде жиі қолданылатын сөздер.

Сөздіктің жалпы редакциясын басқарған ғалым сөзтізбе құрамына қатысты сөздікке жергілікті (облыстық) сөздер-

дін, ескірген, тұрпайы сөздердің, тар көлемді салалық терминдердің, кісі, мекеме, жер-су атауларының алынбағандығын, күрделі атаулардың қысқарған түрлерінің сөздікке алынбағандығын жазады [Кеңесбаев 1959, VI].

Қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігінің жалпы көлемі – 700 баспа табақ. Сөздіктің барлық томдарын түзуге үзбей қатысқан, оның негізгі авторларының бірі белгілі ғалым Б.Қалиевтің тұжырымдауы бойынша, аталмыш сөздік – “алдын ала әзірленген инструкция бойынша жасалынған,... қазақ тілінің сөздік құрамын кеңінен қамтыған бірден-бір толық, нормативті, академиялық үлкен сөздік” [Қалиев 1989, 14]. Авторлардың пікірі бойынша, түсіндірме сөздікке негізінен XX ғасырдағы қазақ тілінің сөздік құрамы қамтылған, бірақ онда ХҮІІІ ғасыр әдебиетінің де сөздері қамтылады. Дегенмен, сөздік негізінен XX ғасырдағы қазақ тілінің сөздігі болып табылады.

Б.Қалиев сөздіктің адресатын атайды. Ол – көпшілік қауым, қалың жұртшылық, жалпы халық. “Сөздіктің басты арналары – жалпы халықтық тілдің салалары, яғни халық ауыз әдебиетінен, қазақ жазушылары мен ақындарының көркем шығармаларынан, қоғамдық-саяси, ғылыми-көпшілік әдебиеттерден, оқу құралдарынан, газет-журналдардан, қала берді халықтың ауызекі сөйлеу тілінен жазылынып алынған картотека қоры мен бұрынды-соңды баспадан шыққан әр түрлі сөздіктер” [Қалиев 1989, 5].

Ғалымның жазуы бойынша, сөздіктің негізгі нысаны – жалпы халықтық тіл. Сөздікті жасаушылардың мақсаты – қазақ тілінің сөздік құрамын мүмкіндігінше түгел қамту, тіліміздің лексика-грамматикалық, фразеологиялық, семантикалық байлығын көрсету, оның қолданылу мүмкіншілігін, жұмсалу орнын айқындау болып табылады. Жалпы сөздіктік параметрлер екі томдық пен он томдық түсіндірме сөздіктерде сипаттамалы түрде және тізім түрінде кіріспеде, “сөздіктің құрылысы” тақырыпшасында, авторлық алғысөзде, сөздіктердің алғашқы томдарының алды мен соңында, екі томдықтың екінші томы мен он томдықтың соңғы томында белгіленген.

Сөздіктердегі сөздік мақалалардың орналасу тәртібі толығымен әліпбилік, мақалаларда лексикалық және созжасамдық ұялар кездеспейді.

Сөздіктердің бәрінде де негізгі сөздік тұлға – жеке сөз. Сөз тіркесі сөздік тұлға ретінде кездеспейді.

Түсіндірме сөздіктердің үшеуінде де сөздікке қосалқы материалдар келтірілмейді.

Шартты белгілерден екі томдық сөздікте қ. (кара) тәрізді жай құрамды әріп түріндегі, д.м. (деген мағынада) тәрізді күрделі құрамды әріп түріндегі белгілер, толымды (дiни, ескі) және қысқарған (диал., биол.) түріндегі сөздік белгілер, тыныс белгілері мен ϕ (ромб) түріндегі таңбалар, омонимдер үшін рим сандары түріндегі, мағыналық бірліктер үшін араб сандары түріндегі сандық белгілер қолданылады.

Он томдықта к.есім (көмекші есім), ет. (етістік), ар. (араб сөзі), психол. (психологиялық), эмоц. (эмоциялы сөз, мән) тәрізді күрделі құрамды әріптік белгілер; дiни, жаңа, көне, спорт, театр сияқты толымды сөздік белгілер; физиол. (физиологиялық), архит. (архитектуралық), экспр. (экспрессивті сөз) секілді қысқарған сөздік белгілер пайдаланылады. Шартты таңбалардан: тыныс белгілері, ϕ (тұрақты тіркестер үшін), // (мағыналық реңк), ... (дәйектеме материалдың ішіндегі қысқартылған жер), ашық түсті араб сандары (омоним сөздер үшін), қою түсті араб сандары (ішкі сөздік мағыналарды белгілеу үшін) қолданылған.

Сөздіктердегі тілдік параметрлердің көрінісі төмендегідей.

### 3.4.2. Фонетикалық параметрлер

Түсіндірме сөздіктер толығымен кирилица негізді қазақ жазуына (графикасына) негізделген. Басқа жазудың, қаріптің түрлері қолданылмайды.

Атау сөздер ақшыл ірі (бас) әріптермен беріледі. Екі томдықта белгісөздер мен мысалдар үшін курсив қолданылады. Курсив он томдық сөздікте – сөз мағынасын беруде, сиретілген курсив – мысалдардың ішіндегі сөздік бірлік тұлғасын белгілеу үшін пайдаланылады. Сөздік тұлғадан кейінгі этимологиялық, грамматикалық, стилдік белгілер сиретілген кіші ақшыл әріптермен, фразеологизм бөлігіндегі сөздік тұлғалар – қою түсті әріптермен беріледі.

Екі томдықтағы сөздік бірліктерді беруде бірен-саран жерлерде (ЗАГС, завхоз, колхоз, совхоз, совдеп, метро, комбат,

комсомол, т.б.) ғана аббревиатура қолданылады. Екі томдықта олар негізінен шартты белгілер құрамындағы белгісөздерде қолданылып отырады. Сөздіктегі мысалдарда пайдаланылған әдебиетті белгілеуде аббревиатуралардың барлық түрлері (Қ.Ә., Жамом., Қаз.Жас., саяси мек., Қазақ ССР Конститу., КПСС Уставы) кездеседі.

Аббревиатура он томдық сөздікте де *заготскот*, *ЗАГС*, *заготзерно*, *завхоз*, *зоовет*, *колхоз*, *командарм*, *Коминтерн*, т.б. бірқатар сөздік тұлғаларда, дәйектеме материалдар ішіндегі пайдаланылған шығармалар атауын беруде, шартты белгілерді қысқартып беруде қолданылатын болса, бір томдықта негізінен белгісөздер құрамын беруде ғана қолданылады.

Сөздік бірліктің айтылуын, жазылуын немесе морфологиялық құрылымын айқын көрсету мақсатында, пайдаланылатын буынға бөлу тәсілі түсіндірме сөздіктерде қолданылмайды.

Сөздіктерде тілге ертеде еніп, дыбысталу заңдылығына бейімделіп алынған кірме сөздер сол күйінде (*ауылай*, *болыс*, *самаурын/самауыр*), бастапқы тілдегі тұлғасы көрсетілмей беріледі. Екі томдықта кейінгі кездері қабылданған бірліктер емле ережелеріне сәйкес орыс тіліндегі жазылу қалыбында беріледі. Он томдық сөздікте де осы үрдіс сақталып отырады. Айырмашылығы – бірқатар сөздік бірліктерге қазақ тілінің төл жұрнақтарын жалғап қолдану құбылысының бұрынғыға қарағанда көбейгендігі. Бір томдық сөздікте кірме сөздердің біразы қазақша баламалармен ауыстырылып, бірқатар қажетті терминдер бастапқы тілдегі тұлғасында берілген.

Екі томдықта сөздік бірліктердің ауызекі сөйлеу тілінде кездесетін фонетикалық варианттарының бірқатары өз түсіндірмелері, мысалдарымен жеке-жеке сөздік мақалаларда (*байшешек / бәйшешек*, *байтерек / бәйтерек*) беріледі де, варианттардың көпшілігінде түсіндірме мен мысал, сөздіктің алдында көрсетілгендей, әдеби яғни негізгі тұлғада беріледі. Қосалқы тұлғадан негізгі тұлғаға сілтеме жасалады.

Он томдықта С.Бизақовтың көрсеткеніндей [Бизақов 1989, 85]: *гарип* және *кәріп* тәрізді фонетикалық варианттармен қоса *гарып* және *қарып* варианттары да жеке сөздік мақалаларымен берілген. Бұл – үлкен кемшілік.



Қазақ тілінің сөз болып отырған сөздіктерінде әдетте сөздік мақаланың басқы жағында орналасатын сөзтүрленім үлгілері берілмейді. Бұл шараның үйренім мүддесі тұрғысынан қажет болары анық. Мәселен, түрік тілінің түсіндірме сөздігінде [Türkçe sözlük 1988] зат есімдерде – төвелік жалғауы, етістіктерде – кимыл есіміне жалғанатын барыс септік жалғауы қоса көрсетіліп отырады.

Айтылымы ауырлау сөздік бірліктің айтылымы сөздіктерде белгіленбейді. Әрине бұл айтарлықтай қателік емес. Дегенмен, үйренім лексикографиясының талаптары тұрғысынан кей сөздерінде айтылымын белгілеу қажет тәрізді. Бұл істе профессор С.Мырзабектің “Қазақ тілінің айтылым сөздігінің” көп көмегі болмақ [Мырзабек, 2001]

Түсіндірме сөздіктерде айтылуы қиындық тудыратын сөздердің қиын буынының немесе тұтас сөздің транскрипциялануы байқалмайды. Екі томдық сөздіктің кіріспесінде еңбекке негіз болған орфографиялық нормалардың (сөздік бірліктің морфологиялық немесе фонетикалық принцип бойынша жазылуы, біріккен сөздердің қосылып жазылуы, қос сөздердің дефис арқылы жазылуы, т.б.) жазудағы кейбір олқылықтарды жоюға себі тиюі мүмкін екендігі, сондай-ақ сөздердің жиі кездесетін фонетикалық варианттарын негізгі вариант ретінде алып, түсіндірме мен мысалды сол вариантта беруден тілдегі орфоэпиялық нормаларды да аңғаруға болатындығы айтылады. Бұл, әрине, дұрыс пікір.

### 3.4.3. Грамматикалық параметрлер

Екі томдық және он томдық түсіндірме сөздіктерде барлық сөз таптары бойынша сөздік бірліктер алынып, олардың бәрі де тиісті белгісөздермен (*зат., сын., сан., ет., ес., ұст., ел., од., шыл.*) белгіленіп отырған. Бір томдықта сөз таптары белгіленбейді.

Екі томдық сөздіктегі “Сөздіктің құрылысы” тақырыпшасында зат есімдердің атау тұлғасында жекеше түрде алынатыны, туынды зат есімдерден *-шы/-ші* жұрнағы арқылы жасалған тұлғалардың ғана алынатыны жазылған. Ал басқа сөз таптарына жататын сөздерге жұрнақ жалғану арқылы пайда болған алуан түрлі туынды зат есімдер аталмайды. Шындығында, олар сөздікте берілген.

Түсіндірме сөздіктерде ішкі категориялық белгілерді көрсету мәселесі әрқалай шешілген. Он томдық және бір томдық сөздіктерде бұрынғы екі томдықта болмаған *көмекші есім, көмекші етістік, модаль сөз* тәрізді сөз категориялары белгіленеді.

Зат есімдердің ішкі категориялық белгілері: септелуі, жіктелуі, тәуелденуі туралы ешқандай дерек жоқ.

Жекеше түрде немесе көпше түрде ғана айтылатын немесе жұбы мен тағы ажыратылмайтын (көз, құлақ) сөздердің ерекшеліктері аталмайды.

Сөздік бірліктің мағынасын ашуға қажетті лексикаланған сөз тіркестері мен терминологиялық сөз тіркестері екі томдық пен он томдықта фразеологизмдердің ішінде беріледі: Бұйрық *зат*. Әмір, жарлық. *ф Грам*. Бұйрық рай — етістіктің негізгі түбір формасы.

Белгілі ғалым Ә.Ибатовтың еңбегінде зат есім жасайтын 89 жұрнақ келтірілетін болса [Ибатов 1988, 129-134], екі томдықта да сол тұлғалар түгелге жуық қамтылған. Сөздікте *-алақ (бұлталақ), -аш (бақыраш), -еке (аеке, атеке), -ша (қобдиша, сандықша, таяқша)* тәрізді бірен-саран жұрнақтардың ғана өнімсіздігі байқалады. Он томдық және бір томдық сөздіктерде ғалым көрсеткен жұрнақтардың бәрі де қамтылған.

Екі томдық сөздіктегі бір кемшілік қимыл атауларына байланысты. Сөздікте келтірілген етістіктердің негізгі сөздік тұлғасы — түйық рай болғандықтан, қимыл есімдері етістік ретінде аталады да, қимыл атауы ескерусіз қалады. Соның нәтижесінде, қимыл атаулары не етістік ретінде (мәселен, қимыл есімнен жасалған зат есім мағынасындағы *сайлау* сөзі етістік сөздің екінші мағынасы ретінде беріледі) тіркеледі немесе бірден дайын зат есім ретінде жазылады. Он томдық түсіндірме сөздікте бұл мәселе өте сәтті шешілген. Етістіктердің *бұйрық рай* тұлғасында беріліп, *түйық рай* тұлғасының қимыл есімінің көрсеткіші ретінде қалдырылуы — өте жақсы шешім болған.

Екі томдық сөздіктегі “Сөздіктің құрылысы” тақырыпшасында сөзтізбеге **сын есімдердің** барлық түрлері алынғандығы сөз болады. Шынында да, сөздікте *аумалы-тоқпелі, ойран-топыр, ойлы-қырлы, жалаңаш-жалты, қара-*

*ма-қарсы* тәрізді күрделі сын есімдер де, күшейтпелі шырайды білдіретін сөздік бірліктер (*аптақ, үп-ұзын, боп-боз*) де, *-лау, -ілдір, -ғылт, т.б.* жұрнақтардан жасалған салыстырмалы шырай тұлғалары да жақсы қамтылған. Сын есім тудыратын 105 жұрнақтан жасалған *-дан* (есепдан, есепдан адам), *-дасын* (күмдасын, кырдасын), *-к* (тентірек), *-қыш* (айтқыш, таратқыш, ұнатқыш), *-ма* (аума, кума), *-мер* (ісмер), *-пай* (былықпай), *-тай* (күрттай, қамыстай, арыстай), *-шыл* (ақшыл, бауыршыл, ағайыншыл) тұлғалы туынды сын есімдер өте сирек кездеседі.

Он томдық пен бір томдықта аталған тұлғалар жақсы қамтылған. Қатыстық сын есімдер жасайтын негізгі жұрнақтардың барлық түрлері бойынша қарастырған кезде де екі томдық сөздіктегі сын есімдердің қамтылуы да қанағаттанарлық екендігіне көз жеткізуге болады. Он томдық және бір томдық сөздіктерде сын есімнің негізгі, туынды түрлері, шырай тұлғалары түгел қамтылған.

Екі томдық сөздіктің алғысөзінде *-лы/-лі* тұлғалы сын есімдердің, *-сыз/-сіз* тұлғалы болымсыз сын есімдердің арасындағы мағыналары лексикаланып кеткендерінің де сөздікке алынғандығы туралы сөз болады. Бұл өте дұрыс қабылданған шешім. Себебі бүгінгі таңда лексикаланған тұлғалардың түсіндірме сөздікке алынуы шешілген, басы ашық мәселе.

Бұл мәселе он томдық пен бір томдықта да дұрыс шешілген.

Екі томдықта есептік **сан есімдерден** 1-10, 20, 40, 50, 60, 80, 90, 100, мың, миллион, миллиард берілген. Жинақтық және реттік сан есімдер тек жеті санына дейін ғана жүйелі түрде беріліп отырады. Сонан кейін елуінші, алпысыншы және жүзінші бар. Басқа реттік сан есімдер сөздікке алынбаған. Сөздіктерде сан есімдер 1-11, жиырмадан жүзге дейінгі ондықтардың атаулары, 101, 111, 200, 1000, 1001, 1111, 10000 тәрізді жүйемен беріліп жүр.

Екі томдық түсіндірме сөздікке сөздік бірліктер етістіктің түйық райлы негізгі тұлғасы мен өздік, өзгелік, ырықсыз, ортақ етіс тұлғалары бойынша алынған. Он томдықта етістіктің негізгі және туынды түрлері, етіс тұлғалары бұйрық райдың екінші жағы қалпында берілген. *-У* тұлғасы жоғарыда сөз болғандай, өз алдына жеке сөздік мақалада қимыл атауы ретінде беріледі.

Ә.Ибатов еңбегінде берілген етістік тудырушы 33 жұрнақтың ішінен *-ыт* (бозаңыт-, тозаңыт-), *-қыр* (қатқыр) жұрнақты етістіктер екі томдық сөздікте кездеспегенмен, он томдық пен бір томдықта бар.

Етістіктің есімше және косемше тұлғалары жалғану негізінде жасалып, “әбден қалыптасып кеткен”, қазіргі тілмен айтқанда толық лексикаланған лексикалық бірліктердің түсіндірме сөздіктерге алынуы өте орынды.

Екі томдыққа **үстеулердің** барлық түрлерінің алынғандығы жазылған.

Тек түбірден ғана тұратын негізгі үстеулер мен сын есімнің шырай жұрнақтарын қабылдау арқылы жасалған негізгі үстеулер, сөздердің қосарлануы, бірігуі және тіркесуі арқылы жасалған күрделі үстеулер (*бүрсігүні, бостан-бос, оқтыноқты, көпе-корнеу*) екі томдық түсіндірме сөздікте біршама жақсы берілген деуге болады. Алайда, Ә.Ибатовтың еңбегінде аталған 31 туынды үстеу тудырушы жұрнақтан *-деп* (біріндеп, біртіндеп), *-ең* (кешен), *-ке* (текке), *-па* (нақпа-нақ), *-тен* (тектен-тек), *-шаң* (шалбаршаң, тақияшаң), *-шең* (жейдешен, көйлекшен) жұрнақты үстеулер екі томдықта кездеспейтін болса, он томдықта үстеулердің негізгі, туынды түрлері түгел қамтылады.

Оқшау сөздер, модаль сөздер тобына кіретін қыстырмалардың **қыстырма** сөз ретіндегі грамматикалық қызметі аталмайды. Қыстырмалардың көпшілігі екі томдықта үстеу, шылау болып берілген. Олардың тіл үйренім тұрғысынан маңызды екендігінде дау жоқ.

Он томдық пен бір томдықта қыстырма сөздер кеңінен қамтылып, өз мағынасында ашылады. Алайда, қыстырма сөз орамдары аталған үш сөздікте де жеткілікті дәрежеде ашылған деп айтуға болмайды. Біздің ойымызша, модальдік мағыналы, әрі қыстырма сөз ретінде грамматикалық қызмет атқаратын сөздер мен сөз тіркестерінің бұл тобын жеке сөздік мақалаларда беру жөн болады.

Екі томдық сөздікте **есімдіктердің** барлық түрлері жекеше, атау тұлғасында берілетіндігі сөз болады. Алайда, сөздікке жекеше жіктеу есімдіктерінен *ол* алынбай қалған. Қазақ тілін үйренушілердің мүддесі тұрғысынан жекеше жіктеу есімдіктерінде олардың көпше тұлғалары туралы да дерек

бере кеткен жөн тәрізді. Осы мәселені қалған екі сөздікке қатысты да айтуға болады.

Екі томдықта сілтеу есімдіктерінен *ол* мен *ана* жоқ болса, он томдық пен бір томдықта есімдіктердің бұл тобы жақсы қамтылған. Сөздіктерде сұрау есімдіктерінің негізгі түрлері түгел берілген.

Екі томдықта өз есімдігінің мағыналық жағынан жіктеу есімдіктерінің орнына қолданылатындығы сөз болады. Басқа сөздіктерде де оның өздік есімдігі жіктемесіне қатысы аталмайды.

Белгісіздік есімдіктерінің бірқатары (*әр, әрбір, бірсыпыра, т.б.*) екі томдық сөздікке алынбай қалған. Алынған есімдіктердің көпшілігі жалпылама “есімдік ретінде”, ішкі категориялық жіктемесіз беріледі. Болымсыздық және жалпылық есімдіктері де сондай. Он томдықта да осы жағдай қайталанарды.

Сөздіктердегі шылаулардың берілу дәрежесі әрқилы. Шылаулардың ішіндегі лексикалық бірліктердің тіркесімлілік қабілетін көрсету үшін ең қажетті топтардың бірі — септеулік шылаулар (*сайын, сияқты, туралы, арқылы, бойы, шамалы, шақты, қаралы, қарай, таман, салым, тарта, жуық, таяу, әрі, бері, кейін, соң, бұрын, қатар, басқа, бірге, т.б.*).

Екі томдықта *арқылы, әрі, сайын, сияқты, таман, тарта, таяу, туралы, шақты* септеуліктері берілген. Бірқатарының түсіндірмелері жақсы ашылған: “Сайын шыл. Жыл, күн, ай, сағат, минут т.б. мезгілдік есімдерден кейін және өткен шақтық есімшелерден кейін тұрып, мезгілдік, істің дүркінді созылыңқылығын білдіретін шылау сөз; Тарта шыл. Барыс жалғаулы есім сөздермен тіркесіп, істің қимылдың мезгілдік мөлшерін білдіретін демеу сөз”.

Он томдық сөздікте *бойы, шамалы, жуық, таяу, шақты, бері, кейін, қатар, басқа, бірге* сөздері шылау ретінде белгіленбеген (қобісі үстеу, бірқатары сын есім, сан есім, т.б.) қалғандары түгелге жуық шылау ретінде белгіленген де, септеулік шылау екендігі анық көрсетілмеген.

Дұрыс берілген жалғыз шылау — *тарта* (*Тарта шыл.* Барыс жалғаулы есім сөздермен тіркесіп келіп, мезгілдік мөлшерді білдіретін септеулік шылау).

Демеулік шылаулар да сөздіктерде біршама толық берілген. Олардың екі томдықтағы берілуіндегі кемшіліктердің бірі – көбінесе әр шылаудың өз бетінше, оқшау, өзінен басқа өзімен тектес, варианттас шылаулармен байланысы айқын көрсетілместен келтірілуі (Ма шыл. Сұраулық мағынаны білдіретін демеулік; Ба шыл. Сұраулық шылаудың фонетикалық варианттарының бірі; Па I. шыл. Сөйлемге, не сөзге сұраулық мағына үстейтін демеулік; Қой II. шыл. Көмекші сөз ретінде қолданылатын шылау сөз; Ғой шыл. Жеке тұрғанда беретін мағынасы жоқ, демеулік шылау).

Он томдықта олай емес, демеулік шылаулардың варианттары арасындағы байланыс айқын көрсетіледі (Ма шыл. Баяндауыш қызметінде айтылған сөздерден кейін, кейде күрделі баяндауыштың ортасында тұрып, сұраулық мағына тудыратын демеулік; *ба/бе, па/пе* шылауының фонетикалық варианты).

Басқа шылаулардың ішінде, мәселен, жалғаулықтардың ішінде мағынасы біршама жақсы ашылған бірліктер кездеседі. Мәселен, екі томдықта: Бен шыл. Бірыңғай сөйлем мүшесін байланыстырып тұратын жалғаулық шылау. Фонетикалық варианттары: *пен, мен, пенен, менен*; Да шыл. Сөз бен сөзді немесе сөйлем мен сөйлемді байланыстыратын жалғаулық шылау (фонетикалық варианттары *-де, -та, -те*; Де қ. да).

Алайда мұндай түсіндірмелер екі томдықта сирек ұшырасады. Он томдықта да демеуліктердің берілуі осы тәрізді.

Мағыналық, функциялық бір топқа кіретін шылаулардың ішкі категориялық бірлігі көрсетіліп, сол жерде жалпы категориялық мағынасы (мәселен, қарсылықты жалғаулықтардың жалпы категориялық мағынасы) түсіндіріліп, сол категорияға кіретін бірліктердің тізбесі берілуі қажет болса да, мұндай сабақтастық үнемі сақтала бермейді. Түсіндірмелер көбінесе ақаулы шеңбер құрайды: Бірақ шыл. Дегенмен, алайда, сонда да; Алайда шыл. Дегенмен, сонда да, сүйтсе де; Сонда да шыл. Дегенмен, алайда, сөйтсе де деген мағынада қолданылатын шылау сөз. Осындағы дегенмен, сүйтсе де шылаулары екі томдық сөздікте мүлде жоқ.

Түсіндірме сөздіктерде одағайлардың да барлық түрлері қамтылған. Әсіресе көңіл-күй одағайлары көп кездеседі: *ah, uh, ha, na, nәлі, ай, әй, ей, ау, әттегенай, ойпырмау, ойпырай, бәсе, па, пай-пай*, т.с.с.

Одағайлардың екі томдықтағы берілуі де жоғарыдағы сөз таптарының берілуіне ұқсас: атау сөзден кейін ішкі категориялық белгі қойылмайды, түсіндірме мәтінде де ол бірде айтылса, бірде айтылмай қалады (*Ойпырай од.* Бір нәрсеге танданғанда, қорыққанда не қуанғанда айтылатын көңіл-күйі одағайы; *Ah од.* Ерекше көңіл күйін білдіру үшін айтылатын сөз; *Uh од.* Шаршағанда, қажыған уақытта қатты күрсініп дем шығару; *Бәсе од.* Солай болса керек, солай болуға тиіс; *Пай-пай од.* Адам бірдемеге танданғанда, сүйсінгенде, ренжігенде көңіл күйін білдіретін сөз).

Жекіру, шақыру одағайларының берілуі де осыған ұқсас: *Жә од.* 1. Ие, болар, жетер д.м.; *Тәйт од.* Жекіру, зеку, жақтырмау мағынасында айтылады; *Көс-көс од.* Түйені шақыруда айтылады.

Он томдықтағы одағайлардың берілуі де осы тәрізді. Олардың біразында сөз мағынасына түсінік жақсы берілетін болса (*Ойпыр-ай од.* Тандану мағынасында айтылатын көңіл-күй одағайы; апырай), көпшілігінде адамның көңіл күйін баяндау ғана беріледі немесе фонетикалық вариантқа сілтеме жасалады. Осы одағайлардың он томдықтағы берілуіне қатысты тағы бір мәселе: олардың көпварианттылығы. Негізінен беретін мағыналары ұқсас *апырау, япыр-ау, апырм-ау, япырмау, апыр-ай, япыр-ай, апырм-ай, япырм-ай* одағайларының бас-басына мақала арнағанша, бір мақалада түсінік беріп, варианттарды да тізіп көрсетіп, әр варианттың кезегі келгенде басты вариантқа сілтеме жасаумен шектелген жөн тәрізді.

Бір томдықта жоғарыдағы сегіз варианттан төртеуі: *апыр-ай, апыр-ау, япырым-ай, япырым-ау* берілген.

Екі томдықта еліктеуіш сөздердің дұрыс белгіленуі сирек кездеседі. Көбінесе оларды етістік ретінде, кейде басқа да сөз таптары құрамында қарастырушылық бар.

Дыбыстық еліктеуіштер: *шатыр-шұтыр Ел.* Тасыр-тұсыр, сатыр-сұтыр; *Быж:* быж-быж қайнау *ет.* ; *Дік:* дік-дік басу *ет.* ; *Дүрс-дүрс елік.* Тарс-түрс соғу, қатты соғу; *Күрт-күрт*

зат. Қытыр-қытыр; Гүрс: гүрс ету *ет.*; Арс: арс ету *ет.*; Сарт-сарт: сарт-сарт ету *ет.*; Дүр-дүр *елік*. Құс сілкінгенде пайда болатын дыбыс.

Бейнелеуіш сөздердің белгіленуі де осы тәрізді: жалт-жұлт: жалт-жұлт ету *ет.*; Жарқ-жүрк: жарқ-жүрк ету *ет.*; Жымың-жымың: жымың-жымың ету *ет.*; Қаз-қаз: қаз-қаз басу *ет.*; Тәй-тәй: тәй-тәй басу *ет.*

Он томдықтағы еліктеуіштерді белгілеуде де қателіктер байқалады: шатыр-шұтыр *ел*. Сатыр-сұтыр, тасыр-тұсыр; Сатыр-сұтыр *ел*. Сатырлаған, шатырлаған дыбыстың құлаққа естілуі; Тасыр-тұсыр *зат*. Тарс-тұрс еткен қатты дыбыс, тарсыл-гүрсіл; Тарсыл-гүрсіл *зат*. Тарсылдаған-гүрсілдеген, тасыр-тұсыр еткен дыбыс.

Бір томдық сөздік еліктеуіштерді белгілеуде мұндай қателіктерден ада.

Жоғарыда сөз болғандай, түсіндірме сөздіктегі грамматикалық параметрдің негізгі көрсеткіштерінің бірі — сөз таптарының ішіндегі жеке категориялық топтардың қамтылу дәрежесі. Бұл тұрғыдан қарастырған кезде сөздіктерде жекелеген сөз таптарындағы ішкі категориялардың: зат есімнің жекеше түрі, сын есімнің шырайлары, есімдіктің барлық түрлері, сан есімнің есептік, реттік, жинақтық тұлғалары, т.б. категориялардың қамтылғаны анық. Алайда, олардың белгілену дәрежесі әртүрлі. Мәселен, екі томдықта етістіктердің етіс категориясынан басқа аты аталып, белгіленген категория байқалмайды. Ал, категориялары аталған топтарда категориялық жинақты мағынаның түсіндірілуі кездеспейді.

Он томдықтың инструкциясында, мәселен, сан есімнің барлық түрлеріне *сан*. деген грамматикалық белгі қойылып, олардың қай сан есім екендігі анықтамада көрсетілетіндігі жазылған. Есептік, реттік, жинақтық сан есімдер он томдықта инструкцияға сәйкес, ішкі категориялық бөлінісі көрсетіліп берілген. Алайда *ондаған, жүздеген, жарты, жарым, ищрек* тәрізді топтық, бөлшектік сан есімдерде ішкі категориялық топ аталмайды.

Инструкцияда есімдіктің барлық түрлеріне *ес*. белгісі қойылып, олардың қай есімдік екендігі анықтамада көрсетілетіндігі жазылған. Мысал ретінде *бұл, кім, мен, өз* есімдіктерінің анықтамалары берілген. Іс жүзінде алғашқы үшеуінде категориялық топ аталады, бірақ анықтама мәтіні



сәл басқалау. Төртінші есімдікте категориялық белгі аталмайды. Сондай-ақ, инструкцияда шылаулардың қай шылау екені анықтамада жазылатыны ескертіледі де *соң, да, және* шылаулары мысал ретінде беріледі. Іс жүзінде жалғыз *және* шылауында ғана оның жалғаулықты шылау екендігі көрсетіледі.

Лексикалық бірліктің парадигматикалық және синтагматикалық қатынастары оның басқа бірліктермен байланысқа түсу мүмкіндіктерінен хабар береді.

*Парадигматика* – сөздің морфологиялық құрылымын, түбірден бері тартылған сөз желісін көрсетеді. Сөз парадигмасының қаншалықты қамтылғанын ұялас сөздердің сөздікте берілу ауқымына қарап айқындауға болады. Сөздік бірліктердің парадигмасын көрнекі түрде көрсету үшін жарым-жартылай ұялық принципті қолдану тәжірибелері жиі кездеседі. Мәселен, “Орыс тілінің үлкен түсіндірме сөздігінде” сөздік бірліктің сөзжасамдық қабілетін айқын көрсету мақсатымен сөздерді ұялық тәсілмен беру элементтері қолданылған (Большой толковый словарь, 2000).

*Синтагматика* – сөздік бірліктің қандай грамматикалық тұлғалармен байланысқа түсетіндігі, қандай көмекші сөздермен тіркесетіндігі, қандай грамматикалық құрылымдарға кіре алатындығы болып саналады. Сөздік бірліктің грамматикалық тіркесімділік қабілетін көрсетуде әсіресе көмекші есімдердің, көмекші етістіктердің, септеулік шылаулардың атқарар жүгі мол.

Лексикалық еркін тіркесім болса, әр лексикалық бірліктің өзінің мағыналық ерекшеліктеріне байланысты болады. Түсіндірме сөздіктерде негізінен сойлем күйіндегі мысалдар қолданылғандықтан, тіркесімді көрсету тәжірибесі пайдаланылмаған.

Тұрақты лексикалық тіркесімдер құрамына кіретін лексикаланған атаулық тіркестер екі томдықта да, он томдық сөздікте де фразеологизмдердің құрамында қарастырылады. Бір томдық түсіндірме сөздікте бұл мәселеде көп ілгерілеушілік бар. Біріншіден, аз болса да, сөздікте мысал ретінде сөз тіркестері де беріледі. Екіншіден, толық лексикаланған күрделі сөздер мен терминдер, толық лексикаланып бітпеген тұрақты есім тіркестер фразеологизмдерден бөлек, олардың алдында, атау сөздің негізгі мағыналары мен мағыналық реңктерінен, ауыс-

палы мағыналарынан кейінгі жерде арнаулы белгімен (□) беріледі. Бұл — үлкен жетістік болып табылады.

### 3.4.4. Лексикалық параметрлер

Шектеуші белгілер (рестриktivтер) сөздік бірліктің лексикалық жүйедегі орнын айқындауға қызмет етеді.

Өткен кезеңдегі одақтық лексикографияда сөзге қойылатын белгілердің бәрін де стилдік белгі қатарында қарастыру үрдісі болған еді.

Он томдық түсіндірме сөздіктің инструкциясында сол кезеңдегі лексикографияда орныққан жіктемелерге сәйкес стилдік белгілердің бес тобы қарастырылады:

а) қолданылу реңкін білдіретін стилдік белгілер (*сойл., қарап., түрп., сып., поэт.*);

ә) қолданылу аясын көрсететін стилдік белгілер (*ғылыми салалық терминдер, кітаб., фольк., дін., миф.*);

б) қолданылу уақытын көрсететін стилдік белгілер (*көне, тар., жаңа*);

в) қолданылу аймағын көрсететін стилдік белгілер (*кәсіб., диал., жерг.*);

г) сөздердің экспрессивті-эмоционалдық бояуын көрсететін стилдік белгілер (*экспр., эмоц.*).

Біз соңғы топтағы экспрессивті-эмоционалдық бояуды көрсететін стилдік белгілерді алғашқы топқа — қолданылу реңкін білдіретін белгілер тобына қосуды жөн санаймыз. Себебі сөздің қолданылу реңкі мен эмотивті-бағамдық мағынадан хабар беретін экспрессивті-эмоциялық бояуы бір құбылыс болмаса да, бір-бірімен торкіндес құбылыстар.

Ал сөздің қолданылу аясын көрсететін стилдік белгілердің құрамында қарастырылып келген ғылыми терминдерге қатысты айтарымыз: әрбір ғылым саласының өз ғылыми тілі (метатілі), өзінің ғылыми аппараты, өзіне тән төл терминдері болатындығы әбден дәлелденіп отырған қазіргі кезеңде оларды стиль ұғымы аясында қарастыруды жөн дей алмаймыз. Сол себепті оларды стиль құрамынан шығарып, ғылыми термин ретінде сөздіктегі аббревиатуралардың тізімінде келтірген дұрыс болатын сияқты. Терминдер кейбір қазіргі түсіндірме сөздіктерде тілгі аббревиатураның кү-

рамына да алынбайды. Мәселен, 240 000-нан астам сөздік мақала мен дефиницияны қамтыған ағылшын тілінің шағын Оксфорд сөздігінің соңғы кезде жарық көрген толықтырылған оныншы басылымында (Concise Oxford Dictionary, 2001) олар ешқандай қысқартусыз-ақ сөздіктің мәтінде берілген.

Жоғарыдағы жіктемедегі жүйелілікті бұзып тұрған келесі белгілер тобы – *кітаб.*, *фольк.*, *дін.*, *миф.* белгілері.

Бұл белгілер негізінен бұрынғы өткен заманда қолданыста болған жазба әдеби тілдің элементтерін, бұрынғы дәуірдегі халық ауыз әдебиетінде қолданылған сөз үлгілерін, бұрынғы дүние әлеміне жататын діни және мифтік атауларды, қысқасы “бұрынғы заманның сөздерін” белгілеуге қолданылып келген болатын. Сондықтан оларды қосарлы белгімен *ескі.кітаб.*, *ескі фольк.*, *ескі дін.*, *ескі миф.* түрінде беруге болар еді. Алайда қазіргі кездегі кітаби стилдің, қазіргі фольклордың, қазіргі діни ағымдар мен ілімдердің, тіпті қазіргі мифтік ұғымдардың да барлығын жоққа шығара алмаймыз. Сол себепті *кітаб.*, *фольк.*, *дін.*, *миф.* белгілерін өзгеріссіз қалдырып, бұрынғы кезеңдегі қолданыстардың жобалы уақытын жақшаның ішінде нақтылап кету дұрыс тәрізді болып көрінеді. Ал ғылыми жүйелік жіктемеде оларды қай топта қарастырған жөн болады деген сұрауға берер жауабымыз: мұндағы таза стилдік белгі – *кітаб.*, ал *фольк.* – жанрлық белгі. *Дін.* және *миф.* белгілі халықтың ұлттық дүниетанымына кіретін діни, мифологиялық наным-сенімдерді білдіретін сөздерді этнография саласы аясында қарастырған жөн тәрізді. Екі томдықта мұндай сөздік бірліктер жақсы қамтылған.

Діни лексикадан *алла*, *құдай*, *тәңір*, *пәруардигәр*, *қүдірет*, *пайғамбар*, *қыдыр*, *қызыр*, *періште*, *жебірейіл*, *иман*, *бейіш*, *жұмақ*, *имам* тәрізді сөздер мен мифологиялық дүниетанымға қатысты *пері*, *дәу*, *дию*, *жын*, *жезтырнақ* тәрізді сөздер сөздіктерде молынан ұшырасады. Олардың көбісі белгіленгенмен, біразы еш белгісіз берілген.

Екі тілді түсіндірме сөздіктегі бірліктердің қолданымындағы стилдік ерекшеліктер қатарында *сойл.* (сойлеу тілінде) белгісімен берілген сөздер тобын қарастырамыз. Ол кезеңдегі қазақ тіл білімінде сойлеу тіліндегі сөздерді қазіргідей *қарапайым*, *жаргон*, *анайы*, *сыпайы*, *тұрпайы*, *экспрессивті*, *эмо-*

*циялық*, т.б. сөз топтарына болу дәстүрінің толық қалыптасып үлгермеуі себебінен болу керек, қазақ тілінің алғашқы түсіндірме сөздігінде бұлардың бәрі де сөйлеу тілінің белгісімен белгіленген.

Он томдықта олардың қатарына жоғарыда аталған *қаранайым, сыпайы, дәрекі, алғыс, қарғыс, табу, экспрессивті, эмоциялық* тәрізді белгілер қосылды.

Екі томдықтағы жекелеген ғылым салалары бойынша алынған термин сөздер тобына мектепте оқылатын негізгі пәндердің (*тіл, анатомия, астрономия, биология, география, зоология, музыка, физика, химия, математика, техника*) терминдері алынған. Сөздікте ғылым мен техниканың басқа да бірқатар салалары бойынша терминдер болса да, оларға белгі қойылмаған: *геометрия зат*. Математиканың кеңістік формалары (фигуралар) мен олардың олшену заңдарын тексеретін тарауы; *Геохимия зат*. Жердің химиялық элементтері тарихын, олардың жер қыртысында таралу, ауысу заңдарын тексеретін ғылым; *Глицерин зат*. Техникада және денсаулық үшін қолданатын химиялық жолмен әртүрлі майдан жасалатын ақшыл сұйық зат; *Заем зат*. Белгілі шартпен алынатын қарыз ақша, финанс ісі.

Он томдықта берілген ғылым мен техниканың, мәдениет пен өнеркәсіптің, халық шаруашылығының, т.б. терминдерін қамтитын белгілер саны шамамен қырық бестей болады. Б.Қалиев олардың ішіндегі *геод., геофиз., типогр., электр.* белгілерінің қолданылмағандығын жазады. Сонда сөздікте қырық қаралы салалық ғылыми термин қолданылған болып шығады.

Түсіндірме сөздіктегі хронологиялық шектеулі сөз топтарына *ескі, тарихи* және *жана* сөздер кіреді. Екі томдықта жүз шақты сөздік бірлік *арх., ескі, ист.* белгілерімен белгіленген. Сөздіктегі аталған сөздер тобы негізінен ескі белгісімен беріледі. “Сөздіктің құрылысы” бөлігінде тарихи сөз ретінде аталған *молда, барымта, сәукеле, би, болыс* сөздері де сөздікте *ескі* белгісімен берілген. Алайда, тарихи лексикаға жатқызылып жүрген *батырақ, кулак, большевик* тәрізді сөздер сөздікте белгіленбей қалған.

Екі томдық түсіндірме сөздіктің мақсатына жаңа сөздерді алу кірген жоқ, сол себепті олар сөздікке алынған жоқ.

Он томдықта хронологиялық шекті көрсететін сөздер, инструкцияға сәйкес, *көне, тар және жаңа* белгісөздерімен берілуге тиісті болатын. Инструкция бойынша көнерген сөздердің қатарына кейінгі кезде қолданыстан шығып қалған заттардың, құбылыстардың және ұғымдардың атаулары, тарихи сөздердің қатарына кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында жаңа сөз ретінде қолданылып, кейін қолданыстан шығып қалған сөздер мен сөз тіркестері, ал жаңа сөздердің қатарына тілдік даму барысында ескі мағынасы жаңарған немесе мүлде өзгерген бұрынғы сөздер мен әлеуметтік құрылыстың өзгеруіне, өндірістің жетілуіне, ғылым мен мәдениеттің, техниканың дамуына байланысты пайда болған жаңа заттардың, ұғымдар мен түсініктердің атаулары алынуы тиіс болатын (*Инструкция 1976, 29-30*).

Екі томдық түсіндірме сөздікте аймақтық шектеулер екі топқа: облыстық және диалектілік қолданыстағы сөздік бірліктерге қойылған. Алайда, жоғарыда айтылғандай, бұл екі топтың арасын айқын ажыратушылық болған жоқ. Ал белгіленген сөздердің құрамына қарайтын болсақ, олардың көбінесе әдеби тілде баламалары жоқ жергілікті қолданыстар екендігін байқауға болады.

Әдетте облыстық сөздерге берілген түсіндірмелер мен мысалдарда олардың қолданым аймағы көрсетілмейді: *Әуір зат. обл.* Албырттық, көңілдің желігі. *Әуірі басылмаған албырт едім, Асығыс айтқаныма кінә қойма* (Жамбыл); *Айтақыр зат. обл.* Жаңбыр жауғанда су іркіліп қалатын тақыршақ. *Есіктің алды айтақыр, айтақырда су жатыр* (жаңылтпаш); *Атырау зат. обл.* Қопалы, нулы жер. Біздің ойымызша, қолданым аймағы көрсетілмеген соң аймақтық шектеуіштің мәнісі болмайды. Бұл қазақ тілі түсіндірме сөздіктерінің бәріне де қатысты.

Осы тұрғыда шет елдердегі қазақ диаспорасының тіліндегі жергілікті ерекшеліктерді де түсіндірме сөздіктерде көрсетудің мезгілі жеткендігін еске салғымыз келеді. Мәселен, оларды *Қытай қазақтарының тілінде, Монғолия қазақтарының тілінде, Озбекстан қазақтарының тілінде* деген тәрізді немесе сол елдердегі нақты аймақты көрсетіп *Монғолиядағы Баянөлгей қазақтарының тілінде* дегендей белгісөздермен (жақшаның інінше, болмаса аббревиатура түрінде) беруге болады.

Диалектолог — ғалымдардың зерттеулерінде жан-жақты сөз болатын *шырпы, атауыз, кемпірауыз* тәрізді жергілікті сөзқолданыстардың бірқатары он томдық сөздікте шектеуіш белгісіз, жалпы халықтық қолданыстағы лексикалық дублет ретінде берілген.

Ал жергілікті қолданыстағы фонетикалық ерекшеліктер сілтеме арқылы әдеби вариантқа жіберіліп, түсіндірмелері сол негізгі вариантта жасалады (Кигіз қ. киіз; Даража қ. дөреже; Сәнек қ. сенек). Бұл, әрине, дұрыс.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздіктеріндегі күрделі мәселелердің бірі — кірме сөздер мәселесі. Қазақ тіліне ерте замандарда кіріп, байырғы сөздерді ығыстырып шығарып, олардың орнында орнығып қалған немесе жаңа реалиялар мен құбылыстарды атау үшін алынған араб, парсы сөздері мен орыс тілінен негізінен қазан төңкерісіне дейінгі кезеңде алынған сөздердің тілдің дыбыстық заңдылықтарына сәйкестендіріліп қабылданғандығы белгілі. Қазан төңкерісінен кейінгі кезеңде орыс тілі арқылы, яғни аралық, дәнекер тіл арқылы алынған халықаралық терминдер мен орыс тілінің өзінен тікелей алынған терминдер сол кезеңдегі терминологиялық принциптерге сай, орыс тіліндегі қалпында қабылдануы тиісті болатын. Қазақ түсіндірме сөздіктерінде дәл солай берілген. Кірме сөздер мен терминдердің осы аталған топтарының қай-қайсысы да ешбір белгісіз, қазақтың төл сөзі ретінде беріледі. Яғни кірме сөздің бастапқы тілдегі сипаты немесе аралық тілдегі сипаты айқындалмайды. Бұл, әрине, қазіргі кездегі тіл білімі тұрғысынан беріліп отырған баға.

Түсіндірме сөздіктердегі сөздік тұлғалар этимологиялық тұрғыдан белгіленбеген. Яғни сөздің даму тарихын корсететін белгі жоқ, этимонның семантикасы ашылмайды. Сөздік бірліктің басқа тілдердегі баламалары да берілмейді.

Жоғарыдай кірме лексикаға қатысты (2.7.) сөз болғандай, түсіндірме сөздіктегі кірме сөздерді беру мәселесінде түрік лексикографиясында қалыптасқан ұстанымның ғиб-

рат аларлықтай жақтары бар екендігін айтуымыз керек. Түрік сөздікшілері кірме сөздерді бірнеше топқа бөліп қарастырады. Бұрынғы замандардан келе жатқан, бөтендігі байқалмайтын, тілде әбден орныққан сөздер тобы “ескі алындылар” деп аталады. Сөздікте олардың түрік тіліндегі нұсқасымен қоса өзге тілдегі бастапқы нұсқасы да беріледі. Түрік тіліне бергі заманда алынған сөздер “шетел сөздері” ретінде қабылданады. Бұлардың тілде қалу-қалмауы белгісіз. Осы кірме сөздердің бір бөлігі тілге аз ғана мерзімге, орнына ұғымдық жақтан сәйкес, дәл келетін балама сөз табылғанша қолдану үшін, уақытша алынады. Бұл мәселені сөздікшілер ашық айтады. Бұл дұрыс та. Уақытша алынатын сөздердің өзін олар екі түрге бөледі. Олардың бір түрі – түрік тілінің сөз ұйымына сәл болса да икемделіп қабылданған сөздер. Сөздіктегі ондай сөздерде де түрік тіліндегі нұсқасымен бірге бастапқы тілдегі нұсқасы беріліп отырады. Екінші түрі – бастапқы тілдегі жазылымымен (ағ. *fuel oil*) қабылданған сөздер. Сөздікті түзушілер бұл туралы: “шет тілдегі жазуын сақтаудан-ақ бұл алындыларды қонақ сөз санайтындығымызды, сондықтан уақытша қолданатындығымызды корсетпекшіміз” дейді.

Түрік сөздікшілері кейінгі заманда қолданылған шетел сөзін оның түрікше баламасы орныққаннан кейін де тілден ашықтан-ашық алып тастамайды, бірден шығарып тастамайды. Дәлірек айтар болсақ, “мәдениетті түрде” шығарады. Мәселен: *tekst is. Fr. texte* *Metin* (I); *metin*, – *tni* (I) *is. Ar. metin* (түсіндірме, мысал); *tekstil is. Fr. textile* 1. *Dokuma*. 2. *Dokumasılık; dokuma is. I.* (түсіндірме, мысал).

Бұл жерде, біріншіден, *текст*, *текстил* сөздерін қолданатын түріктер мен түрік тілін үйренушілердің мүддесі ескеріліп отыр. Екіншіден, сөздіктегі негізгі түсіндірме мен мысалдар түріктің өз тіліндегі *mətin*, *тоқыма* сөздерін қолданатындар үшін беріліп отыр. Яғни, бірінші топтың мүддесі ескеріле отырып, басымдық екінші топқа беріліп отыр. Демек, бұл жерде ешкім де дау айта алмайды. Бұл қазақ тілінің түсіндірме сөздіктерінде кірме сөздерді беруде пайдалануға болатын тәжірибе тәрізді.

Түсіндірме сөздіктердегі сөздік бірліктердің мағынасын ашуда синонимдік тәсіл кеңінен қолданылады. Сол себепті лексикалық бірліктердің синонимдері сөздіктерде жақсы камтылған деп ойлаймыз. Сөз мағынасын ашудың әдіс-тәсілдері туралы жұмыстың келесі тарауында кеңірек сөз болады.

Екі томдық түсіндірме сөздікте сөздік тұлғалардың антонимдері берілмеген.

Бұл тәсілдің кейбір элементтері қалған екі сөздіктегі бірлі-жарым сөздерде байқалады. Он томдықта: ақ сын. 1. Қардың, сүттің, бордың түсіндей (қараға қарама-қарсы); бір томдықта: қара I 1. Көмірдің, күйенің түсіндей (аққа қарама-қарсы түс).

Омонимдер екі томдықта рим цифрымен, бірақ сөздік бірліктің ішкі жағында беріледі: Жақ I зат. Адамның немесе жануарлардың бет сүйектерінің астыңғы бөлімі; Жақ II зат. Ескі. Садақтың бір түрі; Жақ III. зат. 1. Тарап, бағыт, бет алыс; Жал I. зат. Жылқының, құланның, есектің желке қылы; 2. Жылқының желке майы; Жал II. зат. Қыр, белес, дөң, қырқа; Бау I. зат. 1. Бір нәрсені байлайтын, бекітетін, жіп т.б. зат. 2. Киіз үйдің киізін ұстату үшін, үйдің сыртың, ішін әдемілеп, сәндеп айқыш-үйқыш етіп керіп байлайтын бау; Бау II. зат. Жеміс ағаштары осетін үлкен бак, бақша; Бау III. зат. Бір байлам (пішен, т.б.) зат.

Тіл білімінде омонимдердің түр-түрі болғанымен, олардың сөздіктегі берілуі бір типтес.

Он томдықтың бірінші томында омонимдер араб цифрымен, бірақ сөздік бірліктің сыртқы жағында, алдында беріледі: 1. Апта зат. Мезгіл ұзақтығы жеті күн тәулігіне тең уақыт олшемi; 2. Апта ет. Жылтыратып жағу, жалату.

Сөздік бірліктің алдында ешқандай белгі болмауы керек. Осыны ескерген сөздікшілер екінші томнан бастап омонимдер атау сөзден соң, оның жоғары жақ шекесіне қойылатын болды (Редакторлар алқасынан: 2-том, 3- бет).

Бір томдықта омонимдер екі томдықтағыдай, сөздік бірліктің ішкі жағында беріледі.

Томенде қазақ тілінің түсіндірме сөздіктеріндегі негізгі лексикографиялық параметрлердің берілу кестесі ұсынылып отыр:



параметрлер	скі том- дык	он том- дык	бір том- дык
бірнеше әліпби қолдану	-	-	-
сөздік бірліктер саны	18000	67000	50000
сөздік тұлға: сөз (сөз тіркесі)	+(-)	+(-)	+(-)
бас әріп орфофикасы (сөздік тұлға)	+	+	+
жай әріп орфофикасы (сөздік тұлға)	-	-	-
аббревиатура (белгісөз, қосымша)	+	+	+
аббревиатура (сөздік тұлға)	+	+	+
буынға болу	-	-	-
скпін	-	-	-
транскрипция	-	-	-
сөз түрленім үлгілері	-	-	-
сөз табы	+	+	-
категориялық топ	+	+	+
семантикалық құрылым	+	+	+
семантема	+	+	+
транспозиция	+	+	+
мәдени-тарихи коннотациялар	+	+	+
денотаттың сипаттамасы	+	+	+
контекстегі семантика (мысалдар)	+	+	+
сөз тудырушылық әлеует (дериватив)	-	-	-
грамматикалық тіркесімділік	-	-	-
лексикалық тіркесімділік (еркін)	-	-	-
лексикалық тіркесімділік (тұрақты)	+	+	+
аймақтық (ареалдық) шектеулер	+	+	+
стильдік шектеулер	+	+	+
терминологиялық шектеулер	+	+	+
эмоциялық-бағамдық сипаттама	+	+	+
нормаға қатысы	+	+	+
кірме сөздің бастапқы тілдегі сипаты	-	-	-
кірме сөздің аралық тілдегі сипаты	-	-	-
сөз тұлғасының даму тарихы	-	-	-
этимонның семантикасы	-	-	-
басқа тілдердегі туыстас сөздер	-	-	-
аударма (латынша атаулар)	-	-	-
суреттер, сызбалар	-	-	-
көмекші сөздер (сөздік тұлға)	+	+	+
сөзжасамдық жұрнактар (сөздік тұлға)	-	-	-
синонимдер	+	+	+

антонимдер	-	-	-
омонимдер	+	+	+
фразалар	+	+	+
қосымша материалдар	-	-	-

Түсіндірме сөздікте ескерілуі қажетті параметрлердің саны көп екендігі белгілі. Солардың ішінен әлемдік лексикографияда үлгілі саналатын сөздіктердегі бірқатар мәнді, маңызды параметрлерді, қазақ тілінің түсіндірме сөздіктері үшін, қазақ лексикографиясы үшін қажетті деген параметрлерді келтіріп отырмыз.

Белгілі бір оқырманға бағдар ұстау туралы мыналарды айтқымыз келеді. Бұрынғы одақтық лексикографияда үлкен, толық түсіндірме сөздіктер орта мектепті тамамдаған, ғылым мен техниканың, өнеркәсіптің түрлі салаларынан хабары бар “орта тіл иесіне” бағдарланатын еді. Оның үстіне тіл иесі осы тілді білетін адам болатын. Сөздіктер толық нормативті болып, әдеби тілдің негіздерін нығайтуға қызмет жасайтын еді.

Ал сол кездің өзінде әлемдік лексикографияның дамуы сәл басқаша бағытта болатын. Әлемнің бірқатар елдерінде жасалған сөздіктердің құрылымында тарихи принцип пен жалпылама қолданым (узус) теориясының принциптерін ұштастыру, түсіндірме сөздік пен энциклопедияны ұластыру, сөздік мақалаларды жеке сөздің шағын әлеміне айналдыру ісі алуан түрлі әмбебап сөздіктердің жасалуына әкелді.

Узус – шын мәнінде әдеби тіл қалыптасып болғаннан кейінгі сатыда жүзеге асырылатын құрылымдар жүйесі болатын. Ол адамдардың тілді меңгеру дәрежесін, жас, білім мен білік дәрежелерін, тілдің көптеген метатілдерден құралатындығын ескеру негізінде жасалған еді.

Демократияландыру принципі негізінде халық ішіндегі алуан түрлі топтардың, қауымдардың сойлеу ерекшеліктерін қамти отырып, интеллектуалдандыру принципі негізінде солардың бөріне пайдалы, ағымдағы ғылым мен техниканың, мәдениеттің жоғарғы деңгейіндегі ақпаратты мол беруді қамтамасыз ету арқылы шын мәнінде жалпылама халықтың сұранысын іс жүзінде қамтамасыз ететін сөздіктер жасау идеясын жүзеге асыру мүмкін болды. Мұндай сөздіктердің негізгі бағдар ұстайтын адресаты – зиялы қауым, оқыған адамдар болды.

Әдеби тіл негізінің өзгеруіне байланысты түсіндірме сөздіктердің бағдар ұстайтын басты дерек көздері ретінде ғылыми басылымдардың, мерзімді басылымдардың (газет-журналдар), басқа да мерзімді ақпарат құралдарының, теле-радио хабарларының тілі саналмақ.

Түсіндірме сөздіктер бұрынғы кездегідей, беделді ақың-жазушылардың шығармаларындағы сөз мағынасына байлаулы, тек қана анықтамалық құрал қызметін атқаратын, дефиницияларының ғылыми құндылығы төмен, мәтіндерді оқуға ғана жарамлы, өзбетінше мәтін түзуге, сойлесуге мүмкіндік тудыра алмайтын пассив сөздік бола алмайды.

Қазіргі түсіндірме сөздіктердің бірқатарында бірнеше әліпби қоллану тәжірибесі бар. Бұл әсіресе латын жазуынан басқа жазуларды қолданатын елдердің сөздіктерінде жиі ұшырасады. Жазуы латын негізді Еуропа халықтарының сөздіктерінде де сөздік бірліктің бұрынғы кезеңдердегі қолданысын, этимологиясын көрсетуде, сондай-ақ кірме сөздердің бастапқы тілдегі тұлғасын немесе аралық тілдегі тұлғасын беруде қазіргі жазудан өзгеше әліпбилер қолдану тәжірибесі кездеседі.

Қазақ түсіндірме сөздіктерінде әзірге бір ғана жазу — кирил негізді қазақ жазуы қолданылады. Тілімізде бұрын қолданылған латын және араб графикалы мәтіндердің молдығын ескере отырып, оларды түсіндірме сөздіктерде пайдалану кезінде тиісі әліпбилерді қолдану міндетті болып саналады. Алдыңғы тарауларда сөз болғандай, он томдықта осы араб және латын жазулы ескерткіштердің қамтылмай қалғандығы туралы кезінде проф. А. Ысқақов жазған болатын.

Сөздіктегі сөз саны да басты лексикографиялық параметрлердің бірінен саналады. Қазіргі жалпы лексикографияда қалыптасқан олшем бойынша үлкен сөздіктерде — 100 мыңнан астам, орташа сөздіктерде — 40 мыңнан астам, ал шағын сөздіктерде — 10 мыңнан астам сөздік бірлік болу керек. Кіші (минимум) сөздіктердегі бірлік саны белгіленбеген. Осы көрсеткіш бойынша, он томдық және бір томдық түсіндірме сөздіктер орташа сөздіктер тобына кіреді.

Түсіндірме сөздіктердегі сөздік тұлғалар қатарында сөздік бірліктер ретінде жеке сөздермен қатар толық лексикаланған атаулық тіркестердің де берілуі міндетті деп ойлаймыз.

Үш сөздікте де сөздік бірліктер ірі, бас әріптермен терілген. Бұл орыс тілді лексикографияда қалыптасқан дәстүр. Қазіргі

сөздіктердің бірқатарында, әсіресе еуропа халықтары тілдерінің сөздіктерінде сөздік тұлғаны кіші әріптермен беру тәжірибесі орын алған. Бұл тәжірибе ағылшын тілінің Оксфорд сөздіктерінен бастау алады. Екі томдық “Түрікше сөздік” те кіші әріптермен терілген. Біздің ойымызша, бұл біріншіден, сөздіктерді компьютер талаптарына ыңғайлау, жеңілдету мақсатынан туындаса, екіншіден, қазіргі сөздіктерде алуан түрлі энциклопедиялық материалдар берілетіндіктен, олардың ішінде бас әріптерден құралған түрлі аббревиатуралар, жалқы есімдер болатындықтан, оларды айыру үшін де қажет.

Қазақ түсіндірме сөздіктерінде аббревиатуралар негізінен белгісөздерде қолданылған. Сөздік тұлға ретінде берілетіндері — бұрынғы кеңес дәуірінен бері қолданылып келетін, моралдық жағынан ескірген аббревиатуралар. Еліміздегі ішкі мемлекеттік, қоғамдық құрылымды айғақтайтын, сондай-ақ алуан түрлі салалардағы беделді халықаралық ұйымдарды, қоғамдарды, бірлестіктерді білдіретін аббревиатураларды сөздіктерде берудің қажеттілігі анық. Бұл дәстүр әлемдік лексикографияда кеңінен қолданылып келеді.

Қазіргі түсіндірме сөздіктер көздейтін негізгі мақсат-мүдделердің бірі — тілді үйрену құралы қызметін атқару. “Қазіргі кезде тіл үйрену құралдары көп. Сондықтан түсіндірме сөздіктің концепциясы басқалау болуы керек” деу қате болады. **Түсіндірме сөздік — тілді үйрену үшін ең қажетті құрал. Кезінде академик Л.В.Щерба аударма сөздіктердің тілді үйренуге зиян келтіретінін, тілді жақсы үйрену үшін ең қажетті нәрсе — шет тілінің түсіндірме сөздігі деген ойды айтқан болатын.**

Қазіргі Оксфорд сөздіктерінде қосымша ретінде ағылшын тілінің қысқаша курсы беріледі. Сөздіктің әрбір бетінде сөздіктің негізгі мәтінінен төменгі жерде сөздердің бір тобының негізгі оқылуы қайталанып отырады. Сондай жоғары сапалы сөздікте ондай карапайым материал неге беріледі? Сөздікті жақсы пайдалану үшін, тілді үйренуші оқырманға көмектесу үшін беріледі.

Сондай тіл үйренім мақсатында жасалатын шаралардың бірі — оқылуы, айтылуы қиындық тудыратын сөздерді буындарға бөліп көрсету. Оқырманға ауырлық тудыратын кірме сөздердің ішіндегі қиындары ғана толығымен буынға бөлінеді. Көбінесе кейбір сөздердің қиын буындары ғана

беріледі. Фонолог-ғалымдар тілде орны бекітілген екпін болмағандықтан, оны белгілеудің қателіктерге ұрындыратынын айтады. Дегенмен, тілді үйрету мүддесі тұрғысынан, кейбір тұлғасы ұқсас бірліктерді шартты екпінмен белгілеу жолымен болектеуге болатын тәрізді.

Қазіргі түсіндірме сөздіктерде сөздерді транскрипциялау – міндетті шаралардың бірі. “Түрікше сөздікте” түрік тіліндегі айтылуы қиын төл сөздер мен кірме сөздердің транскрипциясы беріліп отырады. Осы тәжірибені қолдануға болатын тәрізді.

Қазіргі түсіндірме сөздіктерде сөздің түрленім үлгілерін беру тәжірибесі бар. Бұл да оқырманның тілді үйренуі, мәтінді оқуы, өзбетінше мәтін құрауы мен сөйлесе білуі үшін қажетті іс.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздіктерінде (бір томдықтан басқа) негізінен сөз таптары, ішінара категориялық белгілер көрсетіліп отырады.

Лексикалық бірліктердің, лексика-семантикалық варианттардың семантикалық құрылымын ашу – кезкелген түсіндірме сөздіктің басты міндеті. Сондықтан бұл мәселе қазақ түсіндірме сөздіктерінде өз дәрежесінде, қанағаттанарлықтай деңгейде қамтылған деуге болады.

Функционалдық омонимия құбылысы, әсіресе А.А.Юлдашев жазған синтаксистік конверсия құбылысы сөздіктерімізде жеткілікті дәрежеде қамтылып, көрсетіліп отыр деуге болмайды. Соңғы бір томдықта ғана конверсия құбылысының бірқатар мысалдары бар.

Лексикалық бірліктерге берілетін анықтамалардың сөз мәнін толық ашуға жеткіліксіз болатыны белгілі. Сондықтан түсіндірме сөздіктерде әдетте энциклопедиялық, елтанымдық сипаттағы қосалқы деректер келтіріледі. Қазақ тілінің түсіндірме сөздіктерінде ондай деректер болғанымен, жеткіліксіз дәрежеде екендігі белгілі.

Сөз мағынасындағы мәдени компонент яғни сөздік бірліктің елтанымдық белгілері түсіндірме мәтнінде, дәйектеме материалда, фразеологизмдерде көрініс тауып отырады: *Қорімдік зат. Ескі.* Жаңа туған сәбиді яки жаңа түскен келінді коруге келген адамдардың беретін силығы; *Мүше II.* зат. Той-томалақ құрметіне жиналған жігіттердің біреуіне, көбінесе қыздар жағы ұсынатын сыйлық, тарту; *От:*  $\diamond$  От басы, оттай басылды, отпен кіріп, сумен шықты; от ауызды орақ тісті; от орнындай; отқа салды; Бетінен оты шықты.

Қазақ түсіндірме сөздіктеріндегі денотаттың сипаты, жалпылама анықтама, сөз семантикасының мысалдарда ашылуы мәселелері біршама жақсы шешілген деуге болады.

Түсіндірме сөздіктерде сөздік тұлғаның тіркесімділік қабілетін көрсету үйренім мүддесі тұрғысынан қажетті шара екендігі белгілі. Сапалы жасалған сөздіктерде грамматикалық тіркесімділік, лексикалық еркін және тұрақты тіркесімділік қабілет толық көрсетіледі. Сондай сөздіктердің қатарына орыс тілінің С.Кузнецовтың жобасымен жасалған толық түсіндірме сөздігі жатады. Лексикалық тіркесімділік “Түрікше сөздікте” де қолданылып отырады.

Бірнеше мемлекеттік аумақтарда қолданылатын тілдердің түсіндірме сөздіктерінде кейбір сөздік бірліктердің (“регионализмдердің”) жекелеген елдердегі тұлғалық немесе мағыналық қолданым ерекшеліктерінің көрсетілуі, сол үшін арнайы шектеуіш белгілердің қойылуы қажетті шаралардың бірі. Қазақ диаспорасы өлемнің бірқатар елдерінде тұратындықтан, қазақ тілінің болашақта жасалатын түсіндірме сөздіктерінде аталған құбылыстың ескерілуі қажет деп ойлаймыз.

Түсіндірме сөздік нормативті де сөздік болып саналады. Сөздіктегі нормативтілік барлық тілдік нормалардан көрінеді.

Кірме сөздің табиғатын ашу да түсіндірме сөздік үшін міндетті шаралардың бірі.

Сапалы жасалған, әмбебаптық бағдарлы түсіндірме сөздіктер кірме сөз қай тілден, қашан кірді, бастапқы тілден тура енді ме, әлде дәнекер тіл арқылы ауысып келді ме, бастапқы тілдегі тұлғасы мен аралық тілдегі тұлғасы қандай екендігіне анық жауап беруге тырысады. Орыс тілінің жаңа түсіндірме сөздігі (Кузнецов, 2000) осындай сөздіктердің қатарына жатады.

Сөз тұлғасының даму жолы тарихи принципке негізделген түсіндірме сөздіктерде, сондай-ақ әмбебап бағдарлы сөздіктердің бірқатарында анық көрсетіліп отырады. Ағылшын тілінің Оксфорд сөздігі осындай. Аталмыш сөздікте негіз сөздердің ортағасырлық және ескі ағылшын тілдеріндегі тұлғасы беріліп отырады. Сөз латын негізді болған жағдайда оның латын тіліндегі тұлғасы да келтіріледі.

Ағылшын тілінің Оксфорд сөздігі тәрізді сөздіктерде этимонның семантикасы да түсіндіріледі.

Басқа тілдердегі туыстас сөздерді келтіру, біріншіден тарихи сабақтастықты көрсету үшін, екіншіден, тіл үйренім мүддесі тұрғысынан жасалады.

Сөздік тұлғаның басқа тілге аудармасын келтіру – анықтама берудің бір тәсілі. Әдетте **флора мен фаунаға жататын лексиканың латынша атаулары беріледі**. Бұл да қазақ тілінің түсіндірме сөздіктері үшін қажетті шаралардың бірінен саналады.

Денотаттың мәнін ашу үшін түсіндірме сөздіктерде суреттердің, сызбалардың, кестелердің, т.б. көрнекі әдіс-тәсілдердің қолданылып жүргені, оның қажеттігі дау тудырмайды.

Түсіндірме сөздіктегі көмекші сөздердің жеке сөздік мақалада келтірілуі қажет. Тіл үйрену талабы тұрғысынан басты-басты сөзжасамдық жұрнақтарға да жеке сөздік мақала арнау жөн болатын тәрізді.

Сөздік бірліктердің синонимдері мен антонимдерін келтіру – әмбебап бағдарлы сөздіктерге тән. Ол сөздің тілдік жүйедегі орнын дәл анықтауға көмектеседі.

Сөздік бірліктің сөз тудырушылық әлеуетін, яғни деривативтерін көрсету де әдетте әмбебап бағдарлы сөздіктерде жүзеге асырылады. Бұл үшін ішінара ұялық принцип қолданылады. Орыс тілінің жаңа түсіндірме сөздігінде осындай ұялы сөздік мақалалар көптеп кездеседі. Деривативтерді көрсету үшін сөздік мақаланың ішінен арнайы зона болу тәсілі де жиі ұшырасады. Мәселен, ағылшын тілінің шағын Оксфорд сөздігінде (*Concise Oxford Dictionary, 2001*) сондай зона бар.

Жалпы лексикографияда түсіндірме сөздіктерде қосалқы материалдар беру тәжірибесі бар. Олар құрамы жағынан әрқилы болып келеді. Мәселен, ағылшын тілінің шағын Оксфорд сөздігінде (*Concise Oxford Dictionary, 2001*) 8 қосымша бар: әлемдегі елдер, әліпбилер, өлшем бірліктері, жануарлардың дене мүшелерін білдіретін терминдер, корректорлық таңбалар, сөздердің айтылым мен жазылымдағы қысқаша қолданымы, электронды мәтін жіберуде қолданылатын қысқаша белгілер және ағылшын тілін жақсы меңгеруге көмекші.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздіктеріндегі омонимдердің берілу ерекшеліктерін зерттеген А.Османова екі томдықта 990 омоним сөздің тіркелгендігін жазады [Османова 1989, 69].

Ғалымның есептеуі бойынша, он томдық түсіндірме сөздіктегі омонимдердің саны – 6000-нан астам. Демек, он томдықта омоним сөздер жеткілікті дәрежеде берілген.

## *IV тарау*

### **БІР ТІЛДІ ТҮСІНДІРМЕ СӨЗДІКТЕГІ СЕМАНТИКАЛЫҚ АНЫҚТАМАЛАР. ДЕФИНИЦИЯНЫҢ ТҮРЛЕРІ**

Бұл тарауда сөздік мақаланың құрылымына, лексикалық бірліктерді түсіндіру принциптеріне және сөздік дефиницияның типтеріне қатысты мәселелер сөз болмақшы.

Сөздіктің микроқұрылымын яғни оның элементтері мен параметрлерін зерттеу мәселесі лексикография теориясында маңызды орын алады. Сондықтан сөздіктің метатіліне жасалатын талдаудың бірінші басқышы — *параметрлік талдау* болатын болса, оның екінші басқышы — *сөздік мақаланың ішкі құрылымын зерттеу*.

Лексикографиялық тезаурустағы ең негізгі, орталық ұғымдардың бірі — *сөздік мақала*. Сөздік мақала — сөздіктің ең негізгі құрылымдық және коммуникативтік бірлігі болып табылады.

Ағылшын тілді лексикографиядағы сөздік мақала құрылымының даму жолдарын зерттеген А.С.Глебовский (профессор Л.П.Ступиннің шәкірті — М.М.) қазіргі ағылшын тілді түсіндірме сөздіктердегі сөздік мақалалардың құрылымдық ерекшеліктеріне сипаттама беру үшін қажетті шаралар ретінде:

1) ағылшын тілді түсіндірме сөздіктердегі сөзге жасалатын лексикографиялық сипаттама аспектілерінің тізімін жасауды;

2) сөздің лексикографиялық сипаттама параметрлерінің тізбесін жасауды;

3) сөздік мақаланы ғылыми-дидактикалық мазмұндағы мәтін ретінде түсінуді;

4) сөздік мақала құрылымын терең иерархиялық бөлшектерге бөлінген, іштей тәртіптелген зоналар ретінде ұғынуды ұсынады [Глебовский 1988, 4-5].

А.С.Глебовский сөздік мақаланы ғылыми-дидактикалық мазмұнға ие мәтін ретінде, мәтіндік тұрғыдан қарастырады. Мәтін лингвистикасының мамандары сөздік мақала мәтінінің басты категориясы ретінде оның аппараттық құндылығын таныды.



Лексикография теориясының басты міндеттерінің бірі сөздік мақаланың құрылымын зерттеу, сол арқылы оның даму жолына әсер ететін жағдаяттарды анықтап, оны жетілдірудің әдіс-тәсілдерін іздестіру болып табылады. Сол себепті ғалым сөздік мақала мәтінінің басты категориясы ретінде *прагматиканы* атайды.

А.С.Глебовский оның себебін, біріншіден, прагматиканың мәтіндегі анықтамаға кіретіндігімен, екіншіден, мәтін лингвистикасындағы маңызды категориялардың бірі – мәтіннің тамамдалымдылығының (завершенность) прагматика арқылы айқындалуымен, үшіншіден, сөздіктің прагматикалық бағдарын айқындау ісі лексикография тәжірибесіндегі өте маңызды мәселелердің бірінен саналатындығымен түсіндіреді. Ғалым сөздік мақала құрылымының дамуы сөздік прагматикасының дамуымен тығыз байланысты екендігін айтады [Глебовский 1988, 5].

Ғалымның пікірі бойынша, сөздіктің прагматикалық бағдары сөздіктің интенциясымен, аудиториясымен (адресатымен), көлемімен, нысанымен тікелей байланысты болады. Сөздік прагматикасының жетекші элементі – интенция [лат. *intentio* – сананың белгілі бір затқа, ойға, мақсатқа бағытталуы – М.М.]. Сөздік прагматикасының даму жолы анықтамалық интенциядан ⇒ дидактикалық интенцияға, дидактикалық интенциядан ⇒ ғылыми интенцияға ауысу болып табылады [Глебовский 1988, 2].

Бұл құрылым теориялық тұрғыдан дұрыс болғанымен, іс жүзінде әркез осылай бола бермейді деп ойлаймыз. Лексикографияның тарихи даму жолында бұған мысал боларлық деректер көп. Жазу пайда болғаннан бергі кезеңде, бағзы замандардан, б.з.б. 3 мың жылдыктан бері жасалып келе жатқан сөздіктердің бір түрінде осы аталған бағыт-бағдардың бәрі де синкретті түрде болуы, екінші бір түрінде дидактикалық мүдде, үшінші түрінде ғылыми мүдде басым болуы мүмкін. Көне қытай тілінде жазылған иероглифтердің этимологиялық – түсіндірме сөздігінің жасалуында ғылыми мақсат та, дидактикалық мүдде де болуы мүмкін. Ұлы ақындар шығармаларындағы түсініксіз сөздерді түсіндіру үшін түзілген ортағасырлық парсы түсіндірме сөздіктерінде (фархангтер) қай интенция басым деуге болады? Асылы

сапалы жасалған сөздіктің прагматикасында осы интенциялардың үшеуі де бір мезгілде болу керек. Сөздік мақалада ғылыми дефиницияның, үйренімдік бағдардың, танымдық деңгейі жоғары елтанымдық, энциклопедиялық қосалқы деректердің болуы осы мақсатқа қызмет етеді.

Ғалым сөздік мақаланың жетекші категориясы ретінде прагматиканы атай отырып, осы прагматиканың негізінде сөздік мақаланың үш деңгейлі құрылымы (1) сөздің формасы, 2) сөздің мазмұны және 3) тілдің лексикалық жүйесіндегі сөздің өзіндік орны) келіп шығатындығын, ал бірінші деңгей элементтерінің мазмұнын ашу – сөздік мақала құрылымының екінші деңгей элементтерін бөліп шығаруға жол ашатындығын соз етеді.

Ғалымның жазуы бойынша, екінші деңгей элементтерінің прагматикалық мақсат-мүддесі ол элементтердің мазмұнының одан әрі нақтылана түсуіне, сөздік мақала құрылымының үшінші деңгейдегі элементтерінің жасалуына әкеледі. Мәселен, екінші деңгейдегі элемент “орфография”-ның құрамына үшінші деңгей элементтері “орфографика” (сөздің графикалық бейнесінің көрінісі), “аббревиатура” (сөздің графикалық формасының қысқаша түрі) және “бас әріп орфографикасы” (сөздің атау сөз қалыбында ірі әріптермен берілу жағдайларының көрінісі) кірмек.

Сонымен, ғалымның пікірі бойынша, сөздік мақаланың құрылымы иерархиялық тұрғыдан өзара тәуелді үш деңгейді қамтиды, соңғы үшінші деңгейдің элементтері – лексикографиялық параметрлер болса, екінші деңгей элементтері – сөзге жасалатын лексикографиялық сипаттаманың аспектілері.

Алдыңғы тарауда лексикографиялық параметрлер туралы сөз болған еді. Енді сөздік бірліктің сипаттамасы жайында сөз етпекшіміз. Лексикографияның теориялық мәселелерімен айналысқан В.В.Морковкин *түсіндірмелі көпаспектілі сөздіктің элементтері* ретінде мыналарды атайды:

- 1) сөздік бірлік (атау сөз);
- 2) атау сөздің фонетикалық сипаттамасы;
- 3) атау сөздің грамматикалық сипаттамасы;
- 4) атау сөздің семантикалық құрылымының сипаттамасы;
- 5) жеке лексика-семантикалық вариант мағынасының сипаттамасы:

а) абсолюттік құндылықтың сипаттамасы: (анықтама беру арқылы немесе аударма баламалар көмегімен, елтанымдық фон элементтеріне меңзеу (сілтеу) арқылы, графикалық бейне арқылы);

ә) относителді құндылықтың сипаттамасы (яғни, сөдік бірліктің синонимдерін, антонимін, омонимін, паронимін, фразеологизмдерін, стилистикалық және узуалдық байланыстарын, ішкі формасын, қолданылу жиілігін көрсету);

б) тіркесімділік қабілетінің сипаттамасы (синтаксистік және лексикалық тіркесімділік), в) дәйектеме материал ретіндегі сөз тіркестері, сөйлемдер т.б.;

б) сөзжасамдық қабілеттің сипаттамасы;

7) сілтемелер;

8) ескертпелер;

9) анықтамалар [Морковкин 1990, 41].

Байқалып отырғандай, автор денотаттық мағынаны ашудың төрт түрлі жолын ұсынады: анықтама беру, аударма баламасын (мәселен, латынша атауын) келтіру, ұлттық дүниетанымдағы орнын көрсету және суретін беру.

Әрине, осы тәсілдердің бәрі де қолданылатын болса, әуелі лексикалық бірліктің фонетикалық және грамматикалық сипаттамалары берілсе, дефинициядан кейін синонимдері, антонимі, паронимі келтіріліп, фразеологизмдері берілсе, стилдік, т.б. узуалды қолданымдары түгел көрсетілсе, этимологиясы берілсе, қолданылу жиілігі ескерілсе, ассоциативті еркін (синтаксистік) тіркестері мен тұрақты атаулық тіркестері, түйдекті тіркестері жазылса, сөз тіркестері мен сөйлем түріндегі дәйектеме материалдары болса, сөзжасамдық парадигмасы көрсетілсе, түрлі мақсатты сілтемелер, ескертпелер қолданылып, энциклопедиялық сипатты қосалқы деректер келтіріліп жатса, сөздік мақаланың толық әмбебап болып шығары анық.

Лексикографиялық туындылардағы сөздік бірлікке анықтама беру, түсіндірме жасау кезінде жеке лексикалық бірліктер мен тұтас лексикалық жүйенің ішкі құрылымын, заңдылықтарын көрсетуге талпыныс жасалады.

Тілдің әрі қоғамдық құбылыс, яғни тұтас бір халықтың қолданатын құралы, әрі жеке, индивидуалды құбылыс (жеке адамның қолданатын құралы) ретінде қарастырылып келгені белгілі.

Ты білімінің тілді *қалыптасқан қоғамдық құбылыс* ретінде қарастыратын бөлігі – *сипаттамалы-жіктемелі* лингвистика деп аталатын болса, оны *жеке адамның ішкі дүниесінен өсіп шығып, ұлғая беретін тірі организм* ретінде қарастыратын бөлігі – *антропоцентристік* лингвистика аталып келеді.

Кезінде Гумбольдттың бұрыннан бар, қалыптасқан *эргон-тіл* (ergon) мен үнемі туындап, дамып отыратын, қозғалыстағы (процестегі) *энергея-тілді* (energeia) шендестіре қарауынан да тілдің осы сөз болып отырған жақтарының өзіндік ерекшеліктерін байқауға болады. Сөздіктегі бірлікке сипаттама жасалған кезде мәселенің осы екі жағы (аспектісі) міндетті түрде ескерілуі қажет деп ойлаймыз.

#### 4.1. Семантикалық анықтамалар

Түсіндірме сөздіктегі сөздік бірліктердің лексикалық мағыналарына берілетін семантикалық анықтамалар мәселесі – сөздіктегі ең өзекті мәселе екендігі белгілі. Семантикалық анықтамалардың сипаты көптеген жағдайларға тәуелді. Оған сөздіктің адресаты, көлемі, көздеген мақсат- мұделері, сөз болғалы отырған затқа, құбылысқа қатысты ғылыми таным мен білімнің даму деңгейі, сөздікті жасаушылардың білімі мен білігінің деңгейі т.б. экстралингвистикалық жағдайлар, заттар мен құбылыстарды сипаттауға қажетті тілдік құралдардың – сөздер мен терминдердің болуы, олардың лексикалық мағыналарының ерекшеліктері, лексикографиялық әдіс-тәсілдердің игерілу дәрежесі, жалпы лексикографияның және түсіндірме сөздіктің метатілдерінің даму дәрежесі, т.б. тілдік жағдаяттар кіреді.

Анықтамалар мәселесін арнайы зерттеген белгілі ғалым Д.И.Арбатскийдің жазуы бойынша, семантикалық анықтамалар өзара тығыз байланысты үш танымдық қызметті жинақтап, бірге атқарады:

а) сөздің не бейнелі тіркестің мәнін ашады, тілдің семантикалық жағын дамытып, жетілдіреді;

ә) объективті дүниедегі заттар мен құбылыстардың көптеген жіктемелерін, ғылым мен практикада зерттелген маңызды байланыстар мен қатынастарды тіркейді;

б) сөздер мен терминдерге байланысты түсініктерді, ұғымдарды құрайды, байытады, жаңартады, сонымен бірге маңызды ойлау операцияларын құрайды [Арбатский 1977, 10].

Түсіндірме сөздікті құрастырушылар лексикалық бірліктің мағыналарын жинақы түрде ашу арқылы жасампаздық жұмыс жасайды. Олар мағыналардың көлемін, шегін айқындау арқылы оларды тереңдете, дәлдей, нақтылай түседі. Ғылымдағы, ел өміріндегі, тіл біліміндегі жаңалықтардың, дамудың нәтижелерін ескере отырып, бұрынғы мағыналарға өзгеріс енгізіп, оларды түрлендіре, жандандыра түседі.

Д.И.Арбатский дүниені тереңірек тану жолындағы әрбір жаңа кезеннің сөздің түсіндірмелерінде көрініс беретіндігін, мәселен, осімдіктер мен жануарларға ғылыми тұрғыдан жіктеме жасаудың (классификациялаудың) биологиялық лексиканың мағыналарын дәлірек, тереңірек ашуға жеткізгендігін, атомдық-молекулалық құрылымның ашылуы материалдық дүниені қарастыратын лексикада сөз мағыналарының тереңдей түсуіне негіз болғандығын, ал қоғамның даму заңдылықтарының ашылуы әлеуметтік-саяси лексиканың қайтадан қаралуына әкелгендігін жазады [Арбатский 1977, 16-17].

Осыдан түсіндірме сөздіктің ғылымдағы жаңалықтарды, ғылымның даму парадигмасындағы өзгерістерді қабылдаудағы өткізгіштік қызметі, оларды қорытып, оқырманға жеткізудегі дәнекерлік қызметі көрінеді.

Д.И.Арбатский ғылымның дамуының жаңа, арнаулы энциклопедиялық анықтамаларды тудырып отырғандығын, ғылым мен білімнің жалпы деңгейінің көтерілуіне байланысты семантикалық анықтамалардың енді арнаулы нысандарды да қамтып отырғандығын, бір мезгілде әрі энциклопедиялық, әрі семантикалық қызметті тең дәрежеде атқаратын анықтамалардың саны жүйелі түрде (систематически) осуде, ұлғаюда екендігін, сондықтан семантикалық анықтамаларды жасау кезінде олардың энциклопедиялық анықтамалардан өзгешелігін ғана емес, ұқсастықтарын да ескеру қажет болып отырғандығын ескертеді.

Ғалым өз еңбегінде анықтамалардың функционалдық типтерін (тіркеуші және нормалаушы, формалды және мазмұнды, түсіндірмелі және аудармалы, сөзбесөз (жазбаша) және көрнекі, нақты анықтамалар) атады.

Барлық семантикалық анықтамалардың бір-бірімен өзара байланысты екі қызметті (сөзқолданымның сипатын белгілеу және сөзқолданымның нормасын нұсқау, яғни сөзді, терминді қалай түсіну керектігін көрсету) атқаратындығын сөз етеді. Іс жүзінде сөзқолданымның сипатын белгілейтін анықтамалардың мақсаты – дұрыс немесе қате екендігіне қарамастан тілде бар қолданымды сол күйінде тіркеу екендігін айтады. [Реті келгенде белгілі ғалым Р.Ф.Сыздықованың қазан төңкерісіне дейінгі кезеңде жарық көрген қазақ сөздіктері туралы жаза отырып, олардың негізінен тіркеуші (регистрациялаушы) сипатта болғандығын айтқандығын еске саламыз – М.М.]

Яғни бұл тұрғыдан сөздің қалай қолданылуы мүмкіндігі немесе қалай қолданылуы керек екендігі маңызды емес, ол үшін сөздің осы ұжымдағы немесе осы адамның аузындағы осы кездегі нақты қолданылуы маңызды. Сондықтан да мұндай анықтамалар үшін контекстің, мысалдардың рөлі өте зор.

Бұл тәрізді анықтамалар қоғам мен тіл дамуының сол кезеңіндегі адамдардың сөзді түсіну деңгейін бейнелейді, сол кездегі жалпылама сөзқолданымды бекіту, тіркеу үшін қолданылады.

Қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігіндегі екі-үш дәйектеме мысал келтіру арқылы белгіленген анықтамалар осы тіркеуші анықтама түріне кіреді.

Д.И.Арбатскийдің пікірі бойынша, *нормативті анықтамалар* белгілі бір сөзқолданымды қазіргі әдеби тілдің нормасы ретінде ұсынады.

Бұл анықтама деректерді қорыту арқылы жасалады. Анықтама сол кезеңдегі объективті шындыққа, шын мәніндегі ғылыми көзқарасқа сәйкес болуы керек. *Сол себепті мұнда контекстің немесе мысалдардың тіркеме анықтамадағыдай зор маңызы жоқ.*

Алайда нормалаушы сөздіктердегі анықтамалардың бәрі бірдей объективті бола бермейді. Кейде сөздікшінің өз көзқарасын норма ретінде ұсынатын жағдайлары да болады. Оған мысал ретінде Самуэл Джонсонның 1755 жылғы “Ағылшын тілінің сөздігіндегі” атышулы анықтамаларын келтіруге болады: *сөздікші* (лексикограф) – *сөздерді зерттеумен және олардың мағыналарын анықтаумен айналысатын,*

*ешкімге зияны жоқ бейнеткер адам; пенсия — ақша табу үшін еңбек етіп, тер төкпейтін адамға берілетін сыйақы; пенсионер — өз қожайынына ақша үшін бағынышты болатын мемлекеттің құлы* [Ступин 1979, 113].

Нормативті анықтамалар мемлекеттік идеологиямен де тығыз байланысты болады. Д.И.Арбатский оған мысал ретінде кеңес үкіметі кезеңінде шыққан сөздіктердегі *мемлекет, ұлт, тап, революция, партия, гуманизм, космополитизм, идеология* сөздерінің анықтамаларын атайды (“мемлекет — белгілі бір елдегі үстем таптың осы таптың мүдделерін қорғау және таптық қарсыластарын басып-жаншу мақсатымен құрылған, үкімет пен оның органдарын қамтитын саяси ұйым”).

Бұл анықтамадағы мақсат — *мемлекет* терминіне қатысты марксистік дүниетанымға сәйкес жаңа түсінікті бекіту, орнықтыру, сөздің бұл мағынадан басқа буржуазиялық түсініктегі мағынасының жалғандығын көрсету. Бұл мағынаның дәйектеме материалдары мен мысалдары да жаңа мазмұнды контексте болу керек.

Ғылыми терминдерге берілетін анықтамалар да осы нормативті анықтамалар түріне жатады. Мәселен, қазақ тіл білімінің терминдеріне берілетін анықтамалар олар туралы сол кездегі ғылымда қалыптасқан түсініктердің деңгейін көрсетеді.

Екінші тарауда айтылғандай, қазақ тілінің түсіндірме сөздіктері тіркеме анықтамаларға да, нормалаушы анықтамаларға да бай. Сол себепті олар әрі тіркеуші, әрі нормалаушы сөздік болып табылады.

Жекелеген ғылым салаларында бұрыннан дұрыс, ғылыми негізде қалыптасқан түсініктер мен ұғымдар болады. Мәселе сәл ескіре бастаған ұғымдарды жаңартып отырудың қажеттілігінде. Бұл қағида әсіресе кең таралған ғылыми терминологияға қатысты. Оны қолдану кезінде ғылымда қабылданған түсініктен әр түрлі ауытқушылықтар байқалады. Сондықтан, А.А.Шахматов айтқандай: “Ғылыми, техникалық терминдер олардың жалпы тілде ұғынылып, қолданылып жүрген қалыбында түсіндірілмеуі керек. Сөздіктерде ғылыми терминдердің ғылым мен техника саласында қабылданған логикалық дәл анықтамаларын беру қажет... Тиісті сала бойынша маман ғалымдардың қатысуынсыз, олардың жәрдемінсіз, терминге дұрыс түсіндірме беру мүмкін болмай қалады” [Виноградов 1941, 368; Арбатский 1977, 23].

Салалық мамандардың жәрдемі қажеттігін мойындай отырып, терминге оларсыз дұрыс түсіндірме берудің мүмкін еместігі туралы пікірді тым категориялды айтылған деп ойлаймыз.

Қалайда ғылым Прометейдің отындай, алда болуы керек, халықты алға бастауы керек. Ал, ғылым қатарға ілесіп жүрсе, не артта қалса болды, оған сын айтыла бастайды. Бұл ақиқаттың лексикографияға тікелей қатысы бар.

Д.И.Арбатский қоғам, тіл дамыған сайын нормативті анықтамалардың бірқатар бөлегі жаңа талаптарға жауап бере алмайтындай болатындығын, олардың орнына жаңа дүниетанымды, мәдениет пен ғылымның дамуындағы анағұрлым жоғары деңгейді бейнелейтін түсіндірмелердің келетіндігін жазған болатын.

1 *Формалды анықтамалардың* басты міндетіне осы мағынаны ерекшелеу, өзгешелеу, басқа мағыналар мен қолданыстардан шектеу, айыру міндеті жатады. Әдетте мұндай анықтамалар арқылы осы мағынаны басқалардан ажырату, бөлектеуге қажетті семантикалық айырым белгілері көрсетіледі. Сондықтан олар негізінен формалды (ажыратушы, айырушы) ұғымдарды білдіреді [Арбатский 1977, 24].

Ғалым бұл анықтамалардың дәстүрлі түрде қолданылатын саласы — көпшілікке жақсы таныс заттар мен құбылыстар екендігін айтады. Яғни сөздің мағынасы жалпылама көпшілікке белгілі болса (керует, қолшатыр, балға, шеге, шанышқы, қасық, көзілдірік), оған қысқаша ғана айырым белгілерін көрсетумен шектелетін анықтама беру жеткілікті. Ал, сөздің мағынасы белгісіз болса, оған толық, жан-жақты анықтама беруге тура келеді.

Сол себепті Д.И.Арбатский *“ауыз — адамның және бірқатар жануарлардың бетінде болатын, ерін арқылы ашылып, жабылып тұратын, дауыс шығаруға және тамақ ішуге қызмет ететін мұрын астындағы тесік”* тәрізді анықтамаларды артық санама, *“агрессия — шабуыл, агрессивті қатынас”* анықтамасын кем санайды, оның орнына *“агрессия — бір немесе бірнеше мемлекеттің басқа елдердің жерін басып алып, халқын құлдыққа түсіру мақсатымен немесе бір мемлекетті (мемлекеттерді) басқа мемлекетке экономикалық тұрғыдан тәуелді ету, оның (олардың) саяси, не қоғамдық құрылысын өзгерту мақсатымен жасаған қарулы шабуылы”* анықтамасын жөн көреді.



Сөздің мағынасын сөзбен сипаттау арқылы ашатын анықтамаларды *вербалды*, бейнелеу арқылы ашатын анықтамаларды *визуалды* анықтамалар дейді. Д.И.Арбатский көрнекі құрал (сурет) көмегімен жасалатын визуалды анықтамаларда суретке қосымша сөздің айтылымы да берілетіндігін жазады. Қазіргі кезеңдегі визуалды анықтамаларда суреттен басқа да көрнекі құралдар (кестелер, сызбалар, тізбелер, т.б.) қолданылады. Бұрын суретке қосымша атау сөздің айтылымы берілетін болса, қазіргі кезеңде атаудың айтылымы, не айтылымы мен жазылымы немесе тек қана жазылымы беріліп жүр. Әрине, басқаша варианттардың болуы да әбден мүмкін. Мәселен, “Oxford- Duden” атты суретті сөздікте (*The Oxford-Duden pictorial English Dictionary*) суреттерге, сызбалар мен тізбелерге тек, түрлік ерекшеліктерді, қолданылу аймағы мен стилін білдіретін белгісөздермен, аббревиатуралармен жабдықталған атаулар тізбесі беріледі. Көрнекі анықтамалар әсіресе тілді үйрену ісінде (жас балалар және шет тілдіктер үшін) жиі қолданылады.

Д.И.Арбатский жолбарыстың көрнекі бейнесі мен жолбарыс сөзінің анықтамасы арасындағы айырмашылықты былай түсіндіреді: жолбарыстың бейнесін көргенде оның бірқатар нақты белгілерін (сыртқы түрі, мінезі, көлемі, түсі) байқаймыз. Ал оның анытамасынан (“*азияның ормандарында, қопалы, қамысты жерлерінде мекендейтін ірі денелі, қара жолақтары бар сары түсті, мысық тұқымдас сүт қоректі жануар*”) бүкіл жолбарыс тұқымына қатысты белгілерді, ұзақ бақылау арқылы қорытылған белгілерді байқаймыз [Арбатский 1977, 35].

Ғалым сөздің лексикалық мағынасына берілетін әрбір анықтаманың сөздегі семантикалық белгілерді көрсету жолымен жүзеге асырылатындығын жазады. Түсіндірме, ғалымның ойынша, сөздің мәндік құрылымына, оның құрамдас компоненттеріне жасалатын анализ бен синтездің ең тиімді тәсілі болып табылады.

Ең жалпыға ортақ семантикалық белгілерді анықтау – лексикалық мағынаның құрылымын ашудан да басқа, семантикалық анықтамалардың мәнін тереңірек ұғынуға, ол анықтамалардың қалыптасу, жетілу процесін анықтауға мүмкіндік береді.

Байыпты зерттеу семантикалық түсіндірмелердің негізінде саны шектеулі әмбебап семантикалық белгілердің жататындығын көрсетеді. Ол белгілер: нәрсенің не құбылыстың құрылымы (құрамы, құрылысы), оның неге, кімге арналғандығы немесе қызметі, іс-қимыл не операция, кеңістіктегі орын ауыстыру ретіндегі қозғалыс, қалып, тұрақты орын (кеңістік), уақыт, сан (белгінің өлшемі, сонымен бірге біліну жиілігі), түс не бояу, себеп, шарт, салдар, тәсіл, іс-қимылдың нәтижесі немесе мақсаты, салмақ, иіс, дәм т.б.

Семантикалық анықтамалар — осы белгілерді қорыту, айқын көрсету әдістері мен оларды біріктіру, бірбүтін лексикалық мағынаға айналдыру тәсілдері болып табылады.

Ғалымның пікірі бойынша, тілдің лексика-семантикалық жүйесінде лексикалық мағыналардың бір-бірімен байланысты екі типі болады: *синтетикалық* және *аналитикалық*.

Синтетикалық мағына нақты лексикаға (жанды тіршілік иелерінің атаулары, өсімдіктердің, заттардың, материалдардың, әлеуметтік құбылыстардың, кешенді құрылыстардың, т.б. атаулары) тән. Синтетикалық мағынаны құрылымдық семантикалық белгілердің шоғырлары деуге болады.

Аналитикалық мағына дерексіз лексикаға (кең мағынада) тән. Олар: дерексіз зат есімдер, етістіктер, сын есімдер, сан есімдер, үстеулер және т.б. Бұл лексикаға жататын сөздер заттар мен құбылыстардың қорытылған, жинақы қасиеттерін білдіреді. Олар жеке-жеке семантикалық белгілерді немесе ол белгілердің шағын тобын көрсетеді. Семантикалық анықтамаларда нақты атаулар мен терминдерді білдіретін сөздердегі әр алуан семантикалық белгілердің бірқатары бір мезгілде тізіледі. Бұл анықтаманың мақсаты — сөз мағынасына кіретін барлық негізгі семантикалық белгілерді көрсету.

Мәселен, заттық лексикаға кіретін сөздердің, яғни заттардың, материалдардың атауларының мазмұнында бір мезгілде бірнеше белгілер: олардың физикалық-химиялық құрамы, не нәрсеге арналғандығы, құрылу (жасалу) тәсілі немесе өндірілу тәсілі (тегі), салмағы, түсі, иісі т.б. көрсетіледі. Мысалы, *ауа — дем алуға қызмет ететін* (міндет, қызмет) *жердің атмосферасын құрайтын* (түрған жері) *газдардың, негізінен азот пен оттегінің* (құрам) *қоспасы*.

Өсімдіктерді, жануарларды білдіретін сөздердің (биологиялық лексика) мазмұнына бір мезгілде кіретін белгілер: морфологиялық құрылым, генетикалық туыстық (тек), адамның пайдалануы (функция), мекендейтін немесе өсетін жері, түсі, көлемі т.б. Мәселен сирень – *декоративтік* (неге арналғаны) *ақшыл немесе ақ түсті* (түс) *жұпар иісті* (иіс) *шоқ-шоқ болып біткен* (құрылым) *гүлдері бар бұталы өсімдік* (тек).

Қоғамдық-саяси лексиканың семантикалық моделіне: іс-қимыл, қызмет (операция), іс-қимыл мақсаты, себебі, шарты, салдары, уақыты, т.б. семантикалық белгілер кіреді. Мәселен, феодализм – *капитализмнің алдындағы* (уақыт) *өндіріс құрал-жабдықтарына феодалдық меншікке, басыбайлы тәуелділіктегі* (шарт, жағдай) *дихан-шаруаларға жартылай меншікке, сондай-ақ, феодалдардың өз жерінде мемлекеттік өкімет қызметтерін жүзеге асыру құқына* (функция) *негізделген қоғамдық құрылыс*.

Сөздің мағыналарын зерттеу процесінде адам баласының тілі мен ойлау қабілетінің негізін құрайтын объективті дүниенің сандық-сапалық моделі танылады.

Ғалым аналитикалық анықтамаларда 1-2-3 қана семантикалық белгінің көрсетілетіндігін, аналитикалық анықтаманың мақсаты осы белгілерді анықтап, қорытып, жеке-жеке көрсету болып табылатындығын сөз етеді.

#### 4.1.1. Семантикалық белгілер

Д.И.Арбатскийдің еңбегінде басты-басты семантикалық белгілер аталады:

##### 1. Функция, заттың неге арналғанлығы.

Функционалды анықтама: *тамыр* – өсімдіктердің жерден құнар алатын органы, *құлып* – бір нәрсені кілттеуге арналған құрылғы).

Қоршаған ортаның заттарын адамның қажетіне пайдалануды бейнелейтін бұл белгі тірі жәндіктер мен өсімдіктердің органдарына, тұрмыс заттарына, приборлар мен құралдарға, құрылыстар мен кешендерге, бұлардан басқа да қоғамдық қызмет атқаратын заттар, мекемелер, ұйымдар, қоғамдар т.б. атауларға анықтама беруде қолданылады.

Аналитикалық лексикадан функционалдық мағынаның ең толымды қызмет атқаратын сөз таптары – сын есім, есімше, ішінара етістіктер.

## 2. Заттың құрылымы мен құрамы.

Заттың құрылымы мен құрамы оның функциясымен тығыз байланысты. Сол себепті ол сол “дене мүшелері, өсімдіктер мен жануарлардың мүше атаулары, құралдар мен құрылымдардың құрамдас бөлімдері, бөлшектері” мағынасының бір компоненті болып табылады. Көбінесе функцияны көрсетумен бірге көрсетіліп отырады. Құрылымдық-функционалдық анықтама: *дирижабль* – газ толтырылған, ауадан жеңіл, әуеде ұшып жүретін моторлы аппарат.

Алайда көптеген жағдайларда басты белгі заттардың физикалық, химиялық құрамы, морфологиялық құрылымы болады. Сондай-ақ, жанрлардың, документтердің, жалпы құрамы көрсетілетін заттардың бәрінде (өлең, әңгіме, конституция т.б.) құрылымдық дефинициялар қолданылады.

## 3. Іс-қимыл. операция.

*Құрылысшы, ұшқыш, доцент* атаулары операцияны жасаушыларды көрсетеді.

Іс-қимылдың семантикалық белгісі (операция) – көптеген жұмыс түрлерін атқаратын мамандар үшін өте маңызды белгі.

Бірдеңеге әсер ететін заттар мен құбылыстарды білдіретін атауларда да (фермент, вирус, генератор) осы белгі болады.

Дерексіздену (абстракция) де іс-қимылдың семантикалық белгілерінің қатарына жатады. Алайда, операциялық анықтаманың өте жиі қолданылатын жері – субъектінің іс-қимыл атаулары. Мәселен, *еңбек, көбейту, қорыту* тәрізді сөздердің ең маңызды элементі – іс-қимыл, операция. Сондықтан операциялық мағынаның ең толық білінетін жері – етістіктер. Есімше және көсемше де операциялық мағынаға ие.

## 4. Қалып (жағдай, күй)

Физикалық, психикалық қалып немесе әлеуметтік жағдай да зат есім, сын есім, етістік, есімше т.б. сөз табындағы сөз топтарында жиі кездесетін семантикалық белгілердің бірі. Қалып әсіресе айқын білінетін сөз таптарына сын есім, етістіктің қалып категориясы жатады (көңілді, ауру, сау, түру, отыру, ұйықтау, қуану).

Адамның физикалық, психикалық, әлеуметтік жағдайларын білдіретін сөздерде (пессимизм, қайғы, арман, маскара, пессимист, инвалид, қарт, жас, қаңғыбас, ақылды, жолдас т.б.) осы семантикалық белгі болады.

Агрегаттық қалып (газ, сұйықтық, қатты дене т.б.) көптеген заттар мен материалдардың атауларындағы (мұз, кен, су, плазма, сұйықтық, керосин, тас, құм т.б.) басты белгі. Мәселен, *ауа райы* – белгілі бір уақыттағы белгілі бір жердегі атмосфераның жай-күйі.

#### 5. Орын. кеністік.

Локалды анықтамалар негізінен космостық денелер атауларында, географиялық лексикада қолданылады: *атмосфера* – жерді қоршаған ауа қабығы. Сонымен қатар, өсімдіктер мен жануарлардың өсетін, мекендейтін жерлерін, халықтардың тұратын жерлерін, т.б. көрсету үшін қажетті белгі.

#### 6. Заттың. құбылыстың пайда болу. жасалу тәсілі.

Заттар мен құбылыстардың пайда болу, жасалу тәсілін білдіретін генетикалық анықтамалар белгілі бір процестің, іс-қимылдың нәтижесінде пайда болған зат, құбылыс, материалдарды (шойын, мұнай, дөңгелек, шар, конус т.б.) түсіндіруде қолданылады.

Генезис – көптеген өсімдіктер мен жануарлар атауларындағы маңызды компонент (торғай тұқымдас, қызғылт гүлділер, айқыш гүлділер, сүтқоректілер).

#### 7. Заттың немесе құбылыстың тіршілік уақыты.

Құбылыстардың уақыт өте өзгеруін, уақытпен шектеулілікті (бесжылдық, жүз жылдық. қысқы, жазғы), т.б. түсіндіруге қолданылатын темпоралды (уақыттық) анықтамалар хронологиялық кезеңдерді білдіретін атауларды (неолит, мезозой, матриархат, семестр, қыс, көктем, ерте, кеш, тәулік, жыл, минут) қамтиды.

Осы тәрізді сөздердің мағыналарын ашуда уақыттық (темпоралдық) белгі ең негізгі компонентке айналады: *неолит* – тас ғасырының ең соңғы кезеңі; *жаз* – жазғы ең ұзақ күннен (22 маусым) күзгі күн мен түннің теңелуіне (23 қыркүйек) дейінгі аралықта болатын жыл мезгілі.

Бұрынғы уақытта болған заттар мен құбылыстарға анықтама беруде де өзекті белгі темпоралдылық болады.

Түсіндірме кезінде мұндай сөздерге мезгілдік сын есімдер (*ескі, ескірген, бұрынғы, ертедегі, төңкеріске дейінгі* т.б.) арқылы қосалқы анықтама беріледі. Темпоралды белгі етістіктер, сын есімдер, үстеулер арқылы да беріледі (ұйықтау – біраз уақытты ұйқыда өткізу, біраз уақыт мызғып алу; күнделікті – әр күн сайын, әрқашан, үнемі істелетін іс; кеше – осы күннің алдындағы күн).

#### 8. Себеп, салдар, шартты жағдай.

Бұл белгі табиғат құбылыстары мен әлеуметтік өмір құбылыстарын білдіретін сөздердің мағыналарында болады (радиоактивтілік, анархия, дағдарыс, инфляция т.б.).

Себеп белгісі көптеген етістіктердің, үстеулердің мағынасында да болады: жарамсыздандыру – бір жерінде кемістігі болу себепті жарамайтын деп танушылық.

#### 9. Іс-әрекеттің, қызметтің мақсаты.

Аталған белгі адам жүзеге асыратын іс-әрекеттердің, операциялардың атауларында, көбінесе адамның түрлі қызмет түрлерін белгілейтін зат есімдердің мағыналарында болады (*экспедиция, диверсия, гимнастика, агрессия, саясат, тәрбие* т.б.).

Бұл тәрізді іс-әрекеттердің мақсатын ашу – ол әрекеттердің ең маңызды белгілерін де ашуда болып табылады (спорт – организмді дамыту және шынықтыру мақсатымен жасалатын физикалық жаттығулар).

#### 10. Түс, бояу.

Өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің, минералдардың, металдардың т.б. атауларындағы лексикалық мағынаның құрамында болады. Бұл мақсатта түр-түсті білдіретін сын есімдер қолданылады.

#### 11. Заттың, құбылыстың көлемі.

Бұл белгі де заттар мен құбылыстарды тану үшін аса қажетті. Өлшемді белгілеуге қатысты атаулардың бәрінде қолданылады.

Сөздің лексикалық мағынасында бұлардан да өзге маңызды компоненттер – семантикалық белгілер болады. Олардың қатарына: іс-қимыл не операцияның тәсілі (үстеулер үшін); салмақ, дәм, температура, иіс, дыбыс (заттар, минералдар, азық-түлік т.б. атаулары үшін), т.б. жатады.

**Көрсетілген семантикалық белгілердің құрамы энциклопедиялық анықтамалардағы заттар мен құбылыстардың әмбебап белгілерінің жиыптығына сәйкес келеді [Арбатский 1977, 41-58].**

Сөз болған жайлардан шығатын бір басты қорытынды: лексикалық бірліктерге анықтама беруде тиісті жерлерде жоғарыда аталған семантикалық белгілерді көрсетіп отыру – жалпы филологиялық түсіндірме сөздік пен энциклопедиялық сөздік типтерін ұластыру жолындағы ең негізгі қадам болып табылады.

Бұрынғы кезеңде терминологиялық лексика энциклопедиялар мен терминологиялық сөздіктерде қарастырылатын болғандықтан және филологиялық сөздіктің орта білімді адамға арналып жасалуына байланысты ондағы ғылыми білімнің дәрежесі салыстырмалы түрде төмен саналып келді. Осыдан келіп, алдыңғы тарауларда сөз болғандай, “ғылыми басылымдарда – энциклопедиялық, ғылыми дефиниция, ал түсіндірме сөздіктерде – филологиялық түсіндірме болады” деген біржақты көзқарас қалыптасты. Түсіндірме сөздікте ғылыми дефинициялардың көбеюіне, әдеби түсіндірме мен ғылыми дефиницияның бір-біріне ұластырыла бастауына, ақыры әдеби тілдің негізі – ғылым тілі болуына байланысты қазіргі кезеңде бұл жіктеменің мазмұны өзгеріп отыр.

#### **4.2. Лексикалық бірліктер мағынасына түсіндірме жасаудың тәсілдері**

Түсіндірме сөздіктегі лексикалық бірліктерге түсіндірме жасаудың көптеген әдіс-тәсілдері бар.

Мәселен, Д.И.Арбатский нақты түсіндірме тәсілдері ретінде:

а) синонимдік;

ә) санамалық;

б) мәні кеңірек жоғарғы сынып белгісі мен заттың өзінің ерекше белгілерін көрсету арқылы берілетін анықтама;

в) сипаттамалы (дескриптивті);

г) терістеуші (негативті) – анықтамаларды атайды.

Ғалым аталған тәсілдерді біріктіру жолымен бір түсіндірмеде сипаттамалы-синонимдік, сипаттамалы-санамалық, санамалық-сипаттамалы, мақұлдаушы-терістеуші т.б. анықтамалардың жасалатындығын айтады [Арбатский 1977, 59].

Ғалым *түсіндірме* терминін дефиницияның бір түрі ретінде, ал *семантикалық анықтама* мен *дефиниция* терминдерін тең дәрежеде, бір ұғымды беретін терминдер ретінде алып, бірінің орнына бірін қолданып отырады.

Ж.М.Гузеев қазіргі кезеңдегі түркі тілдерінің түсіндірме сөздіктерінде қолданылатын сөз мағынасын түсіндірудің тәсілдері ретінде: *сипаттамалы, синонимдік, санамалы, сілтемелі* және *аралас* анықтамаларды атайды [Гузеев 1985, 123].

Ағылшын тілді лексикографиядағы белгілі ғалымдар Р.Робинсон мен Л.Згустаның еңбектері негізінде жасалған, әлемдік лексикография тәжірибесінде ең кең таралған түсіндірме тәсілдері қатарында: *сөздік дефиниция, дәйектеме мысалдар, лексикалық шағын жүйенің басқа элементтеріне жасалатын сілтеме, суреттер, балама аудармасын беру, этимологиялық деректер келтіру тәсілдері* жатады.

Зерттеудің бірінші тарауында Л.П.Ступиннің, А.Е.Карповичтің еңбектері негізінде түсіндірме ұғымының аясы кең екендігін, оған лексикалық бірліктің негізгі семантикалық сипаттамасы (дефиниция); дәйектеме материал (авторлық қолданыстағы сөз тіркестері, мысалдар, түсініктемелі парафраздар, суреттер); қосалқы семантикалық-функционалдық сипаттамалар кіретіндігін сөз еткен болатынбыз.

Лексикография теориясында сөздіктегі дефиниция деп атау сөзбен синонимдес қатынаста тұрып, ол туралы дерек көзі болап табылатын сөз саптауды айтады. Синонимдес қатынастар атау сөз бен оның дефинициясының семантикалық бірлігіне негізделеді. Сөздік бірліктің семантикалық құрылымын неғұрлым тиімді жолмен ашу мақсатында дефиницияның белгілі бір тәсілдері таңдалып алынады.

Р.Робинсонның “Дефиниция” (1950) атты монографиясынан кейін лексикография теориясындағы анықтама берудің негізгі әдіс-тәсілдері ретінде: *аналитикалық, синтетикалық, денотаттық (санамалы), синонимдік, функционалдық, сілтемелік* дефинициялар саналады.

Дефинициялық анықтама – метатілдік анықтаманың арқауы, оның ең негізгі, өзекті бөлігі. Сондықтан түсіндірме



сөздіктің метатілін зерттеу мәселесінде дефинициялық талдау жасаудан маңызы зор. Түсіндірме сөздіктердегі лексикалық бірліктердің семантикалық сипаттамасына талдау жасау үшін дефиницияның негізгі түрлерін қарастыруға тура келеді.

Белгілі ғалымдар Б.Қалиев пен А.Жылқыбаева сөздік бірліктерге анықтама берудің төрт типін атайды: *сипаттамалы анықтама, синонимдік анықтама, сілтемелі анықтама және аралас* немесе *ұластырмалы анықтама* [Қалиев, Жылқыбаева 2002, 89].

Жоғарыда аталған авторлардың көзқарастарын негізге ала отырып, сөздік бірліктерге берілетін анықтамаларды төмендегі ретте қарастырғанды жөн көріп отырмыз:

1. Сипаттамалы анықтама
2. Аналитикалық анықтама
3. Синтетикалық анықтама
4. Синонимдік анықтама
5. Терістеуіш (негативті) және антонимдік анықтама
6. Денотаттық (санамалы) анықтама
7. Функционалдық анықтама
8. Сілтемелік анықтама
9. Аралас (ұласпалы) анықтамалар.

Анықтамалардың, яғни дефинициялардың негізгі типтерінен кейін түсіндірменің қосалқы элементтері:

- а) “стилдік” мағына элементтері және стилдік сипаттама;
- ә) қосалқы этимологиялық ақпар;
- б) аударма;
- в) қосалқы коннотативті (елтанымдық, энциклопедиялық) деректеме;
- г) индикативті түсіндірме (семантикалық және ассоциативтік өріс элементтерін көрсету);
- ғ) ингерентті түсіндірме;
- д) сурет — мәселелері сөз болмақшы.

#### 4.2.1. Сипаттамалы анықтама

Д.И.Арбатский бұл тәсілдің өзіндік ерекшелігі ретінде анықтамадағы алғашқы атаулық бөліктің мүлде болмауын, анықтаманың жалпылама сипаттамаға айналуын атайды. Мысалы: мәдениет (кең мағынасында) — *адамзат қауымын-*

да адамдардың қолымен жасалған, сондықтан адамдардың дене және ой еңбегі арқасында болатын дүниеліктер; көшір-меші – өзі ойдан шығарып немесе біреудікін көшіріп жазушы; көне – бұрын жаңа болған нәрсе.

Ғалым бұл тәсілдің іс жүзінде тек-түрлік белгілердің көмегімен анықтама берудің ретсіз, жөнсіз болған кезінде немесе ондай анықтама беру қиын болған жағдайларда ғана қолданылатынын айтады.

Сондықтан, бұл тәсіл *мақсат, инвариант, көрсеткіш, жаңалық* тәрізді кең мағыналы сөздерге анықтама беруде қолданылады, себебі оларды белгілі бір жіктемелік белгінің көмегімен түсіндіру мүмкін емес: мақсат – *жүзеге асырылуы қажетті нысана*; көрсеткіш – *бірдеңенің өзгерісі, қозғалысы туралы мағлұмат алуға болатын нәрсе* [Арбатский 1977, 76-77].

Ғалым бұл секілді анықтаманың әдетте қолдануға қажетті тек-түрлік сөзді, терминді білмеушіліктің нәтижесінде пайда болатынын сөз етеді.

Жоғарыда айтылған пікірлерді қорыта келе, бұл анықтама жіктемелік белгілер көмегімен анықтама берудің тиімсіз болған кезінде, мәселен, кең және дерексіз мағыналы сөздерді түсіндіруде, сондай-ақ, ұғым аясының көлемі нақты мағына шеңберіне сыймайтын, ұлттық дүниетанымға қатысты атауларға анықтама беруде қолданылады деп ойлаймыз.

Қалайда, анықтаманың осы түрінің өткен ғасырдағы одақтық лексикографияда басым болғаны, түсіндірме сөздіктерде, солардың ішінде түркі тілдері түсіндірме сөздіктерінде де сөздік бірліктерге анықтама беруде негізінен осы тәсілдің қолданылғаны анық.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздіктерінде де басқаларына қарағанда осы тәсілдің басым қолданылғандығы ақиқат.

Д.И.Арбатский бұл тәсіл анықтаманың басқа түрлерімен бірге, ұластырыла қолданылған кезде анықтаманың мазмұнды болатынын жазады.

Ж.М.Гузеев сипаттамалы анықтаманы сөздің лексикалық мағыналарын ашудың ең тиімді тәсілдерінің бірі санайды. Сондықтан, ғалымның айтуы бойынша ол сөздіктердегі негізгі тәсіл болып табылады. Бұл тәсілдің: а) негізгі сөз таптарына кіретін сөз топтарының мағыналарын ашуда (*қырғ. тезек* –

отын ретінде қолданылатын далада жатып кепкен немесе сығымдалған көң); ә) көмекші есімдер, көмекші етістіктер, шылаулар тәрізді көмекші сөздердің мағынасын ашуда (қазақ егер I — бір нәрсенің болу шартын, істелу шартын білдіретін шылау) қолданылатынын, сөздікке алынған барлық басқа сөздердің, әсіресе туынды сөздердің мағынасын түсіндіру осы сипаттамалы түсіндірмеге тәуелді болатынын, себебі, туынды сөздер тәрізді бірліктердің мағынасы сипаттамалы түсіндірме жасалған сөзге тура немесе жанама түрде сілтеме жасау арқылы ашылатынын жазады.

Ғалым сипаттамалы түсіндірмелердің сәтті шығуы үшін олардың белгілі бір талаптарға сәйкес болуы керектігін, атап айтқанда:

- 1) мағынаның түсіндірмесі неғұрлым толымды болуы;
- 2) түсіндірмеде басы артық энциклопедиялық деректердің болмауы;
- 3) түсіндірменің ақиқат болуы;
- 4) бір грамматикалық категорияға немесе тематикалық топқа кіретін сөздердің бір типтес, бірөңгей түсіндірілуі — қажеттігін айтады.

Б.Қалиев пен А.Жылқыбаева: “Сипаттамалы анықтама бергенде болмыстағы барлық заттар мен құбылыстар, іс-әрекеттер, олардың қыр-сырлары жан-жақты әрі толық сипатталып, басты белгілері мен негізгі ерекшеліктері мүмкіндігінше көрсетілуге тиісті. Ондай белгілер мен ерекшеліктер деп біз мыналарды айтамыз: заттың (құбылыстың) мәні, сыртқы пішіні, түр-түсі, қызметі, неден жасалғандығы, шаруашылық маңызы (неге керектігі), бір сөзбен айтсақ, озі тектес заттармен ұқсас жақтары (жалпы семасы), айырмашылықтары (жеке семалары), т.б.” көрсетілетінін жазады.

Авторлар сипаттамалы анықтамаға: “Айыл — ер-тоқым ауыл кетпес үшін малдың бауырын, шабын орап тартатын жалпақ қайыс; Алақан — қолдың саусақ пен білезік аралығының ішкі жақ аясы; Қалжың — ойын-күлкі үшін айтылатын әзіл сөз” т.б. бірқатар мысалдар келтіреді [Қалиев, Жылқыбаева 2002, 89-90].

Ғалымдардың сипаттамалы-логикалық анықтама туралы жазып отырғандығы белгілі.

Ж.М.Гузеев қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігі бойынша *долана*, *картон* сөздерін мысалға келтіреді.

долананың атауына, тұқымына қатысты деректердің берілмегендігін, түсіндірме бойынша долананың барлық жерде өсетіндігі белгілі болып отырғандығын, бұл жағдайда қай жерде өсетінін санамалаудың қажетсіз екендігін, анықтамада ең маңызды белгінің – картоптың түйнегінің крахмалға бай болатыны айтылмағанын басты кемшіліктер ретінде көрсетеді.

Он томдықта бұл сөздер былай берілген: Долана *зат.* 1. Таулы-тасты, өзенді жерлерде жабайы өсетін жемісті ағаш; Картоп *зат.* 1. Түйнегі тамаққа пайдаланылатын бақша өсімдігі. 2. Осы өсімдіктің крахмалға бай түйнегі.

Біз Д.И.Арбатскийдің пікіріне қосыла отырып, аталған бірліктер кең мағыналы жалпы лексикаға емес, нақты биология саласына жататындықтан, олардың *филологиялық сипаттамалы анықтамамен* берілуін қолдамаймыз.

Олар сипаттамалы анықтамамен берілген жағдайда да оның басқа түрімен, бір томдықтағыдай (1999) логикалық сипаттама тәсілімен (Долана *бот.* 1. Раушан гүлділер тұқымдасына жататын ұсақ домалақ жемісті ағаш. 2. Долана ағашының жемісі.) берілгені дұрыс.

Орыс тілінің үлкен түсіндірме сөздігінде (2000) долананың қылтанақты болатыны, бұта мен шағын ағаш арасындағы аралық топқа жататыны, қылтанақты табиғи қоршау ретінде немесе сәндік өсімдік ретінде өсірілетіні, тұқымы мен гүлдерінен жүрек ауруларына шипа болатын емдік тұнба даярланатыны сипатталады. Мұның бәрі – қажетті деректер. Әрине, өсімдіктің латынша атауын да (*Crataegus monogyna*) берген жөн болады.

Ғалымның картоптың түйнегінің крахмалға бай болатыны он томдықта айтылмаған деуі қате. Әрине, сөздің орыс тілі арқылы кіргендігін, бастапқы тілдегі тұлғасы *нем. kartoffell* екендігін, оның жабайы қарақат (паслен) тұқымдастарға жататынын, жоғарыда аталған крахмалға бай түйнегінің тамақ ретінде даярланып, желінетінін атап өткен жөн болар еді.

Түрік тілінің түсіндірме сөздігінде аталмыш сөздің түрік тіліне итальян тілінен *patata* тұлғасында ауысқаны, жалпы сөздің американдық байырғы үндістер тілінен алынғаны аталып, латынша атауы (*Solanum tuberosum*) келтіріледі. Бұл деректердің қажеттігі, артық болмайтыны анық.

Ж.М.Гузеев басқа мысалда (панар — *түнде жарық беретін шам*) толымсыз түсіндірме берілгенімен мұндағы түсіндірменің, керісінше, жеткілікті болып тұрғанын айтады. Оның себебін бұл реалияның түсіндірме сөздіктің оқырмандарына жақсы таныстығымен байланыстырады. Бұл, әрине, дұрыс пікір. Бірақ, түсіндірме сөздікте сөз болған панарды білетін қазақтар да, білмейтіндері де бар. Оның үстіне түсіндірме сөздіктің оқырмандары тек қазақтар ғана болмайтынын ескерсек, жағдай сәл басқаша болмақшы. Шындығында, панар жоғарыдағы долана мен картоп тәрізді флораға кіретін өсімдіктің түрі емес, сондықтан оған тек-түрлік анықтаманың қажеті жоқ, панар — жалпылама қолданыстағы техникалық құралдың атауы. Сол себепті оны екі түрлі дефинициямен беруге болады. Біріншісі — адамдардың ортақ тәжірибе негізінде қорытылған ортақ білігіне негізделетін синтетикалық дефиниция болса, екіншісі — техникалық термин ретінде, филологиялық сипаттамалы анықтаманың синтетикалық дефинициясы. Егер осы сөз болып отырған сипаттамалы анықтамамен беретін болсақ, *техн.* белгісін қою керек. Жалпы синтетикалық анықтама түрінде болса, тура осы күйінде, еш белгісіз берілмек. Демек, бұл анықтама — сипаттамалы анықтама емес. Мұның сипаттамалы анықтамада қаралуы қате болған.

Ж.М.Гузеевтің сынына қатысты айтарымыз: негізгі сөздік бірліктерге берілетін анықтамалардың бәрін әлі ішкі ғылыми жіктемесі жасалмаған сипаттамалы анықтаманың аясында қарастыру — ол анықтаманың қырық түрлі жетістігі мен кемшілігін көрсетуге мүмкіндік береді. Себебі Р.Робинсонның бастапқы жіктемесі бойынша “сипаттамалы анықтама” ғылыми дефинициялардың қатарына кірмейтін еді. Жалпы семантикадағы, сондай-ақ лексикографиядағы теориялық ізденістерде дефинициялық тәсілдің қолданыла бастауына, анықтамалардың ғылыми зерттеулер көзінс айналуына байланысты сипаттамалы семантикалық анықтамаларға дефинициялық талдау жасаудың қажеттілігі айқын болды. Осыған байланысты, ғылыми дефиницияның қосалқы түрі — сипаттамалы дефиниция дүниеге келді. Сипаттамалы дефиницияның өз құрылымында дефинициялардың өзге негізгі түрлерінің:

аналитикалық, синтетикалық, функционалдық дефинициялардың құрылымын қайталауы, жалпы дефинициялардың құрылымында пайда болған үйлесімсіздіктер осы жағдайға байланысты.

Армян тіліндегі түсіндірме сөздіктер тілін зерттеген А.К.Дарбинян сипаттамалы анықтаманың үш түрін атайды: логикалық, энциклопедиялық және филологиялық [Дарбинян 1988, 15].

*Сипаттамалы логикалық анықтама* аналитикалық дефинициядағы логикалық анықтама тәрізді жақын тек-түр мен ерекше айырым белгіні көрсету жолымен жасалатын болса, *сипаттамалы энциклопедиялық анықтама* негізгі лексикалық анықтамаға қосалқы энциклопедиялық деректерді қосу жолымен, *сипаттамалы филологиялық анықтама* синтетикалық, функционалдық дефиниция тәсілдерін пайдалану және таза сипаттамалы анықтама түзу жолдарымен жасалады.

Лексикографияда қалыптасқан жіктеме бойынша сипаттамалы филологиялық дефиницияның үш түрі болады: мазмұндық, синтетикалық, функционалдық.

Түсіндірме сөздіктерде қолданылатын негізгі, басты анықтама – *сипаттамалы филологиялық мазмұндық анықтама*.

Дефиницияның бұл түрі зат немесе құбылысқа сипаттама бере отырып, сөздің семантикасын, оның жеке мағынасын қысқаша әрі дәл көрсетеді. Қазақ тілінің түсіндірме сөздіктерінде көбінесе дефиницияның осы түрі қолданылады (Базар – 1. Арнайы алаңдарда орналасқан еркін сауда-саттық жайы, орны; Баз – 1. Малға арналып салынған үлкен қора; Қолдау – 1. Малдың алдыңғы аяғының қара етті жерінің қолтықпен түйіскен жері; Қоржын – әр түрлі нәрсе салуға арналып жүннен тоқылған екі басты қап).

*Сипаттамалы филологиялық синтетикалық анықтама* арқылы белгілі бір шағын жүйеге кіретін затты/ құбылысты/ катынасты білдіретін лексикалық бірліктер сол жүйедегі ортақ фон негізінде, өзара байланыста түсіндіріледі. Анықтаманың бұл түрі, өзінің атауынан-ақ көрініп тұрғандай, синтетикалық дефиницияның филологиялық сипаттамалы түсіндірмеле қолданылатын бір түрі.

Синтетикалық дефиниция адамдардың бәріне ортақ өмір тәжірибесіне, ортақ біліктеріне негізделеді. Он томдықтан мысал келтірсек: Бел – 1. Дененің кеуде мен бөксе аралығын жалғастыратын бөлігі...3. Заттың дәл орта тұсы; Құйқа – 1. Сойған малдың үйтілген терісі. 2. Бас терісінің шаш өсетін бөлігі; Құрдас-құрбы – заманы бір, жасы қатар адамдар.

Синтетикалық дефиницияның негізінде относителділік қатынасы жатыр. Мысалы, “боз – ақшыл қылаң түс” деген анықтама тілдік ұжымның, қауымның мүшелерінің ақшыл, қылаң түстерді білуіне, түс айыру білігіне негізделіп, ортақ тәжірибеге арқа сүйегендіктен жасалып отыр. Сол сияқты “Бұйымтай –1. Біреудің сұрамақшы нәрсесі, қаламақшы заты; қалауы, қолқасы, айтпақ ойы” дегендегі анықтама тілдік ортада бұйымтайдың не екендігі белгілі болғандықтан ғана қанағаттанарлық анықтама болып отыр. Бұл анықтама толымды болу үшін халықтың өмір салтында осындай әдет-ғұрыптың бар екендігін, ол әдет бойынша үй иесінің қонақтан бұйымтайын сұрауы керектігі, ал қонақтың өз бұйымтайын айтуы қажет екендігін барлық жай-жапсарымен түсіндіру керек. Түсіндірме сөздіктердегі анықтамаларда қосалқы энциклопедиялық, елтанымдық деректердің қажет болатын себебі осындайда. Түсіндірме сөздікті тілді толық меңгермеген адамдардың тобы, мәселен өзге тілдің өкілдері пайдаланған кезде осындай деректердің қажеттігі анық. Әйтпесе, жоғарыдағы анықтаманың бұйымтайдың не екенін білмейтіндер үшін жеткіліксіз болары анық.

*Сипаттамалы филологиялық функционалдық дефиниция* арқылы көмекші сөздер тәрізді толық атауыштық мағынасы жоқ лексика-грамматикалық бірліктер мен грамматикалық туынды тұлғалардың мағыналары ашылады (Дейін – 1. Бір нәрсенің шегін, межесін танығатын шылау, шейін; Тұр – 5. Белгілі бір сөздермен тіркесіп келіп түзілу, жасалу, құралу д.м. білдіреді. 6. Кейбір сөздермен тіркесе айтылып орналасу, жайласу д.м. білдіреді. 7. *К.ет.* Күрделі сөз құрамында жұмсалып, істің күйін, жайын білдіреді; Дөңгелет – *дөңгеле* етістігінен жасалған өзгелік етіс).

Ж.М.Гузеев толымсыз сипаттамалы түсіндірмелердің ерекше бір түрі ретінде заттың (құбылыстың) ерекшелік белгілері ашылмаған түсіндірмелерді атай отырып, қазақ және

қырғыз сөздіктерінде бұл кемшіліктің басқа тіл сөздіктеріне қарағанда көбірек ұшырасатынын айтады. Мысалға қазақ сөздігінен *анар*, *доңыз оты*, түркімен сөздігінен *инжир*, *алатоган*, *аргамак*, қырғыз сөздігінен *айва*, *бадыраң*, *аюу*, *илбирс* сөздерін келтіреді.

Он томдықта аталған сөздер: “Анар *ар. зат. 1. Биол.* Оңтүстікте өсетін жеміс ағашы. 2. Осы ағашқа шығатын қабығы қалың, ішінде мөлдір, қышқыл дәмді шырыны бар жеміс; а доңыз оты. Теңіз жиегінде өсетін өсімдік” түрінде берілген. Анардың жемісі туралы деректі толымсыз деуге келмейді. Бұл жерде жеміс ағашының өзі туралы тек-түрлік, энциклопедиялық деректер ғана жетіспейді.

Бір томдық түсіндірме сөздікте (1999) шағын да болса тек-түрлік, энциклопедиялық дерек беріледі: “Анар – анар тұқымдасына жататын биіктігі 5-6 м. бұталы өсімдік және осы өсімдіктің жемісі”.

Орыс тілінің жоғарыда аталған үлкен түсіндірме сөздігінде ағаштың латынша атауы (*granatum*) берілсе, түрікше сөздікте анардың (*nar*) “парсы тіліндегі *nar* және *enar* сөздерінен алынған кірме сөз екендігі, жапырақтары қарама-қарсы біткен, қою қырмызы реңкті үлкен гүлдері болатын, анар тұқымдасына жататын аласа бойлы жеміс ағашы (*Punica granatum*)” екендігі сөз болады.

Шағын Оксфорд сөздігінде анар (*pomegranate*) Солтүстік Африка мен Батыс Азияда өсетін жеміс ағашы (*Punica granatum*) ретінде беріледі. Әрине, осы деректердің негізінде қорықтылып жасалатын анықтаманың (Анар *нар. нар, енар бот. 1. Солтүстік Африка мен Батыс Азияда өсетін, гүлдері үлкен, қою қырмызы реңкті болып келетін, жапырақтары қарама-қарсы біткен аласа бойлы анар тұқымдас жеміс ағашы (Punica granatum). 2. Осы ағаштың қырмызы-сарғыш түсті қатандау қабықты, домалақ пішінді, ішінде жік-жік болып бөлінген мөлдір, қырмызы түсті, қышқыл дәмді дәндері көп болатын жемісі*) сапалы болары дау тудырмайды.

Доңызоты өсімдігіне бір томдықта “сулы, батпақты жерлерде өсетін сабағы сидам өлең шөп” түрінде анықтама берілген.

Ж.М.Гузев филологиялық сөздікте түсіндірілетін “заттар смес. сөздер мен олардың мағыналары” екендігін ескертеді.



Бұл тәрізді түсініктердің қателікке ұрындыратындығы туралы жоғарыда айтылды.

Ғалым, сондай-ақ, толық түсіндірме сөздіктерде энциклопедиялық деректерді әдетте арнаулы терминдер мен тарихи лексикада ғана келтіруге болатынын жазады. *Пантеизм, реваншизм* тәрізді терминдер және *барщина, декабрист, имажинизм барымта* тәрізді тарихи сөздерде энциклопедиялық деректер шағын да болса берілетінін, алайда кейбір түсіндірме сөздіктерде энциклопедиялық деректердің ағаштардың, құстардың, күнделікті тұрмыста қолданылатын заттардың анықтамаларында беріліп отырғандығын айтады. Мысал ретінде *бәйтерек, бөдене* сөздерін келтіреді.

Он томдықта бұл сөздер былай берілген: “**Бәйтерек** *зат*. 1. Биіктігі 40 метрдей, қалың қабықты, бұтақтары тармақталмай тік өсетін, жапырақтары жалпақтау келген терек туысына тән ағаш. Мұны мырза терек деп те атайды; **Бөдене** *зат*. Егістікте, қалың шөп арасында жүретін дене тұрқы 20 см-дей, ақшыл жолақты кішкене сүр күс; **бытпылдық**”.

Ғалым бұл түсіндірмелердегі филологиялық сөздік үшін басы артық болып тұрған энциклопедиялық деректердің қатарында ағаштың биіктігі мен қабығын сипаттауды, жапырақтарын, бұтақтарын сөз етуді; бөдененің денесінің ұзындығын, қанатының түсін сипаттауды атайды. Мұндай түсіндірмелер, көп сөзді болғанымен, сөздің семантикасы туралы қажетті деректерді үнемі беріп отырады деуге болмайтындығын, кейде энциклопедиялық деректердің сөз мағынасын филологиялық тұрғыдан ашуға кедергі келтіретінін айтады. Бұл мәселеге қатысты айтарымыз: **лексикалық мағынаның өзі заттың негізгі белгілерін ғана қамтитын мәндік минимум болуы себепті түсіндірме сөздіктерде зат туралы ғылыми және ақпараттық құны бар қосалқы деректерді келтірудің қажеттілігі қазіргі кезде ешқандай дау тудырмайды.** Сондықтан он томдықтан алынған сөздік мақалалардағы қосалқы деректердің берілуін дұрыс деп санаймыз. Ғалымның түсіндірме сөздіктерде берілетін энциклопедиялық деректерді арнаулы терминдермен, тарихи лексикамен шектеуін де жөн дей алмаймыз.

Ғалым қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде сөздің категориялық белгісіне қайшы келетін түсіндірмелердің (*алақ-жулақ, емізіктеп* үстеулері етістік тұлғасында, *гуляде-*

*дөңгеле-* етістіктері зат есім тұлғасында, *грамжазу, дұға, араша* зат есімдері сын есім тұлғасында, ал *айпар-жайпар, дағдарыссыз* сын есімдері етістік тұлғасында түсіндірілген) коп кездесетінін жазады [Гузеев 1985, 131].

Аталған бірліктер он томдықта томендегідей қалыпта берілген: алақ-жулақ ұст. Сасқанда, қорыққанда жан-жаққа алақтап, жалтақтап қарай беру; алаң-жулаң, жалтаң-жұлтаң; Емізіктеп ұст. Сыздыктата жайлап, сорып ішу, ему; (Бұл жерде бірінші анықтаманың бірінші бөлігі шығында да *алақ-жулақ етіп қарау* тіркесінің түсіндірмесіне айналып кеткен. Екінші анықтама да сол тәрізді. Ғалымның ескертуі жөнді). Гүілде ет. 1. Желдің, боранның, т.б. ызындауы, азынауы. 2. Жапа-тармағай дүр етіп үшу. 3. Жан-жақтан дабырлап сөйлесу, көтеріле даурығу. 4. *Ауыс.* Өсек-аяң көбею; Дөңгеле ет. 1. Дөңгелектің айналып қозғалуы, жылжуы. 2. Аунақшу, домалау. 3. Дөңгелек сияқтану, дөңгелек формаға келу. 4. Шыр көбелек айналу. 5. *Ауыс.* Бәйек болу, құрдай жорғалау. 6. *Ауыс.* Түлкі бұлтаққа салу, жалтару, бұлтару...; Граммжазу зат. муз. Музыкалық шығарманы, жеке адамдардың сөздерін қаз қалпында пленка, пластинкаға түсіріп жазып алу; Дұға ар. зат. діни. Құранның қысқа аяттары, жалбарыну, тілек тілеу; Араша зат. Қой деуші, ажыратушы.

Бірінші зат есімнің бірінші мағынасы, екінші және үшінші зат есімдердің мағыналары, шынында да, басқа сөз табы мағынасында түсіндірілгені байқалады. Бірақ, ғалымның көрсеткеніндей сын есім емес, етістік мағынасында.

Айпар-жайпар сын. Ел арасына іріткі салып бүлдіру; Дағдарыссыз сын. Дағдарысқа ұшырамай. Бұл жерде алғашқы сын есімнің етістік мағынасында, ал екінші сын есімнің үстеу мағынасында анықталғандығы көрініп тұр.

Бір сөз табына кіретін сөздердің бірөңгей, бір типті анықталуы – сөздік түзудегі негізгі қағидалардың бірі. Сондықтан ғалым кемшіліктерді орынды көрсетіп отыр.

Ғалым, сондай-ақ, бір категорияға, бір топқа кіретін сөздерді бірөңгей түсіндіру жағынан эзирбайжан және қарашай-балқар сөздікшілерінің жетістікке жетіп отырғанын жазады. Ғалымның пікірі бойынша, бұларда осімдіктерге, жануарларға, құстарға, балықтарға, ыдыс-аяқ, киім, жиһаз т.б. сөз топтарына, сондай-ақ грамматикалық категорияларға бірөңгей түсіндірме берілген.

Ж.Гузеев, дегенмен, өзбек, татар, қырғыз тілдерінің түсіндірме сөздіктерінде, көптеген грамматикалық категориялардың, мәселен, сан есім, зат есімдердің (ай аттары), және еліктеуіш сөздердің бірөңгей түсіндірілмегенін жазады:

а) есептік сан есімдерде: *қазақ.* алпыс — елу тоғыз бен алпыс бірдің аралығындағы сан; жеті — алтыдан кейінгі сан; жиырма — он тоғыздан кейінгі есептік сан; жүз — тоқсан тоғыздан кейінгі есептік сан; он ондық;

ә) ай аттарында: *тат.* сентябрь — календарлық жылдағы августан кейінгі тоғызыншы, 30 күннен тұратын ай; октябрь — календарлық жылдың оныншы айы; *өзбек.* январь — жаңа жыл санауы бойынша бірінші айдың аты; февраль — жаңа жыл санауы бойынша екінші ай; октябрь — жаңа календарлық жылдағы оныншы айдың атауы; декабрь — жаңа стиль бойынша жасалған календарлық жылдың он екінші айы;

б) еліктеуіш сөздерді түсіндірудегі әрқилылық: *қазақ.* дыңғыр-мыңғыр. енк-енк — ...т.б. етістік түрінде, дыңк-дыңк — зат есім түрінде, ербен-ербен — ...есімше түрінде түсіндірілген. Еліктеуіштер көбінесе зат есім түрінде түсіндірілгенмен, түсіндірме мәтнінде әрқилылық кездеседі: 1)...дыбысты білдіру үшін қолданылады; 2) естілетін...дыбыс; 3) дірілдеу, қалтыраудан шығатын дыбыс, т.б. ;

Жоғарыда аталған сан есімдер татар тілі сөздігінде: алтмыш сан. 60 санын һәм микдарын белдерә; жиде сан. 1. Алтыдан соң килә торған бөтен сан, аның исеме һәм шул санны күрсәткән цифр. II Шул сан белдергән микдар; егерме Төп сан. 20 санын һәм микдарын белдерә торған сүз; йөз I. сан. 1. 100 санын һәм микдарын белдерүче сүз; түрік тілі сөздігінде: (қазақ әріптерімен беріп отырмыз-М.М.) алтмыш ис. 1. Елли докуздан сонра гелен сайынын ады ве бу сайыйы гостерен ракам, 60, LX; йеди ис. 1. Алтыдан сонра гелен сайынын ады ве бу сайыйы гостерен ракам, 7, VII; йирми I. ис. Он докуздан сонра гелен сайынын ады ве бу сайыйы гостерен ишарет, 20, XX; йүз (I) ис. 1. Доксан докуздан сонра гелен сайынын ады ве бу сайыйы гостерен ишарет, 100, C.

Біздің ойымызша, жоғарыда келтірілген сан есімдерді: “алпыс 60 (сан, өлшем), LX; жеті 7 (сан, өлшем), VII; жиырма 20 (сан, өлшем), XX; жүз (сан, өлшем), C” — түрінде берген жөн сияқты.

Ай аттарын да салыстырып көрелік: *қазақ. қантар зат.* Январь айының ескіше аты; *январь зат.* Календарлық жылдың алғашқы айы, қантар; *қыркүйек зат.* Сентябрь айының қазақша аты; *сентябрь зат.* Қазіргі календарь бойынша тоғызыншы ай аты, күздің бірінші айы (он томдық); *тат. гыйнвар и.* Календарь елда беренче ай; январь; *сентябрь и.* Календарь елының тугызынчы, августтан соң килә торган утыз көнлек ае; *түрік. оджак ис.* Йылын 31 гюн сүрен биринджи айы, канун-и сани; *ейлүд ис. Ар.ейлул.* Йылын 30 гюн сүрен докунджу айы.

Біздің ойымызша, **“қантар зат. Григориан календары бойынша бірінші ай; қыркүйек зат. Григориан календары бойынша тоғызыншы ай” анықтамалары дұрыс тәрізді.**

Еліктеуіш сөздердің берілуін салыстырсақ: *қазақ. дыңғыр-дынғыр ел.* Дыңғыраған үн шығару; *енк-енк ел.* Еңкілдеу, ырсылдау, солқылдау; *дынк-дынк ел.* Дыңқылдаған дыбыс; *ербен-ербен ел.* Ербендеген, шошаңдаған, селтиген; *тат. дыңгыр аваз ияр.* 1. Дөбердәу-калтырау катнаш “дың” тавышларын белдерә; *донгер аваз ияр.* 1. Дөбердәу катнаш “дөң” тавышларын белдерә; *дөң аваз ияр.* 1. “Дың” сыман, ләкиннечкәрәк яңғырый торган тавышларны белдерә; *түрік. гүмбүр-гүмбүр з.* Бүйүк бир гүрүлтү иле; *дан дун з.* Каршылыклы атылан силах сеслерини аңлатыр.

Қазақ тіліндегі **дыңғыр-дыңғыр** және **енк-енк** еліктеуіштерінің берілуінде оғаштық байқалады.

#### 4.2.2. Аналитикалық анықтама

Д.И.Арбатскийдің пікірі бойынша, аналитикалық анықтамалар синтетикалық мағыналарды құрамдас элементтерге ыдырағып алып, сосын қорытады. Осы элементтерді жекедара мағыналар ретінде ұсынады. Мысалы, сын есімдер де зат есімдер секілді әмбебап семантикалық белгілерді иеленеді. Оларда да арналу, функция, құрылым, іс-қимыл (операция), орын (кеңістік), уақыт, түс, көлем, салмақ, иіс, т.б. бар. Сын есімдердің функционалдық мағынасы: “бірденеге арналған, бір нәрсе үшін қызмет атқаратын”, “бірденеге пайдаланылатын, жарамды”; құрылымдық мағынасы “бірденеден құралған, жасалған, құрамында бірдене бар, түрі бірденеге ұқсас”, локалдық

(орындық) мағынасы “белгілі бір орында болатын” т.б. типті анықтамаларда көрінеді [Арбатский 1977, 37-40]. Жоғарыдағы семантикалық белгілерге қатысты бөлікте ғалымның барлық мағына атаулыны аналитикалық және синтетикалық мағыналарға бөлетіндігі туралы айтылған еді. Бұл қорығындыны формалды, жалпы теориялық тұрғыдан айтылған тұжырым ретінде қабылдаған жөн тәрізді. Себебі синтетикалық мағынаның тек қана құрылымды, аналитикалық мағынаның тек қана дерексіз ұғымдарды білдіретіндігімен келісу қиын.

Сөздік дефинициясындағы аналитикалық тәсіл – лексикалық бірлікке логикалық анықтама беру тәсілі. Бұл тәсілде бірліктің жақын-жуық түр-тегі мен өзіндік ерекше айырым белгілері көрсетіледі. Аталмыш тәсілдің негізінде логикалық талдау операциясы жатыр. Бұл тәсілдің мақсаты – ұқсас нәрселердің өзін ажырату. Ол үшін айырым белгілер қолданылады.

Аналитикалық дефиниция мен сипаттамалық дефиницияның логикалық түрі сөздік бірлікке логикалық анықтама берудің ең негізгі тәсілі болып табылады.

**Аналитикалық дефиниция – тек-түрлік ғылыми жіктемесі жетілген ғылым салаларының терминдеріне анықтама беруде қолданылатын негізгі тәсіл болып саналады.**

Сондықтан өсімдіктер мен жануарлар әлеміне, химиялық элементтерге, сондай-ақ, кеңірек түсіндіруді қажет ететін басқа да жіктемелік жүйесі бар топтарға жататын атауларға берілетін анықтамалар аналитикалық дефиниция түрінде болады.

Сол себепті бұл анықтама түсіндірме сөздіктерде кеңінен қолданылады: агробиология – биология ғылымының бір саласы; өсімдік және мал шаруашылығы жөніндегі білім; жолбарыс 1. – мысық тұқымдасына жататын, жолақ терілі ірі жыртқыш аң (бір томдық); тобылғы – раушан гүлділер тұқымына жататын қызыл күрең түсті бұта; терек – бұтағы жайылмай, тік болып өсетін үйеңкі тұқымдас ірі ағаш; самырсын – өте биік өсетін қылқан жапырақты ағаш; карағайдың бір түрі (он томдық).

Түсіндірме сөздіктерде тек қана түрлік белгі берілетін, тектік белгі мен ерекшелік белгінің элементтері болмайтын “өсімдіктің бір түрі”, “аңның бір түрі” тәрізді толымсыз

логикалық дефиницияның түрлері (екі томдықта: “қарақұс — жыртқыш құстың бір түрі”; “қодас — сиыр малының бір түрі”) өте көп кездеседі.

Д.И.Арбатский дефиницияның бұл түрін мәні кеңірек жоғарғы сынып белгісі мен заттың өзінің ерекше белгілерін көрсету арқылы анықтама беру тәсілі ретінде қарастырады.

Ғалымның “мәні кеңірек жоғарғы сынып белгісі мен заттың өзінің ерекше белгілерін көрсету арқылы берілетін анықтама” деп отырғаны, басқаша аталғанымен, тура осы аналитикалық дефиниция.

Ғалымның осы дефиниция арқылы анықтама беру мүмкін болмаған кезде немесе ретсіз болған жағдайда ғана сипаттамалы анықтаманы қолдануға болатынын айтқаны жоғарыда сөз болды. Бұл өте маңызды қорытынды.

Ғалым лингвистикалық әдебиетте бұл тәсілдің “түсіндірме” деген жалпы терминмен беріліп келгендігін сөз ете отырып, әдетте терминнің өзіндік ерекшеліктері ашылмайтындығын, дұрысы — “түсіндірме” терминіне жалпы түсіндірме жасау мағынасын қалдырып, оны барлық нақты анықтама тәсілдеріне қолдану, ал сөз болып отырған тәсілді мәні кеңірек, сыныбы жоғары сөз (термин) бен заттың өзінің ерекше белгілерін көрсету арқылы анықтама беру тәсілі деп атаған жөн болатындығын айтады [Арбатский 1977, 71].

Ғалым сөз болып отырған тәсілге мына мысалдарды келтіреді: *дивиденд* — акциялардың иесі (II) алатын түсім (I); *сапфир* — көк, ақшыл көк түсті (II) асыл тас (I); *қурай* — ағаш не қамыстан істелген, сыбызғыға ұқсас (II) халықтық музыка аспабы (I).

Д.И.Арбатский бұл мысалдарда (I) белгісімен тек-түрлік белгіні, ал (II) белгісімен зат не құбылыстың өз белгісін көрсетіп отыр.

Д.И.Арбатский бұл тәсілдің сәл-пәл өзгеріске ұшырайтын варианттары да болатындығын, оларда бірінші элемент ретінде бірнеше синонимдес сөздер, сосын екінші элемент — ерекше белгі берілетіндігін жазады: *сынып* — белгілері ортақ заттардың жиынтығы, тобы; *интуиция -тәжірибеге негізделген сезім, сезік, түйсік*.

Бір анықтаманың ішінде номинативті (атауыштық) және сипаттамалы бөліктерді біріктіру — сөз мағынасын, оның

колемі (аясы) мен мазмұнын дәл әрі толық ашуға мүмкіндік береді. Ғалым бұл анықтаманың бірнеше түрі болатындығын жазады. Анықтаманың бір түрінде номинативті элемент мағыналық аясы жағынан жақын заттар тобын көрсетеді. Оның ішіне анықталатын зат (денотат) та кіреді. Іс жүзінде, оны (денотатты) белгілеуші сөз – бар болғаны алыс синоним болып келеді. Оның атқаратын қызметі – мағыналық шектеуіш болу. Мағынаның түпкілікті нақтылануы үшін қосалқы семантикалық белгі көрсетіледі: *дауыл* – шандатып, борандатып алай-түлей, қатты соққан жел (он томдық). Қазіргі дамыған тілде мағыналық аясы жақын сөздер көп. Сол себепті мағынасы жақын сөздерге анықтама беруде осы тәсіл кең қолданым тапты.

Лексикалық бірліктің жақын сыныбын көрсету және оның өзінің құрылымдық белгілерін беру жолымен жасалатын анықтамалар мағынасы өте жақын сөздердің арасындағы өзгешеліктерді аша алады. Аналитикалық анықтаманың бұл түрі көбінесе синонимдік сөздіктерде қолданылады [Арбатский 1977, 72].

Мұндай анықтамаларда бір мезгілде мағынасы жақын екі сөздің мағынасы ашылады: *ежелгі* – бұрыннан келе жатқан, байырғы; *ақша* – 1. Товар өндірісі мен айналысы процесінде барлық товарлардың құнын бейнелеу үшін бөлініп шыққан жалпы эквивалент (балама) болып табылатын айрықша товар (он томдық).

Аналитикалық анықтаманың екінші бір түрінде номинативті элемент заттардың алыс бірлестігін көрсетеді. Ол топқа анықталатын зат не құбылыс та кіреді. Аралықта заттың өзінің құрылымдық белгісі көрсетіледі. Бұл жерде заттың өз белгісі затты шектеуде, оның өзгешелігін ашуда бұрынғыдан да көп рөл ойнайды: *егеу* – металдан істелген, затты өңдеп, өткірлейтін, жіңішкертетін, жұқалайтын *құрал* (екі томдық); *бұғана* – бір ұшы жауырын басымен, екінші ұшы тоспен жалғасып жатқан ұзындығы 12–15 см-дей имек *сүйек* (он томдық). Тілде түрлік сыныптың одан кеңірек туыстық топқа қатысы да жиі көрсетіледі. Мұндай анықтамаларда алғашқы номинативті элемент ретінде бірқатар алыс сыныптардың көрсетілуі мүмкін. Олар берілген сөздің басқа сөздер арасындағы орнын көрсетеді, сосын мазмұнды

түпкілікті түрде ашатын құрылымдық семантикалық белгілер көрсетіледі: *сын* — белгілі бір шығармаға, кітапқа, іс-қылыққа берілетін баға, талқы, *пікір*.

Сөз мағынасын неғұрлым толық және жан-жақты ашу үшін жоғарыдағы анықтама түрлері біріктірілуі де мүмкін: *төңкеріс (революция)* — бір қалыптан екінші қалыпқа, ескіден жаңаға секірмелі түрде көшу, түбегейлі сапалық өзгеріс; қоғамның, мемлекеттің өміріндегі өтпелі, шешуші кезең, ескі саяси-қоғамдық құрылыстан жаңа саяси-қоғамдық құрылысқа секірмелі түрде көшу [Арбатский 1977, 74].

#### 4.2.3. Синтетикалық анықтама

Синтетикалық тәсілде түсіндірілетін бірліктің мағынасы адамдардың тәжірибе негізіндегі білігімен салыстырыла отырып, сол білікке негізделіп анықталады. “Анықталатын заттың байланыс жүйесіндегі орны көрсетіледі. Зат басқа заттармен бірге бір бүтін синтезге түседі. Аналитикалық тәсілде зат *бөліктердің бірлігі* ретінде көрсетілсе, синтетикалық тәсіл арқылы олар *бірліктің бөліктері* ретінде көрсетіледі” [Robinson 1950, 98].

Мәселен, *көгілдір* сөзіне анықтама берер болсақ, оны “түс жіктемесіндегі көк пен қара көктің аралығындағы түс” дер едік. Ақ сөзіне “таза қардың түсі” деген анықтама берген болар едік.

Синтетикалық дефиниция қазақ тілінің түсіндірме сөздіктерінде қолданылатын ең негізгі анықтама тәсілдерінің бірі. Синтетикалық дефиниция — белгілі бір дүниетанымның, құндылықтардың жүйесіне, белгілі бір ұғым немесе түсініктің құрамына кіретін зат, құбылыс немесе қатынастарды бір-бірімен өзара салыстыра бағалаудан келіп шығатын, тәжірибеге, қауымның ортақ білігіне негізделіп жасалатын анықтама.

Мысалы, *анақ-сапақ* — ала көлеңке, қараңғы түсе бастаған кез; *құйрық-бауыр* — қойдың піскен құйрығы мен бауырынан жасалатын тағам; *көктем* — қыстан кейін келетін жылдың төрт мезгілінің бірі; *қара торы* — ашық қоңыр, қоңырқай (өң, жүз); *буыршын* — аруана мен үлектен туған 4 жасар жас бура; *құлын* — жылқының алты айға дейінгі төлі; *ара ағайын* — туыстық қатысы екі жаққа бірдей ортақ;



бітім айтушы адам; *қырат* – биіктеу, дөңес жер; *құрама* – жеке, бөлек нәрселерден құралған, қосылған қосынды, құранды (он томдық).

Синтетикалық дефинициялардың бір түрі – анықталатын лексикалық бірлікті оның өзін тудырған қимыл, әрекеттің нәтижесі немесе бір бүтін нәрсенің, құбылыстың бөлігі, бөлшегі ретінде көрсететін генетикалық дефинициялар. Генетикалық дефинициялармен түсіндірме сөздіктердегі математикалық, физикалық және техникалық терминдер түсіндіріледі [Дарбинян 1988, 13]. Мысалы: *бөлім мат.* – бөлшектің бір мүшесі; ол бірліктің неше тең бөлікке бөліне алатындығын көрсетеді; *қалдық мат.* – бөлінгіштің толымсыз бөлінді мен бөлгіш көбейтіндісінен айырмасы (он томдық).

#### 4.2.4. Синонимдік анықтама

Лексикалық бірліктің мағынасын онымен синонимдес бірліктерді келтіру арқылы ашу тәсілі түсіндірме сөздіктерде кең қолданылып келді.

Бұл тәсілдің мақсаты – түсіндірілетін белгісіздеу сөздің мағынасын онымен мағынасы жағынан жақын, сипаттамалы тәсіл арқылы мағынасы ашылған бірлікпен мәндес екендігін көрсету. Абсолютті синонимия тілде өте сирек кездеседі. Сол себепті анықтаманың сапалы болуы үшін көбінесе синонимдік қатар қолданылады.

Мағыналары біршама жақын сын есім, үстеу, етістік болып келетін бірліктерде осы тәсіл қолданылады. Д.И.Арбатский бұл тізімге дерексіз зат есімдерді де қосады. Бұл тәсіл қазақ түсіндірме сөздіктерінде өте жиі қолданылады: *абажадай* – рабайсыз үлкен, далиған кең; *абайсызда* – 1. Байқаусызда, аңдаусызда; 2. Қапылыста, қапелімде; *абағайла* – атойлау, айбар шегу; *абайсыздық* – бейқамдық, қамсыздық, аңдаусыздық; *абзал* – 1. Қадірлі, асыл, аяулы; 2. Дұрыс, жөн; *абырой* – 1. Ар, ұят; 2. Атак, дәреже, бедел; *агрессор* – агрессия жүргізуші, жаулап алу мақсатымен шабуылдаушы, басқыншы (бір томдық).

Д.И.Арбатский дәл әрі қысқа синонимдік анықтамалардың өте-мөте тиімді болатынын, бұл анықтаманың негізінен

көпмағыналы сөздердің жеке мағышаларын түсіндіру кезінде, фразеологизмдердің мәнін ашуда үлкен рөл атқаратындығын жазады. Әсіресе кірме сөздердің, жаңа сөздердің, ескірген сөздердің, кәсіби сөздер мен диалектизмдердің, кітаби және қарапайым сөздердің мағыналарын ашуға қолданылатындығын жазады. Қазақ тілінің түсіндірме сөздіктеріне көз салар болсақ, синонимдік тәсілдің шынында да барлық сөз таптары мен топтарын, категорияларын түсіндіруде қолданылатын әмбебап тәсіл екендігіне көз жеткізуге болады: *аббар көне*. — суыт, үдере, сыпыра; *Абылхаят діни*. — өмір суы, өмір бұлағы; *құрсаңт кітаб*. — риза, шат; *зін кітаб*. — көңіл, ықылас; *шарқи кітаб*. — шығыс (бір томдық); *атауыз* — тістеуік, кемпірауыз (екі томдық); *ең* — өте-мөте, тіптен, нағыз барып тұрған; *еншіле* — меншіктену, иемдену, ие болу; *ата-баба* — ата-тек, тұқым-тұқиян; *ас-су* — қоректік ішіп-жем, тамақ; *ап-аман* — аман-сау, сау-саламат; *алпамса* — үлкен, зор, дәу (он томдық).

Ғалым синонимдік анықтамалардың бір тілді түсіндірме сөздіктерде барлық түсіндірмелердің төрттен бір бөлігін, ал диалектологиялық сөздіктерде — анықтамалардың тең жарымынан астамын құрайтындығын жазады. Жоғарыда байқалғандай, анықтаманың бұл түрі әсіресе кірме сөздерді, синоним сөздерді, ескі, кітаби, диалектілік сөздерді, сөз варианттарын түсіндіруде жиі қолданылады.

Ж.М.Гузеев анықтаманың бұл түрінің түсіндірме сөздіктерде кеңінен қолданылатындығын (*қар-балқ. ахшы* — иги, *тат. гыйлем I* — белем, *түрікпен. гам-гайгы* т.б.), тілтілде төрт түрлі: абсолютті, идеографиялық, экспрессивтік, стилистикалық синонимдердің болатындығын, олардың синонимдік анықтамалар құрамындағы атқаратын рөлі бірдей еместігін айтады.

“Мағыналары толық сәйкес келетін абсолютті синонимдер (*қар.-балқ. тәз* — чыда, *қазақ. дәу I*. — үлкен, *кәшкүр* — таяқ, *қырг. врач* — доктор, *қарышқыр* — бөру) әдеби тілде қатар қолданылатындықтан контексте бір-бірін ауыстыра алады. Сондықтан да бір-біріне анықтама ретінде қолданыла береді. Түсіндірме сөздікте анықтама берілетін сөз — синонимдік қатарда әлілбилік рет бойынша алда тұрған сөз. Біздіңше, осы дұрыс. Алайда, сөздіктерде бұл дәстүр әрқашан сақтала бермейді” [Гузеев 1985, 135].

Синонимдердің тілдегі қолданылу жиілігі бірдей болуы мүмкін емес. Әдетте бір вариант жиірек, екіншісі сиректеу қолданылады. *Дәу* сөзі мен *үлкен* сөзінің, жергілікті қолданыстағы *кәшкүр* мен *таяқтың* тілдегі орны бірдей емес. Сол себепті түсіндірілетін – сирегірек қолданылатын вариант (*дәу, кәшкүр, карышқыр*), анықтама ретінде берілетін – көпшілікке белгілі *үлкен, таяқ, бөрү* сөздері болу керек.

Ғалым тілде абсолют синонимдердің аз болуына байланысты, қажетті дәлдікке жету үшін екі немесе одан да көп синоним қолданылатындығын: *қар.-балқ. азық* – аш, ашарық; *қырғыз. жолук* – кезік, кездеш, учура; *убакыт* – убакты, убак, мезгил, учур, маал т.б., мұндай синонимдік анықтамалардың (идеографиялық синонимдер) мағынаны нақтылай түсудің, белгілі бір ұғымның белгісін астын сызып көрсетудің, айқындаудың құралы ретінде қызмет ететіндігін жазады: *қар.-балқ. эски* – тозурған, бурунгу, эрттегі [Гузев 1985, 135-136].

Ғалым, сондай-ақ, синонимдердің бір-бірінен өзгешеліктері болатынын, мәселен бір синонимде бір белгінің басқаларына қарағанда күшейтілген түрде кездесетінін жазады. Оған төмендегідей мысалдар келтіреді: “*қар.-балқ. ақшы* – иги бір-бірін ауыстыра беретін болса, *аламат* сөзі олардан күштірек. Қырғыз тілінде *ачуулан* – *каардан* жұбындағы *ашулану* (жай ашулану) мен *қаһарлану* (қатты ашулану) бірдей емес”. Ғалым бір синонимнің білдіретін ұғымы дерексіздеу болса, екіншісінікі нақтылау болатынын: *қар.-балқ. ойла-оюмла* сөздері дерексіздеу мағыналы, ал олардың синонимі *сағышлан* нақтылау, *журт* (жұрт) сөзі дерексіздеу болса, *юй* (үй) сөзі нақтылау; сондай-ақ, бір синонимнің мағынасы тарлау, екіншісінікі – кеңдеу болатынын (*қар.-балқ. таширыу* жалпы әйел заты ұғымында қолданылса, *катын* – жалпы әйел және нақты бір ісінің зайыбы ұғымында қолданылады. Қырғыз тілінде *сулуу* өте әдемі ұғымында қолданылса, оның синонимі *аруу* – әрі өте әдемі, әрі “таза” ұғымында қолданылады) жазады. Мұндай синонимдерді ғалым *идеографиялық синонимдер* деп атайды.

Синонимдердің бір бөлігі, ғалымның айтуы бойынша, айтушының қоңіл-күйіндегі эмоциялық, экспрессивтік

жағдайды білдіреді. Оларды *экспрессивті синонимдер*, *эмоционалдык, субъективті бағалау синонимдері* деп атайды.

Қазақ тіліндегі *бөпе* сөзі стилдік тұрғыдан нейтрал болса, *бөпежан, бөпетай, бөпеш* сөздері мейірімді, еркелетуді білдіреді. Қарашай-балқар тілінде “көп сөйлеу” ұғымында қолданылатын *жанша* сөзінің өз синонимі *сөлеш* (сөйлеу) сөзіне қарағанда ерекшелігі — сөйлеу процесіне немқұрайлы, селсоқ қарауды білдіретіндігі. Татар тіліндегі *кюп* (көп) — *галэмэт* (өте көп); қар.-балқ. *гитче* (кіші) — *тырнақ, кибиқ* (өте кішкентай); қырғыз. *тез* — *көз ачып жумғанча* (өте тез) тәрізді жұптар да солай [Гузеев 1985, 136].

Ғалымның жазуы бойынша синонимдердің ең үлкен тобы — стилистикалық синонимдер — сөйлемнің әр түрлі стилдеріне жататындығымен, қолданылу жиілігінің дәрежесімен т.б. ерекшеленетін сөздер. Бұлар өте аз болады. Олар негізінен мынадай белгілермен өзгешеленеді:

1) стилдік ерекшеліктермен, мәселен *қар.-балқ. быдыр* (ш, қарын) сөзі негізінен ауызекі сөйлеу тілінде қолданылса, оның синонимі — қырын жалпылама қолданыста, ал *ғыбыт* — дөрекі қарапайым сөз; татар тіліндегі *заявление, гыйльми* (ғылыми), *дәшилләу* (дәлелдеу) сөздері ғылыми лексикаға кірсе, олардың синонимдері *гариза, фәнни, исбатлау* — нейтрал [Ханбикова 1980, 119];

2) халықтың шағын бөлігінде және жалпылама қолданыста болуымен: қар.-балқ. *чууқал* (айдар) и-диалектісінде, ал синоним *кекел* (кекіл) әдеби тілде; *шекер* және *бал туз* (шекер) синонимінің екінші сыңары тек қана балқар тілінде қолданылады;

3) сөйлеу тілінде актив-пассив қолданылуымен: бұлардың біреуі нейтрал сөз болса, екіншісі — архаизм: *түрікпен. багзы арх.* — кәбир, *қырғыз. катчы арх.* — секретарь, *татар. мегаллим арх.* — уқытучы, т.б.

Синоним сөздердің бұл тәрізді мағыналық және стилдік реңктерін көрсету ісінің нәтижесі әрқилы. Кейбір жағдайларда синонимдік анықтама “сөздің мәнін түгел ашуға, қажетті стилдік реңкті дәл көрсетуге” мүмкіндік бере алмайды. Бұл кемшілікті азайтуға стилдік белгілер жүйесін қолдану, атау сөзді екі-үш синоним арқылы түсіндіру, жақсы дәйектеме материал қолдану (атау сөз мағынасын дәл көрсететін) көмегін тигізеді.

Ғалымның пікірі бойынша, түркі тілдері түсіндірме сөздіктерін түзушілер лексикалық синонимдерді сипаттамалы анықтамаға көмекші құрал ретінде де, сөз мағыналарын анықтаудың жеке дара қолданылатын құралы ретінде де қолданып келеді.

Лексикалық синонимдер, сөз мағынасын анықтаудың жеке-дара құралы ретінде ғалымның жазуы бойынша, мына жағдайларда қолданылады:

а) диалект сөздердің мағыналарын ашуда. Диалект сөз бірнеше әдеби сөзге синоним болған кезде, солардың көмегімен анықтама жасалады. Анықталатын сөз стилдік белгімен беріледі: *қырғыз. бағана диал.* — тирөөч, тюркюк, *түким 5 диал.* — жумуртка; *қар.-балқ. дибилдирик диал.* — биттир, биттиркоч (жарғанат), *тахан диал.* — чыпын (тіреуіш); *татар. кигерю диал.* — кидерю (кигізу); *түрікпен. ғалаам диал.* — чөмчө (қасық); *өзбек. әтмок II диал.* — айтмок (айту).

ә) ескірген сөздердің мағынасын түсіндіруде; *қар.-балқ. шалбар еск.* — кенчек, *май еск.* — жау (май), *қырг. күбөнама еск.* — күбөлүк (күәлік);

б) қарпайым және ауызекі сөйлеу тілі сөздерін түсіндіруде; *қар.-балқ. гүлүчу қарап.* — уручу (ұры), *қырғыз. азгыч ауыз екі* — жазуучу (жазушы);

в) сөздің ауыспалы мағынасын түсіндіруде: *қар.-балқ. ариу (сүлу)* — таза, кирсиз, *казак. ақ I (7)* — жазықсыз, күнәсіз;

г) балалар тіліндегі сөздерді түсіндіруде: *қар.-балқ. кока-кьол (қол), паппу-гыржын (нан), уммо* — ийнек (сиыр), т.б.

Осылайша, түсіндірменің синонимдік тәсілі негізінен әдеби тілде сирек қолданылатын сөздердің мағыналарын ашуда қолданылады.

Осыны ескере келіп, қарашай-балқар сөздікшілері синонимдердің осы тілдегі ескірген төл сөздердің немесе өте ерте дәуірде қабылданып, өзгелігі білінбей кеткен кірме сөздердің мағынасын ашуға қолданылуы мүмкін деп санайды; *бадражан еск.* — помидор, *харфлыкеш* — букварь, *тазыр еск.* — штраф, *тарих еск.* — история, *шымал еск.* — север [Гузев 1985, 139].

Ғалым бұл талаптың сөздіктерде үнемі сақталмайтындығына төмендегідей мысалдар келтіреді: *қырг. убакыт I* — мезгіл, учур, маал; *маал* — мезгіл, убакыт, учур;

мезгил — белгилію бір убакыт; учур, маал; қазақ. ешбір-ешқандай, бірде-бір; ешқандай-ешбір, бірде-бір; бірде-бір-ешқандай, ешбір.

Синонимдердің бас-басына түсінік беретін сөздіктер де бар: түрікпен. габыр — мәйітті жерлейтін шұңқыр; мазар, чер; мазар — өлген адамның денесін жерлейтін жер, габыр; қазақ. даугер — дау иесі, дау қуушы; даулаушы — дау иесі, дау қуушы.

Атау сөзге түсіндірме ретінде келтірілген синоним сөз кейде көп мағыналы болуы мүмкін. Сондықтан ол синонимнің қажетті мағынасын берген дұрыс болады. Болмаса, қате болады: қазақ. ағза — мүше, көрік II — ажар, өң, келбет, сымбат, сәулет [Гузеев 1985, 141].

Ғалым қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде сөздің мағынасы сөздікте жоқ сөзбен түсіндірілген жерлер де кездесетінін айтады. Мысалға бақыра-бақыра, аңқытып, байқауынша, білуінше, зонтик тәрізді сөздерге сөздікке алынбаған айғайлай-айғайлай, ағындатып, аңғаруынша, қолшатыр сөздерімен анықтама берілгендігін айтады. Шынында да, аңғаруынша сөзінен басқасы сөздікте жоқ.

Түсіндірме беру үшін әдеби тілге толық енбеген, сирек қолданылатын (жергілікті т.б.) сөздерді қолдануға болмайтындығы белгілі. Сол себепті олардың түсіндірілетін сөзге балама ретінде берілуі тіпті өрескел қателік. Ғалымның жазуы бойынша, он томдықта нейтрал даяшы (күтуші) және ежигей (құрттың бір түрі) сөздеріне синоним ретінде еск. даяшы және ауызекі ежегей беріледі. Ал, ауызекі тілдегі бакалейші, далбай, деңмент сөздері, сондай-ақ эмоциялық экспрессивті күншаш, еркеш сөздері олардың ескірген синонимдері бақалшы, далбағай, деңбет, күң, еркежан арқылы түсіндіріледі екен.

Нейтрал сөздерді эмоцияы, экспрессивтік реңкі бар синонимдер арқылы түсіндіруге болмайды. Ал өзі экспрессивті-эмоциялы реңкті сөзді өзіндей сөзбен түсіндіруге тіпті болмайды: бұзаушық (әдеби) — бұзауқан, байшікеш — байсымақ, агажан — ағатай, ағеке; апатай — апажан, балақан — балақай, бөпежан — бөпетай, бөпеш; бөпетай — бөпеш, бөпежан; бөпеш — бөпетай, бөпежан; балақан.

Ғалым синонимдік анықтама туралы айтылғандарды қорыға келе томендегідей тұжырымдар жасайды:

1. Синонимдерді бір-біріне айқыш сілтеме арқылы берушілік бар. Оның нәтижесінде синонимдер түсіндірмесіз қалған.

2. Кейде бір түсіндірме мәтінінің синонимдік қатардағы барлық синонимдерге қолданылуы кездеседі.

3. Әдеби сөздердің мағыналарын түсіндіруге бейәдеби, экспрессивті-эмоциялы реңкті синонимдер алынған.

4. Кейде сөз мағынасы сөздікке алынбаған синонимімен түсіндіріледі.

5. Сөздің мағынасын ашуға пайдаланылатын сөздің көп мағыналылығы ескерілмейді, түсіндірмеге алынып отырған қай мағынасы екендігі нақтыланбайды [Гузев, 1985, 142].

Ғылымда таза синонимдік (субститутивтік), антонимдік (контрарлық) және санамалық (денотаттық) дефиницияларды бір ғана – синонимдік дефиниция ретінде қарастырушылық бар (Робинсон, Згуста, Дарбинян, т.б.). Бұл түсіндірме сөздіктердегі семантикалық анықтамаларға тұлғалық (формалды) тұрғыдан қараушылықтың, анықтаманы таза әдістемелік тұрғыдан, перифразалау тәсілі ретінде түсінушіліктің нәтижесі. Бұл көзқарас *кезкелген семиотикалық бірлік-таңбаны бірнеше басқа таңбалармен ауыстыруға болады* деген семиотика принципін негізделеді. Бұл көзқарасты ұстанушылар жалпы дефинициялардың бәрін де атау тұлғамен синонимдік қатынастағы сөз саптам ретінде түсінеді. Мұндағы синонимдік қатынас сөздік тұлға мен дефиницияның семантикалық бірлігіне, теңдігіне негізделеді. Сондықтан “сөздіктегі лексикалық бірлікті дефинициялау дегеніміз оның семантикасын перифразалау тәсілімен сипаттау болып табылады. Лексикалық бірліктің құрылымының, тұлғасының бұған еш қатысы жоқ” – деген қорытынды жасалады. Біз бұл көзқарасты қолдамаймыз. Себебі, біріншіден, синонимдік анықтама мен антонимдік анықтама бір емес. Екеуі бір-біріне қарама-қарсы. Екіншіден, синонимдік анықтама мен денотаттық анықтама бір емес. Олардың біреуі атау сөздердің арасындағы семантикалық жақындыққа негізделетін болса, екіншісі – денотаттардың – заттардың арасындағы жіктемелік байланысқа негізделеді. Денотат пен оны атайтын сөздің арасында толық тепе-теңдік жоқ. Сол себепті біз антонимдік және денотаттық дефиницияларды бөлек-бөлек қарастырғанды жөн көреміз.

#### 4.2.5. Терістеуіш (негативті) және антонимдік анықтамалар

Д.И.Арбатский сөз мағынасын ашудың терістеуіш (негативті) тәсілі де болатынын айтады. Ғалым бұған дейін қарастырылған тәсілдердің лексикалық бірлік туралы оң деректерді білдіретінін, алайда сөздің мағынасын денотатта жоқ деректерді көрсету жолымен де ашуға болатынын ескертеді.

Ғалым терістеудің көбінесе анықтаманың сипаттамалы бөлігіне қатысты болатынын айтып, оған мынадай мысалдар келтіреді: азот – түссіз, иіссіз, жанбайтын газ; құрлық – жердің сусыз бөлігі; тын – әлі жыртылмаған, өңделмеген жер.

Ғалым терістеудің анықтама мәтініне тегіс қатысты болуы да мүмкін екендігін жаза отырып, ондай анықтамалардың кейбір сын есімдер мен етістіктердің (елемеу – назар салмау) мағынасын ашуға қолданылатынын ескертеді. Ондай сөздер үшін белгілі бір белгінің жоқтығын көрсетудің өзі өте-өте маңызды болатындығын айтады.

Ғалым терістеуіш анықтамаларға антоним арқылы анықтама берудің де қосылатынын, ондай анықтамалардың мағынадағы қарама-қарсылықты көрсетуге қолданылатынын жазады. Антонимдік анықтамаларға мынадай мысалдар келтіреді: Енді – еңсізге қарама-қарсы; жұмсақ – қаттыға қарама-қарсы; ащшы – тәттіге қарама-қарсы [Арбатский 1977, 79].

Таза антонимдік анықтамада сөздік бірліктің антонимі беріледі. Әдетте үлкен түсіндірме сөздіктерде жалғыз антонимі берілетін сөздік мақалалар сирек кездеседі. Анықтаманың негізгі тәсілі ретінде антонимдер сөздігінде, мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балаларға арналған шағын сөздіктерде, суретті-түсіндірмелі сөздік түрлерінде, семантикалық, ассоциативті сөздік түрлерінде қолданылады. Көбінесе негізгі анықтамалардың басқа түрлерімен ұластырылған түрде, қосалқы анықтама ретінде беріледі. Қазақ тілінің түсіндірме сөздіктерінде де анықтаманың қосалқы бөлігі ретінде бірлі-жарым сөздік мақалаларда кездеседі. Он томдықта: ақ сын. 1. Қардың, сүттің, бордың түсіндей (қараға қарама-қарсы); Бір томдықта: қара I 1. Көмірдің, күйенің түсіндей (аққа қарама-қарсы түс); Татар тілінің түсіндірме сөздігінде антонимдер жүйелі түрде бері-



ліп отырады: ақ I. с. I. Кар, сөт, акбур төсендәге; *киресе*: кара. ; кара I. с. I. Корым, күмер төсендәге; *киресе*: ак. ; яхшы с. I. Уңай сыйфатлары, уңай яқлары булған; куйған таләпләргә тулысынча жавап бирә торған; *киресе*: начар. ; начар с. I. Кире сыйфатлары яки үзлекләре булған; куелған таләпләргә туры килми торған, түбән сыйфатлы; түбән бәя бирелә торған; *киресе*: яхшы. Түрік тілінің түсіндірме сөздігінде де лексикалық бірліктердің антонимдік қатынастары үнемі көрсетіліп отырады: ақ *ис*. I. Кар, сүт гиби шейлерин ренги, бейаз, кара *ве сийах* каршыты ; кара (II) *ис*. I. Ен койу ренк, сийах, бейаз каршыты.

Қазіргі түсіндірме сөздіктердің әмбебаптық талаптар тұрғысынан шығуы үшін қажетті шарттардың бірі, біздің ойымызша, лексикалық бірліктердің синонимдері мен антонимдерін мүмкіндігінше беріп отыруды жүзеге асыру. Бұл әсіресе түр-түсті, жақсылы-жаманды қасиеттерді, бағалауды білдіретін сапалық сын есімдерге қатысты мәселе.

#### 4.2.6. Денотаттық анықтамалар

Д.И.Арбатский дефиницияның бұл түрін *санамалы тәсіл* деп атайды. Анықтама берудің бұл тәсілінде түсіндірілетін сөз немесе термин кеңірек ұғымды білдіретін сөзден, ал түсіндірмедегі сөздер — сол ұғымға кіретін, одан төменірек категориядағы сөздерден болады. Бұл жерде бөлшектің бүтінге қатынасы ашылады. Мәселен, *морфема* — түбір, негіз, жұрнақ; *өнер* — әдебиет, скульптура, живопись, музыка, театр, кино; *локомотив* — паровоз, тепловоз, электровоз [Арбатский 1977, 65].

Санамалы анықтамалар сөздердің мағыналық аясын (көлемін) анағұрлым анық, айқын етіп көрсетеді. Бөлшектің бүтінге, түрдің текке, тұқымға қатынасы көбінесе жинақтық мағыналы зат есімдерде кездесетіндіктен, санамалы анықтамалар көбіне зат есімдердің мағынасын ашуға жұмсалады. Алайда, кейде сапалық сын есімдер мен етістіктерде де қолданылады [Арбатский 1977, 66].

Синонимдік тәсіл мен санамалы тәсілдің бірге қолданылуы нәтижесінде сөздің мәнін де, мағыналық аясының көлемін

де анықтайтын анағұрлым дәл әрі мазмұнды анықтама пайда болады (*Сәби* – бала, ұл немесе қыз; *шоқпымт* – матаның қиықтары, бөліктері, ескі киімнің қалдықтары).

Орыс сөздікшісі В.И.Даль санамалы-синонимдік анықтамаларды ең тиімді филологиялық түсіндірме тәсілі санаған [Арбатский 1977, 67-68]. Басқа бір жағдайда анықтаманың негізін санамалы элемент құрап, синонимдер екінші кезекте, нүктелі үтір арқылы берілуі мүмкін.

Ж.М.Гузев түсіндірме сөздіктердегі көптеген сипаттамалы түсіндірмелерді санамалы түсіндірмелермен ауыстырудың қажеттілігін, олардың мағынаны анағұрлым тиімді, айқын, анық ашатындығын сөз етеді. Ғалым *қазақ*. “локомотив – рельсті жолдармен темір жол вагондарын сүйрейтін машина (паровоз, тепловоз, электровоз)”, *тат.* морфема – сүзнең лексик яки грамматик мәгънәгә ия булған кисәкләре (тамыр, кушымча яки алкушымча) тәрізді аралас анықтаманың орнына “локомотив – паровоз, тепловоз, электровоз”, “морфема – тамыр, кушымча, алкушымча” түріндегі санамалы, яғни денотаттық анықтаманың жеткілікті боларына сенім білдіреді [Гузев 1985, 144]. Ғалым көрсетілген мысалдардағы сипаттамалы анықтамалардың энциклопедиялық анықтамаға ұқсауынан сақтанады. Бұл, әрине, өкінішке орай, қате пікір. Автор филологиялық сөздік-энциклопедиялық сөздік антitezасының аясынан шыға алмаған.

#### 4.2.7. Функционалдық анықтама

Анықтаманың бұл түрімен жазба мәтін мен сөйленімде қосалқы қызмет атқаратын көмекші сөздер, яғни көмекші есімдер, көмекші етістіктер тәрізді сөз топтары түсіндіріледі. Қазақ тілінің түсіндірме сөздіктерінде бұл топтан септеулік шылаулардың ғана көмекшілік қызметі аталып, толыққанды сөздік анықтама арналады (*үшін* – зат есімге. есімдіктерге, етістіктің қимыл атауларына, кейбір есімшелерге тіркесіп, оларға мақсат, себеп, арнау мәнін үстейтін септеулік шылау). Көмекші есімдердің кейбірі сөздіктерде берілгенмен, анықтамаларда олардың негізгі қызметі, функциясы ашылмайды (*қасы қ.есім* – жаны, маңы, тұсы; *маң зат.* – манай, аймақ, жақ, айнала). Көмекші етістіктердің жағдайы да сол сияқты.

Комекші есімдер, комекші етістіктер тәрізді сөз топтарына кіретін бірліктер де лексикалық бірлік ретінде жеке сөздік мақалала беріліп, олардың негізгі атқаратын функциясы, басты-басты қызметшілік мағыналары мүмкіндігінше толық көрсетілуі керек.

#### 4.2.8. Сілтемелік анықтама

Тілдегі сөз варианттары, сөздің грамматикалық формалары, көптеген туынды сөздер әдетте сілтеме тәсілімен түсіндіріледі.

Сілтемелік тәсіл сөздің ішкі құрылымдық байланыстарын пайдалануға негізделеді. Өзінің нақты мазмұны болмаса да, сілтемелер өте тиімді. Бұл тәрізді түсіндірме “...қажеті жоқ қайталамалардан құтылуға, сөздің мазмұнына нұқсан келтірмей-ақ, оның көлемін азайтуға мүмкіндік береді” [Арбатский 1977, 180].

Түсінік берілетін сөз бүтіннің құрамдас бөлігі ретінде қаралады. Сөздің мағынасы жанама түрде, басқа элементтермен қатынастары арқылы түсіндіріледі. Түсіндірме сөздіктерде қ. (қара) тәрізді белгіленген эксплицитті сілтемелер сөздің түрлі варианттарының, диалектизмдердің, сирек қолданылатын сөздердің мағынасын нормаланған, жиі қолданылатын тұлғалар арқылы ашу үшін қолданылады.

Ж.М.Гузеев сөз болып отырған сілтемелі түсіндірменің үш түрін атайды: 1) графикалық, 2) грамматикалық, 3) сөзжасамдық [Гузеев 1985, 149]. А.К.Дарбинян да имплицитті сілтемелі дефинициялардың үш түрі (сөзжасамдық, грамматикалық және стилистикалық) болатындығын жазады [Дарбинян 1988, 14].

Екі жіктемені салыстыра отырып, сілтемелі түсіндірме элементтерінің қатарына қаріптердің тұлғасы мен түрін өзгертуді, курсивтің түрлерін, сирету тәсілін қолдану жолдарымен жасалатын графикалық түсіндірмені де қосуға болатындығын байқауға болады. “Әдетте бұл тәсіл энциклопедияларда, анықтамалықтарда, кірме сөзлер сөздігінде қолданылады. Түсіндірме сөздіктер қолданудың қандай да бір жағдайда тапталуына ұрынды. Шынығында”

сөз болып отырған гәсіл сол тавтологиядан сақтайды. Мәселен, “*декадент* – декадентизмді жақтаушы” түрінде емес, “*декадент* – *декадентизмді* жақтаушы” түрінде берсек, сол арқылы оқырманға қосалқы дерек ұсынамыз. Сол себепті графикалық сілтеме – сілтеменің ішіндегі ең тиімді, үнемді тәсіл” (Гузеев, 1985, 149).

**Сөзжасамдық дефинициялармен жұрнақтар арқылы жасалған сөздер мен күрделі сөздер түсіндіріледі.** Жұрнақ арқылы жасалған сөзді түсіндіру кезінде жұрнақтың мағынасы түсіндіріледі де негіз сөзге сілтеме жасалады, ал күрделі сөздерді түсіндіру кезінде сілтеме құрамдағы жай сөздерге жасалады.

Сөзжасамдық сілтемелі дефинициялар, Ж.М.Гузеевтің айтуынша, түсіндірме сөздіктерде өте сирек қолданылады. Ғалым мұндай дефиницияның берілуіне мысал келтіреді: *өзб. арзонлик* – арзон сөзінен болған сапаның атауы; *агрономлик* – агроном сөзінен болған кәсіп атауы...

Бұл тәрізді сөзжасамдық анықтамалар “...сөздікті пайдалануда жеңілдік әкелмейді, керісінше, қажетті анықтама алуды қиындатады” [Арбатский 1977, 122]. Сондықтан, мұндайда сипаттамалы түсіндірме дұрыстау: *арзандық* – бір нәрсенің бағасы төмен болуы, бағасы аздық.

Сөздердің морфологиялық және фонеморфологиялық варианттарының мағынасы неғұрлым белгілі вариантқа, әдеби тілдегі вариантына сілтеме жасау арқылы ашылады. Қазақ тілі сөздігінде көптеген фонеморфологиялық және морфологиялық варианттарда (*батырсымақ* – *батылсымақ*, *әжетсымақ*, *бақ-таландай* – *бақ-талайдай*; *балалайкеш* – *балалайкашы*) әдеби варианттарға сілтеме жасалған. Бірақ, олардың өзі сөзтізбеде жоқ болып шыққан [Гузеев 1985. 157].

Грамматикалық дефинициялармен сөздердің лексика-грамматикалық формалары түсіндіріледі. Бұл дефиниция лексикалық бірліктің мағынасын оның “нөлдік” формамен грамматикалық байланысы қандай екендігін көрсете отырып айқындайды. Түсіндірме сөздіктерде грамматикалық дефинициялармен етістіктердің етіс формалары, есімшелер, т.б. ішкі грамматикалық категорияларға жататын тұлғалар түсіндіріледі. Сілтеме бастапқы тұлғаға жасалады: *бардыр* – *бар* етістігінен жасалған ырықсыз етіс: *ап-ақ* – *таңдаулы шырғай. қара. ақ.* (1-4 мағыналар); *алтыншы* – реттік сан

есім. *кара: алғы*; алайда, түсіндірме сөздіктерде ала-қуалалық бар: *қызылт* — онша қызыл емес, таза қызыл емес, әлсіз қызыл (*қырг.*); *қап-қатты* — өте қатты, ең қатты (*қазақ.*). Яғни грамматикалық түсіндірмемен емес, сипаттамалы түсіндірмемен берілген [Гузев 1985, 151].

Ғалымның пікірі бойынша, грамматикалық түсіндірмеде негізінен сөзжасамдық қосымшаның мағынасы түсіндіріледі. Сондықтан бір түрлі сөзжасам қосымшаларынан жасалған туынды сөздер де бірөңгей түсіндірілуі керек. Түсіндірме сөздіктердегі қателер төмендегідей:

1. сан есімдер: *алпысыншы* — осы санның реттік түрі; *жетпісінші* — жетпіс болғандығын көрсететін реттік сан; *жиырмасыншы* — он тоғыздан кейінгі реттік сан; *жүзінші* — жүз санының реттік түрі; *алтау* — алты санының жинақтау түрі; *жетеу* — жеті санының жинақ атауы; *екеу* — “екі дана”, “жүп” мағынасындағы жинақтық сан.

2. Зат есімдердің салыстырмалы формалары (-*ша* жұрнағына біткен): *арыстанша* — арыстан сияқты; *жұлдызша* — жұлдыз тәрізді, жұлдыз сияқты; *жауынша* — жауын тәрізді, жаңбырша; *дүрбіше* — дүрбіге ұқсас, дүрбі сияқты.

3. Адамның мамандығын, жағдайын немесе істеп жүрген ісін көрсететін зат есімдер: *агроном* — агрономия маманы.

4. Туынды етістіктің етіс формалары. Түсіндірме сөздіктерде олар, әдетте, өздері жасалған етіс формасына сілтеме жасалу арқылы анықталады. Қимыл есімдері де (етістіктердің түбір және етіс формаларынан жасалған) солай. Бірқатар түркі сөздіктерінде өзгелік, ырықсыз, өздік, ортақ етістер мен олардан түзілген қимыл есімдерінің мағынасы сілтеме арқылы анықталады.

Алайда, етістіктердің мағынасын ашуда кемшіліктер бар. Мәселен, түсіндірменің семантикалық принципі сөзжасамдық принциппен ауыстырылып, кейде керісінше ауыстырылып берілуі бар. *Қазақ. бастал, ашыл, жарым, жабыл* т.б. сабақты етіс болғандықтан, оларды сипаттама түрінде ашу қажет болатын. Алайда, олар өздік, ырықсыз етіс ретінде альпынып, осының негізінде сілтемелі тәсілмен сипатталған [Гузев 1985, 152-153].

Стилистикалық сілтемелі дефинициялар іс жүзінде сөзжасамдық сілтемелі дефинициялардың бірінші типінің вариациясы болып табылады. Мұнда негіз сөзге сілтеме жасалып, жұрнақтың мәні стилдік белгі арқылы беріледі.

#### 4.2.9. Аралас анықтамалар

Бұл тәсіл сөз мағынасын неғұрлым толық және дәл түсіндіру үшін қолданылады. Сөздікшілер мағынаны ашуға сипаттамалы, синонимдік немесе санамалы түсіндірмелер жеткіліксіз болған кезде осы тәсілді қолданады. Д.И.Арбатскийдің аралас анықтама үшін қолданған *сипаттамалы анықтама* ұғымына жалғыз сипаттамалы дефиниция емес, сонымен бірге аналитикалық және синтетикалық дефинициялар да кіреді. Оны автордың келтірген мысалдарынан байқауға болады: түйе жапырақ — күрделі гүлді тұқымдастардан, тікенекті жалпақ жапырақты арам шөп, ошаған; қайталама (рефрен) — әр шумақтың, өлеңнің, өннің соңында қайталанатын өлең (өлеңдер), қайырма.

Кейде сипаттамалы түсіндірмеге не синонимдік, не санамалы түсіндірме қосылады немесе санамалы түсіндірме мен синонимдік түсіндірме қосылады, осылайша аралас анықтама жасалады.

Түсіндірме сөздіктерде осындай түсіндірмелер қолданылады. Аралас түсіндірменің бірінші бөлігі (сипаттамалы немесе санамалы) сөз мағынасын мүмкіндігінше дәл ашуға, ал екінші бөлігі (синонимдік немесе санамалы) түсіндірмені жаңа деректермен толықтырып, оның жақсы түсінілуіне жағдай жасайды. Нәтижесінде әрі дәл, әрі толық түсіндірме жасалмақ.

Синонимдік тәсіл жеткіліксіз болған кезде аралас сипаттамалы-синонимдік анықтама беріледі.

Сипаттамалы-синонимдік анықтамаларда сипаттамалы және синонимдік дефинициялардың жақсы жақтары біріктіріледі.

Кезінде сипаттамалы — синонимдік анықтамалардың мүмкіндігін жақсы байқаған Л.В.Щербаның түсіндірмелер мен аудармаларды шебер үйлестіру арқылы орыс тілінде де жақсы түсіндірме сөздік жасауға болатындығын айтқаны белгілі.

Сипаттама сөздің негізгі мазмұнын ашады, ал синоним қосалқы дерек береді. Әдетте осылай беріледі. Бұл жағдайда сипаттамалы анықтама бөлігінен кейін нүктелі үтір қойылады. Мысалы, *құбылтас* — сан түрлі түске еніп, құбылып тұратын асыл тас; александрит; *құбыланама* — дүниенің төрт жағын көрсететін аспап; көмпас (бір томдық).

Бірақ кейде синоним бірінші кезекте берілетін кездер де болады: *Әліпби* – алфавит, тілдегі әріптер жиынтығы [Арбатский 1977, 64].

Д.И.Арбатский сипаттамалы-синонимдік анықтамалардың сондай-ақ, кірме сөздердің мағынасын ашуға өте тиімді болатындығын айтады (“*Ювелир* – зергер, алтын, күміс, асыл тастармен жұмыс жасайтын шебер”).

Ж.М.Гузеев те мұндай қолданыстарға мысал келтіре отырып (*тат. барлы* – маллы, байлықлы; житеш тормышлы; *бавыр* – түш, күкрөк; гәүдөнең алғы өлеше) сипаттамалы-синонимдік түсіндірменің құрылымы сипаттамалы және синонимдік бөліктердің атқаратын роліне байланысты болатындығын, сол себепті өзінің сипаттамалы-синонимдік түсіндірмелерде синонимдерді тек сипаттамадан кейін ғана беру туралы ұсыныс жасаушы сөздікшілермен келіспейтіндігін жазады [Гузеев 1985, 146].

**Біздің ойымызша, синонимдік анықтаманың сипаттамалы анықтамадан кейін берілгені жөн.**

Сипаттамалы анықтама мен денотаттық анықтамадан құралған аралас анықтама да түсіндірме сөздіктерде жиі қолданылады. Мұндағы сипаттамалық бөлік мағынаның мазмұнын ашатын болса, санамалы бөлік оның көлемін белгілейді.

Денотаттық анықтама, Д.И.Арбатскийдің жазуы бойынша, сипаттамалы анықтамамен де біріктірілуі мүмкін: (*гидросфера* – жер шарындағы сулардың жиынтығы (мұхиттар, теңіздер, озендер, көлдер); *организм* – барлық тіршілік иесі (адам, жануар, өсімдік).

Мұндай түсіндірмелерде семантикалық белгілер туралы деректердің бар болуы санамалы түсіндірмені анағұрлым кеңірек, еркінірек қолдануға жағдай жасайды. Түсіндірмеде берілетін санамалы қатар толық болмаса да, сөздің аясы туралы нақты түсінік береді: *гидроузел* – гидротехникалық құрылыстардың жиынтығы (каналдар, шлюздер, плотина, гидростанция т.б.); *минерал* – тау кендерінің (көмір, кварц, мұнай т.б.) құрамдас бөлігі болып табылатын табиғи химиялық қосылымдар [Арбатский 1977, 69].

Д.И.Арбатский сипаттамалы-санамалы анықтамалардың сонымен қатар, кірме сөздердің мағынасын ашуда жақсы нәтиже беретінін айтады. Санамалы анықтама бөлігі бірінші

берілуі де мүмкін. Онда сипаттама бөлігі толықтырушы элемент ролін атқарады. Сипаттамалы-санамалы анықтамалардың құрылымы қажет болған кезде кең мазмұнды анықтамаға – сөздің мағынасын жан-жақты, терең ашып, барлық қажетті деректерді келтіретін анықтамаға айналуы мүмкін: *орта* – отбасы, мектеп, барлық қоршаған тіршілік [Арбатский 1977, 70].

Санамалы-синонимдік анықтамалар құрамындағы синоним атаудың жалпы аясын көрсететін болса, санамалы бөлік ол аяны нақтылап, атауға кіретін төменгі топ өкілдерін көрсетеді. (*Сәби* – бала, ұл немесе қыз; *шоқпымт* – матаның киықтары, бөліктері, ескі киімнің қалдықтары).

Ж.М.Гузеев анықтаманың бұл түрінің өзірбайжан және карашай-балқар сөздіктерінде (*аскерчи* – солдат, матрос, аскер къуллукъчу; айла – амал; тапқырлық, икемділік, ептілік) біршама жақсы қолданылатынын жазады.

Ғалым жекелеген жағдайларда синонимдік және антонимдік түсіндірменің ұластырылуы да кездесетінін (негізінен қабарда-балқ. сөздігінде): “ахшы I сын е. I – иги; ант.: аман, осал, болмачы; аман I сын е. I. – осал, болмачы; ант. иги, ахшы” жазады [Гузеев 1985, 148].

Лексикалық бірлікке тек-түрлік аналитикалық немесе синтетикалық сипаттама, болмаса сипаттамалы анықтама берілгеннен кейін, нүктелі үтірден соң оның синонимдерін беру, болып жатса, синонимдерден кейін антонимін беру мағынаның жан-жақты ашылуына қызмет ететін жақсы негіз болған болар еді.

#### 4.3. Лексикалық бірліктің мағынасын түсіндірудің қосалқы амалдары

Лексикалық бірліктің мағынасын түсіндірудің жалғыз дефинициямен аяқталмайтындығы, түсіндірменің одан да басқа қосалқы элементтері болатындығы туралы жоғарыда айтылған еді.

Олардың қағарына “стилдік” мағына элементтері (стилдік сипаттама), лексикалық бірлік туралы қосалқы этимологиялық ақпар, лексикалық бірліктің мағынасы туралы тіларалық тентейде берілетін ақпар (ауларма), сөздік бірліктің мағынасын



мүмкіндігінше толымды ашу мақсатына қызмет ететін тарихи-мәдени (сөздер мен сөз тіркестері үшін) және жалпы ғылыми танымдық (терминдер үшін) деректер беру, бірліктің өзі кіретін лексикалық шағын жүйенің элементтерін келтіру арқылы лексеманың семантикалық және ассоциативтік өрісін көрсету, сөздік бірліктің мағынасын ашудағы мысалдардың ролін көрсету, денотат туралы қосалқы ақпарат берудегі суреттер мен сызбалардың ролін көрсету мәселелері кіреді.

#### **4.3.1. Лексикалық бірліктің стилдік және эмоциялық сипаттамасы**

Түсіндірме сөздіктердегі стилдік белгілердің сөздің мағынасын жақсы ұғынуға жағдай жасайтындығы белгілі. Ж.М.Гузеев сөздердің стилдік сипаттамасының қажеттілігі мәселесін түсіндірме сөздіктің нормативтілігімен байланыстырып қарайды. Ғалымның пікірі бойынша, сөздердің стилдік ерекшеліктерін көрсетпей нормативті түсіндірме сөздік жасау мүмкін емес.

Ғалым стилдік сипаттаманың толымдылығы жағынан түсіндірме сөздіктерді 3 топқа болуға болатындығын жазады:

1) сөздері тек функционалды-стилдік (толық, жартылай толық) жіктеуге ұшыраған сөздіктер (қырғыз және қарақалпақ тілдерінің түсіндірме сөздіктері);

2) сөздерге толық функционалды-стилистикалық және ішін-ара эмоциялық-экспрессивтік жіктеу жасалған сөздіктер (қазақ, түрікпен, қарашай-балқар тілдерінің түсіндірме сөздіктері);

3) толық функционалды-стилистикалық, әрі біршама толық эмоциялық-экспрессивтік жіктеу жасалған сөздіктер (өзирбайжан, татар, өзбек тілдерінің түсіндірме сөздіктері).

Ғалым функционалды-стилдік сипаттаманы лексикалық бірліктің тілдегі актив не пассив қорға, яғни лексикадағы қай топқа кіретіндігін айқындау деп түсінеді, кітаби (жазба) тіл мен ауызекі сөйлеу тілі арасында стилдік айырма іздеудің қате болғандығын айтады, “кітаби стил” деп атауға боларлық стилдің жоқтығы туралы Г.Н.Скляревскаяның тұжырымына сүйене отырып, сөздіктердегі *кітаб.* белгісін артық санайды.

Кезінде А.А.Юлдашевтің кітаби стил элементтерін сөздіктерге белгімен де атауға қарсы болғаны белгілі. Соны-

мен салыстырғанда бұл шешімді ілгерілеушілік ретінде ұғуға болатын тәрізді. Бірақ өмірдің ғылым үшін жасалмайтыны, ғылымның өмір үшін жасалатыны анық. Мәселе стилдің бар-жоғында емес. Мәселе ерекшеліктің бар екендігі мен сол ерекшелікті белгілеудің қажеттігінде.

Қазіргі кездегі мемлекеттік ресми ұйымдарда, жекелеген мекемелерде даярланатын мәтіндердің, ресми іс қағаздарының тіліндегі ерекшеліктерді, поэтикалық қолданыстарды, көсемсөздің ерекшеліктерін, осы кезде де өз жалғасын тауып, дамып отырған бұрынғы дәстүрлі ауыз әдебиетінің үлгілерін белгілеу қаншалықты қажетті болса, бұрынғы кітаби тілден қалған элементтерді белгілеу соншалықты қажет деп ойлаймыз. Оның үстіне көркем әдебиет, ғылым, мәдениет салаларындағы жазба мәтіндердің негізінде қалыптасқан ерекшеліктер де бар.

Орыс тілінің жаңа түсіндірме сөздігінде қазіргі орыс тілінің кітаби формасын көрсететін белгілер қатарына: *кітаби* (көбінесе жазба мәтіндерде және зиялы пікір алысуларда қолданылатын сөздер тобын білдіру үшін), *ресми* (түрлі мемлекеттік мекемелер мен өкімет орындарында даярланатын мәтіндердің, құжаттардың тіліндегі ерекше сөздер тобын белгілеу үшін), *көсемсөз* (қоғамдық ақпарат құралдарында көпшілікке белгілі бір дәрежеде эмоциялық әсер ету мақсатымен қолданылатын сөздер тобын белгілеу үшін), *дәстүрлі-поэтикалық* (классикалық поэзияда қолданылатын бейнелі сөздер тобын белгілеу үшін), *халықтық-поэтикалық* (ауыз әдебиеті поэзиясы үлгісінде айтылатын сөздер тобын белгілеу үшін), *дәстүрлі-әдеби* (көркем әдебиет тілі үлгісіндегі сөздер тобын белгілеу үшін), *арнайы* (кеңінен қолданылатын термин сөздерді белгілеу үшін) белгілері жатады. Осындай ерекшеліктерді түсіндірме сөздіктерде ескерген жөн тәрізді.

Ж.М.Гузеев бірқатар түсіндірме сөздіктерде әдеби сөйлеу тіліндегі сөздер мен қарапайым сөздерді айырмаушылықтың барлығын, қарапайым сөздерді өз белгісімен белгілеудің қажеттілігін айтады. Тарихи, ескірген лексиканы да белгілеу керектігін сөз етеді. Диалектизм ретінде сойлеу тіліндегі фонетикалық варианттар мен этнографизмдердің де белгіленіп кетуі жиі ұшырасатынын, олардың белгісіз берілуі керек екендігін айтады.

Қабылғыру үшін жана ұлтимен жасалған орыс тілінің түсіндірме сөздігіне қарасақ, онда сөз болып отырған лексикалық топтарды екі түрлі белгісөздер тобымен белгілеуді көреміз. Қазіргі сөйлеу тілін белгілейтін белгісөздер қатарына: *сөйл.*, *дөр.сөйл.* (дөрекілеу сөйлеу), *фамилярлық* (дос-жарандар арасында, еркін сөйлесуде қолданылатын), *дәстүрлі-халықтық* (ел ішіндегі ауызекі сөйлеуде қолданылатын), *халықтық-сөйлеу* (мәтіндерде қарапайым халықтық қолданыс ретінде пайдаланылатын), *кәсіби* (кәсіби сөйлесуде қолданылатын), *жаргон* ( белгілі бір әлеуметтік топтардың шартты тілін білдіретін), ал лексиканы хронологиялық жақтан жіктелуін *тарихи* (баяғы заманның заттары мен ұғымдарын белгілеу үшін) және *ескі* (қолданыстан шығып қалған, өткен кезеңдердегі сөз үлгісі ретінде қолданылатын) сөздерді белгілеу үшін) белгісөздерімен сондай-ақ, *бұрынғы кезде*, *ежелгі Руста* (11-16 ғасырлардағы Ресейде болған заттарды белгілеу үшін) және *ССРО-да* (1922-1991 жылдар аралығындағы заттар үшін) тәрізді энциклопедиялық ремаркалар арқылы белгілеуді көреміз (Большой толковый словарь русского языка, 2000, 15).

Эмоциялық және экспрессивті ренктің сөздің лексикалық мағынасының, оның семантикалық құрылымының құрамына кіретіндігін, сол себепті оны міндетті түрде көрсетудің қажеттігін, көрсеткенде экспрессивті, экспрессивті-эмоциялық деп беріліп келгендерді “эмоциялық” деген бір ғана белгімен көрсетудің қажеттігін ескертеді. Ал “эмоциялық” белгісін қолдануды қойып, оның орнына нақты сезімдерді: балағатты, иронияны, қостамауды, кінәлауды, еркелетуді, қалжыңды, жек көруді, қостауды, айыптауды, салтанаттылықты білдіретін белгілерді пайдалануды ұсынады.

Қазіргі кездегі сөз мағыналары бойынша оқулық авторлары [Қалиев, Жылқыбаева 2002] да **эмоциялық, экспрессивті және стилдік** мағыналардың барлығын айта отырып, оларды **біріктіріп, сезімдік (эмотивтік) мағына** деп атауды ұсынады.

Орыс тілінің жоғарыда аталған түсіндірме сөздігінде эмоциялық, экспрессивті сөздер, Ж.М.Гузеевтің ұсынғанындай, нақты ренкті көрсететін белгілермен бері-

ген. Ол белгілер мыналар: *асқақ* (высокое) – жоғары, салтанатты күйдегі айтылымды білдіретін сөздер үшін; *мақұлдау* (одобрительное) – қолдаушылықты, мақтауды білдіретін сөздер үшін; *еркелету* (ласкательное) – еркелетіп, жақсы көріп айтылатын сөздер үшін; *құрметтеу* (почтительное) – сөйлеушінің басқа адамға деген сыйластық қатынасын білдіретін сөздер үшін; *қалжың* (жеңіл қалжыңды білдіретін сөздер үшін), *ұнатпау* (неодобрительное) – мақұлдамаушылықты, ұнатпаушылықты, жақтырмауды білдіретін сөздер үшін; *ирониялық* (ироническое) – әжуа қалжыңды білдіретін сөздер үшін; *менсінбеу* (пренебрежительное) – төмен санай, жақтырмай, менсінбей қараушылықты білдіретін сөздер үшін; *келекелеу* (уничижительное) – адамды жек көре, ауыр мысқылдауды білдіретін сөздер үшін; *жақтырмау* (презрительное) – жақтырмауды білдіретін сөздер үшін; *балағат* (бранное) – адамды қатты ренжітетін сөздерді белгілеу үшін; *дөрекі* (грубое)- дөрекі, адамды ренжітетін сөздерді белгілеу үшін; *анайы* (вульгарное) – өрескел дөрекі, тұрпайы сөздерді белгілеу үшін қолданылады.

Эмоциялық сөздерді белгілеу үшін осы тәрізді белгілерді қазақ түсіндірме сөздіктерінде де пайдалануға болады деп ойлаймыз.

#### 4.3.2. Лексикалық бірліктің этимологиялық сипаттамасы

Түсіндірме тәсілі ретінде этимологиялық деректерді қолдану әсіресе тарихи принципке құрылған түсіндірме сөздіктерде байқалады. Бұл мәселеде алдыңғы саптағы сөздіктердің бірі – ағылшын тілінің Оксфорд сөздігі. Одан басқа түсіндірме сөздіктерде де, француз сөздікшілерінің туындыларында болсын, американдық ағылшын тілінің Уэбстер сөздіктерінде болсын, орыс тілінің соңғы толық түсіндірме сөздігінде [Кузнецов 2000] болсын, қажетті жерінде лексема туралы этимологиялық деректер келтіру үрдісі байқалады. Түсіндірме сөздіктерде этимологиялық деректер екі түрде беріледі. Бір сөздіктерде этимологиялық деректер түсіндірме мәтініндегі қосалқы түсініктеме ретінде жақшаның ішінде берілетін болса,

екінші сөздіктерде өз алдына бөлек, сөздің этимологиясына арнайы бөлінген жерде, азат жолдан басталып беріледі. Қазақ тілінің түсіндірме сөздіктерінде де түсіндірме мәтінінде қажетті жерінде этимологиялық деректерді қолдануға болар еді.

### **4.3.3. Лексикалық бірліктің аудармасы**

Аудармалы түсіндірме әдетте флора мен фаунаға жататын сөздерге жасалады. Дефинициядан кейін (кейбір сөздіктерде дефиницияға дейін) жануардың немесе өсімдіктің латынша атауы беріледі. Аудармалы түсіндірме сөз мағыналарын дәл түсінуге мүмкіндік береді. Түсіндірме сөздікті пайдаланушы оқырмандардың білім деңгейі, тілді білу, меңгеру деңгейі әрқилы болатындықтан, өсімдіктер мен жануарлардың латынша атауын беруден пайда болмаса, еш зиян жоқ. Тілді үйренушілер үшін ол аудармалардың қажеттігі анық.

### **4.3.4. Лексикалық бірліктің мағынасын ашудағы қосалқы (энциклопедиялық, елтанымдық) деректердің орны**

Түсіндірме сөздіктердегі терминдер мен сөздердің анықтамаларында оларды басқа бірліктерден ажыратуға, бөлектеуге ғана жеткілікті минимум деректер беріледі. Лексикалық бірліктің мағынасын, мазмұнын мүмкіндігінше толық ашу үшін бұл дефинициялардың жеткіліксіз болары анық. Термин үшін оның айырым белгілерін көрсетіп, ғылыми жүйедегі орнын ғана анықтау жеткіліксіз болады. Ең болмағанда денотаттың бірқатар ерекшеліктерінің сөз болуы немесе осы терминнің жалпы ғылыми таным кеңістігіндегі байланыстары туралы дерек беру, әйтеуір қосалқы энциклопедиялық деректерді көрсетудің қажет болары сөзсіз. Жеке сөздің жағдайы тіпті күрделі. Сөз мағынасында көптеген ұлттық ерекшеліктер болады. Тұтас бір мәдени элементтен жұлынып, ойылып алынғандай болмас үшін, ол сөздің елдің рухани және материалдық дүниесіндегі алатын орны жан-жақты ашылуы керек. Сол себепті қосалқы елтанымдық деректердің берілуі де қажеттілік болып табылады. Ол деректердің де оқырманға қажет болары анық.

Орыс тілінің үлкен түсіндірме сөздігінде осындай энциклопедиялық деректер дефиницияның элементі ретінде анықтаманың құрамында, не анықтамаға энциклопедиялық қосалқы белгі (ремарка) немесе энциклопедиялық түсініктеме (комментарий) түрінде, болмаса арнайы белгімен бөлек жерде, энциклопедиялық анықтама ретінде беріледі.

Осындай тәжірибелерді қазақ түсіндірме сөздіктерінде де қолдануға болады.

#### **4.3.5. Лексикалық шағын жүйенің өзге элементтерін нұсқау жолымен жасалатын қосалқы түсіндірме**

Лексикалық шағын жүйе ретінде лексеманың ассоциативті және семантикалық микроөрістері аталады. Лексикалық шағын жүйенің басқа элементтерін нұсқау жолымен берілетін қосалқы түсіндірме негізінен әмбебап сөздіктерде болады. Орыс тілінің толық түсіндірме сөздігінде бұл үшін жартылай ұялық принцип қолданылған. Сөздікте аталған байланыстарды көрсететін сөз тіркестері (еркін және тұрақты), көмекші сөздер қатысатын түйдекті тіркестері, фразеологизмдер, мақалдар мен мәтелдер, қанатты сөздер, т.б. берілген. Қазіргі шетелдік түсіндірме сөздіктердің бірқатарында, әсіресе француз тілі сөздіктерінде лексикалық бірліктің негізгі анықтамасы – дефинициядан кейін оның синонимдері мен антонимдерін, паронимдерін келтіру лексикографиялық дәстүрге айналған. Француз тіліндегі лексикалық бірліктердің лексикалық шағын жүйелік байланыстарын толық қамту мақсатымен арнайы аналогиялық түсіндірме сөздіктер жасалғандығы белгілі.

Қазіргі түсіндірме сөздіктерге әрі анықтамалық құрал болу, әрі ғылыми еңбек қызметін атқару, әрі тіл үйренім құралы бола білу талабы қойылып отырғандықтан, лексеманың өзінің лексикалық шағын жүйедегі орнын білудің, оның ішкі байланыстарын байқаудың пайдасы көп. Ассоциативті және семантикалы өріс элементтері жанама түрде болса да сөз мағынасын тереңірек аша алады. Сөз себепті қазақ тілінің келешекте жасалатын түсіндірме сөздіктерінде осы тәжірибені ескерген дұрыс болады деп ойлаймыз.

#### 4.3.6. Ингерентті түсіндірме

Дәйектеме материал ретіндегі мысалдарда түсіндірменің ерекше типі – ингерентті түсіндірме жүзеге асырылады. Яғни, бұл жағдайда сөз дефинициялық, метатілдік анықтама арқылы түсіндірілмей, сөйленім ағымында, контексте түсіндіріледі. Түсіндірменің мұндай түрі тар мағынадағы сөздің семантикасы туралы деректен гөрі негізінен сөздің узусы, оның лексикалық және синтаксистік тіркесімділігі туралы дерек беретіндігі белгілі. Мұндай дәйектеме материалдағы мысалдар арқылы сөздің көбінесе дефиниция арқылы толық ашылмайтын коннотативті мағыналары ашық көрсетіледі [Дарбинян 1988, 10]

Бұрынғы кезде түсіндірме сөздіктің сапасы оның материалдық базасына – беделді жазушылардың шығармаларынан алынған дәйектемелер картотекасына тәуелді болды. Сөздіктің базасы неғұрлым бай болса, солғұрлым сөздікке алынатын лексикалық және фразеологиялық бірліктердің мағыналық, функционалдық-грамматикалық, стилистикалық сипаттамасы жетілген және сенімді болады [Гузев 1985, 166].

Ж.М.Гузевтің жазуы бойынша, стилистикалық нормаларды орнықтыруда да деректеме материалдың ролі өте жоғары болғандығы сондай, сәтті сұрыпталған деректеме стилистикалық белгіні дәлелдеумен бірге, кей жағдайда оны ауыстыра да алатын болған. Ғалым деректемелердің **айғақтаушы (констатирующие)** және мән ашушы болып бөлінетіндігін, айғақтаушы деректемелердің сөз бен фразеологизмнің қазіргі тілде барлығын көрсетіп, олардың көркем әдебиеттегі қолданысын белгілейтіндігін, ал мән ашатын деректемелердің сөздің мағынасын ашуға жәрдем жасайтындығын, мұндай деректемелердегі нақты мазмұндық деректердің түсіндірмені толықтырып, нақтылай түсетіндігін жазады. Ғалым мән ашушы деректемелердің мысалы ретінде белок сөзіндегі деректемені: “*Белок* – өсімдік және мал организмі клеткасының құрамды бөлігі, онда азот бар” (Р.Әбуғалиев. Қой өсіруші) келтіреді. Ғалым түсіндірме сөздіктерде айғақтаушы мысалдардың өте мол берілгенін, шындығында сол мысалдарды лексикалық байланыстарлы көрсететін дәстүрлі сөз қолданымдар – сөз тіркестерімен

ауыстыруға болатындығын айтады. Осындай сөз тіркестерімен егістіктің етіс формаларына, қимыл есімдеріне және де сілтемені тәсілмен түсіндірілген көптеген жасанды (туынды) сөздерге берілген әдеби деректемелерді ауыстырған жөн боларын жазады [Гузеев 1985].

Дәйектеме материалдың нақты, дәйекті деректерге негізделіп құрылуы да, сөздікті жасаушының өзі жасаған мысалдарға құрылуы да мүмкін.

Мамандардың пікірі бойынша, **көркем әдебиет пен көркемсөзден алынған мысалдарды ескірген, диалектілік, қарапайым, ауызекі, эмоциялық-бағамдық және жаңа сөздерде, сөздердің жаңа мағыналарында қолдану қажет** [Горбачевич 1978, 22].

Осы аталған сөз топтарының ішіндегі **ескірген, диалектілік және жаңа сөздерде мысалдардың көркем шығармалардан алынуы жөн деп ойлаймыз**. Қалған сөз топтарында көркем шығармадан мысал келтіру міндет емес. Қазіргі замандағы түсіндірме сөздіктерде үйренім құралы қызметін атқару мәселесі алдыңғы қатарға шығып отыр. Сол тұрғыдан лексикалық бірліктің тіркесімділік қабілетін ашу, парадигмасы мен синтагмасын айқын көрсету, лексикалық шағын жүйедегі орнын анықтау үшін сөз тіркестерін кеңінен қолдану қажет.

#### 4.3.7. Көрнекі түсіндірмелер

Жоғарыда қаралған анықтамалардың бәрі де вербалды (*лат. verbum* – сөз), яғни сөздің мағынасын сөзбен сипаттама беру жолымен ашатын анықтамалар болатын. Сөздік түзу тәжірибесінде көрнекі, визуалды анықтамалар да кездеседі. Бұл анықтамалар сөздің мағынасын берілген затты не құбылысты көрнекі түрде көрсету жолымен ашады.

*Сүт* сөзінің мағынасын сүт құйылған шөлмек арқылы, *жолбарыс* сөзінің мағынасын оның суретін беру арқылы ашуға болады. Мұндай тәсіл тілді жеткілікті дәрежеде меңгермеген жас балалар мен басқа тілдес адамдар тобына арналған сөздіктерде пайдаланылады.

Бұл тәсілдің сөздің мағынасын тереңірек түсіну үшін де қажеттілігі сөзсіз. Нәрсенің суретін беру арқылы оны атаушы сөздің салмағы артатыны анық



Корнекі анықтамалар қолданылатын сөздердің тобы алуан түрлі болады. Олар нақты нәрселердің, өсімдіктердің, жануарлардың, заттардың, материалдардың т.б. атаулары болуы мүмкін.

Әсіресе, а) осы жерде болмайтын заттар мен құбылыстарға: *баобаб, кипарис, буйвол, пума, вулкан*, т.б.; ә) қазіргі өмірде жоқ, бұрын болған нәрселер, құбылыстар, адамдар тобына: *дулыға, сауыт, кебеже* т.б.; б) ұзақ түсіндіруді қажет ететін күрделі нәрселер мен құбылыстарға: *онеркәсіп, механикаландыру, сауда, соғыс* т.б. қолданылған корнекі анықтамалардың маңызы зор.

Бұл анықтамалар объективті дүниемен сөздің тығыз байланысын қамтамасыз етеді.

Суреттерді қолдану сөздіктің метатілін неғұрлым қарапайым, айқын етуге мүмкіндік береді. Суреттердің көмегімен зат есімдерді, сын есімдерді, етістіктерді түсіндіруге болады.

Тілді үйретудің балаларға арналған төменгі сатысында сөздің айтылымы мен заттың суреті беріледі.

Одан жоғары сатыда сөздік анықтама тек қана бір сөзден – нәрсенің атауынан тұрмайды, ол кезде қысқаша толымсыз түсініктемелер (*кит* – сүт қоректі, *тенор* – ерекше биіктіктегі дауыс, *регби* – спорт ойыны) қолданылуы мүмкін.

Корнекі анықтамалардан сөзбен берілетін дефинициялардың бір ерекшелігі – олардың заттар мен құбылыстардың тұтас түрлерін, топтарын қамтитын, көптеген ұрпақтар тәжірибесінде қорытылған, зерделенген белгілерді бейнелеуінде. Жолбарыстың өзін не суретін көргенде оның бірқатар нақты белгілерін байқаймыз. Мәселен, оның сыртқы түрі (кұрылысы), мінезі, көлемі, түсі белгілі болады. Сөзбен берілген анықтамада да корнекі белгілер беріледі. Алайда ол белгілер – бүкіл жолбарыс тұқымына қатысты белгілер. Ұзақ бақылау арқылы қорытылған басты белгілер. Адамдардың өте аз білетін немесе білмейтін заттарының шағын суреттерін келтіру сөзбен берілетін сипаттамалардан құндырақ болатыны рас. Сөздің мағынасын ең тиімді түсіндіру жолы – осы екі анықтаманы біріктіріп, бірге қолдану. Бұл тәсілдің танымдық маңызы өте зор. Бұл әсіресе тілді үйренудің алғашқы кезеңінде қажет.

Семантикалық анықтамалардың жоғарыда қарастырылған функционалдық типтері өзара байланысты тәсілдер жүйесін құрайды. Бұлардың ешқайсысы да әмбебап тәсіл емес. Сонда

да олардың әрқайсысы нақты жағдайда ең тиімді тәсіл болып табылаты. Осы тәсілдердің бәрінен хабардар болу сөздің мағынасын неғұрлым дәл және толық ашуға мүмкіндік береді. Бұл тәсілдердің ерекшеліктерін білу семантикалық анықтамаларды сәтті қолдануға жол ашады.

#### **4.4. Бір типтес (түсіндірме) сөздіктердегі сөздік мақалалардың ішкі құрылымдық ерекшеліктері**

Сөз мағыналарының әр тілдегі көлемі мен аясын байқап, мағыналарды ашудың әдіс-тәсілдерін өзара салыстыру мақсатымен орыс, түрік және ағылшын тілдерінің түсіндірме сөздіктерінен мысал келтіруді жөн санап отырмыз.

Салыстырылатын сөздіктердің бәрі де түсіндірме сөздік болғанымен, олардың ішкі құрылымында дәстүрлі түсіндірме сөздіктерден айтарлықтай өзгешеліктер бар. Аталған сөздіктердегі әмбебаптандыру жолдарына назар салып, отандық лексикографияға тиімді қорытындылар жасау қажет деп ойлаймыз.

Материалдар орыс тілінің С.Кузнецовтың құрастыруымен шыққан толық түсіндірме сөздігінен, түрік тілінің екі томдық түсіндірме сөздігінен және американдық ағылшын тілінің Уэбстер сөздігінен (1993) алынды. Салыстыруға бір ұғымды білдіретін биологиялық тек-түрлік жіктемеге негізделетін флора мен фауна атаулары, химиялық жіктемелерге негізделетін элементтер атаулары, т.б. бірқатар бірліктер таңдалып алынды.

Атауларды сұрыптап алған кезде негізгі ұстаным – лексемаларды ұғымдық, категориялық тұрғыдан жүйеленген, бір типті сөз сыныптарынан таңдау болды. Оның басты себебі – өзара салыстырылып отырған сөздіктердің өзі бір типке жататын сөздіктер болғандықтан, олардағы жеке лексикалық бірліктердің сөздік мақала құрылымына неғұрлым сапалы талдау жасаудың бірден-бір жолы – бір категорияға, бір сыныпқа, бір тұқымға, бір тек пен түрге кіретін лексемаларды өзара салыстыру болып табылады.

Уэбстер сөздігіндегі материалдарды өз орфографиясының ерекшеліктерімен бергенді жөн көрдік. Себебі онда ойлтанарлықтай, ойласарлықтай жағдайлар бар.

Озара салыстырылатын атаулар: *мысық, арыстан, қасқыр, жылақы, тауық, этеш, бидай, помидор, алма, адам, алтын, күміс, темір, ауа, күн, жер, қар, жаз*-. Ұғынықты болу үшін сөздік мақалалар қазақ тіліне аударылып беріліп отыр.

**1. Кошка ...1.** Тышқандар мен егеуқұйрықтарды аулайтын, табиғатынан жыртқыш үй хайуаны; ұрғашы мысық. ...*ала м., Сібір м.-ғы, парсы м.-ғы, сиам м.-ғы, үйде мысық ұстау, ...* || *Сойл.* Осы хайуанның терісі. Мысық жаға. **2.** Мысық тұқымдас жыртқыш сүт қоректі. **3.** *Арн.* Батқан затты су түбінен көтеру үшін қолданылатын үш және одан да көп табандары болатын якор тәрізді шағын аспап. **4.** *Арн.* Тік бағандарға шығу үшін жасалған, аяқ киімге бекітілген метал тістерге ұқсайтын арнаулы аспап.

**Kedi esім.зоол.** Мысық тұқымдастардан, өте өткір сойдақ тісті, өте шапшаң, епті, күшті, үйшіл де жабайы да болып келетін кішкене емшекті сүт қоректі хайуан (*Felis domestious*).

'**cat...** **1 а:** тышқан мен егеуқұйрықтарды аулау үшін ерте кездерден қолға үйретілген ет қоректі, сүт қоректі хайуан (*Felis canus*) **б:** әдетте түнде және жалғыз жүретін мысық тұқымдастардың (үй мысығы, арыстан, жолбарыс, сілеусін, ілбісін, пума, жабайы мысық, т.б.) бірі **2:** долы әйел **3:** ырғақты (якорды) кемеге көтеру үшін қолданылатын берік құрал **4 а:** CATBOAT – мысыққайық (мысықтай епті, аударылмайтын, бір адамдық қайық) **б:** CATAMARAN катамаран **5:** CAT-O-NINE-TAILS (*мар.* жазалауда қолданылатын тоғыз орім камшы) **6:** CATFISH – мысықбалық (тұшы сулар мен теңіздерде болатын балықтың бір түрі) **7 а:** джаз сазгері немесе джазға жан-тәнімен берілген адам **б:** GUY [аббр. Guyana (халықаралық көліктерді тіркеу ұйымы)].

Түрік сөздігінде мысықтың өзіндік белгілері мен қай тұқымға жататындығы туралы деректер бір мағынаның ішінде берілсе, орыс және ағылшын сөздіктерінде мысық тұқымдастар тобы болек, екінші мағынада келтіріледі. Мысық сөзінің орыс сөздігіндегі 3,4 және ағылшын сөздігіндегі 3 арнаулы мағыналарын қазақ тілінде де қолдануға болады деп ойлаймыз. Орыс тілі сөздігінде **мысықтардың түрлерін білдіретін сөз тіркестері дәйектеме материал ретінде мысалдардың ішінде беріледі.** Бұл да пайдалануға болатын төмендегінің бірі тәрізді.

{Жоғарыдағы ағылшын сөздігінен келтірілген мысалдар ішіндегі ірі әріппен берілгендері (САТВОАТ тәрізді) – басқа жерде өз сөздік мақалалары бар бірліктер. Демек, дербес сөздік мақалалары бар бірліктер осылайша ерекше тұлғада беріледі. Мұның өзі – үлгі аларлықтай әдіс. – М.М.]

Жоғарыдағы дефиницияларда ең басты жіктемелік белгілердің бірі – мысықтың *жиналмалы тырнақты* хайуан екендігі көрсетілмеген. Ол белгі шағын Оксфорд сөздігінде бар: *cat* • n. a small domesticated carnivorous mammal with soft fur, a short snout, and retractile claws. [*Felis catus.*] (*The Concise Oxford Dictionary, 2001, 220*).

**1. Лев** 1. Мысық тұқымдас, қысқа сарғыш жүнді, еркектері үлкен жалды болып келетін ірі жыртқыш, сүтқоректі аң...*Арыстанның олжасы. Арыстандай айқасты.* 2.*Сөйл.* Өте қайратты, батыл, ержүрек адам туралы. 3. Әйелдер қауымы өте жақсы көретін, зиялы мінез-құлықтың қағидалары мен заңдылықтарын ұстанушы еркек туралы. *Зиялы арыстан.* 4. [бас әріппен]. Зодиактың 12 жұлдызының бірі. 5. Шілденің аяғы мен тамыздың басында Күн Арыстан жұлдызында болған кезде туған адам туралы...

**aslan** *зоол.* 1. Мысық тұқымдастардан, еркектері жалды болып келетін, Африкада өсетін, ұзындығы 160 см., құйрығының ұшы шашақты, өте қою сары реңкті, күшті жыртқыш сүтқоректілердің бір түрі. 2. *Ауыс.* Ірі әрі қайратты ер кісі.

**lion ... 1 а:** Бастапқы кезде Африкадағы Сахара маңында болатын жартасты алаңқай жерлерде өсіп-өніп, кейін бүкіл Африка мен оңтүстік Азияға таралған, денесі қызғылт-қоңыр түсті, құйрығының ұшы күлте шашақты, еркегінің қара немесе қарақоңыр түсті қою жалы болатын, тобымен өмір сүретін, өте ірі мысық тұқымдас хайуан (*Panthera Lea.*, синонимі: *Leo lea*) **б:** Жабайы мысық тұқымдастардың бірі (әсіресе *пума*) **с** (үлкен әріптермен): ЛЕО (есім) **2 а:** Ерлігі немесе қаталдығы жағынан арыстанға ұқсас адам **б:** Кесек мінезді ірі тұлға (өте маңызды адам) **3** [бас әріптермен]: *Арыстандар* (клуб) ең алдыңғы қатарлы ұлттық немесе халықаралық қызмет корсету клубының мүшесі.

Орыс және ағылшын сөздіктерінде сөздің туынды мағыналары жақсы берілген. Тек-түрлік белгілерді беру мәселесі түрік сөздігінде де жақсы шешілген. Ағылшын сөзді-

гіндегі мағыналардың орналастырылу реті ыңғайлы тәрізді: әуелі негізгі мағына, сосын осы атаудың тектік мәніне туысты мағынасы, олардан кейін ауыспалы мағыналар берілген. **Негізгі мағынаның анықтамасы энциклопедиялық дефиниция түрінде берілген.** Бұл – әмбебап сөздіктердің өте маңызды белгілерінің бірі.

**Волк 1.** Ит тұқымдас жыртқыш аң. *Үйірлі қасқыр. Дала қасқыры. Әккі, қасқыр.* • Орыс ауыз әдебиетіндегі дәстүрлі кейіпкер. Хайуанаттар туралы ертегілердегі күшті, қанішер, бірақ аңғал аң; қиял-ғажайып ертегілердегі адам баласына көмек көрсететін аң. **2.** *Соыл.* Белгілі бір істе тәжірибесі мол, қорғаны көп, қауіп-қатерге бойы үйренген адам туралы. *Теңіз қасқыры.* ◊ Қой терісін жамылған қасқыр...

**Kurt есім.зоол. 1.** Ит тұқымдас, Еуропада, Азияда және Солтүстік Америкада болатын сұрғылт сары реңкті жыртқыш, ет қоректі, сүт қоректі (емшекте) хайуан (*Canis lupus*). **2.** *Ауыс.* Бір жерді, бір нәрсені жақсы білетін. **3.** *Ауыс.* Оз ісін жақсы білетін, алданбайтын, қу. *Kurt-kuş* бүкіл жандылар.

**wolf ... 1 a:** үйірімен өмір сүретін, үйірімен жүріп аң аулайтын, оздеріне туыстас иттерге ұқсас алуан түрлі (әсіресе КӨК БӨРІ – салыстыр: КӨЙӨТ, ШИЕБӨРІ) болып келетін үлкен жыртқыш ит тұқымдастардың бірі (*genus Canis*) **b:** қасқырдың терісі **2 a** (1): катал, жауыз адам (2): озат ойлы тура мінезді, махаббатта әйелдерге жұғымды адам **b:** қатты мұқтаждық : < қасқырды(аштықты) есікке жолатпау > **c:** (ірі қара мен жылқының, т.б. терісінде болатын) ірі шыбынның личинкасы **3** [неміс сөзі: ұлыған дыбысқа ұқсатудан] **a** (1): орган, фортепьяно, т.б. музыкалық аспаптарды ойнаған кезде әуен ырғақтарында пайдаланылатын жаңылыс, оғаш дыбыс (2) үндестіктің бұзылу жағдайлары **b:** шертпелі аспаптарда әралуан әуендердің кәте дыбысталуынан болған құлаққа қатаң естілетін дыбыстар -- *сын. қасқыр тәрізді – қой терісін жамылған қасқыр:* дұшпандық көңілін достық мәнерлермен бүркемелеп жасырушы адам.

Үш сөздікте де бөрінің тек-түрлік ерекшеліктері жақсы берілген. Үшеуінде де энциклопедизм элементтері бар. Алайда, олардың берілу дәрежесі әрқалай. Орыс және татар

сөздіктері филологиялық негізге тартып тұрса, америкаан сөздігіндегі сөздік мақала аралас (филологиялық-энциклопедиялық) негізде құрылған. Тіпті мұндағы энциклопедиялық негіз басымдау десек те артық болмас. Американдық сөздікте де сөздік бірлікке қатысты таза филологиялық материалдар, фразалар жеткілікті. Сөздік мақаланың бастапқы, леммаға кіретін бөлігінде сөздік бірлік тұлғаларының бүкіл тарихи даму жолы көрсетіледі. Мұнда сөз тұлғасының жазылымынан, айтылымынан, регионалдық ерекшеліктерінен, тарихынан, этимологиясынан толық мәлімет алуға болады. Латын тіліндегі, ескі ағылшын, ортағасырлық ағылшын тілдеріндегі тұлғалар түгел беріледі. Сөздің таза ағылшын тіліндегі нұсқаларын көрсетудің өзі ХІІ ғасырға дейінгі кезеңнен басталады. [Бұл аталмыш сөздікте тарихи құндылықтардың бейнеленгендігінен, тарихи принциптің қолданылуынан хабар береді.]

Тым көп болғандықтан, басқа да жағдаяттарды ескере отырып, оларды бұл жерде келтіруді жөн көрмедік. Ал сөздік мақаланың ішкі құрылымында таза тілдік материалдар (мысалдағы фразалар, сойлемдер) бар болғанымен, олар дәстүрлі филологиялық түсіндірме сөздіктердегідей басты рөл атқармайды. Сөздіктегі басты назар сөздік бірлік арқылы беріліп отырған ұғымның аясын ашуға, жалпы практикалық, ғылыми құндылықтарды түгендеуге аударылады.

**Лошадь 1. зool.** Жылқы тұқымдастардан, мініс пен жүк арту немесе жүк тасу қызметтеріне қолданылатын сүтқоректі хайуан. 2. Шахматтағы ақтан қараға, қарадан аққа, әр бағытта L түрінде аттайтын тас.

**at esim. 1. зool.** Жылқы тұқымдастардан, мініске, жүк арту немесе жүк тасу тәрізді қызметтерде қолданылатын емшекті хайуан. 2. Шахматтағы әр бағытта ақтан қараға, қарадан аққа L түрінде қозғалатын тас.

**horse ... 1 a (1) :** Тарихи дәуірлерден бұрынғы кезеңнен бері қолға үйретілген, ен жақсы жұмыс күші немесе мініс қолігі ретінде пайдаланылатын ірі денелі тақ тұяқты шоп қоректі, сүт қоректі жануар (*Equus caballus*, *Equidae* тұқымдас, *жылқы тұқымдас*) (2) бәйге аты <~ жарысы> **b:** еркек жынысты жылқы: *арнаулы атауы:* АЙҒЫР **c:** зебра, есек. *анағр* тәрізді қазірде де бар немесе жойылып кеткен жылқы

тұқымдастардың жалпы атауы **2 a: JACKSTAY b:** бір нәр-сені көтеріп тұру үшін жасалатын аяқтары бар құрылғы **с (1): POMMEL HORSE** қос қолдаулы гимнастикалық ат **(2) VAULTING HORSE** гимнастикалық ат (козел) **3 аттар көпше. : CAVALRY** атты әскер **4:** вена қан тамырлары қабырғаларына тұратын зиянды тұтпалар **5: HORSEPOWER** (ат күші) **6 слэнг. : героин...**

- *сын. атсыз, — сын. аттай, — ат аузынан* нақты деректен алынған.

[Сөздікте жылқының 30 бірліктен тұратын дене мүше атаулары көрсетілген суреті берілген — М.М.].

Ағылшын тілі сөздігінде, жоғарыда сөз болғандай, таза тілдік материалдар әдетте мақаланың басы мен аяғында (басында — сөз тұлғасының фонетикалық, тарихи-этимологиялық дамуы көрсетілетін болса, аяғында — фразалар мен деривативтер) беріледі. Осы мақаланың соңында да жылқы (ат) сөзінің деривативтері мол қамтылған. Сөздіктегі бірліктің тілдегі қолданым аясын толық көрсетуге үмтылыс байқалады. Бұл сөздіктің **функционалдық сөздік** екендігінен хабар береді.

**Курица 1.** Жұмыртқасы мен еті үшін өсірілетін үй құсы; бірқатар тауық тұқымдастардың ұрғашылары. *Emmi, жұмыртқалы тауық түрлері. Тауық өсіру... 2.* = Тауық еті. *Тауық етінен жасалған сорпа.*

**tavuk** *есім.зоол.* Құстар сыныбының ішіндегі қырғауыл тұқымдасына жататын, еті мен жұмыртқасы үшін өсірілетін үй хайуаны (*Gallus*).

**chicken ...1 a:** әдетте үй құсы (*Gallus gallus*) : әсіресе кішкентай кезінде; сондай-ақ: осы еттен жасалған тағам (**ЖАС ҚҰС**) құрамы **b:** құс түрлері, олардың балапандары **2:** жас әйел **3 a: ҚОРҚАҚ, b:** қатысушылардың бірі берілгенге дейін жүргізілетін қауіпті жарыс түрлері **4** [(негізінен сол-түстік Америкада:) ез, сүмек адамдарға айтылады] *слэнг: ұсақ-түйек бөлшектер* мағынасында **5:** гомосексуалист (жас адам).

Сөздіктерде еркек және ұрғашы тауықтардың жалпы атауы берілмеген. Бұл — өте қажетті белгілердің бірі. Қазақ түсіндірме сөздіктерінде бұл белгі көрсетіліп отырады. Түрікше сөздіктің анықтамасы жақсы. Орыс сөздігінің тауық пен тауық етін екі мағынаға бөліп беруі жөн тәрізді.

**Петух 1.** Тауықтың еркегі; басында қызыл айдары, аяқтарында топшысы (тепкісі) болатын үй құсы. *Әтештің (қораздың) айқайы...* || Тауық тұқымдас басқа құстардың еркегі. *Қырғауылдың әтеші (қоразы). Күрке тауықтың қоразы.* • Әтеш орыс ертегілерінде болашақты болжаушы немесе зиянды күштерден қорғаушы, әлсіздерге болысатын батыр түрінде немесе әпербақан, мақтаншақ, өзге аңдарға, кемпір-шалға қысым жасайтын сотқар кейіпкер түрінде кездеседі. **2.** *Сөйл.* Жанжалқой сотқар адам туралы. **3.** *Сөйл.* Әтештердің шақыруы — таң атқанның белгісі. *Әтештермен бірге туру.* **4.** *Сөйл.* Ән, әңгіме кезінде тосыннан байқалып қалатын шырылдақ дауыс. *Әтешті жіберу.* **5.** *Жаргон.* Пассив гомосексуалист.

**hogoz есім.** *Пар.* hogus 1.зоол. Тауық тұқымдастардан, тауықтың еркегі, үй құсы. **2.** Мылтықтағы оқ капсуліне соғылатын метал бөлшек, мылтықтың құлақшасы. **3.** “Қақпа зеңбірегінің” (үлкен зеңбірек) пілтесі. **4.** Дөрекі ер кісі.

**'cock... 1 а:** ересек үй құстарының еркегі (*Gallus gallus*) **в:** үй құстарынан өзге құстардың еркегі **с:** WOODCOCK (орман қоразы, вальдшнеп) **д ескі.:** әтештің шақыруы; сондай-ақ: COCKCROW *поэт.* бозалатаң **е:** WEATHERCOCK [ 1)желдің бағыты мен жылдамдығын көрсететін аспап, флюгер; 2) өз көзқарасын, шешімін тез өзгертетін адам] **2:** сұйықтықтың ағынын реттеуші құрал: кран, вентил, клапан **3 а:** басты адам, лидер **в:** мінезі құбылмалы, әдетте маңғазсыған, паңсыған адам **4 а:** өрт сөндіргіш құралдар қалқанындағы балға **в:** балғаның ұруға дайын қалпы **5:** еркектің жыныстық мүшесі

Орыс, ағылшын сөздіктеріндегі “тауық тұқымдас өзге құстардың еркегі” мағынасының мағыналық реңк ретінде берілуін дұрыс шешім деп ойлаймыз. **Орыс тілі сөздігіндегі энциклопедиялық материалды берудің бір жолы — ерекше белгімен (•) сөздің жеке мағыналарында келтіру.** Бұл да бір жақсы үлгі тәрізді.

**Пшеница 1.** Дәндерінен ақ нан мен ұннан дайындалатын басқа да тағамдарды пісіруге қажетті ұн жасалатын астық тұқымдас өсімдік. *Күзгі бидай. Кубан бидайы.* **2. жинақт.** Осы өсімдіктің дәндері, ұсақ дәндерден жасалған ұн. *Бидай паны. Тауықтарға бидай беру.*



**Буғдай** 1. *бот.* Бидай тұқымдастардың үлгісі ретіндегі өсімдік (*Triticum*). 2. Осы өсімдіктің сабақтан ажыраған дәні. *Бидай басы дөнге толса, орақтың бағасы артар...*

**wheat ... 1 а:** Озінен нан істелетін ең басты қоспа – жақсы ақ үн жасалатын, камыр күйінде *макарон, спагетти* тәрізді тағам түрлерін даярлауға жұмсалатын, сондай-ақ, жануарларды азықтандыруда маңызды рөл атқаратын, қоңыржай климатта өсетін дәнді дақыл 2: осы дақылдың жер-жерде, қоңыржай климатта өсетін түрлері (*genus Triticum, T. aestivum, T. turgidum*) 3: ашық сары түс.

Бұл сөздік мақалада орыс және ағылшын сөздіктерінің артықшылықтары байқалады. Орыс сөздігінде сөз тіркестері жақсы берілсе, ағылшын сөздігінде сөздік бірліктің барлық мүмкін болған латынша атаулары қамтылған.

**Помидор** Біржылдық, қарақат (паслен) тұқымдас, қызыл, кейде сары түсті, дөңгелек келген мол шырынды жемістері болатын бақша өсімдігі; осы өсімдіктің жемісі; томат. *Дәмді, піскен, шырынды, қызыл п. Краснодар, молдова п. Помидорларды отырғызу, өсіру. Помидорларды консервілеу, тұздау.*

**domates есім (doma' tes) (Американың байырғы халқының тілінен) бот.** 1. Баклажан тұқымдас, жапырақтары түкті, шоқ гүлді, витаминге бай қызыл жемісі үшін өсірілетін көкөністің бір түрі (*Lycopersicon esculentum*). 2. Осы көкөністің жемісі. *d. suyu* (помидор шырыны).

**tomato ... 1:** Осы дақылдың әдетте ірі, домалақ пішінді болып келетін қызыл немесе сары түсті жемісі 2: Оңтүстік Америкадан таралған қарақат тұқымдас көкөністің жер-жерлерге орныққан түрлері (*L. lycopersicum*, синонимі: *L. esculentum* )

Помидор Американдық дақыл болса да, оя орыс және түрік сөздіктерінде жақсы ашылған. Орыс сөздігінде әдеттегідей сөз тіркестерін сұрыптап беру мәселесі жақсы жолға қойылған. Түрік сөздігінде дақылдың бастапқы тілдегі атауына дейін берілген. Ағылшын сөздігінде латынша синонимдес екі атау келтірілген.

**Яблоко** Алма ағашының жемісі. *Антонов алмасы. Қышқыл алма. Алмадан жасалған компот...* \*Алма алма ағашынан алысқа түспейді.

**elma** *есім. бот.* 1. Гүлді өсімдіктер тобына жататын, гүлдері алқызыл немесе ақ түсті болып келетін бір жеміс ағашы (*Pirus malus*). 2. Осы ағаштың қырмызыдан жасылға дейінгі реңктерде кездесетін, өзі қатты, қабығы жылтырақ болып келетін хош иісті, дәмі қышқылтым немесе тәтті болатын ішінде тұқымы бар жемісі. *Алма бет* (алмадай қырмызы жүзді). *Алма шарабы* алма шырынынан ашытылып жасалған шарап. ~ *шекері* → алма шекері...

**apple**... 1: Гүлді өсімдіктер тобына жататын жеміс ағашының (*genus Malus*) етті келген, әдетте домалақ пішінді болып келетін қызыл, сары немесе жасыл түсті жемісі 2: көкөніс пен жемістің алмаға ұқсас болып келетін жемісі ...

Бұл сөздік мақаладағы ең сәтті анықтама – түрік сөздігінде. Сөздікте алма ағашы да, жемістің өзі де, оған қатысты сөз тіркестері де жақсы берілген.

**Человек** 1. Ойлау, сойлеу, өндіріс құралдарын жасау және оларды қоғамдық еңбек процесінде пайдалану қабілеті бар тірі жан иесі. *Адам психологиясы. Қазіргі а.* || Белгілі бір ішкі қасиеттер мен белгілі бір ортаға, қоғамға қатысты қасиеттердің иесі ретіндегі жеке тұлға. *Фалым, іскер, тәжірибелі а. Жақын, туысқан а.* || (есептеу бірлігі мағынасында) *Он екі адам.* 2. Жоғарғы адамгершілік пен зиялылықтың бейнесі ретіндегі жеке тұлға. *Нағыз адам болу. Нағыз адамды тәрбиелеу.* 3. Біреу туралы: *бір адам су сұрады.* 4. (1917 ж. дейінгі Ресейде) ауладағы қызметші немесе помещикке өмір бойы қызметші болатын адам. || *ескі.* Даяшы, трактирдегі қызметші.

**insan** 1. Сүт қоректілердің ішіндегі екі қолы бар, екі аяқпен қозғалатын, сөйлесу арқылы ұғынысатын, ақылы мен ойлау қабілеті бар ең жоғары дәрежеде дамыған жан иесі. 2. Осы түрге жататын жан иесі. 3. *сын. ауыс.* Мінез, дағды, адамгершілік жағынан жоғары қасиетті. 4. Белгісіздік ссiмдігі ретінде: *Адам мұны түсінбес пе?...*

**'man** ... 1 a (1): жеке адам; ересек ер адам (2): белгілі бір категорияға (туған жері, тұрағы, мүшелігі немесе атқаратын жұмысы жағынан) кіретін адам. Әдетте тіркесте қолданылады (*кеңестің мүшесі*) (3): күйсу (4): ашына b: адамзат баласы; адамзат c: анатомиялық тұрғыдан маймылдарға

ұқсайтын, бірақ сойлеу мен дерексіз ойлау қабілетінің дамуы нәтижесінде миының дамуы олардан айтарлықтай өзгеше болатын екі аяқты сүт қоректі примат (*Homo sapiens*), осы табиғи жанұяның (*Hominidae*) типтік өкілі; кең мағынада: осы жанұяның жойылып кеткен немесе қазірде тіршілік жасаушы мүшесі **d** (1): ерлер қауымына тән көпшілік қасиеттерге иегер адам (2): *ескі*. сапа немесе күй-жағдай: ер-азаматқа, ерлерге тән мінезді: ерлік қасиет **e**: FELLOW, CHAP жасөспірім, бозбала **f** ~таңырқау тәрізді сезімді (мәссаған, қалайша) әсерлей білдіру үшін қолданылады: <~, what a game> **2 a**: INDIVIDUAL, PERSON жеке адам **b**: біреудің қажетін, талаптарын отей алатын немесе сол үшін таңдалып алынған адам <she“s your ~> **3 a**: феодалдық жалгер: VASSAL вассал **b**: ересек еркек қызметін атқарушы **c** көпше.: жұмыс берушіден (іскер адамнан) бөлектенген жұмыс күші, әдетте бұл – басқару орталығы, әкімшілік (администрация) **4 a**: алуан түрлі автоматты ойындарда ойыншылардың қозғалысқа келтіріп отыратын нысандары **b**: командадағы ойыншылардың бірі **5**: бұрынғы оқушы (мектептің немесе колледждің, университеттің) **6**: Христиан діни ғылымы бойынша рухтың шексіздігін. шетсіздігін уағыздайтын тәңірге ұқсас қасиетті образ **7** Американдық ауызекі сойлеу тілінде. Көбінесе ірі әріптермен Полиция **8** көбінесе ірі әріптермен : ақ адамдар мекемесі: ақ адамдар қауымы **9**: бір нәрсені өте жақсы көретін, өз өмірін бір іске арнаған адам. – сын. *ерлік* – сын. *еректілік*...

Орыс тілінің сөздігінде бірліктің бұрынғы кездегі қолданыста болған мағыналары да қоса берілген. Бұл, әрине, артық болмайды. Қосалқы энциклопедиялық дерек. Ағылшын тілінің сөздігіндегі мақала сөздік бірліктің жеке мағыналарының тілде қаншалықты дамығандығын анық көрсетеді.

**Золото 1.** Химиялық элемент (*Au*). Сары түсті, салмағы ауыр, өзі жұмсақ, созылмалы болып келетін асыл металл (өнеркәсіпте, медицинада, зергерлік істе т.б. кеңінен қолданылады). *А. өндіру. Алтын тіс салу. ...\* Жылтырағанның бәрі алтын емес (мәтел).* **2. жинақт.** Осы металдан жасалған бұйымдар (әдетте зергерлік). *Құлағына алтын тағып жүру* (алтын сырға). *Үсті-басының бәрі алтын.* **3. жинақт.**

Алтындатылған жібек жіптер. *Алтын костюм. 4. жинақт.* Осы металдан жасалған теңгелер. *Алтынмен төлеу. 5. Сөйл.* Жарыста жеңіс үшін берілетін ең жоғарғы сыйлық. *Алтынды жеңіп алу. 6. Көсемсөз. Ақ алтын* (мақта туралы). *Қара алтын* (мұнай туралы). *7. Дәст.-әдеб.* Алтын ренді. *Алтын айдар. 8. баянд. қызм.* Аса бағалы қасиеті бар. *Ол қызметкер – алтын. Сенің жүрегің – таза алтын. 9.* Қымбатты, сүйікті адамға айтылатын сөз. *Сен менің алтынымсың...*

**Алтын есім.** 1. Атомдық саны 79, атомдық салмағы – 196,9 болатын, 1064°С-де еритін, тот баспайтын, оңай өндірілетін. жоғары бағалы элемент. Қысқартпасы: *Ау. Алтын оте ескі замандардан бері ақша орнына қолданылып келеді. 2. сын.* Алтыннан жасалған: *алтын сағат. 3.* Алтыннан жасалған. теңгелер: *балаға бір алтын тақты. 4. Ауыс.* Сапасы жоғары, қадірлі, құнды: *алтын дауыс.*

**gold...** Негізінен қоспасыз таза күйінде немесе бірқатар минералдармен бірге қоспа түрінде кездесетін, метал ақшалар жасауда, аса бағалы құнды дүниелерде, тіс протездері құрамында пайдаланылатын созылмалы, майысқақ, сары түсті метал элемент – ЭЛЕМЕНТТЕР КЕСТЕСІН қараңыз **2 а:** (1) алтын теңгелер (2) түйір алтын (күйма а.) **б: АҚША с:** АЛТЫН СТАНДАРТ **3:** құбылмалы қою сары түс **4:** алтынға ұқсас: өз қатарында, тобында ең жақсы саналатын *<алтын жүрек> 5:* жарыста ең жоғарғы марапат белгісі ретінде берілетін медаль: *алтын медаль.*

Байқалып отырғандай, орыс, түрік және ағылшын сөздіктерінің қай-қайсысында да қажетті деректер берілген. Мағыналық саралануы жағынан *алтын* сөзінің орыс тілі сөздігінде жақсы берілгендігі анық. Себебі осындағы 9 мағынада да қайталаушылық жоқ. Түрік сөздігінде *алтынның* химиялық элемент ретіндегі ерекшеліктері жақсы көрсетілген болса, ағылшын сөздігі оның жалпылама қолданым салалары туралы ақпараттық құны бар энциклопедиялық деректерді көп береді. Ағылшын сөздігіндегі сөздік мақала құрылымынан таза прагматикалық көзқарас сезіледі. **Осы сөздік мақаладан кейінгі жерде құрамында алтын сөзі бар қырықтан астам сөздік мақалалар беріледі.** Яғни, бұл жерде, біріншіден, ағылшын сөздігінде терминдік мәні бар атаулардың құрамы түгел қамтылып отырса, екіншіден, 2-

3-4 сөзге дейін баратын күрделі құрамды атаулық сөз тіркестері жеке лексикалық бірлік ретінде беріліп отыр, үшіншіден, сөздіктің шын мәніндегі түсіндірмелі-энциклопедиялық сөздік ретіндегі сипаты айқын байқалып отыр.

Ал орыс тілінің сөздігінде, жоғарыда аталғандай, сөздің мағыналық саралануы жағы озық түр. Энциклопедиялық деректер де баршылық. Осы үш сөздік мақаладағы деректерді пайдалана отырып, өте сапалы сөздік мақала жасауға болатындығы дау тудырмайды.

**Серебро 1.** Химиялық элемент (*Ag*), сұрғылт ақ түсті, жалтырақ асыл метал (зергерлік бұйымдарда, ыдыс-аяқ жасауда, теңгелер шығаруда, кино, фото онеркәсіптерінде, электрондық және электротехникалық өнеркәсіптерде, медицинада, т.б. колданылады). *Табиғи, таза күміс. Жоғары сапалы күміс. 2. жинақт.* Осы металдан істелген бұйымдар (үй іші бұйымдары, ыдыс-аяқ, әсемдік бұйымдар, т.б.). *Құлақтарына күміс тағып жүр. Асханалық к., күміс шай ыдыс (шайға, түстікке, т.б. әзірленген дастархандағы қасықтар, шанышқылар, пышақтар). 3. жинақт.* Осы металдан тігін істері үшін созылған жіптер. *Киімнің жақтаулары жарқыраған күміс. 4. жинақт.* Ұсақ метал ақша. *Қалта толы күміс. Бес сомды ұсатасың ба? - Жоқ, менде тек қана күміс. 5.* Осы металдан белгілі бір жұлде үшін арнайы жасалған, екінші орынды білдіретін метал. *Күмісті жеңіп, ұтып алу. Күміс үшін күресу. □ жинақт.* Команда спартакиададан барлық күмісті жеңіп алып кетті. **6.** Осы түстес бояу (әдетте құрамында күмістің ұнтақтары болады). **7.** Күміс түсті; жалтыр ақ немесе сұрғылт-ақ. *Жүнді күміспен бояу. 8. Дост. поэт.* Табиғи заттар мен құбылыстар туралы (*қырау, айдың жарығы, шаштың ағы, т.б.*). *Шаштарын күміс шалған. 9.* Әуенділік, әуезділік, тазалық (дауыстағы, дыбыстағы). *Күміс сопрано.*

**gümüş есім.** 1. Атомдық саны 47, атомдық салмағы 107,88 тығыздығы 10,5 болатын, Цельсий бойынша 960° - та балкитын, бірден сұйық күйге көшетін, ашық ақ түсті, оңай өндірілетін, талшық күйіне де келтіруге болатын элемент. Қысқартпасы: *Ag. 2. сын.* Осы элементтен жасалған: *күміс табақ...*

**silver...1:** а сыңғырлаған дыбыс шығаратын, созылмалы, майысқақ, өте икемді, өте жоғары дәрежеде тегістеп, жалтыратуға келетін, қандай күйде де жылу, электр өткізгіштік қабілетін өте жоғары дәрежеде сақтайтын ақ түсті метал элемент – ЭЛЕМЕНТТЕР КЕСТЕСІН қараңыз **2:** күміс – тауар ретінде *<күмістің бағасы көтерілді>* **3:** күміс теңгелер **4:** күмістен жасалған немесе күміспен қапталған бұйымдар (ыдыс-аяқтар); сондай-ақ: тот баспайтын басқа металдардан жасалған ыдыс, табақтар **5:** бейтарап түске жақын сәл қоңыр-қай орташа сұр түс. [сөздікте *күміс* туралы бұдан басқа да 40 шақты сөздік мақала келтіріледі. Түгелге жуық сөз тіркестерінен тұратын ол мақалаларда *күмістің* қолданылатын салалары, одан жасалған зат атаулары сөз болады. – М.М.]

Орыс тілі сөздігінде химиялық элементтің қысқартпасы, элементтің қолданылатын жерлері, бірліктің сөз тіркестері мен негізгі, туынды, ауыспалы мағыналары өте сәтті ашылған. Дәстүрлі-поэтикалық мағынаға дейін көрсетілген. Түрік тілінің сөздігіндегі анықтама энциклопедиялық дефиниция түрінде берілген. Танымдық құндылығы өте жоғары. Химиялық элементтің қысқартпасына дейін беріледі. Американдық сөздігі аталған мәселелерді екі үш жолмен шешеді. Біріншіден, химиялық элементке жан-жақты, практикалық құндылығы жоғары сипаттама береді. Екіншіден, бірлікке қатысты барлық энциклопедиялық деректерді элементтер таблицасында келтіреді. Мақалада соған сілтеме жасалады. Үшіншіден *күміске* қатысты барлық атаулық тіркестер, жоғарыда жазылғандай, осы сөздік мақаладан ізе-шала келтірілетін 40 шақты жеке сөздік мақалаларда беріледі. Бұл да бір үйренуге, үлгі алуға боларлық мысал деп ойлаймыз.

**Железо 1.** Химиялық элемент (*Fe*), көміртегімен қосылған кезде болат пен шойынға айналатын күмістей ақ түсті созылмалы метал. **2.** Құрамында көміртегісі аз болатын күмістей ақ түсті болаттың қарапайым тілдегі атауы. *Темірді соғу...* **3.** Күшті, қатты нәрсе (сыртқы физикалық сапа туралы). *Қолдарың темір екен!* || Қатты, иілмейтін (ішкі қасиет туралы). *Оның мінезі темір.* **4.** Ауыз. Құрамында темір бар дәрі-дәрмектер. *Ағзаларда темір жетіспейді. Темір препараты. Алмада темір бар.* ♦ *Темірді қызған кезде соқ...*

**demir esim. 1. хим.** Реттік саны 26, атомдық салмағы 55,847 тығыздығы 7,8 кокшіл реңкті болатын болат, балқытпа, корытпа түрлерінде қолдануға ең ыңғайлы элемент. Қысқартпасы: *Fe*. **2.** Кейбір заттардың темірден жасалған бөлігі: *ошақ темірі. Қақпа темірі.* **3.** Аяқ киімнің тақасы мен басы желінбес үшін салынатын метал бөлік. **4. теңіз.** Кемелердің толқындарға, ағындарға тербеліп, орын ауыстырмасы үшін суға түсірілетін, шынжырмен кемеге байланған, ұшы шеңгелді ауыр темір аспап. **5. сын.** Темірден жасалған.

**iron ... 1:** ауыр салмақты созылмалы иілгіш, магнитті тарту қабілеті бар күмістей ақ түсті ылғал ауада тез тоттанатын таза күйінде метеориттерде, аралас күйде жанартау табиғатты жартастарда кездесетін ең кең қолданылатын, биологиялық процестерге де аса қажетті металл элемент (химиялық элементтер кестесін қараңыз) **2:** Темірден жасалған: **a:** аяқ-қолға салынатын кісен **b:** күйдіру, таңба салу үшін қолданылатын қыздырылған металл нәрсе **c:** кейбір заттарды тегістеу үшін қыздырылатын, жазық металдан жасалған үй шаруашылығындағы құрылғы **d:** STIRRUP (үзеңгі) **e:** басы жұқа темірден жасалатын гольф таяқшалары, — *от ішінде қызған темір...*

Орыс тілінің сөздігінде әдеттегідей сөздік мақаланың үйренімдік аспектісі жақсы қамтамасыз етілген. Анықтамада бірқатар энциклопедиялық деректер де бар. Түрік сөздігінде — энциклопедиялық дефиниция. Американ сөздігінде, әдеттегідей, бәрі де бар. Бәрі де өз орнында.

**1. Воздух 1.** Жердің атмосферасын құрайтын газдардың (көбінесе азот пен оттегі) қоспасы; адамның, күллі жандылардың тыныс алу ортасы. *Ауаның ылғалдығы, қысымы, температурасы. Теңіз, тау, орман ауасы. Таза ауа. Таза ауада жүр. ...* • Көне философия бойынша, ауа — жаратылыстың негізінде жатқан төрт табиғи стихияның бірі. Астрологиялық түсініктер бойынша: ауа — кеңістікті, өзгерісті, шапшаң қозғалысты білдіреді. Копшіл. сангвиникалық темпераментті адамдарға тән. **2.** Жер бетіндегі еркін кеңістік. *Ауада қар қиыршықтары шыр айналуа.* **3.** Қоршаған жағдай. *Бір ауамен тыныстау.*

**hava esim. ap. heva 1.** Ауа қабатын (атмосфераны) құрайтын, бүкіл жандылардың дем алысына қажетті, түссіз, иіссіз.

ағымды газ қоспасы. 2. Бүтін метеорологиялық жағдайлар (ауа райы, т.б.). *Бүгін ауа тамаша!* 3. Ауа қалпының жандыларға әсері. *Ол жердің ауасы маған жақсы болды.* 4. Көк жүзі. *Ауада бір де бұлт жоқ.* 5. Айналаны қоршаған бос кеңістік. *Шаң-тозаң ауада ұшып жүр...* 6. Коктегі түзу... 7. Жел. *Бүгін ауа болса, желкенді құрмақшы.* 8. Музыка әуеніндегі түрлер. *Ауыл әуендері.* 9. Музыка аспаптарынан шыққан дыбыс дәрежесі. 10. Ауан. *Оны өз ауанымен жіберсек, іс істемес.* 11. Біреудің жағдайын білдіретін ерекшелік (сыртқы көрініс, сойлеу мәнері, соз, т.б.). 12. Адамның өзіндік ерекшеліктері (қалпы, сойлеу ерекшеліктері, т.б.). 13. Жағдай, орта, атмосфера. *Стамбұлдың космополит ауасында өскен бала.* 14. Нәтижесіз, мағынасыз бос тірлік, жағдай, соз, т.б. *Бұл создерінің соңы – бос соз.* 15. Тартымдылық. *Әйел сұлу емес, бірақ тартымды.* 16. Кейіп, әлем. *Әр кезде де өз әлемінде өмір сүреді.*

**аіг...** 1 **а ескі** : тыныс (ауамен дем алу процесі) **б**: жерді қоршаған көзге көрінбейтін иіссіз, дәмсіз газдардың (азот пен оттегі тәрізді) қоспасы **с**: жай самал жел 2 **а**: бос кеңістік **б**: бостық (көзден таса болу, жоғалу) **с**: қарым-қатынасты күтпеген жерден кілт тоқтату 3 [итальяншадан алынуы мүмкін] **а**: әуен, ырғақ **б** Елизабета мен Якоб кезеңіндегі музыкада: әдетте шумақ түрінде айтылатын әндерді сүйемелдейтін музыкалық ырғақ **с**: хордағы басты дауыс немесе әуен 4 **а**: заттың сыртқы көрінісі, молшылық жағдайы **б**: атмосфера, қалыпты жағдай **с**: адамның жеке қасиеттері мен сезімдерінің оның сыртқы түрінде бейнеленуі: мінез- құлық **д**: жасанды қылық (*өзін жоғары ұстау*) 5: қоғамдық пікір 6: сығылған ауа 7а (1): ұшақ (самолетпен ұшу) (2) авиация <~қауіпсіздігі> <~ құқы> (3): әуе күштері <~күштері базалары> **б**: радиотолқындарды тарату құралы; сондай-ақ: радио, теледидар (әуе толқынына ену) 8: футболдағы допты алқа қарай әуелете тебу арқылы қорғану 9: ауаны кондициялаушы жүйе **синонимін қараңыз ауасыз (желсіз)...- ауасыздық (желсіздік) – ауа ағымында: ауа ағымының мол берілуі...**

Орыс тілінің сөздігінде бірліктің негізгі анықтамасы екі бөліктен құралған. Себебі, олардың арасында мәндік тұрғыдан айырма бар. Сол жақсы аңғарылған. Сөздікте, әдеттегідей, тілді үйренуге қажетті сөз тіркестері мен сөйлемдер



мүқият сұрыпталып берілген. Арнаулы белгімен ұғымның философиядағы, астрологиядағы түсінілуі да беріледі. Түрік сөздігінде сөздік бірліктің тілдегі қолданыс аясы өте жақсы ашылған. Ағылшын сөздігінде сөз де, ұғым да жан-жақты сипаттама алған.

**Солнце 1.** Күн жүйесіндегі жылу мен жарық шығаратын қызған плазма тәрізді алып шар түріндегі орталық дене. *Жердің күнді айналуы. Күннің шығуы. Күн дискісі. Күнге қарау. Күн астынан өз орнын табу...\** Қызыл күн. Таңның атқанын, күннің батқанын байқамай қалу. **2.** Осы денеден шығатын жарық пен жылу, күн жарығы түскен жер. *Ертеңгі күн. Кешкі күн. Күн көзінде отырма...3. Асқақ.* Өмірдегі бақыт көзі, күнкөріс көзі. *Бостандықтың күні шықты* || Күн тәрізді, табынарлықтай адам. *Пушкин – әдебиетіміздің күні.* **4. көпше** : Басқа планеталар жүйесіндегі орталық планета. **5.** Гимнастикалық жаттығу түрі. **6. Сөйл.** Киім пішу үлгісі.

**güneş есім. 1. астр.** Планеталарға және жер шарына жарық пен жылу беретін зор аспан денесі. **2.** Осы аспан денесінен таралатын жарық пен жылу. *Күн кірмеген үйге дәрігер кірер.*

**sun... 1 a** көбінесе ірі әріптермен: Төңірегінде жер және басқа планеталар айналып жүретін, өзі сол планеталарға жылу мен жарық беретін, жерден орташа қашықтығы 150 млн. км., диаметрі 1 млн. 390 мың км., массасы жерден 332 мың есе үлкен, орташа тығыздығы жер тығыздығының төрттен біріндей болатын жарық аспан денесі. **b:** күнге ұқсас аспан денесі **2:** күннен шыққан жарық пен жылу **3:** күнге ұқсайтын (жарығы немесе жылуы жағынан) нәрсе **4:** күннің шығуы немесе батуы (*күн шыққаннан күн батқанға дейін*) **5:** атақ-даңқ, салтанат – *күн көзінде:* жұрттың көз алдында – *күн астында:* әлемде, дүниеде: жер бетінде.

Орыс және ағылшын тілдерінің сөздіктеріндегі негізгі анықтамалық бөліктерді біріктірсе, мұнан да сапалы анықтама жасалар еді. Орыс сөздігіндегі дефиниция да энциклопедиялық, ғылыми дефиниция. Алайда мұнда ағылшын сөздігіндегідей деректердің молшылығы жоқ. Түсіндірме сөздікке қазіргі кезеңде қойылар талап тұрғысынан (ғылыми еңбек, анықтамалық құрал, тіл үйрену құралы) мұндай деректердің артықшылығы болмайды.

1. Земля. 1. [бас әріппен]Өз осінде және Венера мен Марс планеталарының аралығындағы Күнді айналу осінде айналып жүрген Күн жүйесінің үшінші планетасы. *Жер Күнді айналып жүреді. Ай – Жердің серігі.* 2. Адамдардың өмір сүретін, еңбек ететін орны. \**Жерде әділеттің жоқтығын жұрттың бәрі айтады* (Пушкин). 3. Құрлық, жер беті (ауа, су кеңістігінен өзге). *Аспан мен жердей.* 4. Жердің жоғарғы беткі қабаты; топырақ. *Жер жырту. Жер астында жұмыс істеу.* || Аяқ астындағы жазықтық. *Жерге отыру.* 5. Жер қыртысының құрамына кіретін қара қоңыр түсті борпылдақ зат. *Топырақ аралас құм.* 6. Ауыл шаруашылығында пайдаланылатын, біреудің иелігіндегі немесе басқаруындағы аумақ. *Айдалған жер. Тың жер. Жерді сату.* 7. Ел, мемлекет, үлкен аумақ. *Орыс жері. Славян жерлері.* • Библиядағы әңгіме бойынша, құдайдың еврейлерге берген уәдесін орындап, оларды Мысырдан алып келіп, берген жері (Палестина). 8. Бояу аттары құрамындағы бір атау. *Сары ж., жасыл ж., көк ж.* 9. Австрия мен Германияда: ірі әкімшілік-аумақтық бірлік.

**yer** *есім.* 1. Бір нәрсенің немесе біреудің алатын орны, мекені. *Жүректің (орналасқан) жері – кеуде қуысы.* 2. Аяқ асты, табан асты. *Жерге отырмаңыз.* 3 (жалқы есім ретінде) Жер шары, дүния. 4. Адамдар тұратын қала, ауыл, қоше: *Жолдасыңыздың (тұратын) жерін білмеймін.* 5. Жағдай, орын, қалып: *Түркия стратегиялық жақтап маңызды жерде.* 6. Ел, аймақ. 7. Іс (жұмыс) орны: *Бастық соңғы сайлау кезінде орнында, (отырған) жерінде қалды.* 8. Маңыз. *Ұшақтың ел қорғанысында алатын орны, жері.* 9. Белгілі бір іске, нәрсеге бөлінген орын, алаң, жер. *Шкафтың тұрған жері жақсы.* 10. Із. 11. Үстіне үй салуға немесе егін салуға ыңғайлы орын, алаң. *Теңіз жағасынан бір жер алды, үй салмақшы.* 12. Топырақ: *Сортаң жерге от бітпес.* 13. Бір істің болған не болатын орны. *Жиналыс болатын жер.* 14. Қонақ үй, т.б. түнемел орын. *Тұратын жеріңіз бар ма?* 15. Кино, театрлардағы отыратын орын. 16. Ауыс. Жағдай, күй: *Сен менің орнымда болсаң не істер едің?*

**earth ...** 1: Жер шарындағы құрлықтың беткі жағының құрамдас бөлігін құрайтын материал; әдетте құнарлы жер 2: тірі рухани өмір аясынан өзгешеленетін өлі рухани өмір

аясы – салыстыр: Тамұқ, жеті қат көк **3 а:** құрлықтың теңіз бен ауадан өзгешеленетін жоғарғы қабаты **б:** аяқ астындағы топырақтан тұратын қатты жер; топырақ **4:** көбінесе ірі өріптермен: күннен қашықтығы жағынан үшінші, біз өмір сүретін планета. – планеталар тізімін қараңыз **5 а:** Жер планетасында тұратын адамдар **б:** адамның жансыз денесі **с:** жер бетіндегі өмірдегі рухани қажеттіліктерден өзгешеленетін істер мен қызғылықты жайттар **6:** жануарлардың жер астындағы жатағы **7:** тым көп ақша – *the* артиклімен колданылады ... бұдан әрі тіркестер беріледі – М.М.]

Бұл мақалада да орыс тілінің сөздігі өзінің жоғары сапалы сөздік екендігінен хабар береді. Сөздік мақала жан-жақтылығымен көзге түседі. Бәрі де бар: энциклопедиялық дефиниция, қажетті сөз тіркестері, өте сәтті тармақталған мағыналар желісі, қажетті қосалқы энциклопедиялық дерек. Түрік сөздігі өзінде әмбебап сөздіктің элементтері болғанымен, негізінен дәстүрлі түсіндірме сөздік типіне жататындығын айғақтайды. Оның себебі – сөздікте ұғымға қарағанда сөз анағұрлым басым дәрежеде ашылады.

**Снег 1.** Бұлттардан жауған жұлдызшалар тәріздес кристалдар немесе ұлпалар шоғыры, қатқыл атмосфералық жауынды. *Қар ұлталары. Алғашқы қар. Күні бойы қар жауып тұр. Қардай аппақ...* **2.** Осы жауындының белгілі бір кеңістікті алып жатқан тұтас массасы. *Терең қар. Қар басқындары. Қарда жүру. Мәңгі қар (өте биік таулы жерлерде, Қиыр Шығыста жататын, ерімейтін қар)...* **3.** *Сөйл.* Қар жауатын кез, мезгіл, уақыт. *Жұмыстарды қарға дейін бітіру...*

**қар есім.** Әуеден сәл қатқыл, тоңазыған күйде жауған ақ түсті жеңіл кристалдар түріндегі су буы: “Қыстыгүні кей жерлерде (терендігі) екі қарыстай қар жатушы еді” – Т. Bugra.

**'snow... 1 а:** 32°Ф.-тен (0°С) томен температурада ауадағы су буынан пайда болатын кішкентай ақ мұздақ кристалдар түріндегі жауындылар **б:** (1) қар кристалдарының жаууы (2) : жауған қар кристалдарының массасы **2:** қарға ұқсас нәрсе : мәселен **а:** қоймалжың түрдегі жұмыртканың ағын, қантты, үгітілген жемісті қосып жасаған тәтті тағам, десерт <алма ~ > **б:** әдетте ақ түсті мөлдір зат (аммоний ~) **с:** слэнг (1):

кокаин (2): героин **d**: теледидар экранындағы қар тәрізді дактар – *қарсыз*.

Бұл мақалада орыс сөздігінде – үйренімдік аспект, түрік сөздігінде – сәтті анықтама, ағылшын сөздігінде – мағыналардың тармақтануы назар аударады.

**Писать...1.** Қағаз не басқа материалдың бетінде белгілі бір таңбаларды (әріптер, сандар, т.б.) бейнелеу; солар арқылы акпар, мәтін, дерек беру. **2.** Әріптерді, сөздерді, т.б. бейнелей алу қабілеті (Бала жаза алады). **3.** Белгілі бір тілдің жазба тілін меңгеру; **4.** Жазбада белгілі бір қағидаларды ұстану. **5.** Белгілі бір таңбаларды бейнелеу үшін жарамды болу (қалам, қарындаш, фломастер, т.б.). **6.** *Сөйл.* Бір нәрсені машинкаға басу. **7.** Бір нәрсе туралы хабарлау, пікір білдіру (жазбаша түрде немесе баспа жүзінде). **8.** Белгілі бір әдеби, ғылыми, т.б. шығарма жазу. *Әңгімелер жазады.* **9.** Әдеби қызметпен айналысу, жазушы болу. *Ол жазбай жүр.* **10.** Музыкалық шығарма жазу. *Опера жазу.* **11.** Көркемөнер туындысын салу. *Пейзаж жазу.*

**yazmak 1.** Сөзді, ойды ерекше белгілермен немесе әріптермен ұғындыру. **2.** Жазып білдіру. **3.** Жазушы ретінде қызмет істеу. **4.** Жазумен білдіру, хабар беру. **5.** Ғылыми немесе әдеби шығарма жазу. **6.** [есептеуіш құрал, т.б.] Сандармен қанша екендігін білдіру. **7.** Белгілеу, тіркеу (*баланы оқуға жазу*). **8.** *Сөйл.* Бір нәрсенің орауын жазу. **9.** Келіннің жүзін сәндеу, ажарландыру. **10.** *Ауыс.* [табиғаттың тылсым күштері] Жазмыш, маңдайға жазылған.

**write ... 1 a:** Белгілі бір жазу құралымен (қалам тәрізді) бір нәрсенің бетіне әріптерді немесе символдарды түсіру **b:** әріптер мен символдарды қолдана отырып бір нәрсенің бетіне сөздерді түзу **c:** әр әріпті жеке-жеке бейнелеу (бірдей жазылып, басқаша айтылатын сөздер үшін) **d:** есеп беру. <~ a check> чекке қол қою **2:** жазбаша түрде баяндау **a:** DRAW UP, DRAPT сызбаларды жасау; <~ a will> өсиет қалдыру **b (1):** автор болу COMPOSE <~s poems and essays> өлеңдер мен эсселер жазу (2): музыкалық формада құрастыру <~a string quartet> бір шекті музыкалық аспаптарға кuartет жазу **c:** әдеби түрде жазу: < if I could ~ the beauty of your eyes –

Shak. > *Көздеріңнің көркемдігін жаза алсам* – Шекспир. **d:** жазба түрде байланыс жасау: <~s that they are coming> *олардың келе жатқаны туралы жазылуда* **e:** өзгеше қолжазуды, тілді немесе әдеби түр мен стилді қолдану <~s French with ease> французша жеңіл жазады **f:** келісімшарттар мен бұйрықтар жазу *әсіресе:* қол қою UNDERWRITE <~ life insurance> *өмірді сақтандыруға қол қою* **3:** ұмытылмастай әсер қалдыру **4:** жазбаша байланыс жасау <we“ll ~ you when we get there> *Біз сізге барар жерімізге жеткен соң жазамыз* **5:** ORDAIN, FATE тағдыр, жазмыш, жазу <so be it, it is written – D.C. Peattie> *осылай болады, жазу солай* **6:** Айқын, анық болу <guilt written on his face > айыбы бетіне шығып түр... [Көлемді сөздік мақалада 9 негізгі мағына, көптеген қосалқы мағыналар, мысал ретінде келтірілген сөз тіркестері мен сөйлемдер бар – М.М.]

Орыс сөздігіндегі анықтамаларды бөлуде энциклопедиялық саралау, ал түрік сөздігінде таза филологиялық негізде бөлу үстем. Американдық сөздік мақаланың ішіндегі мағыналарды бөлуде әрқашан да логикалық принцип басты рөл атқарады. Осының арқасында, қашан да энциклопедиялық бастау мен филологиялық бастау үйлесім тауып отырады. Бұл сөздіктің басқы, леммалық бөлігінде, жоғарыда айтылғандай, тарихи принцип қорылып отырады.

Түрік тілінің сөздігінде энциклопедиялық деректер, химиялық элементтерге анықтама беруде энциклопедиялық дефиниция қолданылғанмен, негізінен оның дәстүрлі түсіндірме сөздіктер типіне жататыны байқалады. Орыс тілінің сөздігі – түсіндірмелі-энциклопедиялық әмбебап сөздік. Ағылшын тілінің сөздігі де түсіндірмелі-энциклопедиялық әмбебап сөздік түріне жатады. Екеуінің арасындағы басты ерекшелік – орыс тілі сөздігінің филологиялық негізі, өзегі айқын аңғарылатын болса, ағылшын сөздігінің энциклопедиялық негізді сөздік екендігі көзге түседі.

## V тарау

# БІР ТІЛДІ ТҮСІНДІРМЕ СӨЗДІКТІҢ ЖҮЙЕЛІК ҚҰРЫЛЫМЫ

### 5.1. Сөздіктердің жанрлық-типологиялық жіктемесі

Проф. Л.П.Ступин де лексикографияны теориялық және практикалық деп екіге бөлудің шартты екендігін, олардың әрқашан өзара байланыста болатынын, бірге жүретінін жазады. Ғалым лексикография теориясын жасау үшін кезкелген ұлттық лексикографияның тарихи тәжірибесіне талдау жасаудың маңызы зор болатынын айтады [Ступин 1985, 8-9].

Ғалым лингвистикалық сөздіктерді жасайтын сөздікшілердің филологтар болуына байланысты лексикографияны тек қана лингвистикалық сөздіктерді жасаудың теориясы мен практикасы ретінде ұғынушылықтың бар екендігін жазады.

Л.П.Ступин лексикографияға: 1) ғылым, дәлірек айтқанда, ғылымның Тіл біліміндегі сөздіктердің түрлі типтерін жасаудың принциптерін зерттейтін бөлігі ретінде; 2) сөздік жасаудың практикасы ретінде; 3) тілдегі сөздіктердің жиынтығы ретінде қарайды.

Ғалым лексикографияда әлі күнге жалпылама қабылданған жіктеменің болмай отырғанын сөз етіп, өз жіктемесін ұсынады.

**Жіктеме жасаудың бірінші негізі ретінде ғалым сипаттама нысанын алады** да, сөздіктерді энциклопедиялық және лингвистикалық түрлерге бөледі. Алайда бұл екі түрдің арасында ортақтықтың өте көп болатынын ескертеді.

**Екінші негіз ретінде сөздіктің көлемі қарастырылады.** Көлем жағынан сөздіктер: үлкен, орташа, шағын түрлерге бөлінеді. Орыс тілді лексикография мамандарының бірі С.И.Ожеговтың түсіндірме сөздіктерді дәл осындай үш түрге бөліп қарастырғандығы белгілі [Ожегов 1974, 165].

**Үшінші негіз – сөздіктің кіріс бірліктеріне, атау сөздерге берілетін сипаттаманың тіліне қатысты.** Егер атау сөз де, оның сипаттамасы да бір тілдің құралдарымен берілетін болса, ол –

бір тілді сөздік, ал сипаттама басқа тілде болса, аударма сөздік болып саналады.

**Төртінші негіз** – тілдің жеке функционалдық түрлерін қарастыруға қатысты: әдеби тіл, ғылыми-техникалық тіл, диалектілік тіл, арнаулы тіл т.б.

**Бесінші негіз** – сөздікте сипатталатын тілдік бірліктің құрамына байланысты. Сөз тіркесі болса – сөз тіркесі сөздігі, фразеологизм болса, фразеологиялық сөздік, синоним болса – синонимдік сөздік.

**Алтыншы негіз** лексикалық бірліктердің қай тұрғыдан сипатталатынына байланысты (орфографиялық, орфоэпиялық, жиілік т.б. сөздіктер).

**Жетінші негіз** – сөздіктегі сөздердің орналасу ретіне байланысты. Сөзден ұғымға қарай: әліпбилік сөздіктер, ұғымнан сөзге қарай: идеологиялық (идеографиялық) сөздіктер және сөз соңынан сөз басына қарай: кері әліпбилік сөздіктер.

Жіктеменің жақсы жасалғандығы анық. Әрине, сөздіктерге жанрлық-типологиялық жіктеме жасаудың бұлардан да басқа негіздері баршылық. Мәселен, В.В.Радиовтың “Опыт словаря тюркских наречий” атты лексикографиялық туындысын лексикографияның жалпы теориясы тұрғысынан қарастыра отырып, белгілі ғалым К.Ш.Хұсайын сөздіктерге әлемдік лексикография мамандары тұрғысынан жасалған жіктемелерге талдау жасайды [Хусаинов 1981, 125-138].

Ғалым өз еңбегінде Я.Малкиэлдің жіктемесіндегі үш өлшемде (сөздіктерді лексикалық материалдың таралым аясына байланысты жіктеу, сөздіктерді перспектива бойынша қарастыру және лексикалық материалдың берілу қалыбы бойынша) сөздіктердің ішкі және сыртқы құрылымдық белгілерінің араласып жүргендігін көрсете отырып, жіктеменің жүйесіздігін дәлелдей отырып, Л.В.Шерба жіктемесінің негізділігін дәлелдейді.

Сөздіктердің жіктемесі В.В.Виноградов, С.И.Ожегов, Ю.Н.Караулов, П.Н.Денисов, В.В.Морковкин, Х.Касарес, Л.Згуста, Ж.Дюбуа т.б. көптеген авторлардың еңбектерінде сөз болады.

Мәселен, М.Ш.Мұсатаева бұлардан да басқа В.Г.Гак, А.М.Цывин, В.А.Козырев, В.Д.Черняк, Е.А.Найда, В.В.Дубичинскийлердің жіктемелерін атайды [Мұсатаева 2000, 5-8].

Сөздіктерге жанрлық-типологиялық жіктеме жасаудың В.В.Морковкин ұсынған үлгісі, бір жағынан, кезкелген сөздіктің таксономиялық статусын айқындауға мүмкіндік беретін болса, екінші жағынан, сөздік түрлерінің келешектегі даму мүмкіндіктерін ашады. Аталған үлгі: *а) типологияны сөздіктерге белгілі бір нақты негіз бойынша жүргізілген жіктемемен айқындауға болмайтындығына; ә) типологияны қолда бар сөздіктерге жасалатын логикалық реттеме ретінде қараудың қателігіне; б) мақсатқа сай жасалған типологиялық жіктемеде міндетті түрде жаңа даму мүмкіндіктері, бос орындар болуы керектігіне негізделеді* [Морковкин 1990, 31].

Сөздіктердің типологиясын жасауға мүмкіндік беретін негіздер бірөңгей болмайды. Ғалым осы тұрғыдан сөздікте “не” нәрсенің, “қалай” және “кім үшін” сөз болатынын ашатын үш түрі негіздеме ұсынады.

Бірінші негіздеме сөздікте сөз болатын нысанды ескеруді талап етеді. Сөздіктегі сипаттама бірлігі ретінде лексикалық жүйенің жай бірліктері (шартты белгісіз берілген сөздер мен сөз тіркестері) де, “құрамдас бірліктері” де (синонимдік қатарға, антонимдік жұпқа, омонимдік және паронимдік тізбекке, эпидигматикалық ұяға, сөзжасамдық ұяға, сондай-ақ, гиперонимдік-гипонимдік және гипонимдік-гиперонимдік қатынасқа кіретін бірліктер), “қатарлас бірліктері” де (шартты белгілермен белгіленген сөздердің барлығы) бола береді.

Лексикалық жүйенің жай бірліктері сөзден де төменгі деңгейде болуы мүмкін (*морфемалар сөздігі, түбірлер сөздігі, негіздер сөздігі, т.б.*).

Басқы сөзі жай бірлік түрінде берілетін сөздіктердің үш түрі болады. Сөздіктердің бір түрінде сөз барлық жағынан қарастырылатын болса, екінші түрінде негізінен сөздің тұрпат межесі, үшінші түрінде – негізінен сөздің мазмұн межесі қарастырылады. Сөздіктердің бірінші түріне *сөзқолданыстағы қиындықтар сөздігі* кіреді. Екінші түрлі сөздіктерге: *орфографиялық және орфоэпиялық сөздіктер, сөзтүрленім сөздігі* мен сөздің морфологиялық құрылымын көрсететін сөздіктер кіреді. Үшінші түрге жататын сөздіктер: *түсіндірме сөздік, елтанымдық сөздік, сөзтіркесім сөздіктері,*



*фразеологизмдердің, мақалдар мен мәтелдердің, қанатты сөздердің, тұрақты теңеулердің, клишелер мен сөзсаптам формулаларының сөздіктері.*

Лексикалық жүйенің құрамдас бірліктері қамтылатын сөздік түрлеріне: *синонимдердің, антонимдердің, омонимдердің, паронимдердің, сөзжасамдық ұялардың сөздіктері, идеографиялық сөздіктер* жатады.

Лексикалық жүйенің қатарлас бірліктері қамтылатын сөздік түрлеріне: *кірме сөздер сөздіктері, халықаралық (интернационалдық) сөздердің, калькалардың сөздіктері, ескірген сөздер сөздігі, жаңа сөздер сөздігі, сирек кездесетін сөздер сөздігі, диалектілердің немесе жеке диалектінің сөздігі, жаргон сөздігі, жеке терминологиялық саланың немесе топтық терминологиялық салалардың сөздіктері, жеке идиолект сөздігі, жеке шығарма сөздігі, белгілі бір кезеңнің сөздігі, жалқы есімдер сөздігі* т.б. кіреді [Морковкин 1990, 33].

Сонымен, **сөздікте не нәрсенің сөз болатынына, яғни сөздіктегі нысанға байланысты мәселе сөздіктердің жекелеген жанрларының пайда болуына себеп болады екен.**

Қазақ тілінің түсіндірме сөздіктеріндегі негізгі нысан — лексикалық жүйенің жай құрамды бірліктері, оның ішіндегі сөздер мен сөз тіркестері. Сөздіктерде бірқатар түбірлер мен негіздер сөз түріндегі лексикалық бірлік ретінде қарастырылғанмен, арнайы қарастырылған емес. Түсіндірме сөздіктердегі сөздік тұлғалар құрамында құрамдас бірліктерге кіретін синонимдер, омонимдер, антонимдер; қатарлас бірліктерге кіретін кірме сөздер, ескі сөздер мен жаңа сөздер, диалектілік сөздер мен жарыспалы варианттар, терминдер болғанымен, олар арнайы сипаттама нысаны болған жоқ. Қазақ түсіндірме сөздіктеріндегі басқы сөз мазмұн межесі тұрғысынан сипатталады.

**Сөздіктегі лексикалық бірліктің қалай сөз болатынына байланысты мәселеде мына белгілер ескеріледі:**

- а) лексикографиялаудың жалпы бағдары;
- ә) сөздікте бейнеленетін деректің аспектілік өлшемі;
- б) деректің көрініс тәсілі;
- в) сөздікте бағдарланған сөзқолданым, айтылым, сойленім түрі;

г) сөздікте қаралатын бірліктердің тарихын бейнелеудің өлшемі;

д) бірліктердің орналасу сипаты;

е) сөздіктің жасалу тәсілі.

Алғашқы белгі бойынша барлық сөздіктер *лингвоцентристік бағдары басым сөздіктер мен антропоцентристік бағдары басым сөздіктерге бөлінеді.*

Лингвоцентристік сөздіктер – жалпы тілдің жай-күйін сипаттайтын, тіл үшін жасалатын сөздіктер. Олардың басты міндеті – тілде бар құбылыстарды тіркеу, сипаттау, бағалау.

Антропоцентристік сөздіктер – адамға арналған сөздіктер.

Мұндай сөздіктер адамдардың тілдік санасына әсер ету үшін арнайы жасалады. Қазақ тілінің түсіндірме сөздіктерінде

лингвоцентристік бағдар басым. 1999 жылы жарық көрген бір томдықта бірқатар сөз тіркестері мысал ретінде келтіріліп, біраз ауызекі сөйлеу тілінің элементтері қамтылғандықтан, бұл сөздікте белгілі бір деңгейде антропоцентристік бағдардың да бар екендігін айту қажет.

*Атау сөз туралы деректердің құрамына қатысты сөздіктер көпаспектілі (полиаспектілі) және аспектілі сөздік түрлеріне бөлінеді.* Көпаспектілі сөздіктер – атау сөзге жан-жақты сипаттама жасалатын сөздіктер (түсіндірме сөздік, түсіндірмелі-тіркесімді сөздік т.б.). Аспектілі сөздіктер – негізінен атау сөздің бір жағы ғана сипатталатын сөздіктер (орфографиялық, синонимдік, т.б.). Қазақ түсіндірме сөздіктері көпаспектілі сөздік түріне жатады.

*Сөздіктегі атау сөз туралы деректердің көріну тәсілі жағынан сөздіктер түсіндірмелі (объяснительный) және бейнелеуші (демонстрирующий) болып бөлінеді.* Түсіндірмелі сөздіктерде атау сөзге көлемді анықтама берілетін болса, бейнелеуші сөздіктерде (синонимдер, антонимдер сөздіктері, орфографиялық сөздік, т.б.) ондай анықтама берілмейді. Түсіндірме сөздіктердің түсіндірмелі типке кіретіні белгілі.

*Сөздікте бағдарланған сөзқолданым, айтылым, сөйленім түрі жағынан сөздіктер тек жазба мәтінді түсініп, оқуға қызмет ететін, соған бағдарланған рецептивті (пассив) типті сөздіктерге және сөйлеу мен мәтіндерді құрауға машықтандыратын, соған бағдарланған өнімді (актив) сөздіктерге және бойында осы екі бағдардың да белгілері бар*

***рецептивті-продуктивті (пассив-актив) сөздік түрлеріне ажыратылады.***

Сөздіктердегі созқолданым, айтылым, сөйленім түрлеріне қатысты бағдарды сөз етер болсақ, екі томдық пен он томдық сөздіктердің тек қана жазба мәтінді түсінуге, оқуға қызмет ететін пассив сөздіктер типіне жататынын байқауға болады. Бұған негізгі себеп болған жағдай — аталған сөздіктердің белгілі ақын-жазушылардың шығармалары негізінде жасалған картотекаға — әдеби дәйектеме материалға тәуелділігі. Оның үстіне дәйектеме материалдар пассив сөйлемдер түрінде беріліп отырған. Аталмыш сөздіктерде сөйлесуге жағдай жасап, мүмкіндік тудыратын, әсіресе тілді үйренуші қауым өкілдерінің қазақ тілінде өзбетінше мәтін құрауына жәрдем боларлықтай үлгілер жоқ. *Бір томдық түсіндірме сөздікте ішінара сөз тіркестерін құрау, ауызекі сөйлеу тілі үлгілері бар. Сол себепті бұл сөздікті рецептивті-продуктивті (пассив-актив) түрге жатқызуға болады.*

*Сөздікте қаралатын бірліктің тарихын көрсету жағынан сөздіктер диахрониялық және синхрониялық болып бөлінеді.* Диахрониялық (тарихи) сөздіктерде сөздің тарихы бейнеленеді.

Үш түсіндірме сөздік те синхрониялық сөздік типіне жатады. Сөздіктерге өткен ғасырлардан келген сөздер де алынғанымен, өткен ғасырда жасаған ақын-жазушылардың шығармаларындағы сөздік қор пайдаланғанымен, сөздіктердегі тарихи лексика тарихи-мәдени тұрғыдан жүйеленіп, дифференциацияға түспеген. Бірқатар лексикалық бірліктердің, әсіресе ескі кірме элементтердің шығу төркіні көрсетілгенімен, олардың тілге ену кезеңі белгіленбеген.

*Лексикалық бірліктің орналасу сипаты жағынан сөздіктер тұрпат тұрғысынан реттелетін және мазмұн тұрғысынан реттелетін сөздік түрлеріне бөлінеді.* Тұрпат тұрғысынан реттелетін сөздіктерде лексикалық бірліктерді орналастыру принципі ретінде бірліктің сыртқы тұрпаты алынады. Бұл түрге әліпбилік және кері әліпбилік сөздіктер кіреді. Демек, біздің түсіндірме сөздіктеріміздің тұрпат тұрғысынан реттелетін сөздіктер қатарына жататыны белгілі. Мазмұн тұрғысынан реттелетін сөздіктерге идеографиялық, ұялық сөздіктер, т.б. жатады.

*Жасалу тәсілі жағынан* сөздіктер: жеке кітап болып басылып шыққан, яғни *дербес (автономды)* және *қосымша (басқа кітаптың ішінде)* болады.

*Сөздік бірліктің қалай сипатталатыны туралы мәселе* сөздіктердің типтерін анықтауға негіз болады [Морковкин 1990, 36].

Үшінші негіз — сөздік бірліктердің сипаттамасының кім үшін, кімдерге арналып жасалатыны адресатқа байланысты, оның ұлтына, жас ерекшеліктеріне, білім дәрежесіне, кәсіби бағдарына, т.б. ерекшеліктеріне қатысты шешіледі.

Жіктеменің қай-қайсысы да басым қолданыс тұрғысынан сипатталады. Қазақ тілінің екі томдық түсіндірме сөздігінің қазақ тілін қолданатын мұғалімдерге, студенттер мен оқушыларға, филолог-ғалымдар мен баспа қызметкерлеріне арналғандығы белгілі. Он томдық пен бір томдық жалпылама көпшіліктің пайдалануына арналған. Екі томдық әдеби тілдегі ең жиі қолданылатын сөздерді қамтыған әдеби тілдің минимум-сөздігі болса, он томдық — халық тілінің үлкен, толық түсіндірме сөздігі. Ал, бір томдық — халық тілінің ағымдағы сөздігі.

## 5.2. Лексикографиялық құрастырма.

**Бір тілді сөздіктер жүйелі және сериялы сөздіктер құрамында. Градуалды сөздіктер**

XX ғасырдың алғашқы жартысына дейінгі лексикографияның тәжірибесінде басым болған бағыт — сөздіктердің түрлі жанрлары мен типтерін дамыту — классикалық түрдегі таза филологиялық сипаттамадан тұратын іс-әрекеттер болса, ғасырдың екінші жартысында филологиялық мәліметтерді өңдеу, оларды тілді жүйелі түрде үйрету мақсаттарына сай белгілі бір ерекшеліктері бар тұтас жүйеге қайта құру (жаңадан жасау), *лексикографиялық құрастырма* (лексикографическое конструирование) жасау бағыты қарқын ала бастады.

**Лексикографиялық құрастырма** — сөздіктердің жаңа түрлерін, бірнеше сөздіктен құралатын сөздік жүйелерін және сөздік серияларын шығарумен айналысатын инженерлік-филологиялық қызметтің бір түрі [Морковкин 1990, 46].

### 5.2.1. Сөздіктер жүйесі

*Сөздік жүйесі* деп тілдік бірліктердің әртүрлі аспектілер тұрғысынан сипатталуын қамтамасыз ету мақсатымен әр түрлі жанрлы сөздіктерден белгілі бір лексикографиялық концепция бойынша құралған топтаманы айтады.

Мәселен, бір жүйеге түсіндірме, идеографиялық, грамматикалық сөздіктер біріге алады. Жалпы сөздік жүйені құрайтын сөздіктердің түрі әрқилы болуы мүмкін. Осы тұрғыдан В.В.Морковкин сөздік жүйелерді екі топқа: максималды және минималды сөздік жүйелерге бөледі.

Ғалым *максималды сөздік жүйесіне* тілдің түрлі аспектілерін толық бейнелеуге ұмтылатын жүйені жатқызады. Ғалымның ойынша, максималды сөздік жүйесін: түсіндірме, идеографиялық, синонимдік, фразеологиялық, грамматикалық т.б. сөздіктер, яғни тілдің лексикалық ядросына бағдар ұстаған сөздіктер құрауға тиісті.

*Минималды* (шағын) *сөздік жүйесі* деп құрамдас сөздіктері адресаттың үйренімдік бағдарына сәйкес талаптарды қамтамасыз етуге арналған жүйе аталады. Мәселен, қазақ емес студенттерге бағдарланған шағын сөздік жүйесі ретінде: а) тілдік компетенцияның пайда болуын қамтамасыз ету мақсатымен жалпы әдеби лексика бойынша жасалатын негізгі (базовый) көпаспектілі сөздік пен ә) ғылым тіліндегі коммуникативтік компетенцияны қамтамасыз ету мақсатымен тиесілі ғылым саласы бойынша түзілетін түсіндірмелі – тіркесімді терминологиялық сөздіктен құралған жүйені айтуға болады.

Тілдегі лексикалық жүйеге сипаттама берудің жолдары алуан түрлі екендігі белгілі. Әр түрлі сөздіктердегі лексикалық бірліктердің құрамы мен құрылымы еңбектің мақсатына, кімдерге арнауына байланысты әрқилы болады. Қазіргі әлемдік лексикографиядағы тәжірибе бойынша сөздік жасау ісінде бірнеше бағыт айқындалып отыр.

Бірінші бағыт – сөздіктердің жекелеген жанрларын, түрлерін дамыту. Қоғамдағы сұранысқа, тілді сапалы үйренудің қажеттілігіне, Тіл білімінің дамуына байланысты сөздіктің жанрлары, салалық және арнаулы сөздік түрлері үнемі жетілдіріліп келеді. Лингвистикалық сөздіктердің жекелеген жанрларын

дамытудың жалпы Тіл білімінің кемелдене дамуына, тілдің қоғамдағы қызмет аясының кеңуіне әкелері анық.

Осы тұрғыдан белгілі тіл маманы Б.Қалиев қазақ лексикографиясында әлі жасалмаған, бірақ жасалуға тиісті сөздіктер қатарына *көне сөздердің сөздігін, кірме сөздердің, қысқарған сөздердің, түбір сөздердің, қосымша морфемалардың, сөз тіркестерінің сөздіктерін, грамматикалық сөздікті, эпитеттер сөздігін, омофон, омограф, пароним сөздердің сөздігін, халық атауларының сөздігін, кері сөздікті, жиілік сөздікті, оқулық сөздігін, вариант сөздер сөздігін, жазылуы қиын сөздердің сөздігін* т.б. атайды [Қалиұлы 1998, 355].

Л.П.Ступиннің жазуына қарағанда, ағылшын тілінде ХХ ғасырдың 70-жылдары бір тілді сөздіктердің төмендегідей түрлері болған: 1. Түсіндірме сөздіктер; 2. Диалектілік және аймақтық сөздіктер; 3. Слэнг сөздігі; 4. Жазушы тілінің сөздігі; 5. Тарихи сөздіктер; 6. Жаңа сөздер сөздігі; 7. Синонимдер сөздігі; 8. Антонимдер сөздігі; 9. Фразеологизмдер сөздігі; 10. Сөз тіркестері сөздігі; 11. Кірме сөздер сөздіктері; 12. Қысқартпалар мен таңбалар сөздіктері; 13. Мақал-мәтелдер мен қанатты сөздердің сөздігі; 14. Орфоэпиялық сөздік; 15. Орфографиялық сөздік; 16. Этимологиялық сөздік; 17. Қиын сөздер сөздігі; 18. Жиілік сөздік; 19. Идеографиялық сөздік; 20. Кері әлілбилік сөздік.

Аталған сөздік түрлерінің қай-қайсысы да бірнеше мәрте жарық көрген. Мәселен, ғалымның жазуы бойынша, ағылшын тілінде қысқартпалар (аббревиатуралар) мен таңбалардың, шартты белгілердің жеті түрлі сөздігі жарыққа шыққан екен.

Қазіргі әлемдік лексикографияның дамуындағы екінші бағыт тұтас сөздіктер жүйелерін жасаумен байланысты. Мұның бір мысалы ретінде неміс тіліндегі “Үлкен Дуден” атты нормативті-түсіндірмелі сөздіктер жүйесін атауға болады. Аталмыш жүйе өткен ғасырдың 50-70 жылдары түзілген он томдық күрделі еңбекті құрайды. Жүйедегі алғашқы том – “Неміс тілінің емле сөздігі”. Өте сапалы жасалған емле сөздігі қазіргі Алманиядағы неміс тілінің стандарты беделін иеленіп отыр. Екінші том – жүз мыңнан астам сөздер мен сөз тіркестерін, фразеологизмдерді, мақалдар мен мәтелдерді қамтитын “Стилистикалық сөздік”. Үшінші

том – суреттерден, кестелерден, сызбалардан, т.б. бейнелі кескіндерден құралған “Бейнелі сөздік”. Сөздіктегі бейнелердің атаулары тілдік тұрғыдан сипатталған. Зат есімдердің грамматикалық белгілері, синонимдерді, неміс жерінің әр өлкесіндегі аталу ерекшеліктері қоса берілген. Қажетті жерде жеке сөздің қолданылу аясын, функционалды-стильдік өрісін көрсететін белгілер қойылып отырады. Бұл тәрізді сөздіктің пайдалылығы дау тудырмайды. Себебі заттың, нәрсенің бейнесін беру сол тілді үйренуші шет елдік оқырмандарға да, сонымен қатар, неміс тілді қауымға да әр түрлі саладағы термин сөздердің мән-мағынасын жете түсінуге жағдай жасайды. Жүйедегі келесі томдардың атаулары мынадай: төртінші том – “Грамматика”, бесінші том – “Кірме сөздер”, алтыншы том – “Айтылым сөздігі”, жетінші том – “Этимологиялық сөздік”, сегізінші том – “Тақырыптас, мәндес сөздер”, тоғызыншы том – “Неміс тілінің қиындықтары”, оныншы том – “Мағыналар сөздігі”.

Мангейм қаласындағы Библиографиялық институт редакция алқасының пікірі бойынша, аталмыш серия неміс тілінің күллі қырларын толық ашатын, аяқталған сөздіктер жүйесі болып табылады екен.

Қазақ лексикографиясында да жеке сөздік жанрларын дамыта отырып, лексикалық жүйені толық қамтитын осы тәрізді жүйелі басылымдар жасауға толық мүмкіндік бар.

### 5.2.2. Сөздіктер сериясы

Академик Л.В. Щербаның тілді үйренуде аударма сөздіктерді пайдалануға қарсы болғандығы белгілі. Ғалым сөздіктің бұл түрін тілді үйренудің бастапқы кезеңінде ғана пайдалануға болатынын, жалпы өзге тілді үйрену процесінде сол тілде ойлап, сол тілде сөйлем құрауға дағдыланудың қажеттілігін жазған еді. Сол үшін де шет тілдің түсіндірме сөздігінің тіл үйренудегі ең басты құрал болуы қажеттігін ескерткен болатын.

Түсіндірме сөздіктерді үйренім мақсатында да пайдалануға болатындай етіп жасау – қазіргі кезеңдегі басты міндеттердің бірі. Себебі қазақ тілінің түсіндірме сөздігі тек қазақтарға, соның ішінде өз ана тілін жақсы білетін қазақтарға ғана қажет емес. ол

өз тілін нашар білетін қазақтарға да, шет елдерде тұратын қазақтарға да қажет. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі сонымен қатар Қазақстанда тұратын өзге халықтардың өкілдері мен қазақ тілін үйренгісі, жақсы меңгергісі келген шет елдік азаматтарға да қажет. Егемен ел болып, халықаралық қатынастарға тікелей шығып отырған қазіргі кезде бұл жағдайларды ескермеуге болмайды. Бұл жердегі әңгіме көпшіліктің қолдануына арналған жалпы түсіндірме сөздік туралы болып отыр.

Американдық педагог әрі психолог, белгілі сөздікші Э.Л.Торндайк сөздікті өте-мөте маңызды үйретім құралы санаған. Ғалым тілді үйренушінің сөздіктен дәл қазіргі, қажетті сәтте өзіне не керек болса, соны жедел тауып ала алатынын және соңғы ғылыми жетістіктерге сай жақсы жасалған, сапалы сөздіктердегі деректердің аса құнды болатынын жазған болатын.

Әлемдік лексикографияның даму жолында тілді үйрету мақсатымен жасалатын түсіндірме сөздіктердің алуан түрлері болған. Солардың бір түрі – сериялы үйренімдік түсіндірме сөздіктер.

**Сөздік сериясы** дегеніміз жанры және лексикографиялау сипаты жағынан бірдей, бірақ не сипатталатын бірліктердің құрамы бойынша немесе адресат бойынша ерекшеленетін сөздіктердің жиынтығы. Сөздік сериялары алдын ала жасалған типтік жобалар негізінде жасалады [Морковкин 1990, 48].

Сөздік сериялары белгілі бір тақырып бойынша жасалуы мүмкін. Орыс лексикографиясында елтаным сөздіктерінің, терминологиялық сөздіктердің сериялары бар.

Лексикографияда типі мен жанры жағынан ұқсас сөздіктердің сериясын жасау тәжірибесі ХІХ ғасырдан басталады. Ағылшын лексикографиясындағы Сэнчери, Фанк-Уэгаллз, Уэбстер, Оксфорд, Торндайк т.б. сериялы сөздіктер, француз лексикографиясындағы Ларусс, Робер, т.б. сериялы сөздіктер, неміс лексикографиясындағы Дуден сериясының сөздіктері солардың бір үлгілері.

Сериялы сөздіктер – кемелденген лексикографияның негізгі белгілерінің бірі. Үйренім лексикографиясының мұқтаждарын өтеудің қажеттілігі сөздіктің бұл түрлерінің қазақ лексикографиясында да жан-жақты дамитындығының алғышарты болып табылады.



### 5.2.3. Градуалды сөздіктер

Ағылшын лексикографиясындағы үйренім түсіндірме сөздіктері “мектепке дейінгі балаларға арналған, бастауыш мектептегі балаларға арналған, орта мектеп оқушыларына арналған, студенттерге арналған, от басы қолдануға арналған, жұмыс басында қолдануға арналған, кітапханада қолдануға арналған, жол-жөнекей қолдануға арналған (“жол ашар”, “қалта сөздіктері”) дегендей түрлі дәреже-деңгейлерде жасалып отырған. Сөздіктердің осындай алуан түрлерін жасауға негіз болатын ұстаным (принцип) – градуалдылық.

Латын тіліндегі “адым, қадам” мағынасындағы *gradus* сөзі мен ортағасырлық латындағы *gradarius* “ақырын адыммен жүруші, асықпайтын”, *gradatim* “қадам сайын, бірте-бірте, ақырын-ақырын”, *gradatio* “бірте-бірте биіктеу, ақырын көтерілу”, *gradualis* “басқыш сайын, бірте-бірте” сөздерімен тәркіндес градуалдылық ұстанымының негізінде тілдің жүйелілік қасиеттерін кеңейте көрсету, “тілді үйрену процесін сатылы түрде, үздіксіз жүргізу, оны бірте-бірте күрделендіру” ұстанымы (принцип восходящей концентричности) жатыр. Градуалды сипаттама біріне бірі кірігіп, кіретіндей сөздіктер сериясы түрінде жүзеге асады.

Алғашқы градуалды түсіндірме сөздіктер американдық ағылшын лексикографиясында жасалды. Ол XX ғасырдың 30-40 жылдары төменгі және жоғарғы сыныптардағы мектеп оқушыларына арналып жасалған Э.Л.Торндайктің сөздіктері болатын [Thorndike 1935; 1941]. Кейінірек екінші сөздікшінің – К.Л.Барнхарттың қосылуына байланысты бұл жүйе “Торндайк-Барнхарт жүйесі” деп атала бастады. Лексикографиядағы градуалдылықты арнайы зерттеген ағылшын лексикографиясының маманы Л.В.Малаховский осы серияның 1970- жылдардағы құрамдас сөздіктерін талдайды. Ғалым бұл жүйеге мектепке дейінгі 5, 6, 7 жастағы балаларға арналған үш суретті сөздіктің [Monroe, Greet, Schiller 1970; Greet, Jenkins, Schiller 1970; Greet, Jenkins, Schiller 1971] кіретінін сөз етеді.

Төменгі сыныптардағы (8-10 жас аралығындағы) балалар үшін жасалған түсіндірме сөздіктен [Thorndike, Barnhart 1971]; орта сыныптардағы (10-14 жас аралығындағы) оқушылар үшін

жасалған түсіндірме сөздіктен [Thorndike, Barnhart 1974]; жоғарғы сыныптардағы оқушылар (14-18 жас аралығындағы) үшін түзілген түсіндірме сөздіктен [Thorndike, Barnhart 1974a], 225 000 атау сөзден құралған үлкен түсіндірме сөздіктен тұратын бұл жүйе кезінде өте тиімді болған.

Л.В.Малаховский градуалдылықтың қалай бейнеленетінін байыптау үшін сөздіктерді өзара салыстырады. Сөзтізбе көлемінің үлкендігі бірден байқалады. Мәселен, 8-10 жасар балалар үшін жасалған түсіндірмелі үйренім сөздігіндегі сөздік мақалалар саны – 26140, 10-14 жасар балалар сөздігіндегі сөздік мақалалар саны – 56700, жоғарғы сыныптағы балаларға арналған сөздіктегі мақалалар саны – 95000. Ғалым бұл құбылысты сөздік түзушілердің сол жастағы балалардың интеллектуалдық мүмкіндігіне қарай оларды қызықтыруы мүмкін деректерді толық беруге тырысуларымен байланыстырады. Сөздіктердің көлемінің өсуіне байланысты олардағы сөздік бірліктерге анықтама беру тәсілдері өзгеріп, сөз туралы лингвистикалық деректердің мазмұны байый түседі.

Сөздіктердегі дефинициялардың саны: 35870 – 67 700 – 115 400, сөздіктердің жалпы көлемі: 120 б.т.- 200 б.т. – 315 б.т. болған. Көлем жағынан сөздіктер арасында елеулі айырмашылықтар болмас үшін, көлем көбейген сайын сөздіктердегі қаріптер (шрифт) кішірейтіліп отырған. Кіші жастағылар үшін жасалған сөздікте дефинициялар өте көлемді болып келсе, үлкен жастағы оқушылар үшін жасалған сөздіктегі дефинициялардың тұрқы қысқа болып келеді екен. Оның басты себебі – жасы кіші балаларға сөзді жан-жақты ұғынықты қылып түсіндірудің қажеттігіне байланысты.

Осы тәрізді сатылы үйренім сөздіктерін жасау – қазақ лексикографиясы үшін де өте қажетті іс екендігі даусыз.

### 5.3. Әмбебап сөздік ұғымы

Белгілі ғалым З.Г.Гак түсіндірме сөздіктерді екі типке бөліп қарастырады: а) әдеби – түсіндірме сөздік; ә) түсіндірмелі – энциклопедиялық әмбебап сөздік [Гак 1988, 125].

Ғалымның пікірі бойынша, әдеби – түсіндірме сөздікте мысалдар толығымен белгілі авторлардың шығармаларынан

алынады. Ал, түсіндірмелі – энциклопедиялық әмбебап сөздікте ондай мысалдар қажет болған жағдайда ғана келтіріледі. Сөздіктің мұндай типінде көбінесе сөз тіркестерін, құрастырма мәтіндерді пайдалану жолымен бірліктің энциклопедиялық, тарихи-мәдени, этнолингвистикалық аспектілері кеңінен ашылады.

Бұл жіктеме негізінен дұрыс болғанымен, іс жүзінде таза әдеби – түсіндірмелі сөздік кездеспейді. Кезкелген түсіндірме сөздікте белгілі бір дәрежеде қосалқы энциклопедиялық, этнографиялық, басқа да түрлі материал болады. Мәселе қайсысында ненің көбірек болатындығында ғана.

Өткен ХХ ғасырдың соңғы ширегінде әлемдік лексикографияның дамуында жаңа үрдіс байқалды. Ол – тілдегі атауларға, ұғымдарға қатысты деректерді түгел қамтуға ұмтылатын әмбебап сөздік жасауға талпыныс болатын. Дүниедегі сөздік жасау ісінің ең озық үлгілерінен саналатын француз тіліндегі “Ларусс” және “Робер” сөздіктерін, “ағылшын тілінің Оксфорд сөздігін”, америкалық ағылшын тілінің Н. Уэбстер сөздігін осындай әмбебап сөздік жасаудың алғашқы тәжірибелеріне жатқызуға болады.

Алғашқы кезеңде әмбебаптандыру ісі тілдік деңгейде басымдау жүргізілді. Мәселен, француз тілінің бір томдық түсіндірме сөздігі “Кіші Робердің” (1967, 1978, 1985) құрастырушылары сөздің толық семантикалық құрылымын берумен, әдеттегі түсіндірме сөздікте келтіретін деректерді берумен бірге сөздің түрлі мағыналарына байланысты оның синонимдерін, антонимдерін береді, сөздің этимологиясын, алғаш рет қолданысқа ену уақытын, тіркесімділік қабілетін, қолданыстағы қиындықтарын келтіреді. Сонымен қатар, әдетте идеографиялық сөздіктерде берілетін материалдарды да қамтып отырады. Яғни бұл тәрізді сөздіктер әрі түсіндірмелі, әрі орфографиялық, орфоэпиялық, этимологиялық, әрі идеографиялық, әрі синонимдер мен антонимдердің сөздігі қызметтерін қоса, бір-ақ атқаралы. Мұндай сөздікті ә м б е б а п сөздік деп атауға болады [Гак 1988, 120].

Демек, таза лингвистикалық деректерді қамтитын әмбебап сөздіктер жасауға толық негіз бар

### 5.3.1. Әмбебап түсіндірме сөздік

Әмбебап түсіндірме сөздіктер негізінен таза лингвистикалық деректерді қамтитын әмбебап сөздік түріне жатады.

Еңбектің төртінші тарауындағы параметрлерге қатысты мәселеде қазіргі кезеңдегі түсіндірме сөздіктің міндетті параметрлері мен қосалқы, факультативті параметрлері жайында сөз болған еді.

Міндетті параметрлер ретінде: *сөздік бірліктің жазылу емлесі, айтылу ерекшеліктері, сөз табы мен ішкі категориялық бөлінісі, стилдік, семантикалық ерекшеліктері, фразеологиялық және синтаксистік тіркесімдігі, сөзжасамдық қабілеті, оның синонимдерін, антонимдерін көрсету* тәрізді мәселелер аталған болатын.

Аталған параметрлердің бірқатары, атап айтқанда, *синтаксистік тіркесімділік* пен *сөзжасамдық қабілет* және *лексикалық бірліктердің синонимдері мен антонимдерін көрсету* бұрынғы дәстүрлі түсіндірме сөздікті активтендіруге, әмбебаптандыруға жасалған қадамдар болып табылады. Демек, біздің айтпағымыз: *аталған параметрлерді қамтитын сөздікті әмбебап сөздік деуге болады*. Әрине, әмбебап түсіндірме сөздіктердің түрлері көп. Себебі сөздікті әмбебаптандырудың әдістері мен тәсілдері көп. Елдегі Тіл білімінің жекелеген салаларының, әсіресе лексикографияның даму деңгейіне, мемлекеттік тіл саясатына, мемлекеттік тілдегі түсіндірме сөздіктерге деген сұранысқа, т.б. көптеген жағдайларға байланысты олардың әмбебаптық дәрежесі де әртүрлі болмақ.

Еңбекте сөз болған қазақ тілінің түсіндірме сөздіктері негізінен бұрынғы дәстүрлі түсіндірме сөздіктер типіне жатады. Сол себепті аталған түсіндірме сөздіктерді активтендіру, әмбебаптандыру, олардың базалық негізіне қайта құрастырма жасау мәселелерінде көптеген қиындықтар кездеседі.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздіктері кезінде Кеңестер одағындағы лексикографиялық еңбектер арасында үздік туындылардың қатарында болғаны анық. Әсіресе түркі тілдері арасында қазақ сөздіктеріне тең боларлықтай түсіндірме сөздіктерді кездестіру қиын болатын десек, артық

айтқандық болмас. Бұл, әсіресе, қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігіне қатысты.

Белгілі саяси жағдайларға байланысты Кеңестер одағындағы лексикография әлемдік лексикографиядан оқшауланып, біртоға, бөлек, дербес даму жолына түсті. Соның нәтижесінде әлемдегі лексикография саласындағы тың шешімдерге, жаңа бағыттарға жеткілікті дәрежеде назар аударылған жоқ. Сондықтан да кезінде Одақтың маңдай алды туындыларын жасаған қазақ сөздікшілеріне бұл мәселеде тосын жерден кінә тағу әділетті болмайды.

Бұрынғы дәстүрлі түсіндірме сөздіктің құрылымын өзгертуде үш түрлі жолды таңдауға болады. Біреуі — сөздік түзу ісінде алды-артымызға қарамай, бірнеше қадамдық жерді бір-ақ аттап, секіргіп, қарқынды түрде, революциялық жолмен жүріп барып, әлемдегі лексикографиялық туындылардың алдыңғы көшіне ілесу. Екінші жол — кемшіліктер біртіндеп жойылып, жаңалықтар да бірте-бірте енгізіліп отыратын эволюциялық даму жолы. Эволюция жолымен жақсы әмбебап түсіндірме сөздік жасау үшін, мәселен, тілімізде орфографиялық, орфоэпиялық сөздіктердің, омонимдер, синонимдер, антонимдер сөздіктерінің даяр екендігін ескергеннің өзінде, ең кем дегенде, толық **этимологиялық сөздіктің, дифференцияланған тарихи сөздіктің, этнолингвистикалық сөздіктің, ассоциативтер сөздігінің, кірме сөздер сөздігінің, лексикалық және грамматикалық тіркесім сөздіктерінің** жасалуын күтуге тура келеді.

Үшінші жол — осы екеуінің аралығындағы жол. Біздің ойымызша, қазақ лексикографиясы үшін осы соңғы жолмен жүрген ыңғайлы.

Жоғарыда аталған қиындықтар мәселесіне оралар болсақ, ең алдымен ол сөз байлығы, мысал мәселесіне байланысты. Профессор А. Ысқақовтың он томдыққа алынған мысалдардың негізінен Кеңес үкіметі кезеңін қамтығаны туралы пікірін келтірдік. Көптеген классик ақын-жазушыларымыздың туындыларынан, ағартушы-ғалымдарымыздың, халық косемдерінің еңбектерінен, телегей теңіз эпостық, лиро-эпостық жырлардан, тарихи жырлардан, қиссалар мен дастандардан мысалдардың алынбағаны, алынса да оның өте аз мөлшерде болғаны белгілі. Сондықтан, біздің ойымызша, халық

тіліндегі сөз маржанын мүмкіндігінше толық қамту ісі өз деңгейінде орындалған жоқ. Қазақ сөздікшілерінің қазіргі ұрпағы алдындағы ең басты міндеттердің бірі осы. Өйткені, тілдегі сөздік қор, сөздік құрам, сөз байлығы түсіндірме сөздікте көрінбегенде, басқа қандай еңбекте көрінеді? Сол себепті бір істі аяқтамай, екінші істі бастаған жөн болмайды деп ойлаймыз. Бұл әңгіме халық тілінің көп томдық толық түсіндірме сөздігіне қатысты.

Түсіндірме сөздіктің шағын түрлерінің жайы мүлде бас-қаша. Мұндай сөздіктерді тіл үйренім талаптарына сәйкес белсенді түрде активтендіруге, ең қажетті анықтамалық құралға, бірден бір “Халық Кітабына” айналдыру талаптарына сәйкес әмбебаптандыруға болады.

Активтендіру үшін ең қажетті амалдар қатарына сөздік бірліктің барлық деңгейдегі (сөз бен сөз, сөз бен көмекші сөз) лексикалық тіркесімділігін, синтаксистік актив тіркесімділігін, сөзжасамдық қабілетін, сөзтүрленім тұлғаларын беру жатады. Аталған амалдардың түсіндірме сөздіктердегі қолданылуында айтарлықтай өзгешеліктер, ерекшеліктер болады.

Мәселен, С.Кузнецовтың жобасы бойынша жасалған “Орыс тілінің толық түсіндірме сөздігінде” (М.,2000) сөз бен сөздің лексикалық тіркестері, қазіргі ауызекі сөйлеу тіліне құрылған синтаксистік тіркестер жеткілікті дәрежеде берілген. Бірақ сөз бен көмекші сөз тіркестері аз. Сөздікте ішінара ұялық принципті қолдану жолымен бірліктің сөзжасамдық қабілетін көрсету мәселесі өте сәтті шешімін тапқан. Бірақ сөзтүрленімді көрсетуде тым асыра сілтеп жіберген тәрізді. Мысалы, еңбектегі әрбір зат есімнің барлық негізгі септіктері жүйелі түрде көрсетіліп отырады. Бұл орыс тілін үйренуші шетелдіктер үшін идеалды жағдай тудыру мақсатымен жасалған қадам деп ойлаймыз.

Түрік тілінің екі томдық түсіндірме сөздігінде (Анкара, 1988) әдеби шығармалардан алынған мысалдармен қатар лексикалық, синтаксистік тіркестер де беріліп отырады. Толық номинативтеніп үлгірмеген лексикалық тіркестер вокабула ретінде қарайтылып, түсіндірмесімен беріледі. Ал толық лексикаланған атаулық тіркестердің тек тұлғасы ғана келтіріліп, оның жеке сөздік мақаласына сілтеме жасалады. Сөздікте сөзтүрленім үлгілерінен бізде “түрік изафеті” атанған тәуелдік жалғау тұлғасы беріліп отырады.

**Аталған үш жағдай да үлгі аларлықтай.**

Әмбебаптандырудың амалдары өте көп. Таза лингвистикалық түсіндірме сөздіктерде бұлардың қатарына, жоғарыда сөз болғандай, сөздік бірліктің синонимдерін, антонимдерін, этимологиясын, алғаш рет қолданысқа ену уақытын, қолданыстағы қиындықтарын, ассоциативтерін т.б. қосалқы деректерін келтіру жатады.

Мәселен, ағылшын тілінің Уэбстер сөздігінде (Массачусеттс, 1993) сөздік бірліктің сонау XII ғасырға дейінгі кезенді қамтитын тарихи тұлғалары, яғни латын, көне ағылшын, орта ағылшын тілдеріндегі тұлғалары беріліп отырады. Сөз кірме болса, оның қай ғасырда қандай тілден енгеніне дейін көрсетіледі. “Кіші Роберде” сөздің этимологиясы, тарихы, сөз мағыналарының даму жолы беріледі. Сөздікте жеке сөздің ғана емес, жеке мағынаның да қолданысқа ену кезені көрсетіледі екен!

Таза лингвистикалық түсіндірме сөздікті әмбебаптандырудың бір жолы – Тіл біліміндегі ғылыми ұғымдарға жеке энциклопедиялық мақалалар арнау.

Ю.И.Ороховацкийдің жазуы бойынша, француз тілінің үлкен Ларусс сөздігінде жеке сөздік мақалалар ретінде Тіл біліміне, грамматиканың жекелеген мәселелеріне арналған көлемді ғылыми мақалалар берілген. Мақалаларда тіл теориясының ең соңғы жаңалықтары сөз болады. Бұлардың тілдің тарихи, теориялық мәселелеріне қызығатын оқырман үшін қажеттілігі сөзсіз.

Айтылған жайлар қазақ тілінің түсіндірме сөздіктерін де әмбебаптандыру жолдарын қарастырудың қажеттілігіне көз жеткізеді. Көп томдық түсіндірме сөздіктерді әмбебаптандыру ісі бірте-бірте жүзеге асырылғаны жөн болса, шағын түсіндірме сөздіктерді әмбебаптандырудың аясы кең, мерзімі қысқа болғаны дұрыс. Шағын сөздіктердің тез арада әмбебаптандырылуы – қоғам үшін аса қажетті іс.

### **5.3.2. Түсіндірмелі – аналогиялық әмбебап сөздік**

Әмбебап түсіндірме сөздіктердің алуан түрлілігі жағынан француз лексикографиясы өте-мөте ерекшеленеді. Бұл елдің лексикографиясында сонау академиялық сөздіктерден бастау алатын дәстүр сабақтастығының бар екендігі белгілі.

Бұл елдің лексикографиясы ғасырлар бойы үздіксіз дамып келеді.

Сөздік түзудің теориясы мен практикасындағы әлемдік лексикографияның дамуына зор әсер еткен жаңалықтардың көпшілігі Францияның лексикографиялық мектептерінде дүниеге келді. Француз сөздікшілері қай кезде де ең жаңа идеяларды жүзеге асырып келеді. Зерттеушілердің жазуына қарағанда, бұл елде қандай сөздік жасалса да, ол сөздікте белгілі бір дәрежеде тың, жаңа шешімдер көрініс тауып отырады. Француз лексикографиясы негізінен сөздіктердің әртүрлі типтерінің конвергенциясы жолымен дамып келеді. Соның бір мысалы – Робер сөздіктері.

“Роберде” идеографиялық материалдың берілетіні туралы жоғарыда айтылды. Француз лексикографиясын арнайы зерттеген В.Г.Гак, Ю.И.Ороховацкий, З.Г.Гак, А.В.Зураева еңбектерінде келтірілген мысалдар мен айтылған ойларды зерделей келіп, бұл сөздіктің өзге сөздіктерден ерекшеленетін басты белгісі – оның түсіндірмелі-аналогиялық әмбебап сөздіктердің бастауы болуында екендігіне көзіміз жетті.

Әдеттегі әліпбилік ретпен түзілетін сөздіктерде сөздердің лексика-грамматикалық аясы көрсетілгенімен, оның ұғымдық аясы тасада қалатын. Ал идеографиялық, аналогиялық сөздіктерде сөздік бірліктер түрлі идеялардың ассоциациясы негізінде біріктірілетін еді. Робер сөздіктері осы екі түрді біріктіріп отыр.

Сөздік бірліктерді ұялық принциппен орналастыруда сөздердің этимологиялық байланыстары, сөзжасам жүйесі, туынды сөздердегі мағыналардың даму динамикасы айқын байқалады. В.Г.Гак Робер сөздігіндегі ұғымдар арасында да сөздердің арасындағы тәрізді екіжақты (парадигматикалық, синтагматикалық) байланыстардың болатындығын көрсетеді.

Парадигматикалық (паратаксистік) байланыс ұғымдарды кең жалпы, ортақ ұғым ішіне біріктіреді. Мәселен, *“орын ауыстыру, қозғалу” мағынасына (бір нәрсеге мініп) жүру – (жаяу) жүру – (жүзін) жүру – (үшып) жүру* кіретіндігі көрсетіледі.

Синтагматикалық (синтаксистік) байланыс ұғымдар арасындағы шектестікті (бөлшек пен бүтін, зат пен материал, т.б.) көрсетеді. Мәселен. *(бір нәрсеге мініп) жүру – жол –*



*поезд – билет.* Ғалымның жазуы бойынша, үлкен Роберде ұғымдар арасындағы ассоциациялардың осы екі түрі де кен қамтылған.

Аналогиялық сөздіктерде, сонымен қатар, бір лексика-семантикалық топқа кіретін бірліктердің тізімдері беріледі. Мәселен, үлкен Роберде *couleur* (“түс”) сөзінде 200-дей түстің атауы беріледі екен. Кіші Робердегі *cheval* (“жылқы”) сөзінде ең алдымен жылқының алуан түрлері түгенделіп (мифтік кентавр мен пегаска дейін қалдырмай), сонан кейін оның барлық тұқымдары, түр-түстері, дене мүшелерінің атаулары, жегін тұрмандары, ат спорты терминдері, ат өсіру ісіне байланысты сөздер, жылқының аурулары тізбеленеді екен [Гак 1968, 112-113].

Сөздікте паратаксистік, синтаксистік байланыстардың бейнеленуі оны идеографиялық түсіндірме сөздік ретіндегі корсетсе, лексика-семантикалық топ бірімдерінің түгел тізбеленуі оны энциклопедиялық сөздіктермен туыстырады.

Сол себепті түсіндірмелі-аналогиялық әмбебап сөздікті әмбебап түсіндірме сөздік пен түсіндірмелі-энциклопедиялық әмбебап сөздіктің арасындағы аралық түр ретінде қарастырамыз.

### 5.3.3. Түсіндірмелі – энциклопедиялық әмбебап сөздік

Әлемдік лексикографиядағы сөздіктерді әмбебаптандыру тек лингвистикалық тұрғыдан ғана жүргізіліп қоймай, лингвистикалық түсіндірме сөздіктер мен энциклопедиялық сөздіктерді бір-біріне ұластыру, үйлестіру жолымен де жүргізіліп келеді.

Түсіндірме сөздікте энциклопедиялық, тарихи, мәдени, этнолингвистикалық деректерді беру оның танымдық маңызын арттыраы сөзсіз. Осындай әрі түсіндірме, әрі энциклопедиялық сипаты бар сөздіктер түсіндірмелі-энциклопедиялық сөздік болып саналады.

Бір елдің ішкі лексикографиясында да, сондай-ақ, әлемдік лексикография тәжірибесінде де мұндай сөздіктердің алуан түрлері кездеседі. Сөздіктердің бір түрінде филологиялық ақпар басым, ал энциклопедиялық дерек тым аз болады. Екінші түрінде энциклопедиялық деректеме басым болуы мүмкін. Үшінші түрінде екі жағы тең болуы мүмкін.

Түсіндірме сөздіктерге энциклопедиялық материалдың алынуы да бірте-бірте болған процесс. Әлемдік лексикография тарихына зер салсақ, бұл құбылыстың XIX ғасырда басталғанын байқауға болады. С.П.Ступин XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы американдық ағылшын лексикографиясында сөздік мақалалардың энциклопедиялық сипат алуы дәстүрге айналғандығын, кейін бұл американдық түсіндірме сөздіктердегі басты сипат болғандығын сөз етеді. Ғалым 1881-1883 жж. кеңейтіліп, толықтырылып, төрт томдық анықтамалық ретінде Ч. Аннандейл бастырып шығарған Огилви сөздігінің түсіндірмелі-энциклопедиялық анықтамалық болғандығын жазады. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап американдық ағылшын тілінде түсіндірме сөздіктер кең көлемді энциклопедиялық бағдар ала бастайды. Америкадағы осындай түсіндірме сөздіктердің ішінде әсіресе өте-мөте жоғары бағаланған – Сэнчери сөздігі болған. Бұл сөздік 1891 – 1914 жылдар арасында 30 рет басылып шыққан [Ступин 1985, 90-94]. Сэнчери сөздігімен қатарлас және бір лексикографиялық анықтамалық – Фанк пен Уэгнолз сөздігі жасалады. Бұл бұрынғы сөздіктердің материалдарын пайдаланбаған, мүлде жаңадан жасалған үлкен түсіндірме сөздік еді.

Ағылшын тіліндегі түсіндірмелі сөздіктердің ең көлемді әрі маңыздылары – Оксфорд, Уэбстер және Сэнчери сөздіктері болған.

Үлкен Оксфорд сөздігінде 1150 жылдан XX ғасырдың алғашқы отыз жылына дейінгі лексика қамтылған. Кейін қазіргі заманғы ағылшын тілін көрсету үшін 1972 жылдан бастап сөздікке қосымша томдар шығарыла бастаған.

Оксфорд – әлемдегі ең толық түсіндірме сөздіктердің бірі. Сөздіктің негізгі адресаты – түрлі ғылым салаларының мамандары, тілші-ғалымдар, филологтар, тіл тарихын зерттеушілер. Зерттеуші ғалымдардың жазуы бойынша, үлкен Оксфорд сөздігінің “қысқартылған”, “қысқаша” нұсқалары да көпшілік оқырманға емес, мамандарға арналған. Олардан да кіші шағын түрлері ғана орташа оқырман мен оқушыларға, тілді үйренушілерге арналып түзілген. Бұл сөздіктің бір-екі томдықтан бастап қалта сөздіктеріне дейінгі көлем-

дегі шағын түрлері арасында адамдардың түрлі топтары (тіл үйренушілер, әр түрлі жастағы оқушылар т.б.) үшін шығарылған арнаулы басылымдар да көптеп кездеседі.

Уэбстер сериялы сөздіктердің бастауы 1828 жылғы Ной Уэбстердің “Ағылшын тілінің американ сөздігі” [Webster 1828] болды. Алғаш 70 000 сөзді қамтыған сөздік кейін көлем жағынан кеңейе берді (1847 ж. — 85 000; 1864 ж. — 120 000; 1909 ж. — 400 000; 1933 ж. — 600 000).

Ғалымның жазуы бойынша, пролетариаттың көсемі В.И.Лениннің өзі 1921 жылы орыс тілінің шағын “Ларусс” типтес кіші сөздігін жасауға ұсыныс жасаған. В.И.Ленин түсіндірме және энциклопедиялық сөздіктерді ұластырып, бір анықтамалық сөздік жасауды пайдалы санаған еді. Өкінішке орай, оның бұл ұсынысы іс жүзіне 2000 жылы ғана “Орыс тілінің үлкен түсіндірме сөздігінде” жүзеге асып отыр.

Әмбебап сөздіктердің бұл түріне қатысты ең маңызды мәселелердің бірі — энциклопедиялық деректерді орналастыру мәселесі. З.Г.Гак француз лексикографиясындағы әмбебап сөздіктерді осы тұрғыдан қарастыра отырып, оларды типологиялық жағынан үш түрге бөледі. Бірінші түрге түсіндірмелі және энциклопедиялық сөздік типтері бір томның ішінде немесе бірнеше томның құрамында үйлестірілген әмбебап сөздіктер кіреді. Ғалым осындай сөздіктердің қатарында “Кіші Ларусс” сөздігін атайды. Бұл сөздік екі бөліктен құралады. Бірінші бөлік — кәдімгі түсіндірме сөздік болса, екінші бөлік — тарихи-географиялық атаулар сөздігі. Мұнда тарихқа, жағрафияға, әдебиетке т.б. қатысты жалқы есімдер беріледі.

Ғалым, сондай-ақ, “Кіші Робердің” де екі том болып шыға бастағанын, бірінші томда түсіндірме сөздік болса, екінші томда — ғылымға, өнер мен әдебиетке қатысты тарихи, жағрафиялық жалқы есімдер сөздігі берілгендігін сөз етеді. [Жоғарыда аналогиялық сөздіктерге қатысты тақырыпшада сөз болған “Кіші Робердің” 1967, 1978 жылдары жарық көрген бір томдық басылымы болатын. Кейінгі жылдары жарық көрген екі томдықтың екінші томының атқарар жүгі мүлде басқа — таза энциклопедиялық — болды. Сол себепті кейінгі сөздікті алдыңғы сөздікпен шатастыруға болмайды -М.М.]

3.Г.Гак әмбебап сөздіктердің екінші түріне түсіндірмелі және энциклопедиялық сөздік тіптеріне хас деректер сөздіктегі бір сөздік мақаланың ішінде, бірақ өз алдарына бөлек-бөлек берілген сөздіктерді жатқызады. Олардың қатарында екі томдық “Ларусс” сөздігін атайды.

Ғалым, мәселен, аталмыш сөздіктегі *опера* мақаласында сөз мағыналарының лингвистикалық түсіндірмелерінен кейін жеке азатжолмен *энцикл.* айдары берілетіндігін, онда қысқаша түрде операның тарихы баяндалып, басты-басты сазгерлердің аталатынын жазады. Ал, француз тілінің үш томдық “Логос” атты түсіндірме сөздігінде (1976) қысқаша энциклопедиялық түсініктемелердің бөлектенбей, бірден түсіндірмеден кейін беріліп отыратынын айтады. Француз тілі түсіндірме сөздіктерінің бірқатарында энциклопедиялық деректер сызбалар, кестелер түрінде беріледі екен. Мәселен, “Лексис” (1978) сөздігінде тұтас беттерді алып жатқан жүз қаралы сызбалар мен суреттер (“Ұшақ”, “Архитектура”, “Микроскоп”, т.б.) берілген. Оларда тиісті заттардың құрылысы мен жекелеген бөлшектерінің қызметі көрсетіледі [Гак 1988, 121].

Сөздіктің үшінші түрінде экстралингвистикалық деректер сөздік мақалалардың ішіндегі түсініктемелер, мысалдар, дәйектемелер түрінде беріледі. Ғалым экстралингвистикалық деректердің бірқатар түсіндірме және аударма сөздік түрлерінде бұрыннан кеңінен беріліп келгендігін айтады. Олардың қатарында кірме сөздер мен жаңа сөздердің сөздіктері, терминологиялық сөздіктер бар. Терминологиялық сөздіктердің әрі түсіндірмелі, әлі аударма түрлері кең орын алуда. Оларда терминнің аудармасымен бірге түсіндірмесі де беріліп отырады. Жалпы көпшілікке арналған аударма сөздіктерде де бағалы энциклопедиялық түсініктемелер беріліп отырады.

3.Г.Гак түсіндірме сөздіктердегі энциклопедиялық мазмұнды молайтудың жолдарын қарастырады. Ең алдымен түсіндірме сөздіктегі лексикалық бірлікке берілетін анықтамаларды сөз етеді. Қазіргі түсіндірме сөздіктерде ұғымдарға анықтама беруде ғылыми дефинициялардың пайдаланылатынына мысалдар келтіреді. Әсіресе ғылым салаларында нақты ғылыми ұғымдары бар лексемалардың

анықтамаларында, өсімдіктер мен жануарлардың, металдар мен минералдардың, құрал-жабдықтардың, т.б. атауларын білдіретін сөздердің мағыналарын ашу кезінде түсіндірме сөздіктердің берілген нысанның өзіндік ерекшеліктері мен атқаратын қызметіне қатысты энциклопедиялық сипатты түсініктемелер келтіруге мәжбүр болатынын айтады.

Ғалым салыстырма материал ретінде орыс тіліндегі Даль сөздігін, “Кіші академиялық сөздікті” және француз тілінің “Кіші Робер” сөздігін пайдаланады. Даль сөздігінде күміс сөзі: “ауада қараймайтын (қышқылданбайтын) жеңіл балқитын, салқын күйінде өңделе беретін, созылатын, жұқартылатын, әсем ыдыс-аяқ жасауға, әшекейлеуде, ақша шығаруда қолданылатын асыл металл. Жұмсақ болғандықтан мыспен қосылып балқытылады. Біздегі заңды сынамалы күмістің 12 пайызы – мыс, 84 пайызы – күміс болады” деген түрде берілсе, академиялық сөздікте “Күміс 1. Химиялық элемент, сұрғылт-ақшыл түсті жалтырақ асыл металл (зергерлік бұйымдарды, ыдыстарды өңдеуде, ақша жасауда қолданылады)” – түрінде берілген.

З.Г.Гак осы академиялық сөздікпен дәуірлес “Робер” сөздігінде бұл сөздің сәл өзгеше берілетінін сөз етеді: “Ақшыл металл (символы *Ag*, атомдық салмағы 107,88), өте созымды, иілгіш...”. Бұдан әрі қарай қолданылатын салалары, құрамында күміс болатын негізгі минералдар санамаланады. Үлгі ретінде берілген сөз тіркестері күмістің атқаратын қызметін аша түседі: *алтындалатын күміс, күміс табак, айнаны күмістеу, коллоидалдық күміс (медицинада қолданылатын)*” [Гак 1988, 123].

Ғалым осы еңбегінде сөздік мақалада зат туралы дерек беретін мысалдардың екі типі болатынын жазады: **анықтама-мысалдар және түсініктеме-мысалдар**. Анықтама мысалдарда сөздің мағынасын ашатын толық ғылыми анықтамалар берілетін болса, түсініктеме мысалдар “затты білдіретін сөздер зат есім деп аталады” тәрізді болып келеді

Мысал ретіндегі сөз тіркестері жөнінде де сөздіктер арасында айырмашылықтар бар. Мәселен, академиялық сөздікте қағаз сөзінде қағаздың төрт түрін көрсететін тіркестер беріледі: *папирос қағазы. Жазу қағазы. Орау қағазы. Сызба қағаз.*

Француз сөздігінде сөз тіркестері арқылы қағаздың 44 түрі аталады. Академиялық сөздікте *толқын* сөзінде

толқынның түрін білдіретін үш тіркес берілсе, Роберде – жиырма тіркес, оның үстіне толқынның құрылымын білдіретін біраз тіркестер қоса келтіріледі.

Түсіндірме сөздіктерде энциклопедиялық түсініктемелер кеңінен қолданылады. “Робер” сөздігіндегі *категория* мақаласында Аристотелдің 10 категориясы мен логикалық категориялардың 4 сыныбы (модальдылық, сапа, сан, қатынас) санамаланса, “Логос” сөздігінде әлемдегі жеті ғажайып саналады. Маңызды түсініктемелер қатарына тарихи-этнографиялық сипаттағы деректер де жатады.

Түсіндірме сөздіктегі энциклопедиялық материалды орналастыру мәселесінде орыс тілінің жоғарыда сөз болған түсіндірме сөздігінде де үлгі-өнеге боларлық тәсілдердер баршылық. Мәселен, сөздіктегі флора мен фауна атауларының, киім-кешек, тағам, азық-түлік, химиялық элементтер атуларының анықтамалары энциклопедиялық дефиниция түрінде беріледі. Сөздік бірліктердің көпшілігінде жақшаның ішінде келтірілетін түсініктеме (ремарка) мен тұтас мәтін түріндегі түсініктемелер (комментарий) беріліп отырады. Сөздік мақалалардың бір-қатарында арнайы белгімен (•) тұтас азатжол (абзац) түріндегі энциклопедиялық анықтамалар беріледі. Ол анықтамалар Ресейдің өткен тарихына, халықтық әдет-ғұрып, сенім-нанымдарға, сондай-ақ, әлемдегі басқа да құбылыстарды түсіндіруде қолданылып отырады.

Орыс тілінің жаңадан жасалған, 130 мың бірлікті қамтыған толық түсіндірме сөздігінде әлемдік лексикография тәжірибелерінен, әсіресе ағылшын және француз сөздіктерінен, олардың жетістіктері мен кемшіліктерінен үлкен сабақ алынғаны байқалады.

Әлемдік лексикографияның таңдаулы туындыларындағы жетістіктерді пайдалана білу, керекті үлгілерді сөздік түзу тәжірибесіне енгізу өте қажет. Осыған бір мысал келтірер болсақ, түрік сөздікшілерінің әлемге әйгілі әмбебап түсіндірмелі – энциклопедиялық сөздіктердің бірі – француздардың он екі негізгі және екі қосалқы томдардан құралған үлкен Ларусс сөздігін Түркияда 1969–1985 жылдар аралығында (16 жыл ішінде!) бастырып шығаруы – түрік лексикографиясының бұрынғыдан да жедел дамуына игі әсер еткендігі даусыз. Түрік сөздікшілері аталған сөздіктен де басқа француз тілінің Робер

сөздігін, ағылшын тілінің Оксфорд сөздігін пайдаланғандығы белгілі. 1988 жылы жарық көрген екі томдық “Түрікше сөздіктегі” лексикалық бірліктерге берілетін анықтамалардан оны айқын аңғаруға болады.

“Түрікше сөздікте” мысалдар әдеби шығармалардан алынумен бірге, сөздікшілер тарапынан құрастырылған бірлікке қатысты сөз тіркестері де беріледі. Сөздіктегі флора мен фаунаға қатысты бірліктерде биологиялық жіктемеге сәйкес тек-түрлік анықтамалар жасалады және міндетті түрде сөздердің латынша атаулары беріліп отырады. Осыларға және жоғарыда сөз болған сөзтүрленім үлгісінің берілуіне қарап, онда актив түсіндірме сөздіктің элементтері бар екендігін байқауға болады. Актив түсіндірме сөздік екендігін және кірме сөздердің бастапқы тіл мен аралық тілдегі тұлғаларының берілуіне қарап, сөздіктен әмбебап түсіндірме сөздіктің элементтерін көруге болады. Сөздікте химиялық элементтерге таза ғылыми энциклопедиялық анықтамалар келтіріледі. Осыған қарап онда энциклопедиялық сөздіктің элементтерін байқаймыз.

Аталған жайларды ескере отырып, бұл сөздікті энциклопедизм элементтері бар әмбебап түсіндірме сөздіктердің қатарына жатқызамыз.

С.Кузнецовтың жобасымен жасалған “Орыс тілінің толық түсіндірме сөздігінде” өсімдіктер мен жануарлар әлеміне, басқа да бірқатар тақырыптық топтарға кіретін бірліктердің анықтамаларында энциклопедиялық қосалқы деректер мен латынша атаулар қоса беріліп отырады. Сөздіктің активтігі мен әмбебаптығы туралы жоғарыда жазғанбыз. Сондықтан бұл сөздікті толығымен түсіндірмелі-энциклопедиялық әмбебап сөздік түріне жатқызуға болады.

Американдық ағылшын тілінің Уэбстер сөздігіндегі бірліктің тұлғасына қатысты тарихи-этимологиялық жайттарды жоғарыда айтқанбыз. Сөздіктің актив, әмбебап сөздік екендігі дау тудырмайды. Оған қоса сөздікте энциклопедиялық деректердің өте мол берілетінін ескерсек (органикалық заттардың химиялық формуласына дейін келтіріледі), оны түсіндірмелі-энциклопедиялық әмбебап сөздіктердің қатарына жатқызуға әбден болады.

Қазақ тілінің шағын түсіндірме сөздіктерін түзуде жоғарыда келтірілген үлгілердің жетістіктерін пайдалану, пайдаланғанда әр сөздіктің мақсат-мүддесіне байланысты оз дәрежесінде олшеп-пішіп пайдалану қажет деп ойлаймыз.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақ лексикографиясындағы теориялық мәселелердің зерттелуі кешеуілдеп басталғандығы ғылыми көпшілікке мәлім жайт. Соған байланысты лексикографиялық деректерді зерттеуге, салалық ұғымдарды қалыптастыруға және метатіл жасауға қатысты айтылған ғылыми ой-пікірлерді жүйелеу қажет болды. Әсіресе лексикографияның метатіліне кіретін атауларды жүйелі түрде зерттеудің қажеттілігі анық байқалатын еді. Лексикографиялық терминологиядағы ала-құлалық, жалпы лексикографияның метатілі мәселесінің әлемдегі лексикография саласындағы алып державалардың бірі саналатын Ресейдің өзінде әлі күнге жүйелі түрде зерттелмей отырғандығы бұл тақырыптың зәрулігін байқататын еді. Әр ғылым саласының өз ғылыми аппараты болатындығы белгілі. Лексикография метатілінің қалыптасуы жалпы лексикография бойынша жасалатын зерттеулерге қолайлы алғышарт жасайды. Сол себепті бұл мәселені бірінші кезекте қарастыруға тура келді. Зерттеуде *лексикография, сөздік, түсіндірме сөздік, вокабулярий, глоссарий, тезаурус, сөзтізбе, сөздік тұлға (атау сөз), вокабула, негізгі сөздік тұлға, лемма, сөздік мақала, сөздік ұя, дефиниция, түсіндірме, анықтама, белгі, шартты белгі, белгісөз, стилдік белгі, сілтеме, дәйектеме материал* тәрізді атаулардың лексикографиялық терминдер жүйесіндегі орны айқындалады.

[Түсіндірме сөздік жасауда ең алдымен кездесетін күрделі мәселелердің бірі – сөздікке алынатын бірліктердің құрамын айқындау мен оларды лексикографиялау. Сондықтан қазақ тіліндегі түсіндірме сөздіктердің сөзтізбе құрамы еңбекте екінші кезекте қарастырылды.

Тіл білімінің де, оның бір саласы ретіндегі лексикографияның да үздіксіз дамып отыратындығы белгілі. Сонымен байланысты лексикалық бірліктерді сөздікке алу ісі әр кезеңде әртүрлі өзгешеліктермен жүзеге асырылып отырады. Ол ең алдымен норма мен нормативтілік мәселесіне қатысты. Норманың өзі уақыт өткен сайын аз да болса, өзгереді. Кеңес Одағы кезеңіндегі лексикографияда жұрттың бәріне ортақ “әдеби норма” ұғымы үстемдік құрған болатын. Орыс тілді лексикографияның аясынан шығып, әлемдік



лексикографияның жетістіктері мен кемшіліктерін барлау мүмкіндігі туып отырған қазіргі кезде бұл мәселенің бұрынғыға карағанда күрделі екендігі анықталып отыр. Әр ғылым саласының өз метатілі болатындығы тәрізді *дәстүрлі әдеби тіл, дәстүрлі жазба әдеби тіл, ауызекі сөйлеу тілі, ресми тіл, заң тілі, сауда-саттық тілі* дегендей әр саланың өзіне тән тілдік ерекшеліктері болатындығы белгілі. Тілді жалпылама қолдана отырып, жұрттың бәрі бірдей сөйлемейді. Халықтың ішіндегі алуан түрлі әлеуметтік топ өкілдерінің тілінде айтылатын ерекше қолданыстар болады. Узус осындай нормалардың ескерілуін талап етеді. Зерттеуде тілдегі түрлі әлеуметтік топтардың сөйленіс ерекшеліктерін, сол ерекшеліктер бойынша қалыптасқан нормаларды қорғайтын узустың талаптары мен тілдегі ішкі заңдылықтарды қоритын жазылым (орфографиялық), айтылым (орфоэпиялық), т.б. тілдік архинормаларды үйлестіру жолымен сөздік бірліктердің мазмұнын жан-жақты ашуға мүмкіндік жасалатындығы туралы сөз болды. Еңбекте сөзтізбеге алынатын бірліктерді лексикографиялаудың жаңаша жолдары қарастырылды.

Сөздіктің қандай түрінде де ең негізгі, өзекті бөлік болып *сөздік мақала* саналады. Түсіндірме сөздіктегі сөздік мақалалардың құрылымын саралап, сапасын айқындаудың негізгі тәсілдерінің бірі – параметрлік талдау. Сол себепті қазақ тілінің түсіндірме сөздіктеріне параметрлік талдау жасалды.

Бір тілді түсіндірме сөздіктегі сөздік мақалаларға талдау жасаудың екінші жолы – сөз мағынасына жасалатын түсіндірменің әдіс-тәсілдерін анықтау болып табылатындықтан, бұл мәселе арнайы тарауда сөз болды. Түрлі тілдердің түсіндірме сөздіктеріндегі сөздік мақала құрылымын салыстыру мақсатымен орыс, түрік және ағылшын тілдеріндегі сөздіктерден мысалдар алынып, оларға лексикографиялық талдау жасалды.

{Сөздік бірліктің мағынасын мүмкіндігінше толық ашу үшін қосалқы энциклопедиялық, елтанымдық деректерді келтірудің қажеттілігі қазіргі кезде дау тудырмайды.} Осы тұрғыдан еңбекте лексикалық бірліктердің мағынасын ашудағы қосалқы деректердің орны туралы мәселе де қаралды.

Лексикография теориясындағы негізгі мәселелердің бірі — сөздіктердің типологиясы болғандықтан, түсіндірме сөздіктердің жүйесі, сериясы туралы, сондай-ақ, әмбебап түсіндірме сөздіктердің түрлері жөнінде сөз етуге тура келді. Қазақ тілінің шағын түсіндірме сөздіктерін әмбебаптандыруды жедел қолға алу қажет болса, үлкен, толық, көптомдық түсіндірме сөздіктерді әмбебаптандырудың қиыншылықтарын ескере отырып, оларды әмбебаптандыруды бірте-бірте жүзеге асырудың қажеттілігі туралы сөз болды.

Қазақ түсіндірме сөздіктерінің қай-қайсысы да өз кезеңіндегі түркі тілдерінің түсіндірме сөздіктері арасында алдыңғы қатарлы, сапалы туынды саналғаны белгілі. Әсіресе он томдық сөздіктің жалпы түркі лексикографиясындағы алатын орны ерекше. Болашақта жасалатын сөздіктер де бұрынғы сөздіктердей сапалы болуы керек. Ол үшін көптеген маман ғалымдардың зерттеу еңбектері қажет болары анық. Осы еңбекті сол үлкен істе *бір кәдеге жарар ма екен* деген үмітпен назарларыңызға ұсынып отырмыз.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ

*Абелян Н.Ю., Ким В.В.* Стиль научного мышления и язык науки // Семиотические аспекты научного познания. Свердловск, 1981. С. 25-30.

*Аблақов Ә., Исаев С., Азманов Е.* Қазақ тіліндегі сөз тіркесінің дамуы мен лексикалану процесі. – Алматы: Санат, 1997.

*Айтбаев Ә.* Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы. – Алматы: Ғылым, 1988. – 206 бет.

*Айтбайұлы Ә.* Қазақ сөзі (Қазақ терминологиясының негіздері). – Алматы: Рауан, 1997. – 240 бет.

*Алдашева А., Сарыбаев Ш., Уәлиев Н.* Жаңа атаулар. – Алматы: Ғылым, 1992.

*Аманжолов А.С.* Қазақша – орысша лингвистикалық терминология сөздігі. – Алматы, 1997.

*Арбатский Д.И.* Об объектах семантических определений // Вопросы теории и методики изучения русского языка. Вып.5. Ижевск, 1965.

*Арбатский Д.И.* Важнейшие приемы толкования значений слов // Вопросы теории и методики русского и удмуртского языков. Ижевск, 1972.

*Арбатский Д.И.* О достаточности семантических определений // Вопросы языкознания. – 1975. №6.

*Арбатский Д.И.* Толкования значений слов. Семантические определения. – Ижевск: Удмуртия, 1977. – 100 с.

*Аханов К.* Омонимы в казахском языке: Автореф. дис. канд. – Алма-Ата, 1956.

*Аханов К.* Қазақ лексикографиясы туралы ойлар // Қазақстан коммунисті. – 1965. №2. 28-32 бб.

*Аханов К.* Грамматика теориясының негіздері. – Алматы: Санат, 1996.

*Ахвледзиани В.Г.* Арабское языкознание средних веков // История лингвистических учений. Средневековый Восток. / Сб. научн. тр. – Л., 1981. С. 53-95.

*Ахманова О.С.* Словарь лингвистических терминов. – М.: Советская энциклопедия, 1966. – 608 с.

*Ахматов И.Х.* Инструкция для составления “Толкового словаря современного карачаево-балкарского языка”. – Нальчик, 1976.

- Әбілқасымов Б.* Алғашқы қазақ газеттерінің тілі. Алматы, 1971.
- Әбілқасымов Б.* О языке казахских хисс // Изв. АН КазССР. Сер.фил., 1982. N1. С. 1-8.
- Әбілқасымов Б.* Кітаби тіл // Қазақ тілі (энцикл.). Алматы, 1998. 190-б.
- Баевский С.И.* Ранняя персидская лексикография (XI-XV вв.). – М.: Главная редакция восточной литературы, 1989.
- Балли Ш.* Французская стилистика. – М.: Изд-во иностранной лит-ры, 1961. – 394 с.
- Бархударов С.Н.* Актуальные задачи лексикографии в области терминов // Проблематика определений терминов в словарях разных типов / Сб. научн. тр. – Л., 1976.
- Бережан С.Г.* Об основаниях отбора терминов для общезыковых словарей // Проблемы разработки и упорядочения терминологии в академиях наук союзных республик / Сб. статей. – М., 1983. С. 142-150.
- Берков В.П.* Вопросы двуязычной лексикографии (Словник). – Л.: ЛГУ, 1973. – 190 с.
- Берков В.П.* Заметки об определении терминов в филологических и энциклопедических словарях // Проблематика определении терминов в словарях разных типов / Сб. научн. тр. – Л., 1976.
- Берков В.П.* Слово в двуязычном словаре. – Таллин: Валгус, 1977. – 140 с.
- Бизақов С.* Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде сөз варианттарын айқындау және сипаттау жүйелері // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігін жасау тәжірибелері / Ғылыми мақ. жинағы. – Алматы, 1989. 85-95 бб.
- Бизақов С.* Тілдік норма және варианттылық. – Алматы: Ғылым, 1997. – 208 бет.
- Болғанбаев Ә.* Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде синонимдерді қолдану тәжірибесінен // ҚазССР ҒА Хаб., филология және өнер. сер., 1962. 3-шығуы.
- Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ф.* Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы, 1997.
- Веселитский В.В.* О некоторых понятиях правильной речи // Вопросы культуры речи. Вып.6. – М, 1965. С. 68-81.
- Виноградов В.В.* Толковые словари русского языка // Язык газеты / Сб. научн. ст. – М.- Л., 1941.

*Гавранек Б.* Задачи литературного языка и его культура // Пراжский лингвистический кружок /Сб. статей. – М., 1967. С. 349-350.

*Гак В.Г.* О новейших работах во французской лексикографии // Филологические науки, 1968. №6. С. 108-114.

*Гак В.Г.* Грамматика и тип словаря // Слово в грамматике и словаре / Сб. ст. – М., 1984. С. 42-50..

*Гак З.Г.* Проблема создания универсального словаря (энциклопедический, культурно – исторический и этнолингвистический аспекты) // Национальная специфика языка и ее отражение в нормативном словаре / Сб. статей. – М.: Наука, 1988. С. 119-125.

*Гак В.Г.* Словарь // Лингвистический энциклопедический словарь. – М., 1990. С. 462-464.

*Гак В.Г.* Лексикография // Лингвистический энциклопедический словарь. – М., 1990. С. 258-259.

*Ганиев Ф.А.* Конверсия как один из способов словообразования в современном татарском языке // Ученые записки Азербайджанского государственного университета им. С.М.Кирова. Баку, 1969. С. 111-113.

*Ганиев Ф.А.* О принципах составления тюркских словарей // Языки, духовная культура и история тюрков: традиции и современность / Сб.ст. – Казань, 1992. С. 110-112.

*Гишиани Н.Б.* К вопросу о метаязыке языкознания // Вопросы языкознания. – 1983. №2. С. 64-72.

*Гишиани Н.Б.* Метаязык // Лингвистический энциклопедический словарь. – М., 1990. С. 297.

*Глебовский А.С.* Эволюция структуры словарной статьи в англоязычной лексикографии (VIII-XX вв.): Автореф. дисс. канд. – Л., 1988.

*Горбачевич К.С.* Словарь и цитата // Вопросы языкознания, 1978 №5.

*Горбачевич К.С.* Словарь литературного языка и язык художественной литературы // Словарные категории /Сб.ст. – М., 1988. С. 155-161.

*Гринев С.В.* Введение в терминологическую лексикографию. – М.: МГУ, 1986. 104 с.

*Гузев Ж.М.* Проблематика словника толковых словарей тюркских языков. – Нальчик: Элбрус, 1984. – 158 с.

- Гузев Ж.М.* Семантическая разработка слова в толковых словарях тюркских языков. – Нальчик: Эльбрус, 1985. – 194 с.
- Дале П.К.* О кратких и подробных определениях значений слов в словарях филологического и энциклопедического типов // Проблема толкования слов в филологических словарях / Сб. ст. – Рига, 1963.
- Дарбинян А.К.* Общая характеристика метаязыка толковых словарей: Автореф. дисс.канд. – Ереван, 1988. 20 с.
- Дмитриев Н.К.* Служебные имена в турецком языке // Советское языкознание. – 1937. Т. 3, С. 129.
- Евгеньева А.П.* Определения в толковых словарях // Проблема толкования слов в филологических словарях / Сб. ст. – Рига, 1963.
- Жанпейсов Е. М.* Әуезовтің “Абай жолы” эпопеясының тілі. Алматы, 1976.
- Жанпейсов Е.* Этнокультурная лексика казахского языка. Алматы, 1989.
- Жанұзақов Т.* Қазақ есімдерінің тарихы. Алматы, 1971.
- Жанұзақов Т.* Сөздерді сұрыптап алу // Қазақ тілі коп томдық түсіндірме сөздігінің инструкциясы. – Алматы, 1976. С. 8-15.
- Зураева А.В.* Сравнительно-сопоставительный анализ толковых словарей французского языка: Автореф. дисс. канд. – М., 1992. 20 с.
- Ибатов Ә.М.* Қазақ тілінің туынды сөздер сөздігі. – Алматы: Мектеп, 1988. 135 бет.
- Иванов В.В.* Зачатки исследования языка у хеттов // История лингвистических учений. Древний мир. /Сб. ст. – Л., 1980. С. 36-45.
- Ицкович В.А.* Норма и ее кодификация // Актуальные проблемы культуры речи / Сб. ст. – М., 1970. С. 9-39.
- Карпович А.Е.* Способы построения словарных дефиниции: Автореф. дисс. канд. – Л., 1971. 17 с.
- Карпович А.Е.* О лексикографической терминологии // Современная русская лексикография / Сб. ст. – Л., 1977. С. 205-210.
- Касарес Х.* Введение в современную лексикографию. – М., 1958.
- Кацнельсон С.Д.* Историко-грамматические исследования. I. Из истории атрибутивных отношения. М.-Л., 1949.

*Кацнельсон С.Д.* Содержание слова, значение и обозначение. – М.-Л., 1965.

*Кенесбаев С.К.* Из истории составления двухтомного толкового словаря казахского языка. Тезисы доклада. – Алма-Ата, 1960. С. 1-4.

*Кенесбаев С.К.* Из опыта составления двухтомного толкового словаря казахского языка // Материалы V Всесоюзного лексикографического совещания. – Фрунзе, 1964. С. 28-35.

*Кенесбаев С.К., Жанузаков Т.* Русско-казахский словарь лингвистических терминов. Алма-Ата, 1966.

*Киселевский А.И.* Языки и метаязыки энциклопедий и толковых словарей. – Минск, 1977.

*Кононов А.Н.* Махмуд Кашгарский и его “Дивану лугат ит – турк” // Советская тюркология, 1972. №1. С. 11.

*Кузнецов С.* Большой толковый словарь русского языка. – М., 2000.

*Кутина Л.Л.* Термин в филологических словарях (к антитезе энциклопедическое – филологическое) // Проблематика определения терминов в словарях разных типов. – Л., 1976.

*Қайдаров Ә.Т.* Сырға толы түр мен түс. – Алматы, 1986 (авт. бірі).

*Қайдаров Ә.Т.* Тіл байлығы – рухани қазына // Қазақ тілі мен әдебиеті, 1991. №7. С. 3-10.

*Қайдар Ә.Т.* Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1998. – 304 бет.

*Қайдар Ә.Т., Сарыбаев Ш.Ш., Айтбайұлы Ө.* Қазақ тіл білімі // Қазақ тілі (энциклопедия). – Алматы, 1998. 199-208 бб.

*Қалиев Б.* Қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігі туралы // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігін жасау тәжірибелері / Мақ. жинағы. – Алматы: Ғылым, 1989. 5-14 бб.

*Қалиев Б.* Қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігінде қойылған стилдік белгілер жайында // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігін жасау тәжірибелері / Мақ. жинағы. – Алматы: Ғылым, 1989. 143-175 бб.

*Қалиұлы Б.* Сөздік // Қазақ тілі (энциклопедия). Алматы, 1998. 354-355 бб.

*Қалиұлы Б.* Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі // Қазақ тілі (энциклопедия). – Алматы, 1998. 231- б.

*Қалиұлы Б.* Лексикография // Қазақ тілі (энциклопедия). – Алматы, 1998. 255-256 бб.

*Қалиев Б., Жықыбаева А.* Сөз мағыналарының негіздері. Оқу құралы – Алматы, 2002. 110 б.

*Лайонз Дж.* Введение в теоретическую лингвистику. – М.: Прогресс, 1978. 544 с.

*Малаховский Л.В.* Специальные термины в общем словаре: принципы отбора и толкования (на материале английской лексикографии) // Проблемы определений терминов в словарях разных типов. Л., 1976. С. 222-227.

*Малаховский Л.В.* Принципы отбора иноязычных слов для словаря русского языка // Современная русская лексикография. Л., 1978.

*Маманов И.Е.* Вспомогательные глаголы в казахском языке. – Алма-Ата, 1949.

*Маманов И.Е.* Сложные глагольные основы // Современный казахский язык. – Алма-Ата, 1962.

*Манкеева Ж.* Көнерген сөздер // Қазақ тілі (энциклопедия). Алматы, 1998. 178-б.

*Марузо Ж.* Словарь лингвистических терминов. – М., 1960. 436 с.

*Морковкин В.В.* Термины и возможный способ их описания в словаре активного типа // Проблемы разработки и упорядочения терминологии в академиях наук союзных республик / сб. ст. М., 1983. С. 150-158.

*Морковкин В.В.* Основы теории учебной лексикографии (Научный доклад дисс. док.). М., 1990.

*Мусабаев Г.Г.* О двухтомном толковом словаре казахского языка // Координационное совещание по вопросу составления толковых словарей тюркских языков. Тезисы докладов. Баку, 1956.

*Мусатаева М.Ш.* Двужызычная лексикография: тенденции и перспективы. –Алматы: 2000. 204 с.

*Мырзабек С.* Қазақ тілінің айтылым сөздігі. Алматы, 2001.

*Нақысбеков О.* Қазақ тілінің ауыспалы говоры. –Алматы, 1972.

*Нақысбеков О.* Қазақ тілінің оңтүстік говорлар тобы. – Алматы, 1982.



*Никитина С.Е.* Семантический анализ языка науки. М., 1987.  
*Ожегов С.И.* О трех типах толковых словарей русского языка // Вопросы языкознания. 1952. №2.

*Ожегов С.И.* О трех типах толковых словарей современного русского языка // Лексикология. Лексикография. Культура речи. М., 1974.

*Омарбеков С.* Халықтық тіліміздегі тектес тілдермен ортақ құбылыстар. Алматы, 1978.

*Омарбеков С., Жүнісов Н.* Ауызекі тіліміздің дыбыс жүйесі. – Алматы, 1985.

*Османова А.* Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде омонимдердің берілуі мен бір-бірінен ажыратылуы жайында // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігін жасау тәжірибелері. Алматы, 1989. 62-74 бб.

*Пашковский А.А.* Классификация японских сложных слов // Японский лингвистический сборник. М., 1959.

*Перерва В.М.* Отбор терминологической лексики для общих словарей языка // Современная русская лексикография, 1977. Л., 1979. С. 107-120.

*Петрищева Е.Ф.* К вопросу о критериях нормативности // Вопросы культуры речи. Вып.8. М., 1967. С. 34-40.

*Пражский лингвистический кружок.* Сб. статей. М., 1967.

*Сарыбаев Ш.Ш.* Еліктеуіш сөздердің түсіндірме сөздікте берілу тәртібі // Қаз ССР ҒА Хабарлары.Фил., өнер. сер. 1960. 1 (14) шығуы.

*Сарыбаев Ш.Ш.* Проблемы казахской региональной лексикографии: Автореф. дисс. доктора. – Алма-Ата, 1973. 105 с.

*Сарыбаев Ш.Ш.* Казахская региональная лексикография. – Алма-Ата: Наука, 1976.

*Сарыбаев Ш.Ш.* Отражение и подача диалектной лексики в толковом словаре казахского языка // Якутский филологический сборник. Якутск, 1976.

*Сарыбаев Ш.Ш.* Қазақ тіл білімі мәселелері. – Алматы: Арыс, 2000. 624 бет.

*Склярская Г.Н.* Заметки о лексикографической стилистике // Современность и словари. Л., 1978. С. 101-111.

*Склярская Г.Н.* Лексикографическая стилистика: состояние и проблемы // Словарные категории. М., 1988. С. 150-155.

*Сороколетов Ф.П.* О месте производственной терминологии в толковом словаре русского языка // Лексикографический сборник. Вып.1. М., 1957.

*Сороколетов Ф.П.* Терминология и лексикография // Теория языка. Методы его исследования и преподавания. Л., 1981.

*Сороколетов Ф.П.* О словаре современного русского литературного языка // Национальная специфика языка и ее отражение в нормативном словаре. М., 1988. С. 20-24.

*Стеблин -Каменский М.И.* Культура Исландии. Л., 1967.

*Ступин Л.П.* О добавочной семантико-функциональной характеристике слова в толковом словаре // Исследования по английской филологии. Сб. III. Л., 1965.

*Ступин Л.П.* Проблема нормативности в истории английской и американской лексикографии. Л., 1979.

*Ступин Л.П.* Лексикография английского языка. – М.: Высшая школа, 1985. 167 бет.

*Сүлейменова Б.* Орыс тілінен енген сөздердің түсіндірме сөздікте берілуі жөнінде //

ҚазССР ҒА Хабарлары, фил. және өнертану сер. 1962. 2 шығуы.

*Сыздықова Р.* Қазақ лексикографиясының дамуындағы орыс ғалымдары мен авторларының қызметі // ҚазССР ҒА Хабарлары. Тіл-әдеб.сер. 1975. N1. 3-9 бб.

*Сыздықова Р.Г.* Изучение казахского языка в дооктябрьский период // Развитие казахского советского языкознания. – Алма-Ата: Наука, 1980. С.13-32.

*Сыздықова Р.* Алғысөз // Жаңа атаулар. – Алматы, 1992. 3-9 бб.

*Табанакова В.Д.* Семантизация термина в одноязычных терминологических словарях: Автореф. дисс.канд. Л., 1981.

*Туркина Р.В.* Семантическая структура слова. (Уч. пособие). Калинин, 1977.

*Уәлиев Н.М.* Сөз мәдениеті. – Алматы, 1984.

*Уәлиев Н.* Қазақ графикасы мен орфографиясының фонологиялық негіздері. Канд. дисс. Алматы, 1993.

*Уәлиұлы Н.* Көмекші есімдер // Қазақ тілі (энциклопедия). Алматы, 1998. 177-178 бб.

*Уфимцева А.А.* К вопросу о так называемом дефиниционном методе описания лексического значения слова // Слово в грамматике и словаре. М., 1984. С. 134-141.

*Ушаков Д.Н.* Как пользоваться словарем // Толковый словарь русского языка. Том I. М., 1934.

*Филин Ф.П.* Заметки по лексикологии и лексикографии // Лексикографический сборник. Вып.1. М., 1957. С. 36-57.

*Фомина М.И.* Современный русский язык. Лексикология. М., 1978. С.24-36.

*Фрумкина Р.М.* “Теория среднего уровня” в современной лингвистике // Вопросы языкознания. 1996, N2. С. 55-67.

*Ханбикова Ш.С.* Синонимия татарского языка и словари. Казань, 1980.

*Хасанов Б.* Национальные языки, двуязычие и многоязычие: поиски и перспективы. — Алма-Ата: Казахстан, 1989. -136 с.

*Хасанов Б.* Ана тілі — ата мұра. Алматы: Жазушы, 1992. 292 б.

*Хорнби А.С.* Учебный словарь современного английского языка. М., 1983.

*Хусаинов К.Ш.* В.В.Радлов и казахский язык. — Алма-Ата: Наука, 1981. 172 с.

*Хусаинов К.Ш.* Звуко- изобразительность в казахском языке. — Алма-Ата: Наука, 1988. 232 с.

*Шанский Н.М., Иванов В.В.* Современный русский язык. Часть I. Введение. Лексика. Фразеология. Фонетика. Графика и орфография. М., 1981.

*Шахматов А.А.* Несколько слов по поводу записки И.Х.Пахмана // Сборник отделения русского языка и словесности Имп. академии наук. Спб., 1899. Т.67. N1. С. 28-33.

*Шерба Л.В.* Опыт общей теории лексикографии // Известия АН. Отд. л-ры и языка, 1940. Вып.3. С. 89-117.

*Шерба Л.В.* Языковая система и речевая деятельность. Л., 1974. С. 297-312.

*Ысқақов А.* Кіріспе сөз // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 1-том. Алматы, 1974.

*Ысқақов А.* Қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігі (Соңғысөз орнына) // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 10-том. Алматы, 1986. 496-510 бб.

*Юлдашев А.А.* Принципы составления тюркско-русских словарей. -М.: Наука, 1972. 416 с.

*Bergstrasser G.* Das Vorbild von Kasgari's Divan lugat at-turk // "Orientalistische Literaturzeitung", 1921. N7-8. 154-155.

*Coseriu E.* Sistema, norma y habla // Teoria del lenguaje y linguistica general. Cinco estudios. Madrid, 1962. p.95.

*Eren H. Önsöz* // Türkçe sözlük. I cild., Ankara, 1988. s. IX -XXX.

*Falk J.P.* Beiträge zur topographischen Kenntniss des Russischen Reiches. Th.3. Beiträge zur Thierkenntniss und Völkerbeschreibung. St-Pbg., 1786., 575-582.

*Greet W.C., Jenkins W.A., Schiller A.* My first picture dictionary. Glenview, 1970.

*Greet W.C., Jenkins W.A., Schiller A.* My second picture dictionary. Glenview, 1971.

*Mahn E.A.* Ph. Darstellung der Lexicographie nach allen ihren Seiten // Ein Beitrag zur philologischen Erklärungskunst, besonders des A.T. für biblische Exegeten und Sprachforscher überhaupt. Bd.I. Rudolstadt, 1817.

*Monroe M., Greet W.S., Schiller A.* My picture dictionary. Glenview, 1970.

*Robinson R.* Definition. — Oxford, 1950.

*Tetsuro Hayashi.* The theory of English lexicography (1530-1791). Amsterdam : John Benjamins B.V., 1978. 168 p.

*Thorndike E.L.* The Thorndike-Century junior dictionary. Chicago, 1935.

*Thorndike E.L.* The Thorndike-Century senior dictionary. Chicago, 1941.

*Thorndike E.L., Barnhart C.L.* Thorndike-Barnhart beginning dictionary. 8th ed. Glenview, 1971.

*Thorndike E.L., Barnhart C.L.* Thorndike-Barnhart intermediate dictionary. 2nd ed. Glenview, 1974.

*Thorndike E.L., Barnhart C.L.* Thorndike-Barnhart advanced dictionary. 2nd ed. Glenview, 1974.

*Zgusta L.* Manual of Lexicography. — Praha, 1971.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН СӨЗДІКТЕР

-36- (10/01)

*Алдашева А., Сарыбаев Ш., Уәлиев Н.* Жаңа атаулар. – Алматы, 1992.

*Аманжолов А.С.* Қазақша – орысша лингвистикалық терминология сөздігі. – Алматы, 1997.

*Ахманова О.С.* Словарь лингвистических терминов. – М.: “Советская энциклопедия”, 1966.

*Букин И.* Русско-киргизский и киргизско-русский словарь. – Ташкент, 1883.

*Ибатов Ә.* Қазақ тілінің туынды сөздер сөздігі. – Алматы: Мектеп, 1988.

*Кемеңгеров Қ. ж.б.* Қазақша-орысша тілмәш. – М., 1925.

*Киргизско-русский словарь.* – Оренбург, 1897.

*Кузнецов С.* Большой толковый словарь русского языка. – М., 2000.

*Кеңесбаев І., Жанұзақов Т.* Тіл білімі терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1966.

*Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі.* 2 томдық. – Алматы: Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы, 1959-1961.

*Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі.* 10 томдық. – Алматы: Қазақ ССР-інің “Ғылым” баспасы, 1974-1986.

*Қазақ тілінің сөздігі.* 1 томдық. – Алматы: “Дайк-пресс”, 1999.

*Лингвистический энциклопедический словарь.* – М.: Русский язык, 1990.

*Марузо Ж.* Словарь лингвистических терминов. – М.: Изд-во иностр. л-ры, 1960.

*Современный словарь иностранных слов.* – М.: Русский язык, 1992.

*Тіл білімі сөздігі.* – Алматы, 1998.

*Concise Oxford Dictionary* (tenth edition, completely, revised). – New York: Oxford Univ. Press Inc., 2001.

*The New Oxford Thesaurus of English.* – New York: Oxford Univ. Press Inc., 2000.

*The Oxford – Duden Pictorial English Dictionary.* Oxford Univ. Press., 1981.

*Türkçe sözlük.* 2 cild. Ankara, 1988.

*Webster's Third New International Dictionary of the English language unabridged.* – A Merriam – Webster Springfield, Massachusetts, USA. 1981.

*Merriam-Webster's Collegiate Dictionary.* Tenth ed., Merriam – Webster, USA. 1993.

## МАЗМУНЫ

КІРІСПЕ .....	3
---------------	---

### I тарау. Лексикографияның метатілдік құрылымы

1.1. Метатіл ұғымы. Лексикографияның және сөздіктің метатілі .....	12
1.2. Жалпы лексикографиялық атаулар .....	17
1.2.1. Лексикография ұғымы .....	19
1.2.2. Сөздік ұғымы .....	23
1.2.3. Түсіндірме сөздік ұғымы .....	26
1.2.3.1. Академиялық сөздік – анықтамалық сөздік антигезасы .....	29
1.2.3.2. Энциклопедиялық сөздік – жалпы сөздік антигезасы .....	33
1.2.3.3. Тезаурус ұғымы .....	39
1.2.3.4. Вокабулярий және глоссарий ұғымдары .....	41
1.3. Сөздіктің ішкі құрылымдық атаулары .....	42
1.3.1. Сөзтізбе ұғымы .....	42
1.3.2. Сөздік бірімдері .....	44
1.3.3. Сөздік мақала, сөздік ұя ұғымдары .....	48
1.3.4. Дефиниция. Түсіндірме. Анықтама .....	50
1.3.5. Шартты белгілер (белгісөз, стилдік белгі, таңба, сілтеме) .....	63
1.3.6. Дәйектеме материал .....	69
1.3.7. Сөздіктегі мағына .....	71
1.3.8. Сөздіктегі сипаттама .....	71

### II тарау. Бір тілді түсіндірме сөздіктің сөзтізбе құрамы

2.1. Лексикографиядағы норма және нормативтілік мәселесі .....	73
2.2. Жергілікті сөздер. Аймақтық лексика .....	97
2.3. Халықтық кәсіби лексика .....	111
2.4. Ескі сөздер .....	112
2.5. Жаңа сөз қолданыстар .....	118
2.6. Кітаби лексика .....	121

2.7. Кірме лексика .....	123
2.8. Ғылыми терминология .....	128
2.9. Ауызекі сөйлеу тілі элементтері .....	139
2.10. Сөз варианттары .....	146
2.11. Фразеологизмдер .....	152
2.12. Туынды сөздер .....	157
2.13. Көмекші сөздер .....	160
2.14. Күрделі сөздер .....	165

### **III тарау. Бір тілді түсіндірме сөздіктегі сөздік бірліктердің мағыналық құрамы. Сөздік мақаланың параметрлік құрылымы**

3.1. Лексикалық мағынаның семантикалық құрылымы мен құрамы .....	174
3.2. Лексикалық мағынаның танымдық аспектісі .....	190
3.3. Бір тілді түсіндірме сөздіктегі омонимдердің берілу ерекшеліктері .....	193
3.4. Сөздік мақаланың параметрлік құрылымы .....	210
3.4.1. Жалпы сөздіктік параметрлер .....	219
3.4.2. Фонетикалық параметрлер .....	222
3.4.3. Грамматикалық параметрлер .....	224
3.4.4. Лексикалық параметрлер .....	233

### **IV тарау. Бір тілді түсіндірме сөздіктегі сөз мағынасына анықтама берудің тәсілдері. Семантикалық анықтамалар. Дефиницияның түрлері .....**

4.1. Семантикалық анықтамалар .....	251
4.1.1. Семантикалық белгілер .....	258
4.2. Лексикалық бірліктер мағынасына түсіндірме жасаудың тәсілдері .....	262
4.2.1. Сипаттамалы анықтама .....	264
4.2.2. Аналитикалық анықтама .....	275
4.2.3. Синтетикалық анықтама .....	279
4.2.4. Синонимдік анықтама .....	280
4.2.5. Терістеуіш (негативті) және антонимдік анықтамалар .....	287
4.2.6. Денотаттық анықтама .....	288

4.2.7. Функционалдық анықтама .....	289
4.2.8. Сілтемелік анықтама .....	290
4.2.9. Аралас анықтамалар .....	293
4.3. Лексикалық бірліктің мағынасын түсіндірудің қосалқы амалдары .....	295
4.3.1. Лексикалық бірліктің стилдік және эмоциялық сипаттамасы .....	296
4.3.2. Лексикалық бірліктің этимологиялық сипаттамасы .....	299
4.3.3. Лексикалық бірліктің аудармасы .....	300
4.3.4. Лексикалық бірліктің мағынасын ашудағы қосалқы (энциклопедиялық, елтанымдық) деректердің орны .....	300
4.3.5. Лексикалық шағын жүйенің өзге элементтерін нұсқау жолымен жасалатын қосалқы түсіндірме .....	301
4.3.6. Ингерентті түсіндірме .....	302
4.3.7. Көрнекі түсіндірме .....	303
4.4. Бір типтес (түсіндірме) сөздіктегі сөздік мақалалардың ішкі құрылымдық ерекшеліктері .....	305

## **V тарау. Бір тілді түсіндірме сөздіктің жүйелік құрылымы**

5.1. Сөздіктердің жанрлық-типологиялық жіктемесі .....	325
5.2. Лексикографиялық құрастырма. Бір тілді сөздіктер жүйелі және сериялы сөздіктер құрамында. Градуалды сөздіктер .....	331
5.2.1. Сөздіктер жүйесі .....	332
5.2.2. Сөздіктер сериясы .....	334
5.2.3. Градуалды сөздіктер .....	336
5.3. Әмбебап сөздік ұғымы .....	337
5.3.1. Әмбебап түсіндірме сөздік .....	339
5.3.2. Түсіндірмелі-аналогиялық әмбебап сөздік .....	342
5.3.3. Түсіндірмелі-энциклопедиялық әмбебап сөздік .....	344

ҚОРЫТЫНДЫ .....	351
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ .....	354
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН СӨЗДІКТЕР .....	364





**Мырзаберген МАЛБАҚОВ**

**БІР ТҮДІ  
ТҮСІНДІРМЕ СӨЗДІКТІҢ  
ҚҰРЫЛЫМДЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

*Ғылыми басылым*

**Редакторы: Ғ.Қабдолқайырұлы**  
**Техникалық редакторы: С.Ақылов**  
**Көркемдеуші редактор: Н.Нұрмағамбетов**  
**Компьютерлік түзетулерін салып, беттеген: О.Анесов**

Теруге берілді 09.09.2002. Басуға 14.10.2002 қол қойылды. Шартты баспа табағы 24,0 Есептік баспа табағы 23,0. Пішімі 84x108 <sup>1</sup>/<sub>32</sub>.  
Таралымы 500 дана. Тапсырыс N 113.

Кітап “Арыс” баспасында дайындалды.

“Ғылым” ғылыми баспа орталығы  
Алматы қаласы, Пушкин көшесі, 111/113

---

ЖШС “Мария” баспаханасы  
480012. Алматы қаласы, Сейфуллин проспектісі, 555“а”  
тел.: 63-09-44

800<sup>2</sup>